

Л 2005
2625к

Дин хекимдариғон



Жым Рөкүбайұлы

ҚАЗАҚ КЛАССИКАСЫ

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

АЛМАТЫ ДАНИЯЛҰЛЫ
ҚАДЫРҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ КЛАССИКАСЫ
ОН ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

10

ТОМ

Алматы
«Жаңа баспасы»
1999

ББК 84 (5 Каз)

К 28

Басылымның жалпы
редакциясын басқарғандар:

Мереке Құлкенов

Темірхан Медетбек

Тілекқабыл Боранғалиұлы

Кекілбайұлы Ә.

К 28 Он екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы:
«Өлке» баспасы. — Т. 10. — 1999. — 400 бет.

К 4702250101

ББК 84 (5 Каз.)

ISBN 5-7667-6631-9

© «Өлке» баспасы 1999 ж.
(Құрастыру. Алғы сөз, көркемдеу.)

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ, ӨНЕР ӨРІСІ

ЗАМАН ЖӘНЕ АДАМ

... Қан мен тер.

Бүкіл тіршіліктің салмағын арқалаған осы бір-екі сөзбен аталғандықтан жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың жаңа романының көтерген мәселесі де, көрсеткен дәуірі де ерекше елеулі шығар деп ойлағанбыз. Шынында да, солай болып шықты. Роман ежелден бір-біріне есесі кетіп, арасында ерегіс оты тұтанып келе жатқан, аспан мен жердей алшақ, бітісуінен түтісуі оңай кереғар екі қауымның әншейін бітуажамен бітпейтін кескекті күресіне арналыпты. Бұл ашу, бұл бұрқақтың от алар ұшығы да тым тереңде; ол сонау көп ғасырлардың көне шатқалдарын аралап кетеді. Ол ұшықтың аты да — жазықсыз төгілген пәк қан мен бейнет малшындырған ащы тер. Бас көтеріп, бой көрсеткендерді мұратына жеткізетін де сол екеуі — қан мен тер. Демек, автордың көп кітапты күрделі еңбегін тап осылай атауы әбден орынды.

Октябрь және қазақ ауылы. Революция және қазақ сахарасы. Бұл — романның көтерген тақырыбы. Бұл — қазіргі қазақ прозасының ең басты, әрі ең өзекті тақырыбы. Советтік шындықтың сонау елең-аланыңда туған «Тар жол, тайғақ кешуден» бастап, қазақ романында бұл тақырыптың өрмегі бір үзіліп көрген емес. Өзгерген өңірімізді пайымдау, халқымыздың ұлан-асыр өмірінің ұлан-ғайыр шежіресін жасау — бүгінгі қазақ прозасының бірден-бір парызы.

Кеш туып, тез есейген қазақ прозасы ұлтымыздың, жұртымыздың рухани кескін-келбетін, жан байлығын, қаһарман тарихын біршама танытып үлгерді. Бұл игі бастаманың басы да, жеткен шыңы да, асар-асқар ала биігі де — М. Әуезовтың «Абай жолы». Қаһарманы — бүкіл бір ұлт, қамтығаны — бүкіл бір ғасырлық тарих бұл ро-

ман әрі жас, әрі жаңа қазақ прозасының барша қадыр-қасиетін, мінез-сипатын түтел ашып бергендей. Ондағы көп қырлылық, алуан аялылық күллі қазақ совет романының түс мінез, төл сипатына айналып келеді.

Қазақ романының осы бір озық сапасын Ә. Нұрпейісов кітабынан да байқадық. Оның да қаһарманы — қазақ сахарасы. Қазақ даласын қапысыз көрсеткен ұлы шығарма туып, күллі ғаламның аузына іліксе де, қазақ жазушыларының бұл талап, бұл бағыттағы әр қадамын құптауымыз керек. Өйткені, қазақ даласы қандай ұланғайыр мол болса, оның өткені мен бүгінгі көп қырлы, көп сырлы шындығы да соншалықты мол. Оны қандай кемеңгер талант, қандай кемел шығарма болса да, біржолата тауыса қамтып, сарқа бейнелеуі тіптен мүмкін емес. Орыс әдебиеті атты ұлы тарихшының орыс өмірінің қат-қабат шежіресінен қамтымай кеткен беті кемде-кем. Орыс әдебиеті атты ұлы жиһанкездің орыс өңірінен қақас қалдырып, бармаған-баспаған түкпір-түбегі табыла қояр ма екен! Соның өзінде Максим Горький сонау отызыншы жылдары орыстың аса үлкен суреткерлері Москва маңынан шыққан, біздің прозамыздағы орыс пейзажы, орыс тұрмысы тек Москва, Петербург маңын, Орталық Россияны ғана бейнелеген, байтақ Россияның көп өлкесі көзге ілікпей жатыр деп қайғырғаны мәлім. Үлкен жазушының осы пікірі айтылуы-ақ мұң екен, әдебиеттегі орыс географиясының соны материктерін ашқан сом шығармалар жарық көре бастады. Орыс әдебиетінің көркем сурет галереясына Фадеев қаламынан шыққан Қиыр Шығыс, Тайга пейзаждары, Шолохов кескіндеген Дон даласының нұр шұғылалы картиналары ілінді.

Ал, бізде ше?

Рас, кәрі Шыңғыс, Ертіс бойы, Толстой, Пушкин, Горький жазған Орталық Россия, Кавказ, Еділ бойының әрлі де нәрлі әсем суреттеріндей тек қазақ оқушыларының ғана емес, бүкіл әлем оқушыларының көз алдында. Ал, қазақтың шартарап, кең байтақ жерінің қаншама өлке-өңірі әлі қаламға іліккен жоқ? Біздің әдебиетімізде Абай заманы егжей-тегжейі көрсетілді; ал көл-көсір тарихымыздың қаншама қызғылықты беттері қақас қалып кетеді? Біздің әдеби әлемімізде бояу тимеген ақ теңбілдер әлі көп.

Бұл орынсыз өкпе, орынсыз кінәмшылдық емес. Әр ұлттың әдебиеті сол ұлттың өлкесінің, өңірінің, өмірінің барынша терең, барынша дәл көркем кескінін жасауға міндетті. Ол сол арқылы әр халықтың өзін тануына, өзгерлерге танылуына жағдай жасайды.

Кейінгі жылдары қазақ жазушылары бұны жете түсіне бастады. Қазіргідей өз тұсымызды бейнелеу сияқты ұлы міндет қызу әңгіме болып жатқанда бұл сөзіміздің біреулерге ерсі естіліп, әбес көрінуі де мүмкін. Алайда, әдебиет елдің тарихи да, рухани да шежірешісі екеніне ешкім дау айта қоймас. Ендеше, суреткерлеріміз сол шежіренің етек-жеңін түгел қамтуға кіріскеніне қуанамыз да, құптаймыз да. Соңғы жылдары қазақ әдебиеті көркем сурет галереясына Ғ. Мұстафин, Х. Есенжанов романдарындағы Сарыарқа мен Жайық бойларын бейнелейтін үлкен эпикалық тыныстағы соны сом полотнолар, Т. Әлімқұлов, Б. Соқпақбаев, Қ. Ысқақов, С. Мұратбеков, Ә. Тарази шығармаларындағы Қаратау, Жетісу, Алтай, Алатау өңірінің нәзік лиризмге толы әсем акварельдері ілінді. Қазақ тарихының көптеген құнды беттерінің көркем сырына қанықтық.

Бұл — әдебиетімізді ғана емес, оқушы көкірегінің көркемдік әлемін де байытатын ізгі құбылыс.

Ә. Нұрпейісов кітабында да оқушы қауым назарына бұрын ілікпеген соны аймақ, соны характер, соны шындық бар. Жазушы оқушы назарын бұрын-соңды қаламға ілікпеген Арал төңірегіннің сұсты табиғатынан бастайды. Романист белгілі бір өлкенің белгілі бір кезеңдегі өмірін көрсету арқылы жалғыз бір өлкенің ғана емес, бүкіл ұлттың белгілі бір тарихи кезеңдегі кескінін мүсіндеген.

Біз романның алғашқы бетін ашқанда-ақ түтеп келе жатқан өкпек дауылдың өктем лебін сезе қоямыз. Көк мұздың үстінде, жар қабақтағы балықшы ауылға келген әр қараға бір қарап, екі көзі төрт боп жүрген Еламанның жүгіре-қабына үйіне жеткенде, төрінде отырған Тәңірбергенді көріп, томсырая қалуынан бастап-ақ, сермескелі тұрған семсерлердің жүзі жалт етеді. Жетімдік пен жарлылықтың қорлық-азабын мықтап шеккен жыртық өкпе Еламанның жарық дүниеге келгелі көрген қуанышы — қойнындағы Ақбала, алдындағы жарқын үміті — Ақбаланың құрсағындағы нәрестесі. Оның осы өмірден тапқан игілігі — сол екеуі-ақ. Міне, енді оны да көпсініп, сырттан сұқтанып, тағы біреу көз аларта бастады. Ол — Тәңірберген мырза, Еламанның ата жауының тұқымы. Оның әкесі Еламанның әкесін өлтірсе, ағасы Қаратаз енді Еламанның өзінің көзін жоймақ боп, ындыны құрып жүр. Қырдың қақаған қысы мен шыжыған шілдесінде аянбай тер төккен Еламанның олардан алған алғысы — арқадан аямай осқан аяусыз қамшы болды. Сондықтан да ол бай

ауылынан безіп, көк теңіздің көкірегін саялап кетіп еді. Қашса да, өкшелеген жауының қалар түрі жоқ. Қыз күнінде Ақбаланың оң қабағына тап болған сері жігіт мұның төрінде отыр. Еламанның қабағына қонған бұлттың сыры да сонда. Ол — әйелін қызғанудан шыққан әншейін томырық ашудан гөрі ескі жараның қайта сыздап шамырығуына келіңкірейді. Екі адамның ортасындағы пенделік араздықтан гөрі, есесі кеткен жанның сілкініп томаға сыпыруына ұқсайды. Есесі кеткен жалғыз Еламан ғана емес. Сондықтан да, оның басындағы сілкініске Дос, Мөңке, Рай, Қален, тағы басқа Еламан тағдырлас жандардың бәрі де ортақ. Ал, Қаратаз бен Тәңірберген де көп жауға қарсы шапқан ақ көз жау емес тәрізді. Олардың да білек қосарлары жеткілікті, олардың ауын бірге құрысып жүрген Федоров, татар саудагері Теміркелер.

Демек, романда көрсетіліп отырған өмір — екі пенденің емес, екі таптың арасындағы қақтығыстар.

Романның алғашқы беттері осылай ашылады. Кейіпкер басындағы интимдік оқиға үлкен әлеуметтік өмір арнасына қарай ойысады. Адам мен қоғам арасындағы, тағдыр мен тарих арасындағы әрі нәзік, әрі берік байланысты, тап арасындағы қайшылықтың өмірдегі шын бейнесін жазушы дұрыс байқап, дәл басқан. Ондай қайшылық пен қақтығыстың әлеуметтік төркіні де дұрыс пайымдалған. Ниеті бөлек, кереғар екі таптың тұсында қорлық көруші де, қорлық көрсетуші де жалғыз болмайтынын дәлелді бейнелейді. Сондықтан да Еламанның басына туған күн Қален мен Райдың, Федоровтың басына туған күн Қаратаздың басына да туады. Автор көрсетіп отырған әлгіндей қақтығыстардың қанды көйлек анасы — өмір. Соны түсінген жазушы бұл қақтығысты ешқашан айналасынан бөліп, жалаңаштамайды; өзі көрсетіп отырған өмірдің қай қырын суреттегенде де, бұл қақтығыстың басын ашып, даралап, айқындап бейнелейді. Қақтығыс өзінің сәтті-сәтсіз нәтижелерін көрсете бастайды. Романның алғашқы екі кітабы нағыз айқастың қызар кезеңіне тіреліп бітеді.

Романда сан алуан адам бар. Әр адам өз кейіп, өз тағдырымен көрінеді. Қилы-қилы тағдыр, қилы-қилы мінез бен іс-әрекет сол кездегі халық өмірінің келбетін әрлі жеткізеді. Адам және уақыт. Адам және қоғам. Адам және тарих. Қазан төңкерісі тақырыбына жазған жазушының назарына алдымен ілігетін басты проблемалар да осылар. Бұл проблемалар суреткерден адамзат қоғамының даму заңдарына жетік болумен қоса, адам

психологиясын да терең білуді қажет етеді. Өмір шындығына тарихи даму тұрғысынан үңілу белгілі бір тарихи құбылысқа тарихшы көзімен ғана емес, оған ең алдымен психолог суреткердің көзімен үңілуді тілейді. Әбдіжәміл Нұрпейісов өз романында заман шындығын характер шындығымен қабыстыра суреттеуді мақсат тұтқан.

Революция сияқты бүкіл халық болып қозғалысқа түсер ересен құбылыс — бастан кешіргенде жеке адамдар үшін қиыншылығы мол дәуір. Халық сияқты ұлы тұлға істейтін ересен құбылыс кез-келген пенденің басына шақ бола бермеуі мүмкін. Адасу, азап кешу, тіпті күйреп күйзеліске ұшырау да кездеспей қалмайды. Кеңес романының кейінгі дәстүрі революциялық шындықтың ондай қат-қабаттарынан қашпауды, қайта сол тарихи шындықты характер шындығы арқылы зерттеп, революция сияқты әлеуметтік құбылыстардың қаймағы мол сипаттарын, тарихи заңдылықтарын тереңдеп ашуды өнеге етеді. Революция тақырыбында шығармалар тудырған Алексей Толстой, Михаил Шолохов, Александр Фадеев, Константин Федин үлгілері соған меңзейді. Революция сынды жойқын құбылыс тек халықтың ғана бойына шақ. Олай болса, ол туралы шығарманың басты қаһарманы халық болуға тиісті. Сондықтан да, шығарманың өн бойына өмірі өзек боп жүргенмен ешкім «Тынық Донды» Григорий Мелехов туралы роман дей алмайды. Бүкіл халық боп қайрат қылған тұс туралы жазылған Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігіндегі» жақсы дәстүрді октябрь тақырыбындағы орыс романдары орынды дамытты. Әйгілі Француз революциясы жайлы шығармалардан ондай қасиетті байқамаймыз. Виктор Гюгоның «Аласталған» романында бүкіл революцияның дидарын жалғыз Жан Вальжанның бір басының өзі көлегейлеп тастайды. Арғы-бергі атақты классиктердің ешқайсысы да халық тұлғасын жасауды мұрат еткен жоқ. «Адамдар» комедиясында Бальзак бір дәуірдегі бүкіл қоғамның келбетін ашып бере алды, бірақ француз халқының тұтас тұлғасын сомдауға дәт қылмады.

Адам мен қауым тарих пен халық шарпысқан заманды бейнелейтін шығармалардағы геройдың сипаты да өзгерді. Ол — Вальтер Скотт пен әкелі-балалы Дюмалардың тарихи тақырыптағы романдарында бәрін өзі бітіріп, бәрін өзі тындырып отыратын геройларға аты-

мен ұқсамайды. Енді ол жеке қаһарман емес, халық өкілі ретінде көрінеді. Осы бір үйлесім бүгінгі романның күретамыр қасиетін белгілеп берді.

* * *

Ә. Нұрпейісов «Қан мен терді» жазу үстінде осыны дұрыс ұғынған. Ол романның алғашқы екі кітабын түгелдей қазақ даласындағы таптық жіктелу құбылысын, қазақ жалшыларының сілкіну-серпілу құбылысын зерттеуге арнаған. Бізге осы романдағы байыпты зерттеушілік пафос өте-мөте ұнайды. Өйткені, араны жылдар алшақтатып тұрған кезең туралы жазған жазушы сол кездің кескінкелбетін айнытпай елестете алатын үлкен суреткер болумен қоса, сол тарихи құбылыстардың түп себебін түбегейлі қазбалап жіктей алатын тарихшы да болуы керек деген бірден-бір хақ қағиданың өте-мөте керек жері — әсіресе, осы тақырып. Бұл әсіресе, дәл қазір керек. Ол жоқ жерде жоғарыда біз тоқталып өткен өрелі парыздардың ешқайсысы жүзеге аспақшы емес.

Шығарма тынысын уақыт тынысы белгілейді, тек шығармада жазылып отырған уақыттың ғана емес, шығарманы жазып отырған уақыттың да тынысы белгілейді.

Сонау революциядан кейінгі жылдары сахнадағы байыпты реализмнің өкілі К. С. Станиславский Көркем театрда қойылған В. Ивановтың «Бронепоезд 14 — 69» спектаклінде теміржол вокзалының төбесіне оттай лаулаған қызыл-күрең көйлек киген орыс жігітін билетіп қойыпты. Мұндай бояу К. С. Станиславский палитрасына атымен жат екенін білетін достары бұған таңырқағанда, режиссер уақыт осыны талап етеді деп жауап беріпті. Өйткені, ол тұста революция жүріп жатты, оған еңбекші қауымның қалың бұқарасын шақыру керек болды. Уақыттың соны талап еткені, уақыт тынысының солай болғаны рас. Режиссер уақыт тамырын дәл басты. Енді одан бері жарты ғасыр өткен соң бұл мәселеге тап баяғыдай қарайтын болсақ, уақыт талабынан әлдеқайда лағып кеткен болар едік. Бізге бүгін ұлы революцияның қат-қабат астарынан қалтарыс қоймай көрсететін зерттеуші реализм керек.

Ә. Нұрпейісов өз шығармасының тынысын уақыт аңғарына қарап пайымдаған. Біздің оған дейін революция тақырыбында жазған авторларымызда қазақ даласының ояну эволюциясы тым жеделденкіреп кететін тәрізді еді. Қазақ жалшысының бір орыс жұмысшысымен тілдескен

күннің ертеңіне-ақ революционер боп өзгеріп шыға келетіні бар-ды. Тарихи оқиға — әншейін хронология құрайтын істер емес, елдің, халықтың өсу-дамуының көрінісі. Ендеше, ондай тарихи процесті күштеп-зорлап тездетіп, күштеп-зорлап есейте, ер жеткізе қоюға тырысу қоғамның өсу заңын, қоғамдық дамудың логикасын бар суреткерлік болмысымен ұққан суреткердің мінезі болмасқа керек.

Әңгіме қылып отырған шығармада, міне, осы бір асығып-үсігу жоқ. Автор ширатылып-ширығып басталатын оқиғаның әуелгі екпінімен кетіп, тарихи шындықтың пісу-жетілу логикасына қиянат қылып алмайын дегендей тізгінді тартыңқырап отырған тәрізді. Романның бірінші, екінші кітабында әлі дайын тұрған күрескерлер жоқ, күрес жолына шыққан адамдардың алғашқы адымдары ғана бар; қазақ даласындағы таптық күрестің неден өршіп, неден тұтанған себебі ғана ашылған. Олай болуы заңды да. «Қан мен тердің» кейіпкерлері — бір ортаға бас қосып, күрес ынтымағын түсініп өскен жұмысшылар емес, әлі де болса, артында қалған малды ауылға жалтақтап қоятын дала жалшылары. Оларды тағдыр табыстырғанмен, әлі күш біріктіріп, тізе қоса қойған жоқ. Дүбір көтеріп, дүрбелең салып жүргендердің өзінде саналы күрескерліктен гөрі соқыр ыза, намысқойлық басым. Олардың қайсысы да көріп жүрген қорлық-зорлықтарын салмақтай алады; көздеріне шалқыған түтіннің қай ауылдікі екенін де сезеді. Бірақ, содан қалай өш алуды, қалай құтылуды біле бермейді. Алайда, осындағы қарсылықтың бәрін әншейін бас асаулыққа қосақтай салуға болмайды. Оған көз жеткізу үшін романдағы кейбір бейнелерге көз жіберейік.

Романда бастан-аяқ көрініп, бастан-аяқ кемелденіп келе жатқан тұлға — Еламан. Байсады, орнықты, парасатты осы бір адамның кеудесінде көптен қордаланып жатқан кегі бар. Өзі — жақсы жар, қамқор күйеу, мейірбан әке. Өмір парқын, бақыт парқын, махаббат парқын нәзік түсінеді. Ол үй-ішіне, өз төңірегіне ғана емес, күллі балықшы ауылға мейірбан. Осынша кісі қадірлегіш адам ақырында кісі өлтіріп, жер аударылады. Неге бұлай?

Қалаға айдалып бара жатқанда қонған үйінің адамдарының сауалына, Еламан: «Кісі өлтіру — кәсібім емес еді, балықшы едім,» — деп тұжыра жауап береді. Еламан — ар иесі, намыс иесі; кісі алдында басын төмендетіп жалбарыну-жалыну түгілі, көрген қорлық-азабын айтып шағынуды да білмейді. Намыс — Белинский айтқандай, «адам

рухына зор демеу, ол ғажайып кереметтер істей алады». Еламанды осынша ширықтырған да сол адамшылық, азаматтық намыс. Оның есесі кеткен жері көп, көзін ашпай жатып, оң жақта сұлаған әкесін көрді. Содан бермен қарай, қандай қорлық көрсе де, сыр бермей шыдап, тістеніп өсті. Төзіп бақты. Ішінен иттен бетер жек көріп отырып, Тәңірбергенге ештеңе деместен қалды; аузын бұзып, тісін сындырып жатқанда Федоровқа тіл де тигізген жоқ. Оны шамырықтырған жағдай — басқа жағдай. Әлгінің бәрі оның көкірегіндегі отты үрлей түсті. Федоровтың қара құсынан тиген сүйменнің ұшында оның тек сол бойдағы ғана емес, өмір бойына көкірегіне дерт боп жиылып келген ызасы — Федоровқа деген кегі, Қаратазға деген кегі, Тәңірбергенге деген кегі түгел бар еді. Осы бір ашулы күйінің өзі Еламанды соны бір асқарға алып шықты, еңсесін бұрынғыдан да бетер биіктетіп кетті. Қолынан қан тамшылап тұрғанының өзінде Еламан — нағыз гуманист адам. Оны ашындырған жай — ажал құшағынан, теңіздегі сеңнен әзер құтылып тұрған Еламаннан Федоровтың балықшылардың жағдайын сұрамай, әуелі ау құралдарын сұрауы. Оны ызаландырған — бір басының көрген қорлығы емес, дүниеқоңыз саудагердің тойымсыз ындыны айдап, қатпаған теңізге шығып, ажалға айдалған жолдастарының бекерге төгілген қан мен тері. Еламанның басындағы бұл оқиға қорлық көргендердің сейілу-серпілу психологиясын шынайы бейнелейді. Еламан қылығы — күрес теориясы тұрғысынан мәнсіз-мағынасыз көрінгенмен, күрес психологиясы жағынан, моральдық жағынан үлкен рухани ерлік. Отеллоның азаматтық теңсіздікке қарсы қимылы — революциялық күрес теориясы тұрғысынан атымен сын көтермейтін болмашы құбылыс, соқыр ыза, стихиялық буырқаныс болғанмен, адамзат моралі үшін — теңдесі жоқ ұлы ерлік, өнер эстетикасы үшін аспандаған асқақ құбылыс.

Романның бірінші кітабы «Ымырт» шыққан кезде сыншы Р. Бердібаев «Жұлдыз» журналының 1962 жылғы 3 сентябрьдегі «Қазіргі қазақ романдарындағы тартыс туралы» атты мақаласында авторға «іс-әрекетімен едәуір айқындалып қалған қаһарманды асығыс пәлеге душар етіп, шапшаң айдаттырып жібергеннен роман ұтпаған», — деген айып тағып еді. Сонда Еламанның бұл қылығы жасандылық па? Кейіпкердің әрекеті оның тұлғасына, ол араласып жүрген ситуацияның логикасына қонымды болуға тиісті. Егер қаһарманның қылығы оның мінезіне, басындағы жағдай мен төңірегіндегі өмір шындығына

сыйыспайтын болса ғана жасандылық болмақшы. Сондықтан кейіпкердің белгілі бір қылығына баға бергенде өмір шындығы мен характер шындығының қаншалықты қабыса алғандығымен бағалау керек.

Үстіне тау артса да қыңқ деместей табанды да шыдамды Еламан, адамды адам деп емес, ақшаны көбейтер жұмыс күші деп түсінетін озбыр көзқарастың адам төзгісіз жексұрын сипатын ақылмен, өрелі оймен, әлеуметтік санамен емес, ашу үстінде танып, арандап қалды. Еламанның тап ол тұста әлгіндей әлеуметтік озбырлықтың түп-төркінін егжей-тегжейлі түсіне алуға мүмкіндігі де, мұршасы да жоқ-ты. Жазушы ашулы Еламанның күрескер Еламанға дейінгі өсу жолын көрсетуді мақсат тұтқан. Федоровты өлтіру — Еламанның қолынан келер іс-әрекеттің шығар шыңы, жетер шегі емес, ол өтетін үлкен өмір жолының басы ғана.

Бұл жерде сыншы қазақ қырының революцияға араласуының, қазақ қырындағы таптық күрестің спецификалық ерекшеліктерін ескермеген сияқты. Қазақ кедейіне таптық күресті тану Төлегеннің ұзын-шуақ шекті көштерін аралай жүріп, Жібекті тауып алуынан да қиын болғанды. Бұл жолда олар өтер асу-белес өте мол еді. Қазақ қырында әлі бас көтере қояр пролетариат жоқ кездегі қазақ кедейлерінің революцияға араласуының осы заңдылығын Ә. Нұрпейісов те аттап өте алмаған. Еламанның Федоровты өлтіріп қаторғаға айдалуы характер шындығына да, қазақ қырындағы таптық күрестің даму логикасына да, демек, өмір шындығына да әбден сыяды.

Еламанның өмірдің жарқын жолына, саналы күрес жолына аттануы — сол аяқ-қолы кісенде қалаға айдалуынан басталады. Романның бірінші кітабының өне бойына өзек болған ашыну процесі қыр кедейінің өз бақыты, өз болашағы жалындағы күресінің, стихиялық күйкі күйін ашады. Еламан да арандағанын кейін біледі, ол бұл екі ортада Сібірге айдалды, майданға барды, басқа халықтардың, басқа ортаның өкілдерімен танысты. Ауылдағы жалшы қазақтың бәр-бәрі біле бермейтін, көре білмейтін көп нәрсені көріп, көп нәрсені білді. Бұл жағынан ол өз тұрғыластарының көбінен көш ілгері озық тұр. Алайда, Ә. Нұрпейісов өз кейіпкері еті тірі, намысқой, ыждаһатты адам бола тұрса да, сауатсыз қыр жігіттің көзі ашылу процесін оңайлатпайды. Еламан шет сапардан еліне бірден күрескер, саналы революционер болып оралған жоқ. Ол шеттен кешегі ойлары мен кешегі істеріне деген көп күм-

әнмен оралды. Енді ол өзіне, өз ортасына, өз даласына басқаша қарай бастады. Кеше көзіне түсе бермейтін көп келеңсіздік енді көкірегін көп тырналайтын болды. Ол екінші кітапта да шын мәніндегі күрескер дәрежесіне көтерілген жоқ, бірақ бірінші кітаптағысынан әлдеқайда есейді. Ол бірінші кітапта шарт қимылдың адамы боп көрінсе, екінші кітапта көбіне-көп ой үстінде, толғаныс-тебіреніс үстінде көрінеді. Кеше алыпсатар Федоровқа бір ауыз тілге келместен сүймен ала жүгірген Еламан, енді балықшы жігіттердің ау салатын суға таласып, жанжал шығармақ ниеттерін құп көрмейді. Бұл — Еламанның жігері жасып кер-кеткені емес, көзі ашылып есейгені. Ол бір жексұрынның көзін құртқаннан бүкіл дүниенің түгел өзгеріп шыға қоймайтынын әбден біліп алған-ды.

Дүниені қайтып өзгерту керек? Ол — кешегі жалпы Еламан үшін әлі беймәлім мәселе. Екінші кітап Еламанның осы жолдағы есею процесін өзек етіпті. Әлі патриархалдық үрдістердің дегені жүріп тұрған елдегі езгі көрген адамның таптық санасының оянып, революциялық күрес жолына келуі — шытырман шырғалаңы көп бұралаң жол. «Қан мен тер» романының екінші кітабының «Сергелден» аталуы да содан сияқты. Жазушы осынау иірімі мол психологиялық процестің әр қалтарысын қағыс қалдырмауға тырысыпты.

Романдағы тағы бір қомақты да қызық тұлға — Қален. Қален бойында Еламанға ұқсамайтын ерекшеліктер көп. Ол әуелден жалшы болып көрген жоқ. Ол кітапта алғашқы көрінгенде де Еламанша көрінбейді. Бай ауылдың шуылдақ иттерінен айылын жимай, айбатпен келген Қаленнің бойында бір еркіндік бар сияқты. Ол өзін бетімнен қағар, алдымды бөгер ешкім жоқ еркін жанмын деп ойлайды. Сөйтіп, Қален ол келгенде бай үйінің қабақ шытпай қабылдайтынын теңдік санап, аузы жеткенше қалжыңдасатынын еркіндік көріп жүр екен. Түптеп келгенде, оның ең азы Қаратаздың қамшы жеген ала мойнағындай да қадірі болмай шықты. Оның тұлға-тұрпаты қанша еркін тұрып, еркін жүруге жаралса да, бай ауылдың аймағы Қаленнің алып тұлғасының айналып тұруына тым тар екен. Ол бұны болыс болғалы тұрған Қаратаздың салқын сәлемінен-ақ ұқты. Енді бай ауылға сойылға сілтер, арамға жұмсар ұры жігіттің, қарулы қолдың қажеті болмай қалыпты. Шамасы, Қаратаздың қолына мал табудың басқа бір айла-амалы, бұдан да мықты бір қару түскен сияқты. Оның аты — билік, оның аты — болыстық.

Қаленнің ашынуы алғашында Еламаннан әлдеқайда еңсесіз, әлдеқайда әбе-қоңыр көрінеді. Әу баста ол Қаратаздың ескермегеніне, елемегеніне намыстанып, балықшы ауылға келеді. Мұнысы — қоғамдағы өз орнын тануы, өз қасіретін түсінуі емес. Жаңа ортаға тап болған ол, өмірдің жаңа сабақтарын ұға бастады. Атақты дауылда теңіз үстінде ол да жүрді. Еламанның ерлігіне айғақ болды. Қален шын намысты сонда барып ұқты. Еламан айдалып кеткенде бассыз қалған балықшы ауылдың басықасында болды. Еламанның қимылына қызығып, жақсы көріп, дәріптеп жүрді. Ақыры, Қален ерліктің орны, батырлықтың орны ұрлықта емес, жұрт үшін, есесі кеткендер үшін араша түсетін азаматтық қимылда екенін түсінді. Ол да қорлыққа-зорлыққа шыдамаған ұрт қимылға барды. Кейбір сыншы жолдастар Қаленнің бұл қылығынан тағы тіксініп қалды. Мәселен, сыншы Х. Әдібаев кітаптың бірінші кітабы жайлы 1962 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында: «Шығарманың «қан...» деп басталатын атын ақтауға тырысқан автор майдансыз, бейбіт уақыттың өзінде он шақты адамды өлтіріп, жасанды жолмен қан төгіс жасайды», — деп жазды.

Біздіңше, сыншы айтып отырған он шақты кісі өлімін бірінші кітаптан көре алмадық. «Ымыртта» екі-ақ өлім бар, біреуі — Федоровтың, екіншісі — Қаратаздың өлімі. Біреуі Еламанның, біреуі Қаленнің қолынан қаза табады. Еламанның кітаптың басында істеген қимылын Қален кітаптың аяғында істейді. Мұның да бір мәні болуға тиісті. Бірақ, сыншы мұндай астарға көз салып, көп басты қатырып жатпастан, жасандылық деп айып тағады. Федоровтың өліміне байланысты ситуацияда ешқандай жасандылық жоғын жоғарыда айттық. Ал, енді Қаратаздың өлімінің қай жері жасанды екен? Сыншы өз пікірін дәлелдеп жатпапты. Жарайды, Қаленнің бойына мынау қимыл сыя ма? Сыяды. Өйткені, Қаленнің көзсіз батырлығына, ержүректігіне, қырдағы қан төгістің талайына белсене араласып жүргеніне Х. Әдібаев та дау айтпайды. Ендеше, сол көзсіз Қален бастас-тұрғыластары майданға алынып, қияс ортасының қиянаты асып, елден-жерден аласталып, зәр жұтып жүрген тұста, баяғыда өзін талай арандатқан, кеше өзін сабап, бүгін қатын-баласына қорлық беріп, бауырындағы сәбиін суыққа қамап өлтірген, соңына түскен Қаратаздың алқымына ұмтылса, оның несі жасанды? Егер онысын жасанды дейтін болса, сыншы өзі тап сол мақа-

ласында Қаленнің бетіндегі бұжырына дейін таң-тамаша қалып, қас батыр, «М. Әуезовтың «Қараш-Қарашындағы Бақтығұл сияқты» — деп мақтайтыны қалай? Жасандылық деп жазушы арыстанға құрт аулатып, торғайды жолбарыспен жағаластырып қойса ғана айтпай ма? Ал, енді арыстан мен жолбарыс алысып, бірін-бірі мерт қып жатса, оның несі нанымсыз?

Сыншы тіксініп отырған бұл екі өлім кітап үшін басы артық оқиға емес, қайта шығарманың бел-белес екі асуы сияқты. Федоровтың өлімі Еламанның тағдыр жолын тауып берді, бәлкім Қаратаз өлімі де Қаленнің алдынан сондай жол шығарар. Ол екі жол бір бағытта ма, жоқ керемар ма — оны шығарманың келесі кітаптары көрсетеді. Әйтеуір, бұл екеуі қызық үшін алынған арзан оқиға емес. Осы екі өлім арқылы еңсесін езгі басқан қазақ жалшылары азап пен қорлықтың қайдан туындайтынын мықтап көре алатындай белеске көтерілді. Әуелі, олар үшін пәленің таудай қара басы — Федоров болса, ол өлген соң Қаратаз боп көрінді; сөйтсе, қиянаттың шеті мен шегінің жеткізер түрі жоқ. Одан қалай құтылу керек, оған осылай оңтайға келгенін қылжита салып жете ме, жоқ басқа да жолы бар ма? Міне, бел көтеріп, бас біріктіре бастаған кекті күш осы тұйыққа тірелді. Қаленнің өз басы Еламаннан гөрі әлдеқайда еңсесіз қимыл жасады. Бұнда жеке бастыңызасы басымырақ.

Бұл жағдай Қален басындағы әлі де болса кенжелеп келе жатқан мешеулікті сездіргенмен, ол роман үшін елеусіз оқиға емес. Еламан қимылы жұртқа жігер бітіріп, рухтандырған болса, Қален әрекеті оларды ойландырды.

Сыншы Х. Әдібаев «Қан мен тер» туралы айтып отырып, бір кезде Лев Толстойдың Леонид Андреев шығармалары туралы: «Ол қорқытады, бірақ мен қорықпаймын», — дегенін еске алады. Лев Толстой айтса, өмірдің өзгесі жетпегендей, тек өлімді төңіректен, түнек-түнғылыққа бой ұрған, өлім физиологиясын әсіре қызықтап кеткен жазушы туралы айтты. «Қан мен терде» ондай өлімді қызықтаудың қапас-қапырық тынысы жоқ. Күрес жолы оңай емес. Бақыттың өзі талайдың көзін жұмып, басынан аттап келеді. Оны тарих та жасырған жоқ, әдебиет те жасыра алмайды. «Қан мен тердің» кейіпкерлері өз өресіне лайық қимыл жасап, ер жетіп келеді. Өмірдің ондай заңдылығын ашатын өлімнен Лев Толстойдың өзі де қашқан жоқ. Жан-тәніңмен тілеуін тілеп отырғанда Андрей Болконскийге де көз жұмдырған — сол Толстой, аяулы Анна

Каренинаны рельске бастап апарған да — сол Толстой. Ендеше, сонысы үшін Толстойға: «Сіз бізді қорқытқыңыз келеді екен. Біз қорықпаймыз!» — деп шіренсек, жөн болар ма еді.

Қырдың ескі өмірінің заң-зауалынан залал шегіп жүрген жалғыз Еламан мен Қален екеуі ғана емес. Үстемелеп, үдерте төкпектеген малдының өктемдігінен ес жия алмай, әйтеуір шидем мен шыбыртқының иесі боп қалған, қалталылар түгілі қатарымен оңдырып тілге келе алмайтын, түйеші Жалмұраттың өзі бір тип. Көкірегі — адал, жаны — таза, көргені — түйе, көкжиегі — түйе қайыратын төрт-бес қырқа-белең осы бір жанның басындағы мешеулік біздің бүкіл ескі тіршілігімізге тән. Жалмұраттардың тепкіге шамырығып, үстемдерге шүйліге қоюы әсте екіталай. Ал, Есбол, Сүйеулер — екінші бір жүйектің жемістері. Олардың көкірегі мен көңілін Қаратаз қауымы Жалмұратша жүндей алмаған. Екеуі де — елдің ояу екі көзіндей еті тірі жандары. Сүйеудің бет қаратпас ерлігі мен Есболдың кеңінен толғаған ақылы — қырдың зорлық пен зұлымдық құм шашқан шілде-аптабында ел жігерінің, ел рухының күймей, күйремей қалған өміршен өскіндері іспетті. Олар — елдің иілмеген басы, жығылмаған еңсесі, сынбаған сағы, атадан-балаға ауысып отырған ашу-ыза-сы мен ақыл-парасатының символы тәріздес. Бұндай тұлғалар болмаса көне ауылдан Еламан, Қалендер қайдан шықпақ! Рас, ескі қоғамның адамдарды жаныштап, жігерін құм қылғаны шын; бірақ, адамзат рухын, халық қайратын, халықтық оптимизмді біржолата құртып жіберген болса, бұл топырақта қазақтар емес, басқалар жүрер еді ғой.

Демек, Ә. Нұрпейісов ұлы құбылыстың сонау бір түп тамырын, алғаш жаралған бүршік-бүрін жіті аңғарған. Осы жерде автордың әрекетін геройдың бітіміне қарай қынаппіше білетін жақсы мінезін ерекше атап өткеніміз мақұл.

Ол-дағы қалыбынан аса алмайды,
Жауқазын ерте гүлдеп шыққанменен, —

деп Абай айтқандай, қанша өр, қанша ақылды болғанмен Сүйеу, Есболдар қатарынан озса да, қалыбынан асып, заманынан оза алмады. Олардың бар бітіріп жүргендері — тетелестер мен жеткіншектер ортасында заман мен жалған туралы, жақсы мен жаман туралы өмір егіп, көңіл баптаған ұшқыр ойларын төгу (Есбол), қисыны келгенде қиястан ұрынып, Алдаберген, Қаратаздарға қапысын жібермей бағу (Сүйеу). Елден ала-бөтен бас көтеріп шығу

бұлардың қолы болмаса да, осылар жайған өркен бүршік — Еламан, Қалендердің қолынан келіп жатыр. Бұндай ауыр шоқпарды беліне қыстырып шығардай берен жігіттің Жалмұраттар әулетінен туа қоймауы әбден заңды. Бұны да қоғам психологиясын жетік түсіне алатын көреген суреткерге ғана тән ұрымталдық деп білеміз.

«Ымырт» пен «Сергелдеңде» аз сергелдеңге түсіп жүрмеген тағы бір бейне бар. Ол — Ақбала. Ажарлы да өр ақылды Ақбала тағдыры тауқыметке тапшы емес. Бірақ, сол тауқыметтің көбін өз басына өзі тілеп алады. Бұл арада Ә. Нұрпейісов революцияға дейінгі қазақ әйелінің образын жасаудағы әйгілі трафарет штамптарды бұзып шығыпты. Бұрынғы бейнелер көбіне езгі көріп, жігері құм болған сипатта суреттелуші еді. Ақбала — қыңыр Сүйеудің маңдайға ұстаған жалғыз қызы. Оның бойында жігер де, тәуелсіздік те, өрлік те жеткілікті. Ақбала бақытты болғысы келеді. Ол — бақытты болуға барлық мүмкіндігі бар адам. Жаратылыс оны ақылға да, қажыр-қайратқа да кенде қылмаған. Ол осындай үздік қасиеттерімен тақыр кедей балықшының әйелі болып күлді-көмеш күн көруді қомсынады. Оның Тәңірбергендей бай мырзаның құшағына кіруге өліп-өшіп іңкәр болатыны да моральдық тұрлаусыздықтан емес, ең алдымен сол бақытқа деген ашқарақ құштарлығынан. Ол бақытты болуды байдың әйелі болу деп ұғады. Онысы — әншейін алдамшы сағым болып шығады. Байдың нақ сүйер жары болып та опа таба алмайды. Астамшыл бай ауылдың бұны кемсініп, сүйегін қорлап, күң орнына жұмсауына тәкаппар Ақбала көне алмайды. Ол өз басындағы бақытсыздықты заманнан, қоғамнан, ортасының озбыр заңдарынан көрмей, өзінің талайсыз тағдырынан көреді. Сондықтан да ол өз басындағы қасіретті жіті танығанымен, өзгенің басындағы қасіретті тани алмайды. Оның Еламанға деген енжарлығының да түп сыры осында. Оның өз бақыты жолындағы күресі әншейін өзімшілдік арпалыс. Адамды адам қанап, адамды адам қорлайын қоғамда кісі бір басының кісілік қасиеті арқылы бақыт таба алуы еш мүмкін емес. Жазушы Ақбала трагедиясын жеріне жеткізе ашу арқылы Еламан тұлғасының тағы бір қырын танытады. Еламан басындағы сергелдең Ақбала басындағы сергелдеңге атымен ұқсамайды. Ол бірінші кітапта өз басындағы тауқыметтің өзі жүрген балықшы ортаның күллісіне ортақ тауқымет екенін білсе, екінші кітапта оның күллі халыққа ортақ тауқымет екеніне көзі жетеді.

Осы романдағы көп пенденің кер тағдырына қолма-қол себепші болған — Қаратаз. Қаратаз сол өңірдегі ең дәулетті бай, әрі болыс. Ол — өз аймағына тек кесепатымен ғана белгілі болған адам. Оның өмірбаяны қазақ даласындағы үстем тап өкілдерінің қай-қайсысына да ортақ. Оның зұлымдығы бірінші кітаптың өн бойында көрініп отырады, — Федоровты азғырып, балықшыларды қатпаған көк солқылдақ мұз үстіне шығарып, қырғыза жаздайды; Еламанды айдатады; Қаленді бір кезде өзі басқа ауылдан ұрлатқан жылқыларын мойнына қойып ұстатпақшы болады, үй-қорасына тиісіп, бесіктегі баласын өлтіреді. Міне, осының бәрі тым қатыгез, тым қапас қанішердің ғана қолынан келер зұлымдықтар. Осыншама жауыздық иесін оқушы көрген сайын төбе шашы тікірейіп отыруы керек еді. Қаратаз қанша қаніпезерлік жасаса да, біз ширыға шошынбаймыз. Ол әлгі сұмдықтың бәріне өзі араласпайды, өзгелерді жұмсайды; жанына жолап кеткеннің бәрін сойыл қып сілтеп, қылыш қып сермейді. Оның ақылын тыңдайтындар да — орыс алыпсатары Федоров, татар саудагері Темірке сияқты аса сұм, айлакер адамдар. Ал, солардың құлағына сыбырлайтын Қаратаз оларға қарағанда әлдеқайда ақылсыз, әлдеқайда айласыз. Оның әрекеті жер түбіндегіні көріп-біліп отыратын сұңғыла сұмның әрекетіне келеді, ал өзі болса қас надан. Рас, надан адамда да зұлымдық жеткілікті. Бірақ, Қаратаз қылығы ол аядағы қылықтар да емес. Бұнысы қалай? Автор Қаратаздың бейнесін мүсіндеуде қайшылыққа ұрынып отырған жоқ па? Жоқ.

Қаратаз болыс болды дегенді естігенде балықшылар ауылында есті кәрия Есбол: «Уә-ә!.. Итсигек екеш итсигек те мәуелеп өседі-ау бір...» — дейді. Осындай бейқасиет жандардың бағының тасуы — шынында да итсигекке біткен мәуе сияқты әділетсіз құбылыс. Бірақ, оның да өз заңдылығы, тамыр жаяр, түп салар топырағы бар. «Сорлаған елге содыр басшы болып» жүрген Қаратаз сияқты итсигектерге бүр бөрттіріп, мәуе бітіріп жүрген қоғам да гүл атаулы өркен жая алмас, тек итсигектерге ғана құт, құнарсыз, шұрайсыз өлке. Ол өңірде «Темірке ноғайдың дүкеніндегі қызыл ала кездеме сияқты қалтасында пұлы бар қазақ бақытты да сатып алатын» болып, бақ дегеннің де құны төмендеп кеткен. Сондықтан да Қаратаздың бағы жүреді. Оныкі әншейін доғал да добал жоба-номай, болыстықтың реті осы, өктемдіктің реті осы деп кеуделейтін соқыр үстемдік. Қаратаздың ар жағында көп қуат бар. Ол

— феодалдық үрдіс. Ол — оған өлшеусіз тізгін беріп қойған отаршыл өкімет. Отаршыл өкімет отар елден халық қамын ойлайтын тұрқы озық, ақылы асқақ кемел қайраткердің шыққанын қашан да қаламайды. Ол ондай өлкедегі бір басының мәртебесі жолында халықты да, қауымды да сатып жіберетін шен-шекпеннің құлы, мәртебе құған мансапқор мен өзіне берген билікті қызықтап, шашал десен, бас алатын дарақы даңғой, тайқы маңдай, тайыз ой, таңқы мақсат жандарды тауып алып, ел тізгінін әдейі соларға береді. Бұл жер бетінде бір ұлтты екінші ұлт, бір елді екінші ел кіріптар ететін отаршылдық атты ауру шыққалы тәуелді ел билеудің ең тиімді жолы болып, ежелден бері өмір сүріп келе жатқан әйгілі зымиян саясат. Оны, Маркс айтқандай, бишікке табынған патшалы Рссия отаршылдары да шебер пайдалана білді. Қазақ даласының екі ұлы перзенті Абай мен Шоқанға бір болысты басқару билігі тимегенде талай Қаратаз ел басқарды. Ондай-ондай даңғойлардың дарақы үкімімен қазақ даласында талай-талай жауыздық, талай-талай қаніпезерлік жүзеге асты. Патшалық өкімет бюрократиясы еш нәрсенің байыбына бармайтын формализмді дала басқарудың саясаты ғып әдейі ұстады. Ондай саясат мешеу елдің өзін-өзі талап, өзін-өзі өрге бастырмауына жағдай жасады. Ә. Нұрпейісов Қаратаз бейнесі арқылы сол кездегі отаршылдық саясаттың бір терең төркінін ашып берді. Бұл — Қаратаз бейнесінің бір астары. Енді Қаратаз әрекеттерінің әлгіндей жұмбақ сипатының екінші сыры тағы бар. Осынау алапат аяусыз қолды, тежеусіз тепкіні бағытқа салып отыратын көкірек-көңіл басқада. Сол басқаны автор мен оқушы анық біліп, жіті аңғарып отырса да, романдағы жарлы-жақыбайлар одан әлі бейхабар. Олардың бір Қаратаздың түп-етегінен жабысып, осы өңірді Қап тауынша айқара басып тұншықтырып жүрген кесепат сол деп ойлайтыны да сондықтан. «Қатындар сабын қайнатамыз деп күзді күні итсигек тауып, күл қып, өртеп жататын еді-ау! Қаратазды да алдында күткен күзі бар шығар», — деп күтетін ел дәмесі сол күздің артында қалшылдаған қатыгез қыстың барын білмейді.

Ол — Тәңірберген, болыстың тетелес інісі. Тәңірберген ағасындай текірек көңіл емес, жорға да жымысқы. Оның қияннан торыған ақыл-айласына Қаратаздың қатыгездігі мен көзсіздігі қосылғанда, ауыл-аймағын жұт боп жалмап жатқан озбырлық туады. Қаратаздың атына еншіленіп жүрген әлгі зұлымдықтардың түп-төркіні де сонда. Осы

бір қабат-қабат, қатпар-қатпар зымияндық ол екеуі өмір сүріп отырған ортаға әбден тән қасиет. Қаратаз — Тәңірберген үшін қолдағы шоқпар, өз абыройын сақтап, арамдығын ел көзінен жасыратын қалқа-қалтарыс. Сондықтан да, Қаратаздың өлімі езілген-жаншылғандардың оянуы — бас көтеруіндегі елеулі бір белес болып табылды. Ол жұрттың көзіндегі бір томағаны сыпырды. Қаратаз өлсе де, «қаратаздықтың» жойылмауы бой көрсете бастаған халықты көп есейтпек.

Қаратаз Тәңірбергеннің өз денесін жасыруға киген сауытындай сырт қалқаны еді. Оны халық кегінің қайрауы жетілмеген әлсіздеу қанжары — Қален тесіп өтті. Болыс өлді, Тәңірбергеннің денесіне ештеңе дарыған жоқ, бірақ ендігі майданға жалаңаш түспекші.

Тәңірберген — дала феодалдарының Қаратаздан гөрі кейінгі буынның, жаңа легінің өкілі. Оның ойы жүйрігірек, қолы ептірек. Дәулет жинаудағы саясатында да өз нысана-сы бар. Федоров өлгенде, оның промсолын сатып алуға көңілі ауаланады. Жылқы мен қой — карташының қалтасындағы ақшадай баянсыз дәулет. Бір жыл қыстың қатты болғаны-ақ құрығынды сүйреткізіп, көгенінің көзін санатып кетеді. Есі де, есебі де сергек Тәңірберген Беларанның бетінде ойнақтаған құла мен жирен, торы мен буырыл жылқыларын теңіз түбінде ойнақ салған сар бауыр сазан мен найза тұмсық шортанға айырбастап та жібергісі келеді. Жұт мықты болса қалың мұздың астындағы қара құрым балықтарды тігерге тұяқ қалдырмай қырып көрсін. Сөйтсе де, жаңа сипатты дала байының көңілі әлі көп нәрсеге дауаламайды. Саудагер атанам-ау, екі жүзді кісідей екі жаққа алма-кезек аунақшып, қылт-қылт еткен безбеннің бұлғақтағанына телміріп тұрам-ау деп, талай бабасын әзәзілдей азғырып, етегінен басып тырп еткізбей келген психология бұл жігітті де мойытады. Бірақ, не болса да, тарих бәйгесінде бабаларына, ағасына тиген орамадды бұл да алып шауып, соны қырқаға шығарып келеді. Кім біліпті, бағыты балықшы ауыл отырған ұшпа жарға апарып тіреп жүрмесе!

Қырдағы патриархалдық өмірдің қиюы кете бастағанын о да сезеді. Бұны кеше сәнді киім, әсем аттың көлеңкесінде айла-шарғысын жасырып келген Тәңірбергенге енді өз бет-пердесін өзі ашуға тура келді. Күні кеше ол өз әулетінің басындағы байлық пен бақыттың баянды екеніне еш күмәні болмай, сейіл-серуенде жүрсе, енді сол бақ-дәулеттен көз жазып қалмас үшін арпалысып жүр. Ол енді көксоқта толқында тал қармаған кісідей мал мен бақтың тізгініне жан

ұшыра жармасып, жабысып айырылар емес. Жазушы Тәңірберген арқылы заманы өтіп бара жатқан үрдістің тарихи дағдарыс кезіндегі өкілінің тұлғасын жасаған.

Тәңірберген өз басындағы осы халді сырт көзге байқатпайды, мықты көрінуге, мығым көрінуге тырысады. Зұлымдылығын да білдірмей, жасырын істейді. Нағыз аялап отырған боп шымшитын жымысқының өзі. Әрі әккі психолог. Ақбаланың өзімшіл мінезін бес саусағындай білетін ол, сол арқылы, тұзақ құрып, ақыры торға түсіреді. Көк теңіздің жағасына барып, орнап жатқан жарлы балықшы ауылдың жаңа құбылыс екенін біліп, оны да аяқтан шалмақшы. Балықшы ауыл санасы жағынан әлі ала-құла. Ондағылардың бәрі Еламан мен Мөңке сияқты бұрынғы жалшылар емес. Қырда жұтап қалу көп. Кеше жап-жақсы шаруасы бар адам күні ертең тақыр кедей болып шыға келеді, жанбағыстың қамымен балықшы ауылға қосылады. Бірақ, кешегі шаруаның көзқарасынан арыла алмайды. Көңнің исін сағынады. Кәсіп қуған тірлікті місе тұтпайды. Малды ауылы өгейлейді де тұрады. Сондайлардың құлқын білетін Тәңірберген қулығын асырады. Ағайынға сауын берген боп, балықшы ауылдың арасына да іріткі салады. Бұндайға Дос, Төлеу құсағандардың көмейі босап жүре береді.

Тәңірбергеннің ендігі тірлігінің бәрі саясат. Ол өзге жерді қойып, өз үйінде де саясат ұстайды. Ақбала басындағы трагедия да сол Тәңірбергеннің ошақ басы саясатының салдарынан. Ақбала арқылы қолдан шығып бара жатқан ауылдардың көңілін алдаймын ба деп еді, қырсық Сүйеу көнбей қойды. Енді балықшы ауылға да құдалық құрығын салмақшы болып, інісі Жасағанбергенге Айғаншаны алып бермекші еді, інісінің икемге келер түрі жоқ. Саясат үшін қандай құрбандыққа баруға да пейіл Тәңірберген Ақбаланы қаңғыртып жібереді, інісі Жасағанбергенге айттырмақ қызына өзі қырындай бастады. Бұл жалғыз Тәңірбергеннің ғана психологиясы емес, жалпы мансап атаулының, мансапқор атаулының бәрінің психологиясы.

Тәңірберген үшін әділет, адалдық деген ұғымдар атымен жоғалған. Оның логикасы бойынша — айласын тапсаң арам малды да адал қылып алуға болады, әділетсіз істі де әділетті қылып алуға болады. Сондықтан да, ол ештеңені арамсынбайды, ештеңеден тайынбайды. Бірақ, бәрінің де ұрымтал сәтін күтеді. Айласы табылса, ар мен ұждан алдында қиналып жатқан ол жоқ. Өз үйіне, өз бауырына,

өз жарына зымияндық ойлаған Тәңірберген кімді аясын, неден жиренсін. Ебейсінді салып, арам малды адал ақшаға айналдырады. Ауыл жігіттерінің ұрда-жықтығын пайдаланып, ағайын-жұрттың малына қол салады. Ақыры, Тәңірбергеннің дүние қоңыздығынан бүкіл рулы ел жау шапқыншылығына ұшырайды. Енді ел алдында Тәңірбергеннің де бет-пердесі ашылды.

Міне, романдағы екінші бір керуеннің аяқ алысы. Оны да саралап қарасақ, мына бір заңдылықты танимыз. Горькийдің әке-Гордееві бала-Гордеевке өмір тек күштілердікі, әлсіздердің өмір сүруге қақысы жоқ демеуші ме еді. Өзгенің осалдығынан жем табатын қорқау қоғамның осы бір мінезін ай даладағы Арал жиегінен де көріп қалдық. Федоров қасына ертіп келген жалғыз қарасы Курнос Иванның әйелін тартып алса да, қырдағы жалғыз әріптесі Курнос Иван тұзсыз қалып, қыруар балығы қызыл суға ұрынған соң, алдына жалынып-жалбарынып барғанда Темірке саудагер «құрысаң құри бер» деп құр қол шығарса да, сол заңның шын болмысы көз алдына елестейді. Осы бір аяусыздықтың сыпайылау бір түрі Қаратаз бен Тәңірбергеннің арасына да желі салып еді. Күш асыру не, айла асыру не — әйтеуір, бірінен бірі азық табудың әрекеті ғой бәрі де. Соны сұмша жігіт Тәңірберген де біліп алып, үйреншікті көліктің тізгініндей-ақ қысылмай-қымтырылмай ұстап, елпідетіп әкетіп барады. Ол ағасы Алдаберген мен інісі Жасағанбергенді де алдап соқпақ. Оның махаббаты да сатулы, күлкісі де сатулы, жылы сөз, оң қабағы да сатулы. Бәрі өз тізгінін мықтай беру саясатына бағынған. Алайда, қанша мықтанса да, тізгін қолынан бәрібір шығып бара жатыр. Ең азы барып кел-шауып келінде жүретін Ебейсін де көзін ала беріп, бұның үстінен дүние жырмақ. Ұрлығын ұстап алғанда да, бұдан иманы сескенген жоқ, ақшасын алдына тастап жүре берді. Тәңірбергенді Жасағанберген құптамайды, Алдабергеннің көңілі бітпейді. Сөйтіп, Құдайменде тұқымының кешегі айдыны қайтып барады.

Жазушы осының бәрін қадағалай зерттеп, қапысыз суреттеген. Жауды тарих аренасынан кететін тап қой деп, оңайлатып көрсету, осалдатып көрсету жоқ. Бұл топтың өкілдері де әрқайсысы дара мінез, дара құлыққа ие; жымысқы Тәңірберген, жалаң төс Қаратаз, қолына билік тимеген соң ештеңеге көңілі бітпейтін тортаң-тосыраң Алдаберген. Бірін-бірі көлегейлемей, бірін-бірі толық-

тырып тұратын бояуы қанық бейнелер. Ә. Нұрпейісов дала феодалдарының сахнадан түсу себебін де түптен қозғап, түбегейлі суреттеген.

Бұндай қым-қиғаш кезде қақтығыс майданнан көрінбейтін де адамдар болады. Олар — тоғышарлар. Тоғышарлар қаналушылар арасынан да шығады. Олар да жақсы өмір сүргісі келеді. Бірақ, сол жақсы өмір жолында күрескісі келмейді. Олардың шын сықпыты, рухани дида-ры, әсіресе, қоғамның сын кезеңінде анық көрінеді. Енде-ше, олардың Ә. Нұрпейісов романында да заңды орны бар.

Судыр Ахмет — дәл осындай тұлға. Ел арасында сөзінің де, ісінің де пәтуасы жоқ адамды Судыр Ахмет дейді ғой. Ә. Нұрпейісовтың Судыр Ахметі де — дәл сол Судыр Ахметтің өзі. Біреулер оның М. Шолоховтың Щукарь ша-лына теліп, соның қазақша нұсқасы дегілері келеді. Ол атымен жаңсақ пікір. Сырт көзге күлкілі көрінгенмен Судыр Ахмет сатиралық образ. Олай болуы заңды да. Тоғышарлық — әншейін әзілдің нысанасы емес, жер-жебіріне жете сынайтын қоғамдық күрескер күлкінің нысанасы. Демек, Судыр Ахметтің юморлық образ болу-ға қақысы жоқ. Осыны ұққан автор оны сатиралық өреге жеткізген. Щукарь — юморлық образ. Оны М. Шолохов-тың-бөлекше ықыласы, зор сүйіспеншілігі тудырса, Су-дыр Ахметті Ә. Нұрпейісовтың зығырданы қайнаған ыза-сы, сырт айналған жиреніш сезімі тудырған. Олай болса, бұл екі тамаша әдеби бейненің арасында ешқандай ағай-ыншылық жоқ.

Судыр Ахмет — нағыз ауырдың асты, жеңілдің үсті өмірдің өкілі. Ол ең азы бірдеңені ойлап та жатпайды. Ойлануға ыждаһаты да жетпейді. Сондықтан, басы ауған жаққа далбасалап жүре береді. Жазда қыстауынан көшпек болып, әйелін әбігер қылып, үйінің ішін буып-түйгізіп қойып, көлік сұрап әкелем деп, ауылдан-ауыл қоймай жағалай қыдырып, үш-төрт күн жүріп алады. Үйін көшірместен қалаға кетіп қалады. Қайтып оралғанда әйелінің балықшылардың қасына көшіп-қонып алғанын көріп қуанады. Қазанда қайнап жатқан балықтың иісі мұрнына келгенде, ол былай шалқиды. «Ау, Бижамал-ау, теңіз... Бұл теңіз ше? Мынау үй іргесінде шалқып жатқан теңіз түбі жоқ ырзық қой. Көктен салбырап түсіп тұрған несібең ғой. Пісулі асың ғой!»

Міне, Судыр Ахметтің болмысы, философиясы осы. Сонда оның осынша масаттанып отырғаны — өз қолы-мен тапқан ас емес, әйелінің көршілерден сұрап алған

балығы. Судыр Ахметке о да несібе. Ол балық жеп отырып әлгіндей лепірсе, түнде теңіз жағасының сары масасы шаққанда: «Ойбай! Ойбай! Мынау азап қой... Нағыз дозақ мұнда екен ғой... Бағанағы ішкен асымның қайда екенін білмеймін... Үйді жық, көшеміз», — деп әбігер болады. Судыр Ахмет өз мінін көре білмейді. Әйтеуір, өзі істеген болса, оның бәріне де ырза. Қажет десе, жарлы болуының да сырын ұққысы келмейді. Басына түскен ауыртпалықтың себебін алыстан іздеп те жатпайды, ол үшін үйіне келетін пәленің бәрі — әйелінен. Ол — ілгеріге көз жібермейтін, — сондықтан да өткеніне өкінбейтін нағыз тоғышардың өзі. Жеңіл өмірге құлшынған адам опонай-ақ арам іске барады. Судыр Ахмет Тәңірбергеннен ат міну үшін Ақбаланы мырза жігітке күйеуге шық деп азғырады. Ең соңында ол Тәңірбергеннің балықшы ауылдағы көз құлағына айналады.

Судыр Ахмет — нағыз ұлттық характер. Орыстың классикалық әдебиетіндегі тоғышардың қай-қайсысының да көздейтіні қара басының қамы, бағатыны бір басы, кәсібі бар, тек қоғамдық үлкен құбылыстардан аулақтап, үйінің төрт қабырғасымен шектелген қалтырауық тоғышар еді. Олардың бойында Судыр Ахметтің елтең-селтеңі, еркелігі атымен ұшыраспайтын. Олар қайта өз кәсібін, өз шаруасын ойлаған қалтырауық уайыммен жүретін. Үйден қырық адым шыққан соң-ақ қонақ саналып, өзге ошақтың табақтасы болатын ескі көшпелі тұрмыс тұсында ауыл арасының ас-дәміне дәндеген, тек қырдағы өмірде ғана ұшырасатын тентіреуік тоғышар осы Судыр Ахмет. Ол кәсіп қылмаса, шаруа күйттемесе, тіршілігі қиын өзге ел, өзге топырақта бір күн де өмір сүре алмайды.

А. В. Луначарский «Клим Самгинді» талдай отырып, белгілі бір топтың типтік бейнесін жасау үшін сол топқа тән мінездерді топтастырып, жинақтай білу аз; рас, кейбір плакаттар, карикатуралар, сатиралық водевильдер үшін сол да жеткілікті; ал, байсалды өнердегі типтік бейне өз тобының типтік жағдайларын жинастыра білумен қатар, оның даралық, индивидуумдық ерекшеліктерін де көрсетуі керек екендігін айтып еді. Автордың типтік образдың осы негізін тоғышарлар образын жасағанда ерекше қастер тұтып отырған.

«Қан мен терде» Судыр Ахметке серік болатындай тағы бір тамаша бейне бар. Ол — Қарақатынның бейнесі. Судыр Ахмет пен Қарақатын таптырмайтын дуэт. Істесе ісі оңбайтын, ошағының басына тыныштық бермейтін, екі

үйді қоса қондырмайтын ескі ауылдың парықсыз ошақ басы әйелінің дәл Қарақатындай қанық бояулы, құдіретті бейнесі бұған дейін жоқ еді. Күйеуінің «ана өзіндей Ақбаланы көрмейсің бе», — деп ұрысқанына Қарақатын: «Ақбаланың менен несі артық? Көп болса ақылы артық, ажары артық, ісі артық шығар!» — деп жауап береді. Сонда өзінде қандай қасиет қалды? Қарақатынның онда жұмысы жоқ. Осы бір ауыз жауаптан оның парық-парасаты, ой ауқымы түп-түгел көрініп тұрған жоқ па? Екеуі жеке-дара жүріп, ешкіммен тіл табыса алмайтын Қарақатын мен Судыр Ахмет бастары қосылса, бірінің сөзіне бірі түсініп, шүйіркелесе қалады. Екеуі де жетесіз, өмірге өз көзқарасы жоқ, басы кешіргенді, көзі көргенді бағалап, бажайлап түсінуге көңілі соқпайтын көне өмірдің тоғышарлық ағымының егіз тамшысы.

Ә. Нұрпейісов қазақ даласын тығырық тұйыққа әкеп тіреген ескі қоғамның әбден ескіріп-тозғанын көрсетуде, әсіресе, осы тоғышарлар бейнесіне көбірек көңіл бөлген. Бұл ретте Төлеудің үй-ішін айрықша бөліп айту керек. Бір кезде ел билеген пысық адамның қазіргі үйінде әбден сықпыт қалмаған. Ескінің көзі — сол үйдегі ойлы, қайратты, ақылды кәрі ана. Оның тұлға-тұлпаты мен ақыл-парасаты екі баласына атымен кереғар, Төлеу мен Қалауда кісі тұшынар қасиет жоқ. Жазушы осы паралельдің өзімен-ақ үлкен сыр аңғартқандай. Бұл семья — өсудің емес өшудің, есеюдің емес, кері кетудің символы тәріздес. Патриархалдық тұрмыстың барша кесепаты мен келеңсіздігі осы бір ошақтың басына түгел тоғысқан. Күнітүні ұйқы соққан кер жалқаулық, бірінің-бірі адымын аңдыған күндестік, арсыздық, оспадарлық бәрі осы үйде. Сонша қасіреттің бәрі жабылып, кәрі ананы ішқұса дертпен өлтіреді. Жақсы өсіп, жайсаң бой жетіп келе жатқан Айғаншаны іштей бездіреді. Төлеу Тәңірбергеннің қайыр садақасын малданып, соған пейіл. Қалау дүниеқоңыз байддың ұрлық-қарлығында қара шоқпар болып жүргеніне мәз. Патриархалдық тұрмыс тұсында қалыптасқан небір келеңсіз характерлер де осы үйде. Қолын қимылдатып мал тапқысы келмейтін, сал бөксе, жалқау, аузынан сөзі түскен, қойнынан бөзі түсен бозым Төлеу, ар-ұяттың бәрін былай қойып, ағасы өлмей тұрып, жеңгесіне қол салған, қарындасы мен Тәңірбергеннің арасына өзі жеңгетай боп жүруге әзір қорқау да қарау Қалау, тістеніп сөйлеп, тіміскі ойлайтын көк долы күндес Балжан — бәрі де нағыз апама жездем сай образдар. Қазақ прозасында екі әйел алу,

күндестік қанша суреттелсе де, тап осы романдағыдай кемел кескінін таппап еді. Ә. Нұрпейісов Төлеудің екі әйелі арқылы ескі ауылдағы мұндай өрескел патриархалдық институттың барша трагедиясын ашып берген.

Жазушы Төлеудің үй-іші арқылы жаны сірі феодалдық-патриархалдық үрдістің қазақ қырын қаншалықты аздырып-тоздырып болғанын, оның адамды адамшылықтан, елді елдіктен айырып бара жатқанын барынша батыл, барынша терең суреттеген. Жазушы озғынды көрсеткенде артық әшекейден, әсіре жылтырақтан қаншалықты аулақ болса, тозғынды көрсеткенде орынсыз карикатура, әсіресе, күлкіден де соншалықты аулақ. Бізге жаңа заман орнату жолындағы қиын күресімізді оңайлатудың, біз жеңген қатерлі жауды мүсәпір етіп көрсетудің атымен қажеті жоқ. Тарих тақырыбындағы шығармаларға қойылатын басты талаптың бірі осы.

Соңғы жылдары қазақ сынында «қара бояу» әңгімесі орынды-орынсыз көп айтылатын болып жүр. Соның біразы осы «Қан мен тер» төңірегінде айтылды. Сыншы жолдастар «Қан мен терде» ескі ауылдың көңілсіз, бұйығы суреттері көп емес пе, зорлық-зомбылық жағы көбірек қамтылмаған ба, ескі ауылды халық болған соң, оның ажарлы-нұрлы жағы да болмас па, осы шығармада сол жағы сараң көрінген емес пе», сияқты күдік-күмәнді көп айтты.

Рас, Ә. Нұрпейісовтың суреттеп отырғаны — санаулы бір адамдардың тағдыр-талайы емес, белгілі бір тарихи кезеңдегі халық тағдыры. Сондықтан да бұл романда революцияға дейінгі қазақ ауылы өмірінің мол картинасы бар. Біздегі бұдан бұрынғы кесек шығармаларда ескі ауылдың сән-салтанатты тұрмысы да мол қамтылушы еді. Ә. Нұрпейісов халықтың езілген бөлігінің жарлы-жақыбай ауылының тұрмысын бөлекше ықыласпен суреттепті. Өзінен бұрынғылардың ізін шиырламай, олар көрмей кеткен соны жәйіттерді мол қамтуға көбірек көңіл бөлген.

Бұның бәрі де рас. Жазушының осынысын құптау керек пе? Даттау керек пе? «Қан мен тердегі» палитра жазушы көрсетіп отырған өмірдің кескініне лайық па?

Енді соған тоқталайық. Шығарма тынысын уақыт тынысы бейнелейтінін жоғарыда айттық. Автордың шығармаға өзек еткен кезеңі, жалпы алғанда, қазақ сахарасының есею кезеңі. Ескі қоғамның тозғындық көрсетіп, күрес жолына бет қойған жаңа қауымның айналасына сын көзімен қарай бастаған кезеңі. Дәл сол тұста өмір сүрген

қазақ әдебиетшілерінің шығармасына үңілсеңіз, сыншылдық басым. Ол тек сол жазушылардың жеке бастарының көңіл күйінен ғана туған емес, белгілі мөлшерде жалпы халықтың көңіл күйінен туған құбылыс. Жазушы шығармасының бояу әлемін өзі көрсетіп отырған өмір шындығы мен дәуір шындығы белгілейді. Ендеше, «Қан мен тердің» палитрасыда өзі суреттеп отырған незеңнің әлеуметтік көңіл-күйіне, эстетикалық көзқарасына әбден лайық. Ол жарқабақтағы балықшы ауылды қанша мейірлене суреттегенмен, жарқыратып суреттей алмайды, ол өмір шындығына сай келмейді. Ол Тәңірбергеннің сән-салтанатты ақ отауын кеміте суреттемегені сияқты еліте, еліге де суреттей алмайды, тап сол шалқыған дәулетіне, ең алдымен, Тәңірбергеннің өзі мәз болып отырған жоқ, шым-шытырық ойлардың шытырманына басы қатып отыр; сондықтан бай ауылдың асып-тасқан сән-салтанатын тамсана суреттеу характер шындығына дәл келмейді.

Осы арада «Абай жолындағы» поэтикалық суреттердің сырына үңілейікші, ол көбіне-көп өмір сұлулығын, өңір сұлулығын құныға зерттеп жүрген ақын Абайдың, жас Абайдың көзімен берілмеуші ме еді. Ал, қырдағы қоғамның сыр-сипатына қанығып, ойы кермек тартқан егде Абайдың ақындық шабытына көбіне қыр тұрмысының көркемдігінен гөрі келеңсіздігі іліге бермеуші ме еді. «Абай жолының» алғашқы екі кітабындағы бояу әлемі соңғы екі кітабындағы бояу әлемінен өзгеше. Алғашқыда шұғылалы бояу көп болса, соңғы екі кітапта ескі өмірдің келеңсіздігін көрсетуге ғана керекті бояулар. Дала сол баяғы дала. Ондағы тұрмыс сол баяғы тұрмыс. Бірақ, Абай өзгерген. Дәуір өзгерген. Өмірге деген көңіл өзгерген. Сондықтан да ұлы Мұхтар Әуезов қаламындағы алуан шұғылалы көл-көсір бояуды өмірдің көңіл-күйіне, дәуірдің көңіл-күйіне, геройының көңіл-күйіне лайықтап, іркіп пайдаланған. Бояудағы дәуір шындығы, характер шындығы деп осыны айтады. Ендеше, оны «Қан мен терде» Ә. Нұрпейісов те аттап кете алмаған.

Өмірдің ешқашан бір ғана қара бояудан тұрмайтыны рас. «Қан мен тердің» бояу әлемі де бір ғана қара бояудан тұрмайды. Мұнда Арал төңірегінiң өзгеше кескінді сұстылығымен сұлу табиғаты, теңіз көріністері, алуан қилы адам портреттері, қыр табиғатының қысы мен жазы, көктемі мен күзі өмірдің өзіндегідей сан қилы бояулардың шұғылалы гаммасы арқылы жасалған. Жазушы табиғат

көріністерін кейіпкер көңіл-күйіне қарай құбылта суреттейді. Бірақ, кейіпкер куанса табиғат та ажарлы, кейіпкер налыса табиғат та нұрсыз болып суреттелсін дейтін сырдаң қағиданы ұстанбайды. Ол көбіне-көп кейіпкердің белгілі бір сәттегі көңіл-күйінің әуенімен емес, оның жан-дүниесінде қордаланған рухани процестердің, терең психологиялық процестердің ыңғайымен суреттейді. Мәселен, Еламанның ұзақ жыл шетте жүріп елге оралатын сәті оқушылардың көз алдында сайрап қалады. Сағынышпен оралған Еламан туған жерге жаз басында, қыр табиғатының ең бір әсем шағында оралады. Төңірегіннің бәрі мәуелеп, пісіп, көркейіп тұр. Бірақ, табиғаттағы осы көркею ондағы адамдар өмірімен жарастық таппаған. Өлі табиғаттың тіріліп, өзгеріп, өніп-өсіп жатқанын көріп Еламан даладағы мешеу тірлік жайында ойға батады. Бұл сол тұстағы өмір шындығына да дәл келеді, характер шындығына да дәл келеді. Шетте жүріп, кешегі етене өмірге сырттан қарап үйренген Еламан үйреншікті дала тіршілігінен өзі бұрын байқамаған жай-жағдаяттарды байқайды. Жолай жолыққан түйенің саңына еріп, өздері де түйе балып кете жаздаған мешеу көкірек Пірман — Шырманның өзі мұңлы ойға батырады. Егер дала өміріндегі ондай мешеулік болмаса, бәрі орнында, бәрі жайында тұрса, күрестің қанша қажеті бар, революцияның қанша қажеті бар?

Жазушы ескі қоғам, ескі тіршіліктің бойындағы жаман құбылыстар мен жарамсыз қылықтарды қандай түбегейлі зерттеп жазса, дала топырағында ежелден бері арқауы үзілмей келе жатқан күрес рухын, өрлікті, халықтың оптимзмді, қонақжайлық, қайырымдылық, үлкенге ізет, сөз қадірлеу, сөзге тоқтау сияқты ізгі моральдық сапаларды да айрықша ыждаһатпен көрсеткен. Ол дала рухын, тұрмыс сән-салтанатын жиын-тойларды көрсету арқылы емес, кейіпкерлердің жан дүниесі арқылы кескіндеген. Парасат пен жігердің, кісілік пен сабырдың саф қоймасындай Еламан, көреген де мейірбен Есбол, өжетте қайсар Сүйеу, уыз сезім иесі Айғанша, қанша қасірет көрсе де биік адамгершілігін жоғалтпаған Ақкемпір, Әзиза, Кенжекей, досқа адал, жұртқа қайырымды, еңбек сүйгіш Мөңке — бәрі де жазушының қалтқысыз махаббатынан туған нұрлы-шұғылалы жандар. Ол кездегі өмірдің ең басты ажары, ең басты көркі — осы адамдар. Романның бояу әлеміне өң беріп тұрған да осы адамдар. Олардың

қай-қайсысы да көмескі, күмілжі бейнелер емес, сыр мен сымбатқа, рухани қасиеттерге бай, сом тұлғалар. Шетінен кесек характерлер. Жалпы Ә. Нұрпейісов характер бояуына көп көңіл бөледі. Оның романында аз көрінсін, көп көрінсін, есте қалмастай бейнелер жоқ.

Ә. Нұрпейісов характер шындығын жалаңаштап, жадағайламайды. Ұнамдыны жазсын мейлі, ұнамсызды жазсын мейлі, бір бояу, бір өңде суреттеуден атымен аулақ. Романдағы ескі феодализмнің ең үлкен өкілі Тәңірберген бейнесі бір ғана ұнамсыз құлық, ұсқынсыз бояулардан тұра ма? Жоқ. Тәңірбергенге көпке дейін романдағы өзге кейіпкерлер ғана емес, оқушының да бүйрегі бұрып отырады. Оның бойында көз сүйсінер сымбат та, көңіл тояр ірілік пен кісілік те, ақыл мен сабыр да — бәрі де бар. Оны автор бір ғана жамандау арқылы ғана емес, осындай адамның жан дүниесіндегі қайшылықтар арқылы бір ғана кісінің мінез-құлқын емес, бүкіл бір таптың мінез-құлқын ашып береді. Үстем тап өкілдері бір тап, бір қоғамның өкілі болғанмен бәрі бір кейіп, бір өң емес. Аршынды, адуын орыс саудагері Федоров, тиын санап, безбен аңдыған тіміскек Теміркеге атымен ұқсамайды. Қазақ саудагері Ебейсіннің қараулығы мен қаныпезерлігі Курнос Иванның бейшаралығы мен дәрменсіздігіне бес қайнаса сорпасы қосылмайды. Жазушы адам психологиясының ар жағындағы қоғам психологиясын да айнытпай танып отырады. «Қан мен тердің» қазақ әдебиетінде бұрын-соңды ұшыраспаған соны тұлғалар, соны характерлер әкелгеніне ешкім дау туғызбасқа керек. Ұлттық прозамыз жасаған Абай, Күнәнбай, Тәкежан, Әйгерім, Игілік, Жұман, Шәкен мырза, Құныскерей сияқты кесек образдар галереясынан Тәңірберген, Қален, Еламан, Ақбала, Қарақатын, Судыр Ахметтер де заңды орын табады.

Жазушы басқа ұлт өкілдерінің бейнесін жасауда да прозамыздағы бұрынғы бар трафарет, штамптардан арылған. Бұрын өзге ұлт өкілдерінің жақсысын көрсетсе шетінен көсем, шетінен періште қылып қоятын, жаман өкілін көрсетсе карикатураға айналдыратын машық бұл романда жоқ. Қазақ жалшысы Жалмұратпен бірге сен үстінде өлетін Андрей аз көрінсе де, оқушы жадында ұзақ сақталады. Ол — ақылгөй де, көсем де емес, қарапайым балықшы. Ол — елден ерек үздік қасиеттерімен емес, адамгершілігімен, қайырымдылығымен, аңғалдығымен, адалдығымен сүйкімді. Шалқардағы жұмысшы қозғалы-

сының башыларының бірі Мюльгаузен өзімшілдігімен, асығыстығымен, қызбалығымен көрінсе, сол қозғалыстың тағы бір басшысы, кәрі жұмысшы Озлобин сабырлы, парасатты, мейірбан.

Жазушының характер жасаудағы палитрасы соншалықты бай, әр алуан. Көп планды «Қан мен тер» тектес романдарда адамдардың көп болуы заңды. Олардың қай-қайсысы да әншейін долбар емес, өздеріне тән әрекетпен мінезге ие. Алайда, автордың бұл арада бір ескеретін жағдайы да жоқ емес. Бәлкім, мұнда көрінген кейіпкерлердің бәр-бәрі араласатын ортақ оқиғаның әлі алда екенінен болар, кейбіреуінің қолы бос. Кейбір бейнелердің революция қарсаңындағы қыр тіршілігінің сан сипатты көрінісінен мәлімет беру үшін ғана жүрген жайы бар. Характер қызғылықтығына, колоритті бейнелерге қызығып, орынды-орынсыз кісі көбейте бермеу жағын да ойлау керек.

Жазушының характер мүсіндеудегі шеберлігіне сүйсіне отырып, оның сыры өмірді үлкен қырағы көзбен, ынтық жүрекпен зерттеуде екенін анық байқаймыз. Автор өмір құбылыстары юмордан да, сатирадан да, лиризмнен де тұратынын дұрыс түсініп, әрқайсысының орны келгенде қысылып-қымтырылмайтын шебер юморист, жек көргенін жәбірлей білетін уытты сатирик, аса нәзік, аса сезімтал лирик екендігін көрсетті. Оқушының тіпті есінен қалмайтын Ақбаланың Қарақатынның екі лағына су беретін жердегі жан сезімі, Сүйеу шалдың қызының Тәңірбергенге қашып кеткенін естігендегі күйзелісі сияқты психологиялық эпизодтар бұл кітапта аса мол. Автор, әсіресе, кейіпкердің жан-дүниесіндегі драматизмді барша діріл, барша кернеуімен дәл береді. Майданнан қайтқан Еламан Шалқар базарында Тәңірбергеннен шығып, Әнуар деген қала кедейіне күйеуге шыққан Ақбаланы көреді. Бір-біріне қарсы келіп қалған екі адамның қас-қағым ғана ұшырасуынан көреген автор қанша характер шындығын аңғарады. Екеуі де бір-біріне ләм-лим тіл қатпайды. Соның өзінде бірінің халін бірі айтпай ұғып тұрады. Қарсы келген екі адамның бетіндегі әрбір майда құбылысты қалт жібермей нәзік жеткізген суреткердің психологтік шеберлігіне, байқағыштығына, оны соншалықты дәл бейнелеген суреткерлігіне қайран қаласың. Базардан қайтқан Ақбаланың жан-дүниесіндегі арпалысты автор былай суреттейді:

«Қарсы кеп қалған кісілер Ақбалаға бір-бір қарап өтіп жатыр. Бір таныс әйел амандасқысы кеп бұрылып еді, Ақбала байқамады; жаңа ғана, онымен кездесердің алдында көк дүкеннен сатып алған шам сәукелесі бар еді; жаны ышқынған кезде шеңгелін қатты сығып жіберді де, шыны шөлмек сынып кетті. Ақбала сонда да уысын жазбады... Ақбала үйге қалай жеткенін байқамады... Алдынан жүгіріп шыққан естиярлау екі бала оның түсінен шошып, бата алмай, шегініп кетті. Тек есін білмейтін күрбелдеу бала күндегі әдетімен «апалап» жүгіріп кел, Ақбаланың етегіне жармасты. Ішін өртеген ызасын кімге төгерін білмей, долылық буып, көгеріп келген әйел алғашқы бетте баланы қағып жібергісі келді. Кіжініп, қолын көтере берді де, енді ұрады-ау дегенде, тағы бір күш тежеп, өзін-өзі ұстап қалды. Әлі де болса аяғына оратылып, «апалап» жатқан балаға ол тез еңкейіп, көтеріп алса да, оны енді қайтерін білмей, аңырып тұр. Қол созымдай жердегі төсекке жете алмай, тұрған жеріне сық түсіп отыра кетті. Шыны тілген қолын жаңа көрді; қаны қашқан мұздай еріні дір етіп, сөлекет езу тартып, күлкісі келгендей болды да тыйыла қалды. Кенет:

— Уһ, құрсыншы осы итшілік өмір!..— деп қапалы көңілі қатты торыққандай, күрсініп қойды, енжар бір қимылменен астындағы алашаның шетін қайырып жіберді де, әйнек тілген алақанын топыраққа басып, қолымен жер тіреп, отыра берді».

Осы бір-ақ эпизодта адамның жан-дүниесінің қанша сыры жатыр. Арпалысқан ой, әлем-жәлем жүрек, шиыршық атқан жүйке оқушы көзіне өзінен-өзі сайрап келе қалмай ма? Бұндай құнарлы беттер бұл романда сирек қонақ емес. Романның тал бойы суреткерлік көрегендік пен шеберлікке толы. Теңбіл-теңбіл ала-құлалық, бірде зымырап шығып, бірде құлдырап түсіп отыратын кедір-бұдыр атымен кезікпейді. Сүрінтпегеніне ғана мәз болып, сырғыта беретін көз қызығар, көңіл тояттар ештеңесі жоқ жылмағайлықтан тағы ада.

Бұл шығарманың кемелдену жолы мыңдаған қазақ оқушыларының көз алдынан өтті. Автор оны әлденешерет қайта қарап, ұзақ еңбектенді. Өзгерістер де қыруар. Бірақ, оның бәрі Судыр Ахметтің келі шапқанындағыдай емес. Бүкіл бір жейде ағашынан әуелі келі, одан ер шаппақ болып, ақыр аяғында пышаққа сапты зорға шығарған кейіпкеріндей емес, автордың еңбегі шығарманы шынықтыра, тұлғаландыра түскен.

Сөйтіп, әдебиетімізге үлкен табыс болып қосылған бұл шығармамен оқушы қимай қоштасады, келесі кітаптарды сағына тосып қалады.

Өйткені, автор жұртшылығымыздың тарихындағы ең елеулі, ең сын кезең жайлы барынша шын, барынша сырлы шежіре шерткен, заман мен адам арасындағы ақиқатты ашқан. Бұл шығарманың Париждегі «Галли-мар» баспасында аударылып басылған бірінші кітабына жазылған соңғы сөзде: «Дәл мұндай соншама қызғылықты, соншама терең (кітаптың эпиграфында «адам жанының арпалысы» деген сөздер тегінен-тегін жазылмаған шығар) романдар соңғы кезде көрінбей кеткенді. Ол осы заманғы американдық, француз, неміс, т. б. әдебиеттердің үздік туындыларының қай-қайсысымен де қатар тұра алады», — деп бағалауының сыры да сол шығар.

1962 жыл.

ДӘСТҮР МЕН ДӘУІР

Онсыз да бұлыңғыр климатты Лондон осы күнге дейін камин жағады екен. Әйгілі артист Сергей Образцов Лондонға барған сапарында осы жәйтке ерекше таң қала жазып еді. Өзге қалаларда бумен жылытып жатқан тұста қыңыр лондондықтар қасарысып болмай, каминнен әлі бас тартпапты. Өйткені, кешқұрым каминнің алдында маңдайын шоқтың табына төсеп қыздырынып отыру — ағылшындардың ата дәстүрі. Ендеше, каминге қайтып қол көтерерсің! Тұманнан адасып, аяқ баса алмай жүргенде, әр үйдің төбесінен түтін будақтайды да жатады. Адам баласы пайдаланып отырған жылыту жүйелерінің ішінде пайдалы әсер коэффициенті ең төмен, ең көп шығынға түсетін тиімсізі — камин қыздыру.

Бірақ, дәстүрдің аты — дәстүр. Ол көп ретте экономистердің есеп шотының кесіп-пішкен шешіміне көне бермейді. Біреуі қайдағы жоқ сандарды айтып бар тауқыметті басыңа төндіргенмен, екіншісінің де сүйенері мықты, тапжылғысы келмейді. Көнбейді. Күш алып, қоразданар себебі, дүниедегі ең бір мықты фактор оның жақтасы. Ол мықтының аты — психология. Соған тамырын терең жайып, орнығып, көзге үйреншікті болған нәрсені қапелімде мызғыта қою қиын. Бірақ, сол көзге үйреншіктінің дегені болып, мезгіл де соның аяғына жығылып, көңілінен шығумен болса дүниенің, қоғамның күні не болар еді? Онда айшылықтан атпен шауып хабар жеткізіп, қарға адым жер мұң болып отырар едік.

Қойыңызшы дерсіз, оқушы. Сіз меңзеп отырған телефон, телеграф түгілі, бүгінгі жұрт космодром, космовизияға да түк таң қалмайды. Осы орынсыз жерден сары уайым сапырудың қажеті қанша?

Соңғы кезде әдеби сында дәстүр мен жаңашылдық мәселесі ауызға қайта-қайта алынып жүр. Таласып та

жатырмыз. Осы бір таластың тұсында әлгі бір Лондон каминдерінің қара түйдек түтіндері көлеңдеп көз алдымызға орала береді. Үйлерінде дендері жайылып, қыздырынып рахаттанғанмен, көшеге шықса болды, түтінге шашалып жүрген қыңыр адамдардың тағдыры ойлантатын-ақ жәйт. Ләйім, тек осы бір қыңырлық көркем өнер мен әдебиеттен аулақ бола көрсін! Кейде әлгі індет біздің қазақ поэзиясының да басында бар-ау деген ойға келіп қалып жүрміз; ара-тұра көңілге көші көлікті қазақ поэзиясының біраз жылдардан бері бүкілодақтық аренаға сирек шығуының да бір себебі әлгі каминді төңіректенген томаға тұйықтықтан емес пе деген де күдік кіреді.

Камин камин де, поэзия поэзия емес пе? Қайдағы жоқ каминді айтып бас қатырудың қажеті қанша деушілер де табылар. Әңгіме — каминде емес, әңгіме — үйреншіктіден өзгеге құлағын қайшылайтын үркектікте. Егер сол үркектік көркем өнер мен әдебиетті де билеп-төстеп, тізгінді өз қолында ұстап келсе не болар еді? Онда да баяғы басқа өміріміздегі, басқа тіршілігіміздегідей қарға адым жер мұң болып отырар ек. Қазір жұрт полотноға салынған картинаға ешбір таң қалмайды. Суреттің сонау атам замандағы үңгірлердегі тері жапқан бабаларымыздың тасқа сызған шимайынан галерея залдарындағы рамаға салынған картиналарға жеткенге дейін қанша жол жүргені, нешік хәл кешкені бәр-бәр уақытқа есімізге түспейді. Сурет өнерінің әуелі үңгірдің, кейін храмдардың қабырғаларынан қол үзіп шығып, құмыралардың сыртына мекен тепкенінің өзі цивилизация тарихы үшін үлкен революция болғанын қай кезде аңғарып-аңдап бағалап жүрміз?! Сурет өнерінің демократиялануының, халыққа жетуінің алғашқы адымы да — сол құмыраның сыртын нақыштаудан басталмап па еді? Сурет өнері үңгірден галереяға жеткенше табиғаттың осал көшірмесінен қоғамның ұстазы болуға дейін өспеп пе еді? Оның қолы реализмге де осы өзгеріс үстінде жетпеп пе еді? Үркектіктің тілін алса оған үңгірден аттап шығу қайда!

Қысқасы, үркектік жүрген жерде даму жоқ, даму жоқ жерде қоғам жоқ, қоғам жоқ жерде өнер де жоқ. Ендеше, үркектік өнердің көсегесін көгертпейді. Үркектік — өнердің, өнерпаздың бойында бір мысқал болса да ұшыраспауға тиіс жаман індет.

Құп! Үркектік жаман екен, індет екен. Сонда дәстүрді қайтпекпіз? Оны қорғау керек пе, жоқ па?

Сабыр... Сабыр. Біз шөлмек құтыда өніп-өскен гүл емес,

кәдімгі түгін тартсаң, май шығатын бай алқапта бой түзеген бақытты ұрпақ, бақытты әдебиет емеспіз бе? Дүниеде бізге ұстаз аз ба? Бізге дейінгі әдебиет пен өнердің қатпар-қатпар қалың шежіресіне үңілсек не дер еді? Бізден бұрынғылар қайтіпті? Дәстүр мәселесін қалай шешіпті?

I

Өнер тарихына, қоғам тарихына үңіліп алмай тұрып, өнердегі соны құбылысты дәл танып, дәл бағалау еш мүмкін емес. Әйтпесе, құт мейманның өзін жүзтаным еместігін желеу етіп, бекерден-бекер жауға жоруымыз мүмкін. Нені бағаласақ та, өнердің, әдебиеттің даму тенденциясынан келіп бағалайық. Әйтпесек, әдеби ойды, оқушыны, тіпті әдеби тіршілігімізді текке алжастырып қиянат етуіміз де кәдік. Әлгібір әншейін дақпырт, оқыс «жаушаптылар» да бүкіл әдеби процестің арғы-бергісін ойлап, оның қайда бет түзеп, қалай аяқ алып бара жатқанын барлап-бақылап отырмаудан туады. Біз көбірек лағнат жаудырып жатқан үкі көз үркектік пен қоян жүрек үрейшілдік те осыдан балалайды. Ылғи өзгерісте болатын әдебиет сияқты мазасыз шаруашылықта мұның қай-қайсысы да зиян. Ендеше ертеңгіге қам жасағанда ежелгіні де ескеріп отырған жөн.

Ие, бұрынғылар қайтыпты? Бұрынғының айтқанына құлақ түрсек — өңшең өзгеріске, өзгеден үйренуге, өзіңді ылғи да жасартып-жаңғыртып отыруға мегзейді. Ешбір ұлт, ешбір мәдениеттің көсегесі томаға-тұйықтан көгермепті. Қайта, өзге бір құбылысты танытады, элада архитектурасында өзінен бұрынғы Вавилон, Египет мәдениетінің дәстүрлері сайрап тұрады екен. Рим мәдениетінде ескі грек мәдениетімен көп үндестік бар көрінеді. Арғы араб поэзиясының әуендері, кейбір касыда, қыта, бәйіт сияқты өлең түрлері парсы поэзиясының бүкіл әлемдік алтын қазынаға қосылуына көп еңбек сіңіріпті. Парсының газелі, рубайы түрік елдері поэзиясының өсіп-өркендеуіне де көп дем беріпті. Өзбек Навои, әзірбайжан Низами, Фзулидің, түрікмен — Мақтұмқұлы, Кемине, Молланепестің шығармаларынан араб, парсы өлең өлшемдері, түрлері көзге ұрады. Сонет, терции, октава, секстина, конциона, триолеттер тек Данте, Петраркаларда ғана ұшыраса ма? Ағылшын Шекспир, орыс Пушкин, поляк Мицкевич, латыш Ян Райнис, неміс Бехер сонет жазбап па еді? Неміс Гете атақты «Фаус-

тын» кіріспесін октавамен немістің дәстүрлі түрі болған соң жазған ба? Бұндай қиысып-қиюласып жатқан құбылыстардың санын санап шығу тіпті қиын.

Басқа мәдениеттен тәлім алу, оның тәжірибесін игере білу — озық мәдениеттің қай-қайсысына да тән. Шынтуайтқа келгенде, сол бір өзара байланысу, сабақтасу сияқты ұлы арнаға қолы жеткен мәдениеттің жұлдызы жанған да, ал қиянда тығырықта қап қойған мәдениеттер кенделік пен кенжеліктен құтыла алмапты. Мәдениет тарихы Пушкиннің Шекспирден үйренгенін, Гетенің парсы ақындарына табынғанын айтуға арланбайды; цивилизация тарихында тек өз дәстүрімен томаға-тұйық өркендеп, ұлы мәдениет жасаған ұлт жоқ.

Біздің ұлы Абай да әлемдік мәдениеттің алтын қорымен қол жалғасу арқылы әдебиетімізді байытты. «Абай жолы» сияқты ұлы шығарманың қазақ әдебиетіндегі қара сөз үлгілері «Қырық өтірік» пен «Алдар Көсе әңгімелерінің» топырағынан ғана нәр алып, өніп-өрбімегені айдай әлемге аян жәй. Бүгінгі Мүсіреповы бар, Мұстафины бар қазақ прозасының, әсіресе, қазақ романының ұлттық дәстүрі тым кедей бола тұра, азғана уақыт ішінде осынша кемелденіп кеткеніне қазақ әдебиетінің көп достары таңқалады. Ана бір жылы Асхад Мұхтар жап-жас қазақ прозасында монументальдық романның қалайша тез өркендеп кеткенінің сырын зерттеу керек деп жазып еді. Карамзинін былай қойып, Пушкиннен бастағанның өзінде «Соғыс және бейбітшілікке» шейін Гоголь, Тургенев сияқты корифейлері бар орыс әдебиеті өзінің алғашқы эпопеясын ұзақ жыл сарыла тосып барып, қуанышқа кенелген-ді. Гете, Шиллер, Гейне сияқты ұлы ақындары бар неміс әдебиеті шын мәніндегі романдарға осы ғасырда ие болды. Томас Манн, Генрих Манн, Ремарк, Бель, Зегерстердің қай-қайсысы да — біздің ғасырымыздың жазушылары. Арғы-бергісінде ұлы-ұлы романистері мол француздар әлі ұлттық эпопеямыз жоқ деп өздері мойындайды.

Орыс әдебиетінің шежіресіне үңілсек, XVIII ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғында жылма-жыл 7—8 жаңа роман шығып тұрыпты, ал 1788 жылы, Пушкин тумастан он бір жыл бұрын орыс романдарының саны тоқсан бірге жетіпті. Ол тұстың Федор Эмин, Николай Эмин, М. Чухов, А. Измаилов сияқты жазушыларын осы күні әдебиет зерттеушілерінен басқа кім біледі. «Она его своими глазами пожирала, и каждая одного литера острым ножом для ее сердца была», «Моя мать была жирна как купечес-

кая лошадь, здорова и чувствительна как мясник» сияқты хәлді біздің жас прозамыз бастап кешкен жоқ. Өйткені, әлемдік прозаның кемеліне келіп тұрған кезінде туды. Өзінен бұрынғы өзге прозаның бай тәжірибесін пайдалана білді. Жас қазақ прозасы орыс прозасы арқылы әлемдік прозаның озық үлгілерімен сусындай алды. Қазақ прозасының тез уақытта кемелденуінің негізгі сыры — осы. Бізді прозамыздың осы бір тағылым атаулыға ден қойғыш зерек ыждаһаты сүйсінтеді.

Міне, өнер тарихына үңілсек, мәдениеттің есігінде құлып болмасқа, қақпасының қашан да ашық тұрарға керектігін ұғамыз.

Өмірдің қай құбылысы да сияқты өнер өзгерісті, жасарып-жаңғыруды сүйеді. Ол дәйім қозғалыста. Тыншу, тоқмейілсу онда жоқ. Мәдениет елден елге көшкен сайын ылғи кемелденіп отырады. Өйткені, оның негізгі нысанасы болатын — адам, адам қоғамы да дәйім өсу үстінде. Көркемөнер — тек адамды бейнелеуші ғана емес, өзі де оның жемісі. Ендеше адам бойындағы, адам ойындағы өзгеріс онда да көрінеді. Қоғам өміріндегі даму оны да дамытады. Түптеп келгенде, әдебиетті жасартып, жаңғыртып отыратын — уақыт. Біз бұл жерде уақытты астрономиялық мағынасында алып отырған жоқпыз. Уақыт сипаты, дәуір көрінісі — ең алдымен, қоғамның өміріндегі өзгерістер. Ендеше дәстүрдің де тағдырын шешетін — дәуір. Жақында бір жазушы осы күнгі жастар баяғы Уитменде кездесетін ырғақпен жазса жаңалық көреді, еркін өлең деген орта ғасырдың тұсында да кездесіпті деп реніш айтты. Ол да рас. Бірақ, орта ғасырдағы жалқының басында ғана қылаң берген құбылыстың біздің тұсымызда жалпыға ортақ құбылыс болуы әбден мүмкін емес пе? Мәселен, жиырмасыншы ғасырдың ең елеулі ақындары Луи Арагон, Поль Элюар, Пабло Неруда, Назым Хикметтер еркін өлеңге көбірек ден қойды. Біздің тұсымыздың «Бітпеген роман», «Адамзат панорамасы», «Ғасыр ортасы», «Ортақ жыр» сияқты көрнекті туындылары осы үлгіде жазылды.

Оның есесіне сол орта ғасыр тұсындағы ең дәуірлеп тұрған формалар сонет, терцин, рубай, газельдер қазір ілуде біреу-ақ кездеседі. Қысқа десеніз қысқа, әуенді десеніз әуенді бұл түрлердің әдебиеттің негізгі қару-жарағының қатарынан түсіп, тек кейбір ақындардың әуестігіне ғана қажет болып кетуінің сыры неде? Қажет десеніз, өздері түлеп ұшқан төл әдебиеттерінде де бүгін

таңда аса сирек ұшырасатыны қалай? Неге қазіргі парсы поэзиясы өзінің сол ежелгі түрлерімен ғана болып қалмаған? Осы заманғы итальян поэзиясында сонеттер неге азайып кетті?

Бұның бәрінің жалғыз-ақ себебі бар — дәстүрдің тағдырын дәуір шешеді. Әдебиеттің дәуір жүктеп отырған міндеттерін атқара алатын дәстүр ғана өміршең. Көбіне-көп өз тұсының қажеті мен керегін көбірек қамдайтын қыттымыр уақыт ол мінезінен өнерде де бас тартпайды. Осыдан аз ғана жылдар бұрын біздің архитектурамыз ежелгі готика мен баррокадағы салтанатшылдыққа; мығым орнықтылыққа құдайдай табынып келіп еді. Архитекторлар конструктивизмді космополитизм көріп, кежегелері кері тартқанмен уақыт басқа шешімге келді. Қазір біздің қалаларымызда сызық пен сәулені ойната білген жеп-жеңіл үйлер самсап орнай бастады. Одан қалаларымыздың сәні көркеймесе, ортайған жоқ.

Әлгі уақыт деген тәңірінің әміріне мойынұсынғысы келмеген қай құбылыс болмасын күйрейді. Өнердегі күйреу — үшті-күйлі жоқ болып кету емес, тұралап тұрып алу. Мимырт аяңның да одан асып жатқан ештеңесі жоқ. Салпақтап қараға ілесіп отыруға қай елдің мәдениеті болмасын арланады.

Дүниедегі қай ұлы құбылыс та биік дәмеден, биік ұмтылыстан туған. Онсыз, әсіресе, өнер өмір сүре алмайды. Сондықтан да ұлы мәдениеттің қайсысы да елгезек.

Өзгесін былай қойып, өзіміз ауызданған орыс әдебиетін алалықшы. Ұлы Пушкин өзіне дейінгі орыс дәстүрімен отырып қалып па еді? Қайта шын мәніндегі орыстың әдеби дәстүрін өзі жасаған жоқ па? Біздің бір ақынымыз Пушкин өлеңнің техникалық заңын бұзбаған, моп-момын боп келді деп жазғанмен, тұсында оның да соңына сөз ерген. «Кумир Державина 1/4 золотой, 3/4 свинцовый, до ныне еще не оценен» деп келген Пушкинді де әбес көрушілер табылған. «Евгений Онегиннің» алғашқы тараулары шыққанда «Руслан мен Людмиланың» авторына бірдеңе көрініпті деп күлген. Бірақ, Пушкиннің бұл «тентектігі» орыс әдебиетінің өскісі, ер жеткісі келген жақсы мінезінен туындап тұрған ізгі құбылыс екенін ол мырзалар қайдан аңдасын! Өнердегі әдептілік «сіз, біз» деп сызылып, көрінгенге бас ұрып, тағзым етіп жату еместігін, өнерпаз алдымен ұлы өнерге, соның керегі мен қажетіне ғана бас ұратынын, әдептілікті бұзбаймын деп өнер мүддесіне қиянат жасауға ғұмыры аяқ баспайтынын ол тоқ қарын, доғал ойлы тоғышарлар қайдан ұғынсын!

Орыс өлеңіне Пушкиннің тек ұлы ақын ғана емес, ұлы реформатор боп келгенін дәлелдеп жатуды қажет қылмайды.

Сол Пушкиннен кейін шыққан орыс ақындары қайтті? Алдында Пушкин өткен, Лермонтов өткен, Тютчев, Фет, Некрасов өткен Блок өлең шаруашылығында аз ізденді ме? Брюсовты қайтесіз? Әлгі аталған орыс ақындарының дәстүрі жетпейтіндей-ақ Бодлер, Верлен, Меларме, Уитмен, Верхарнге ауыз салып жүрген сол ғой. Маяковский ше? Ол орыс поэзиясында революция жасады деген әншейін сөз бе? Одан бері Н. Асеев, В. Луговской, И. Сельвинскийлердің ізденістері ше?

Тап күні бүгінгі орыс әдебиетіндегі ізденістерге назар салалықшы. Оларға дейінгі орыстың өлең түрі аз болып па? «Құдай, осы бергеніңнің де қызығын көрсетсең болады», — деп, тып-тыныш неге отырмайды? Орыс прозасында да жақсы үлгілер сонша құрдым ба? Тімсініп бүгінгі орыс прозашыларына не көрініп жүр? Олардың Н. Гоголь, И. Тургенев, Л. Толстой, Ф. Достоевский, А. Чехов, И. Бунин, А. Куприн, М. Горький, одан қала берді А. Толстой, М. Шолохов, Л. Леонов, К. Паустовскийлер жетпейтіндей, сонау жер түбіндегі Хемингуэй, Фолкнер, Сэлинджер, Борхерт, Бельдерге үңіле беретінін айтсаңызшы!

Біздің ғасырымыз өңшең ізденіс пен үлкен ұмтылыстың ғасыры ғой. Қазіргі институттардың лабораториясындағы күллі дүниенің барша сыр-құпиясына жапа-тармағай үңіле зер салған мінез орыс әдебиетінің де бойында бар. Әр атомның ой-қырын түгендеп зерттеген ғалымдарымыздан әр сөзге шұқшиып, соның тағдырын ойлаған орыс жазушылары да қалыспайды.

Неге олай? Апыр-ау, орыс әдебиетіндегідей бай дәстүр тағы қайда бар! Иә, дәстүр бай, бірақ онсыз өмір жоқ. Өйткені, өнер сонысымен өнер. Өнердің мұндай елгезек мінезін, әсіресе, шын мәніндегі дәстүрлі мәдениет ерекше қастерлейді. Ол үшін дәстүрді қастерлеудің жалғыз-ақ түрі — оны дамылсыз байыта беру, болдым-толдым демеу, жаһан бетіндегі жаңалық біткеннің бәрін қағыс жібермей, дер уақытында көріп, дер уақытында игере білу. Орыс әдебиеті — қазір әлемдік әдебиетте ұлы ұстаз болумен бірге, зерделі шәкірт те ғой. Біздің орыс әдебиетінен ең алдымен үйренетін нәрсеміз — қалай үйрене білу.

Қош! Өнердің өткен шежіресіне жүгінсек те, өзге әдебиеттердің қазіргі тіршілігіне үңілсек те, аңғарарымыз

бір-ақ жәйіт: уақыт, дәуір қай мәдениетке де барлық кезде дәстүрді байыту, молайтуды алға тосып отырыпты. Өзге мәдениеттен үйрену ешбір ұлттық мәдениетті құлдыратып жібермеген, қайта көркейткен, озық мәдениеттің деңгейіне тартқан, қатарға қосқан. Ендеше, біз бүгін таңда дәстүрімізді қалай қорғау керек деген мәселені емес, оны қалай байытудың қамын көбірек ойлағанымыз дұрыс. Байытудың өзі — қорғау. Бұл бағытта біз не бітіріп жатырмыз?

II

Осы бізде, қазақ әдебиетінде, формализм бар ма?

Бар. Жоқ болса, мына шумақтар ше?

*Құйғытып шығам жоғары,
Құлдырап кетем кілт төмен...
Түнеріп тұрған манағы
Тілдесіп қоям бұлтпенен.*

— *Қатулы неге қабағың,
Қайғымен жапа шектің бе,
Қарғысы тиіп адамның,
Қаңғыбас болып кеттің бе?*

*Көзің де жасқа көмілген,
Көргің бе жайдың соққысын,
Рахат табар көгіңнен
Рахым көрген жоқлысың?*

*Айбарлы бұлттан жай кетті,
Ашуға басты ол енді.
Сабалап біздің әйнекті
Сатырлап жауа жөнелді.*

Сағи Жиенбаев

*Қашты толқын, қуды күн,
Сүйді жетіп ақыры.
Соған қарап тұр бүгін,
Қазақтың жас ақыны.*

*Қашты толқын неге осы
Азғырушы жел ме екен.
Күн сұлуға денесін
Сүйдірмейін дей ме екен.*

Көрсетті ме күш кімге
Мырзасынған болар күн
Ақ Волганың үстіне
Шашылып жатты мол алтын.

Тұманбай Молдағалиев

Жұмыстан қайттық, сол жігіт
Қызыл гүл үзіп сыйлады;
Жүрегім бейбақ дүрсілдеп,
Кеудеме сонда сыймады.

Жүрегім кетті дүрсілдеп.
Өзім болсам — қызардым;
Тез сыр беріп қоямыз,
Сонысы жаман қыздардың.

Әділбек Абайділданов

Міне, қызық. Бұның несі формализм? Өзіміздің әлгі он бір буын, жеті-сегіз буын, өзіміздің қара өлең ұйқасы, шалыс ұйқастар, өзіміздің төрт жолдан тұратын шумақтар, кәдімгі өзіміз күнде көріп жүрген қарабайыр өлеңдер емес пе? Ендеше, осы өзіңіз күнде көріп жүрген қарабайыр — формализм. Көргіш болсақ, осыны көрейік те. Мынау өлеңдер әуенді ме? Әуенді. Дәстүрлі өлшем, ырғақ сақталған ба? Сақталған. Жеп-жеңіл оқыла ма? Жеп-жеңіл оқылады. Енді не керек жаныңызға? Осы өлеңдерден тап сол бізге ең керек нәрсе жетіспейді. Мынау жолдарды оқығанда не, оқымағанда не? Не опа табасыз? Көк базарға барғанда ішінде сары уызы жоқ жұмыртқаның қабын қанша азғырсаңыз да алмайтын ақындар оқушысына ішінде уызы жоқ, құр әншейін сырт кеспірі бар өлең ұсынады. Міне, нағыз формализм осы. Бізде формализм деп қайта соны түр іздеушілікті айтады. Соны түр іздеген кісіні формалиссің деп жазғырамыз. Шын мәнінде, өнердің формасыз күні қайсы? Ал, формализм дегеніміз — түптеп келгенде, мәні жоқ, мағынасы жоқ әйтеуір сырты бірдеңеге ұқсайтын туынды ұсыну.

Жоғарыдағы өлеңдерден қандай соны ой, соны идея таптыңыз. Оларды оқып неден безініп, неге рухтандыңыз? Ештеңе жоқ. Бәрінен мақұрым. Ақындар бұрыннан бар белгілі формаға сылдыр сөзді кептегенде, кезекті жинағына сүңгітіп жіберген. Біз бұл жерде талантты-талантты деген үш жас ақынымыздың өлеңдерін келтіріп

отырмыз. Бір жолына да тиместен, тұтасымен алдық. Бұл бұл ма, бізді жыл сайынғы шығып жататын кітаптарымыз бен күнделікті баспасөзде ұйқасқан сөздер тіркесінің бұдан да сорақы түрлерінен аяқ алып жүре алмайсыз. Қайта мынау жолдарда аракідік әдемі образдар кездеседі ғой. Көп өлең одан да мақұрым. Бірақ, бір жылт ете қалған әдемі теңеу бар екен деп, я, бір сәл ғана есте қалар деталь бар екен деп, кез-келген нәрсені өлең деп ұсынуға бола ма? Жаңа жазып жүрген әуесқойдың жаттығуы болса бір сәрі. Онда да баспа бетін көрместен үйінде стол жапқышының астында бүркеулі жатуға тиіс. Ал, мыналар баспа жүзінде көпке тараған өлеңдер болса, талантты деген ақындарымыздың кітаптарына кірген, қалам ақысы төленген өлеңдер болса, оған не дейсіз? Онда бұл бүкіл әдебиетіміздің басында бар сор болғаны. Сондықтан да бұндай формализм нағыз күрес ашуға тұратын індет. Бірақ, бір ғажабы, мұндай өлеңдерден әлгі әдеби сындағы орынсыз үркектер де еш тіксінбейді. Өйткені, тым үйреншікті құбылыс. Ал, әдеби прогресс үйреншіктіге үйірсектік арқылы емес, қайта сол тым үйреншікті, тым қарабайыр болып кеткен құбылыстарды уақытылы байқап, уақытылы әшкерелеу арқылы дамып келе жатқаны белгілі.

Туған поэзиямыздың көл-көсір жазирасының сонау түп-төрінен жарқырап көрінген ұлы Махамбеттің творчествосына-ақ үңіліңізші. Қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы алтын көпір тәрізді осы тамаша ақын жырларынан өз замандастары творчествосында атымен ұшыраспаған соны сипаттар көзге ұрады. Ол тұста түпсіз уайымға, тұңғиық мұңға бой ұра бастаған қазақ жыры Махамбет творчествосы арқылы күрескер рухқа, өміршең оптимизмге, өз дәуірінің қат-қабат қалтарысына терең бойлай алған шыншылдыққа ие болды. Махамбет творчествосындағы жаңа мазмұн қазақ поэзиясына түр сонылығын да әкелді.

Мазмұн байлығына лайық түр байлығын жасаудың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткен қазақ ақыны — Абай. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салған Абай қазақ поэзиясында шын мәнінде ұлы революция жасады. Ол өзінен бұрынғы қара шанақ домбыраның қоңыр әуезіне бағынған ауыз әдебиетінің үлгі-өрнегі ақын мен оқушы алдынан болмыс пен уақытының қол-көсір сыры мен сымбатын ашып беретін жазба поэзия үшін тым кедейлік көрсетінін дұрыс түсінді. Ұлы Абайдың қазақ өлеңінде бір

өзі ашқан соны түрлерінің саны одан кейінгі жазба ақындардың бәрі қосылып жасаған соны түрлердің санынан әлдеқайда көп.

Жазба поэзия қазақ тілінің көркемдік қуатының молдығын, бейнелеушілік мүмкіндіктерінің шексіздігін дәлелдеп берді. Оған С. Торайғыров, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Қ. Аманжоловтардың творчествосы айқын куә.

Өз топырағында өлеңнің көркемдік келбетін, техникасын шыңдаған осындай жаңашылдары бола тұра, соңғы жылдары қазақ әдеби сынында дәстүр мен жаңашылдық мәселесін жаңсақ түсіндіретін қара дүрсін көзқарастар бой көрсетті. Кейбір сыншылар қазіргі қазақ ақындарының творчествосында енді-енді кездесе бастаған санаулы ақ өлең, еркін өлең элементтерін өлең мазмұның бөліп алып, түрінің бұрын-соңды сирек кездескен сонылығына бола формализмге теліген қате пікірлер айтты. Олар формализм сияқты жиренішті құбылыстың әлеуметтік төркінін түсінбей, әйтеуір түр жаңалығының бәрін түршілік деп ұқты. Формализмнің түп төркіні — идеясыздық. Формализмге қарсы күрес жаңа түрге қарсы күрес емес, түрін бұлдаған идеясыздыққа қарсы күрес. Айтар ойы, соны идеясы жоқ өлең — үйреншікті түрде жазылсын мейлі, соны ырғақ, соны түрде жазылсын мейлі, бәрібір формалистік шығарма. Ал, енді түрі соны, сонымен қатар үлкен суреткерлік идеясы, әлеуметтік мәні бар шығарманы түрінің бейтаныстығына бола жатырқап, жат санайтын сынның өзі — формалистік сын. Ондай сын әдебиетті кемелдетуге емес, кенжелетуге қызмет етеді. Ондай сын ылғи соныға, ылғи жаңаға бой ұрған озық талғамның емес, үйреншіктіге бауыр басқан төмен етек кертартпа, талғамсыздықтың сөзін сөйлейді. Ондай сын шығарманың халыққа түсінікті болуын бір жақты ұғынып, «біз бұған түсінбедік» деп, өздерінің мешеу талғамын күллі халыққа телу арқылы күн көреді.

Өнердің халықтікі екені рас. Бірақ, халық кім? Оған Бахтың азалы саздарынан құлағын басып, «Диананың» жалаңаш тәнін көріп тұра қашатын таяздар да жата ма?

Біздің кітап оқу дәстүріміз тым беріден басталған. Қазақ оқушысының дүниеге келгеніне қырық жылдан сәл асты. Біз әлі талғам тәрбиесіне жеткілікті мән беріп те жүрген жоқпыз. Сыншылар «түсінікті», «түсініксіз» деген үкімдерін айтарда бұл жағдайларды ойлап, көп бас қатырып жатпайды.

Қазақ ақыны, қазақ жазушысы кімге арнап жазуы керек сонда? «Қырық өтірік» пен «Мұңлық — Зарлықтың» оқушысына ғана ма? Әлде «Соғыс және бейбітшіліктің», «Евгений Онегиннің», «Гамлет» пен «Жан Кристофтың», «Орыс орманы» мен «Абай жолының» оқушысына ма? Кімге?

Өнер — талғамның қорегі ғана ма, әлде ұстазы да ма?

Біздің экономикалық заңымыз — халықтың тұтыну қажетінің көлеміне қарай өндіру емес, халықтың тұтыну қажетін өндіріс көлеміне қарай дамытып отыру ғой.

Өмірдің осы заңы өнерге де жүре ме, жоқ па?

Әсіресе, мешеу талғамның өресінен асыңқырап кеткен нәрсенің бәрі әлгі «формализм», «абстракционизм», «модернизм», тағы да басқа қырсық аттардың қыл тұзағына қосақтала беруге тиісті ме? — Осының бәрі де мықтап ойлануды талап етеді.

Біздіңше, қазіргі қазақ әдебиеті жалғыз бір ұлт, бір халықтың емес, күллі адамзаттың мүддесін ойлап, көсегесін көксейді. Оның тыңдаушысы — жалғыз қазақтар емес, бүкіл планета. Оның үстіне қазіргі қазақтар Сыпыра жыраудың тұсындағы қазақтар емес. Олар әлем әдебиетінің көп ғасырлық бай қазынасын оқиды. Ендеше, әлемдік әдебиеттің барлық ғасырдағы ең талантты өкілдері — бүгінгі қазақ ақын-жазушыларының ең басты бәсекелестері. Олай болса, қазақ әдебиетінің, қазақ өнерінің қызмет ететін халқы — Бетховен мен Шостаковичті, Толстой мен Хемингуэйді, Рафаэль мен Пикассоны, Пушкин мен Элюарды қадірлейтін халық. Біздің оқушымыз — солар.

Олар шын жаңашылдық пен өтірік жаңашылдықты, формализмнің не құбыжық екенін жете айыра алады.

Олар бір қадірлі сыншымыз қайта-қайта айтып, қызыл кеңірдек боп қорғаштап баққан «өлеңнің техникалық заңы» дейтін тіркестің атымен күлкілі ұғым екенін жақсы түсінеді.

Өнердің де заңы болатыны рас. Бірақ, онда ешқандай ережеге орын жоқ. Әлгі сыншыларымыз айтып жүрген өлең қалайда төрт буын болып ұйқассын, барлық жолдағы буын саны тепе-тең болсын дейтін «техникалық заңдары» — өнердің заңы емес, қара дүрсін ережелер. Ондай-ондай ережелер қай тұста да болған. Ондай-ондай ережелер қай тұста да бұзылып отырылған. Әлгі сыншы Пушкин, Блок, Некрасовтар өлеңнің техникалық заңын бұзбады деп, оны ұлы ақындарға айтқан мақтауым деп

ұғады. Егер өлеңде техникалық заң болса, ең алдымен оны осы әйгілі үш жаңашыл бұзған болар еді. Олардың тамаша творчествосы талай-талай қасаң қағидаларды жоққа шығарды.

Ендеше әдеби сын көше тәртібін бақылайтын мекеме құсап, байырғы ереже, бағзы нормативке үңіліп, одан сәлауытқып кеткен кісіні тірсектен қағып, айып салып отырмасқа керек.

Ендеше, біздің сыншыларымыздың он бір буыннан, үйреншікті өлең өлшемдерінен шығып кеткендердің бәрін бірдей социалистік реализмге қиянат еткендердің санатына қоса салуы атымен әбестік.

Қайта қазақ поэзиясының поэтикалық жаңалықтарды саяз зерттеп, сараң игеріп келе жатқанын қаттырақ сынауымыз керек. Біздің, ақындарымыз да, сыншыларымыз да Луи Арагон, Назым Хикмет, Пабло Неруда, Витезслав Незвал, Поль Элюар, Рафаэль Альберти поэзиясының жаңашылдық сипаттарына аз үңіледі.

Сондай енжарлық пен самарқаулықтың салдарынан бізде қазақ өлеңі музыканы сүйеді, ол ақ өлеңді, еркін өлеңді қабылдай алмайды, тіліміздің заңына қайшы келеді деген сияқты ғылыми негізі жоқ тайыз пікірлер етек алып жүр. Еркін өлеңді, ақ өлеңді игерген ақындардың елінің тілі бізден кем әуенді, кем музыкалы деп кім айта алады? Өзгесін былай қойғанда қазақ тілімен тектес түрік тілі ше? Сол тілде Назым Хикмет еркін өлеңді, ақ өлеңді қалай жазды?

Бізде дәстүр мен жаңашылдық туралы сөз болғанда, ең көп әңгіме туғызған мәселе — он бір буынның тағдыры. Он бір буын қазақ поэзиясын талай-талай асулардан асырып келді. Оған арнап қанша қошамет, қанша мадақ айтсақ та артық емес. Бірақ, он бір буын үшін осынша қызыл кеңірдек болып айтысудың орны да жоқ еді.

Біз түрдегі жаңашылдық туралы сөз қозғасақ, қазақ өлеңінің байырғы түрлері тозғындық көрсетті, енді ол еш кәдеге аспайды деп жатқан жоқпыз. Біз қолда барға қанағат дейтін самарқаулық пен сәл соны бірдене көрінсе тосырқай қарайтын үркектікке қарсымыз. Біздің қалайтынымыз — қолда барды құрту емес, көркемдік арсеналымызды байыту. Өлең алқабы, өнер алқабы кең. Талант жетсе, көңіл жетсе, онда әртүрлі ақынға да, әртүрлі стильге де орын жетеді.

ГАМЛЕТТИҢ МОНОЛОГИ

Бұл не өзі? Биігі қиян, бітімі қыңыр құз жақпарды жарып шығып шапшыған шаңқан сезімнің лирикасы ма? Жоқ. Кер мылқаудың керең өңіндей безерген безбүйрек тас қамалдың аждаһа түкпірінің бірінде болып, беймағұлым қалған құпия қылмыс жайлы ауыздан су ағызар қызық хикаят па, әлде? Жоқ. Талағына тай теуіп, талабының маңдайы тасқа тиген тағдырдың азалы жыры ма? Жоқ. Ол да емес. Нар кескендей жарқырай суырылып, қалтырай құлаған өршіл рухқа арттағы тігер тұяқ айтқан мақтау-мадақ па? Оған да келіңкіремейді. Бұл не өзі сонда? Драма ма? Поэма ма? Трагедия ма? Жоқ. Бәрі де емес. Бұл — Шекспир. Бұл — Болмыс.

Адам, әдетте, өлшемге, тайға таңба басқандай дәл анықтамаға құмар. Ал, Болмыс біз неғұрлым ғұлама болған сайын біздің кешегі тәптіштеп тастаған өлшемдерімізді өтірікке шығарып, санамыз айналасын көбірек көре алатын биікке шыққан сайын, бұрынғыдан да бетер кеңейіп, ұлғайып — көл көсір боп көсіле түседі. Болмыстың өз қанынан жаралған асқар ала таланттардың алқабы да зор. Шекспир алқабы да ұлан қайыр. Ол төңірегін тінте шолып, түгендеп жаттап алар кішкене төбешік емес. Ол бір тұтас әлем. Оның қойнауына талай ғасырдың не бір батыл болжамдары бойлап қайтып жүр. Солардың ешбірі түгел танып, түптеп білдім деп көрген емес. Шекспир әлемі зерттеле түсуде. Жақында сол әлемге жиһанкездердің жаңа бір тобы барып қайтты.

Г. Козинцевтің жаңа фильмінде зерттеушінің зерек көзі бар. Ол Шекспир Гамлетін, оның күңіренген күйзелісі мен албырт арпалысын тұңғық болмыстың құпия қойнына қомағайлана телмірген зерек жанар деп ұққан. Шынында да, Гамлет не іздеп жүр? Нені істесе, нені бітірсе тыншыр еді? Қара басының қамы үшін, қапас жанының тоя-

ты үшін туған ағасының қанын жұтқан Клавдийдің қылмысын әшкерелеу ме? Шекспир бұны шымылдық ашылмай жатып-ақ сөз қылады, Гамлет мұны туған үйінің босағасынан аттамай жатып-ақ сезеді. Туған әкесінің кегін қайтармаққа тулап жүр ме? Бұның да қисыны жоқ. Сілімтір Полонийдің кегін қуған Лаэрт қас пен көздің арасында Клавдийдің тас қамалын асты-үстіне түсіре жаздамай ма? Гамлеттің бұндайлық қауқары бар. Батырлық десең батырлық, бет қаратпай ықтырып кетер кемеңгер ашу, досы түгіл жауын жапырып жібере жаздайтын айбынды бедел — бәрі бір басында. Жоқ, бұның бірі де оның ойына кіріп шыққан емес. Өйткені, ол саздауыттың сазаны емес, тұңғиықтың шортаны ғой. Ол мынау аядай тас қамалдың ішіне емес, айдай кең әлемге симай буырқанып жүр. Оның жанындағы алапат арпалысқа тақтың рахаты, тәждің салтанаты, қайтқан кектің ләззаты, жолына жаны пида жазықсыз жардың пәк махаббаты — ешбірі тоқтау бола алмайды. Оның ешбірі ол үшін медет емес. Әке өлімі оны әлеммен бетпе-бет беттестірді. Ол көкірегін астан-кестен еткен кесепатты болған оқиғадан, істелген қылмыстан емес, болмыстың мінезінен іздейді. Гамлеттің шақшадай басын шарадай етіп жүрген қоғам деуге, заман деуге келмейді, қоғамның, заманның ғұмыры жылдап, озса жүз жылдап есептеледі. Ал, болмыстың өлшемі — мәңгілік. Гамлет қоғамның құпиясы мен сырын білгенге көңілі көншімейді, ол мынау ерен болмыстың ежелгі заңдарын білуге құштар. Оның көкірегін өртеп бара жатқан шөл сонда көншиді. Гамлет соны тапты ма, жоқ па? Тапқан жоқ. Оған себеп — оның өмірі. Тапты. Оған себеп — оның өлімі. Тапқан жоқ, өйткені Гамлет өлер сағатына дейін тіпті өліп бара жатып та ізденіспен өтті. Оның аузына түскен сөздің баршасының да ар жағында сұрау жатыр. Тіпті, оның жалын шашқан лепті сөйлемдерінің өзі шындықтың көлденең тартқан бір құпиясы, тағы бір сұрауы. Гамлеттің әлденені дәлелдеуінен, тоқтамға келуінен сұрауы көп. Тіпті өліп бара жатып досы Горациоға айтқан өсиеттерінде де сұрау басым. Ол төңірегіне сұрақпен қарап өлді. Бұл — ізденіс. Бұл — әлі таппағаны. Алайда, Гамлет кімнен сұрап жүр, нені сұрап жүр? Өз көкірегіне өзі емініп, мен неге олай емес, бұлаймын деп басы қатып жүр ме? Жоқ. Онда бұл кескілескен шайқас, кеуделеген шабуыл емес, кегежектеген шегініс болар еді. Гамлет сұрауы жұртқа, төңірекке, өмірдің өзіне бағышталған. Ол ешкімнен, ештеңеден тайсалмайды. Ол — дүние неге

бұлай? — деп сұрайды. Оның әрбір сұрағынан семсердің шартылы естіліп, зеңбіректің шарпуы бетке ұрады. Бұның аты — күрес. Ол сол күресте мерт болды. Бұл — оның іздегенін тапқаны. Дәлірек айтқанда, іздегеніне апарар жолды тапқаны. Бірақ, танығаны емес. Гамлеттің өлімі — ол сулы көз сентименталистер үшін ғана трагедия, әйтпесе, ол өлім — өмір отының аспанды шарпыған асқақ алауы ғой. Гамлет трагедиясы, оның рухани трагедиясы — айшылықтан ат сабылтып жүріп іздегенін тауып тұрып танымағаны. Бұл жерде, Гамлет қанша туласа да уақыттың құлы. Оның көкірегіндегі сұрақ — адамзат үшін ұлы революция еді. Ол бір жүрекке сиып, бір білекке билетпейтін еді. Гамлет улы семсерден емес, сондай шамадан тыс ауыр рухани жүктен зорығып өлді. Оның өлімі — бәйтеректі белінен қиып өткен жәй оғына ұқсай беретіні де сондықтан. Сол себепті де біз Гамлетті сүйе отырып, мүсіркейміз. Бірақ, бұдан Гамлетке деген махаббатымыз бір мысқал да ортаймайды. Финалдағы Фортинбрастың Гамлетті батыр жауынгерше жерлеу керек дегеніне бәріміз де қосыламыз. Бұл жерде Шекспир өзінің атынан, өз заманының атынан емес, бүкіл адамзат пен мәңгіліктің атынан сөйлеп тұр. Біздің пікіріміз бен лебізімізді қамти кететін сыры да сонда.

Гамлет бізге неге қадірлі? Ол немен не үшін алысты? Оның көкейін тесіп жүрген-ақиқат. Фильмдегі әке елесі адамзаттың көп ұрпағын ылғи шөлдетіп келе жатқан тұңғыық ақиқаттың тұңғыық тұлғасы сияқты. Ол әрі үрейлі, әрі игі, әрі қатал, әрі қадірлі, әрі құдіретті, әрі шарасыз мүсәпір. Маймылдың түгіне сіңіп кеткен тістеуік жәндіктей, өмірдің жон арқасын бір жайлап алып, жата қап туласа да түсіре алмай келе жатқан — тоғышарлық дейтін кесепаты бар ғой. Тоғышар ұғым үшін Гамлеттің арпалысы атымен мәнсіз көрінуі мүмкін. Гамлеттің ұлылығы да — оның істегенін екінің бірі істей бермейтіндігінде ғой. Гамлет ақиқат жолында шындық үшін жалғанмен, мәңгілік үшін өткіншімен, құдіреттілік үшін әлсіздікпен, ақпейіл адамгершілік үшін қапас қара ниетпен, асқақ арман үшін жербауырлаған тоғышарлықпен белдесті. Бұл — үлкен рухани ерлік. Гамлет бізге соған бола қадірлі.

Шекспир оны Англия үшін емес, адамзат үшін, белгілі бір заман мен қоғам үшін емес мәңгілікке арнап жазды. Гамлеттің аузынан түспейтін, ойынан кетпейтін — «Болсам ба, болмасам ба?» — адамзаттың ақыл-ойының күн тәртібінен әлі түсе қойған жоқ. Ендеше, Гамлетті ежелгі

реквизитке тұтқын қылуға болмайды. Шекспирдің Тас қамалы декорация емес, символ. Ендеше Гамлет біздің замандасымызбен Шекспир тұстасының тілімен сөйлесе алмайды. Г. Козинцев те, И. Смоктуновский де бұны жете түсінген. И. Смоктуновский ойнаған Гамлет Шекспир тұсындағы, я одан бұрынғы сарай төресі дат ханзадасы да, немесе бүгінгі Копенгаген — «битнигі» де емес, үлкен рухани күрестің қаһарманы. Біздің баршамыздың сырласымыз.

Гамлет бізге неге керек? «Бейтанысқа құмар болып безгенімше, көз таныс кесепатқа көнгенім жөн» — деп көзжұма бермеу үшін, көңіліміздің көзіне ұйқы үйіртпеу үшін, бақытымыз бен бостандығымызды, ерлігіміз бен еңбегімізді, еркіміз бен көркімізді, сеніміміз бен төзімімізді көлденең сұғанақ қол иемденіп кете бермеу үшін, көзге үйреншіктіге бой ұсына салып, рухани шайқастарға салғырт қарап, шау тартпауымыз үшін, күрес тұлпары жол жөнекей жайылып қалмас үшін керек.

Гамлет адамның көркі мен еркіне, күші мен білігіне, арманы мен ісіне қайран қалып сөйлегенде, осынау от шашқан жалынды сөз болмысқа құлағын салып, көкірегін тосқан сауал еді.

Фильм аяқтала бере Гамлеттің сол монологін бәріміз де іштей бір-бір қайталап шығамыз. Бұл жолы Шекспирдің алаулаған сөздері Гамлет сауалының жауабына айналады. Демек, біздің көкірегімізде Гамлет рухы әлі тірі. Күрес қандай әдемі!

Фильм аяқталды. Экранда тас қамалға дамылсыз соғып, дамылсыз буырқанған, үстірт қараған көзге қатерлі де суық, үңіле қараған көзге сүйкімді де ыстық түсініксіз тұңғиық жатыр. Ол арпалысқа толы, ізденіске толы, бәріміз үшін ерекше қымбат, бейтағат Гамлет рухы.

1963 жыл.

«ӨЛІ ЖАНДАРДЫ» НЕГЕ ПУШКИН ЖАЗБАҒАН?

Поэма жанрының табиғаты жайында бірер сөз

Шынында да, қызық өзі. Пушкин досы Гогольді көзінен жас аққанша күлдірді. Гоголь Пушкин айтқан екі әңгімені айтып беріп, күллі орыс қауымының шек-сілесін қатырды. Оның атын айдай әлемге машһүр еткен де сол екеуі. Сөйтіп, екі ұлы адамның достығы арқасында әлемдік әдебиеттің алтын қорына екі ұлы шығарма қосылды.

Әдебиет шежіресіндегі осы бір қызық деректі бізде мектеп шәкіртіне дейін біледі. Бірақ, бәріміз жақсы білетін осы жәйт төңірегінде бір рет ойланып көрдік пе екен?

Пушкин жұрттың бәріне таңдай қақтырған аты-шулы екі шығармаға өзек болған екі оқиғаны өзі жазбай неге Гогольге ұсынды? Жомарттық па? Әрине, біз болсақ мұндай сюжетті, қолымыздан келсін-келмесін, жата қалып жабыспай, біреуге ғұмыры берерміз бе! Ал, Пушкин тіпті «Ревизорды» қалай да жазып шық деп Гогольдің қыр соңынан қалмаған ғой. Комедияның желісін құруда, характерлерді саралауда авторға аз жәрдемдеспеген. Соның бәрін қолынан өткере тұра, оны өзі жазбаған.

Ақынның бұл қылығын тек жомарттыққа сайысақ — ол да обал, ол да олқы. Жоқ, бұл тек қана жомарттық емес. Осы арада біз тағы да бір үлкен кемшілігімізді аңғарамыз. Ол — әдебиетпен әлі де болса жете сырмінез еместігіміз, оның құпия қасиеттерін түптеп білмейтін таңқы түсінігіміз. Бұл әдебиет алдындағы адалдығымызға да аз нұқсан келтіріп жүрген жоқ. Өз талантына кәміл сенетін ұлы ақын әдебиеттің бел қасиеттерінің бірін белден басып кете алмаған.

Болашақ инженердің жата-жастана оқитын пәні бар,

ол — сопромат, материалдар қарсылығы туралы ғылым. Оны білмей қандай сұнғыла инженер де екі елі аттап баспақ емес. Қолындағы материалдың сыр-сипатын егжей-тегжейлі білмеген адам жібекті түте алмай жүн етедінің кебін киеді. Ал әдебиетте ше? Мұнда да солай. Пушкиннің әлгі қылығы соған айғақ. Ол өз талантының сыр-сипатын бес саусағындай білді. Қолына түскен материалды да құныға зерттеп, қаныға түсінді. «Өлі жаңдар» мен «Ревизордың» өзінен гөрі Гогольге қол екенін ұқты. Таптырмайтын материал таптырмайтын авторға тап болған соң тал бойында бір міні жоқ екі ұлы шығарма туды. Орыс әдебиеті тарихындағы бұл факт келісімнің (гармония) көркем творчествоның негізгі мақсаты, нысанасы ғана емес, оның табиғи болмысы екендігіне даусыз айғақ. Талант пен тақырып, өмірлік материал мен жанр табыспай тұрып жақсы шығарма тумайды.

Соңғы кезде жанр табиғатын сөз ету қазақ әдеби сынынан да ұшыраса бастады. Бұл — сынымыздың есейгенінің белгісі. Жанр — эстетика үшін аса белді категория. Ол тек суреткер талантының қырын ғана емес, эстетикалық әлеуметтік көзқарасын, өмірлік материалды қандай дәрежеде меңгергенін, дүниетанымын, қысқасы, оның рухани орбитасын түгел танытады. Жанр — белгілі бір шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік деңгейін анықтаудың маңызды кілті. Режиссер әуелі пьесаның жанрын анықтап алмай тұрып, одан авторлық идея бар болмысымен көрінетін кемел спектакль жасай алмайды. Автордың белгілі-бір тақырыпта белгілі-бір өмірлік материалға шығарманы қай жанрда жазғанына қарап, оның сол тақырыпты қаншалықты меңгере алғанын, оның қыры мен сырын қаншалықты ұға алғанын байқауға болады. Өйткені, жанр — реальді болмыстың эстетикалық сипатын ашатын категориялардың бірі. Мәселен, Абай — реальді болмыстың нақты бір бөлігі, қазақ өміріндегі үлкен тарихи құбылыс. Осы құбылыстың эстетикалық кескіні қай жанрда көріне алады?

Абай тақырыбына баратын суреткер ең алдымен сол проблеманы шешуі керек.

Үлкен эпик, Мұхтар Әуезов Абай өмірінен эпопея жазды. Өйткені, Абай — эпикалық тұлға; өз заманының барша толғақты мәселесі соның өмірі мен соның көңіліне тоғысты. Үлкен трагедияшы Мұхтар Әуезов Абай өмірінен трагедия жазды. Өйткені, Абай тағдыры — трагедиялық тағдыр, жаман топыраққа түскен жайсаң гүлдің тағдыры.

Бірақ, «Айман — Шолпан» сияқты комедия жазған, қазақ әдебиетінде комедиялық бейнелердің бүкіл бір галереясын жасаған үлкен комедияшы Мұхтар Әуезов Абай тақырыбында комедия жазуды ойға алған да емес. Абайдың «соқпақсыз жердегі» «соқтықпалы» өмірі комедияға объекті бола алмайды. Өйткені, Абайдың «мыңмен жалғыз алысқаны» Дон-Кихоттың «мыңмен жалғыз алысқанына» қырық қайнаса сорпасы қосылмайды. Абай, Абай идеялары — қазақ даласының атар таңының алғашқы сәулесі де, Дон-Кихот — батқан күннің ақырғы жұқанақ нұры, испан өмірінің «күліп қоштасар өткені».

Сайып келгенде, шығарманың жанрын сол шығармаға өзек болған өмірлік құбылыстың эстетикалық табиғаты анықтайды. Жанр — реальді болмыстағы құбылыстың эстетикалық сипатын ашатын категория, сол құбылыстың өмірден өнерге көшкенде әлгі эстетикалық сипатын жоғалтпай жететін бірден-бір жолы. Орыс өмірі жайлы «Өлі жандардай» «поэманы» лирик Пушкин емес, сатирик Гоголь жазуының сыры да сонда.

Бірақ, әдебиетте өмір сүргендердің бәрі шетінен Пушкин, Гоголь, Әуезов емес қой. Жанр мен материалдың арасынан жол таба алмай адасу — арғы-бергіде көп кездескен жәйт. Орыс ақындары Бірінші Петрге арнап Пушкинге дейін талай поэмалар жазған. Талай «Петриадалар» да туған. Бірақ, орыс әдебиетінде Петр I-ге арналған жалғыз поэма — «Мыс салт атты» боп қалды. Оған дейінгінің бәрі де ұйқастырылған шежіре, ұйқастырылған беллетристика боп шықты. Олар Бірінші Петрдің көп қырлы, көп сырлы ұланғайыр өмірінің поэмаға лайық қырын дәл таба алмады. Оның бұл қырын тапжылтпай тапқан да Пушкин. Бұның сыры нендей? Пушкинге дейінгі орыс әріптестерінің кебін ара-тұра біздің қазіргі қазақ ақындары да киіп жүр. Өмірлік материал мен жанр арасынан жол таба алмай адасқандар олардың арасында да аз емес. Жылына жүздеп шығып жататын опыр-топыр көп «поэманы» оқып көрсек, көбінің поэма болмай шығатыны да сондықтан болар. Шындықтың поэмаға лайық әлгі бір сиқырлы қырын қалай дәл анықтауға болады? Поэма жанрының табиғаты неде?

Біздегі поэма жанры жайлы бұрынғы пікір алысуларды бұл жанрда ер жеттік пе, кер кеттік пе, негізгі сырқаларымыз қайсы, соңғы поэмалардың қайсысы жақсы, қайсысы нашар, поэмадағы қай бағытты қолдау керек деген сияқты актуальды, практикалық мәні зор мәселе-

лер сөз болады да, поэма жанрының табиғаты жайындағы мәселе күңгірт қалып келеді. Ал, алдымен осы мәселені түптеп зерттемей, әлгі айтылған көп сауалдың қай-қайсысына да дөп жауап табыла қоюы екіталай.

Кейбір әдебиет теоретиктері жанр туралы ұғымды оның мазмұнынан бөліп ап, түрлік сипатынан, жазылу технологиясынан іздейді. Олардың анықтамаларына ден қойсақ, поэманың өлеңмен жазылғаны болмаса, әңгімеден немесе повестен айырмасы жоқтың қасы. Ақындарымыздың өлеңмен жазылған очерк, әңгіме, повесть, кейде тіпті роман тәрізді нәрселердің бәрін «әйтеуір атаң өлең еді ғой» деп поэма қып дабырайтатынының да бір сыры осы сияқты. Екінші бір теоретиктер жанрлық өзгешелікті шығарманың көлемінен, онда қандай оқиға (үлкен бе, шағын ба?) айтылып, қанша қаһарман қамтылатынынан, яғни таза сандық жағынан қарастырады. Бірақ, қаһармандары санаулы, оқиға негізінен бір кейіпкердің төңірегіне құрылған, көлемі ықшам, суреттеліп отырған оқиға егжей-тегжейлі баяндалып қана қоймай, ара-арасында шалқып-шалқып алып отыратын лирикалық шегіністері бар өлеңмен жазылған (поэмашы көп ақындардың бұл жанр жайлы түсінігі шамамен осындай) шығармалардың дені поэмадан алты көш алшақ кетіп жатады. Ақындардың енді бір тобы жоғарыда аталғандай, шығарманы «мынау өлеңмен жазылған проза, бұл поэма емес» деп мансұқтап, қазіргі поэма толғау, монолог түрінде болады дегенге сайып автордың ылғи өзі сөйлеп, өзі толғайтын поэмалар жазады. Ондай шығармаларға «лирикалық поэма», «публицистикалық поэма» деген соны айдарлар таққанымызбен, ұйқастырылған бас мақалаға ұқсап кетіп жүр. Көбіне-көп осы екеуінің қайсысы поэма, қайсысын үлгі тұтып, үрдіс қылғанымыз жөн деп таласамыз. Біздіңше, осының екеуі де шын мәніндегі поэма сияқты емес. Бұл түсініктің екеуі де — поэма жанрының табиғатын оның таза технологиялық жағынан қарастырған біржақты жаңсақ ұғымның салдары.

Жанрға, жоғарыда айтылғандай, реалді болмыстағы құбылыстың эстетикалық сипаты көрінетін категория, сол сипаттың өмірден өнерге көшкенде жоғалмай жете алатын бірден-бір төте жолы деп қарасақ, поэманың жанрлық табиғаты не болар еді?

Эстетикада болмыс құбылыстарының эстетикалық сипаттарын, олардың көркем өнерде көріну жолдарын — әсемдік (прекрасное), асқақтық (возвышенное), трагика-

лық, комикалық сипаттар деп төрт категорияға ажыратады. Әрине, болмыста бұл төртеуі сүзгіден өткендей сарасара кездесе бермейді. Болмыстағы белгілі-бір нақты құбылыста бұның екеуі, я үшеуі, я төртеуі түгел ұшыраса беруі мүмкін. Мәселен, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясы мен «Абай» атты пьесасында Абай өмірінің үш бірдей сипатын — әсемдік, асқақтық, трагедиялық сипаттарын ашып берген жоқ па? Әдебиет пен көркемөнерде синтетикалық түрлердің өмір сүруі де реалді болмыстың осындай қасиетінен. Алайда, әдебиет пен көркемөнердің әрбір нақты жанры осы төрт сипаттың біреуіне алабөтен бүйрегі бұрып тұрады. Міне, жанр табиғатын реалді болмысқа деген эстетикалық магнитизмнің сипаты белгілейді.

Поэма жоғарыдағы төрт сипаттың қайсысын іш көреді? Біз тағы да классикалық әдебиеттің тәжірибесіне жүгінуге мәжбүрміз.

Орыс деревнясында өскен әрі әдемі, әрі сезімтал әсем қыздың жүрісі жұмбақ, сыры тұңғық сұлу жігітке түнде ұйқысынан, күндіз күлкісінен айрылған әсем махаббаты Пушкин сияқты теңдесі жоқ ақынның қолына түскенмен поэма емес, роман болып шықты. Ал, атаның адал тер, ақ батасын аттап, Отанға опасыздық еткен мосқал еркектен бала тауып, бақытсыздыққа ұшыраған адуын да албырт қыздың өзгеше өжет махаббаты Пушкиннің ең бір әсем поэмасына өзек болды. Неге бұлай?

Пушкиннің біреуін роман, біреуін поэма қып жазғысы келгендігінен ғана солай болды ма? Олай десек, Пушкиннің романға Мария емес, Татьянаның, ал поэмаға Татьянаның емес Марияның тағдырын таңдап алуының сыры не? Өйткені, ұятты да, инабатты да, адам бойындағы барша ізгіліктің бәріне де ие Татьяна өз заманының өрісінен, өз дәуірінің үрдісінен асып кете алмады. Оның тағдыры — сол тұстың нағыз төл құбылысы. Оның асқар арманы мен асқақ үміті өз заманының ырқына амалсыз көнді. Сондықтан да Пушкин өз тұсындағы орыс қоғамының күллі шындығын ашуға тырысқан реалистік романына өз тұсының Татьянадай типтік бикешінің үйреншікті тағдырын өзек қылды. Ал, орыс өміріндегі ұлы құбылыстардың бірі — Полтава соғысы жайлы поэмасына (роман емес) сол соғыс жайлы қырық нарға жүк болатын қыруар материалдың ішінен Кочубейдің қызы Марияның Мазепаға деген махаббаты линиясын таңдап алды. Полтава соғысының бүкіл кескінін сол махаббат хикаясының арнасында көрсетті. Сөйтіп, «Полтаваны» поэма етіп тұрған

Полтавадағы ұрыс емес, сол соғыстың тұсында бар тұлғасымен көрінген Марияның елден айрықша алабөтен махаббаты. Марияның опасыз Мазепаны сүйген соқыр махаббаты, сол махаббат жолында туған ел, туған үйін талақ еткен қайсарлығы. Ол — әр күннен, әр кімнен кездесе бермейтін оқшау оқиға. Шындықтағы бұндай құбылыстың эстетикалық сипаты — асқақтық. Сондықтан да Пушкин Мария махаббаты жайлы роман емес, поэма жазды. «Бақшасарай фонтанына» да, «Кавказ тұтқынына» да, «Цыгандарға» да, «Демон» мен «Орыс әйелдеріне» де өзек болған осындай оқиғалар.

Әлем әдебиетіндегі поэма үлгілеріне үнілсек, бұл жанрдың болмыстың асқақ сипаттарына іш тартатынына көз жеткізу онша қиын емес. Жанрдың бұл қағидасын бұзып көруге, оны жаңа бір рельске салуға тырысу ақындар тәжірибесінде бұрын да, қазір де кездеспей жүрген жоқ. Бұндай ниет ұлы Пушкинде де болған, ол да қарапайым орыс өмірінің қарапайым бір көрінісінен поэма жазып көруге талаптанған. Ол үшін төрт бунақты ямбыны тым қылтыңсылтыңы көп деп, байсалды да орнықты октаваға қол созған. Бірақ, Пушкин сонша мән берген «Коломнадағы үйшік» бәрібір орыстың реалистік поэмасының үлгісі бола алмады. Ол тек мықты ақынның қолынан шыққан ойнақы да отты, өлеңмен жазылған жақсы проза немесе қарапайым орыс өмірінің бір поэтикалық картинасы болуға ғана жарады. Орыс өмірінің ұңғыл-шұңғылын егжей-тегжейлі зерттеп, бажайлап көрсетуге поэма жанрының қол емес екенін Пушкин мойындауға мәжбүр болды. Ол өз тұсындағы орыс өмірінің реалистік кескінін бар қырынан ашу үшін «ойдың тілі» прозаға жүгінді. Өлеңмен жазған «Евгений Онегинді» поэма емес, роман деп атады. Жанр табиғаты — Пушкин сияқты алапат талантқа да көнбеген қыңыр күш.

Сонымен, поэма жанрының негізгі объектісі — болмыстың асқақ сипаты. Асқақтық эстетикада әсемдік сияқты кеңінен зерттеле қоймаған, әлі де ашылмаған көп жұмбағы бар категория. Әдебиеттің поэма сияқты ежелгі жанрының осы кезге дейін өз теориясы жасалмай келуінің, оның жанрлық табиғатының әлі күнге күңгірт қалуының бір себебі де осы болса керек. Бұған, әрине, асқақтықтың реалді өмірде тап-таза саф күйде емес, басқа да сипаттар араласқан күрделі құрамда кездесетінінің де әсері аз тиген жоқ. Осы себептен де эстетика оны ұзақ уақыт біресе әсемдік сипатқа, біресе трагикалық сипатқа жатқызып қырық құбылды да отырды.

Ол асқақтықты реалді болмыстың объективті сипаты, табиғат пен адамзат қоғамында бар реалді сипат, өнердегі асқақтық, өмірдегі асқақтықтың көркем бейнесі деп түсіндіреді. Сөйтіп, ол асқақтықты көркемөнердің субъективті сипаты емес, реалді болмыстың объективті сипаты деп қарастырады. Асқақтық жөніндегі ұғым адамзат қоғамының даму тарихына тығыз байланысты, қоғамның өсуіне байланысты ол да өзгеріп отырып. Өйткені, эстетикалық сипат — адамзат қоғамының объективті болмыстың белгілі бір объективті құбылысына беретін эстетикалық бағасы. Мәселен, асқар тау мен алапат мұхит жер бетінде адам жаратылмастан да бұрын болған. Бірақ, оларға асқақтық сипатты адамзат қоғамы ғана берді.

Ендеше, болмыс құбылыстарының асқақтық сипаты жайлы ұғымды адамзат қоғамынан, оның таптық, тарихи өмірінен екі елі бөліп қарай алмаймыз. Кеше асқақ көрінген құбылыс бүгін үйреншікті, қарапайым құбылыс боп көрінуі мүмкін. Кеше осықырып, шекемізден қарап елемей кеткен нәрседен бүгін асқақтық сипат тауып айран-асыр қалуымыз тағы мүмкін. Өйткені, адамзат қоғамы мен адамдардың дүниетанымы ылғи бір орында, бір деңгейде тұрмайды. Ол барған сайын объективті болмыстың бұған дейін жұмбақ болып келген соны сырларын молырақ ашып, молырақ ұғуда. Адам өзі қоршаған орта жайлы көзқарасын барған сайын жетілдіре береді. Сол арқылы адамзат қоғамы да жетіле түседі. Сондықтан, асқақтық жайлы ұғым барған сайын кеңейе, барған сайын тереңдей бермекші. Міне, поэма жанрының дамуы да осы арқылы өрістейді. Поэмашы ақындардың жаңашыл мінез танытатын жемісті бағыты да осы. Соңғы жылдары жанр шекарасын кеңейтуде, кейбір зорлықшыл қайыс қағидаларды мансұқтауда көптеген ілгері басушылық байқалды. Алайда, бұл процесс жанр табиғатына қиянат қылу бағытында емес, қайта оны нығайту, оның барынша айқын, барынша терең көрінуіне кең жол ашу, соны мүмкіндіктер туғызу бағытында өрістеуге тиіс екенін ұмытпағанымыз жөн.

Асқақтық — белгілі-бір кезеңде қоғам, қоғам мүшесі өте-мөте құштар болған құбылыстар мен күштердің эстетикалық сипаты. Құбылыстың асқақтық сипатын түптеп келгенде оның әлеуметтік маңызы, әлеуметтік әсері шешеді.

Бұрынғы эстетика асқақтық пен әсемдіктің айырмашылығы — әсемдіктің гармонияға, ал асқақтың дисгар-

Полтавадағы ұрыс емес, сол соғыстың тұсында бар тұлғасымен көрінген Марияның елден айрықша алабөтен махаббаты. Марияның опасыз Мазепаны сүйген соқыр махаббаты, сол махаббат жолында туған ел, туған үйін талақ еткен қайсарлығы. Ол — әр күннен, әр кімнен кездесе бермейтін оқшау оқиға. Шындықтағы бұндай құбылыстың эстетикалық сипаты — асқақтық. Сондықтан да Пушкин Мария махаббаты жайлы роман емес, поэма жазды. «Бақшасарай фонтанына» да, «Кавказ тұтқынына» да, «Цыгандарға» да, «Демон» мен «Орыс әйелдеріне» де өзек болған осындай оқиғалар.

Әлем әдебиетіндегі поэма үлгілеріне үңілсек, бұл жанрдың болмыстың асқақ сипаттарына іш тартатынына көз жеткізу онша қиын емес. Жанрдың бұл қағидасын бұзып көруге, оны жаңа бір рельске салуға тырысу ақындар тәжірибесінде бұрын да, қазір де кездеспей жүрген жоқ. Бұндай ниет ұлы Пушкинде де болған, ол да қарапайым орыс өмірінің қарапайым бір көрінісінен поэма жазып көруге талаптанған. Ол үшін төрт бунақты ямбыны тым қылтыңсылтыңы көп деп, байсалды да орнықты октаваға қол созған. Бірақ, Пушкин сонша мән берген «Коломнадағы үйшік» бәрібір орыстың реалистік поэмасының үлгісі бола алмады. Ол тек мықты ақынның қолынан шыққан ойнақы да отты, өлеңмен жазылған жақсы проза немесе қарапайым орыс өмірінің бір поэтикалық картинасы болуға ғана жарады. Орыс өмірінің ұнғыл-шұңғылын егжей-тегжейлі зерттеп, бажайлап көрсетуге поэма жанрының қол емес екенін Пушкин мойындауға мәжбүр болды. Ол өз тұсындағы орыс өмірінің реалистік кескінін бар қырынан ашу үшін «ойдың тілі» прозаға жүгінді. Өлеңмен жазған «Евгений Онегинді» поэма емес, роман деп атады. Жанр табиғаты — Пушкин сияқты алапат талантқа да көнбеген қыңыр күш.

Сонымен, поэма жанрының негізгі объектісі — болмыстың асқақ сипаты. Асқақтық эстетикада әсемдік сияқты кеңінен зерттеле қоймаған, әлі де ашылмаған көп жұмбағы бар категория. Әдебиеттің поэма сияқты ежелгі жанрының осы кезге дейін өз теориясы жасалмай келуінің, оның жанрлық табиғатының әлі күнге күңгірт қалуының бір себебі де осы болса керек. Бұған, әрине, асқақтықтың реалді өмірде тап-таза саф күйде емес, басқа да сипаттар араласқан күрделі құрамда кездесетінінің де әсері аз тиген жоқ. Осы себептен де эстетика оны ұзақ уақыт біресе әсемдік сипатқа, біресе трагикалық сипатқа жатқызып қырық құбылды да отырды.

Ол асқақтықты реалді болмыстың объективті сипаты, табиғат пен адамзат қоғамында бар реалді сипат, өнердегі асқақтық, өмірдегі асқақтықтың көркем бейнесі деп түсіндіреді. Сөйтіп, ол асқақтықты көркемөнердің субъективті сипаты емес, реалді болмыстың объективті сипаты деп қарастырады. Асқақтық жөніндегі ұғым адамзат қоғамының даму тарихына тығыз байланысты, қоғамның өсуіне байланысты ол да өзгеріп отырып. Өйткені, эстетикалық сипат — адамзат қоғамының объективті болмыстың белгілі бір объективті құбылысына беретін эстетикалық бағасы. Мәселен, асқар тау мен алапат мұхит жер бетінде адам жаратылмастан да бұрын болған. Бірақ, оларға асқақтық сипатты адамзат қоғамы ғана берді.

Ендеше, болмыс құбылыстарының асқақтық сипаты жайлы ұғымды адамзат қоғамынан, оның таптық, тарихи өмірінен екі елі бөліп қарай алмаймыз. Кеше асқақ көрінген құбылыс бүгін үйреншікті, қарапайым құбылыс боп көрінуі мүмкін. Кеше осықырып, шекемізден қарап елемей кеткен нәрседен бүгін асқақтық сипат тауып айран-асыр қалуымыз тағы мүмкін. Өйткені, адамзат қоғамы мен адамдардың дүниетанымы ылғи бір орында, бір деңгейде тұрмайды. Ол барған сайын объективті болмыстың бұған дейін жұмбақ болып келген соны сырларын молырақ ашып, молырақ ұғуда. Адам өзі қоршаған орта жайлы көзқарасын барған сайын жетілдіре береді. Сол арқылы адамзат қоғамы да жетіле түседі. Сондықтан, асқақтық жайлы ұғым барған сайын кеңейе, барған сайын тереңдей бермекші. Міне, поэма жанрының дамуы да осы арқылы өрістейді. Поэмашы ақындардың жаңашыл мінез танытатын жемісті бағыты да осы. Соңғы жылдары жанр шекарасын кеңейтуде, кейбір зорлықшыл қайыс қағидаларды мансұқтауда көптеген ілгері басушылық байқалды. Алайда, бұл процесс жанр табиғатына қиянат қылу бағытында емес, қайта оны нығайту, оның барынша айқын, барынша терең көрінуіне кең жол ашу, соны мүмкіндіктер туғызу бағытында өрістеуге тиіс екенін ұмытпағанымыз жөн.

Асқақтық — белгілі-бір кезеңде қоғам, қоғам мүшесі өте-мөте құштар болған құбылыстар мен күштердің эстетикалық сипаты. Құбылыстың асқақтық сипатын түптеп келгенде оның әлеуметтік маңызы, әлеуметтік әсері шешеді.

Бұрынғы эстетика асқақтық пен әсемдіктің айырмашылығы — әсемдіктің гармонияға, ал асқақтың дисгар-

монияға, тайталас-тартысқа негізделетінінде деп білді. Олар әлгі тайталастың бар-бар уақытта тек жеңіліс пен мерт болумен аяқталмай жеңіспен де аяқталуы мүмкін екеніне ден қоймайды. Чернышевскийдің асқақтық көрінер бірден-бір арена — трагедия деп ұққаны да соның салқыны. Бұндай жаңсақ ұғымның эстетикада ұзақ уақыт үстемдік құрып келуі де заңды. Өткен формациялардың барлығында да асқақтық трагедиямен астарласып жатты. Ол тұстарда адамзаттың асқақ күресінде құрбандық тым мол болды. Бұрынғы эстетиканың бұл пікірінің осынша сыңаржақ болатын бір себебі — асқақтық сипатты тек табиғат пен жаратылысында ерекше туған ерлердің басынан іздеді. Жаңа эстетика асқақтықта мұндай да сипаттар барын жасырмай отыра, оны, негізінен, халықтың қаһарман күресі мен жасампаз еңбегінен, оның қарыштап дамуынан, халықтың осы мүдделерін көздейтін ерлердің азаматтық құштарлығынан іздеген жөн деп көрсетеді. Ол тарихты жасаушы — халық; асқақтықтың қайнар көзі — сол тарихты жасаушы халықтың өмірі деп ұғады.

Асқақтықты табиғат пен ерекше жаралған ерлер басынан ғана іздейтін қисын, бұл сипатты тек романтикалық шығармаларға тән деп дәрістейді. Көп ғасырлық суреткерлік тәжірибе асқақтықтың қайнар көзі — халық өмірі деп үйретіп, оның реалистік шығармаларға да тән сипат екенін ұғындырады. Пушкин орыс тарихынан, орыс өмірінде болған үлкен өзгерістен, сол өзгеріс тұсында айқын көрінген орыс қоғамындағы мемлекеттік мүдде мен жеке бастың мүддесі арасындағы реалды қайшылықтан «Мыс салт аттыға» өзек болатын асқақ сипат тапты. Сөйтіп реалистік поэма тудырды. Осы арада реалистік поэма, поэмадағы реализм жайында еріксіз сөз етуге тура келеді.

Біз реалистік шығарма атаулыға жанрының қандай екеніне қарамастан бір өлшем, бір талаппен қарауға әбден бой үйретіп алғанбыз. Поэманы романша, повесше, көркем әңгімеше талдаймыз. Соның салдарынан поэманы романша, повесше, көркем әңгімеше жазып та жүрміз. Очерк, әңгіме, повесть жазатын материалдан поэма тудыра қойғышымыз. Бір жанр үшін қасиет болған жәйт екінші жанр үшін кемшілік болуы да мүмкін екенін әсте ескере бермейміз. Мәселен, прозаның жер бауырлаған дәл реализмі поэма үшін натурализм боп көрінсе таңданатындай ештеңе жоқ. Бір ақын жайлау өмірінен поэма жазады. Ол өзі бейнелейтін ферма өмірін, ондағы адамдардың

характерлерін, ферма бастығы мен жас шопанның арасындағы тартысы соншалықты дәл, соншалықты нанымды жеткізген. Бірақ, поэманы оқып шыққанда шәрбат орнына шалап жұтқандай әсерде қаласыз. Сыншылар авторды жазып отырған өмірінді жете білмегендіктен кісі баурамайтын жасық шығарма жаздың деп жазғырады. Біздіңше, бар пәле — ақынның шопандар өмірін емес, поэма жанрының табиғатын шорқақ білетіндігінде.

Поэма прозадай не психологиялық драмадай адам жанының ұңғыл-шұңғылын зерттемейді. Проза мен драманың табан тірері — адам психологиясы, кісі характері болса, поэманың табан тірері — адам рухы. Оған тағы да Пушкин творчествосы көз жеткізіп береді. Тақырыбы жағынан ұқсас «Полтава» мен «Капитан қызындағы» адам образдары мүсінделуі, сомдалуы жағынан бір-біріне ұқсай ма? Жоқ, «Капитан қызындағы» характер шындығы «Полтавада» жоқ, онда Петр рухының, шындығы бар. Бұл ретте, «Мыс салт атты» айқынырақ мысал бола алады. Осында Евгений мен Петр I-нің әбден сараланған, дараланған характерлері атымен жоқ, мұнда қара басының қамын жеген бейшара пенде Евгений мен Россия тізгінін ұстап, ел қамын ойлаған ұлы азамат Петр I-нің рухы бар. Бұл поэманы реалистік шығарма қылып тұрған онда адам характерінің реалистік кескін тапқаны емес, арбасушы екі идеал арасындағы арпалыстық реалистік кескін тапқаны. Бір кезде Станиславский сахна реализміне «адам жанының реализмі» деп анықтама беріп еді. Біз поэмадағы реализмді «адам жанының реализмі» емес, адам рухының реализмі деп білеміз. Одан поэма жанрының өмір танытқыштық, адам танытқыштық құдіретін төмендеткен болып шықпаймыз. Поэма адам жайлы күрделі шындықты өз тіл, өз құдіретімен көрсетеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ілияс Жансүгіровтың баршаға мәлім «Күйші» поэмасына тағы бір көз салалықшы. «Күйші» сонау отызыншы жылдары жазылған.

Отызыншы жылдар. Жас қазақ әдебиетінің ерекше бір шабытты шағы. Ұранды жылдар өтіп, өрістеу дәуірі келді. Қазақ жазушылары да заманды, оның өзгерістерін ғана мадақтаумен шектелмей, жас әдебиеттің мойнындағы орасан мол тақырыптар тыңын игеруге батыл кірісті. Сәкен Сейфуллин «Советстанға» қоса «Көкшетауды» жазды. «Даланы» жазған Ілияс Жансүгіров «Құлагерін» де толғады. Мұхтар Әуезов Абай туралы эпопея жазуға әзірлік жасап жүрді. Өткен мен бүгін. Сол кездегі

әдебиеттің тақырыптық өзегі. Бұл жалғыз қазақ әдебиетіндегі құбылыс емес. Орыс әдебиетінде де сол жылдары «Азапты сапарды», «Тынық Дон», «Көтерілген тың», «Цементтермен» жарыса «Бірінші Петр», «Дмитрий Донской», «Степан Разиндер» туды. Бостандық алған, озат қоғам орнатқан алып халық өзін жіті тануға тырысты. Бұл үлкен рухани құбылыс — қайта түлеу дәуірінің бәрінде де болған құбылыстар. Әдетте тарихи тақырып осындай қайта түлеу дәуірінде, жасарып-жаңғыру дәуірінде кең өріс алмақшы. Өйткені, әрбір ұлы құбылыстан кейін сол құбылысты жүзеге асырған халық, тап өз ісінің тарихи заңдылығын көргісі келеді. Ол оны жаңа жеңістерге, жасампаздыққа құлшынтады. Отызыншы жылдардағы әлгіндей өрістеу де осындай үлкен рухани қажеттіліктен туды. Осы бір игі құлшыныс қазақ әдебиетінің классикасын жасады.

«Күйшіде» белгілі-бір тарихи тұстағы оқиға айтылғанмен, оны тарихи тақырыпқа апарып қосақтай салу қиын. Бірақ, бұл да отызыншы жылдардағы әлгіндей құлшыныстың перзенті. Мұнда жұртқа мәшһүр тарихи оқиға айтылмаса да, адам жанына тарих көзімен үңілу бар. Ұшқары қараған көзге поэма творчество тақырыбына, өнерпаздардың құдіретін мадақтауға арналған сияқты болып көрінуі де мүмкін. Рас, поэманың бас қаһарманы — күйші, творчество адамы. Бірақ, ақын поэманы күйші құдіретіне емес, адамның қоғамдағы орнына, әйгілі адам және қоғам проблемасына құрған. Творчество — сол әйгілі қайшылық бар болмысымен егжей-тегжейлі көріне алатын бір ая ғана. Өйткені, творчество — өмірдегі ең елгезек, ең сезімтал құбылыс. Ол да сұңғыла күйші сияқты болмыстағы ең бір майда, ең бір нәзік дірілдердің өзін қалт жібермей қағып ала қояды. Жайбарақат қабылдамайды, тебірене, толғана қабылдайды. Ақын осындай тым нәзік пернелерден адам мен қоғам үшін ең мәнді күй шерте білген. Кенесары ханның ордасына күй тарта барған күйшіні ханның қарындасы еліне жібермей, өз отауына алып қалады. Сол кішкентай ғана оқиға желісінде автор адам жүрегінің ең ұлы шындығын ашады. Адам жүрегі үшін ең ауыр трагедия — тәуелділік. Әлемдегі барлық бақытсыздық пен барлық қиянаттың түп төркіні де сол. Озбырлықтың құрбаны болған күйші жігіт Қарлығаш алып қалам дегенде, «не жаздым, басыбайлы құл болғаным-ау енді» деп қорыққанмен, ару қыздың оң қабағынан дәметіп, қобалжығанын қояды. Ол енді басқа бір құштарлықтың,

пенделік құштарлықтың ырқына беріледі. Оның жатса-тұрса көксейтіні — сұлу ханшаның құшағы. Ол баяғы күйдің бәрін ұмытады. Оның бармағына ыстық ынтықтың ғана әуені орала береді. Күйші жігітті мынау есірік халден ойда жоқтан тап болған оқиға сергітеді. Мал мен басқа мастанған бір жас мырза — Сапақ деген шөлдуар түнде Қарлығаштың отауына кіріп, қара басымен ханшаның көрпесін ашады. Хан сүйегіне таңба салғысы келген бейбастақ мырзаға ханшаның қаһары әбден төнеді. Желіккен ханшаның талабы тақ: «Я тентегінді алдыма әкел; басын шабам, я бүкіл еліңді ойран қыламын». Осынау алапат озбырлықтың үстінде күйші жаны ханшадан әбден суынады. Кеше он сегіз мың ғаламның ең сұлуы, ең періштесі боп көрінген ханша дүниедегі қанішердің қанішері боп көрінеді. Көз алдындағы періште мыстанға айналады. Оның көңілін бір сәт баурап алған алданыш елестің быт-шыты шығады. Ол енді ару құшпақ түгілі басымен садаға. Оның енді жатса-тұрса көксейтіні — бостандық алып, ауылына, анасына қайту. Ханшаға ынтық кезінде саусағына ілікпей қойған бағзы күйдің бәрі де есіне түседі. Қызға арнаған күйінен ыстық ықыластың, ынтықтың емес, өшпенділіктің сарыны еседі. Күйші жүрегін кешегі күйкі пендешілік құштарлықтан босап, азаматтық құштарлық билейді.

Күйшінің жан-дүниесіндегі мына дүлей өзгерісті Қарлығаш та сезеді. Оны амалсыз үйіне қайырады. Күйші жігіт «Азат» деген күй тартып, ауылына келеді. Пенделік құштарлықты азаматтық мұрат жеңеді.

Ілияс бұл поэманы жазған тұста қазақтың жазба әдебиеті енді ғана бой түзеп, шынайы реализм жаңа ғана шаңырақ көтерген тұста жазды. Сонда да Ілиястың топан судай опыр-топыр құйылған жойқын жыры бағзы заманның шұбарала кескінін айнытпай, өз қалпында жеткізеді.

Хан басымен үй арасының дауына араласып бәсін түсіргісі келмей, тасадан тың тыңдаған — Кенесары, бір күн тойынса шалқақтап, басына бір күн іс түссе жалпақтап қалатын жас мырза — бәрі де өмірдің өзіндегідей дәл шындық, дәл характер. Алайда, ақынның негізгі нысанасы — қарабайыр өмірдің мұндай күнделікті шындығы емес, адам жүрегіндегі мәңгілік шындық. Сондықтан да ол қарабайыр тірліктің кескін-келбетін бастан-аяқ дәл суреттеп отыруға тырыспайды. Оның ханшасы бірде қыз, бірде айдаһар болып құбыла береді. Бұл, әрине, шынайы

реалистік мінез емес. Бірақ, ақын адам жанының реализміне барынша адал. Адам көңілінде бас көтерген бұрқақты сезімнің қырық аунақшыған арпалысының әрбір сәтін қалт жібермей, қағаз бетіне жіті түсірген де отырған. Реалистік әдебиетке тән терең психологизм бұл поэмада соншалықты мол көрінді. Ақын өзі суреттеп отырған оқиғаның сырт көрінісін емес, психологиялық кескінін шебер жеткізе білген. Ілияс поэмасындағы бұл психологизмге ол кезде қазақ прозасының да қолы жете қойған жоқ еді. Ілияс көрсеткен шындық — күмілжі сезімдердің шындығы емес, алапат құштарлықтың шындығы. Дәлірек айтқанда, адам рухының шындығы. Ол адам жүрегіндегі қайшылықты тап басып, аша білген. Сол арқылы Ілияс қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кездеспеген, теңдесі жоқ соны образ жасады. Ол — Қарлығаштың образы.

Қарлығаш — ханның қарындасы, аяулы ару. Бірақ, жауыз емес. Ол Сапақты қанішерліктен емес, хан басын сыйлау үшін, үлкен саяси есеппен жазаламақшы. Ол үшін бай баласының мына бейбастақтығы Арқадан айырылып, жер ауып келе жатқан Кенесарыны басынғандай болып, абыройын түсіретін жәйт. Ол тентексоқ бай баласын жазалау арқылы дүйім елге хан құдіретінің әлі қайтпағанын көрсетпек. Ол — аса ақылды, аса сақ адам. Орынсыз қанішерлікке басып, қара жұртты өшіктіріп алғысы да келмейді. Оған Сапақтың басы емес, қорыққаны ғана керек. Сондықтан да алдына келген Сапақты наркескеннің астынан өткізгенмен, басын шаппайды. Жұртты қорқытты — мақсатына жетті. Енді жұрт хан бетіне келе алмайды.

Осыншама ақылды, осыншама айлалы, атақты сұлу хан сарайда отырса да бақытсыз. Ол күйші жігітті сүйеді. Оны қасынан жібергісі жоқ. Алайда, қараға қосылып, хан сүйегіне сынық түсіре алмайды. Онда барынан, басындағы бағынан, абыройынан айырылғаны. Ол — ақсүйек, ханның бауыры. Оған бақыт емес, шексіз билік, өкімет керек. Оның орнындағы адам ешқашан бақытты бола алмақ емес. Өйткені, ол тәуелді. Ол жоқты іздемейді, қолындағы бардан айырылып қалғысы келмейді. Сондықтан да тәуелді. Тәуелділік жүрген жерде бақыт жоқ. Қарлығаш тағдыры — соның айғағы. Оның Сапақты жазалаған озбырлығы да — сол тәуелділіктің кесірі. Ол тәуелділіктің кесірінен күйшіні сүйіп отырса да, еліне қайтарды. Ақсүйек қыз оны сүйсе де, сырын айтып, ішін берген жоқ. Ауылына да асқақ қалпында аттандырды.

Бірақ, ол өз басындағы зор бақытсыздықты осы арада сезді. Осы арада үлкен рухани жеңіліске ұшырады. Ол сырт көзге ақсүйектілік астамдығын сақтағанмен, іштей ақсүйектілігін жұмырбасты пенделігі жеңді. Ол қара сүйек күйшіні сүйді. Оның бойында да тәуелділік психология мен адал махаббат, азаттыққа деген құштарлық арбасты.

Қарлығаштың күйші жігітке деген махаббаты оның өзіне де, күйші жігітке де, бұлтартпас бір шындықты — тәуелділік жүрген жерде махаббат та, бақыт та жоғын ашып берді.

Тәуелділік — адамзат қоғамының ең басты трагедиясы. Ақын сол трагедияның жеті қабат астарын түгел аша алған. Адам жүрегінің, адам жанының Шекспир қаламы ғана жеткен бұншалықты тұңғық қабаттарына бара алғандығы — Ілиястың творчестволық ерлігінің, оның алапат талантының айғағы. Жаңа заманның заңдылығы мен артықшылығын адам жаны мен қоғамдық болмыстың өзегінен іздестірген ақын қазақ поэмасын жаңа бір асқар биікке көтерді. «Күйші» — қазақтың арғы-бергі әдебиетіндегі мәні мен маңызы, шеберлігі, әсерлігі жағынан айрықша аспандап шыққан қол жетпес аса биік күмбездерінің бірі. Ол — біздің халқымыздың поэтикалық қуатының ересен жеңісі.

Оның жазба әдебиетіміз енді-енді қаз тұрып, енді-енді қуаттана бастаған сонау отызыншы жылдары туғанына қайран қаласың, сүйсінесің, мақтаныш тұтасың.

Міне, көлемі жағынан соншалықты көл-көсір емес шағын поэма адам жүрегі мен адам қоғамының қаншалықты қат-қабат қалтарыс шындығын ашып берді. Мұндай мазмұн молдығы, характер байлығы, терең мәнділік кезкелген монументальдық романға жүк болар еді. Бірақ, «Күйші» өз жанрының табиғатына бәрібір адал. Поэмаға өзек болған ұшан-тоғайда бір кездесетін оқшау оқиға. Рас, өмірдегі сирек ұшырасатын оқиғаның бәрі бірдей асқақтық сипатқа ие бола бермеуі мүмкін. Бірақ, асқақтық көбіне-көп үйреншікті шындықтан емес, адамдардың елден алабөтен алапат құштарлығынан өрбитін оқшау оқиға — құбылыстарға тән екені тағы да даусыз.

«Күйшіге» өзек болған қара сүйек басымен арадағы әлеуметтік теңсіздіктің бәрін де ұмытып, хан қызына ғашық болған күйші махаббаты да асқақ; ғасырлар бойғы ақсүйектік психологияны ұмытып, қараға, күйшіге ғашық болған Қарлығаш махаббатты да асқақ. Бірақ, пенделік

сезімді де, асқақ махаббаты да, хан өктемдігі алдындағы қорқынышты да ұмытып, бәрін адамзаттың тәуелсіздік жолына құрбан қып, азаттыққа ұмтылған күйші рухы — бәрінен де асқақ. «Күйшіні» басқа емес, поэма қылып тұрған да сол! Күйші өнер табиғатының асқақ сипатын, адамның азаттық сүйгіш өр рухының асқақ сипатын жеріне жеткізе аша алған.

«Күйшіні» талдай отыра, поэма жанрының тағы бір мінезін танимыз. Ол — поэманың күрделі драмалық коллизияны ұнататыны. «Күйшідегі» драмалық коллизия, бірінен-біріне ұласқан, бірінен-бірі асқан сезім арпалысы, рухани арбасулар — түптеп келгенде, Шекспир трагедияларына өзек боларлықтай өрелі коллизиялар. Олай болуы әбден заңды.

Асқақтық — алапат құштарлық, рухани арпалыс. Сондықтан ол арбасқан сезімді, айқасқан ойды сүйеді. Азаматтық пафос — сол рухани алапат арпалыстың сыртқа тепкен алау рухы. Оның өне бойы дір-дір еткен драмалық кернеу болуға тиісті. Осы драматизм, осы драмалық кернеу поэмаға керек. Ол оқиғаға құрылсын-құрылмасын — бәрібір керек, қалайда керек. Онсыз ол азаматтық пафостан да, асқақ болмыстан да ада.

Біз ештеңені қағыс қалдырмай тәптіштеп айтып шыққан сылбыр баяндауларды оқиғалы поэма деп жүрміз. Шынында, ол ұйқастырылған беллетристика. Өйткені, онда сезімді шок боп шарпыған отты драматизм жоқ. Біз көп ретте он бетке, жиырма бетке желпінген жел сөздердің тізбесін «лирикалық поэма» деп жүрміз. Расында, ол — ұйқастырылған публицистикалық мақала. Поэма болу үшін оған да драмалық кернеу, драматизм керек. Лирикалық поэманың төсегі де — асқақ рухтың арпалысы, теке тірес сезімдер мен ойлардың от шарпысқан арбасуы. Лирикалық поэма — сайып келгенде, біздің ғасырымыздың төл перзенті. Өйткені, жиырманшы ғасыр — оқиғалар қақтығысы ғана емес, ойлар қақтығысының да заманы. Кереғар идеалдар мен идеялардың керемет кескілестері де осы ғасырда. Қазіргі адам жер бетін тітіренткен оқиғалардың бәр-бәрін көзімен көріп, қолынан өткере алмайды, бірақ соның ешқайсысынан қалыста қалмайды; жер бетіне түскен әр жарқыншақ оның жүрегін бір тіліп өтеді. Прозаның «лирикаға бой ұру» тенденциясы да — біздің ғасыр адамдарының рухани дүниесіндегі әлгі өзгерістің әдебиеттегі бір көрінісі. Ол поэмадан да өз кескінін тауып жүр. Блоктың, Маяковскийдің, Арагонның, Твардовскийдің бұл үлгідегі аты шулы поэмалары — соның айғағы. Туған поэзиямызда да лирикалық поэманың «Адас-

қан өмір», «Кедей», «Адамға табын, Жер, енді», «Әке сыры», «Жыр туралы жыр», «Мен өмір сүремін» сияқты жақсы үлгілері жасалды. Бірақ, біздің лирикалық поэмаларымыздың дені әлі күнге фольклордағы «хиссашылдықты» жеңе алмай жүрген оқиғалы поэмаларымыз тәрізді төл поэзиямыздағы толғаушылдық үрдісті жеңе алмай жүр.

Реалистік әдебиет фольклордан үйрене, оның жақсы дәстүрлерін бойға сіңіре отыра, оның адамзат қоғамының сәби кезінің перзенті екенін ұмытпауға, фольклорлық эстетиканың тар шеңберінде қалмауға тиісті. Бізде поэма туралы сөз бола қалса, «Алпамыс» пен «Қобыландыны» алға тосатын бір әдет бар. Туған халқымыздың мұндай өлмес мұра қалдырғанына бөркімізді аспанға атып біз де қуанамыз. Бірақ, сөйте тұра, айтылмыш дастандардың эпостық поэзияның үлгілері екенін ұмыта алмаймыз. Әлгі әдет — эпосты өлеңмен жазылатын болғандықтан бір ғана поэма жанрының түп атасы деп түсінетін жаңсақ ұғымның салқыны. Ал, эпос — әдебиеттегі үлкенді-кішілі барша жанрдың — прозаның да, драманың да, поэманың да атасы. Адам қоғамы дами келе, адам санасы өсе келе, адамның қоғамдағы орны, оның объективі болмысқа деген көзқарасы өзгере, жетіле келе эпостың бойындағы әр сипат әрқайсысы өз алдына дербес отау тігіп бөлініп шықты. Әр жанрдың сипаты барған сайын саралана түсуде. Әдебиеттің даму тарихы соған куә сияқты.

Әртүрлі жанр — реалді өмірді әр қырынан бейнелейтін әр қилы призма. Поэманың еншісіне болмыстың асқақтық сипаты типті. Асқақтық — кең ұғым. Ол тек жалғыз поэма иемденетін оңаша бұзау емес. Өмірдегі құбылыстардың асқақтық сипатынан романның да, драманың да, лириканың да өз сыбағалары бар. Өзге категориялар да солай. Мәселен, комизм тек комедияда ғана емес, романнан да, трагедиядан да ұшырасады ғой. Бірақ комедияшы өмірдің әсемдік, трагедиялық, асқақтық құбылыстарынан комедия тудыра алмайды, комедияны болмыстың тек комикалық қырынан ғана іздейді. Ендеше, ақын да солай. Ол да комедия болатын оқиғадан поэма тудыра алмайды, ол да поэманы болмыстың тек асқақ сипаты құбылыстарынан ғана іздеуге мәжбүр.

Ұлы Пушкиннің 1835 жылы күзде «Ревизордың» бір сахнасын рахаттана оқып шығып, поэма жазам ба деп жүрген «Өлі жандарын» Гогольге бере салғаны да сондықтан.

1967 жыл.

РОМАНДАҒЫ АДАМ

Тағы да «Орталық кейіпкер» жайында

Соңғы жылдары баспасөз бетінде әдеби шығармалардағы бас кейіпкер мәселесі оқтын-оқтын сөз болып қояды. Әдебиетшілеріміздің бір қатары қазіргі қазақ прозасында кемел мүсінделіп шыққан сом тұлғалардың аздығын көптеген шығармаларда суреттеліп отырған оқиғаға бастан-аяқ қатысатын бас кейіпкердің (кейінгі кезде «орталық кейіпкер» делініп те жүр) жоқтығынан, не автордың бас кейіпкер деп алып отырған кейіпкерінің оқиғаға бірде араласып, бірде араласпай, ізінен адастырып кете беретіндігінен көреді. Бас кейіпкерлердің жоқтығын немесе, оның бірде көрініп, бірде көрінбей кететіні әлгі шығармалардың бір проблемаға, бір оқиғаға құрылмай, көп проблемалы, көп оқиғалы болып келетіндігіне саяды. Олардың айтуынша:

«...жазушылар проблема, оқиға көбейген сайын шығарма көркейе түседі деп ойлайтын сияқты».

«...белгілі-бір дәуірде болуы мүмкін нәрселердің мол қамтылғанынан шығарманың көлемі өскенмен, тұлғалары сомдала бермейді».

Сыншыларымыз айтып отырған бұл кемшіліктердің бар-жоғын сөз қылмас бұрын, осы пікірлер ғылыми жағынан дұрыс пікір ме, жоқ бұрыс пікір ме? Ең әуелі соны ойластырайықшы...

Адам, адам қоғамы — әдебиеттің бейнелеу объектісі ғана емес, сонымен бірге оны өсіретін, өркендететін де күш. Адам және қоғам, адам және болмыс — әдебиеттің ең басты тақырыбы болумен қатар, оның өсуінің, өзгеруінің, өркендеуінің де ең басты, ең негізгі факторы.

Ендеше, әдебиеттің қандай мәселесі де, әсіресе, кейіпкер мәселесі бұл үлкен әлеуметтік проблемадан сыртқары алынып қаралмауға тиісті.

Егер біз адамзат қоғамының өзге аймақтары сияқты, әдебиетте де өсу, өзгеру, өркендеу құбылысы бар екенін мойындайтын болсақ, сол құбылыстың ең негізгі өзегі — адамның қоғамдағы орнының өзгеруі, нығаюы екенін танымыз. Өйткені, көркем шығарманы тудырушы күш — болмысқа деген эстетикалық көзқарас адам санасының, оның ішінде ең алдымен қоғамдық санасының өсуіне, адамзат қоғамының дамуына, демек, адамның қоғамдағы орнының өзгеруіне тікелей тәуелді.

Бізде бас кейіпкер жөніндегі әңгімелер көбіне-көп қазіргі қазақ романдарының төңірегінде айтылып жүр. Ол заңды да. Роман — бүгін таңда әдебиеттің әлеуметтік мәнін салмақтайтын таразы жанрға айналды. Кейінгі жылдары бүкіл дүниежүзілік көлемдегі әдебиеттің болашағы, болмысқа деген суреткерлік көзқарас жайлы келелі әңгімелердің қай-қайсысының да роман жанрының проблемаларына барып тоқайласа беретіні де сондықтан. Әсіресе, суреткерлік өнерде адамды, оның ортасын, қоғамды көрсету проблемасы роман жанрының табиғаты мен даму заңдарына соқпай өте алмайды. Өйткені, романды бір кісінің басына бүкіл бір кезеңнің тіршілігі, ой-пікірі тоғысып, индивидуум тарихи құбылыстарға белсене араласқан, адамның, табиғаттың төлі болумен қоса қоғамның өкілі де екендігі айқындалған, жаратылысы табиғатқа тәуелді болғанмен, саналы өмірі қоғамға тәуелді екендігі белгілі болған уақыт тудырды. Өзі әлгіндей қоғамдық өсудің бел баласы болғандықтан да, роман қоғамдық болмыстың өсу-өзгерісіне айрықша сезімтал, өміршең құбылыс екендігін көрсетті. Әдебиет тарихына зер сала қарасақ, бұған әбден көзіміз жетеді. Белгілі-бір ұлт әдебиетіндегі роман жанрының ерекше көркейіп өркендеген кезеңі сол ұлттық тарихына зор сілкініс, өзгеріс жасаған орасан зор әлеуметтік оқиғалар дәуіріне дәл келеді.

Европалық қоғамдық ойда демократияшыл, еркіндік сүйгіш идеяларға ең алдымен бой ұрған француз қоғамындағы зор әлеуметтік сілкіністер тұсында француз романы дүниеге келді.

Россияда азаматтық күрес, еркіндік сүйгіш идеялар кеңінен етек жайған тұста орыс романы европалық әдебиеттің ешбірінде ұшыраспаған елден ерек кемел өрлеуге ие болды.

Ұзақ жылдар феодалдық алауыздық пен томаға-тұйықтықтың тақсыретін тартқан неміс топырағында романның

шешек жарған кезені — демократия мен монархияның, гуманистік идеалдар мен реакцияның бетпе-бет кеп шарпысқан күресті жылдары. Дүниеге Томас Манн, Генрих Манн романдары туған тұс неміс қоғамында екі идеологияның — неміс жұмысшы қозғалысы мен күннен-күнге тамыр жайып, нығайып келе жатқан неміс фашизмінің қиян-кескі күресіне толы еді. Неміс фашизмі жеңіліске ұшырап, ұлт басына бейбітшілік сүйгіштік пен реваншизмнің, социализм мен империализмнің идеялық тартыс-талқысы тұсында неміс романы тағы да гүлдеді. Осы заманғы романның айырықша қаулап өскен жерінің бірі неміс әдебиетті болуы да тегіннен-тегін емес.

Россиядағы тарихи революция орыс романының өшуіне емес, өсуіне қызмет етті. Толстой мен Достоевскийден кейін саябырсып қалған орыс романы Октябрь революциясынан соң қаулап өсті. Бұрын-соңды жазба әдебиетті, прозалық үлгілерді көрмеген кенже әдебиеттердің балауса прозасының бірден романнан басталуының өзінде де үлкен әлеуметтік мән бар сияқты.

Дүниежүзілік дамудан сырт орай, шетте қалып қойған қазақ қауымы әлденеше ғасыр бойы орасан зор әлеуметтік құбылыстар мен қозғалыстардан ада, бұйығынқы хәл кешті. Әсіресе, еркіндік, азаматтық бостандық, демократия идеялары қазақ даласына кешігіп жетті. Осындай дағдарысты даланы зор сілкініс, орасан өзгеру — түлеуге ұшыратқан Октябрь революциясы болды. Еркіндік, азаматтық, бостандық, демократия тәуелсіздік идеялары қазақ даласына Октябрь арқылы жетіп, Октябрь арқылы орнықты. Сонау Сервантестің «Дон Кихотынан» бастап барша реалистік романның басты тақырыбы — адам және қоғам, адамның қоғамдағы өз орнын іздеуі, тануы, табуы болып келеді. Ұлттық тарихқа осындай әлеуметтік құбылыс келген тұста, сол әдебиеттің романы да туған. Қазақ қоғамында әлгіндей әлеуметтік құбылыс Октябрь революциясымен келді, революцияға іле-шала қазақ романы да өркен жайды. Қазақ топырағында әлгіндей әлеуметтік құбылыстың тез өркендеуі, тез дамуына сәйкесті қазақ романы да адам таңқаларлықтай шапшаң дамып, шапшаң ер жетті.

Мұндай құбылысты қазіргі жаңа дамып жатқан елдер әдебиетінен де айқын байқауға болады. Көп уақытқа дейін кенже қалып келген Латын Америкасы, Азия, Африка елдері әдебиетінде соңғы жылдары роман бұрын-соңды болмаған шапшаң қарқында өрістеді. Ал, мұндай кең та-

рап, тез ер жетіп, шапшаң өрістеуді қазіргі американ, еуропа романдарынан көре алмаймыз. Бір кезде бірінші дүниежүзілік соғыс пен екінші дүниежүзілік соғыс арасындағы үлкен әлеуметтік күрес, демократияшыл қозғалыс тұсында қаулап дамыған американ романы қазір ол қарқынынан айырылып қалды. Біздің тұсымызда «романның дәурені өтті», «роман дағдарысқа ұшырады» деп жүрген қисыншылардың көбі — әлеуметтік қозғалыста елдің, қоғамның рухани дүниесінде күйзеліс байқалған елдер әдебиеттерінің өкілдері. Мұның бәрі де романның дамуына алдымен қоғам, сол қоғамда адамның алатын орны басты себепші болатынын даусыз айғақтайды.

Ал енді қазіргі «романның дәурені» өтті дейтін қисыншылар творчествосының тұңғиығына үңілер болсақ, бұл дағдарыс «роман жанрының аса алжып кеткендігінен» емес, адамның қоғамда алатын орнының тарылуынан, буржуазиялық индивидуум басындағы дағдарыстан туындап отырғанын қапысыз танимыз.

Монополия мен империализм дәуірінде жеке адам (индивидуум) бір кезде буржуазиялық үрдіс енді орнап келе жатқан тұстағы шексіз құдіретінен атымен айырылып қалды. Бұл адамдардың қоғамнан безіну процесін тым тездетіп жіберді. Бір кездегі дәмелерінен опық жеп, табанының астындағы тарихи перспективадан айырылған индивидуалистік психология өзінің басынан дәурені өткен соң, дүниедегі барлық нәрсенің де дәурені өтті деп ұғады; төңірегінің бәрін әлдеқандай ақырзаманның аяр пердесі қоршап алғандай көреді. Мұндай психология өз идеологиясын, өз философиясын, өз эстетикасын туғызады.

Олар дүниедегі болып жатқан қоғамдық, моральдік, техникалық, ғылыми-мәдени құбылыстардың шын әлеуметтік төркінін көре алмайды да, қате қисындар мен жаңсақ уағыздар таратады. Соңғы жылдардағы орасан зор техникалық революциялардың мәніне түсінбей, одан қорыққандар әдебиет пен өнердегі құбылыстардың себебін қоғамның әлеуметтік кескінінен іздемей, техникадағы жаңалықтардан іздеді. Әлгі «роман құриды» деп жүрген қисын да — сол буржуазиялық психологияның тарихи шындық алдындағы табансыздығының бір айғағы.

Абдыраған қоғамның моралі ақшаның, дәулеттің құнын асырып, ішіп-жеуді, тұтынуды, аз күндік дәуренді емін-еркін өткізіп қалуды үлкен рухани мұраттар санатына көтереді. Ол азаматтық парыз, адамның қоғамдық орны сияқты ірі мүдделердің орнына тұрмыс төңірегіндегі

пенделік мүдделерді алға тартады. Экономикалық тәуелділіктің әлеуметтік теңсіздікке ұласуының бір куәсі — қоғамда адамның әлеуметтік мәнінің, қадір-қасиеттің құлдырай түсуі. Тұтынушылық мораль адамды азаматтық асыл мұраттардан бөліп ап, тұрмысқа тәуелді ету арқылы әлеуметтік күрес аренасынан алшақтата беруді мақсат етеді. Қазіргі орасан зор байлыққа ие болып алған монополистік капитал жұмысшылардың тұрмыс дәрежесін арттыруды сылтауратып, оларды таптық сипаттан айыру ниетін көздейтін айла-шарғының, экономикалық қыл-тұзақтың талайын ойлап табуда.

Пайдакүнемдік мораль адамды қоғамның саналы мүшесінен гөрі айтқанды екі етпейтін тіл алғыш, көзсіз көбелекке, осы заман тілімен айтсақ, не тапсырсаң да тапжылтпай орындап беретін роботқа айналдыруды көздейді. Бұл жолдағы ең басты қармақ — ақша. Сонда буржуазиялық мораль жеке адамның рухани тіршілігіне не қалдырады?

Осы заманғы кибернетика ғылымы қазірдің өзінде адамның миы сияқты аса күрделі тірі организмнің техникалық моделін жасауға білек сыбанып отыр; құдіреті күшті кибернетика жалғыз ми ғана емес, адам бойындағы өзге де организмдердің, адамның барша структурасының техникалық моделін жасауға сөз беріп жүр. Материалистік ғылым кибернетиканың физика мен химия заңдарына негізделген қандай операцияны да жүзеге асыра алатынын мойындайды; бірақ гуманизм тірі организмнің барша биологиялық негізі тек физика мен химияның заңдарынан ғана тұрмайды деп үйретеді. Олай болса, кибернетика, басқасын былай қойғанда, адамның тек биологиялық модель тұрғысын өзіне дәлме-дәл келетін техникалық модель жасай алмақшы емес.

Ал, адам биологиялық құбылыс болумен қоса әлеуметтік құбылыс та ғой. Кибернетика қанша шебер болса да, өзі жасаған техникалық модельге адам бойындағы әлеуметтік мазмұнды, тек бір кісінің, бір ғана ұрпақтың көзі көріп, қолы істегенінен ғана емес, адамзаттың көп ғасырғы бастан кешкендерінен түзілетін әлеуметтік мол тәжірибені қайдан тауып бере алады? Рас, адамдар істей алатын таза орындаушылық функцияның көбін робот пен гомеостат та мінсіз атқара алады. Бірақ, тірі адамның, қоғамның сапалы мүшесінің іс-әрекеті, сана-сезімі, рухани қызметі ешқандай алдын-ала берілетін нақты программаның шекарасына сыймақшы емес. Белгілі программаның

көлемінде ғана ойланып-толғану, мәселелер шешу, шешім қабылдау, оны жүзеге асыру кибернетика перзенттерінің де қолынан келеді-ақ делік. Алайда, кез келген адамның күнбе-күнгі өміріндегі қоғам тарапынан, не қоғамның нақты бір мекемесінің тарапынан тікелей тапсырма алмаған мәселелерді де ойланып-толғанатын, қоғамдық болмыстың, материалдық дүниенің қыры мен сырына үңілетін үлкен рухани белсенділігі робот пен гомеостаттың қолынан келе қояр ма екен? Ал, адамды темірден жасалған техникалық аппараттар түгілі, ет пен сүйектен, жұлын-жүйкеден жаралған өзге жан иелерінен де жер мен көктей алшақтатып жүрген сипат — осы рухани белсенділік емес пе?

Осы заманғы тоғышарлық мораль, ең алдымен, сол әлгі адам бойындағы рухани белсенділікке өш. Сонда тоғышарлық мораль көксейтін адамда берген тапсырманды айтқанындай қып орындап қоюды ғана білетін тілсіз роботтан артық қадір-қасиет қалады...

Адамның қоғамдағы осындай бейшара орнына мойынұсынған бейшаралық психология, әрине, қоғам мен адамды зерттейтін шынайы роман тудыра алмайды; ол үшін романның құрығаны да, дәурені өткені де рас. Олардың әншейін жел көкірекпен жазып, «жаңа роман», «авангардтық роман» деп атап жүргендері, романның ауылынан алты көш алыс жатады.

Олар, әсіресе, қоғамдық болмыстың реальды бейнесін жасай алмайтын суреткерлік дәрменсіздігімен, қоғамдық болмыстың әлеуметтік кескінін, ондағы саяси моральдық процестердің күрделі генесеологиясын жеріне жете тексере алмайтын зерттеушілік таяздығымен, адамдық психиканың қоғамдық танымайтын көр соқырлығымен, адамзат қоғамының тарихи перспективасына мойынұсынбайтын табансыздығымен көзге ұрады. Ал, бұнсыз көркем творчество, көркем әдебиет болмайды. Ең алдымен роман болмайды. Онсыз әдеби машықтардың бәрі әншейін әуре-сарсаңға тіреледі. Оларда адам қоғам мүшесі, қоғамдық болмысты зерттеуші, танушы, өзгертуші әрекет иесі ретінде емес, жәй әншейін өмір сүруші жан иесі ретінде ғана алынады. Сондықтан да, адамның әлеуметтік өмірінен гөрі биологиялық тіршілігі көбірек қамтылады. Ондай романдағы психология өмір танығыш, қоғам танығыш адам санасының, сыртқы ортамен қарым-қатынасынан гөрі әншейін тірі организм, тірі клеткалардан тізілген биологиялық комплекстің сыртқы орта әсерлеріне жасаған

пассивтік реакцияларының ерінбей тәптіштелген жалаң фиксациясына ұқсанқырайды. Рас, адамның биологиялық тұрғысы тек физика мен химия заңдарынан түзелмейтіні сияқты, адамның әлеуметтік тұрғысы, әлеуметтік өмірі де бірыңғай саясаттан, идеологиялық операциялардан тұрмайды. Реализм әдісі адамның тек бірыңғай саяси, идеологияға байланысты қалтарыс-қабаттарын қамтып, қалған жақтарында шаруамыз болмасын деген сыңаржақ қағидадан атымен аулақ. Ал, «жаңа роман» адам өмірін табиғи гармониялық үйлесіммен қарастырмай, оның әлеуметтік қасиетін атымен жоққа шығарады. Мұның өзі адам өмірінің биологиялық жағын, материалдық тіршілік жағын бір жақты көтермелеген әсіре көзқарасқа ұрындырып жүр. «Жаңа роман», «авангардтық роман» туындыларының дүниетаным, бейнелеу теориясына негізделген көркем творчество, объективті реальды болмыстың субъективті көркем образы болуға тиісті көркем шығарма болып шықпай, реальды болмыстың ешқандай кескін-келбетін бейнелей алмайтын бос шытырман болып шығатыны да осыдан болса керек. Көркем творчествоның көп жылдық тәжірибесі қоғамдық немесе табиғи құбылыстардың тек жалпылама, не ерекше қасиеттерін ғана қамтып, жалқылық қасиеттерін қамти алмаған көркем бейненің, түптеп келгенде, шынайы көркем творчество болып шықпайтынын дәлелдейді. Сол сияқты, қандай жолмен болса да, оқушыға, көрушіге, тыңдаушыға тек автордың бір басына ғана тән жалқылық танымды ғана жеткізуге тырысатын әрекетінен де ешқандай көркем бейне, көркем шығарма тумайды. Сөйтіп, жалқы мен жалпының гармониялық үйлесімсіз көркем бейне жоқ.

Қазіргі жеке адамның субъективтік дүниетанымына ғана негізділген «жаңа роман», «абсурдтық романның» қалын оқушы қауым санасына дари алмауының сыры да сонда. Сөйтіп, ол адамдардың дүниетанымына, қоғам танымна әсер етуші көркем шығарма, көркем творчество болмай, көркем шығарма мен көркем творчествоның табиғатына атымен жат, жалған суррогат қана болып шығады. Ал, мұндай жалған топырақта адамның, әсіресе, әлеуметтік өміріне көбірек ден қоятын роман жанрының көсегесі көгере қоймауы да әбден заңды.

Соңғы жылдары әдебиет зерттеу ғылымы романның тарихы мен теориясын зерттеуде елеулі табыстарға жетті. Романның туу, өркендеу, даму жолдарын жан-жақты зерттеу арқылы олар бұл жанрдың болашағына күмән келтіретін қисындарды бекерге шығарды.

Қазақ романының жай-күйі жөніндегі біздің қазақ әдебиет сынындағы әлгі әңгімені де сол өрелі мәселелермен өзектес қарастырғанымыз жөн. Ендеше роман жанрының даму тенденциясы тұрғысынан келсек, біздің әдеби сынымызда прозалық шығарманың бас кейіпкері жайлы айтылып жүрген жоғарыда келтірілген пікірлердің дұрыс жері қайсы, бұрыс жері қайсы?

Романның тарихын зерттеушілердің айтуынша, алғашқы романдар «тұйық роман» атаныпты. Онда оқиғаны баяндап отыратын да, сол оқиғадағы әрекет иесі де басты кейіпкердің өзі болуы шарт. Көбіне-көп «тұйық романның» қамтитыны — тек сол басты кейіпкердің жандүниесі, толқыныстары, сезім арпалыстары. Романның мамандары Гетенің «Жас Вертер шеккен азаптарын» «тұйық романның» үлгісі деп санайды. Мұндай романдар бас кейіпкерінің туғанынан өлгеніне дейінгі өмірін, кейінірек оның өмір жолының ең маңызды кезеңін тұтас қамтуға тиісті болды. Бұндай субъективтік роман дами келе бас кейіпкерінің тек жан күйзелістерін ғана емес, істеген әрекеттерін де қамтуға мүмкіндік алды; ондай романдардың басты кейіпкері, көбінесе, жылпостар мен авантюристер болды. Романның бұндай түрінің әдебиет тарихында «жылпостар романы», «авантюрлық роман» аталуы да сондықтан. Ол тұста тарих сахнасында жүзіктің көзінен өткен жылпостығымен, қара суды теріс ағызатын іскерлігімен, өмірге икемделгіш қабілетімен көрінген буржуазия өкілдерінің бөркі дағарадай болып тұрған кез еді.

Кейін «тұйық романның» есігі ашылып, «ашық роман» атанады. Романда тек бір кісі — бас кейіпкер ғана емес, оның төңірегі де көріне алатын болды. Бірақ, романның оқиға арқауын бір кісінің тағдыры арқалауға тиіс дейтін қатаң қағида сол күйінде қала берді. Роман жанрын зерттеушілер Стендальдың «Қызылдар мен қараларын» осы топқа жатқызады. Романды тарих жолының бойына қойылған айнаға балаған Стендаль, сол айнада тарихтың тек бір кісінің тағдырына сия алатын бір үзігін ғана көрсетеді. Ендеше, Бальзак француз қоғамының айнасын жасауды қолға алды. Оның нысанасы — бір кісінің тағдыры емес, бір тұстағы бүкіл француз қоғамы. Әлгі мақсатына Бальзак қалай кірісті? Бальзактың «Адамдар комедиясы» цикліндегі қай романды алсақ та, орталық кейіпкері бар. Өзекті оқиға соның тағдырына тоғысады. Бірақ романда көрсетілетін іс-әрекеттердің бәр-бәрі кейіпкердің өзінікі емес, көбінесе төңірегінікі. Әлгі орта-

лық кейіпкер француз қоғамының бір қабатының жай-жапсарын ашып беретін терезе ғана; Гранде — француз қоғамының бір тұсына, Горио әкей — екінші, Рафаэль — үшінші тұсына қараған терезе; Бальзак осындай тоқсан терезеден үніліп, күллі француз қоғамын түгел қамтымақшы. Бірақ, Бальзак тарихи оқиғаны емес, сол тұстағы француз өмірін көрсетпек. Біздің сыншылардың әлгіндей пікірі тарихи үлкен оқиғаларға арналған «Дауылдан кейін», «Қан мен тер», «Ақ Жайық» сияқты романдарға байланысты айтылып жүр. Бальзакта ондай тақырып жоқ. Классиктердің бұл тектес тақырыпқа барғандары бар ма екен?

Әрине, Теккерейдің «Даңққұмарлық жәрменкесінде» үлкен тарихи оқиғаның тұсындағы адам тағдыры көрсетілген. Бірақ, әдебиет зерттеушілері оны «геройсыз» роман деп атайды. Ендеше біздің сыншылар мұндай романға атымен жуымайды. Өйткені, олар қазақ прозасының кейбір шығармаларының «оқушыны кейіпкердің ізінен адастырып кеткеніне» ырза емес. Онда осындай үлкен оқиға туралы Пушкин жазыпты. Пушкиннің Емельян Пугачев жайлы шығармасының орталық кейіпкері — Емельян Пугачев емес, Петр Гринев. Гринев көтеріліске араласқан жоқ, бірақ оның қалай өткеніне айғақ болды. Гринев — оқиғаны тудырушы, өркендетуші әрекет иесі емес, тек айғақкер ғана. Теккерей тарихи оқиғаның тауқыметін шеккен, басынан кешірген кейіпкерді ұсынса, Пушкин айғақкер кейіпкерді ұсынды. Біздіңше, аталмыш романдарға өзек болған Ұлы Октябрь революциясының ауқымы бұл екі жолдың екеуіне де сыймайтын сияқты. Сонда қайтпек керек?

Роман жанрының зерттеушілерінің айтуынша, роман жанры Теккерей романына дейін өз бойындағы субъективтік әуенді жоқ қылды, ескі тұйықтықтың ізін де қалдырмады, бірақ бұл жанр өзінің объективтілігінің, кең құлаштылығының апогейіне жете алмады. Роман жанрын адамның табиғаттың төлі болғанмен, қоғамның өкілі екендігі айқындалған шақтың әдебиеті тудырғанын айттық. Ендеше, онда тек қаһарман ғана емес, бүкіл халық, бүкіл қоғам да ілінуі керек қой. Міне, осы ересен міндетті атқарып шыға білген жазушы — Лев Толстой. Лев Толстойдың көркем прозада жасаған ұлы революциясының мәні де сонда. «Соғыс және бейбітшілік» үлкен тарихи тұсты, сол тұстағы орыс шындығын бар қырынан жарқыратып көрсете алды. Сыншылар, дүп-дұрыс, осы Толстойша жазу керек деп ұйғарар. Ендеше, Толстой қалай жазды? «Соғыс

және бейбітшілікті» де тұстас сыншылары композициясы тым шашыраңқы, тұтастығы, бірлігі бірден көзге ұрып тұрмайды деп сынапты. Романда оқиғаның да, тартыстың да көп екені рас. Геройларды Наполеон соғысымен қоса Безуховтың мұрасының кімге қалатыны да аз толғантпайды. Жүйе-жүйе махаббат жайлары, ел тұрмысының кескіндері, зиялы қауым сән-салтанаты, Сперанскийдің реформасы, тіпті аң аулауға дейін мол орын алған. Толстой бұл романы жайлы: «Предлагаемое теперь сочинение ближе всего подходит к роману, но оно не роман, потому что, я никак не могу и не умею наложить вымышленным мною лицам известные границы», — дейді. Тұстас сыншыларының басын даң қылып жүргені де — Толстойдың сол «белгілі шекараларды» аттап кеткені. Басты кейіпкер кім? Андрей Болконский ме, Наташа Ростова ма, Пьер Безухов пе? Әлде Наполеон ба? Жоқ Кутузов па? Оған дейін оқиға бірлігін көбіне-көп бір геройдың тағдыры арқалаушы еді. Мұндағы бірлік неге сүйеніп тұр? Әлде, расында, да сол заманның сыншылары айтқандай, шашыраңқы шығарма ма? Жоқ. Бірлік бар. Бұндағы тұтастықтың тұтқасы — бір кейіпкердің тағдыры емес, үлкен тарихи құбылыс. Л. Толстойдың сол тарихи құбылыс жайлы, оны өркендетуші күш — халық жайлы суреткерлік тенденциясы әр алуан қаһармандардың іс-әрекеті мен психологиялық өзгеріс — өсу процестерін, әр алуан проблемалардың шешімін бет-бетімен жібермей, бір арнаға табыстырып тұр. Бұл кітаптың басты сипаты, Р. Роллан айтқандай, «бүкіл бір тарихи ғасырды, халық қозғалысын, ұлттық айқасты қайтадан тірілткені. Оның шын кейіпкері — халық». Бұндай романда адамдар, кейіпкерлік қалай көрінеді екен? «Человек, как пчела и муравей, не могут быть рассматриваемы только как личность. Только общество людское есть целый организм, подчиненный такому же законом, как организм улья и муравейника», — дейді Толстой. Демек, суреткердің көз алдында тек әр адам емес, Толстойша айтсақ, «омарта» сияқты, «илеу» сияқты бүкіл қоғам тұр. Бұндайда әр кейіпкерді көзден таса қылмай отыру еш мүмкін емес. Болконский де, Безухов та, Ростова да, Кутузов та оқушыны «ұзақ күттіріп барып, шығып отыратын» шақтары аз емес. Толстой өзі көрсетіп отырған тарихи оқиғаның логикасына бағынады, тарихи оқиғаның даму арнасын тастай сала кейіпкердің ізін қуып кетпейді. Толстой бұл кітапты жазарда өзіне қойған жалғыз талабы — «бәрін де қамту» («Захватить все»). Біздің сыншыларымыз: «белгілі-бір дәуірде болуы мүмкін нәрселер мол қам-

тылғаннан шығарманың көлемі өскенмен, тұлғалары сомдала бермейді», — деп тұжырғанмен «Соғыс және бейбітшілікте» оқиғада, проблема да көп, сонымен қоса, әлемдік классика жасаған образдар галереясын мәңгілікке байытқан сом тұлғалар да аз емес. Демек, қазақ прозасының кейбір шығармаларында сом тұлғалардың аз ұшырасуы көп проблемалылықтан, көп геройлылықтан, авторлардың оқиғаға бастан-ақ араласып отыратын орталық кейіпкер бейнесін жасақтамағандығынан емес, сол бейненің жеріне жете мүсінделмегенінен екен.

Сол сияқты, бас қаһарманның қалайда оқушының көз алдында отыруы да шарт емес тәрізді. «Соғыс және бейбітшілік» сияқты тарихи оқиғаға арналған романды былай қойғанда, бір адам туралы «Абай жолының» өзінде бас қаһарман кез-келген бетте кездесіп отырмайды. Бірақ, романның әр бетінен Абай рухы, Абай әсері айқын сезіліп тұрады. Демек, бас қаһарман да көзден таса бола береді; тек ол төтен жоғалып, төтен оралып отырмай, жоғалуы мен оралуының оқиға логикасына, характер логикасына лайық мотивировкасы болуға тиісті.

Бәлкім, «Соғыс және бейбітшіліктегі» «бәрін де қамту» принципі роман жанрының даму тенденциясынан туған принцип емес, Лев Толстой сияқты ересен таланттың бір басында ғана кездесетін оқшау құбылыс шығар. XX ғасыр прозасы «бәрін де қамту» принципіндегі «Тынық Дон», «Азапты сапарда», «Абай жолы», «Коммунистер» сияқты ұлы романдар тудырды. Романның бұндай түрін Ромен Роллан мен Томас Манн да қуаттады. Олай болса, көп пландылық, көп проблемалық — романның ескі-құсқысы емес, тіпті кейінде игерген соны асуы. Роман жанрының даму жолына үңілсек, оның өсу жолы қоғамның, адамның қоғамдағы орнының өзгеру, нығаю жолының айнасы екенін танимыз. Тарих аренаһы бұрынғы ақсүйектер орнына іскерлігімен, өз ақыл, өз құлығы, өз маңдай тері арқылы байыған буржуазия сияқты соны таптың келуі әдебиетті де демократияландырды, ол әдетте батырлар, елден ерек туғандарды көрсетсе, енді қарапайым жұмырбасты пенделерді де көрсете алатын болды. Роман жанрының тууының өзі — әдебиеттің демократиялануының бір айғағы. Тарих аренаһына шыққан соны сипатты жаңа тап «тұйық романдарды» туғызды.

Буржуазияның келуі қоғамдық ақыл-ойда индивидуумның ролін күшейтіп жеке адамдардың өмірге икемделгіш іскерлік сияқты қасиеттерін пір тұтқызды. Бір кездегі француз қоғамында «тұйық романды» «қалай өмір сүрудің оқулы-

ғы» саналуы да тегіннен-тегін емес. Буржуазиялық тап қоғамдық дамудағы бірден-бір жетекші тапқа айналған кезде адамның қоғамдағы орнында да елеулі өзгеріс әкелді. Жаңа шындық адамдардан айналасына жаңаша қарауды талап етті. Адам жаңа қоғамдық формацияның қайшылықтарын көре бастады. Буржуазиялық қоғамдағы адамдар санасыздығы осы ояну процесі күні кешегі пысықайлардың сезім күйлері мен іс-әрекеттерін көрсететін «тұйық романдар» орнына «Адамдар комедиясын» әкелді. Күні кешегі бәрін өзі бітіріп, бәрін өзі тындырып жүретін бір ыңғай әрекет иесі геройлардың орнына, айналасына үніле қарап, қоғамды, өзін танығысы келген зерттеуші геройлар шықты. Буржуазиялық қоғамның моральдік заңы адамды адамдардан ажырата түсті. Ол қоғамда адам бақытты да жалғыз іздеп, айналасын да жалғыз тануға тиісті болды.

Қоғамдық өмірдегі осы психология «сыншыл реализм» романдарында да оқиғаның бір адамның — басты кейіпкердің төңірегіне құрылу қағидасын күшінде қалдырды.

Қоғамды, ұлтты есейткен тарихи ұлы оқиғалар адамның қоғамның ең майда молекуласы — индивидуум екендігін ғана емес, сол майда индивидуумдардан үлкен қоғам, халық, ұлт түзілетінін де көрсетті. Ұлт болып, халық боп қимылдайтын ұлы тарихи оқиғалар тұсында жеке адам күнделікті жанбағыс тіршіліктегідей жеке басының ғана қамын ойламай, бүкіл ұлттың, үлкен қоғамның өкілі ретінде әрекет етті. Жеке басының жанбағысында ол өз өмірі, өз тағдырының басты геройы ретінде көрінсе, тарихи оқиға тұсында халықтық қозғалыстың қатардағы мүшесінің бірі ретінде көрінді. Адамның қоғамдық өмірінің осындай шындығы «Соғыс және бейбітшілік» сияқты соны сипатты романды тудырды.

Адамзат қоғамының дамуы, адамдардың өзін, қоғамын тануы, соның нәтижесінде бүкілхалықтық бақыт жолындағы күрестің шығуы «Соғыс және бейбітшілік» сипатты кең арналы, көп толғамды романдардың алдынан зор мүмкіндіктер ашып берді.

Әдебиеттегі жаңалық өзінен бұрынғыны біржолата мансұқтау, біржолата құрыту жолымен емес, адамзаттың суреткер өнерін реальді болмыстың барша әрі мен нәрін жеткізе алатын соны түр, соны әдістермен байыту жолымен өрістейді. Орыс әдебиетіндегі «Соғыс және бейбітшіліктің» тууы бұрыннан бар бір адамның жандүниесіндегі құбылысқа құрылған романдар үрдісін жойып жіберген жоқ. 1812 жылғы Ұлы Отан соғысы тұсындағы

күллі орыс халқын кейіпкер етіп, «Соғыс және бейбітшілікті» жазған Л. Толстой бір адамның тағдырына құрылған «Анна Каренина», «Арылу» сияқты романдарды да жазды. Бұның өзі романды пәлендей қылып жазса ғана роман болады дейтін қайыс қағиданың атымен жоқтығын, оның сипатын суреттеліп отырған оқиғаның логикасы белгілейтінін көрсетеді.

Прозада көп планды, көп проблемалы, көп геройлы роман мен бір адамның басына, бір оқиғаға құрылған роман атымен сыйыспайтын ата жау құбылыстар емес. Осы заманғы өмір шындығында романның бұл екі түрін бірінен-бірі атыстырып-шабыстырып қоюдың атымен қажеті жоқ.

Бүкіл халық боп қайрат қылған кезеңдер жайлы жазылған романдардың көп проблемалы, көп салалы, көп геройлы болып келуі тіптен заңды.

Гуманизм жалпы жеке кісі, жеке адамның ғана, соның еркіндігі мен бостандығының ғана мүддесін емес, ең алдымен, аса зор тарихи қызмет атқаратын адамдардың қалың бұқарасының мүддесін көздейді; түптеп келгенде, бүкіл адамзаттық прогресті, қоғамды, табиғатты жаңғыртуды, жеке адамдардың бостандығы мен тәуелсіздігін жүзеге асыратын да сол бұқара. Біздің мораліміз де сол қалың бұқара мен жеке адам арасындағы гармониялық үйлесімге негізделген. Біз жалпыдан жалқыны, жалқыдан жалпыны танитын объективтілік заңы бойынша, жеке адамның мүддесін көздеу арқылы жалпы бұқараның да мүддесін көздейміз. Жалпы бұқараның мүддесін қорғау арқылы жеке адамның да мүддесін қорғаймыз. Біздің: «Бәрі де адам үшін!» — дейтін моральдік заңымыздың түп мәні де сонда.

Қысқасы, тарихи қажеттілік адамның өз тобының мүшесі, халықтың, ұлттың өкілі болуы оның жеке басын кішірейткен жоқ, көркейтті. Жалпыхалықтық мүдденің, қоғамдық мүдденің ара-тұра бірінші орынға қойылуы адамдардың жеке басының мүддесін, жеке бақытын, жеке махаббатын, жеке күйініш-сүйініш, жеке ізденісін, жеке әрекетін жоққа шығарып, таптау арқылы орнайтын ортақ бақыт үшін емес, әр адамның барша рухани, моральдік еңбексүйгіштік, өмір танығыштық мүмкіндіктерін жеріне жеткізе дамытуы арқылы орнайтын ортақ бақыт үшін күресіп келдік. Ендеше, суреткерді тек жалпы халық, жалпы ел өмірі ғана емес, нақты адам өмірі, адам тағдыры да қай кездегіден де көбірек толғантатын болады.

«Орыс орманы», «Адам тағдыры» сияқты озық үлгілері соған айғақ. Бұл әдеби схема емес, қоғамдық өмірдің реальді заңдылығы. Леонид Леонов та, Михаил Шолохов та жалған жалтылдаққа, өмірдегі қиыншылықты оңайлату, жеңілдетуге жандары қас жазушылар; олар профессор Вихров пен Алексей Соколовтың тағдырындағы трагедиялық бояуларды жұқартпайды, бірақ, екі адал адамның ізденіс күресі олардың өз қоғамымен тереңнен тамырласатын гармониялық үйлесімін айдан анық ашып бере алған. Қазақ прозасының соңғы туындыларының ішінде «Дала сырындағы» Қоспан жайында да осыны айтуға болар еді. Сырт қараған көзге ылғи шеттеп, ықтап келген Қоспанның тағдыры шын мәнінде біздің рухани өміріміздің белгілі бір кезеңінің айнасы да ғой. Қоспанның өзін тану, бақытсыздығының себебін іздеудегі жан арпалысы оған қоғамдағы орнын да танытып берді. Бұның өзі — шындап келгенде, Қоспанның үлкен адамгершілік қасиеттерінің нәтижесі ғана емес, адам мен қоғам арасындағы жаңа заңдылықтың логикасы. Ендеше, біздің жағдайымыздағы адам мен қоғам арасындағы осындай гармониялық үйлесім романның жоғарыда біз тоқталып өткен екі түрінің екеуіне де құнарлы қоныс бола алады.

Біз сыншылардың жоғарыда даттап отырған көп геройлы, көп проблемалы, көп оқиғалы романдарының өмір сүргеніне еш қарсы емеспіз; сол сияқты олар жақтап отырған бір оқиғаға құрылған, оқиғаға бастан-аяқ араласып отыратын бас кейіпкері (орталық кейіпкер десеңіз де, өз еркіңіз) бар романның да кең етек жайғанына тілектеспіз. Біз тек осы екеуінің біреуін жер-жебіріне жетіп даттап, беттен қағуға, екіншісін жер-көкке сыйғызбай мақтап, романның жалғыз-ақ эталоны осы деп үзілді-кесілді үкім айтуға қарсымыз. Өйткені, роман жанрының даму тенденциясы бұл екеуінің бірі өскен жерде екіншісі өшуге тиіс антогонистік құбылыстар емес, екеуі де бейбіт қатар өмір сүре алатын тамырлас құбылыстар екенін айғақтайды. Ендеше, әдеби сынымызда белгілі бір әдеби құбылысқа баға бергенде, жазушыға ақыл айтқанда өз көкірегіміз көбірек құлайтын жеке талғамымыздың тұрғысынан айыптай жөнелуден гөрі, көп ғасырлық өмір жолы бар жанрдың даму логикасы тұрғысынан көп түсінуге тырысайық. Шын мәніндегі ғылыми сынның көсегесі сонда көгереді.

1966 жыл.

СЫН НЕГЕ СЫНАЛА БЕРЕДІ?

«Айтар ақылым мынау: күнде ертемен төсектен тұрар-тұрмастан көзді жұмып, бір үлкендеу көлбақаны тірідей жұтып салыңыз. Ол үлкен базарда сатылады, қызметші әйелді жұмсасаңыз, қиналмай-ақ тауып әкеледі. Ойсыратып тастайтындай шығыны да шамалы: әрқайсысы үш-ақ су. Осы айтқанды істесеңіз, бір жылдың ішінде асқазаныңыз замандас сыншыларымыздың не бір жүрек айнытар мақалаларын түк шіміркенбестен қылғытып салатын нағыз жазушының асқазанына айналады».

Қызық рецепт. Айтып отырған анау-мынау емес, Эмиль Золя. Бұндай әр әрпінен зәр шашыраған мір сөздерді Лев Толстой мен Максим Горький де айтқан. Жалпы сыншыға тілі тимеген жазушы бар ма екен сірә? О байғұсқа «Соғыс және бейбітшілікті», «Ананы», «Жерминальді» жазбақ түгіл ортақол очерк жазу қолынан зорға келетіндердің өзі осқырынып, шекесінен қарайды. Сыншылар қанша сөз естігенмен, әдебиеттегі сын жанрының отауын ешкім жығып кете алмаған. Золя, Толстой, Горькийлердің өзі де сын жазған. Кертартпа, сыңаржақ, күштіге шыбындаған жәреуке сындарды өлтіре әшкерелей отырып, әділ де тура сынның үлгісін көрсетуге ат салысқан. Олардың тұстас сыншыларының заманы өтті. Сынның әдеби қозғалыстағы орны жаңаша салмақтанды, жаңаша бағаланды. Сын — белгілі бір шығарманы ел-жұртқа әйгілеудің ғана құралы емес, творчестволық қозғалыстың алды-артын бағдарлап, кем-кетігін көрсетіп отыратын жолбасшы жанрға айналды. Сынның мұндай қызметіне революциямыздың сонау елең-алаң жылдарының өзінде Ленин ерекше мән берді. Ол сол кездің өзінде әдеби қызметтің қара дүрсін теңгермешілдікке, азшылықтың көпшілікке бағынуы сияқты принциптерге оп-оңай

көне бермейтінін, мұнда жеке бастаманың, жеке кісінің бойындағы қабілеттің, қиял мен ой өрістігінің көп маңызы бар екендігін ескертіп еді. Ол әдебиет партиялық істің бір бөлігі дей отырып, оны басқа істермен шатыстырмауды, партиялық істің басқа салаларындағы басқару әдістерін көзжұмбайлыққа басып әдебиет пен өнерге де жүргізуге болмайтынын айдан анық айтып еді. Партия бұл лениндік қағиданы одан әрі дамытып, 1925 жылдың 18 апреліндегі «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысында әдебиетті білмей, сезбей тұрып, билеп-төстей жөнелуді үзілді-кесілді тыю керектігін, әдебиет саласындағы басшылықтың бірден-бір жолы әдебиет сынын күшейту екендігін баса айтты. Сөйтіп, сын әдебиетке партиялық басшылық етудің, қоғамдық әсердің бірден-бір жолына айналды. Сынға мұндай мән беріліп, мұндай құрмет ешқашан көрсетілген емес. Соған қарамастан, сынның соңынан әлі күнге сөз еріп келеді. Сыншы неге сөз естиді?

Ауыл арасының ашу-аразын былай ысырып қойып, байсалды ойланатын бір пара жайттар бұл төңіректе де баршылық. Әрине, сынның да кез келген сөзі кеменгердің аузынан түскендей дұп-дұрыс бола бермейтіні сияқты, сын естіп жүрген сөздердің бәр-бәрі де шетінен орынды, шетінен мақұл бола бермейді. Әдеби қауымның да алақұласы көп. Шын талант пен шындыққа деген шын махаббатпен емес, күнкөрістің есебімен келген, өз күші мен өз мүмкіндігін жете зерттемей, асыра бағалап, адасып келген адамдар да әдебиет сарайына бір кіріп алған соң оп-оңай қайта шығып кете салмайды. Сынның құдіреті — шын өнерді шыңдай түсу, өскелең әдебиетті өсіре түсу. Ол ылғи қияға сілтеп, қиынды меңзейді. Сынның бұл мінезі әлгіндей адамдарға жаға қоймайды. Оларға әдебиет керуеніне қиналмай ілесіп жүре беретін оңай соқпақ керек. Бұл — бір.

Адамның кез келген еңбегі — оның көкейін билеген мұрат-мүдделер үшін жанқиярлықпен жүргізіп келе жатқан күресі. Творчество — дамыл таптырмас еңбек. Творчество — дамыл таптырмас күрес. Бұнда болмысқа деген, өнерпаз қызметіне деген әр алуан көзқарас пен әр алуан түсініктің күресі бір сәт тоқталмайды. Әсіресе, шын өнер мен жалған өнер, шын өнерпаз бен жалған өнерпаз арасындағы күрестің ымыраны білмегені жөн. Бұл күресті өрістете беруге тиіспіз. Өйткені, бұл күрес шынайы өнер үшін күрес. Ол, сайып келгенде, партиямыз жүргізіп отыр-

ған адамдардың жүрегі мен адамдардың көзқарасы, дүниетанымы үшін болып жатқан ұлы күреске барып ұштасды. Әдебиеттегі сынның керек жері де, кемел келбетін дамыта алатын жері де осы. Творчестводағы бұл күрес алдымен сынның бетінен айдан анық көрінбек керек. Сын — әдебиетте қандай күрес жүріп жатқанын айна-қатесіз көрсетіп отыратын барометр ғана емес, ол сол күресті мағыналы арнаға бастап, өсу жолына түсіріп, өрістетіп отыратын көсем-күрескер. Сондықтан ол жұрттың бәр-бәрінің маңдайынан сипап, арқасынан қағып отыра алмайды. Ол, әсіресе, біз жоғарыда айтып кеткен дүмбілез шығармаларға қаттырақ шүйлігеді. Сондықтан да әдебиеттегі ондай олқы туындылардың авторлары шынайы әдеби сынға көз алартып та, сөз ертіп те бағады. Бұл — екі. Сын мен сыншы ондай дүмбілездерден сөз естісе, біз ол үшін жазғыра алмаймыз. Қайта, әдеби сынның ондайлардың көңілінен шықпағанына қуануымыз керек.

Бұл мақаланы жазғандағы мақсат сыншыны жазушылардан арашалау да, жазушылардың сында кетіп жүрген еселерін қайтару да емес. Біздің жанымызға бататыны — қазақ әдеби сыны әлі күнге қазақ әдебиетіне жолбасшылық етер шынайы үлкен беделге неге ие бола алмай жүр? Ол, әсіресе, соңғы кезде бүкіл әдеби қозғалысымыздың, оқушы қауымымыздың көңілінен неге шыға алмай отыр? Бұл төңіректе бұдан бұрын да талай әңгіме болып, пікір алысқандар әуелі осы бізде әдеби сын бар ма, жоқ па деп таласып, сосын, сын бар, бірақ кенжелеп келеді деген пікірге тоқайласқан. Сын неге өспейді деген сауалға үлкен сыншылардың зерттеу жұмыстарына ауысып кеткендігін, жас сыншылардың аз қосылып жатқанын және аз жазатынын, сыншыларда бедел жоғын, оның еңбегін ешкім құрметтемейтінін, баспалардың сыншы кітаптарын аз басатынын айтып, жауап еткен-ді. Біздіңше бұның бәрі де мәселенің түп сырын түптеп ашқан түбегейлі себеп емес, жол-жөнекей сылтаулар ғана. Шынына келсек, қазақта әдеби сын бар. Сыншылар қатары да қазақ әдебиетінің өзге жанрларының ешбірінен қораш емес. Өзге жанрларымыздың көрнекті өкілдері өте санаулы болса, қазақ әдеби сынында әдебиет ғылымының ең үздік атақ-дәрежесін алған адамдар, шүкір, жетерлік. Сыншылардың басылу жағынан да онша қағажу көріп жатқан түрі жоқ. Жастардың көп қосылуы жағынан да қазақ сыны поэзиядан кейінгі екінші орында. Солай бола тұра біздің әдеби сынымыздың беделі неге төмен?

Сын жанрын жазмыштан нәлет естуге жаралған жанр,

оны ешкім сыйламайды деп құтылуға тырысу — әбестік. Арғы-бергі тарихты қазбаламай-ақ қазіргі қазақ оқушысының әдеби сынға, әдеби пікірге деген ықыласының өзі-ақ әлгіндей үйреншікті дақпыртты жоққа шығарады. Күнделікті баспасөзде оқушы назарына ілінбей қалатын өлең, әңгіме бар болса бар шығар, бірақ, бірде-бір мақала, бірде-бір рецензия оқушы назарынан қақас қалмайды. Баспасөз бетінде белгілі бір шығармаға берілген бағаны оқушы қауымның қағып алып, пікір таласын тудыра қоятын жәйттерінің жиі ұшырап жүргендігі де соған дәлел. Ендеше, сын басындағы сырқауға жұрттың бәрін бекер күйгізе бермей, оны алдымен қазіргі қазақ әдеби сынының өз бойынан іздеу керек.

Белгілі бір сыни шығарма — жазушы еңбегіне білімі, таланты жеткенінше ең объективті баға айтуы керек. «Бұл шығарма жайлы жұрт не десе, о десін, бірақ менің пікірім осы», — дейтін сөзді оқушы айтқанмен, сыншы айтпауға тиісті. Бұдан, әрине, белгілі бір шығармаға сыншылардың әр түрлі баға, әртүрлі пікір айтуға қақысы жоқ дейтін ұғым тумаса керек. Тек сол әртүрлі пікір сыншының әдеби талантының, идеялық қуатының жеткенінше шын объективті пікірі болса болғаны.

Сындағы субъективизм әдеби творчествоға орасан кесел келтіреді. Әдеби атмосферадағы барлық ұнамсыз элементтердің орын тебер, етек жаяр, бірден-бір топырағы — осы субъективизм. Қолынан көп ештеме келмейтін, жауын-жауынның арасымен күн көріп жүргендерге керегі де сол. Субъективизм үстемдік құрып тұрса, сұрқай шығарманы да мақтатып алуға болады, сыншы «не десеңіздер, о деңіздер, бұл менің субъективті пікірім», — деп құтылады; ондай жағдайда жақсы шығарманы да «өлтіре сойдырып» жіберуге болады, сыншы бұл жолы да әлгі сылтауын айтып құтылады. Бұндай қым-қуыт дау-дамайда жолбикелер зәредей де зардап шекпейді, тек әдебиет зардап шегеді, жаза алатын талантты жазушылар айқай-сүреңнің соңында жүріп, алтын уақытын, нервін жоғалтады. Әдебиет шегер зардап та сол. Біздің әдеби сынымыз алдымен сондай құбылысты өлтіре сынап, әшкерелеп отырудың орнына, өзі әлгіндей керексіз дау-дамайдың қолындағы құралға айналып кетіп жүр. Әйтпесе, бүгін оқушы қауым жақсы қабылдаған шығарма жайлы жұмған аузын ашпай немесе оның әр сөйлеміне дейін тінтіп, кемшілік іздеп жатқан қатыгез сыншы күні ертең оқушының көңілін

қалдырған, кітап дүкенінің сөресін босатпай үйіліп жатқан ортақол кітапты жер-көкке сыйғызбай мақтап жатар ма еді? Бұл кездеспей жүрген құбылыс па?

Творчество қайраткері пәлен істеген жөн деп міндет арта салғанды емес, солай ету керектігіне әбден көзінің жеткенін қалайды. Өйтпейінше, шынайы көркем шығарма тумайды. Сол сияқты ол сенің мынадай кемшіліктерің бар деп тізе салғаныңды қаламайды, ол сол кемшіліктерді әбден мойындататын дәлелдер талап етеді. Ал сындағы субъективизм дәлелдеп жатқанды онша ұната қоймайды. Бір замандағы сыпыра соғып салу, сойып салу осындай сындағы субъективизмнің кесірінен орын алған жәйттер. Мұндай кесепаттың зардабын ешкімнен аз татпаған қазақ әдеби қауымының дәлелсіз-түксіз жол-жөнекей бір екі сөйлеммен үкім шығарып жүретін үстірт сындарға ымырасыз болатын уақыты жеткен сияқты еді. Бірақ, пәлен жазушыны қосақтап әкеп, бір көгенге көгендей салатын жауапсыз үстірт мақалалар әлі де бой көрсетіп қалады. Жалпы, соңғы кездегі сында дәлел, ғылыми талдау азайып, оның орнына көш құлаш тізім көбірек ұшырайды. Осындай жүрдім-бардымдықтың қырсығынан кейде мынандай сөлекет жайлар да кездеспей жүрген жоқ. Бүгін бір сыншы әлгіндей шолу мақалалардың бірінде бір жазушының шығармаларында схематизм басым десе, ертеңіне екінші сыншы сол жазушыны герой психологиясын аша алмайды деп сынапты. Үшінші бір мақалада үшінші сыншы әлгі жазушыны өзі көрсетіп отырған өмірлі суретті жеткізе алмайды, құрғақ баяндау басым деп жазғырады. Төртінші мақалада тағы бір сыншы енді оны сөзді қалай қалауды білмейді, сөйлем құра алмайды деп әңгімені шорт кеседі. Соның ешқайсысында да дәлел, талдау жоқ. Сөйтіп бір газеттің бетінде төрт сыншы әр кезде жариялаған төрт мақаласында жол-жөнекей төрт сөйлеммен қазақ әдебиетіне қырық жыл еңбегі сіңген, оның атын шығарған, қазынасын байытқан қадірлі жазушының творчествосын түк қалдырмай жоққа шығарып тастады. Егер тап осы мақсатпен жазылған тұтас бір мақала әлгі газетке тап болса, әрине, ондағы жолдастар ондай мақаланы газет бетіне жібермес еді. Біздің ғылыми талдау жоқ, дәлелсіз сынға етіміздің үйреніп кеткені сондай, тіпті мұндай өрескелдікке қалай жол беріп алғанымызды да байқамай қаламыз.

Іске ғылыми басшылық ету принципі ғылыми дәлелді,

ғылыми талдауды бірінші орынға шығарады. Онысыз белгілі бір шешімге келу — үлкен қылмыс. Міне, қазақ әдеби сынының өкпесін мықтап қапқан бір дерт — талдаудың жұтандығы.

Сынды субъективизм жайласа, әдебиетті сапасыздық, сұрқайылық жайлайды. Өйткені, субъективті сын дау-дамайсыз жүрмейді. Ондай итір-қылжың даудың тұсында сойыл да, шоқпар да екі-үш шығарманың үстінде болады да, талай олқы, талай кеміс тым-тырыс жата береді. Әдебиеттегі кездейсоқ элементтердің субъективті сынды жанындай жақсы көретіні де сондықтан.

Бізде сында, жиналыстарда «жікшілдік, жершілдік» дейтін құбыжық сөздер де көп айтылады. Бірақ, оның ар жағындағы үлкен кеселдерді тым әсіре сақтықпен әңгімелейміз. Мұндай керексіз тартыс неден өршиді, оны кім қоздатады? Дилетантизм мен дүмшелік — қашан да тоғышарлық қасиет. Тоғышарлық — қашан да іріткі күш. Олар өздері бір қосылып өмірдің еш құбылысына төтеп бере алмайды. Сондықтан олар өміршең тамырларға жабысады. Әдебиетте де солай әрекет етеді. Белгілілердің арасына, таланттардың арасына араздық өртін тұтатып, «ірит-соқпен» күн көреді.

Біздің қоғамымызда «Моцарт пен Сальери» трагедиясына орын жоқ. Бірақ, ол «ондайға орын жоқ бізде» деп қол қусырып отырып алсақ та, өз-өзінен өше салатын оңай кесепат емес. Тоғышарлық — біздің ісіміздегі сәл кемістен саңлау тауып, өркен жая беретін жаны сірі жымысқы құбылыс. Әдебиетімізде де ол осындай олқы жерімізді бағып жүреді. Оған қарсы да аяусыз күрес керек. Мұндай элементтермен күресу субъективті сынды қолынан келмейді. Осы себептен де әдебиет сынындағы орын алып жүрген субъективизмді батыл айыптайтын кез жетті.

Әдебиеттегі тоғышар элементтерге, сүреңсіздік пен ортақолдылыққа, халтура мен конъюктураға іздесе таптырмайтын тағы бір қолайлы жәйт — сындағы теңгермешілдік. Бұның біздегі ең көп тараған түрі — жақсы шығарманы да, жаман шығарманы да бір сүрлеумен талдау. Жақсы шығарманы қарастырсын, жаман шығарманы қарастырсын, әуелі үш-төрт жетістігін, сосын үш-төрт кемісін көрсету бізде заңға айналған. Мұндай сын-мақаланы оқып шыққанда сыншы әңгімелеп отырған шығарманың шын деңгейін аңғару

аса қиын. Мұндай сын сонда не үшін күреседі, нені дәріптейді, неге қанағаттанады? Олар үшін әдебиетте жақсы кітап та, жаман кітап та жоқ, жұрт қатарлы жазушы ғана бар. Ал, жұрт қатарлы жазушы атанудан басқаның әдебиеттегі тоғышар элементтерге керегі де шамалы. Мұндай теңгермешіл саясат әдебиетті өсірмейді. Ол, әсіресе, шын талантты жазушы мен шын талантты шығармаға обал. Бұның бәрі де біздің бір-біріміздің жақсы туындымызға қуана білуді әлі үйрене алмай жүргендігімізден өріс алған індет.

Шын жақсы шығармаға сыншы қуануы керек. Егер ол жақсы шығармаға таңдай қағып қуана алмаса, әдебиеттің әділ таразысы — сыншы емес, бақай есепке маманданып ап, жазушы мен жазушының арасынан күнкөріс айырып жүрген жолбике біреу болғаны. Ендеше, оның жазғаны әдебиетке деген ақпейіл махаббаттан жаралған туынды емес, өгей есептен жаралған өлексе бірдеңе болғаны. Амал қайсы, осындай шалажансар дүниелер бізде аз емес. Олардың бойынан әдебиеттің көсегесін көгертер рухани қасиеттен ештеңе жоқ. Бізде «жаман шығарманы жаман» деп жаза алатын сын біршама жетілгенмен, «жақсы шығарманы жақсы» деп айта алатын сын әлі өрістей алмай келеді. Жаманды жақсы деп дәлелдеуге тырысу қандай қиянат болса, жақсыны жақсы деп айтпау сондай қиянат. Бұның үлкен кемшілік екенін, оның әдебиеттің өсу-өрістеуіне аз тұсау емес екендігін әлі жете ұғынбай келеміз.

Талант аса сирек құбылыс екенін, оны әрдайым қадірлеп, бағалап отыру керектігін айтқан сөзін аузымыздан тастамаймыз, бірақ, талантты қадірлеудің ең басты жолы оның жақсы шығармасын уақытылы танып, уақытылы бағалау екенін бар-бар уақытта ойымызға ала бермейміз. Ал, бұның мемлекеттік үлкен мәні бар.

Іске ғылыми басшылық етуде ең негізгі принциптердің бірі — қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдалана білу. Талант — қоғамдық қазына, аса сирек кездесетін асыл мүмкіндік. Біз оны бір тамшысын да төгіп-шашпай мәдениетіміздің мерейін өсіруге жұмсауымыз керек. Ал, ол үшін талантты өзінің аса қымбат уақыты мен күш-жігерін керексіз дау-дамайға, көлденең әуре-сарсаңға дал қылмай, тек қоғамдық мәні зор творчестволық еңбекке жұмылдыруына мүмкіндік жасау міндет. Ал бізде ұзақ уақыт талантты жазушының жүйкесінде ойнау, оны әдебиеттен шала-шарпы хабар-

дар, шалағай сыншының құрбандығына шалып, жөнді-жөнсіз төмпешке алу, сөйтіп, оның творчестволық еңбегіне бөгет жасау кездеспей жүрген жәйт емес. Мұндай сорақылық қоғам алдында үлкен қиянат болып есептелуге тиісті. Объективті, батыл, көреген сын жоқ жерде әдебиетте болуға тиіс творчестволық жарыс, творчестволық пікір таласы ұсақ-түйек бақай есепке, астары қырық қатпар пайдасыз тартысқа, бақастыққа айналып кетеді.

Қазіргі қазақ әдеби сынынан бұл айтылғандардан басқа да ірілі-ұсақты біраз кемшіліктер табуға болар еді. Бірақ, біздіңше, тап күні бүгін әдеби сынымыздың қабырға қайыстырар үш сырқауы осы — субъективизм, теңгермешілдік және жақсы шығармаға қуана білмеу.

Бұл үш сырқаудан арылмай тұрып, ол біздің әдеби қозғалысымызға жолбасшы болар беделге ие бола алмайды. Бұл үш сырқаудан арылмай тұрып, қазақ сыншысының құлағынан ызың кетпейді.

БУНИНМЕН ЖОЛЫҚҚАНДА

Бунинді оқу — оңаша аллеядағы бейуақ жолығыстай әрі сырлы, әрі мұнлы. Қапелімде қаймыға жүздескенмен қиыспай қоштасасыз. Сіздің мәслихаттасыңыз шерткен әңгімесырдың көңіліңізге түйткіл қалдырар күмілжісі, құлақ сарсытып, мезі қылатындай даңғазаданғойы, әдейі еліктіргісі келген сынғырық-сылдырағы, басартқы-қашартқысы жоқ қалтқысыз сыр, қалтқысыз әңгіме. Ол дүрідетіп сөйлейтін дүрлікпесі көп думанды мәслихаттан гөрі қапысыз сырласатын оңаша сұхбатты көбірек ұнататындай. Бір-бірінді ол да, сен де ұзақ күткендей, асығыс алып-ұшпасы жоқ, аяулы, парасатты жолығыс.

Мен онымен осы соңғы уақыттарда ғана кейінгі он жыл ішінде, алғаш рет біздің елімізде «Москва» журналында «Арсентьевтің өмірі» атты роман жарияланған тұста жолықтым.

Мен оны кейін білдім, ол мені көптен білетін сияқты.

Осынысына әлі әйгілі атана қоймаған он алты жасар жасөспірім шағындағы жырларынан бастап, қолынан қуат кетіп, қалтырып отырып жазған кейінгі әңгімелеріне дейінгі қай шығармасын оқысам да қапысыз көзім жетті.

Сенбейсіз бе, онда Иван Алексеевич Бунинмен өзіңіз жолығыңыз. Менің айтып отырғанымның айна-қатесі жоқ, ақиқат екеніне сонда сіздің де көзіңіз жетеді.

Бірақ, байқаңыз... Сыршылдың сырдаң болмайтынын, сыршылдық пен сыр шашпалықтың бес қайнаса сорпасы қосылмайтынын ұмытпаңыз. Ә дегеннен сырт теппегенмен, ішін бермей, тұнжыр қабақпен қарсы алса салғырттығы емес, сабырлылығы. Сырдаң көңілге сыр қонбайды, сылдыр сөзден сыр табылмайды. Сыршыл суреткердің сіздің сырдаң екеніңізді, әлде сырбаз екеніңізді біліп алмай тұрып, дін ашпауы, сыр тартпай тұрып, сырласпауы әбден мүмкін.

Сынаспай тұрып, сыр ашпағанына бола сырт айналсаңыз, қарқ қылатын мол қазынадан өзім қағылдым дей беріңіз. Оған кейін қапы қап өзіңіз қынжылмасаңыз, ол қынжылмайды.

Сырласу... Буниннің табиғаты, Бунин творчествосының табиғаты. Ол өз аузынан шыққан әр сөзді өзімнің ең жақын досыма айтатын жан сырым деп ұғады. Ол тек өзі ұнатқан адамдарды ғана емес, қатты сүйсінген үлбірек қызғалдақ пен үлді тоғайды, қанатынан нұр шашыраған көбелек қанат көңілді албырт жасты, ақ қайыңның ақ сылаң желегін, тап сол желектен айнымайтын кінәратсыз қыз баланың кір жұқпаған көйлегін, кәрілердің сабыры мен жастардың жалынын, — өзі есі қалмай сүйетін күллі табиғат, күллі әлемді жан сырымды жасырмай айтатын жан досым деп есептейді. Ол үшін: бүкіл болмыс пен табиғат — жанындай көріп сүйетін жан досың; жанындай көріп сүйетін жан досың — күллі әлем. Сол үшін де күллі әлемнің өзі аңғарған сырын жан досыңа, жан досының өзі аңғарған сыры мен шынын күллі әлемге, барша жамағатқа жасырмай айтады.

Бұл — Бунин прозасының табиғаты. Бұл — Бунин өрбіткен (бәлкім, Буниннен өрбіген) лирикалық прозаның табиғаты.

Осыны ұқпай тұрып, Бунинмен жолығыстан бәрібір мән шықпайды.

Сырласу үшін сыр айтатын кісіге, сыр тыңдайтын кісіге де парасат қажет. Екеуінен де сыр табылмай тұрып, екі кісі бас қосқан кез-келген әңгіме сырласу бола бермейді.

Сырласу — молшылық, кеңшілік. Әдетте кісі сырласып отырып, мол пейілін жайып салады, мол пейілін жайып салып отырып, сырласады.

Ежелгі тарих пен бүгінгі өмір, табиғат пен адам, адамгершілік пен әсемдік, сезім мен ой арасында ажырамас гармония, үйлесім болуы — міне, И. А. Буниннің эстетикалық мұраты осы.

Ол осы мінезімен де әр ел мен әр кезеңнің оқушыларын бірдей баурайды.

Ормандай қалың орыс әдебиетіндегі Бунин аллеясы қапелімде бір көрген көзге тым оңаша, тым тұнжыр көрінуі де мүмкін. Аққайыңдар тізіліскен алашабыр аллеяда сырт дүниеде қазір не болып жатқанын, ертең ауа райының қандай болатынын қапысыз тану, бал ашу қиынға соғатын тәрізді. Мұнда сол тұстағы орыс өмірінің ең басты оқиғаларының ешқайсысы өтпейтіндей, орыс қауымының

азуындағы ең маңызды мәселелердің ешқайсысы айтылмайтындай. Сол тұстағы орыс ауасы Бунин аллеясына барша шаң-тозаңымен, аңызақ-аптабымен тасқындай, ақтарыла енбей, сұлу бақтағы мол жапырақтың сүзгісінен өтіп, сыздықтап енетін тәрізді. Рас, орыс тіршілігіндегі аңызақтар мен аптаптардың екілене соққан дүрбелең сәтінде Бунин аллеясындағы тым қоңыржай, тым бұйығы қалыпты ұнатпаған сәттеріміз де, ұқпаған кездеріміз де болды.

Бунин аллеясы өз тұсындағы әлеуметтік өмірден алшағырақ тұрса тұрған шығар, бірақ атымен шет қалды деп ешкім айта алмайды.

Бунин аллеясында сұхбаттасу үшін кім-кімге де адал жүрек, сергек көңіл, жіті көз, түрік құлақ керек. Ондай жандар Бунин аллеясынан ағаштардың суылы мен жапырақтардың сыбдырын естіп қана қоймай, сырт дүниедегі ұлы арнада қызыл су жүріп, сірескен мұздардың сытырсытыр сынып жатқан құдіретті гүрсілін де естір еді. Бірақ, Бунин аллеясында ол гүрсілді бар қуат, бар күшімен естімей, алыс өңірге әлсіреп жеткенмен анық жеткен қалпында естисіз. Бұл да — Бунин талантының табиғаты, бәлкім, Бунин трагедиясының басы да осында шығар; Бунин өз тұсындағы әлеуметтік өмірді өзінше қабылдағанмен, одан ешқашан шет қалған, шет тұрған емес. Өз тұсындағы әлеуметтік өзгерістердің қайсысы өміршен, қайсысы өткінші екенін әрі-сәрі уақытта дұрыс байқап, дұрыс бағалай алмағаны рас. Бірақ, ол қашанда да көз алдындағы дүниенің, ең алдымен, әлеуметтік өзегіне үнілді. Бунин лирикасы — самарқау пенденің емес, сергек азаматтың сырлары. Ол өз тұсындағы шындықтан да, өтіп кеткен күндер шындығынан да ізгілік пен зұлымдықтың, махаббат пен опасыздықтың, топастық пен данышпандықтың, тереңдік пен кереңдіктің, өлім мен өмірдің арасындағы бітіспес айқасты іздеді. Сондықтан да, ол үшін ізгіліктің апогейі — махаббат, зұлымдықтың апогейі — өлім, махаббат азапты, арпалысты, күресті талап етеді. Онсыз махаббаттың дегенінен шықпаймыз.

Өмір туралы әңгіме қашаннан, қай заманнан бері өзек өртер басты әңгіме болмай, еріккендер айтатын қосалқы, бұралқы әңгімеге айналып еді?!

Ендеше, Бунин өмірдегі ең өзекті, ең басты проблемалардан шет тұрды деген қауасет те бекерге шығады.

Бунин өзі өскен ортадағы, өз тұсындағы әлеуметтік өмірдегі өзі таныған құбылыстардан ешқашан зұлымдық-

тың сөзін сөйлеген жері жоқ, әрдайым ізгіліктің сөзін сөйледі. Ізгілікті суреткерге тән батырлық, талаптылықпен қорғады.

Әдебиетте адалдықты, ізгілікті тек талант қана жақтай алады. Талантсыздық — өзі арамдық, өзі әділетсіздік болғандықтан, ешқашан адалдықтың, ізгіліктің, әділдіктің сөзін сөйлей алмақшы емес.

Талант шындықтан ғана шындық, ізгіліктен ғана ізгілік жасай алады, ал қанша құдіретті болғанмен, жалғаннан шындық жасай алмайды; ал талантсыздыққа шындықтың сөзін сөйлетсеңіз де — трагедия.

Буниннің революция тұсындағы әрекеттері осындай рухани трагедия еді... Оның бұл трагедиясын өз елі, өз халқы таныды, бірақ табалаған жоқ.

Өйткені, Буниннің халқы алдындағы адал еткен еңбегі әлгіндей аяқ алдыруларынан әлдеқайда ұлы, әлдеқайда аяулы.

Қиянат Бунин творчествосына жараспайды. Ол өз шығармаларында өмірі өтіп бара жатқан дворяндық тұрмысты мұңая суреттей отыра, дворяндық өмірдің күйреуіне себепші болған шаруаларға тіл тигізбейді.

Ол орыс әдебиетін, орыс мәдениетін өліп-өшіп сүйеді. Бірақ өзге жұрттар мәдениетіне я мүсіркей қарау, я менсінбей қарау — оған атымен жат.

Бунин — күрделі жазушы, бірақ шытырман жазушы емес. Ол Россияда декаденттіктің айрықша қаулап тұрған тұсында әдебиетке келсе де, батыстың модернистік мәдениетінің ортасында өмірін өткізсе де, өнердегі өткінші мен өмірліні тапжылтпай тани білді, айқындықты, анықтықты, қарапайымдылықты (бірақ, жұпынылықты емес) қағида тұтты. Шытырман дүниедегі шындықты шытырманға-шырғалаңға түсіп таба алмайсың, ақиқатты танудың ең сенімді құралы — айқындық, анықтық болса керек.

Таланттың тойы табыну үшін емес, тағлым үшін өтсе лазым, Тағылымділерді танымау — бейбақтардың ісі, тағылымсіздерге табыну — бейшаралардың ісі. Сылқымдықты — сұлулық, сылдырақты — сыршылдық, сыздауды — сырбаздық, көк мылжынды — көсем тұту бар жерде өнер өрлеп тұр екен деп тек кещелер ғана ойлайды,

Бунин жазушының ондай кещелікке бой алдырған жері жоқ, Бунин творчествосы ондай-ондайлардан құлан-таза сау, оның шығармалары өнерді, өнерпазды құлан-таза саулыққа шақырады.

Орыс әдебиетінде Бунин тағылымы жайлы әңгіме мол. Чехов, Короленко, Горький бастаған бұл әңгімені осы заманды орыс әдебиетінің Л. Леонов, А. Твардовский, К. Паустовский, В. Катаев, Ю. Казаков, В. Солоухин сынды өрелі өкілдері жалғастырды.

Көп дәстүрлі, көп мінезі енді-енді қалыптаса бастаған жас қазақ прозасының да Бунин творчествосынан үйренері жеткілікті. Ол жас прозаны мазмұндағы сылдырлақтан сақтандырса, түрдегі әсіре сылқымдық пен орынсыз олпы-солпылықтан бірдей жасқайды.

Ол осыдан бір ғасыр бұрын дәл осындай күзде, шөп басына мизам қонып, бір жарқын жаздың қызығы бітіп, келесі жылдың қай мінезбен келерін қобалжи күткен елегізбе кезеңде дүниеге келді.

Бунин дүниеден өткенімен, оның сыры, оның жыры таусылған жоқ. Бунин аллеясы орнында. Өмірдің ең бір өзек күйдірер өртеңді мәселелері, азаматтық бақыт пен адамгершілік, махаббат, сұлулық, табиғат, ерлік туралы сырласқымыз келгенде, сол бір қоңыржай аллеяға қарай әлі талай бет түзерміз... Сонда адал, әділ, дана, еңбекқор суреткерді әрдайым өз орнынан табармыз. Біз оған әлі сан рет жолығып, сан рет сырласармыз.

1970 жыл.

НАЧАЛО ВСЕХ НАЧАЛ

В бескрайней степи одиноко возвышается окутанная маревом гора. Далеко от нее на востоке простираются хребты Алтайских гор, а до снежных вершин Тянь-Шаня на юге отсюда еще дальше. Одна-одинешенька стоит она посреди безбрежного ровного пространства, и только диву даешься, когда и каким образом могла тут появиться, какое могущество заставило ее вырваться из недр земли.

Он родился здесь, в урочище Чингисских гор. Здесь же за шесть столетий до его рождения остановились несметные тумен Чингис-хана, чтобы дать передышку себе и коням и подготовиться к новым кровавым походам. Именно отсюда они начали свои опустошительные набеги на запад. Видимо, с тех пор древние приземистые горы и стали называться Чингисскими...

Мог ли кто-нибудь предположить, что эту степную глушь прославить со временем не грозный хан покоривший многие страны и народы, и маленький, никому не известный степняк, качавшийся в сплетенной из тальника колыбели в богатой белой юрте старшины рода Тобыкты Кунанбая, чей аул раскинулся у подошвы Чингисских гор. И прославит он не только эти края, а всю обширную степь, весь казахский народ.

Он родился на древней земле, свидетельнице многих исторических событий, в смутную, как сумерки, эпоху безвременья. Как и все дети казахских аулов, босоногим бегал по колючей траве, играл в асыки, объезжал стригунков, а тихими благодатными вечерами, положив голову на колени бабушки, зачарованно слушал ее мудрые сказки. Он рос удивительно чутким, любознательным, впечатлительным. Но никто не догадывался, что он станет поэтом. О том не подозревал даже дальновидный,

поражавший степняков умом и коварством его отец Кунанбай, прозванный в народе ханом из черни. Он надеялся, что из живого, смышленного мальчика вырастет не властитель дум народа, а властный правитель, умеющий держать народ в узде. Закаленный в бесконечных родовых распрях и тяжбах, матерый хищник не хотел уступить бразды правления другим и, чтобы у него самого был надежный наследник, учил сына то в медресе, то в русской школе. О поэтическом своем призвании не догадывался и сам Абай. Те несколько стихотворений, которые написаны им в медресе, он считал лишь подражением восточным классикам, произведения которых с раннего детства заучивал наизусть, а сочиненные уже в ауле отдельные строки, едко высмеивавшие пороки близких и знакомых, обожавшие его родственники по матери расценивали как наследственную шалость острого на язык шаншарцев*. Возможно, потому он почти до сорокалетнего возраста не занимался всерьез поэтическим творчеством.

Казахская степь находилась тогда на распутье. Маломощные степные ханства рушились. Стихийные вспышки восстаний против колониальной политики царизма и местной знати были жестоко подавлены. Освободительный дух, всколыхнувший было бесправный люд, угас.

Социально-общественная мысль еле-еле тлела. Романтические, гражданские, бунтарские мотивы, столь характерные для казахской народной поэзии, уступили место безысходной тоске, «книжности», религиозной мистике, воспеванию жизни мусульманских святых и походов во имя пророка. Секира палача обезглавила пламенного поэта-бунтаря Махамбета Утемисова, призывавшего соплеменников к свободе. К тому же не во все уголки разделенной на множество родов и истерзанной распрями степи доходил горды клич Махамбета, Абаю, например, неведомы были ни сам Махамбет, ни его поэзия. Казахскую степь тех времен можно, пожалуй, сравнить с кочевьем, слепо бредущим по привычной тропе и вдруг очутившимся в тупике перед непреодолимым перевалом. Кочевье оказалось в растерянности, а мудрого и решительного предводителя не было. В творчестве акынов преобладали мотивы уныния, тоски по прошлому, страха перед будущим.

* Шаншарцы — казахский род, прославленный своими острорословами.

Степной край, который был в прошлом свидетелем величайших событий истории, остался на несколько веков в стороне от крупнейших центров общественно-социального развития. Народ, обитавший в той степи, по которой некогда пролегли знаменитые караванные дороги, теперь был отрезан от мировой цивилизации.

И вот эту изолированную от всех, погруженную в тяжелый, беспробудный сон патриархальную степь всколыхнула колониальная экспансия царизма. Неотвратимое время поставило перед казахским народом вопрос о том, как жить дальше. Каким же проницательным умом, каким смелым и мужественным даром провидца надо было обладать, чтобы понять подлинный смысл перемен, которые при жестокости колониальной политики открывали возможности дальнейшего исторического развития; осознать, что союз с Россией приносит в степь и знание и светоч культуры, без которых немислимо идти вперед, бороться с невежеством. Жизнестойкий дух степняков подсознательно верно ощутил это. То, что можно было назвать духовным обновлением, нуждалось в своем выразителе и истолкователе. Им и оказался Абай.

Как одиноко возвышающиеся в широкой степи загадочные Чингисские горы явились следствием мощной вулканической деятельности, так и Абай-поэт был рожден столь же мощным духовным пробуждением народа. Подобно тому, как одинокая гора Чингиз-Тау бросила вызов унылой гладкости и безликости степи, Абай, словно могучая скала, поднялся над безвестностью, безымянностью казахской культуры.

Поэтическое кредо Абая — «слово, нутром златое в серебряной оправе». Вызванный к жизни чаяниями и горем народным, он выражал самое сокровенное в душах людей.

Я мог бы петь кичливых богачей.

Красавиц легкой веселить забавой.

Бряцание пустых моих речей

Служило б жизни сладкою приправой.—

Перевод В. Звягинцевой

писал он в одном из первых стихотворений, разоблачая бескрылость, неискренность, духовное убожество многих тогдашних акынов.

Абай создал немало произведений, воспевающих радость жизни и красоту родной природы с такой художе-

ственной силой, которая была недоступна прежде ни одному из казахских поэтов. Его любовная, интимная лирика стоит в ряду лучших творений мировой поэзии. Однако в понимании Абая поэзия не праздная забава, не словесные узоры, а духовный предводитель, «властитель языка», раскрывающий «не только очи, но и сердца».

Устную поэзию, Абай поднял на качественно новую высоту, достойную письменной литературы. Свойственные толгау рассудочность, дидактика в его произведениях уступили место глубокому раздумью, яркой образности; трескучая патетика — спокойному, сильному чувству, выплавленному в недрах мысли.

Абай обогатил казахское стихосложение качественно новым содержанием и, следовательно, качественно новой формой. Традиционное стихосложение, многие века подчиненное слуховому восприятию и аккомпанементу домбры в руках акына, он подверг принципиальной реформе, введя ряд новшеств в строфику, ритмику, эфонию казахского стиха, расширив его смысловые и ритмико-мелодические возможности, открыв новые изобразительные средства, неведомые устной литературе. Благодаря этой реформаторской деятельности казахская поэзия стала значительно богаче; она смогла точнее, шире, глубже изображать многообразные жизненные явления и передавать тончайшие движения души. К большому сожалению, плотные, упругие, сочные, глубокие по мысли, отточенные по форме стихи Абая почти неведомы иноязычному читателю. Существующие переводы являются лишь робкой попыткой, они весьма и весьма далеки от оригинала, в лучшем случае передают лишь приблизительный смысл. Лирика Абая до настоящего времени еще не нашла своего переводчика.

Абай — основоположник казахской письменной реалистической литературы, новатор, первооткрыватель неведомых до него путей. И при этом его творчество не робкая, едва заметная тропинка, по которой легли неуверенные шаги в неизведанные дали, а широкая, ясная дорога, проложенная гением к далеким горизонтам, к горным вершинам, неприступным в течение многих веков.

Казахская поэзия благодаря Абаю круто взмыла ввысь словно орел, который, раз взмахнув могучими крыльями, гордо парит в вышине.

Все его литературное наследие составляет один объемистый том. Но книга эта — огромный мир, вместивший

в себя многоликий, многогранный духовный облик целого народа. Абай считал, что сердцевина поэзии — не сладкие грезы, а суровая, горькая правда жизни. Родившись в смутное время, когда новое и старое в ожесточенной борьбе попеременно одолевали друг друга, он счел высшим сыновним, гражданским долгом перед своим народом разоблачать, клеймить зло и пороки общества.

Тот, кто впервые знакомится с его социальной, гражданской лирикой и со «Словами назидания», этой философской прозой, похожей по жанру на современные эссе, может подумать, что автор не столько показывает светлые, яркие, выдающиеся черты в характере своего народа, сколько выпячивает, высмеивает, обличает тeneвые. Однако эти гневные и горькие раздумья не имеют ничего общего со злорадством. То было выражение обиды и боли поэта-гражданина, беспредельно любящего свою степь, та самая, отравленная горем, «странная любовь», в которой признавался своей отчизне Лермонтов.

Не унижить, не оскорбить своих соплеменников думал Абай, а «расшевелить» их, разбудить в них достоинство, честь, гордость, попранные бесправием, невежеством, дикостью. Как горьким лекарством излечивают болезнь, так горькой правдой, высказанной с болью сердца, он стремился вырвать казахов из мрака бездуховности. В этом выразились прозорливость философа, мужество гражданина, честность художника. Не разоблачать, а скрывать зло, значит, продать правду, совершить преступление перед будущим. Абай же страстно мечтал о большом и ярком будущем своего народа и потому не мог не говорить ему суровую правду прямо в глаза.

Главным героем казахского устного творчества, и особенно эпических дастанов доабаевского периода, служил, как правило, могучий батыр или властный хан; основным героем Абая стал представитель простого народа, человек, смело и открыто смотрящий на мир. Идеал поэта — образованный, мыслящий, искренне заботящийся о своем народе гражданин. Конечно, великий поэт не понимал и в условиях той среды не мог понять, что социальные противоречия и пороки, которые он так беспощадно разоблачал невозможно преодолеть, излечить одними просветительскими мерами, что это под силу только социальным революциям. И тем не менее он сумел подняться на самую высокую ступень передовой общественной мысли своего времени и как большинство выдающихся

представителей мировой культуры той эпохи, честно и верно служил самым демократическим, самым гуманным, самым прогрессивным идеям.

Пушкинское определение «Судьба человеческая — судьба народная» было ключевым в абаевском понимании значения литературы. И потому он, как истинный гуманист, так чутко, тонко, нежно, проникновенно воспевал любовь и счастье, радость и горе, надежду и разочарование — эти вечные спутники человеческой жизни. Самым страшным злом, самым большим преступлением на земле Абай считал произвол, насилие над личностью. Никто до него не подмечал так зорко и не описывал так точно классовое расслоение, социальное неравенство в степи. Даже в чисто пейзажной лирике он не может пройти мимо несправедливости, царящей в казахском ауле, мимо непримиримых противоречий между богатыми и бедными. При этом, однако, поэт далек от слезливого сочувствия к обездоленным; активно поддерживал их, он резко обличает притеснителей.

Любовь к человеку была для Абая не прекраснотушным мечтанием, а обязывающим жизненным принципом. И он по мере сил пытался преградить путь беззакониям, хотя бы в пределах своей округи. Ради этого поэт, не щадивший впоследствии в своих стихах ловкачей правителей, пройдох-грабителей, «блюстителей законов», стал волостным управителем, наивно полагая, что справедливый правитель наведет справедливый порядок. Но хотя бы трехлетняя деятельность Абая на посту волостного и оказалось плодотворной, его надеждам не суждено было сбыться. У поэта, выражавшего интересы народа, вскоре отобрали бразды правления.

Вызывает восхищение и удивление тот факт, что в канун империалистических войн, в эпоху колониализма, видя, с одной стороны, насильственную русификацию казахов, проводимую царизмом, и панисламистские тенденции националистической буржуазии, с другой, Абай не замыкался в скорлупе узко национальных вопросов, был совершенно лишен национального чванства, кичливости, оставался «сыном человечества» в самом чистом, высоком смысле этого слова.

Гуманизм Абая был органически связан с его поэтическим и гражданским обликом. И в лирике, и в философской прозе он неустанно осуждал, безжалостно высмеивал самодовольных невежд и мракобесов, сеявших

недоверие, неприязнь, вражду к другим народам, постоянно призывал казахов быть строго критичными к себе, учиться всему хорошему, доброму, передовому у других народов, и прежде всего у своего соседа — у русского. И, когда он говорил: «Ныне моим Востоком стал Запад» — это не было циничным заявлением космополита: слова эти выражали глубоко патриотические чувства поэта, как никто другой понимавшего, что самая большая духовная потребность народа — образование, передовая культура. Он глубоко и всей душой любил прогрессивную русскую культуру, особенно Пушкина. С такой же силой ненавидел жестокую колониальную политику царизма. Он гордился каждым казахом, который стремился к знаниям, к культуре русского народа, через нее к мировой культуре и язвительно высмеивал своих правителей, выскочек, чинуш, приспособленцев, угодничавших, лебезивших перед царскими чиновниками. Противник всякого рабства, Абай считал позорным, противным человеческому естеству и национальное неравенство, национальное угнетение.

Абай — гордость, честь и совесть казахского народа. Своими бессмертными творениями он перед всем миром раскрыл нестигаемую волю, прозорливость, душевную щедрость, богатую поэтическую натуру казахов, бывших кочевников, в течение многих веков стойко выносивших бесчисленные тяжкие испытания судьбы.

Великий гуманист, демократ, поэт, он нашел общий язык с разными народами разных континентов и времен. Мудрый сын казахской степи стал близким и понятным всем людям доброй воли, поклоняющимся Разуму, Добру и Свободе.

Как и свой великий духовный наставник Пушкин в истории русской культуры, Абай в культуре казахского народа является «началом всех начал». Начатый Абаем поход в будущее, к новому, неведомому, к светлым идеалам человечества продолжается на свободной казахской земле, и никогда не погаснет в сердцах потомков благословенный огонь его поэзии.

1971г.

ӨЛЕҢ КӨКЖИЕГІ

I. «ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ ӨЗ ЖАЙЫМДЫ»

Соғыстан кейінгі кезең. Бір ақынның өлеңі бар-ды. Алты жасар баласынан әкесі: «Өскенде кім боласың?» – деп сұрайды, сонда баласы: «Кім болсам, ол болайын, әйтеуір ақын болмасам болды», – дейді.

Әйгілі Леонардо да Винчи бейнелеу өнері жайлы кітабында «Бейнелеу өнерін (живописьті) жек көретін адам философия мен табиғатты да жек көретін адам... Суретші заттардың өз бейнесін көреді, ал ақын тек көлеңкесін көретді...» дейді де, поэзияны «Соқыр сурет» деп бағалайды. Ол өнер-өнердің ішінде бейнелеу өнерін бірінші орынға, мүсін өнерін екінші орынға, музыканы үшінші орынға қояды да, ал поэзияға (күллі әдебиет деп ұғыңыз. – Ә. К.) бар болғаны төртінші орынды зорға қияды.

Революциядан кейінгі қызу таластар тұсында жаңа заман, жаңа шындық, өмірде жаңа серпін орнауына байланысты енді лириканың заманы өтіп, эпостың заманы туды деген пікірлер айтылған. Оған Максим Горькийдің өзі де құлақ асқан.

Сонда да жұрт өлең жазуды қояр емес. Сонда да жұрт өлең оқуды қояр емес. Поэзия өзінің көп ғасырлық тарихында қауым назарынан қағыс қалып көрген жоқ. Ендеше, оған асыра мақтау-мадақ айтып, басын оздыру біздің міндетімізге кірмейді. Өлеңнің біздің адвокаттығымызсыз-ақ жерде қала қоймас түрі бар.

Біз жоғарыдағы үш пікірді терістігін дәлелдеу үшін келтіріп отырған жоқпыз. Оны өлеңнің өзі дәлелдеп берген. Біз олардың неге айтылғанын, қашан, қандай жағ-

дайда айтылғанын, сол арқылы өлеңді түсіну үшін, өлеңге деген оқушы қауымының елден ерек сүйіспеншілігін түсіну үшін алып отырмыз.

Әрине, бұл пікір бір-біріне кереғар үш кезеңде, үш түрлі жағдайда айтылған. Италиян өнерінің қайта өрлеуі тұсында өмірге, адамға зор оптимизммен қараған әйгілі суретші өнердің мақсаты өмірдегі сұлу жарастықты, кемел келісімді бейнелеу өмірдегі құбылыстардың, әсіресе адамның, сырт дидары мен ішкі сыры бір-біріне саймасай, жарастықта құрылған, сырты әсем құбылыстардың іші тұрпайы, сырты сиықсыз құбылыстың іші әсем болуы еш мүмкін емес деп түйеді. Ол тұс адам құдіретін, адам сұлулығын көкке көтерген қайта өрлеу дәуірінің тұсы еді. Ол тұста суреткерлер адамзат қоғамының, адам жанының гармониясын байқағанмен дисгармониясын әлі байқаған жоқ еді. Сондықтан да құбылыстың сырт сұлулығын неғұрлым дәл жеткізсең, оның іш сұлулығын да солғұрлым дәл жеткізгенің деп ұқты.

Рас, заттардың сырт бейнесін (Леонардо да Винчи тілімен айтсақ өз бейнесін) жеткізуде поэзия бейнелеу өнерімен тайталаса алмайды. Бірақ, бейнелеу өнері сол Леонардо да Винчидің қағидасын ұстанып, бір орында қатып тұрып қалған жоқ. Оның әйгілі жерлесі Рафаэль картиналарындағы мадонналарда Леонардо да Винчи мадонналарындағы әсем тән мен нұрлы жанардың орнына әсем тән мен мұңлы жанар, қиялшыл жанар, сағынышты жанар бейнеленеді. Сөйтіп, бейнелеу өнерінде адам анатомиясы ғана емес, адам психологиясы да молырақ көрінетін болды. Голланд Рембрандт бейнелеу өнерінде революция жасады. Ол өз өнерінде адам өміріндегі, қоғам өміріндегі гармонияны ғана емес, дисгармонияны да көрсетті. Өйткені, ол адамзат қоғамында әлі талай қайшылықтар бары ашылған тұс еді. Поэзияның ерекше көркейіп өскен тұсы да сол кезеңге сай келеді. Әлемдік лирикаға Байрон мен Шеллидің, Гете мен Шиллердің келуі соған айғақ. Демек, қоғамдық құбылыстағы елеулі өзгеріс, үлкен сілкіністер тұсында адам, жеке адамның жан дүниесі, ондағы бұрқаныс-бұрқақ суреткерлер көңілін ең алдымен баурайды. Ондай тұста адам жанына үңілудің ең бір тиімді жолы — лирика боп шығады.

Ежелгі дәуір лирикасына көз салсақ та, соны көреміз. Ерте грек лирикасының шығуы біздің заманымызға дейінгі VII—VI ғасырлар тұсында Грецияда ескі қоғамдық қатынастар күйреп, әлеуметтік қайшылықтардың күшею тұсы-

на дәл келеді. Рулық құрылыстың, ежелгі коллективтердің күйреу, тайпалық қоғамнан адамдардың бөлініп шығуы болмысқа деген индивидуалистік көзқарастың қалыптасуына себепші болды. Ол оған дейінгі грек фольклорындағы жоқтау (элегия), әшкерелеу (ямб), мадақтау (гимн) сияқты формалар негізінде әлемдік әдебиет тарихындағы алғашқы индивидуалдық лирика үлгілерін туғызды. Грецияда қала-мемлекеттер-полистердің пайда болуына байланысты әдебиеттегі негізгі жанр біздің заманымызға дейінгі V ғасыр тұсында драма, IV ғасыр тұсында проза болды. Ол тұста қоғамдық көзқарасты білдіретін құрал ретінде лирика шеттетіліп, оның орнына философиялық диалогтар мен шешендік сөздер алды. Біздің заманымызға дейінгі IV ғасыр аяғында Элин мемлекеттерінің құрылуы әдебиеттің қоғамдық қызметін түбірімен өзгертті. Элин бюрократиясы тұсында мыңдаған адамдық аудиторияға арналған драма мен шешендік өнердің жолы кесілді, енді интеллигенция кішігірім топтарға бөлінді, өнер мен әдебиетті сондай аз адамның басы қосылған жиынсауықтарда ғана қызықтай алатын болды. Бұның өзі Грецияда лириканың қайта өрлеуіне жағдай жасады. Әдебиет тарихындағы Элин лирикасы солай туды. Ерте Рим лирикасының тууына республиканың құлап, империяның қайта орнауына байланысты әлеуметтік күйзелістер себепші болды.

Бұның бәрі де лириканың өрлеу-өшуінің үлкен әлеуметтік төркіндері барын дәлелдейді. Лирика адамзат қоғамының дүние тану, өзін тану арсеналынан ешқашан түсіп көрген емес. Оның әдебиетте басты орынға шығуы, аяққы орынға шығуы сол кезең тұсындағы адамның қоғамда қандай орын алғанына байланысты. Ол жеке адамның жан сыры, рухани келбеті арқылы бүкіл қоғам, бүкіл кезең шындығын да танытады. Демек, қоғамда орасан зор әлеуметтік серпілістер бар тұста лирика өте-мөте көркейген. Лирика қоғамдық болмыстағы гармонияны да, дисгармонияны да бейнелей алады. Бірақ, ол құбылыстар тек жеке адамның жан-дүниесін рухани белсенділікке, азаматтық құштарлыққа бастай алатын құбылыстар болсын.

Белгілі бір әлеуметтік құбылыстың әдебиетке, өнерге жасаған ықпал-әсері сол оқиғаның тарихтағы хронологиялық мерзім аясымен ғана өлшенбейді. Жоғарыда тоқтап өткен ежелгі лирика шежіресіне үңілсек, рулық қоғам күйреп, еркіндікті алғаш көре бастаған тәуелсіздік ой ерте грек лирикасын тудырды, ал республика құлап, империя

орнаған тұста кеше азын-аулақ азаттық бостандықтың дәмін татып, соны көксеген тәуелсіздік ой рим лирикасын тудырды. Мұндай құбылысты орыс поэзиясынан да айқын байқауға болады. Азаматтық бостандық, демократия идеялары Россияға да кең тарап, сол жолдағы қозғалыс өршіген тұс орыс әдебиетіне Пушкин сияқты ұлы лирикті әкелді. Ал, ондай қозғалыстың жеңіліске ұшырап, күйзелген тұсы сол идеялар мен идеалдарды жалғастырушы ұлы Лермонтовты берді.

Октябрь революциясы қарсаңындағы орыс лирикасы қоғам тарихында аса зор өзгеріс болатынын алдын-ала сезіп, алдын-ала күткен мінез танытты. А. Блок, В. Брюсов, С. Есенин лирикасына үңілер болсақ, дауыл алдындағы табиғат тынысындай ұлы сілкініс, ұлы дұмыу алдындағы қоғам тынысын танимыз. Мұнда өмірге елтіген ләззатшылдықтан гөрі әлденені ынтыға күткен, толқи күткен, абыржи күткен рухани күйзеліс, тебіреніс басым. Лириканы өрбітетін де сол адам жанындағы мазасыз, тебіреніс, мігірсіз арпалыс. Ендеше, Леонардо да Винчи поэзия заттардың сырт бейнесін беруде дәрменсіз деп сынаса, адамдардың жан-дүниесіне ықпал еткен болмыс құбылыстарының ішкі бейнесін беруде поэзияның, оның ішінде лириканың мүмкіндігі тіптен шексіз. Сөйтіп, лирика көзінің алдындағы нәрсенің өзін көрмей, көлеңкесін ғана көретін «соқыр сурет» емес, болмыс құбылыстарының сонау жетіқат тереңдегі тұңғық сырларын да айнытпай танитын сұңғыла сурет болып табылады.

Революция тек өмірге ғана емес, адамдардың, халықтың, ұлттың жан-дүниесіне де орасан зор өзгерістер әкелген-ді. Революциядан кейінгі құрылыс, түбірлі өзгерістер үлкен эпикалық масштабты қажет ететінін, жаңа шындықтың әдебиеттің эпикалық жанрларына орасан мол материал тауып беретіндігін ешкім жоққа шығара алмайды. Алайда жаңа қоғамның, жаңа шындықтың орнығуы жаңа сипатты адамдардың тууымен баянды етілмей ме? Ендеше, әлеуметтік құбылыстардың мән-маңызы оның адамдар санасына еткен әсер-ықпалымен өлшенбей ме? Олай болса, адам жанындағы түбірлі өзгерістер, өзгеру, өсу процесін лирика бейнелемегенде кім бейнелейді?! Революция елең-алаңындағы лирикадан бақ тайды деген пікірдің асығыс, ағат пікір екенін совет әдебиеті әлем алдында дәлелдеп берді. Советтік дәуірде орыс әдебиетіне А. Блок, С. Есенин, Б. Пастернак, Н. Заболоцкий, Э. Багрицкий, А. Твардовский, Н. Тихонов, С. Маршак, Л. Мартынов сияқты көрнекті лириктер қосылды.

Егер қайсыбір жылдарда өлең өгейлік көрсе, ол соны өмірлік шындықтың лирикаға өзек бола алмайтындығынан емес, әдебиетке деген, өнерге деген атүсті қисындардың тізгін алып кеткендігінен болды. Тұрпайы социология тұсында лириканы дайын идеяларға иллюстрация әзірлеумен, дайын тезистерді ұйқасқа түсірумен шектегісі келгендер де табылады. Әрине, ондай жағдайда өлеңнің көсегесі көгермейді. Лириканың табиғаты оны көтермейді.

Өнерде жасалған бейнені объективті-реальдық болмыстың субъективті бейнесі деп түсінетін әлеуметтік эстетика қоғам мен табиғаттағы құбылыстардың жалпылық, ерекшелік, даралық сипаттарының диалектикалық бірлігі арқасында қарастырмай, әлгі үш компоненттің алдыңғы екеуінің ғана жиынтығынан жасақталған бейне шын мәніндегі көркем бейне болып шықпайтынын, сондықтан көркемдік таным-түйсікте даралық (субъективтік) компоненттің қатысуы қалай да міндетті екенін дәлелдеп берген-ді. Реалистік бейнелеу теориясы еске алынбаған тұрпайы социология тұсында жоғарыда айтылған үшінші компонент атымен қағыс қалдырылды. Ол субъективизмге ұрындырады деп түсіндірілді. Бұл, шын мәнінде, көркем бейнеге ғана емес, адамның дүние танығыштық қасиетіне сенбеушілік болып табылар еді. Бұл эстетикаға да, бейнелеу теориясына да қырық қайнаса сорпасы қосылмайтын волюнтаристік қара дүрсін қағидалар еді. Мұндай жағдайда, ең алдымен адам жанына үңіліп, қоғамдық болмысты сол арқылы зерттеп, сол арқылы бейнелейтін лириканың өрісі өте-мөте тарылатыны өз-өзінен түсінікті.

Біз жоғарыда мысалға келтірген қазақ ақынының өлеңі де осындай тұста жазылған-ды.

Бәлкім, ол поэзия сияқты қиын да күрделі жанрдың бейнетінен зорыққан таңқы талант біреудің жазып жүргені шығар. Жоқ, ол өлеңнің авторы анау-мынау емес, Қасым Аманжоловтың өзі. Ендеше, бұл жақсы өлең жаза алмай, дүниеден баз кешкен тайыз таланттың ызасы емес, өлең табиғатына да, өнер табиғатына да шорқақ қисындар меселін құртқан жайсаң таланттың заңды ашу-ызасынан туған өлең.

Алайда, заман парқын, дәуір табиғатын кез-келген уақытша үкім, уақытша нұсқау біржолата көлегейлеп тастай алмайды. Әлгіндей қаншама қара дүрсін қағидалардың өктемдігі өткенмен, әдеби процесс өз арнасын тастап кетпейді. Кездейсоқ нұсқау әдебиеттегі кездейсоқ элементтерді аузына қаратқанмен, әдебиет, түптеп кел-

генде, өз заңдылығымен дамиды. Сондықтан да, әдебиет тарихында лириканың біржолата өшіп, біржолата жоғалып кеткен кезеңі жоқ. Лирика қашан да өскен, қашан да өрлеген. Оған нағыз тұрпайы социологияның дәуірлеп тұрған тұсында қазақ поэзиясының алтын қорына қосылатын не бір жайсаң шығармалар қосқан сол Қасым Аманжоловтың өз творчествосы, өз лирикасы айқын айғақ бола алады.

Ақынның енді жұрт ақындықтан безеді деген күдігі де орынсыз болып шықты. Соғыстан кейін іле-шала қазақ жырына атымен соны сипатты жаңа буын келіп қосылды. Олар қазақ поэзиясындағы өзге құбылыстарды емес, ең алдымен сол Қасым Аманжоловтың поэтикалық үрдісін өнеге тұтты. Қасым Аманжоловтың поэзиясы — қазақ өлеңінің жаңа бір кезеңінің барша қадыр-қасиетін жарқыратып аша білген өнегелі жыр еді. Ұлы Отан соғысы дүниеге жаңа тұрпатты адам келгенін жарық жалғанға түгел паш етті. Фашизмді ойсырата жеңген жеңістің кепілі де сондай адамдар еді. Қасым Аманжолов творчествосында жаңа тұрпатты адамның жарқын рухани дидары бар болмысымен жарқырап көрінді.

Соғыс біздің отандастарымыздың идеологиялық дрессировкадан өткен жасанды гибрид емес, адамзаттың көп ғасырлық даму жолын, гуманистік моральдің барша игілігін бойына дарытып, адамзат қоғамы ғасырлар бойы аңсап, ғасырлар бойы қалыптастырған адамгершілік сапалар мен үздік қасиеттердің иесі екенін көрсетті. Соғыс отан солдаттының рухани биік өресі — санаулы жылдардағы үгіт-насихаттың емес, адамзаттың ізгілік пен әділет жолындағы көп ғасырлық күрес тарихының заңды нәтижесі екенін көрсетті.

Фашизммен күрес адамзаттың ежелгі гуманистік институттарын бойына дарытып, жаңа моральге, жаңа сипатты гуманизмге ие болған жаңа адамды шығарды; фашистік моральдің кесепатты насихатына құлақ асып, нәсілшілдіктің буына піскен басқыншыға қарсы еңбек пен азаттықтың жеңісі жолында жан қиюға әзір патриотты шығарды; фашизм машинасының айтқанды екі етпейтін құлақкесті құлына қарсы өз ары, өз ұжданы, өз ой, өз парасаты бар күрескер азаматты шығарды. Бұл екі талай соғыста жаңа маркалы техника емес, жаңа сипатты адам жеңіп шықты.

Фашизммен айқаста отанды, еңбекті, әділет пен азаттықты қорғаумен қоса, әркім өзінің адал ар-ұжданын да

қорғады. Ол өз жан-дүниесінен орасан зор тарихи шешуші күшті дәуір мен келешек алдындағы адалдықты, дұрыстықты таныды. Бұның бәрі оның өзіне деген сенімін нығайтып, жауапкершілігін арттырды. Өз ар, өз қанымен қорғаған өмір жайлы өз ойы, өз сөзімен сөйлегісі келді. Ол бүкіл халықтың ортақ рухы, ортақ ары, әрбір азаматтың қасиетті қаны, адал арымен келген ортақ жеңісті, ортақ ерлікті қандай да болмасын ұлы адамның дара иемденіп кеткеніне іштей наразы болды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы, одан кейінгі жылдарда лириканың қауырт гүлденуінің сыры да адамдар жан-дүниесіндегі әлгіндей зор өрлеудің жемісі еді. Қасым Аманжоловтың «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды», — деп тебіренуінің де мәнісі сонда. Лирикада өз ары атынан, өз сөзімен сөйлемей тұрып, шынайы шығарма тумайды.

Біз әрбір адамның еңбегі мен ерлігіне қандай сенетін болсақ, оның ар-ұжданына, ой-сезіміне де сондай сенеміз. Адамгершіліктің осы асыл қағидасы аяққа басылып, жеке адамның озбырлығы үстемдік құрған тұста өлеңді қалаған қанжығаға байлап жіберетін алтайы қызыл түлкідей көрушілік те ұшырасты. Дәріпшілдікке бой алдырған кезіміз де болды. Одашылдық, дәріпшілдік қазақ поэзиясының ескі сырқаттарының бірі. Ұлы Абай, ұлы Махамбет оның жолын кесіп, қазақ өлеңін майлық-сулықтан құтқарып, есіктегі басын төрге шығарып беріп еді. Кешегі бір жылдарда сол асыл дәстүрімізді әлсіретіңкіреп алып-пыз. Жүректің қожасы емес, құлы болып сөйлеген соң махаббаттың орнын маймөңкелік жайлапты. Мәймөңкенің қолынан кісінің көңілін баурар жалындылық та, ойын баурар кемеңгерлік те келмейді екен. Қанша лепіртіп, өректіп қойсақ та селт еткізбейді. Өйткені, лирикадағы субъект пен объектінің ортасына махаббат емес, тәуелділік киліккен-ді.

Лирика — адам жанын, сол арқылы қоғам келбетін аса жіті ұғып, аса нәзік бейнелейтін ең бір сезімтал өнер. Оған тұрпайы социологияның атымен зақымы тиген жоқ десек, о да ақиқатқа сыймас еді. Оның өлеңге жасаған қиянаты — жаңғыз дәріпшілдік қана емес. Ең алдымен, лириканы адамның тебіреніп шыққан жан сырынан айырғанын, ондағы рухани белсенділікті, өзіндік дара үнді кеміткенін, лирикада адам бейнесі, лирикалық герой көрінбей кеткенін айтуымыз керек. Көптеген өлеңдерде жөнді-жөнсіз «біз» деп сөйлеп, жұрттың бәрі білетін жалпы ұғым, жалпы қағидаларды ұйқасқа түсіретін болдық.

Ара-тұра өлең де, «мен» де кездескенмен, оның ар жағында өз ой, өз пікірі, өз дүниетанымы бар дара сипатты адам көрінбеді. Тұрпайы социология тұсында өлеңге жасалған ең үлкен қиянат та осы еді.

Соның салдарынан да өлең кітаптарындағы ұраншыл өлеңдердің ар жағынан лапылдаған жүрек сезілмеді; әлгіндей өлеңді от-жалын сезім емес, жалтылдақ-жалтырақ сөздер туғызды. Мұндай жағдайда лирика, шынында да, өмір құбылыстарының, ондағы қуаныш пен күйзелістің, ой мен сезімнің өзін емес, жәй әншейін нобайы келетін көлеңкесін бейнелеген «соқыр суретке» айналады екен.

Біздің әдеби сынымызда көп ретте эпика мен лириканың арасын ат шаптырым қылып алшақтатып қояды. Шын мәнінде, лирик — эпикалық герой. Ол мойнына ел жүгі түскенде ғана еркін көсіліп сөйлей алады. Ондай қасиетті жүктен мақұрым қалса, лириктің аузынан береке қашады.

Ақын қауым өз творчествосының бұл сырын әбден біліп, өлеңге сондай өрелі міндет жүктелетін күнді аңсай күтті. Лириктің көз алдынан болмыс барлық ерен ұлылығымен түгел көрінетін көл-көсір көкжиек ашылды. Бұның өзі қазақ өлеңін жаңа жарқын белеске көтерді. Қазақ ақындарының аға буыны мен орта буыны қазақ лирикасының жақсы дәстүрлерін одан әрі дамытып, еліміздегі жаңа әлеуметтік өзгерістерге лайық, кең құлашты, мөлдір сезімді, терең ойлы лирика жасауға белсене кірісті. Бұл жылдардағы Әбділда Тәжібаев пен Хамит Ерғалиевтің, Ғали Орманов пен Қалижан Бекхожиннің, Тайыр Жароков пен Сырбай Мәуленовтың, Асқар Тоқмағамбетов пен Жұбан Молдағалиевтың, Сағынғали Сейітов пен Ғафу Қайырбековтың, Қуандық Шаңғытбаев пен Ізтай Мәмбетовтың, Мұзафар Әлімбаев пен Тұманбай Молдағалиевтың, Қайнекей Жармағамбетов пен Сағи Жиенбаевтың, Тоқаш Бердияров пен Еркеш Ибраһимнің, т. б. ақындардың жаңа туындылары қазақ лирикасының даму жолындағы жаңа бетбұрыс, елеулі кезең болды.

Қазақ лирикасында зор өрлеу, үлкен ізденіс туғанын сол жылдардағы поэзия сынынан, лирика жайлы пікір таластардан да байқауға болатын еді. Ең әуелі поэзия сыншылары өлеңде сезім жетіспейді деген әңгіме туғызды. Ол сөзде үлкен шындық та бар еді. Тұрпайы социология тұсында лириканың эмоциялық қуатының әлсіреп кеткені рас-ты. Кейін қазақ сыншылары өлеңде ой жетіспейді деген пікір айтты. Бұл әңгіменің де жаны бар-ды.

Тұрпайы социология тұсында лирикамызда азаматтың азамат боп сөйлеп, елімен, тұрғыласымен ашыла сөйлескен сырдың, тебірене төгілген ойдың көп болмағаны баршаға мәлім. Ол тұста қоғамдық ойды, мемлекеттік ойды бір кісінің ғана қанжығасына бөктеріп беру жиірек кездесті. Ал, қазіргідей өрелі ой бәріміздің ортақ меншігімізге айналған тұста өлеңіміздегі кешегі келеңсіздік көзге бірден түсті. Сыншылардың лирикада ой тайыздығы бар деп дабыл қағуы да сондықтан еді.

Ойлау бәріміздің де азаматтық парызымыз екен. Терең ойсыз поэзия өзінің азаматтық парызын ойдағыдай атқара алмайды. Ой, ойлау қақысы біздің қолымызға оңай түскен жоқ. Сондықтан оны қастерлеу керек.

Қазақ лирикасы жайлы бұл әңгіменің қай-қайсысы да, түптеп келгенде, өсуден, ізденістен туған пайдалы әңгімелер еді.

Қазақ лирикасындағы бұл өрлеу оның қатарын да көбейтті. Жақсы ақынымыз Қасым Аманжолов жақсылыққа қателесіпті. Оның өлеңіндегідей жастар: «Кім болсам ол болайын, әйтеуір ақын болмайын» демейді екен. Қайта ақын болғысы келген жастар күрт көбейіп кетті. Оның сыры да елімізде болған әлгіндей әлеуметтік оқиғалармен тығыз байланысты еді.

Қазақ жырының жыл санап қазынасы молаюда, қатары көбеюде. Поэзия әлеміне әр жаңа талант келген сайын өлеңнің де өрісі кеңейе түспек. Соңғы жылдары қазақ ақындарының қатарына жаңа есімдердің көптеп қосылуы, алғашында жырымыздың ертеңіне деген жарқын үмітін молайтумен қатар, жырға келер жол жеңілденіп, ақын атану оңайланып кеткен жоқ па деген күдік те туғызып еді... Жыл озған сайын жас ақындардың қалың дүрмегінің қатары сараланып, жас та болса, тұрқы озық, тұрғысы биік дара таланттар бой таныта бастады. Мұның өзі қазақ поэзиясына, шын мәнінде, жаңа бір буынның, талантты буынның келіп қосылғандығын байқатты.

Бұл буын адамзат тарихындағы ең бір сын кезең — екінші дүниежүзілік соғыстың барша трагедиясын өз көзімен көріп өсті. Біздің қоғамымыздың қарыштап өсуі тұсында, елімізде лениндік нормалар қайтадан қалпына келтіріліп, демократизм мен әрбір азаматтың рухани белсенділігі артқан үлкен саяси, әлеуметтік жаңа бетбұрыстар тұсында ер жетті. Дүниедегі екі түрлі қоғам, екі түрлі көзқарас, екі түрлі идеология барша кескін-келбетін жарқыратып ашқан шақта қолдарына қалам ұстады.

Бұның бәрі де әдебиет әлеміне аяғын енді аттаған жас буынның рухани дидарына, суреткерлік серпініне өзінің өшпес таңбасын қалдыратындай аса зор тарихи құбылыстар еді.

Жас буын ақындар бұны дер кезінде түсінді. Соңғы буынның талантты өкілдерінің бірі Тұрсынзада Есімжановтың ең алғашқы өлеңдерінің бірі — «Менің өмірбаяным», — деп аталатын. Жалғыз ол ғана емес, жас ақындардың қай-қайсысы да жыр жолын оқ пен отқа шарпылған балалық шақ жайлы өзек өртер өлеңдермен бастады. Бірақ, сол өлеңдердің көбі алғашында қиын балалық шақ пен әкеден, ағадан айырылған қытымыр күндер жайлы езілген-елжіреген элегиялық сарында, не өрекупі, өзеуреуі көп декларациялық сарында шығып еді.

Жас таланттардың буыны бекіп, бұғанасы қатқан сайын олардың өз өмірбаяны, өз заманы жайлы шығармалары көшелене, күрделілене түсті. Жас ақындар өз тұсы шындығының тек эмоциялық көмескі кескіндерін өлеңге түсірумен ғана шектелмей, өз дәуірі күрделі шындығының күретамырын дөп басып, дәл танитын ересек суреткерлікке, азаматтық кемелділікке ие бола бастады. Олар өз тұсындағы тарихи оқиғалардың сырт сипаттамасын ғана емес, адамдардың жан-дүниесіндегі кескініне, рухани дидарына да тереңдеп бой ұруға көшті.

II. «ЖҮРЕКТЕН ШЫҚПАСА ЖҮРЕККЕ ЖЕТПЕЙДІ»

*Өмір өзі суарған
Ой деген де ну орман
Бару қауіп оған да,
Жоқ емесі жоқ онда:
Сандуғашы сайраған,
Қасқыры тіс қайраған,
Жолбарысы шабынған,
Жыландары жабылған,
Туіндері зорыққан,
Қояндары қорыққан,
Түлкілері із кескен,
Арыстан да кездескен...
Ой деген де ну орман,
Талай бастар қуарған.*

Ақын Қадыр Мырзалиев алғашқы лирика кітабын «Ой орманы», — деп атады.

Мұндағы ойлар өмірді, адам тіршілігін тасадан бақылаған сырт көздің салғырт ойлары мен енжар байқаулары емес, адамдықтың, азаматтықтың қиын да күрделі сапарына жаңа аяқ басқан жас жігіттің бастан кешкендері, көкірегін көлегейлемей сөйлеп, тебірене айтқан жан сырлары. Ендеше, өмір жолын күні кеше бастаған жас азаматтың өз кітабын көп көрген көнедей-ақ «Ой орманы» деп атап айқайлатып қоюға қақысы бар ма еді?

Соншалықты ол не көріп, не біліпті?

*Бір кісідей соғыстың
Біз де азабын тарттық қой.
Тылда істеген көп істі
Балалық пен қарттық қой.
Бармақтай боп сол күнде
Жатпаушы едік дем алып,—
Әр маяның түбінде
Қалды біздің балалық.
Кеште бәрі адамның
Бір жерге кеп қонатын:
Орталығы ауданның —
Нан дүкені болатын.
Бақыт еді ол күнде
Шығу деген нан алып,—
Сол дүкеннің түбінде
Қалды біздің балалық...
Өстіп оны кез келген
Жерге біздер тастаппыз.
Ал өмірді біз бірген
Азамат боп бастаппыз.*

Бұл не? Көргені ме, жоқ көрмегені ме?!

*О кездері бәріне де көнуші ек,
Көре жүре, біз жеңіске сенуші ек.
Хат тасушы қартты асыға күтсек те,
Көрген жерде тайқып шыға келуші ек.
Елеңдетіп қойды майдан жалғанды,
Тыл дегенің үмітпенен алданды.
Хат тасушы жеткізген жат хабардан
Жаратушы ек хабарсыз-ақ қалғанды.
Жарымы елдің қара шапан киетін,
Жақынының күйігіне күйетін...
Оқ тиеді басқа, көзге, құлаққа,
Қара қағаз қақ жүректен тиетін!*

*Сол болмаса, бәріне де көнуші ек,
Көне жүре жеңіске біз сенуші ек,
Хат тасушы қартты асыға күтсек те,
Көрсек оны тайқып шыға келуші ек?*

Бұл не? Білгені ме, жоқ білмегені ме?!

Соғыс... Әдебиетке Мырзалиевты әкелген жас буын өмірбаянының алғашқы беті соған арналыпты. Ол соғысты буыны бекіп, бұғанасы қатқан, қару асынған ересек боп көрген жоқ, жыртық иін, жадау кейіп сәби күйінде көрді. Соғыс оның дүниетанымын, сезім серпілісін, рухани дидарын қалыптастырды. Өмір жолын ащы шындықтардың бетпе-бет айқасында бастаған ол өлең жолдарын да тап сол ащы шындыққа құрады. Жоғарыда келтірілген екі өлеңде әдемі теңеу, әсем тіркес, артық әшекей жоқ. Өңшең қара жоңқа қарапайым сөздер. Алайда, сол қарапайым сөзбен айтылған қарапайым шындық бүкіл жан-дүниенді шайқап-шайқап өтеді. Белинскийдің жүректі тек шындық қана тебіренте алады деу себебі де осыдан шығар. Соғыс... Ол жауынгермен жауынгердің, қарумен қарудың ғана қақтығысы ма? Жоқ, ең алдымен жалған мен шындықтың айқасы, жалған мұрат пен шын мұраттың, жалған рух пен шын рухтың жекпе-жегі. Бұл шайқаста шындық жеңді. Ендеше ол жайлы өлеңнің авторы да, қаһарманы да шындық болуға тиісті.

*Моншада мен арқаларды көп ыстым,
Моншада мен сан тағдырмен тоғыстым,
Монша деген — мүгедектер музейі,
Сол музейде докуменгі соғыстың.
Мына біреу сұрақ толы көзінде.
Саңырау жан не естімеді кезінде!
Естімейді жарының да енді ол
«Жаным!» деген жалғыз ауыз сөзін де!
Мына біреу жүруге азар жараған,
Оқ орнынан шапшығанда қара қан,
Ағып түскен көзін алып қолына
Аман қалған көзіменен қараған.
Қан ба, тер ме — самайынан тамшы ағып,
Жау шебіне ұмтылғанда жан салып,
Снарядпен қоса кеткен бастарын
Қуа түсіп құлағандар қаншалық!
Шолақ қылып кеткен кеше қан майдан
Мына бір жан алады енді қол қайдан?
«Соғыс біткен жойылсын!» — деп үндеуге
Жоқ қолы үшін бәшпәйімен қол қойған...*

Осыншама сұмдықты, осыншама шындықты көрген кісінің өмірдегі қандай ақиқаттың болмасын жүзіне тура қарай алмай, жалған сөйлеп жалтаруға, көре-тұра көлгірсуге қақысы бар ма? Осынша сұмдықты көріп өскен ақынның өмірдегі шын мен жалғанның арасына шек-шекара қоймай, немкетті қарауға, дүниені самарқау шолып, салғырт сөйлеуге, көзі көргенді айтпай бүгіп қалуға қақысы бар ма? Жоқ!

Ендеше, Қадыр Мырзалиевтің жас та болса дүние тірлігіне тінте қарап, үңіле барлап, тебірене жазған жырлары өмір жайлы ойлар орманы болмағанда, не болады!

Тарихтың сын сағаттарына сәби жүрегімен куә болған жас ақын ұлы шындықтың әр бетін жалғандық пен жалтылдақтықтан, жалаңдықтан қызғыштай қориды. Ол ұлы жеңісті, ұлы ерлікті қаз қалпында жырлауды мақсұт тұтады. Бізде өзіміз шыққан қиын асудың өрлігін жасыруға, өмір шындығының тігісін жатқыза суреттеуге тырысушылар бар. Олар біздің шындықтың алапат ұлылығын абайламай, оған қосымша бояу жағып құлпырта суреттеуді, Леонид Леоновтың тілімен айтсақ, онсыз да көркем Эльбрусты одан сайын ажарландыра көрсету үшін басына ақ бантик байлап суреттеуді талап етеді.

Қ. Мырзалиев ондай әсіре қызылдан атымен аулақ. Алайда, соғыс тұсындағы өмірдің неше алуан трагедиясын көрсеткен «Ой орманы» қапырық қасіреттің, аңылжыған аза-қазаның, ызы-қызы жылау-сықтаудың кітабы емес.

*Автомат, пулеметпен қырқып атып,
Талайды кетті-ау соғыс шырқыратып.
Ері өлген жесір әйел көрші бізге
Шылымды шегетұғын бұрқыратып.
Жесірге жастау кезде ғашық көп-ті,
Бірақ ол жаманаттан қашып кепті...
Кетерге жары құйған фундаментке
Мінекей жиырма жылдан асып кетті.
Ол үйді жары келіп тұрғызбады,
Осылай жанбай қалды бір қыз бағы.
Ал жесір шаңырақты тастамады,
Төркіні шақырса да Ырғыздағы...
Білмеймін өткізеді күнін нағып,
Көрмейсің тұрғанын бір күлім қағып.
Отыр ол мұрагерсіз,
Басқа әйелдің
Олжадан тауып алған ұлын бағып,
Өзгеден жүремін деп қашақтап-ақ,*

Қартайды.

Енді міне шашы әппақ-ақ.

Ал ұлды басқа жаннан талқан әйел

Бүгінде отыр байын құшақтап-ақ!

Автомат, пулеметпен қырқып атып,

Талайды кетті-ау соғыс шырқыратып.

Осының бәрін ойлап жесір әйел

Шылымын отырады бұрқыратып.

Бұл не? Трагедия ма? Трагедия! Бірақ, бұл тек қасіретке арналған өлең емес, ең алдымен, қасіретке де мойынұсынбаған рухани қайсарлыққа арналған өлең. Ақын соғыстың қандай сұмдық трагедиясын жазса да, оның ар жағынан адам ерлігін, өмір өрлігін айнытпай таниды. Осы бір қорғасыннан құйғандай мығым шындық, қарапайым жолдар да сол адам ерлігі мен өмір өрлігіне арналған гимндей естіледі. Қ. Мырзалиев өлеңдері тек қана соғыс жайлы өлеңдер емес, соғысты да жеңген адамдық, адамгершілік жайлы өлеңдер. Ол жеңіс дидарын, жеңімпаздықты ең алдымен адамдар көкірегiнен іздейді. Ол өмірге көрік қосатын жарқын нұр да адамдар көкірегінде деп ойлайды. Қ. Мырзалиев өлеңінде соғыс тұсындағы өмір шындығы, адамдар абзалдығы көрінумен қоса, тарихтың екі талай сағатын көріп, ер жеткен бүкіл бір ұрпақтың рухани шежіресі, поэтикалық образы жасалған.

Осы арада «Молодая гвардия» баспасы 1967 жылы басып шығарған ФРГ, Австрия, Швейцария, Батыс Берлин жас ақындарының «Дәуір шумақтары» («Строки времени») атты жинағы ойға оралады. Ондағы өлеңдердің көбі де өткен соғыс пен оның адам жанындағы зардаптарына арналыпты.

Дег мой шел умирать на запад,

Отец — на восток.

А мне в какую сторону?

Орысшаға аударған З. Миркина

— деп сұрайды жас ақын Фолькер фон Терне. Бүкіл жинақ өткеннен шошыну, бүгінгіден түңілу, ертеңнен күдер үзуден тұрады. Бұл — өткен соғыста мерт болғандардың жер бетінде қалдырған бір ұрпағының рухани кескіні. Ал, Қ. Мырзалиев өткен соғыс шәйіттерінің атымен басқа ұрпағының рухани бейнесін жасаған. Мұнда батыс немістері ақындарының жан-дүниесіндегі дағдарыс

жоқ. Өткен соғыс батыс жастарының болашаққа деген сенімін күйретіп, дүниеге деген көз қарасын тарылтып кетсе, біздің жастардың адамгершілікке, гуманизмге деген сенімін нығайтып, дүниетаным көкжиегін бұрынғыдан да кеңітті. Сондықтан да болар, батыс немістері ақындары өлеңдерінде ажал елестері, атом бомбасы түскен жердің аспанға ұшқан шаң-тозаны, қираған үйлердің аруақтай құр сұлделері, жаншылған дене, жайпалған тірлік көріністері — бастығырылған кісінің түсіндей, бір-бірімен ию-қию шатысып жатса, «Ой орманында» бейбіт өмір суреттері, табиғат көріністері, жапырақ сыбдыры, күн нұры, адамдар күлкісі мол. Онда жаңғыз-ақ әуен — дағдарыс сазы; жаңғыз-ақ кескін — дағдарыс кескіні. Мұнда ойлар, қуаныштар, әке махаббаты, жар жарастығы. Онда дүние қираған үлкен үйдің күйе-күйе үйіндісі боп елестесе, мұнда өніп-өрбіп жатқан тіршілік жайқалған өмір орманы боп елестейді. Онда «енді мен қай жерде өлер екенмін?» — деген үрей билесе, мұнда «бала бола алмадық, өтсек екен әке боп», деген — жақсы үміт, жарқын тілек билейді.

«Ой орманындағы» соғыс тақырыбы болмыстың ұланғайыр сырына үңілген азаматтық ой, ақындық сырға бастайды; тек бір дәуір бір кезеңнің ғана емес, күллі тарих шатқалдарына қарай шалқыған ақындық шабытқа жетектейді.

Ақын екінші кітабын «Дала дидары» деп атапты.

Даланың жырға айналып кітап боп жазылып отырғаны бір бұл емес. Ол жайлы сонау отызыншы жылдары атақты Ілияс Жансүгіров дастан жазды. Кемел ақынның өз даласы, өз мекені жайлы кең серпінді шалқар шабытты шалқыма дастаны қазақ топырағында орнап жатқан жаңа заман, жаңа қоғамға арналған салауат жырындай естілді. Дала тақырыбы — содан бері қазақ поэзиясының арналы арқауы. Осыған қарамастан оқушы қауымға ылғи өзіндік бетімен көрініп жүрген барынша дара сипатты Қадыр Мырзалиев көп жүйіріктің көшелі ізі сайрап жатқан бұл тақырыпқа тағы да бүкіл бір кітап арнады.

«Дала дидарында» да Ілияс дастанындағыдай даламыздың өткені мен бүгінін, жетіқат тарихы мен қазіргі өрелі өмірін қабыстыра жырлау, Олжас жырларындағыдай өткен шежіреден тек көлеңке мен көз жасын, мұң мен наланы ғана көріп қоймай, езгі көрсе де еңсесі түспеген өміршіл өр күрестің үнін тану бар. Алайда, жас ақынның бұдан бұрынғы кітабы «Ой орманында» жарқырап көрінген

өзіндік дара үні, дара сипаты бұл кітапта да сақталыпты. Әдетте ақынның ақындық беті сөз саптасынан танылады деседі. Қадырдың сөзінде көз қаратпастай жалтылдақ жалын, алабұртпа алау аз да, өзегінді өртеп түсер от мол; көздің жауын алатындай алабажақ бояуға сараң да, бірден көкейіңе қонып, көңілінде қалар суретке мырза. Жас ақын сөздің үні мен сөйлемнің әрінен гөрі, ойдың тереңдігі мен сөздің дәлдігіне, жырда айтылатын ойдың салауаттылығы мен сол салауатты ойды бейнелеген сөздің оқушы көңілін тебіренге алар салмақтылығына ерекше назар аударады. Ол өлеңді сөзден қалап жасағаннан гөрі, ақиқаттан қашап жасауға ұмтылады. Сондықтан да Қадыр жырларында ұлан-асыр болмыстың түкпір-түкпіріне шұқшия қараған зерттеуші зерде мен өмірдің ақиқат айнасындағы кескінін дәл басып көрсететін зергерлік зерде аймаласып, айқұшақ қауып жатады. Қ. Мырзалиев өз жүрегін жарып шыққан сырлардың оқушының көңіліне ұялап, көзіне айқын елестеп, құлағына әсерлі естілуіне барынша күш салады.

Қ. Мырзалиев творчествосында жақсы көрінген мұндай ақындық зергерлікті жалғыз-ақ автордың сөзге жауапты қарайтындығымен ғана түсіндіруге болмайды. Мұндай зергерліктің аржағында үлкен суреткерлік, зерделілік те жатыр. Ол қашан да ақиқатты айтуға, ақиқатты ашуға ұмтылады. Ақиқаттың көңілге қонбауы, құлаққа ұнамауы мүмкін емес. Бірақ ақиқатты тек шынайы талант қана танып, шынайы талант қана тауып айта алады. Өлеңдегі тапқырлық ақынның болмыстағы жалған мен шынды, жақсы мен жаманды, өрелі мен өресізді, өтпелі мен өміршенді — қысқасы, ақиқатты айна-қатесіз танытын суреткерлік көрегендігіне байланысты.

Мұндай суреткерлік көрегендіктің, тапқырлықтың бірден-бір төркіні — азаматтық өрелілік. «Ой орманын» оқи отыра ондағы бар кескін-кейпімен көрінген лирикалық кейіпкердің өмірінен бүкіл бір кезеңнің шындығын, бүкіл бір ұрпақтың өмірін, оның сырлары мен ойларын бүкіл бір тұстың рухани сипатын, бүкіл бір ұрпақтың рухани кескінін танып едік... Ақын жырларында сыр шертетін кейіпкердің болмыстың тереңі мен биігіне бірдей көз салған ойлылығына, өмірдің қат-қабат шындығынан кесепат пен әділдіктің, ізгілік пен зұлымдықтың мігірсіз күресін көре білген көреген мінезіне разы болғанбыз. «Дала дидарында» сол ақындық кейіпкердің бұрынғысынан да өсе, өркештене түскенін көрдік. Енді ол тек өз өмірінен, тек өз дәуірінен ғана емес, бүкіл бір өлкенің,

бүкіл бір халықтың ұлан-асыр тарихы мен тағдырынан сыр шертеді. Дәлірек айтқанда, оқушымен өз атамекені, өз халқы туралы сырласады. Енді оның сырлары «Ой орманындағыдай» тек бір кезеңнің, тек бір ұрпақтың сыры ғана емес, көп ғасырлық көне тарихы бар бүкіл бір елдің, бүкіл бір іргелі халықтың жан сырындай естіледі. Ақын тарихи тақырыпқа, тарихқа бой ұрғанмен сөзуарлыққа, архив қотарған әсіре білімдарлыққа ұрынбайды. «Дала дидарындағы» тарих — тек тақырып қана емес, әрі кітаптың басты қаһарманы да. Қ. Мырзалиев тарихты тек өткенмен шектемейді. Ол үшін бүгінгі өмір, өз тілімен айтсақ, «кешегі істің жалғасы, ертеңгі істің басы» бұл. Демек кешегі өткен ғана емес, бүгінгі өтіп жатқан мен ертеңгі өтетіннің бәрі — тарих. Демек тарихты біліп қана қоймау керек, орынды жерінде онымен дауласқан да жөн. Сондықтан да «Дала дидарындағы» өлеңдер азаматтық құштарлыққа толы өжет өлеңдер. Олар бүгінгі жетістіктерге қуанумен бірге, кешегі мешеулікке қайғырады да.

«Дала дидары» өткеннің тек мұңы мен қапасын көріп налымайды, не әлдеқашан ұмытылып, көзден ғайып болған экзотикалық елестерді қайта тірілтіп, таңырқамайды, тамсанбайды. Сол сияқты ол өз халқының бойынан тек жаман қасиеттерді көріп еңсесі түсуден, не бір өңкей жақсы мен кереметті ғана көріп, өзге жұрттарға шекесінен қарап кеуде қағудан аулақ. Қ. Мырзалиев қилы-қилы тағдыр кешкен ежелгі халықтың өмір жолындағы, күрескерлік тарихындағы драмалық сәттерді терең суреткерлікпен ғана емес, шынайы перзенттік махаббатпен, адал азаматтық жүрекпен жырлаған.

*Бабамыздың шоқ басқан табанымен
Бірдей екен жақсысы жаманымен:
Бір жаманы — тынымсыз көше берген,
Бір жақсысы — қимаған даланы кең.
Бір жаманы — кешігіп әліппе ашқан,
Бір жақсысы — күйлері көбік шашқан.
Бір жаманы — қыздарын малға сатып,
Бір жақсысы — сүйгенін алып қашқан...*

Бұл не, мақтау ма, әлде даттау ма? Жоқ, бұл екеуі де емес. Мұнда даттау да жоқ, мақтау да жоқ, махаббат қана бар. Ақын туған елге, өз халқына деген махаббатты жоқты бардай, барды дардай қып көрсететін жел көкірек мақтаншақтық деп емес, өз елің мен өз жұртыңның қилы-

қилы дәуірлер мен қиын күрестерден жігері құм боп жаншылып қалмай, өрге ұмтыла берген ерлік жолын жете біліп, жете құрметтеу деп ұғады. Тарихтың нақ сүйері — ақиқат. Оны ешқандай әсіре мақтанмен, әсіре мадақпен көлегейлеуге болмайды. Өз тарихының барлық ақиқатын жете білсең, шын адал махаббат сол. Тарихтың әр беті жеңіс болмағанмен, әр беті ерлік. Тарих тек елден ерек ізгі құбылыстар мен орасан ойрандардан ғана тұрмайды; оны өркендетуші күш — адамдардың игілік жолында зұлымдық атаулымен күнбе-күн алысып отыратын дамылсыз күресі. Әділдік пен озбырлық, жаңалық пен қиянат арасындағы ежелгі күрестің әр жылы, әр күні, ол туралы тарихтың әр беті біз үшін ерекше қадірлі, ерекше мәнді. Кітаптың «Шоқ жұлдыз» бөлімі жарқын болашақ жолындағы бабалар күресіне арналған. Ақынның «басқа тілден аударып басқа тілге», «өз жерінен пана таба алмай, шетке барып дана болған» әйгілі ғалым Фараби, «Қыран болып аспанға көтеріліп, жұлдыз болып аспанда қалып қойған» Шоқан, «Дала Данкосы» Ыбырай, халқының «қынаптан суырған ақ алмасы» Исатай, «күйін тыңдаған жасық жігіт найзаға қалай жармасқанын білмей қалатын» күй құдіреті «Құрманғазы», «Түп-тұнық дауысымен дала аспанын мөддір еткен» әнші Біржан туралы жырлары шағын болса да шоқтықты жырлар.

Ақын өз халқы мен өз мекенінің осындай қатпар-қатпар сырлары бар қалың тарихын қапысыз ақтарып барып:

*Аман қалған шабуылдан жүздеген,
Батыр халық екенбіз ғой біз деген;
Аямаған жұрттан нанын тұзбенен
Жомарт халық екенбіз ғой біз деген;
Айтысатын ақсақалмен, қызбенен
Ақын халық екенбіз ғой біз деген;
Болашақтан бір де күдер үзбеген
Жарқын халық екенбіз ғой біз деген, —*

деп түйеді.

Қ. Мырзалиевтың бұл кітабының композициялық құрылымы да жүйелі ой танытады. Кітаптағы өлеңдер кешегіден бүгінге, даладан қалаға қарай өрбиді. Кітаптың өне бойында қала — баяндылықтың, мәңгіліктің, өскендіктің, өреліліктің бейнесі боп көрінеді де, ал көшпенділік — барлық нәрлі мен әрліні құртатын көшпелі қызыл құмдай баянсыздықтың, өтпелінің, мешеуліктің

бейнесі ретінде суреттеледі. Қала — көшпенділіктің бейнетін бір халықтай тартқан қазақтардың ежелгі арманы іспетті. Ақын атақты Шыңғысхан кесепатын суреттегенде де:

*Даласын қала қылмақ халқымызды
Қаласын дала қылып еңіретті, —*

деп айыптайды.

Кітаптың ақырғы бөлімінің аты — «Күн ғашық болған қала». Ол — ежелгі арманына жетіп, еңсесі көтерілген ел туралы шат-шадыман жыр.

Қ. Мырзалиевтың көрсетуінде, Алматы қазақтардың іргелі елге айналғандығының айғағы тәрізді. Бұл жәй әншейін кітаптың эмоциялық өрнегі бір сарынды, бір әуенді боп кетпеуіне ғана әсер етіп қоймайды, кітаптың ішінде суреттелген өмірдің диалектикалық өсу жолындай, бүкіл шығарманың шыңдалу, ширығу жолының заңды шешіміндей көрінеді.

Қ. Мырзалиев жаңа кітабында үлкен азаматтық серпінін, суреткерлік диапазонын көрсетті. Әдетте, азаматтық диапазоны кең екен дегізу үшін әр тақырыптың басын бір шалатын, әр оқиғаға бір-бір өлең еншілеп қалуға ұмтылатын ұшқары түсінік Қадырда атымен жоқ. Оның түсінігінде, суреткер диапазоны өз шығармасына объекті болған өмірлік құбылыстың сыры мен шынын барынша тереңірек ашып, кеңірек қамту. Бұл — шын үлкен талантқа лайық түсінік. Бұндай талап Қадырға бұрын «Ой орманы» сияқты бүкіл бір кезең мен бүкіл бір ұрпақ туралы поэтикалық кітапты табысты жазып шығуға жағдай жасаса, енді тап сол ақынның бүкіл бір халықтың рухани тарихы жайлы кең құлашты, шынайы поэтикалық шығарма тудыруына көп жәрдем еткен.

Қ. Мырзалиевтың кітаптарының аттары қызық: ең әуелгісі — «Ой орманы», сосынғысы — «Дала дидары», кейінгі екеуі — «Бұлбұл бағы» мен «Ақ отау». Сырт қарағанда, үлкен азаматтық диапазонымен, масштабтылығымен жақсы көзге түскен жас ақын ұлан-асыр «Ой орманын» «Бұлбұл бағына» айырбастап, далиған даланы тастап, оңаша ақ отауға қашып тығылғандай көрінеді. Ал, енді ақын жырының арғы аңғарына абайлап үңілсек, басқа мінезді танимыз. Мұнда кең дүниеден, жырақ кету, бір басты ойлап, бір ошақты сағалау жоқ, қайта ақын кейіпкерінің өмірлік болмысқа, қоғамдық болмысқа, адамдық болмысқа бұрынғыдан да тереңдей еніп, етене сіңісе

түскенін, дүниені өз отауындай көріп, оның мұң-мүддесін өз ошағының мұң-мүддесіндей сезінген өрелі мінезді танымыз. Күллі өмірімен табысу, күллі адамзатпен табысу, күллі табиғатпен табысу — поэзияның ежелгі мұраты. Ақындық кемелдену де осы бағытта өрістейді. «Бұлбұл бағы» мен «Ақ отауда» Қ. Мырзалиев бұрынғы кітаптарындағы поэзияларынан бір мысқал да шегінбеген, қайта тереңдете түскен. Әсіресе, мұндағы адам бақыты, жарастық, өмірдің мәні тақырыбындағы өлеңдер — қазақ лирикасының қымбат қазынасын байыта түсетін елеулі жырлар. Әдетте, адамзаттың сан ғасырлық өмір жолы кейінгі келешек ұрпаққа өнеге болар ақыл-нақылды, өмір даналығын мол қалдырып отырады. Бірақ, адамзаттың әр буын, әр ұрпағы сол даналылықтың бәрін өз өмірі, өз тағдыры арқылы, өз жүрегінің дүрсілі мен өз жүйкесінің дірілі арқылы қапысыз тексеріп алып, қағида тұтады. Данышпан сөзі тағдыр талқысынан өтіп барып, адам сырына, өмір сырына, өлеңге айналады. Сондықтан да болар, адамзаттың сан ғұламасы мен данышпаны өмір мен болмыстың, табиғат пен адамның талай-талай құпиясын айдай ақиқат қып ашып беріп кетсе де, өмірге деген зерттеуші зерде әлі бір сәт тыным тауып көрген жоқ.

«Айдай ақиқат» ұрпақтарға жалқау ұлға бай бабадан қалған мол мұрадай оп-оңай иемденіп жүре беретін арзан ырзық емес. Оны әр заман, әр дәуір, әр ұрпақ азапты арпалыс, дамылсыз ізденіс үстінде, өмірдің қуанышы мен қайғысын бастан кешіре отырып, өзі ашып, өзі таниды.

*Білмеймін адамды не қинайды екен,
Кейде осы дүниеге сыймай кетем.
Тот басып тұрып қалған балтамды алып,
Келеді кеуек басты талқандағым!*

Өмір осындай арпалыс үстінде танылады. Лирика бізде барға мәзір қанағатқа, тоқ мейіл, тоқ көңілге емес, арпалысқа, ізденіске, құлшынысқа, ұмтылысқа тәрбиелеуге тиісті. Қ. Мырзалиевтың соңғы жинақтары өмірді тану, өзін тану үстіндегі мазасыз ізденіске, ішкі драматизмге, рухани арпалысқа толы. Осындай тебіреніс үстінде ақын аузынан:

*Тірімін де,
Жұрттың бәрін дос көрсең;
Құрыдым де,
Қасіретке дес берсең.*

Ауыр деген сынның өзі жеңілдеу,
Бір әділдік бар екенін ескерсең.
Ұттым дей бер,
Жұрттың бәрін дос көрсең;
Біттім дей бер,
Жауларыңа дес берсең;
Өзіңе де әділ болу жеңілдеу
Бір өлімнің бар екенін ескерсең!
Немесе:

Қайткенде де осал болып көрінбей,
Жат көріңде,
Жатқандай өз төріңде.
Мен өлгенде, ағайындар,
Газетке
Күліп тұрған суретімді беріңдер!
Өлім — өлім,
Адам — адам қайтсе де,
Нағыз жігіт —
Өлерінде айтса өлең.
Күлкімен де жеңе алмаспыз ажалды,
Жеңілген боп көрінбейік әйтсе де!
Шын ләззат бермейді алтын,
Күміс те.
Барлық бақыт,
Барлық қызық ұлы істе.
Барайық та әккі ажалдың өзіне —
Ажал емес —
Кезекті бір жұмыс деп! —

сияқты ащы шындықтарды естігенде шошынбаймыз, қайта шын жүрегімізден құптаймыз. Айтып отырғаны — қашып құтыла алмас ақиқат. Ақиқатты жалтармай мойындау — ерлік. Лирика бізді осындай рухани ерлікке тәрбиелеуге тиісті. Бәлкім, мұндай егде сырды жап-жас Қ. Мырзалиев айтқаны біреулерге ерсі көрінер. Біздіңше, ақиқатты бала айтсын, шал айтсын, бәрібір — ерсі көрген кісінің өзі ерсі. Жап-жас адам өмірдің түп мәнін осы бастан ойласа, оның несі ерсі; ата сақалы аузына шыққанша мұның бірін де ойлап, бірін де білмесе, шын ерсі сол болар еді!

Қ. Мырзалиевтің соңғы екі кітабы — осындай есею жыры. Ақынның жоғарыда біз атап өткен жақсы қасиеттері бұл кітаптарында бұрынғыдан да жарқырай түскен. Ол өлеңнің қадірін жақсы түсінеді. Бірақ, кез кел-

геннен түңіліп-тыжырына беретін әсіре кінәмшылдықтан атымен аулақ; оның бояу әлемі, көркемдік арсеналы да бай. Ақын В. Гюгоның «Сөздің плебейі мен патрицийі болмайды» дейтін қағидасын берік тұтынған. Диапазоны, тақырып аясы барынша мол жас ақын керек жерінде архаизмді, неологизмді де, бөтен тілден ауысқан сөздерді де құлпыртып пайдалана біледі. Теңеу, метафора әлемі де қарапайым мен асқақ, бүгінгі мен ежелгі, үйреншікті мен үйдей мәндінің арасындағы алыс алшақтықтарды шебер қабыстырған терең поэтикалық ассоциацияларға құрылған.

Белинскийдің айтуынша, ақынның ақындығы өмірдің қарапайым «прозасынан» қаншалықты асыл поэзия таба алатындығымен белгілі болатын көрінеді. Қ. Мырзалиевтың оқушыны бір сүйсінтетіні — күнде көріп жүрген үйреншікті нәрседен үйдей мән, үлкен қасиет тауып алатындығы. Қапелімде есек пен өгізден өлең, өлең болғанда да, лирика табылады деп кім ойлап көрген?! Қ. Мырзалиевтың «Есегі» мен «Өгізі» — әп-әдемі өлең.

*Мал қораның түбінде
Маңғаз өгіз қарап тұр.
Бар қызығын бүгінде
Басып алған трактор.*

*Сиыр екеш сиыр да
Жоламайды маңына.
Бір машина жуырда
Көміп кетті шаңына.*

*Ауыр-ауыр дем алар
Аурудай ол бүгінде,
Доп қылуға балалар,
Жұлмайды оның жүнін де.*

*Жері де жоқ бармаған,
Жұмыс қайда лайық!
Істен шыққан арбаға
Сүйкенегі мұңайып...*

*Соғым болар семіздің
Жағдайы осы...
Көкем-ау,
Бар бақыты өгіздің
Қамытта тұр екен-ау!*

Осы бір ойнақы поэтикалық миниатюра әншейін мысал емес. Оны оқушы ақылымен ғана құптап қоймайды, сезіміне от шауып, тебірене оқиды. Ендеше бұл — лирика.

*Бар бақыты өгіздің
Қамытта тұр екен-ау!*

Бұл — әрі кешегі бейнетқор серігін бүгін ұмытып кеткен адамдар самарқаулығына айтылған айып, әрі тіршіліктің бір үлкен сырын айнытпай ұстаған философиялық түйін, әрі барлық уақытта қарапайым, барлық уақытта қадірлі еңбек туралы сыр. Қанша астар, қанша мән! Өлеңнің жалғыз соңындағы екі жолы ғана емес, бүкіл өн бойында қанша эмоциялық қуат бар. «Істен шыққан арбаға сүйкенеді мұнайып» деген дәлме-дәл штрихқа, оқушы сезімі қалайда селт ете қалады.

Соңғы екі жинақта өмір «прозасынан» алынған өлеңдер көп болғанмен, бәр-бәрі мұндай деңгейде шыға бермеген.

Ақын кейде бір-екі теңеуге бола болмашы нәрсені өлең қыла салады, кейде әншейін тұрмыс үшін ғана пайдалы жәйтті әрі қазбаламай жырға түсіре салады. Мәселен, «Теледидар», «Стадион», «Волгалы ауыл» сияқты өлеңдердің объектісі есек пен өгізден гөрі өлеңге тәнірек нәрселер болса да, ақын жәй әншейін тұрмыстық картиналардан әрі аса алмаған. Бұның сыры ақынның әлі де болса, бұл тақырыпта жете ойланyp болмағандығынан тәрізді. Белинский айтса, өмірдің қарапайым прозасынан поэзия табуды айтты. Ал, Қ. Мырзалиев оны кей ретте өмірдің қарапайым прозасынан поэзия жасау деп ұққан тәрізді. Табу мен жасаудың арасы аспан мен жердей алшақ. Табу тапқырлыққа ұласса, жасау жасандылыққа ұштасады.

Қадыр Мырзалиевтың тағы бір ескеретін жәйі — өлеңдік болмысына дау айтуға болмайтын, өлең екені өлең, бірақ бұрын бір жазып кеткен нәрсесін екінші қырынан жазған, соны екені соны, бірақ бұрынғы өлеңінің деңгейінен асып кете алмаған, бір нәрсе жайлы бірнеше «дубль» өлеңдерге үйірсектігі байқалады.

Ақын таланты даралана түскен сайын, ол жазған өлеңдер де соған лайық сайдың тасындай саралана түскені жөн ғой.

Кейінгі кітапта өзіне-өзі қатаң талаппен қарайтын талантты ақынның бұрынғы кітаптарында байқалмаған тағы бір мінезді таптық. Қ. Мырзалиев қазіргі ақындарымыздың көбінде бар жол шеккен, барып қайтқан жеріндегі жаңа таныстарына байғазы өлең, қонақкәде өлең арнауға бой ұра бастапты. Әрине, ақынды көкірегін тебіrentкен жайды жырға қостың деп кінәлау орынсыз; бірақ онсыз да көп нәрсе жетіспейтін жол сапар өлеңдерінде, ең алдымен, сол тебіреніс жетіспейді.

Қ. Мырзалиев — тапқыр ақын және тапқырлықты өліп-өшіп бағалайтын ақын. Оның көп тапқаны, тапқырлығының көп екені рас, әрі дұрыс; алайда, өзі тапқан нәрсені өзі көбірек қызықтап кететіні дұрыс емес. Оның бұрынғы өлеңдерінде соны естілген ырғақтар, өлең түрлері, бейтаныс конструкциялар кейінгі кітапта кездескенде бұрынғы эмоциялық қуатын жоғалтып, тіпті мазмұндағы, көркемдік дәрежесіндегі көптеген жаңалықтарын байқатпай, әншейін қайталау сияқты қабылданатын жәйлары да бар екен. Мұндай құбылысты автор мықтап ойланғаны жөн. Өзі бірінші боп тапқан соны өрісті өз тұяқкешті қып тоздырмағаны дұрыс. Онсыз да, құдайға шүкір, осы күні Қадырша жазғыштар, Қадырды қайталаушылар көбейіп кетті. Қадыр жырының ең үлкен жауы солар. Ендеше, талантты ақынымыз еліңді жау шапса, өзің бірге шаптың кебін киіп қайтеді.

Мұндай жағдай өлең мәдениетін өрге бастыратын іргелі таланттардың көбінің басында болған. 1916 жылдың 25 мартында Александр Блок: «На днях я подумал, что стихи писать мне не нужно, потому, что я слишком умею это делать. Надо еще измениться чтобы вновь получить возможность преодолеть материал», — деп жазыпты.

Өнердің ең үлкен жауы да сол үйреншіктілік. Бір нәрсенің әбден тәсілін біліп алып, соның ыңғайына кету кәсіпке жарасқанмен өнерге жараспайды.

Қ. Мырзалиев сияқты кемел таланттан жұрт енді ылғи қиынға ұмтылып, қиядан табылуды талап етеді. «Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» деп өзі айтқандай, шыншыл жүректің сыр сандығын ашып келе жатқан ақын осы қарқынымен өзін де, оқушысын да ылғи өрге бастай береді ғой деп сенеміз.

III. «ҮП-ҮЛКЕН ДҮНИЕНІҢ СЫРЫНА АЛАҢ»

«Өз көзіммен»...

Ақын Жүмекен Нәжімеденовтың үшінші кітабы осылай аталады. Шын мәнінде, оның тек бір ғана кітабын емес, ол шығарған жеті жыр кітабының жетеуін де осылай атауға болар еді.

Жас ақынның алғашқы кітаптарын оқығанда-ақ қуанышқа бөленгенбіз. Апыл-тапыл басқан әрпіл-тәрпіл із онда жоқ-ты. Нық басқан тегеуіріңді қадамның тайға таңба басқандай анық та дәл ізі сайрап жатты. Сол іздер бізді әлі қалың ну тоғайға айналмаса да, жақсы бас алып, бүршік атқан жайсаң жынысқа бастап апарған-ды. Әбден болып-толған көк тіреген зәулім шынарлар анталап алдыңыздан шықпаса да, бағым-күтімі жарасса, жайқалғалы тұрған жасыл шыбық онда жетерлік-ті. Ол — жалт-жұлт еткен жалтылдақ әлем емес, теңселіп-тебіреніп тұрған ойлы әлем. Жапырағына жел мен шаңыттың тозаңын жинап мүлгіген тұнжыр әлем де емес, сілкініп, түлеп тұрған құлпырма, ерке әлем. Оның аясында әсем сурет те, әдемі әуез де, көңілге талай тұндырар сырлары да баршылық еді.

Ол кезде оқушы қауымға бар болғаны екі-ақ кітабын ұсынған жас ақынның творчествосын бүкіл бір әлемге теңестіре сөйлегеніміз ерсі емес пе?

Рас, бізде әлі де жыр санатында жүргендердің бәр-бәрі азын-аулақ мейманын қызықтырар, сүйіндірер дербес отау тігіп кете алмай, көбі ортақ отаудың босаға-табалдырығын сағалап жүр. Ал, Жүмекеннің балауса жыры — көп ретте ауыз толтырып айтқанымызбен, әлі де болса ұлан-асыр шалқар шаһар боп кете алмай, бір дөңнің үстін толтыратындай ғана іргелі ауыл — қазақ өлеңінің жаңа шаңырақ көтеріп жатқан жас отауларының бірі. Өзгеге қиянат қылмай, өзі тапқан дүние-мүлкі бар, сонысын молайтпақ боп тырысып жатқан тірлігі бар отау. Біз қазақ поэзиясын қанатын кең жайып, үсті-үстіне түгін түтетіп, үй көтеріп жатқан перзенттері бар үбірлі-шүбірлі үлкен ауыл санайтын болсақ, оның жас шаңырақтарын әншейін бір қосалқы күрке-лер деп санамай, өркен жайып өсе бастаған жаңа әулетіміз деп қараған жөн.

Сонда Ж. Нәжімеденовтың мол үміт күттірердей жақсы көрінген ақындық қасиеттері қайсы?

Алдымен, ол — жомарт ақын. Ақынның дәулеті — жан сыры. Ж. Нәжімеденов жырларын оқығанда, оның байқағаны, ойлағаны, түйгені өте көп екенін аңғарамыз. Бір өлеңнің

өзінде бірінен бірі асқан талай-талай тамаша ойлар, образдар бар. Бұл шашпалықтан емес, ақындық дәулетінің молдығынан болса керек. Ақын мұндай молшылыққа бүкіл дүниенің барша тіршілігіне жан-тәнімен араласып, дүниемен бірге тебіреніп отырса ғана ие болады. Ал, Ж. Нәжімеденовте:

*Осы бір кеудемдегі кішкене бас,
Үп-үлкен дүниенің сырына алаң,
—деп өзі айтқандай, сол мінез бар.
Ол:*

*Өлең бар әр бұтақта жүз жапырақ,
Өмір бар жүз драма бір бас сайын, —*

екенін де біледі. Өмірдің тек күнгейінде шуақтап жатып алатын мысық мінез онда жоқ. Біздің лирикамыз, әсіресе, жас лириктеріміз осындай бұйығы мінезден көп қиянат шегіп келді, әлі шегіп те жүр. Ж. Нәжімеденов өмірді басқаша барлап, басқаша талғайды. Ол дүниеге азаматтың көзімен қарайды. Азамат ақын десек, азаматтық лирика десек өміріміздің ірілі-ұсақты жетістіктерін жіпке тізіп мақтауды ғана білетін, я алақызып айқай салып шыға келетін әупірім әуенді ұғамыз. Әлем әдебиетінің ең ірі азамат ақындарына қарасақ, атымен басқаша құбылысты байқаймыз. Бір уақытта шығыс поэзиясын тек ғашықтық пен шарап туралы жыр деп келген кез де болды. Дұрысында, шығыстың түнек-қапас деспотизмінің өзінде гуманизм мұраттары туынтіпті биік ұстап келген қаһарман шығыс поэзиясы нағыз азаматтық лириканың асыл үлгілерін көрсетті. Ол өз тұсындағы ресми өкіметке, ресми саясатқа, ресми идеологияға жалаң уағызшы, жалаң иллюстрациясы ғана болып қалмай, алдымен адамдардың адамгершілік, бақыт жолындағы армандары мен асыл мұраттарына қызмет етті. Шығыс поэзиясының сәл нәрседен ой түйіп, сәл нәрседен үлкен мән-мағына аңғартқан, дүние сырын, әлем кеңнен шолып, тереңнен ашып отырған ерекше мінезін Европа әдебиетіндегі талай ұлы лириктер де өнеге тұтты. Мұндай жақсы үйренудің бір үлгісін Расул Гамзатовтың «Сегіз аяқтар. Жазулар» деген кітабынан көргенбіз. Осындай жақсы үйреністі Ж. Нәжімеденов жырларынан көруге де болады. Мұндай лирикада азаматтық үн ешқашан айқайға ұласпайды, байсалды, ойшыл. Шын дана, терең азамат толғанысы.

Бізге осындай азаматтық лирика қажет. Біз Ж. Нәжімеденовтың ең көп үміт күттірген жақсы қасиеті деп осы ойшылдығын айтамыз.

Ойшыл болғанда Ж. Нәжімеденов тақылдап данышпандық құрмайды. «Дүниенің сырына алаң» лирикалық геройы айналасынан ылғи сыр, мән-мағына іздеп жүреді. Сонда тапқан олжасын оқушымен бірге бөліседі. Сол бөлісу үстінде тасқа қашап салған өрнектей нақпа-нақ әсем өлеңдер туады. Ол тек жалаң ойлар емес, кісі көкірегінде тоғысып тайталасқан сезімдердің арбасуынан туған толғақты ойлар. Ж. Нәжімеденов лирикасында конфликт бар. Ол сезімдегі конфликт. Конфликт деген сөз бұраңбел қызға шоқпар ұстатқандай лирика үшін тым ерсі салмақ салу болып көрінуі де мүмкін. Ал, шынына келгенде, нағыз конфликт лирикада жатуға тиісті. Өйткені, жалпы әдебиетке өзек болатын адамдар арасындағы ғана емес, ең алдымен, адамдар жанындағы тартыс қой. Әйгілі Еврипид трагедиялары адам жүрегіндегі арбасқан сезімдер қайшылығына құрылмаушы ма еді? Атақты «Медея» — бір кісінің жүрегіне тоғысқан аналық парыз бен әйелдік бақыт құштарлығы арасындағы тайталастың трагедиясы емес пе еді? Ендеше, мұндай жүректегі тартыс адам жүрегіне айрықша қырағы лириканың көзіне алдымен ілігуі керек қой.

Ең терең тартыс — кісінің сезім дүниесіндегі тартыс. Оны қаз-қалпында мөддіретіп жеткізуде музыка мен лириканың мүмкіндігі тіпті мол. Өлеңнің осы бір сырын жас ақын жақсы аңғарыпты. Лириканың мұндай мінезін білмегендіктен, өлеңдегі сезім логикасының жалпы аңғарына көз салмай, бір-екі жолды ұстап алып, сары уайымшылдықты іздестіре бастайтын әдетіміз де бар еді. Жүмекен одан қысылмапты. Өйткені, лирика әлгіндей сезім серпілісінсіз тым сылдыр, жалаң, не тек сарнау, елжіреу, не тек желбуаз лепіру болып кетеді. Су мамандарының айтуы бойынша, өз бойына жер қыртысындағы тұз бен нәрді молырақ сіңірген су ғана организмге пайдалы. Лириканың да өмір қыртыстарының тұзы мен нәрін өз бойына молырақ дарыта білгені дұрыс, әйтпесе, оның да кенеуі болмайды. Бірақ бәрінің де шегі бар, Тұз сіңірген осы екен деп шектен асып, көк заһар су ұсыну тағы қиянат. Алғашқы кітаптарында Жүмекеннің ара-тұра әлгі тұзды қанша дарытудың мөлшерін білмей, өлеңнің жақсы әуенін, үлкен мәнді салмағын тұмандатып, күңгірттендіріп алатыны да бар еді.

Ол кітаптарында Ж. Нәжімеденовтың гүл біткеннің басына қонып, бал жиған арадай, өмірдегі құбылыс біткеннің бәрінен ой жиятыны байқалғанды. Сәл нәрседен салмақты мән таба білу — сөз жоқ, үлкен суреткердің мінезі. Бірақ, сол ойлар әр гүлден құрастырылған гербарийге ұқсап кетпей, тұтас болмысқа, тұтас әлемге айналысын. Ж. Нәжімеденовтың мол қамтуға, көп нәрсені, көп құбылыстың сырын аңғаруға құмарлығы әр нәрсенің басын бір шалатын жадағайлыққа ұштасып кетпесе жарар еді деп те қауіптенгенбіз.

Кейінгі кітаптарында Ж. Нәжімеденов әр нәрсеге бір шашыла бермей, өмірдің сан алуан қатпары мен қабатын тоғыстырған белді-белді проблемаларына, жоталы тақырыптарға ойысты.

«Жоқ, ұмытуға болмайды» — лирикалық поэмалар кітабы. Мұнда ақын өткен соғыстың трагедиясы мен героикасын адамдар жүрегінен іздейді. Өмірді лириктің көзімен ғана шолып отырып, өмірімізден өн бойына соғыс трагедиясы мен сол тұстағы асқақ героиканы тоғыстыра білген монументальдық тұлғаларды таба білді. Ақын жанарына іліккен жандар сырт кескінімен, тарихтағы ала бөтен ерлік әрекеттермен көзге ұрмайды; кез-келген көз байқап, кез келген көкірек түйсіге бермейтін қарапайым адамдар. Ж. Нәжімеденов солардың үйреншікті өмірінен, қарапайым тірлігінен үлкен рухани ерлік табады. Оның «Келін» поэмасындағы соғыс тұсында қаза тапқан жарының төсегіне дақ түсірмей, ата-енесін, жалғыз баласын бағып, бар ғұмырын өткізіп, қартайғанша «келін» атанған мейірімді де қайсар қазақ әйелінің бейнесі — тек жас ақын творчествосындағы ғана емес, жалпы соңғы жылдардағы қазақ әдебиетінде жасалған ең бір елеулі сом тұлға. Сол кітаптағы соғыс күш-қуаттан, көрік пен тұлғадан айырған мүгедек жанның көршінің көркем қызына деген ғұмыры тісінен шығарып көрмеген үнсіз махаббаты жайлы лирикалық поэмасы — шын адам танығыштығымен баурап алатын шоқтықты шығарма.

Лирикалық поэмалар кітабында осындай ересен рухани ерліктер туралы жазған жас ақын келесі кітабында тағы да адам мен табиғат болмысы жайлы философиялық тебіреністерге оралды. Кітап «Жарық пен жылу» деп аталады. Бұл кітап адам жүрегіндегі арбасқан сезімдер арқылы жалпы болмыстағы контрастар, табиғат пен қоғамның өзіндегі тайталастар туралы сыр қозғайды. Ақын сол тайталастардан мәнсіз бақастықты, әншейін әрі-сәрілікті

көрмей, ізгілік, әділет, өмір жолындағы саналы күресті көреді. Табиғаттағы қайшылықтардың өзі суықты жылудың, түнекті жарықтың жеңуі жолындағы күреске бағышталғандай.

Ж. Нәжімеденов — философ болмыс құбылыстарына сырт шолғыншы ғана емес, оның тұңғығы мен тереңіне шұқшия үңілген зерделі зерттеуші. Ол табиғат құлқынан адамды, адам құлқынан қоғамды таниды. Ол сырт көз бүтіндік пен тұтастықтың ар жағынан текетірес күресті, сол күрестің ар жағынан бүкіл болмыстың өмір заңдарын көкке көтерген түп тұтастығы мен түбегейлі бүтіндігін көреді. Мұндай ақындық зерттеу тұсында өмір көкжиегін өз басы, өз жанындағы күңіреніс-күйзеліс, тебіреніс-толғаныспен көлегейлемей, қайта сол болмыс құбылыстарының өзі көрініп, өзі ашылуына жағдай жасайды. «Жарық пен жылуда» «мен» деп сөйлеу, «мен көрдім», «мен байқадым», «мен ойладым» деп сөйлеу сирек ұшырасады. Оқушы ақын кітабын оқып отырғанын ұмытып, табиғи, қоғамдық, адамдық болмыспен өзі бетпе-бет келгендей әсерде қалады. Бұл, шындап келгенде, лирикада «меннің» жоғалуын емес, «лирикалық меннің» болмыс құбылыстарымен етене кірігіп, сіңісіп кеткендігін, автордың ақындық рухының өткірлігі мен шынайылығын танытады. Бұндай қасиет Тютчев лирикасында, Пастернак лирикасында жақсы көрініп еді. Ол Шығыс поэзиясындағы Саади, Рудаки, Хайям, Хафиз лирикасына да тән-ді. Абай лирикасында да «мен-мен» деп кеуде қағу сирек ұшырасатын; ұлы ақын айтып отырған өмір шындығы ақынның жан сырындай естілетін-ді. Түптеп келгенде, лириканы өрбітетін күш те — ақынның жан сырының өмірлік шындыққа, өмірлік шындықтың ақынның жан сырына айналуы ғой.

Ж. Нәжімеденов те өзі имандай иланған, жан сырына айналған шындықтарды айтқанда, артық айқай, алақызбаға жүгірмейді. Өмірдің өзіндегідей байсалды, қарапайым, солай бола тұра бауырына қат-қабат сыр жасырған күрделі.

«Жарық пен жылуда» суреткерлік шеберлігі мен философиялық тереңдігін жақсы байқатқан ақын «Күй кітабын» жазды. Күй — ақын трактовкасында тек музыкалық құбылыс емес, бүкіл бір халықтың көп ғасырлық рухани күйі, сезім тілімен шертілген шежіресі. Әр күйші — өз халқының рухани әлемін жарық жалғанға жарқыратып жайып салған бір терезе. Құрманғазы — халық-

тың асау рухының, Дәулеткерей — жан сұлулығының, Тәттімбет — ойшылдығының терезесі іспетті. Ж. Нәжімеденов қазақ күйінің сазы мен сарынына үңіліп, тек халықтың өткен шежіресін ғана емес, бүгінгі өмірін де көреді. Күй — Ж. Нәжімеденов үшін өз халқы, өз тарихы, өз заманына барынша тереңдеп көз жібере алатын ақиқат айнасы сияқты. Мұнда ақын күй тілімен тебіреніп, күй сазымен сыр шертеді.

*Үн төгілді түрленіп — көк гауһардан кетті аумап,
Жарқындығы — күлкідей, мұңдылығы — жоқтаудап,
Ащылығы — шындықтай, тәттілігі — шабыттап,
Жеңілдігі — көбіктей, ауырлығы — табыттап.*

Осынша сиқыр саз бүкіл болмыстың барша сыры мен шынын үңгіп қазып, сарқып берердей. Ж. Нәжімеденов сондықтан да болар, «Күй кітабын» жаңғыз өнер тақырыбына ғана емес, күллі өмір тақырыбына арнапты.

*Ақ тілеуің құдайдан — жалғыз мен ғой, балаң ғой,
Бақ тіледің құдайдан — құдай оған сараң ғой;
Көрмейтінін құдайдың — көріп қайтып шығардың,
Бермейтінін құдайдың — неге ғана сұрадың?!*

«Қайран шешем».

Ж. Нәжімеденов жаңа кітабында халқымыздың аса ұлы суреткерлерінің поэтикалық образын жасады. Ақын ол үшін күй рухынан күйші рухын, кісі рухын тани білді. Ж. Нәжімеденовтың Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Тәттімбет туралы циклдарын оқи отыра, ең алдымен сол әр күйшіге тән рухты, сезім әлемін танимыз; сол арқылы біздің жан-дүниемізде сол алып тұлғалардың рухани кескін-кейпі қайта тіріледі. Ақын ұлы күйшілерді тек белгілі бір кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар деп қана емес, адамдар жанында мәңгі тірі рухтар, рухани құбылыстар деп түсінеді. Сондықтан, олар жайлы өлең ұлы өнерпаздарды мерт қылған бір кездегі зұлымдарға бажылдық қарғыс айтудан атымен аулақ. Ақын жазып отырған күйлер ең алдымен біздің жанымыздағы әлі бар ездiк пен есерлікке, күйкілік пен нәрсіздікке қарсы атой салады. Сөйтіп, Ж. Нәжімеденовтың «Күй кітабы» — оның жалпы творчествосындағы оқшау құбылыс емес, оның суреткерлік тегеурінін, азаматтық позициясын айқындай түскен сүбелі туындысы.

Ж. Нәжімеденовтың әр кітабы әртүрлі мінез танытады. Ол ылғи бір қалып, бір сарынмен жазудан әрдайым

сақтанып отырады; лирикалық поэмалардағы психологизм «Жарық пен жылуда» философиялық ойшылдыққа, зерттеуші пафосқа ауысса, «Күй кітабында» ақындық, азаматтық құштарлыққа толы поэтикалық монологтарға ұласты. Әр кітаптың орталық тақырыбы болумен қоса, бүкіл кітапқа ортақ интонациясы да көзге шалынады.

Ақынның соңғы «Мезгіл әуендері» атты жаңа кітабы оның тағы бір бет-бұрысын байқатады. Мұнда қазіргі ауыл, студенттер өмірі, үй-ішілік хал сияқты үйреншікті жайлар көбірек сөз болады. Ақынның өмірдегі әрбір ұсақ пен елеусізді де қалтарыс қағыста қалдырмайтын жіті байқағыштығына, соны әсерлі де әрлі жеткізе алатын суреткерлігіне, бұрынғы кітаптарынан гөрі бұл жолы көбірек байқалған жылы поэтикалық юморына сүйсінесіз. Бірақ Ж. Нәжімеденов тапқыр деталы мен соны теңеуіне бола мақталатын жастан кетті. Соңғы кітабы болмыстың үлкен әлеуметтік сырларын ашуы жағынан, поэтикалық салмақтылығы жағынан бұрынғы кітаптарынан гөрі кем соғып жатыр. Бұл кітаптағы жөнді-жөнсіз сайқымазақтық та шығарманың эмоциялық әсерін, әлеуметтік мәнін төмендетпесе, тереңдетіп тұрған жоқ. Бәлкім, бұл жақсы ақынымыздың тағы да бір соны ізденіс-талабынан туған кітап шығар. Алайда, әрбір жаңа ізденіс оқушы алдында, өзінің суреткерлік абыройы алдындағы үлкен жауапкершілікке ұштасса ғана жемісті болмақ.

Ақындық дидарын айқын танытқан Ж. Нәжімеденов бұндай өз қаламының еркелігін өзі қызықтайтын ұнамсыз мінезден аулақ жүруге тиісті.

Ж. Нәжімеденов — суретші ақын. Оның суреті — он сегізге енді шығып, құлпырып тұрған бойжеткеннің ылғи бұлқынып тұратын көкірегіндей дірілге толы сурет. Онда омалып қалған ештеңе жоқ, бәрі қозғалыста. Суреттері айқын, бояулы. Өнерді өнер ететін — өлшем. Шын асыл бояуды шын шебер күректеп, я шелектеп жұмсамай, шай қасықтың ұшымен іліп алып жұмсайды. Біздің жас поэзияның бояуды бытыстырып пайдаланатын орынсыз ысырапқорлығынан Ж. Нәжімеденов атымен ада.

Оның жырлары әуенді, әуезді. Сол әуенділік ақын айтатын сыр мен ойды тереңдете түседі, ақын салған суреттерді жұмсарта, нұрландыра түседі. Егер Ж. Нәжімеденов жырлары әрдайым жұмсақ, биязы келеді десек, олай болуының бір сыры осы әуезділігінде жатса керек. Онда бір бүйір шығандап кететін әуен жоқ, бәрі де сұлу қайырылып отырады. Біздің ойымызша, соңғы буын жас ақындардың ішінде ең музыкалы өлеңдер — Ж. Нәжімеденов өлеңдері. Ол

өлеңнің эвфониясы, ритмикасына, строфикасына аса үлкен жауапкершілікпен қарайды. Жете байқап оқыған көз одан талай соны ырғақтарды табар еді.

*Жеңіммен ғана оны сүртемін,
Көзімнен моншақтар секіргі.
Маңдайда әжімдер — бір тергің
Арнасы секілді.
Тер — менің қуатым, бар тұлғам,
Тер — менің бақытым қолдағы.
Терім тек қысылу, қорқудан
Шықпаса болғаны.*

Бүйтіп ырғақ сындыру біздің ақындарда бұрын да ұшырасып жүр. Бірақ, оларда бұндай шумақтағы мелодия бұзылып, орнын тақ-тұқ какофония алмастырып кететін еді. Ал, мына шумақтарда сазға кесірін тигізіп тұрған кінәрат бар ма? Оның бұл саладағы ізденістері еш уақытта мелодияға, сазға қиянаты жоқ, қайта оны мың бұралтып, қырық түрлентпек ниеттегі ізденістер.

Мұның бәрі де — аса елгезек, аса сезімтал ақын ізденісінің нәтижесі.

Ж. Нәжімеденов — сөз жоқ, тек соңғы буын жас ақындардың ішіндегі ғана емес, қазіргі қазақ поэзиясында көзге шалынар көшелі талант.

*Күннен де асқан қызулырақ жүректі
Ақын депті, ақын депті бұл халық, —*

дей келіп ол:

*Сол адамды жаратқанда ақын ғып,
Құдайға да біткен шығар батырлық, —*

деп бітіреді бір өлеңін.

Мұндай өрелі өнерін өрге бастыра беру — жас ақынның өмірлік парызы.

IV. «АЙТЫП ӨТКЕН АҚЫНДА АРМАН БАР МА...»

Ақын Мұқағали Мақатаев оқушы қауымға әуелі лирик ретінде көрінді. Сосын олар біршама уақыт Мақатаев-лириктің ізінен адасып қалды; оны көбіне-көп Маркс, Ленин туралы поэмалар жазған, тарихи алып тұлғалардың поэтикалық портреттерін жасаған үлкен эпикалық тыныстың иесі ретінде білді.

Рас, М. Мақатаев — бірнеше поэмалардың авторы. Бірақ, сол поэмалардың өзінде оның лириктігі жеңіп кетіп отырушы еді. Ақынның ұзақ-ұзақ толғауларында ара-тұра шалқымалары, өмір жайлы, азаттық жайлы, махаббат жайлы тебіреністері оқушы көңілін мол әсерге бөлеп, тебіrentіп кететін. Алайда, ақын Маркс пен Лениннің қазақ поэзиясы топырағында естен шықпастай еңселі бейнесін жасап берді деп айту қиын.

М. Мақатаев бұл салада ұзақ ізденді, ұзақ еңбектенді. Ашық бояулы, анық үнді іргелі талант екені тағы даусыз. Бірақ, осыншама орасан еңбектің нәтижесі неге бұлай?

Мен М. Мақатаевтың әр жаңа поэмасын оқыған сайын осындай ойға қалушы ем. Сол сауалдың жауабын ақынның кейінгі екі лирика кітаптарынан таптым.

Поэзия — адам жанын тебіrentкен, айтылмай, бейнеленбей тынбайтын өктем рухтың бейнесі; ақынның өзге жұрттан артықшылығы — бүкіл болмыспен, табиғатпен табысып, кез-келген кісі тебірене бермейтін құбылысқа тебіrentетіні, кез-келген кісі әсерлене бермейтін нәрседен әсерленетіні. Бұл — ақынның табиғаты. Өлең ең әуелі тап осындай табиғаттан жаратылуы керек, ол сонда ғана табиғи; әйтпесе, жазып отырған кісінің өзін-өзі күштеуінен туған шығарма оқушыны да тебіrentпейді. Бізде ұзақ уақыт поэзияның табиғатын, ақынның міндетін бұлай түсінбейтін қисық қисындар да орын алды. Көбіне-көп ақынды кез-келген ой мен сезімді былайғы жұрттың қолынан келе бермейтін поэтикалық түрге түсіре қойғыш кісі деп түсіндік. Бұл қате түсінік әлі аласталып болған жоқ. Қазіргі поэзияда жасанды өлең неге көп дейтін сауалдың да ең түп жауабы осы. Бірақ, ондай одағай түсінікті өлең төңіректеген көлденең адамдар иемденіп жүрсе бір жөн ғой, ара-тұра мұндай аңғал қағидаға талантты-талантты деген ақындарымыздың да иланатыны бар.

Әдетте, бір кітаптың ішінде талантты, сезім баурай алатын тәп-тәуір өлеңдерді оқып отырып, кенет кенеуі жоқ құрғақ сөздердің құбылмалы ұйқасқа, ырғаққа түскен тіркес-тізбесіне бір-ақ секіретініміз де сондықтан. Сыншылар мұндай ала-құлалықты, ала қолдылықты, ақындардың әлі де болса поэтикалық шеберлігінің жетіспей жатқандығымен түсіндірмекші болады. Расында да, бар пәле шеберліктің жетіспеуінен шығып жатса көнуге, шыдап көруге болар еді. Өміршең талант өспей тұрмайды, шеберлігі де жетісер. Бірақ, талантты-талантты деген ақындарымыз қанша кітап шығарса да, ішінде белгілі мөлшер-

де ақын рухының мейірім таппаған әлгіндей өгей өлең жүреді. Ондай өлең оқушы тарапынан де пейіл таппайды, бірақ, бір ғажабы, кітаптан орын табады. Жарайды, ол өз алдына мәселе... Бұндай ала-құлалық, ала қолдылық шеберліктің жетіспеуінен емес, көптеген ақындарымыздың өз талантының сырын жете зерттеп болмағандығынан, өз творчествосына, өз шығармасына деген қатаң талаптың жетіспеуінен; түптеп келгенде, ақын қызметіне деген әлгіндей қате түсініктен.

Бұл түсінік ақын тақырып таңдағанда да, өз шығармасына өмірлік материал іздегенде де ықпал етпей қоймайды. Бұдан екі жүз жыл бұрын Гете Германияда поэтикалық мәдениеттің өскені сонша, ешкім жаман өлең жазбайды, бәрі де мақтауды талап етеді, бірақ, ешқайсысын мақтамау керек деп жазып еді, өйткені, өнер санға емес, санлаққа зәру. Әлгіндей ұшқары ұғымды иемденетіндер, өлеңді жасауға болады деп ойлайтындар, қазіргі қазақ өлеңінің барша техникалық жетістігін бес саусағындай біліп болған, бүгін Әбділдаша жазса, ертең Хамитше, арғы күні Қадырша, енді бір күні Төлегенше жазып шыға келеді.

«Проза жазу үшін, — деді Гете Эккерманға, — айтатын бірдеңе болу керек; ал енді айтатын ештеңесі жоқ кісі өлең мен ұйқасқа ұмтылады; бір сөз артынан бір сөзді сүйрелеп, ақыр аяғында, расында ештеңесі жоқ болса да, әлденеге ұқсайтын бірдеңе шығады». Біздегі көп өлеңнің өлең болмай бірдеңе боп шығатынының сырына енді түсінуге болады. Бірдеңе жазғыштардың қазір, құдайға шүкір, қай-қайсысында да сауат жетеді. Олардың бұдан аз уақыт бұрынғы әріптестерінің календарьды бағып, қай күннің кімге арналғанын біліп алып, соған арнап жаза қоятын ауруынан «айықты». Енді олар әдебиет табиғатын бұрынғыдан гөрі «тереңірек» түсінетін болды; қазір қай тақырыптың, қандай өлеңнің өтімді екенін жақсы білетін олар сол тақырып пен сол өлеңнің базарда нарқы түсіп кетпей тұрғанда бір шетінен нәпақа көріп қалуға асығады. Қазіргі поэзияға «модашылдық» сырқауы осылай келді. Кеше «ракетаны» жазғыштар бүгін «арғымақты» көп жазып жүр, ертең олар Төлегеннің аруана жайлы жақсы өлеңін оқып алып, бота-тайлақ, мұрындық пен бұйда жайында көп жазып кетпейтініне кім кепіл?

Мұндай өлең жасағыштардың ақылдылау жағы өтімді тақырыптың, өмірлі тақырыптың иісін жер түбінен сезіп, алдымен бас қоятынды шығарды. Бірақ, ондай қомағайлардың өтімдінің нарқын түсіріп, өміршенді өмірсіздендіріп

жатқаннан басқа бітіріп жүргендері шамалы. Алайда, әлем әдебиетінде небір жайсаң тақырып әлденеше жылдар, тіпті ғасырлар бойы сарғайып, өзін жазар өрелі талантты күтсе, біздің жаппай сауатты тұсымызда тақырып арамдағыштардың өте-мөте көбейіп бара жатқаны амалсыз қынжылтады. Жарайды, жаман ақын, жаман жазушы жақсы тақырыптың, жақсы материалдың құнын уақытша түсіргенмен, біржолата құнсыздандырып кете алмайды. Бірақ, тақырып таңдаудағы жауапкершіліктің кемдігімен ұштасып жататыны мықтап ойлантатын жәйт. Бізде талантты деген, ақын-жазушыларымыздың өздерінің де әлі жете менгеріп, жете ұғынып болмаған тақырыбына, өз жаны, өз рухымен әлі біте қайнасып, сіңісті болып кете қоймаған өмірлік материалға асығыс киліге салатындары бар. Ондай мінез әдебиетте жасанды шығарманы көбейтпесе, жақсы шығарманы көбейтпейді, ондай шығарма оқушы қауым алдында автордың беделін түсірмесе, абыройын асырмайды.

Бұндай жағдай көбіне-көп өз творчествосының азаматтық үнін, әлеуметтік мән-маңызын көтерудің сырын қате түсінуден орын алып жүрген кемшілік. Жас жазушыға әлгі тектес сын айтылуы-ақ мұң екен, өресі жетсін-жетпесін, әзірлігі болсын-болмасын үлкен тақырыптың біреуінің етегіне жармаса салады. Ондай асығыстықпен үлкен тақырыпқа баруын барғанмен, үлкен нәрсе айта алмай, ол жазбай тұрғанда да белгілі жалпы ұғым, жалпылама ойларды қайта айтып шыға келеді. Мұқағали Мақатаевтың ұлы көсемдер жайлы поэмаларының оқушы көкірегіне тереңдеп дари алмауының себебі де жұрттың бәріне белгілі жалпылама ой, жалпылама жайларды қайталап, одан арғыға тереңдеп бара алмағанынан болды. Ал, жалпылама ой, жалпылама жайлардың өнер жасай алмайтындығын әсіресе, өлең жасай алмайтындығын бұл ақын соңғы лирика кітабының үстінде жақсы ұғыпты.

Азаматтық — ақынға, өлеңге сырттан таңылатын жанама қасиет, жанама сипат емес. Азаматтықты сырттан іздеп, сырттан қарастыратын ақын шынайы азаматтық өреге де ие бола алмайды, шынайы өлең де жаза алмайды. Онда өлең жазу процесі өнерге атымен жат өлең жасау процесіне айналады. Азаматтық — өлеңнің, өнердің табиғи болмысы. Азаматтық — ақындықтың ең түп табиғаты. Суреткердің былайғы жұрттан ала бөтен айрықша қасиеті де — оның айналаға, өмір құбылыстарына өзге жұрттан ала бөтен елгезектігі, өзге жұрттан ала бөтен сезімталдығы, айрықша азаматтық құштарлығы мен рухани белсенділігі. Күллі дү-

ние мұның мұң қылып, күллі дүние қуанышын қуаныш қылу — тек суреткерлердің, ақындардың ғана қолынан келетін қасиет. Сондықтан да өрелі тақырыптарды игеру суреткердің бойындағы әлгіндей өрелі өсудің заңды нәтижесі болғанда ғана табысқа жетпек.

Суреткер неғұрлым күллі қоғамдық, күллі адамзаттық мұң-мүддеге көтеріле алса, солғұрлым үлкен суреткерге айналмақшы да, ал сол күллі адамзаттық, күллі қоғамдық мұң-мүдде суреткердің өз мұң-мүддесімен неғұрлым табыса, қабыса түскен сайын шығарма да солғұрлым шынайы, солғұрлым өрелі бола түспекші.

Осы арада Ольга Берггольцтің: «Главная книга писателя — во всяком случае моя главная книга — рисуется мне книгой, которая насыщена предельной правдой нашего общего бытия, прошедшего через мое сердце», — деген сөзі ойға оралады.

Демек, өз жүрегін арқылы... Ақынның ақиқатқа барар тек жалғыз-ақ жолы бар, ол өз жүрегіннің үстімен өтеді. Оған соқпай бұлтарып өтетін жолдың бәрі ақиқаттың да ауылына соқпайды. Ақын жырының ең алдымен тек өз жүрегіннің терең тебіренісінен тууы — өлеңге қойылар ең басты талап, өлеңнің ең терең табиғаты. Онсыз жерде, ақын қаншама ұлы ой, ұлы идеяларды өлеңге түсірсін мейлі, ол бірден көкейіңе қонып, көңіліңді баурар жан сыры болмай, әншейін ұйқастырылған уағыз болып шығады. Рас, өмірдегі мәнді-маңызды ойлар мен идеяларды уағыздау да керек. Бірақ, кез келген лепірме уағыз жақсы өлеңнің орнына жүре алмайды да, ал шынайы өлең небір ұлы идеяны насихаттайтын мәнді уағыз, мәнерлі өсиеттің қызметін қашанда атқара алады.

Олай болса ақынның жан сыры — өлең арқылы ақиқат табудың, қоғамның өрелі шындығын ашудың ең бір ұтымды жолы.

Мұқағали Мақатаевтың лирикасы осыған құрылған.

35 жыл.

Отыз бесінші шуағым.

35 жыл күлдім,

35 жыл жыладым.

Кім біледі,

Енді қанша тұрамын?

35 көктем.

35 күз, 35 қыс, 35 жаз

Осал өмір емес-ау отыз бес жас...

Рас, отыз бес жас көпті көріп, көпті тауысатын ай маңдай, ақ бас ғасыр емес. Бірақ, отыз бес жастың осал өмір емес екені тағы рас. Мұқағалидың өмірбаяны да өзінің дарынды достары Қадыр мен Жүмекен тақілеттес.

*Бала бола алмадық,
Әке болсақ екен тек.*

Қ.Мырзалиев.

*Шаруа біліп әуелі
Ойнадық қой содан соң.*

Ж.Нәжімеденов.

Есімде жоқ.

Бала боп өсіп пе егім?!

Болсам неге жылы сөз есітпегім?!

Есімде тек,

Білемін жеңіс-құстың

Біздің жаққа бір апта кешіккенін.

Осылай өскемін.

Мен — солдаттың жандырып кеткен жалыны,

Сөнбегім де өшпегім.

Мен отыз бестемін.

Бұл — талантты ақындардың бірін-бірі қайталағаны емес, бәріне де ортақ өмірбаян. Қиын кезеңде туғандар ең алдымен уақыт мәні мен уақыт сырына қанығатын болса керек. Қадыр да, Жүмекен де, Мұқағали да уақытты жырлайды. Үшеуін де уақыт асықтырады. Мұқағали да уақытты үзілмес мәңгілік, оралмас өмір, таусылмас ой деп ұғады. Сондықтан да, өткен соғыс тұсында, айналасы төрт жыл ішінде, өмір мен өлімнің, ерлік пен ездіктің, бақыт пен қасіреттің барша сыр-сықпытын көріп алған оған отыз бес жас тым көп боп көрінеді. Бұл жерде ақын арифметиканы айтып отырған жоқ, «отыз бес жыл күлу» мен «отыз бес жас жылауды» айтып отыр. «Ақын өзінің өмірбаянын ғана емес, өз жанының шежіресін жазады», — дейді Потебня. Ендеше, отыз бес жыл өмірді ақын боп, суреткер боп сүрсең аз ғұмыр, аз өмір емес екені әбден даусыз. Отыз жыл адамға талай сыр ұқтырып, ақынға талай жыр ұқтырады.

*Оңашада ойларын тыным еткен,
Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.
Ақындар бар амалсыз бұғып өткен,
Ақындар бар ішінен тынып өткен.
Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен.*

*Бізді олардың балама біріне де,
Ұлыға да санама, іріге де.
Қалам тартқан қазақтың бәрі де ақын,
Абай, бірақ, қайтадан тіріле ме...
Ойлы жас!
Өлең менің сырласымдай,
Сырлассам да құмарым жүр басылмай,
Айтып өткен ақында арман бар ма
Жүрегінің түбіне кір жасырмай...*

Ақынның шыны да, сыры да осы; бұл — оның азаматтық арының сөзі, суреткерлік кредосы.

Күллі болмысқа осы кредомен үнілген ақын, шынында да, тек өз өмірбаянын жазып қоймай, біздің өрелі тұрғыласымыздың, зор адамгершілік иесі замандасымыздың рухани шежіресін жасаған.

Поэмаларында кесек тұлға, ересен құбылыстарға бөлекше ыждаһат танытатын жас ақын лирикасында өмірдегі ең бір елеусіз, ең бір үйреншікті құбылыс пен құлыққа үйір; ол лирикасында үйреншіктіден үлкен мән, елеусіздіктен ерен ерлік танитын суреткерлік зеректігін жақсы танытты. Мақатаев лирик: «өмір дейтін өзгермес мекеменің алдында әжем мені қабылдаған» дейтін сәтінен бастап, өз тұсын, әсіресе, жаутаңдаған балғын балалық шағын көбірек жырлайды.

*Рас, қайғы-қасіреті бар қаптаған,
Ғұмырлар бар батқан және батпаған.
Әкелгенмен әр адамға бір қайғы,
Сол жылдарға қарғыс айту жат маған...
Аңыздардан тере жүріп масақты,
Рас, рас, көзімізден жас ақты.
Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар,
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты.*

Ол Ұлы Отан соғысын адамдарымыздың күш-қуатына, тұрмысына ғана емес, ең алдымен рухани дүниесіне түскен үлкен сын деп біледі. Ол сол қиын-қыстау рухани шайқастарда жеңіп шыққан жеңімпаз сезімдерді жырға қосады. Олар — мейірімділік, адамдарға деген биік махаббат. Мақатаев жырларындағы майда қоңыр саз бен жарқ-жұрқ көзге ұрмайтын жұмсақ нұрдың өзі де, оның терең тебіреністі гуманистік мәнін айқындай түседі. Жас ақын зор адамгершілікті, биік гуманизмді елден ерек төтен ерліктерден емес, адамдардың бір-біріне деген мейір-пейілінен іздейді. Оның өлеңіндегі адамдар шетінен жүзі игі, жүрегі жұмсақ

жандар. Бірақ, ақын өмірді май тонғысыз идиллия қылып суреттеуден аулақ. Ол әрекетшіл мейірімді, өзгенің бақыты мен қуанышына тек тілектес қана болып қоймай, сол үшін бел шешіп күресетін белсенді қайырымды жырлайды. Ол сонау ұлы шайқас, ұлы жеңіс жылдарында жарқырап көрінген моральдік сапаны дәйім биікте ұстауға үндейді. Ол қазіргі қылығымыз бен құлығымызды да сол жылдардағы моральдік биігіміздің деңгейімен өлшейді.

*Сонау бір жазда, жайлауда,
Соғыстың кезі, қой баққам.
Көңілім келмей байламға,
Көп нәрсені ойлантқан...
Жүтірген төмен құлдырап
Көргім де таудың бұлағын.
Көзімнің алды бұлдырап,
Қалқайып екі құлағым,
Қабаржып, үнсіз жыладым.
Сондағы көздің жасынан
Ләззат алғам, нансаңыз.
Сұраңыз әрбір тасынан
Еліме менің барсаңыз.
Сұрапыл, сұрғылт, ашулы
Сұраңыз таудан, асқардан.
Сондағы тамшы жасымды
Кем көрмен ұлы дастаннан.
Бұлақтан барып сұраңыз,
Көргі екен, кімді білді екен...
Бұғынып қалған бір аңыз
Бұйығып тағы жүр ме екен.
Жартастың жонын ұрғылап,
Кеудесін сайдың тепкілеп.
Сұрар ма екен сұм бұлақ;
— Сол бала қайда кетті? — деп.*

Көзден мөлдіреп тамған көз жасына қандай сенсеңіз, дәл сол көз жасындай қағаз бетіне мөлдіреп түсе қалған осы өлеңге де сондай сеніңіз! Оның ақиқат екенін жалғыз Мұқағали емес, бүкіл бір ұрпақ қол қойып растай алады. Өйткені, бұл — бүкіл бір ұрпақтың шыны, бүкіл бір ұрпақтың сыры.

Сондағы көз жасы — біздің бүкіл болмысымыздың айнасы. Сондағы көз жасы ешқашан естен шықпауға тиісті. Ақын болайық, әкім болайық, басқа болайық, космонавт болып, жеті қат көкті шарлайық, мейлі, сондағы көз жа-

сының бір тамшысы көкіректің ту сонау түп төрінде жату керек. Ол бізді өзінен басқаға өзегі жібімейтін енжарлықтан, самарқаулықтан, қатыгездіктен, әділетсіздіктен, бақ құмарлықтан, басқа құмарлықтан сақтайды. Біз қазір не істеп, не қойсақ та, оның ең әділ сыншысы — сол жылдарда көзі жаутаңдаған қара бала, сары бала. Ол балаларды біз жүрегімізден бір мысқал жырақ жібермеуге тиіспіз; біздің сол жылдардағы көз жасымыздай рухани тазалығымыз, ойымыздың анықтығы, сезіміміздің мөлдірлігі сонда сақталады.

М.Мақатаев жырларындағы азаматтық пен адамгершіліктің түп бастауы да «сондағы көз жасы». Ол оған айналасына адал қарауды, ақ қарауды үйретеді.

Сіздер сезесіздер ме?

Түсінесіздер ме?

Сенесіздер ме кісіге

Сіздер?

Сіздер — көтергіш крансыздар:

Шығарасыздар да,

түсіресіздер де.

Заманның жүгі алақандарыңызда,

Алақандарыңызда, жоталарыңызда.

Айтсаңыздар болды балапандарыңызға,

Лаулаймыз өрттей от аламыз да.

Дәуірге — оттық,

шырпы да — сіздер,

Тұтанасыздар да сілкінесіздер.

Құпия сандық құлпы да — сіздер,

Құлпының ашар кілті де — сіздер.

Қатыгез майдан, қанды жапанда

Белгісіз болып жоғалғансыздар.

Жігіт боп барып ерлік сапарға,

Шал болып қайта оралғансыздар.

Атадан қалған асылдарсыздар,

Дауылдансыздар, жасыннансыздар.

Өзен боп көлге қосылғансыздар,

Дән болып жерге шашылғансыздар,

Атаннан да жоталысыздар,

Жоталысыздар, боталысыздар,

Боталарыңыздың Отанысыздар.

Жүректің бір дүрсілінен, бір демнен туған осы бір өлең қан майданнан қайтқандар мен қайтпағандарға арналған. Аға буынға, әке буынға арналған талай өлең

оқып жүрсек те, жүректі түбіне дейін ақтара салған, көлгірсуден атымен ада, мұндай адал өлеңді оқып отырғанымыз осы.

Егер ақын:

*Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген,
Не тындырдың «басымды иемменен?»
Оңай сөз ғой, құрбым-ау, оңай сөз ғой,
«Отан үшін өлемін, күйем» деген.
Өлім деген ерліктің қорегі ме?
Өлмей-ақ қой, бос сөздің керегі не!
...Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген,
Іс тынбайды «жанамын, күйемменен»...
Өгей әке емес қой Отан деген,
Отанды мен атамдай иемденем, —*

десе, оған ешкім қарсылық айтпайды, оның алдына көлденең тартар куәлігі — сонау бір жылдардағы көз жасы.

М.Мақатаев азаматтықты, ең алдымен, адамгершілік деп ұғады. Содан болар оның жырлары адам болмысының сан сәттерін жіті зерттеп, дәл байқаған суреткерлік толғамдарға толы. Оның адамдар жайлы жырлары құдды тірі клеткадай үзіп-жұлғанды көтермейді. Ал, кітапта адамдық жыры көп. Бәр-бәрін түгел келтіріп жату тіпті мүмкін емес. Сондықтан ақын жүрегінің нұры мен талантының қуатына көз жеткізу үшін бір-екі өлеңін оқып көрелікші.

*Бұлқынып жатыр
Келмейді-ау құрғыр шамасы,
Бұлқынып жатыр
Таусылды-ау айла-шарасы.
Сәулемнің менің аяқ пен қолын матамай,
Бостандық берші, бостандық берші, мамасы.
Тұмшалап қойдың несіне сонша қаусырып,
Шандудан бөлек қалған ба шараң таусылып,
Аяқ пен қолын матамай бос қой, мамасы,
Кішкентай адам көрсетіп жатыр қарсылық...
Көкемді босат, аяқ пен қолын матама,
Көтеріп жүрем, көтеріп өтем жотама.
Басымды тігем,
Бармақтай менің сәбиім
бүлдіре қоймас...
Бостандық берші ботама?*

Мамасы, босат, еркімен өссін тал шыбық!
Ауа мен күнге, Ай менен нұрға малшынып.
Бұлқынып жатыр, ұмтылып жатыр, қарашы,
Кішкентай жүрек көрсетіп жатыр қарсылық...

Немесе:

Қалақтай едің, қабіріңде қалақ тұр.
Туғаныңды, өлгеніңді санап құр.
Сенің аңқау құлағыңдай қалқиып,
Қыр басынан қала жаққа қарап тұр.
Қызым менің,
Гүлім менің,
Аяулым!
Жатыр молаң жотасындай қоянның.
Құлпы тастың құны маған бес тиын,
Бірақ таспен қалай жаншып қоярмын.
Қойман, ботам.
Керегі не көк тастың,
Қыста ақ қар, жазда шалғын шөп бассын,
Өзің келген май айында ақ нөсер,
Ағыл-тегіл бізбен бірге жоқтассын, —
Керегі не көк тастың!

Әкелік махаббаттың екі сәті — әкелік бақыт пен әкелік қайғы. М.Мақатаев сүйегінді үгіп, жүрегінді езіп шығатын тылсым сезімді дәл сол қалпы, дәл сол жаратылысында жеткізген. Бұл — тек сезіммен ұғар, жүрекпен түсінер сырлар. Адам болмысының санасы шабандап, тілі күрмелген күйзеліс сәті мен естен адасардай қуаныш сәтінде, жайдағы сөзден кенеу табылмай, сырлы сөз, сиқырлы сөз іздегенде, жүйе-жүйкенің бәрін діріл жайлап, көмейден емес, рухың мен сезіміңнің бұған дейін байқалмаған бір тұңғыық түбінен шымырлап шыға келетін нағыз ақындық сөз деген осындай болар-ды.

М.Мақатаев — лирик адам болмысын ой мен сезім деп, жүрек пен тән деп екі жарып, екі бөліп жатпайды, адамды адам қып тұрған гармониялық бірліктің түп тамырын дәл басып, дәл табады.

Жамылып сағыныштың сал шекпенін,
Сарғайып сенің үшін зар шеккемін.
Зарықтыр, о тәңірім, жалықтырма?
Мәңгілік ғашықпын мен, ант еткенмін!
Көзіме көрінбесең, көрінбе сен,
Күнім боп тұра бергін көгімде сен.
Өлді деп ойлай бергін сонда мені,

Бұлт болып шуағыңды тұтып алып,
Нөсер боп селдетіп мен төгілмесем.
Көкке емес, жерге сонда құлайды арман,
Сел болып ағар, мүмкін, лайланған.
Сен сол кез кезбе бұлтқа бір қарап қой,
Сол — менмін көктің жүзін шыр айналған.
Білем саған жете алман, ғарыштасың,
Белгілі мәңгілікке табыспасым.
Дерт те емес, күйік те емес, жар да емессің,
Сен маған сағыныш боп жабысқасың...
Қайтсем екен сені ұстап қалу үшін?!
Сен маған шексіз дала сағымысың.
Мен өтермін, өтермін, өтермін мен,
Мәңгілік сен қаласың, сағынышым!

Соңғы жылдары махаббат жырлары көп жазылды; олардың егілгені де, төгілгені де, ойлысы да, ойнақысы да мол; ал, бірақ, тап мынандай мөлдір көлге түскен қант-тай түк қалмай, түгел еріп кеткен қаяусыз адал сезімнің құдіретті жырына тіптен тапшымыз. Махаббаттың өзіндей құдіретті, махаббаттың өзіндей ыстық, өзіндей тұңғық шықпаса, ол жайында жыр жазып та қажеті жоқ. М.Мақатаевтың «Қарлығашым, келдің бе?» кітабындағы махаббат жырлары сезім — жалаңдығынан, парықсыздықтан атымен аулақ, өзек өртердей оттылықтан, шынайылықтан тұратын шығармалар.

Олар тек бір ғана кісінің оқшау күңіреніс-тебіренісі емес, біздің замандастарымыздың рухани өресін, сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан жалынды жырлар. Олар, ең алдымен, асқан адамгершілікті, биік азаматтық өрені танытады. М.Мақатаевтың махаббат лирикасын оның жалпы суреткерлік тенденциясынан, былайғы творчествосынан бөле қарау орынды болмас еді. Олар да — шын мәніндегі асқақ азаматтық дауысқа ие жырлар.

М.Мақатаев — адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның туған ауылына, Алатау табиғатына, сүйген жарына, аяулы әжесіне, балаларына, достарына, сағынышты махаббатына — баршасына арналған өлеңдері де шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған жырлар. Олардың бояу әлемі мен әуен-сазын да ақын көкірегінің толғаныс-тебіренісі жасаған; бәрі де адамның өз дем, өз тынысындай шынайы, табиғи.

Мұнда әккі қасапшының пышағындай жаланған жалаң техника жоқ, өмір мен соған елтіген көңілдің қас-қабағын баққан үйлесімді шеберлік бар.

Әдетте ішінде жақсы өлеңі көп кітап көп те, ал, ішінде бірде-бір жаман өлеңі жоқ жыр кітаптары аса сирек ұшырасады. М.Мақатаевтың «Қарлығашым, келдің бе?» жинағы — сондай айда-жылда бір ұшырасатын аса сиректің бірі.

V. «КӨКТЕМНІҢ ЖАЗҒА ҰЛАСАР ЖАЙСАҢ ШАҒЫ»

Мен онда бұлай боларын білген жоқпын. Көктемнің жазға ұласар шағы еді. Алматының әсем бір таңында жазушылар үйінің алдында оған жолықтым. Қайқы төсін жасыл теректердің арасынан жасырынып ескен майда лепке тосып, алыстан менің келе жатқанымды көріп, амандасқалы тоқтаған екен. Бұрын ылғи жолыққан сайын, Жазушылар Одағының фойесіндегі шеттеу орындыққа жайғасып алып, ол маған Қашағаннан жыр соғатын. Сол әдетіммен: «Қалай, Қашекеңді айтасың ба?» — деп едім, ол: «қызметке орналасатын болдым, бүгін-ертең бір-екі ақындарды ертіп, Қарақалпақстанға жүрмекпін», — деді.

Бұл біздің ақырғы жолығысымыз екенін онда екеуіміз де білген жоқпыз. Ол майса көктемнің табиғаттың пісіп-толар саршатамызға ұласар шағы еді.

«Құмдағы мұнараларды» оқып отырғанда сол біз ақырғы рет жолығысқан көктемнің жазға ұласар жайсаң шағы еске түседі. Бақсақ, Төлегеннен тек табиғаттың ғана емес, өз творчествосының да нағыз бабына келген келісті шағында айырылып қалыппыз.

Ол өз буыны өкілдерінің көбінен кейін келсе де, жедел ілгері шығып, көш басына оза бастап еді. Бұл, ең алдымен, Төлегеннің жер астынан бәрібір жарып шықпай тұрмайтын гейзер суындай қуатты да мол талантының арқасы. Сосын соңғы жылдардағы қазақ жырындағы қаулап өсу, қауырт биіктеудің арқасы. Мұндай шынайы творчестволық бәсеке шын талантты шығандатып өсіреді де, күйкі талантты күйретеді. Кейінгі жылдары Қ.Мырзалиев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаевтардың кесек-кесек ақындық тұлғамен көрінуі жас қауымда орынсыз көбейіп кеткен өлеңшілер тобының қатарын саралаңқырап, ақындықтан дәмелілерге өзінше бір еріксіз сұрыптау жасады. Сол сұрыптауда суырылып ілгері шыққандардың бірі — Төлеген Айбергенов.

Мұндай жүйрік көп, жүлде аз жыр бәйгесінде өзінің өнерпаздық құнынды, суреткерлік қасиетінді, азаматтық абыройынды сақтап қалу үшін шынайы талантпен қоса дамылсыз ізденіс те керек. Ізденістің де із шиырлай беретін әншейін әуре-сарсаңы бар да, көкіректегі дарын мен көңілдегі ой-сезімді фонтан суындай көкке бір-ақ шапшытып, өнерпаз маңдайын айдай жарқырататын абыройлысы бар. Төлеген Айбергеновке сол абыройлы ізденіс тап болыпты.

Әдетте қалайда көш соңында салпақтап жүруді қаламай, өз шабысын көрсеткісі келген талабы биік жас суреткер я көштің басында кім кетіп бара жатса, соның соңынан салып қоя беретін соқыр шабысқа түседі, не тын сүрлеуге бұрылып, өзінше омбылайды.

Бұл жолдың алдыңғысы бір адамның көңілін я бірлеп, я бірлемейтін, бірақ әдебиет үшін еш пайдасы тимейтін әуейілік те, соңғысы нағыз өнер жолы, өнерпаз жолы. Оның өзі де екі ұдай. Жалпы, өнер атаулыда екі ұдай емес жол бар дейсің бе? Күн сайын қыл көпірден тірілей өтіп отыратын өнерпаз өмірінің қиын болатыны да сондықтан. Біреулер әйтеуір өзгелерге ұқсамауды мұрат қылады, енді біреулер басқаларға ұқсамаудың сырын өз бойынан, өз талантының сипатынан табады. Төлегеннің өз бетін табуы, Борис Пастернактың Шопен творчествосы туралы айтқан: «насквозь оригинально не из несходства с соперниками, а из сходства с натурой, с которой он писал», — деген пікірі еске оралады. Төлегеннің де ақындық беті өзінен бұрынғыларға ұқсамауға тырысудан ғана емес, өзі жазып отырған өмір құбылысына барынша ұқсаңқырау талабынан туған тәрізді.

Төлегеннің өз буынынан өзгеше өмірбаяны жоқ, Жүмекен, Қадыр, Мұқағалиға өзек болған өмір шындықтары оған да ортақ. Бірақ, Төлеген өзінің дарынды достары жеріне жеткізе жырлаған ұрпақ өмірбаянын қайтадан қозғап жатпайды, бірден Потебня айтқан формуланың екінші бунағына, «өз буынының рухани шежіресін жасауға» ат салысады. Қиын балалық шақ, соғыс зардаптары мұнда Мұқағали, Қадыр, Жүмекендердегідей өмірлік нақтылығымен көрінбейді, жалпы өлең әуенінен, бояу әлемінен ғана аңғарылып отырады. Т. Айбергенов творчествосы — өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры.

Ақын өзі суреттеп отырған дәуірдің ең басты сипаты — қуаныш деп біледі, бірақ, әншейін желік көңілдің емес, жасампаздықтың қуанышы. Т. Айбергеновтың Маңғыс-

тау сапарына, Семей сапарына, космос сапарына арналған жырларының ең басты пафосы да — сол жасампаздық. Мұнда өзге ақындардың жолсапар жырларындағыдай не көріп, не қойғандарының жалаң фиксациясы емес, ең алдымен сол өлкедегі өмір үні, сол өмірдің адамдар жанындағы өзгеше көрінісі жырланған. Онда «жақсы болған екен, алақай» деп бөркін лақтырған жалаң қуаныш жоқ, адамның шынайы бақыты мен шынайы қуанышын тану бар. Ол ең алдымен өзі барған өлкеден бейбіт өмірді, бейбіт еңбекті, адамдар жанындағы жарастықты көріп қуанады.

Сөз жоқ, Төлеген жырлары — қуаныш жыры. Бірақ, бұл гүлге елтіген, көбелек қуған серуеншінің қуанышы емес, қиынды көрген, қайғы мен қасіреттің де ащы дәмін татып байқаған азамат адамның жүзеге асқан мақсаты мен орындалған арманының қуанышы. Сондықтан, мұндай қуаныштың бояу әлемі, әуен әлемі бір ғана гаммадан тұрмайды. Онда сонау көкірек айырап күрсіністен бастап барша сезім түгел бар, түгел көрінеді. Осындай сезім байлығы оған өмір байлығын танытады.

Әлгі Олдос Хаксли: «Индивидуум, так сказать, заключил сделку. Ибо индивидуум выходит из зародышевой плазмы, действует, живет и в конце концов умирает ради жизни. Индивидуум — это кусочек зародышевой плазмы, который поднялся и оторвался от остальной массы для того, чтобы видеть и чувствовать жизнь, а не просто слепо и механически размножаться. Подобно Фаусту, он продал свое бессмертие, для того, чтобы жить более богато...», — демеуші ме еді. Төлеген Айбергеновтың артында қалған аз ғана мұрасын оқи отыра, адам болмысының осы бір ұлы заңына тағы да қайран қаласың. Төлеген де қысқа ғұмырын тек сол көруге, өмірді түйсіну мен түсінуге ғана арнаған тәрізді. Ол осынша аз ғұмырының ішінде өмірдің пендені қашан ажал аузына апарғанша айтпайтын, танытпайтын сыры мен сипаттарын қалай түсініп, қалай түйсігіп үлгерген! Оның өмірді білуі, адамды білуі, табиғатты білуі неткен терең! Бұл жерде өмірді білу, адамды білу деп, өмір мен адам жайлы фактілер мен факторларды көп білуді айтып отырған жоқпыз, кезкелген жас адамның ой ауқымы, сезім қарымы жете бермейтін адам қадірін, өмір қадірін, туған ел, туған жер қадірін, ағаның қадірін, інінің қадірін қалай тұңғық түсінгенін айтып отырмыз.

Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздау мен,
Омырауын шерге толтырып,
Аптальп-айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер құрғат сын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен мәңгілік тіпті күн батсын.
Туған жер төсін аңсаумен өткен аруана-бауыр дүние,
Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсың.
Бірақ мен оны жыр қылып қалай жаза алам,
Жетер ме адам сөзі оған!
Өмірге ұзақ жасауың үшін болғаныңмен қайғың қас,
Туған жер, сен деп қайғыра алмасам, тағдыр да мені бай қылмас.
О бастан саған ынтызар туған аруана тектес ұл ем мен,
Қазығын таппай қайырылмас.
Әрқашан аңсап оралам саған тартпасын мені қай тарап,
Көгілдір көлге алқынып ұшқан аққудың даусын қайталап.

Қазір туған жер туралы толғансаң, тіліңе ең алдымен осы бір жолдар оралатын болды.

Төлеген лирикасының ең басты қаһарманы — сағыныш. Ол оқушысымен әр кездескен сайын сөзін сағыныштан бастайды.

Ей, адамдар, айналайын, туғандар,
Жалғыз минут тыңдаңдар!
Мен сендерге көп болды сыр шертпегім,
Қазір түгел көкірегім өрт менің!
Шартарапқа жүргеніммен жүз аттап,
Бұрын мұндай көрмеп едім ұзақтап,
Бір сағыныш мәңгі-бақи дос еткен.
Қазір мені жұлып алды төсектен.

Оның қай жырын оқысаңыз да осындай сағыныш сазы еседі. Туған жерге деген сағыныш, достарға деген сағыныш, өлеңге деген сағыныш... Шындап келгенде, бұл сағыныштың бәрі де ақын көкірегін өртеп бара жатқан алай-дүлей махаббат.

«Құмдағы мұнараларда» өртеніп сүймей отырып жазылған бірде-бір өлең жоқ.

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек, десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте...
Сағынбай барсаң теңіз де сенің тебіренбес жастық шағың дай,
Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың бауларға кірсең сағын бай,
Сағынбай барсаң таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақ тап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қап тап.

Бұл — ақынның суреткерлік кредосы. Сағынбай тұрып барма, сүймей тұрып жазба! Ол үшін қаншама ерлік, қаншама кеңдік, қаншама рухани байлық керек.

Бірақ, ондай ерлік, кеңдік, байлығың болмаса ақын боп кімді жарылқайсың.

Төлеген Айбергеновтың өмірге деген, адамдарға деген, табиғатқа деген ұланғайыр махаббаты оған өмірдің, адамдардың, табиғаттың ұланғайыр ақиқатын ашып берген. Махаббат — Төлегеннің болмыс құлпын ашатын жаңғыз-ақ кілті. Бір ғана «Дала кешіндегі көріністер» атты поэтикалық картинаға зер салалықшы.

*Жылқышы ағады белдерден
Табынын шұрқыратып.
Мама қаз ұшады көлдерден
Мамығын бұрқыратып...
Қызғалдақ жазбаған қатарларын
Сияқты ту қаптаған.
Алыстан ақ орда отарлардың
Түтіні будақтаған.
Тұлпарлар ауыздығымен алыстырып
Сағымнан сүңгіп өтіп,
Бұлақтар шыны аяқ қағыстырып
Бұралып сыңғыр етіп.
Тұр кештің қиығында күндізгі бақ,
Бас шұлғып желге сирек.
Бағандар келеді жұлдыз құлақ
Аспанды жерге сүйреп...
Қанжардай қанға малған ұзынша қақ...
Батыс жақ нұр лаулатып.
Жер күнді қызылшақа
Батырды құмға аунатып...*

Бір ғана өлеңнің өзінде қаншама тұнып тұрған сұлулық. Осыны өмірде талай көріп жүргенімізбен, өлеңде алғаш рет Төлегеннен кездестіріп отырмыз. Бір өлеңде қаншама соны образ, тек Төлеген байқаған соны деталь, соны штрихтар бар. Осының бәрі ақынның байқағыштығынан, тапқырлығынан ба? Әлде бұл тек ақынның асқан шеберлігінің ғана жемісі ме? Жоқ. Ең алдымен, дүниеге, өмірге енжар адам мұның ешбірін көре, ұға, түсіне, түйсіге алмақшы емес. Екіншіден, көкжиекке көз жұмып қарайтын марғау тоғышарға мұншама тапқырлық, мұншама шеберлік қайдан бітеді? Бұл — болмыспен сонау тұңғиық тереңнен табысып жатқан махаббаттың әуені, ғашық көздің

көргендері. Ендеше, шеберлік, тапқырлық ақын қағаз қажап, стол бағып тауып алатын, аспаннан түскен батпанқұйрық байлық емес; ол да — суреткердің азаматтық болмысының жемісі. Төлеген жырындағы әлгіндей соны сұлулық, соны образдар, өмірге деген ыстық махаббаты бір сәт суып көрмейтін, жаны алапат құштарлыққа толы азамат ақынның ғана көзіне ілігіп, көңіліне ұялайды. Даланың бір ғана кешінен осынша сұлулық, осынша өмір, осынша ұлылық көріп отырған ақын өлеңінің соңында:

*Мен осы кемеңгер кең далама
Айналып кетсем бе екен, —*

десе, мұны артық мақтаныш, әсіре қызыл сөз деп емес, ақын адамның имандай сыры, асқақ рухтың ақиқ шындығы деп қабылдайсыз.

Егер тап сол ақын:

*Жолығар болсам қайта мен
Тағы бір мәрте сол шақпен,
Бәрін де саған айтар ем
Жалғыз-ақ тамшы моншақпен, —*

десе, оған да сенесіз.

Төлеген дүниеге асқақтап қарамайды, асқақ қып жырлайды. Ол табиғат алдында, өмір алдында өз кеудесін өзі ұрғылап, желпіне сөйлемейді, адамдарды бауыры боп аймалап, табиғатты перзенті боп саялайды; олардың бойынан сезім серіппесін шиыршық атқызар шындықты тауып алып, серпіле жырлайды. Сондықтан да, оның жырлары көптен ұшыраспай сағынып көрген досыңның сырларындай шынайы естіледі, қанша өр, қанша жалынмен айтылса да, жалған ғой деп тіксінтпейді.

Ақынның адамдарға, табиғатқа деген махаббаты әншейін абстракция емес, нақты, өміршең махаббат. Оның апаларына арнаған өлеңін оқиықшы:

*Мен ұл ем. Сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуіміз бір әкенің баласы едік.
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын,
Өстік біз бір омыраудан таласа еміп.
Есейткен жетті күндер сыр ақтарып,
Қалдым мен қоштасарда бір-ақ танып.
Таралып шартарапқа жолдар шықты.
Сендердің бұрымдарың сияқтанып.
Кеттіңдер біздің үйден ұзатылып,*

*Қатыгез қимастықты қыз аты қып,
Сан түндер сағынышым көз ілдірмей
Жүгіріп сыртқа шықты жүз атылып,
Дегі әкем: қиын болды-ау, қарағым-ай,
Жан көкем, жадыратшы қабағыңды-ай.
Мен үйде жалғыз қалдым, мергендердің
Қосына тастап кеткен қарауылдай.*

Жүректің өзінен үзіліп түскендей осы бір жұп-жұмыр өлеңді біздегі қаптап шығып жататын от басы-ошақ қасы жырларының қатарына қайтып қоярсың. Шыны майдай жүрегіңе шық ете қалар шын сыр. Мұнда өзге отбасы жырларындай өз өмірінің күлді-көмеш шындығына қарай сүйрелеу жоқ, адамның асқақ болмысына, бауырға деген, адамға деген қаяусыз махаббатқа шақырады.

Гуманизм — махаббат; адамдық болмысты, адам сезімін, адам арын, адам еңбегін сыйлау. Т. Айбергеновтың Фарифолла Құрманғалиевке арнаған циклі — қазіргі қазақ лирикасының азын-аулақ шедеврлерінің бірі. Атақты ағалардың шалғайына оратылып, ағалап-көкелеп жатқан арнау өлеңдерді күнде оқимыз. Мұнда бір асқақ өнерпаздың екінші асқақ өнерпазға деген асқақ махаббаты жырланған. Егер арнау өлеңде арналып отырған кісі құдай да, арнап отырған кісі құл болса, ол екі ортада махаббат қайдан жүреді, ол әншейін мәймөңкелік, жәрекеулік болады да. Т. Айбергенов циклінде ондай етек жалар жалған құлшылық атымен жоқ.

Мұнда мадақ жоқ, асқақ мақтаныш бар:

*Алуан өлкеде атып жүрсің-ау таңша алуан
Аяулым менің, мен тумай жатып ән салған,
Мұнда — көлгірсу жоқ, адал махаббат бар:
Әлемдегі түгел әлдідеп салған әніңнен
Оянып кетсем керек мен!..*

*...Ғарекең бе екен деп қаламын кейде мен,
Көктемдегі қаңқылдап ұшқан қаз даусын.*

Мұнда — әнші еңбегін түсіну, ұғып қадірлеу бар:

*Мен отырмын «Әу...» десем ару сазды
Құз басынан құлатып алатындай.*

*...Мен бейне көктемнің қырларында
Шалқамнан жатқандаймын тырна санап...*

Мұнда — әннің өзі, оның өшпес әсері бар:

*Уһ, дүние-ай, бір толқып басылдым ба-ай,
Мен әнді есітем деп пе ем асыл мұндай.
Қазір менің жүз тұлпар көкірегімнен
Жүз тарапқа кетті ағып басын бұрмай...
...Әсерлі ән көтерілгенде көз ұшына,
Төменде жүргім келмей кетті-ау менің.*

Осынша көл-көсір махаббат, осынша адамгершілік...
Төлегеннің ойынша, поэзияның табиғаты да — сол-ақ.

*Ақын боп өмір кешіру оңай демеісің, қарағым,
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арпалысы бұл — тоғыспас жолдар торабын.*

*Нахақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,
Кес-кестеп барып кеудеңді оғына тосу мылтықтың.
— Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,
Жамау қып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың.*

Төлеген — сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант. Дара бітім адамның болмысына тән. Бір-біріне барлық жағынан аумай тартқан адам табиғатта жоқ. Табиғаттың сол қасиеті таланттар бойынан тіпті анығырақ көрінеді. Алайда, бір-біріне дәлме-дәл ұқсайтын таланттың атымен болмайтыны сияқты, ешкімге еш мінезімен ұқсамайтын дара талант та атымен болмайды. Әр талант — жеке индивидуум ғана емес, әрқайсысы бір-бір әлеуметтік құбылыс; талант тақыр жерде өспейді. Т. Айбергеновтың барынша дара, барынша сара талантынан да қазақ өлеңінің арғы-бергідегі бірталай кесек мінездерін көреміз. Оның ырғағының өзінде сонау көз ұшындағы көнемен алыстан сіңісіп жатқан ежелгілік бар; сонау тереңнен шыққан тебіреністің теңіз толқынындай әлденеше тербетіліп, әлденеше бүктетіліп барып айтылатын буын-буын, жота-жота ырғақтары Қашағанның қайсар жырын («Мен — анау ақ айдында аршындап жүзген ақ пароход, сен — судағы жаман бүлк-бүлк еткен бударқа, жайпармын да кетермін») еске салады. Ол жаңғыз қазақ поэзиясының ғана емес, жастайынан мол сусындаған шығыс поэзиясының мелодикасын да шебер құбылта білген. Бірақ, бұның бәрі көнені жамап-көктеу емес, өз үлгі, өз таңбасын табу харекеті. Т. Айбергенов творчествосы қазақ өлеңінің техникасына, мелодикасына өзіндік жаңалықтар енгізді. Ал, Т.

Айбергеновтегі теңізді теңселтіп, шалқарды шайқалтардай қуатты екпін қазақ поэзиясына ежелден тән қасиет, бірақ, соңғы жылдары қазақ топырағында әр алуан жақсы ақындар қанша көбейгенмен, осы бір қазақша айтқанда аруақты серпін, арқалы өлең Қасымнан кейін көрінбей кетіп еді.

Біздің қолымызда қалған бір-екі жұқа кітап — Т. Айбергенов талантының шалқар дариясы емес, асау арналы басы ғана еді. Оның көк телегей көл болып шалқуын көруді тағдыр біздің маңдайымызға жазбапты.

VI. «ЛИРИКАЛЫҚ ЕМЕС ШЕГІНІС»

Осыдан аз ғана жыл бұрын бүкілодақтық сында жақсы өлеңдер өте көп, жақсы ақындар неге жоқ? — деген сауал үсті-үстіне айтылды.

Орыстың үлкен ақыны С. Кирсанов біз орыс совет поэзиясының жаңа белесі болатын ақынды күтіп отырмыз, ол бүгін жоқ болғанмен, ертең туады деп жазды.

Одан бері де біраз уақыт өтті. Орыс әдебиетінде жақсы өлеңдер ғана емес, жақсы ақындар да көбейді. Бірақ, әлгіндей бүкіл дәуір, бүкіл заман келбетін бір өзі арқалайтын ақын әлі туған жоқ.

Бұл тектес әңгімелер бізде де болған. Бізде де жақсы өлеңдер жеткілікті еді. Уақыт жақсы өлең жазғандардың бәрі жақсы ақын болып шыға бермейтінін байқатты.

Кино мен футболдың, эстраданың жұлдыздарындай ақындар да, өлеңдер де модаға айнала бастады. Жұрт бүгін мына ақынды мақтаса, ертең оны көзге ілмей, іле-шала екінші ақынды мақтайтын болды.

Осының бәрі неліктен?

— Әрине, ақындардың өзі кінәлі!

Әлгі сауалға жұрттың ойланып жатпастан қайтартын жауабы, міне, осы.

Бәлкім, бұл сөздің жаны бар шығар. Қауым қашанда біреулерді пір тұтпай жүре алмаған. Сондықтан, шын үлкен ақын бар болсын, жоқ болсын, әйтеуір біреуіне үлкен деген атақ тағып, сыйыну қажет. Оқушы қауым өз сүйіспеншілігінде баянсыз болса, ол әлгіндей бүкіл бір дәуірдің, бүкіл бір заманның келбетін бір өзінің бойына жинай алған кесек ақынның, кесек суреткердің жоқтығынан. Ондай мықты туа қалса, жұрт тек соны ғана сүйер еді, соған ғана құлдық ұрар еді...

Солай ма?

Сыншылардың міне туады, әне туады деп күтіп жүрген ақындары әрине жаңа Пушкин немесе жаңа Маяковский... әйтеуір, солар тектес бір ұлы. Прозада да жаңа Толстой мен жаңа Чеховты күтіп жүрген күй бар.

Ал, Пушкин тұсындағылар тек жаңғыз-ақ соған табынып па екен? Жоқ, ол кезде де әркім өз әулиесіне мінәжат қылған көрінеді. Толстой өлгенде орыс шаруалары осындай бір жақсы адам өліпті, оның не істеп, не қойғанын біз білмейміз деп журналдарға хат жазған. Рас, ол кезде шала сауатты Россияда кез-келген кісі Пушкин мен Толстойдың кім екенін біле бермеген? Ал, қазіргідей сауатты ел жаңа Пушкин шықса бірден таныр ма еді... Кім біліпті! Маяковский тұсында да сауаттылар жететін еді. Бірақ, ол кездегі оқитын қауым жалғанда сыйынатын жаңғыз тәңірі осы екен деп бәрі түп-түгел соған жалбарыныш қылмапты. Оны дәлелдеу үшін ақынның Политехника музейіндегі қызу таласқа толы кездесулерін еске алсақ та жеткілікті. Ол кездегі жұртты бұнысы үшін шетінен жетесіздер деп жазғыра беру тағы дұрыс бола қоймас. Маяковский тұстары — Блок, Есенин, Пастернак, Цветаева, Мандельштамдар да тап оқушы таба алмастай таңқы таланттар емес еді.

Сонда қалай болды?

Орыс жазушысы Л.Жуховицкий жұрт жаңа Пушкин күтіп жүргенде Некрасов, жаңа Толстой күтіп жүргенде Чехов шыққанның жазды.

Рас, Пушкин қайта тумайды. Рас, Толстой қайта тумайды. Сол сияқты Некрасов пен Чехов та қайта тумайды. Бірақ, ол мәселе өз алдына.

Түптеп келгенде, ақынға сыйыну модасының тез өзгере беруіне поэзия, ақындар кінәлы бола қоймаса керек. Соңғы он жылдың өзінде қанша «мода» ауысты. Әуелі жұрт Евтушенкоға табынды, іле-шала Р. Рождественскийге құлшылық қылды, одан кейін А. Вознесенский десе, ауыз ашып, көз жұматын болды. Сосын бәрін қойып, Э. Асадовтың өлеңін қуып жүріп оқитын кезді де көрдік. Сонда Э. Асадов — қазіргі совет поэзиясының асқақ шыңы ма? Жоқ, Э. Асадов бар болғаны орта қолдылықтың ортан қолдай өкілі ғана.

Неге бұлай? Қазіргі орыс поэзиясының күні Э. Асадовқа қарап қалған болды ғой. Жоқ. Жиырмамыншы ғасыр орыс поэзиясына Блокты, Есенинді, Маяковскийді, Цветаеваны, Мандельштамды, Пастернакты, Багрицкийді, Заболоцкийді, Ахматованы, Твардовскийді, Луговскойды,

Тихоновты, Маршакты, Мартыновты берді. Олардың көбі жұлдыз атанбай-ақ, орыс әдебиетінің аспанында қалды.

Бұны біз біреулердің шамына тию үшін айтып отырған жоқпыз. Әдебиеттің даму жолы мода қуу логикасына сыя қоймайды. Өмірдің, өнердің аса тез өзгеріп отыратын салаларының заңдылығын олардың аса байсалды, аса өміршең салаларына да қолдану көп ретте күлкілі жайларға ұшыратып жүр. Эстрада мен футболдың жұлдызын анықтауға бір-ақ маусым жеткілікті болса, өнер мен әдебиеттің өзге салаларында суреткер мен шығарманың шын бағасын қызықтаушылар мен құмартушылардың әлденеше буынын дүниеге әкеліп, дүниеден әкететін уақыт сыны ғана бере алады. Демек, ақындар модасының тез ауысатынына поэзия емес, мода қуу психологиясы айыпты. Мода қуу психологиясы өмірге сыншыларымыз айтып жүргендей, «жаңа Пушкин», «жаңа Толстой» келсе де, өзгермей, өз пікіріне опасыздық жасамай тұра алмайды.

Бұл бір.

Екіншіден, қазіргі әдеби прогресте бүкіл дәуір келбетін, бүкіл заман келбетін бір өзі арқалайтын, бір өзі бір кезеңді белгілейтін суреткер туа қояды деп үзілді-кесілді айту да орынсыз сияқты. Бұдан, әрине, енді дүниеге ұлы ақын, ұлы жазушы, ұлы суреткер атымен тумайды деген сөз шықпайды. Әңгіме қазіргі қоғамдық даму тұсында әдеби прогресте бүкіл бір заманның, бүкіл бір дәуірдің атын белгілеу қандай ұлы таланттың да бойына шақ келе бермейтіндігінде. Осы заманғы орыс прозасын, қаншама ұлы талант, ересен суреткер болса да Шолохов дәуірі деп атай алмаймыз. Өйтетін болсақ, бүгінгі орыс прозасының Фадеев, Толстой, Леонов, Паустовский, Федин, Эренбург сияқты үлкен құбылыстарын қайда қоямыз? Немесе, орыс поэзиясын Маяковский дәуірі деп атар болсақ, оған атымен ұқсамайтын Есенин, Мандельштам, Багрицкий, Пастернак, Заболоцкий, Ахматова, Твардовский, Маршак, Мартыновты да атақты ақынның алып қалпағының астына зорлап тыққан болып шығар едік.

Ұлы талантты мода қуу тудырмайды, уақыт тудырады. Ол өзінің үздік таланты мен ересен еңбегіне тарих қандай орын қалдырса, сол орынға ғана ие болады.

Өнер озып келген бір ғана атқа жүлде беретін ат бәйгесі емес. Оның аспаны кең. Оған көп жұлдыз ғана көрік бола алады. В. Маяковскийдің: «бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі ақындар көп болсын», — дейтіні де сондықтан.

Поэзия тіршілігіне осы көзқараспен үнілер болсақ, бізді қазіргі қазақ поэзиясында әртүрлі жақсы ақындардың шығып келе жатқаны көп қуантады.

Біз бүгін қазіргі қазақ жырында тек жақсы жырлар ғана емес, жақсы ақындар да баршылық деп айтуға аузымыз әбден барады.

Біз бұл әдеби-сын очеркімізде соңғы жас буын қазақ поэзиясының үш-төрт талантты өкілі жайлы сөз қылдық. Олар бір-біріне ұқсамайды: әрқайсысы дара сипат, дара қасиетке ие. Алайда, олар әрқайсысы қазіргі қазақ поэзиясының даму тенденциясын әр жаққа бір тартқылаған әр шыған мінезден аулақ, тектес құбылыстар. Олар бәрі қосылып, қазіргі қазақ ақындарының өзге тобынан бір бөлек оқшау тұрған құбылыс та емес. Біз олардың соңғы жылдардағы қазақ поэзиясының соны өрістеуінің заңды ұрпағы екенін бұрын да айтқанбыз. Олардың бойындағы ізденіс, жаңалықтар қазақ ақындарының өзге буын өкілдеріне де тән. Олар — сол өрелі құбылыс үстінде өздерінің ақындық өресін мықтап танытқан жас таланттар. Олардың суреткерлік кескініндегі дара сипаттарды айтумен қоса, бәріне бірдей ортақ мінездерді де атап айтқанымыз жөн. Олар өздеріне дейінгі қазақ ақындарының басындағы көптеген шалағайлықтардан уақытылы аулақ бола білді. Күні кешеге дейін қазақ ақындарының біреуі өлеңді сезім жасайды десе, екіншісі ой жасайды деп айтысып жүрді. Әлгі аталған жас ақындар өлеңді ой да емес, жалаң сезім де емес — екеуінің гармониялық үйлесімі жасайтынын дер кезінде білді. Қазақ ақындарының көпшілігі күні кешеге дейін поэзиядағы азаматтық өрелілік пен актуальдықты қара дүрсін түсініп, күнделікті жаңалықтарға бір-бір өлең арнап қалумен, ал идеялылықты, партиялылықты дайын тезистерге иллюстрация жасаумен, жалпыға мәлім ойлар мен ұрандарды ұйқасқа түсірумен шектеп жүрді. Жас буын ақындар азаматтық пен идеялылықты өнер мен өлеңнің өз болмысынан, суреткердің адамдық, азаматтық табиғатынан іздеді, өз өмірлері мен өз басындағы толғаныстардың әлеуметтік астарынан тапты. Күні кешеге дейін қазақ ақындары интимдік лирика мен азаматтық лириканың арасына шек-шекара қойып келді, соңғы буын жас ақындар ондай жасанды шекараны дер кезінде жоя білді. Күні кешеге дейін қазақ ақындарының көпшілігі азаматтық диапазонды кеңейтудің жолы — үлкен тақырыптардың әр қайсысының жалына бір жармасу деп түсінсе, біз атап отырған ақындар өздері алған

тақырыпты кең қармап, терең қамту деп түсінді. Олардың ізденістері әншейін түр қуушылықтан атымен аулақ, көбіне-көп соны әлеуметтік проблемаларды игеруден туып жатты. Осындай үздіксіз ізденіс, жүйелі еңбек, азаматтық өрелілік пен суреткерлік шыңдалу оларды оқушы қауымының ыстық ықыласына ғана ие қылып қоймай, қазіргі қазақ поэзиясының қазынасын молайтардай елеулі еңбектерге ие етті. Бұндай жақсы қасиет тек жоғарыда ғана аталған жас ақындарға ғана тән болып қалмай, қазіргі қазақ лирикасының ортақ даму тенденциясына айналып келеді. Жас буының олардан соң келген соны өкілдерінен де мұндай мінездер жақсы көрініп жүр.

Соңғы жылдары қазақ баспасөзінде Қайрат Жұмағалиевтың есімі көп аталды. Жас ақын осы уақыт ішінде әлденеше кітабын шығарып үлгерді. Тұңғыш кітабында өмірдің қуанышы мен бақытын жырлауға жарқын бояу таба білетіндігімен көрінген жас ақын осы жақсы мінезін кейінгі «Жазира», «Перзент үні» жинақтарында одан әрі тереңдете түскен. Ол өзінен бұрынғы жас ақындардың біреуінің сүрлеуіне түсіп ап, тартып отырудан атымен аулақ. Өзінше ізденіп, өзінше еңбектенеді. Қазіргі жастарымыздың жан-дүниесіне тән жарқындықты, жарастықты жырлаумен қоса, өмірдің қат-қабат шындықтарын ашатын терең контрастарға да бара алды. Ол өмірдің, адам жанының небір астарлы сырын ақындықпен барлап:

*Тірлікте қайғы деген болмас егі-ау
Әу баста жаратса оны ақын адам, —*

дейді. Жас ақын өз міндетін өмірдің қандай да құбылысынан болмасын адамгершілікті, ізгілікті, әсемдік пен әділдікті табу деп түсінеді. Ақын жырлары оптимизмге толы.

«Перзент үні» бұрынғы кітаптарындай тек мажор тоннан ғана тұрмайды, ақын көзі бұрынғыдан да қырағылана түскен. Ол өмірдегі өресіз бен өрелінің, зұлымдық пен ізгіліктің, мешеу мен жүйріктің, ұлы мен ұсақтың арасындағы мігірсіз күресті жіті байқап, терең түйсіге бастаған.

*Хас жүйрік екен өзі! О, дүние-ай!
Өзгеден өлімге де бұрын жетті...*

Бұл — әйгілі Құлагер туралы жыр.

«Перзент үні» — сөз жоқ, жас ақын талантының кемел тартып келе жатқанының куәсі. Алайда, ойнақы да

ойлы, суретші де сыршыл ақын өзінің суреткерлік тегеурінін жарқыратып көрсететіндей жоталы тақырып таба ала қоймағаны сезіледі. Әсердегі шашырандылық кітаптардың тұтастығына да нұқсан келтірмей тұрған жоқ. Өсу үстіндегі жас ақынның бүгін таңда ең мықтап ойланатын жәйі де осы болса керек.

Қазақ лирикасының қазіргі биік талаптары тұрғысынан еңбектену соңғы жылдары таныла бастаған Д. Қанатбаев, Ж. Набиулин, Қ. Мырзабеков, Т. Медетбеков, Ф. Оңғарсынова, М. Сатыбалдиев, М. Шаханов жырларынан да көрінді. Олардың қай-қайсысы да тек осы заманғы өлең техникасын жетік меңгеріп қана қоймай, қазіргі поэзияның мазмұн тереңдігіне де батыл құлаш сермеп жүр. Әсіресе, жас ақын Дүйсенбек Қанатбаевтың аяқ алысы сүйсінтеді. Оның «Жол басы» атты шап-шағын кітабы үлкен азаматтық ауқымды, ақындық серпінді танытқандай. Бұнда әншейін машық, жаттығу өлең атымен жоқ. Жас ақын алғашқы кітабының өзінде-ақ ересек кескін танытты.

Жас ақынның тақырып аясында да дархандық бар. Ол қазақ жерінің әсем пейзаждарын түрікмен даласының сұсты табиғатымен, студенттердің шаттыққа, достыққа толы өмірін біздің замандасымыздың мың бұрқақты, терең тебіреністі күрделі рухани өмірімен шебер қиыстыра, үйлестіре алған. Жас ақынның суреткерлік серпінінен үлкен қуат, өмірге, дүниеге көзқарасынан ересектік, байсалдылық, рухани сергектік байқалады.

Оның жырларының тақырып аясында өзге ақындардың тақырып аясымен астасатын да, астаспайтын да сәттер жеткілікті. «Көп терезе», «Нан туралы жыр», «Бұрым», «Көшелер» сияқты өлеңдер тобы қазіргі жас поэзияның ең бір өзекті тақырыбы — соғыс пен бейбітшілік тақырыбының табиғатына келетін жырлар. Алайда, жас ақын өзінен бұрынғы талантты жолдар мен талантты шумақтарға жаңа вариациялар жасаудан атымен аулақ. «Бұрым» атты өлеңі — қысқа болса да, салқар мазмұны бар поэтикалық баллада. Ақын қанды майдан тұсында өзі тіленіп әскерге алынған қазақ қызының еріксіз қырқылған әсем бұрымынан соғыс табиғатты жайлы көп сыр аңдатады. Бұрым — соғыс қиратқан сұлулықтың символы тәрізді. Д. Қанатбаев кішкене ғана өмірлік фактіден соғыстың үлкен трагедиясын, қарапайым қазақ қызының орасан қаһармандығын тап басып ашады. «Көшелер», «Нан туралы жырда» бейбіт күннің сұлулығы жырланады.

Д. Қанатбаев өлеңдерінің де дені туған ел тақырыбына арналған. Мұнда туған ел, туған халыққа деген перзенттік сүйіспеншілік жалаң абстракциялық ұғым қалпында емес, нақты өмір, нақты тарих арқылы жырланады. Оның туған жер туралы жырлары өзі өскен өлкенің табиғатына егілу-елжіреу емес, жер мен адам, халық пен перзент, махаббат пен азаматтық парыз жайлы философиялық толғамдарға толы. «Ауыл», «Киіз үй» сияқты өлеңдерде азаматтың отан, туған жер, оның тарихы алдындағы жауапкершілігі жайлы сыр шертеді.

Жас ақынның өзі өскен түрікмен елі жайлы өлеңдері біздің әдебиетімізде ерекше етек жайып келе жатқан достық, интернационализм тақырыбына өз үлесімен қосылған шығармалар. Мұнда бауырлас жұрттың алдында «мен сені сүйем, күйем» деп құрғақ ант-су ішу жоқ; оның өткені мен бүгінін, қадір-қасиетін, рухани дүниесін тереңдеп ұғу бар. Әсіресе, «Дутар сазы» оқушы көкірегіне жатталып қалады.

*Жат жерлікке жібердің де өшіңді,
Шөгіп қалдың сарсаң кесек секілді.
Жау арыңды бөктеріп ап барады,
Тезірек жи, жи тезірек есіңді!
Өр еңсенің қалғаны ма құныс боп,
Серпіл, бахшы, ұрыс барда тұрыс жоқ.
...Дутар болмай тіл-жағына сүйенген,
Неге ғана жаралмадым қылыш боп...
...Бұдан-дағы тұл болғаным көп жақсы,
Көкірегімді бабауратпай кел, бахшы,
Еркек болып жаудан қорғай алмадың,
Енді әйел боп туған жерге төк жасты.*

Немесе:

*Қалауын таппай қасқая тосқан қырғыннан
Алапат жаулар атының басын мың бұрған.
Ұлдарым менің жанымен үнсіз қоштасып,
Намысы үшін шыңғырған!
Айтулы батыр айықпай кеткен айбардан
Арыңды бұлақ атқылай шапқан қайнардан.
Жарқ ете қалған қайқы бел алмас қылыштар
Қараңғы түнге ай болған.*

Нағыз түрікмен жыры емес пе! Шын достық бауырыңның бағзы тарихына өз тарихындай тебіреніп, оның қасіретті бетіне өз қасіретіндей қайғырып, оның қасиетті

бетін өз мерейіндей қастерлеуде болса керек. Бауырының жан-дүниесін бүкіл рухымен ұғу деген осындай болуға тиісті.

Жас ақынның бояулары кесек-кесек.

*Канал жатыр алдында жалт-жұлт ойнап,
Түрікпеннің түре созған қылышындай...*

*...Ақ басы көтерілген жерге құлап,
Жатыр долы... Дольға сенбе бірақ!*

*Жігіт жүзіп барады қарсы алдына
Жуасыған теңізді өңгеріп ап...*

*...Май шабақтар қолтығынан қытықтап,
Атырауды жатады ылғи күлдіріп.*

*...Ақ қайыңдар нұрлы аспанды арқалап
Құба жонға кетіп бара жатқандай...*

*...Сан көшелер құшақтайды жер төсін
Секілденіп адамзаттың білегі.*

Бұның бәрі — қырағы ақынның төңіректен дәл байқап, дәл түсірген үзік-үзік этюдтері емес, бірте-бірте тұтасып, қордаланып келе жатқан қанық бояулы, үлкен тынысты поэтикалық полотноның нобайы.

«Жол басы» Дүйсенбек Қанатбаевтың қазақ жырына үлкен суреткерлік тегеурінмен келе жатқанын байқатады. Әдебиетке бұндай анық ақындық, даусыз дауыс, тегеурінді таланттар әбден керек-ақ. Бірақ, мұндай-мұндай соны есімдер соңғы жылдары тым сиреп барады.

Әдебиетке бір топ жаңа жас ақынның қосылуы жас буын поэзияның жақсы қылық, жайсаң мінездерін жарқыратып жайып салумен қоса, оның бойындағы олқылықтарды да анықтай, айқындай түскен сияқты.

Жақсы өлеңдер өте көп, жақсы ақындар неге аз?

Бұл сауал әлі күн тәртібінен түскен жоқ.

Біз әуелі жас ақындардың өлеңдерінен бұрын айтылмаған, жазылмаған соны теңеу, соны жол, бұрын кездеспеген соны ырғақ, соны ұйқас көрсек те жеркөкке сыйғызбай мақтаушы едік, кейін ондай-ондайды місе тұтпайтын болдық. Өйткені, жақсы-жақсы өлеңдер оқи бастадық.

Жүре-жүре жақсы өлеңдерге де бой үйреттік. Біренсаран жақсы өлеңді тағы да місе тұтпайтын болдық. Өйткені, жақсы жыр кітаптары көбейе бастады.

Міне, енді бір ғана жақсы кітап емес, жақсы кітаптан соң жақсы кітап беріп, кітаптан кітапқа өсіп келе жатқан жақсы ақындар шықты. Олардың аз да болса мәнді твор-

честволық тәжірибесі кез-келген жақсы өлең жазатын жас талаптан жақсы ақын шыға бермейтінін тағы да дәлелдеп берді.

Мұндай шапшаң өсу, шапшаң өрлеу тұсында әншейін «модашыл» жазғыштар, өмір ыңғайын емес, өлең ыңғайын біліп ап, өлең жазатын жазғыштар қараға ілесе алмай қалып жатса, оған қуанбасақ, қайғырмаймыз ғой. Біз жас поэзияның бүгінгі аяқ алысына қарап отырып, басқа бір құбылысты байқаймыз. Қазақ өлеңінде осыдан аз ғана жылдар бұрын оқушы қауымның назарын өздеріне айырықша бұрған жас есімдер, жақсы ақындар қазір неге көрінбей кетті, олар бір кездегі беделінен неге айырылып қалды?

Міне, гәптің үлкені осында.

Еркін Ібітановтың «Тянь-Шань суреттері» мен «Қойшылары» оқушы қауымды да, әдеби қауымды бірден елендетіп еді. Ол айқын бояулы суретшілігімен, өмірдің өзіндегідей қып сөйлейтін шынайы реализмімен көрініп еді. Жас ақын азын-аулақ жақсы өлеңдерін ғана малданып, бір жинақтан соң тынып қалды.

Әлденеше кітап шығарып, ойының уыттылығы, сезімінің сергектігімен көзге түскен, сөз жоқ, талантты ақын Тұрсынзада Есімжановтың соңғы өлеңдері сөзуарлыққа, ол айтпай да белгілі ақиқаттарды ұйқасқа түсіретін жалпыламалыққа ауысып барады.

Біз бұл жас ақындар енді қатарға қосылмайды деп уайым сапырудан аулақпыз. Алайда, осындай мол мүмкіндік иелерінің қазіргі өлеңнің жедел өсу, жедел өрістеуімен қатар адымдап, қатар өспегендері шындап ойлантады, шындап қынжылтады.

Демек, жас ақындардың бәр-бәрі қазіргі қазақ поэзиясының қол жеткен мазмұн биігі мен көркемдік деңгейін түгел түсініп, түгел игеріп болмаған.

Демек, таланттың жеткен биігіне талап жетісе алмай жатыр.

Өлеңге, өнерге қойылатын талаптың екі қыр, екі астары бар.

Ең алдымен, өнерпазды өсіретін — өзі талантына қоғамның өсуі мен өнердің өсуі арқылы қойылатын талапты өзі түсініп, өзі аңғаруы, «...поэты творятся не одною природою: они творятся и обществом, т.е. историческим положением общества. Думать, что поэт составляет один талант — значит грубо ошибаться. Разумеется, прежде всего поэтом делает человека талант; но к этому

также необходимо еще и характер, и образование, и направление, которые зависят от общества, среди которого является поэт», — деп жазады Белинский.

Демек, қоғам және ақын — поэзияның ежелгі болмысы. Ақынды қоғам талабы өсіреді. Ақын поэзияны өсіреді. Қоғам талабы өзінен-өзі даритын күн нұры емес. Тіпті, өсімдік екеш өсімдік те топырақ құнарын жер қойнынан өзі тартып ап, өзі сіңіреді. Ақын да қоғам талабын үлкен рухани белсенділік, творчестволық ізденіс үстінде игереді. Белинский қоғамның ақынға ықпал жасайтын жолдарын санап та береді. Мінез-құлық, білім, бағыт... Әрине, қоғамның суреткерге ықпал ету жолдары жаңғыз бұлар ғана емес. Мінез-құлық, білім, саналы еңбектің белгілі бір бағытын табу тек қоғамға ғана емес, адамның өзіне де байланысты.

Ең алдымен, адамның өзіне байланысты.

Талант табиғат тарапынан тегін сый, тегін байлық болса болар, ал сені туған халық пен дәуір, сол екеуінің ортақ мүддесін туындайтын қоғамдық мүдде тарапынан, ең алдымен, қатаң талап, үлкен жауапкершілік. Адамды пендеден азаматқа айналдыратын да сол — қоғам алдындағы жауапкершілік. Ақын-азамат. Азаматтықтың өнегесі.

Ендеше, әлгіндей өкінішті жағдай, жоғарыда аталған талантты жас ақындарымыздың өз кінәсынан болған.

Өнер үшін, яки өнерпаз үшін бір-ақ өмір бар, ол — ізденіс, үздіксіз іздеу, табу, ашу. Бұдан жалыққан жерде әуелі өнердің күні, сосын өнерпаздың күні таусылады. Өнерге тек осындай қатал тағдырдың тезіне шыдауға тегеуріні жететін нағыз ер жүрек адамдар ғана келуге тиісті.

Осы арада өнерге биік талап қоюға байланысты екінші мәселенің басы ашылады. Ол — өнерпазға биік талап қоя білу. Өнер шекарасын қызғыштай қори білу. Біздің поэзиямызда әлі күнге етек алып келе жатқан орта қолдылық «модашылдық», сартап штамп пен сартабай даңғойлық, ең алдымен, осы өнер шекарасын қырағы қори білмеуден шығып жүрген індеттер. Кейінгі жылдары жас поэзияның оқушы қауым алдындағы беделін пайдаланып, қалайда жаңа ақын табуға, жас ақындардың санын көбейтуге әсіре құштарлық әнтек байқалады. «Жазушы» баспасы соңғы жылдары пәлен жыл қатарынан «Тұңғыш кітап» сериясын ашып, жылына он-он бестен жаңа ақынның өлең кітабын шығарып тұрды. Жаңа таланттарыдың көптеп шыққанына кім-кім де қуанады. Бірақ, жылына

он-он бес жаңа таланттың табыла беруі ақылға сыя қоймайды. Сондықтан да, «Тұңғыш кітап» сериясындағы шығармалар ілуде біреу болмаса, көбіне-көп жаттығу дәрежесіндегі өлеңдер боп шығып жүр. Жалпы мұндай «сериялы өндіріс» өлеңнің көсегесін көгерте қоюы екі талай.

Өлең бастырудағы мұндай көңілшектік поэзиядағы ортақ деңгейдің өлеңге қойылар ортақ талаптың төмендеуіне, ол келіп, талантты күштеріміздің өз жауапкершілігінің әлсіреп кетуіне әсер етпей жүрген жоқ. Баспадағы «сериялы өндіріс» технологиясы ақындардың творчествосына да өз ықпалын тигізген тәрізді. Соңғы кезде жас ақындарымыздан боратып жазу, жылына қалай да бір кітап шығару тенденциясы жиірек көзге түсіп жүр. Өндіріп жазған, әрине, дұрыс. Бірақ, өндіріп жазуды арнайы мұрат тұту жас буын поэзияның көркемдік пен мазмұндағы қол жеткен табыстарын солғындатып жіберуі, жас ақындарымыздың байыпты да байсалды ізденістерін бәсеңдетіп алуы, асығыстықтың сапасыздыққа ұрындыруы да мүмкін екенін ұмытпағанымыз жөн.

Бір кезде жақсы өлең өте көп, жақсы кітап неге жоқ деп қайғырсақ, енді мына қарқынмен, бір күндері кітап өте көп, жақсы өлең неге аз деп қайғырамыз ба деген де қаупіміз жоқ емес.

Өнерде «өлі нүкте» болмайды. Онда тек кемелдену мен кер кету ғана бар. Мұны жақсы қарқын танытқан жас ақындарымыз естеріне мықтап ұстауға тиісті.

Жас буын поэзияның қазіргі табыстары, жақсы бағыты оған қойылатын талапты да биіктете түседі. Бүгін таңда қазақ поэзиясында заманымыздың биік талабына лайық өсіп-өркендейтін жас буын бар. Енді тек оның осы қарқынынан танбауына қам жасап, шын талантты тек биік талап қана өсіретінін ұмытпасақ болғаны. Туған поэзиямыздың жарқын ертеңіне сонда ғана зор сеніммен қарай аламыз.

Өлең көкжиегі солай кеңі бермек...

1968 жыл.

ӨМІРМЕН ӨРЕЛЕС ӨНЕР

Оқушы Ахтанов-прозашыны алғаш рет «Күй аңызы» әңгімесі арқылы таныды.

... Жалғыз үйлі жарлы-жақыбай біреудің түйесі енді туып тұрғанда ботасы өледі. Ботасынан айырылған нар мая саудырмайды. Ауыздарындағы астарынан қағылып отырған үйге ел аралап жүрген екі күйші келеді. Біреуі — кәрі, біреуі — жас. Ел арасына аты тараған әйгілі кәрі күйші күй тартқанда пәлен күн бойы бедірейіп тұрған нар маяның байланған емшегіне қайта сүт жүгіріп, күйсеп қоя береді, бірақ үй иесі түйемді кім иітіп берсе, қызымды соған берем деген еді. Әкесінің уәдесін естіген қыз кәрі кісіге кеткенше, қатарыма кетейін деп, жас күйші күй тартқанша иіген түйенің емшегін сығымдап, сүтін бөгеп тұрады. Домбыраны жас күйші қолына алғанда барып сауа бастайды. Кәрі күйші қыз аяласына енді түсініп, дәуренінің өткенін біліп, санын соғып отырып қалады.

Әңгіменің ұзын ырғасы осы. Ертеден белгілі сюжет.

Бұрын сыншы ретінде ғана мәлім автор ел арасында ежелден белгілі хикаяны жазса да, атымен соны сипатты прозаик екенін көрсетті. Ол жұрттың бәріне белгілі хикаядан жұрттың бәрі түсіне бермеген сыр аңғартты. Халық хикаясында шанда-шанда шандоз адамдардың ғана басында кездесетін аса сирек оқиға романтикалық сарында баяндалса, Т. Ахтанов әңгімесінде ол сюжет екінің біріне түсінікті, екінің бірі бастан кешіретіндей реалистік кейіп танытты. Аңызда ботасы өлген түйені де иіткен күй құдіреті, күйші құдіреті баса айтылса, Т. Ахтанов әңгімесінде кәрі күйші күй тартқанда иіген түйенің емшегін сығымдап қысып, әзер тежеп, жас күйші күй тартқанда ғана, кернеп тұрған сүтті еркіне жіберген жас қыздың басындағы теңіне, қатарына қосылуды аңсаған адамға тән хал, өмірлік ситуацияға барынша назар аударылыпты.

Шағын әңгімеде сан қилы құбылыс, сан алуан көңіл-күйі бар. Кең далада жарысып келе жатқан қос күйшінің шалқыған шабытты көңіл-күйі, даланың сұлу табиғаты ілешала жоқтық тауқыметін тартқан қараша үйдің қоңырқай көрінісіне, күйші көкірегін күйге бөктірген дала поэзиясы барынша шын, барынша дәл берілген тұрмыс «прозасына» ауысады; кенет жаңғыз түйесінің емшегіне зар болып қалған жетім үйдің жоқ-жітілік қасіреті қайтадан сұлу саз, сиқыр өнердің шалқыма шабытына алмасады; құдіретін көрсетіп, дегеніме жеттім деген күйші тағы да тығырыққа тіреледі — жас қыздың қатарына қосылсам екен деген соншалықты қарапайым тілегі, кәрі күйшінің қартайсам да ару құшсам-ау деген асау арманын жеңіп кетеді. Күйшінің санлақ өнерінен бақыт аңсаған жастың қарапайым мүддесі күшті боп шығады. Осынша кереғар, осынша қарама-қайшы көріністер мен көңіл әуендері, екі ұдай сезім мен екі ұдай құштарлық әңгімеде әр шығанға тартып, бытырап-шашырап кетпей, бірігіп-кірігіп тұр. Соншама қарапайым өмірлік құбылыс елден ерек оқиғаға өзек болған. Соншама елден ерек оқиғадан өмірдің соншама үйреншікті, соншама қарапайым құбылысы, адамдардың соншама етене таныс мінез-құлқы көрінген.

Автор адам рухы шындығының осы бір тас түйін әлпетін әдейі таңдап алған сияқты. «Күй аңызының» бұл мінезі Т. Ахтановтың халықтық творчество табиғатын өте терең ұғынғанын көрсетеді. Халықтың көркем творчествосы халық жадына мықтап орныққан әлеуметтік, моральдық, психологиялық құбылыстарды ғасырдан ғасырға ұмытылмай ұласып отыратындай дәл де әсерлі түрге түсіріп отырған. Жазба мәдениеті жоқ халық өз тарихының мәңгілік сабақ алған ең мәнді, ең маңызды беттерін жадында сақтаса, ауыз әдебиеті де халық тарихының, халық тәжірибесінің, халық психологиясының сондай ең мәнді, ең нәрлі құбылыстары мен көріністеріне арналған. Олар — жалаң халық даналығы, ғибрат қылар ғақлия ғана емес, белгілі бір құбылыстың көркемдік тұрғыдағы зерттелуі. Сондықтан да, автор фольклорлық аңыздың шығуы мен орнығуының, ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауысып, ұмытылмай сақталуының сырын түсіндіретін әлеуметтік түп-төркініне тереңдеп үңіліп, оның өткенмен тәмамдалмай бүгінмен астасатын өміршең астарын да ақтарған. Соның нәтижесінде, бағзы аңыздың бойынан бүгінгі оқушының да көңілін баурайтын сезім талқысын, мүдделер тартысын тапқан. Оқушы оны баяғыдағы бізден

басқа сипатты адамдардың басындағы оқиға деп емес, өзіне ортақ ой мен ортақ тағдыр деп таниды. Бізде ара-тұра өткенге бүгінгінің көзімен үңілуді бағзыны бүгінгіше суреттеу деп ұғатын қара дүрсін түсінік те ұшырасып қалып жүреді. Өткенге бүгінгінің көзімен үңілу — баяғыда өткен оқиғаны бүгінгіге икемдеу емес, бағзыдағы бабалар тарихының бүгінгі ұрпақтың ой-мүддесімен ұшта-сып жататын диалектикалық байланысын табу.

Т.Ахтанов бағзы аңыздардан осындай байланысты дәл тауып, дәл ашады. «Күй аңызында» автор біздің кезеңімізде өте-мөте күйдірер проблемаға айналған этикалық құбылысты, таныс психологияны тап басып ашып, алыс заманның романтикалық аңызы қылмай, бүгінгі оқушы, бүгінгі қауымға етене жақын реалистік әңгімеге айналдырған. Ежелгі моральдық институт та дәулеті асқан, күші асқан, өнері асқан кісінің дегеніне жете беруі ешқандай сәлекеттігі жоқ құбылыс болса, біз одан адамның адамдық мүдделерін аяққа басқан әлеуметтік теңсіздікті көреміз. «Күй аңызындағы» кәрі күйшінің қартайсам да жас қыз құшсам ба деген дәмесі сол тұс үшін еңбегінің заңды ақысы, орынды тілек боп көрінсе, біз үшін өзгенің тілегі мен мүддесін таптау арқылы ләззат тауып, бақыт құшатын астамшылдық, әсіре эгоизм боп көрінеді. Біз мұндай эгоизмді тіпті күй тартып, түйе иіткен елден ерек санылақ өнерпазға да кешірмейміз. Сондықтан, Т. Ахтановтың шап-шағын әңгімесінде көтерген адамдық бақыт пен индивидуалистік эгоизм арасындағы әлеуметтік тартыс — бізге соншалықты жақын, соншалықты таныс проблема.

Белгілі бір халықтың белгілі бір тұстағы моральдық институттары сол халықтың сол тұстағы көксеген идеалдарының көрінісі болып табыла бермейді; ол қайта халықтың белгілі бір тұстағы рухани дидадарынан гөрі, сол тұстағы қоғамның әлеуметтік дидадарын көбірек танытады. Біз «Күй аңызындағы» кәрі күйшінің орынсыз дәмесінен сол тұстағы әлеуметтік теңсіздікті байқасақ, қыз әрекетінен сол тұстағы адамдардың мұрат-мүддесін, өз бостандығы мен бақыты жолындағы шынайы азаматтық құштарлығын көреміз. Ол мұрат-мүдде, ол идеал бізге де тән. Біз бағзыдағы қыздың қылығы мен құлығынан өзімізбен етене сіңісіп жатқан рухани тамырластықты, диалектикалық байланысты қапысыз танимыз. Сондықтан да, ол қыздың бейнесі біз үшін соншалықты қымбат, соншалықты ыстық. Әңгімені өз басымыздан кешірген оқиғадай қабылдауымыздың сыры да осында.

«Күй аңызы» — Т. Ахтановтың суреткерлік құдіретін түгел танытты демесек те, талантының табиғатын, азаматтық позициясын, жазушылық бағытын саралап берген шығарма болды. Ол автордың аяқ алысын, қалам тартысын ғана емес, қазақ прозасының жаңа бір бет алыста өрістей бастағанынан нышан берді. «Күй аңызында» айтылған әңгіме, көтерілген мәселе бір ғана әңгімемен бітіп қалмай, бірте-бірте жазушының өзекті тақырыбына айнала бастады. Ахтанов-прозашының «ұсақ жанрдағы» шығармаларының дені осы орайда өрбіді. Егер «Күй аңызы» көзсіз эгоизмді адамдық бақыт жолындағы саналы құштарлық, заңды тілек, мүдде жеңгенін баяндаса, «Алыстан жеткен сарында» адамдардың ғасырлар бойы арыла алмай келе жатқан осы бір рухани кеселінің кесепатты кескіні, әлеуметтік ардаптары сөз болады. Өз бақытын, өз мүддесін бәрінен де жоғары қойған ерке, шолжаң хан қызы жау елдің батырына бір аймалату үшін, нәпсі үшін өз әкесін, өз халқын, өз мемлекетін құрбандыққа шалады. Бір ғана адамның тойымсыз нәпсісі атағы жер жарған Аяз-қаланың түбіне жетеді.

Т. Ахтанов бұл тақырыпты өткен дәуір көріністерінен алынған екі-ақ әңгімемен тындырған жоқ. Жазушы адам мен қоғам проблемасының ең бір өзекті тіні боп есептелетін қоғамдық мүдде мен жеке бастық эгоизм арасындағы әлеуметтік қайшылықтарды, әсіресе, өз тұсымыз жайлы шығармаларында барынша тереңірек қарастырды. Эгоизм — индивидум мен қоғам арасындағы рухани тосқауыл. Жеке адамның көп адамнан тұратын қоғамға деген қарым-қатынасы, оның күллі адамзат қоғамымен, я белгілі бір таппен немесе нақтылы коллективпен қандай байланысы бар екенімен ғана анықталмайды. Индивидумның үлкен қоғамға жолы оның өзінен басқа кез келген екінші бір индивидуммен қарым-қатынасынан басталады. Жеке адам мен қоғамның байланысы әншейін абстракциялық ұғым емес, оны индивидумның өз ортасымен қарым-қатынасы арқылы, өзіндей адамдар ортасындағы іс-әрекеті мен мінез-құлқы арқылы тануға болады. Адамның жиналыста сөйлегені, заводта қызмет істегені, немесе белгілі бір саяси науқанға қатысқаны ғана емес, баласын құшақтап, жарын құшқанынан бастап, үлкен адамзат қоғамымен қарым-қатынасы басталады. «Кісіге күллі адамзатты сүю оңай да, көршісін жақсы көру қиын» деген қисын да содан шықса керек.

Т. Ахтанов ұшқары көзге соншама интимдік көрінетін

оқиға-құбылыстардың өзінен-ақ адам психологиясының үлкен-үлкен әлеуметтік астарын танытып тастайды. Оның «Махаббат мұңы» мен «Қызғаныш» атты әңгімесінде әр қилы характерлер, сан алуан адам қылықтары жоқ, бір кісінің екінші бір адамды жақын келіп, қапысыз тануы ғана сөз болады. Осыншама «бейбіт» сюжетте автор адам жанындағы драматизмді, үлкен әлеуметтік мәні бар ішкі қайшылықтарды ашады. Суретші Жұмабек демалыс үйіне келіп, сонда қызмет істейтін Роза деген қызбен танысады. Сонау институттағы күндерінен бастап көзге ілігіп қалған өзімшіл суретші қызды оңай-ақ қолға түсірем ғой деп ойлайды. Бірақ, қарапайым да адал, таза Розамен таныстық тұсында өз жанын көптен қинап жүрген бір дертті қапысыз таниды. Институтта бұдан гөрі елеусіздеу болған Ермектің соңғы жылдардағы табысының сырына түсіне алмай жүрген ол оны да осы Розамен таныстық үстінде аңғарады. Суретші Жұмабектің жанындағы жайсыздықты Розаның Ермек жайындағы: «Мен оның қандай суретші екенін білмеймін. Бірақ... бірақ ол ешкімді сыртынан жамандамаушы еді» деген бір ауыз сөзінен соң түгел түсінеді. Бақса, оның жанындағы дерттің аты — қызғаныш екен. «...мана ертеңгілік өзі ажарын әрлей түспек болған биік көк аспанға қарады. Бауырына қызғылт сарғыш алтын жалатқан шөкімдей бұлтты көріп соны салып еді. Енді сол қызыққан бұлты бояуы сәтсіз, баттасып түсіп, ертеңгі мөлдір көк аспанның кіршіксіз ажарына жұққан лас дақ сияқты көрінеді. Бояу жарастығына келгенде қытықшыл суретші іштей тітіркеніп, «сүртіп тастау керек», — деді өзіне. Енді бір сәтте өзінің де аяулы сезіміне сүртіп тастауға болмайтын, жуық арада өшпейтін дақ салып алғанын сезді», — деп бітеді «Қызғаныш» атты әңгіме.

Эгоизм дүниенің барша жақсылығын иемденгісі келетін мінезімен сөлекет емес, сол өз басындағы жақсылық өзінен басқа ешкімнің қолына түспесе екен деген іштарлығымен сөлекет. Эгоист дүниеде өзінен артық жан болмағанын қалайды. Ол сұлу қыздың көзіне түсуден бастап ел алдындағы абыройға дейін өзінен басқа ешкімге бұйырмағанын тілейді. Егер мұндай эгоистің қолына өзге жұрттың тағдырын шешетін өкімет, артық үстемдік берілсе, төңірегін қандай күйге ұшырататыны «Алыстан жеткен сарында» айтылған. Бірақ, эгоизм тек қолына билік берілгенде ғана қауіпті емес. Т. Ахтановтың біздің тұстарымыздың өмірінен алынған шығармалары эгоизмнің кез келген көз көріп, кез келген жүрек түйсігіне бермейтін

дерттерін ашады. Суретші Жұмабек те өз жанындағы өзгерісті түсіне алмай аң-таң. Ол Ермектің соңғы табыстарын жақтырмайтынын білгенмен, неге жақтырмайтынын мойындауға батылы бармайды; өз бойынан жексұрын мінезді тануға жүрегі дауаламайды. Ылғи жақсы атанып қалған Жұмабек өз бойында жамандық бар, кемшілік бар дегенге мойынұсынғысы келмейді. Ондайдың барына көзі жетіп тұрып, мойнына алмайды. Оны мойындауға тағы да сол баяғы эгоизм жол бермейді. Жұмабек өзін өзі алдап өмір сүруге мәжбүр болады. Ол тек өз бойындағы кемшілікті ғана емес, өзгенің бойындағы жақсылықты да көре алмайды. Ермектің табыстарын да көлегейлеп жүрген сол. Эгоизм сананы соқырлыққа, енжарлыққа бастайды. Жұмабектің сұлулық жайлы көзқарастарын да эгоизм дерті шалған. Ол өмірдегі нәрселердің бәр-бәрінің қадір-қасиетін, көркемдігін түсінуден де қала бастағанын аңғарады. Өйткені, өмірге тек өз мүддесі тұрғысынан үңілетін, ондағы құбылыстар мен қасиеттерді әлгі тұрғыдан алалап қарайтын адам болмыстың барша құлық, құбылысын жіті түйсігіп, жете түсінетін рухани елгезектіктен алшақтай береді. Жұмабек өз сырқатын Розаны көргенде барып түсінеді. Өмірге, адамдарға деген адал көзқарасын сақтаған жас қыздың табиғатты ұғынуы, сұлулықты түйсігуі де соншалықты таза, соншалықты мөддір. Ол сурет өнері жайлы сөз қозғаған Жұмабекке: «Мен кейбір картинаны көргенде біртүрлі қамығып, мұңайып қаламын. «Аленушканы» алғаш көргенде тіпті көңілім бұзылып кетті. Су басында жападан-жалғыз... ауыр ойда отырған панасыз, кішкентай жетім қыз... үш-төрт күн бойы көз алдымнан кетпей қойды. Бірақ, мен суреттің идеясын түсіне алмаймын», — дейді. Розаның өмір түйсігудегі осы шынайылығынан Жұмабек айырылып қалған еді... Әрдайым өзге жұрттан көш озық көрінуді ғана ойлайтын өзімшіл суретші төңірегіндегі болмысқа бүтін таңда қандай тақырыптың, қандай идеяның өтімді екендігі тұрғысынан ғана көз салатын-ды. Мұндай эгоизм қанша талантты суретшінің көзіне де өмірлік шындықты өз болмысымен тануға бөгет болып, тіршілік сұлулығын тұмшалап тастайтын-ды. Сондықтан ол Ермек картиналарындағы қарапайым өмірдің, ең бір елеусіз, ең бір үйреншікті жәйттердің соншалықты шынайы сұлулығын қалайша дәл байқап, дәл көрсете алғанына қайран қалып, соны өзі көріп, өзі байқамағанына ыза болатын, бірақ, неге бұлай екеніне түсіне алмайтын-ды. Ол осындай әрі-сәрі ой үстінде Розаға жолығып, өз жанындағы дерттің жайын жете таныды.

Жұмабек — табиғатынан талантты, елгезек, рухани сергек адам. Эгоизм — оның жаратылысы емес, әлгіндей зерек қасиеттері арқасында оңай көзге түсіп, оңай көтеріліп кеткендіктен, ортаның ұшқары бағасы мен ұшқары көзқарасының қырсығынан кейінірек жабысқан індет. Сондықтан да, Жұмабек бойындағы табиғи талант кейін жабысқан эгоизмді жеңіп шығады. Суретшінің Розамен танысып, өз бойындағы рухани дерттерді тануы соған айғақ. Розаның адал табиғаты, шынайылығы, әділдігі, рухани сергектігі жаратылысынан талантты, жаратылысынан сезімтал, сергек Жұмабектің жан-дүниесіне қозғау салды. Ол Розаны әуелде әншейін уақыт өткізу үшін ғана жағаласа, келе-келе қыз жанын, оның үлкен адамгершілігін тану үстінде әуелдегі әншейін көрсеқызарлық шынайы сүйіспеншілікке, таза сезімге, қимастыққа ауысады. Өзімшіл суретші өз мінін осындай қимас адамнан айырылып қалу қаупі туғанда барып ұғынады.

Эгоизм Жұмабекті өзінде жоқ қасиеттер мен артықшылықтарға ашқарақтанып жүргенде, о баста өз жаратылысында бар жақсы қасиеттер мен ұнамды сипаттарынан ада қып кете жаздапты.

Т. Ахтанов «Қызғанышта» суретші Жұмабектің талантты, сергек, сезімтал табиғаты эгоизмді қалай жеңіп шыққанын көрсетсе, «Махаббат мұңы» повесінде эгоизмнің адамды адамгершіліктен жұрдай қылатын жексұрын сипатын ашып береді. Ақын Нияз жаратылысында-ақ Жұмабек сияқты қуатты талантқа, елден-ерек зеректікке ие емес-ті. Жылтырақ өнер ұшқары бағалаушылардың көзіне түсіп, көкке көтерілді. Өз буына өзі піскен дәрменсіз дарын қиынға, қияға ұмтылудың орнына жалған даңқтың даңғазасына ылығып жүре береді. Эгоизмнің сиқыр күші рухани әлсіз Ниязды біржола соқыр қылып тастады. Оның жан-дүниесінен Жұмабектің жан-дүниесіндегідей сергелденді ешқашан байқамаймыз. Нияз өз жағдайын түсінуге ғана емес, өзгенің жағдайын түсінуге де дәрменсіз. Университетте жас талапкерлердің өлеңін оқығанда ол алдындағы жас адамды жасытып, жігерін мұқатып аламау деп қиналмастан бірден тауын шағып, «мынауың нашар өлең» деп салатын. Бұл талапкерге қатаң талап қойған талғампаздығы емес, өзінен өзге бұл болмаса күл болсын деген рухани соқырлығы. Нияз өзіне мәз, өзгеге салғырт, енжар. Оған жас талапкердің жақсы талабын жарға жығу қандай оңай болса, Ләззат сияқты уыз жас қыздың алғашқы махаббатын, қалтқысыз ықыласын, шынайы

сезімін таптай салу да сондай оңай. Ол үшін өзгенің сезіміне опасыздық жасау ешқандай моральдық қылмыс емес, талантқа бас ұрып тұруға тиісті қарапайым қауымның оған шалған кезекті құрбандығы ғана. Оның мұндай жұмыр түйсіктігі — табиғатынан тас жүрек боп туған жауыздығы емес, уақытша табысқа басы айналып, адамгершіліктен айырыла бастаған рухани бейшаралығы, дәрменсіздігі. Ол өз кітабы жасырын рецензияға Ләззаттың қолына түскенде оның алдында опасыздық жексұрын қылмыс жасадым деп, қысылып-қаймығудың орнына бұрынғы көңіл тату адамымның қолына түсті деп қуанады.

Т. Ахтанов эгоизмді табиғи кемтарлық емес, әлеуметтік дерт ретінде суреттейді. Ниязды эгоист қылған жаңғыз ақылсыздығы ғана емес, ұшқары ортаның ұшқалақ құлқы. Ол орынсыз мақталды. Орынсыз баға, орынсыз қолпаш, орынсыз сый-сияпат рухани мүгедек Ниязға тап болғанда, оны адамгершілік сипаттан атымен тұлдыр жексұрындыққа бастады. Егер осындай бейшара, топас, жексұрын адам Ләззат сияқты аңғал да адал адамның сезіміне опасыздық жасаса, оған жаңғыз Нияздың топастығы кінәлі емес, біздің кісі бағалаудағы ұшқарылығымыз, тайыздығымыз, ең жақсы мұраттарымыз бен моральдық критерийлерімізді әншейін абстракция деп ұғып, әрбір жеке адам мен жеке құбылыстарға келгенде биік талап, үлкен мұраттарды ұмытып кететін жауапсыздығымыз кінәлі. Қайта Т. Ахтанов «Махаббат мұңы» повесінде Ләззаттың биік адамгершілігін, сезім шынайылығын бір жақты қызықтап кетіп, өзі көрсетіп отырған өмірлік ситуацияның аса терең трагикалық сипатын көлегей, көмескі қалдырып, сол арқылы өзі көтеріп отырған үлкен этикалық проблеманың өткірлігін бәсеңдетіп алған. Повесте әлі де болса орынсыз жұмсақтық, кешірімпаздық бар.

Жазушының бұл әңгімелері әншейін адамның адамды көбірек, дәлірек түсінуіне көмектесетін ғана емес, біздің жан-дүниемізде әлі күнге орын алып келе жатқан көптеген рухани кемшіліктердің әлеуметтік төркініне, психологиялық кескініне батыл бара алған азаматтық ойды толғантатын өрелі шығармалар. Мұнда мораль тақырыбы көбірек көтерілгенмен, моралистика атымен жоқ. Т. Ахтанов бұл тектес әңгімелері арқылы жалпы қазақ прозасының психологиялық тереңдігін күшейте түсті. Олардың қай-қайсысы да адам рухының, жан-дүниесінің неғұрлым терең де нәзік сырларын ұрымтал тұсынан қармаған шын,

дәл, зерделі зерттеулер. Мұнда өмір шындығын тек бір қыр, бір астарынан қарастырып сырдаң түсіну жоқ, өмірдің өз әлпетіндегі күрделілік пен тереңдік, жан-жақты жарасым арқылы зерттеу бар. Сондықтан да, бұл әңгімелердің қай-қайсысы да адамдардың жан-дүниесіндегі әлі жойылып бітпеген келеңсіздіктер мен кенеусіздіктер жайлы ғана емес, ең алдымен үлкен адамгершілік, сезім шынайылығы, махаббат тазалығы, арлылық пен әділдік жайлы шығармалар болып шықты. Онда Жұмабек, Айбарша, Нияздардың ғана емес, Роза, Жомарт, Жаңыл, Ләззаттардың да бейнесі жасалды. Жазушы бұл әңгімелерде қоғамдық болмысты адам арқылы танып, адам арқылы зерттейтін өрелі суреткерлік мінезін танытты. Сонымен қатар, ол адам мен қоғам арасындағы байланыстың күрделі шындығына көбірек бой ұратынын байқатты.

Т. Ахтанов әңгімелерінде көрінген бұл жақсы мінездер кейінгі шығармаларында бұрынғысынан да биіктей түсті. Әңгімелерінде Ахтанов адаммен адам арасындағы қарым-қатынастардан үлкен қоғамдық шындықты, әлеуметтік құбылысты танитын болса, енді автор кейіпкерлерін үлкен тарихи, әлеуметтік оқиғалармен бетпе-бет үстінде алып көрсете бастады. Біз «Қызғаныш» пен «Махаббат мұңында» Жұмабек пен Нияз шындығын, олардың Роза, Ләззат сияқты зор адамгершілік иелерімен, адал жандармен бетпе-бет келген сәттерін де аңғарғанбыз. Енді Ахтанов адам мен қоғам арасындағы өзекті байланысты әлеуметтік өмірдің өрелі оқиғалары үстінде зерттей бастады.

Т. Ахтанов өзі бастан кешірген соғыс шындығынан роман жазған тұста совет әдебиетінде бұл тектес романдардың бүтін бір галереясы жасалған еді. Алайда, қазақ прозашысы өзінен бұрынғы оңай сүрлеуге түсіп кеткен жоқ. Сондықтан да, тек қазақ прозасында ғана емес, күллі совет прозасында өз үнімен көрінген талантты шығарма тудырды. Ахтанов романына дейінгі совет соғыс романында көптеген майдан шындығының тек кең байтақ масштабын ғана атүсті қармаған біздің жауынгерлеріміздің бейнесі бір жақты идеализация жасалып, жау бейнесі бір жақты карикатураға айналдырылған, соғыстың қатерлі шындығын оңайлатып көрсететін көптеген қара дүрсін шығармалармен қатар ел басына түскен ең сын сағатты қаз қалпында тапжылтпай суреттеген шығармалар да бар еді. Бірақ, ол кезде жоғарыда айтылған екіұдай жағдайдың алдыңғысы тым молырақ, соңғысы тым сирегірек ұшырасатын. Ал, енді күллі адамзат тарихының ең бір

мәнді маңызды беті болып есептелетін бұл соғыс жайлы тарихтың өз қылымен жазылғандай өрелі, салқар мәнді асқаралы шығарма әлі күнге туған жоқ. Алайда, соңғы он жылда совет әдебиетінде адамзат қоғамындағы соғыс сияқты ең өрескел құбылыстың табиғатын барынша терең, барынша кемел танытқан сан алуан кесек шығармалар жарық көрді. Совет әдебиетінің майдан шындығын шынайы жеткізген шығармаларының санатында «Қаһарлы күндер» де бар. Ол соңғы он жылдықтағы соғыс тақырыбына жаңаша бет бұрудың алғашқы бастамаларының бірі болды. Соғыс шындығынын бұған дейін сирек көрінген терең қабаттарын қамтыған «Өлілер мен тірілер», «Ешкім солдат боп тумайды», «Толас», «Соңғы атыстар», «Батальондар оқ сұрайды», «Генерал Панфиловтың резерві», «Бірнеше күн», «Өлілер ауырсынбайды» сынды ұлы жеңісіміздің әлеуметтік, психологиялық астарларына тереңірек үңілген салауатты шығармалардың көпшілігі «Қаһарлы күндерден» кейін туған еді. Бірақ, соған қарамастан онда соңғы романдардың жақсы қасиеттері болып танылған терең психологизм, дәйекті историзм көрінді. Мұның өзі Т. Ахтановтың тек туған әдебиетіміз топырағында ғана емес, күллі совет әдебиеті көтерген соны әлеуметтік шындықтарды алдымен барлап, алдымен байқайтын ең бір сергек, ең бір сезімтал суреткеріміз екенін танытады.

Өз романында Т. Ахтанов соғыс сияқты күрделі әлеуметтік факторды адамдардың жан-дүниесіне жасаған рухани әсер-ықпалы арқылы қарастырады, соғыс шындығын адам психологиясы, характер шындығы арқылы таниды. Ол роман жазылған тұста совет әдеби сынында үлкен әңгіме тудырған «окоп шындығы» жайлы дау-дамайдағы бір жақты сындар мен бір жақты айыптаулардан тайынбаған. Ол өз романында «окоп шындығын» атышулы «майдан шындығына» немесе сол кездегі әдеби таластағы «бір шақырымдық топографиялық карта» мен «глобусты» бір-біріне қарсы қоймайды. Т. Ахтанов табиғатында бір-біріне қайшы келмейтін бұл ұғымдарды орынсыз теке тірестіріп, бірін мансұқтау арқылы екіншісін дәріптеудің соғыс сияқты құбылыстың күрделі шындығын орынсыз оңайлату, орынсыз тұрпайылау болып шығатынын дұрыс түсінген; ол соғыс шындығына глобустық масштабпен үңілу үстірттікке, жалпыламалылыққа ұрындырса, бір шақырымдық топографиялық картаның масштабымен үңілу өзі көрсетіп отырған өмірлік құбылысты

тар ауқымда көріп, кең қамти алмауға ұрындыратынын ете байқап, майдан шындығын барынша терең, барынша кең қамтуды мақсұт тұтқан. Т. Ахтанов «окоп шындығы», «майдан шындығына» ұласатынын, «окоп шындығынсыз» «майдан шындығын» жете біліп, жете ұғыну мүмкін емес екенін дәлелдейді. Кейбір сыншылар совет әдебиетіндегі соғыс тұсындағы, майдан тіршілігіндегі адамның жан-дүниесіне жіті үңілген жақсы тенденцияны қайдағы бір «окоп шындығы» деген сөлекет терминмен атады. Ал, шынына келгенде жеке адам, соғыс жағдайында солдат — окоп та, бір шақырымдық карта да емес, ол — бүкіл әлем. Әдебиет үшін адам ешқашан ұсақ құбылыс, ұсақ объекті болып көрген жоқ. Мұндай қате термин, қате ұғымның бір кезде біздің әдеби сынымызға еніп кетуі әдебиетімізде болып жатқан күрделі өзгерістерді түбегейлі түсінбеуден туған шалағайлық еді.

Ол тұста сыншылар соғыс тұсындағы жауынгердің жан-дүниесіне бажайлап үңілуді «ремаркизмді» қайталау деп ұқты. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы жеке адамның, окоптағы жауынгердің жан-дүниесіне үңілген, оның жан-дүниесіндегі мұндай сұрқия шындықтан шошынып, өз табынан безу, өз елі идеологиясынан суыну процесін ашқан Э. Ремарк, Э. Хемингуэй шығармалары — жиырмасыншы ғасыр әдебиетінің арын асырған өрелі шығармалар. Екінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы дәл осындай шындықты ашқан Борхерт, Бель шығармалары соғыс сияқты кесепат құбылыстар тұсында жауыздық идеологияның құлақкесті құлдары болған мыңдаған жандардың көзін ашты; соғыстан кейінгі ұрпаққа соғыстың жиіркенішті табиғатын жеріне жеткізе ашып берді. Мұндай құбылысты құбыжық көру, жеңілдеп айтқанда, әсіре ұшқарылық екеніне ешкім дау туғызбаса керек. Ал, енді совет жазушыларының соғыс тұсындағы жауынгердің жан-дүниесіне шұқшия үңілгенінде соншалықты үркетіндей ештеңе жоқ.

Біз соғыстың ақылға сыймастай антигуманистік сипатын тек соғыс тұсындағы адам жанына үңілу арқылы айқын тани аламыз. Оның үстіне Ремарк, Борхерт, Бель көрсеткен «окоп шындығы» мен біздің «окоптың шындығы» бірдей емес. Біздің қарсыласымыздың окобының сыртында тек от пен оқ бұрқаған қатерлі кеңістік жатса, біздің окобымыздың сыртында отан, туған жер, халық, үй-ішің, бала-шағаң, қоғамың тұрды. Біз бұл жерде «окоп шындығын» қатерлі соғыс үстіндегі солдаттың жан-дүниесі деп

ұғып отырмың. Әйтпесе, әдебиетке ешқандай «окоп шындығы», «завод шындығы», «космос шындығының» түкке де керегі жоқ, ең алдымен адам шындығы керек. Ендеше, адам шындығының соғыстай сын сәті — әдебиет үшін ең қымбат қазына. Ол мұндай сын сәт арқылы соғыстың әлеуметтік кескінін ғана емес, адам табиғатын, адам рухын да жете танып, жіті түсіне алады. «Окоп шындығы» жаңғыз өліммен бетпе-бет келген үрей психологиясы емес, адамның бүкіл азаматтық болмысы ашылатын тұс. Окопта оқ пен тірі дене ғана емес, азаматтық ар мен жанбағыс бетпе-бет келеді. Әдебиет мұндай бетпе-бетті жазбағанда нені жазады!

Өз творчествосында адам тіршілігінің әлеуметтік мәніне көбірек зер салатын Т. Ахтанов өз романының, міне, дәл осындай өрелі бетпе-бетке — бір бастың қамы мен азаматтық парыздың бетпе-бетіне арнаған.

Өткен соғыс тұсында бізге қарсы окопта өзге елге, өзге жерге, өзге өмірге оқ атқан көзсіз жендет немесе сондай жендет болуға амалсыз көнгендер жатты, ал біздің окопта — өз отанын, өз қоғамын, өз халқын қорғаған патриот жатты. Екеуінің жатқаны да бірдей окоп, екеуінің қолында да бір ғасырдың техникасы, болғанмен екеуінің психологиясы екі түрлі еді, екеуі істеп жатқан бірдей әрекеттің әлеуметтік мәні де екі түрлі еді. Адамзат тарихында талай-талай отан соғысы, өз отаны үшін жан қиған талай-талай патриоттар болған. Бірақ, дәл біздің отан соғысымыздай оқиға, дәл біздің патриоттарымыздай патриот бұрын-соңды болған емес. Өйткені, өткен соғыс тұсында адам алғаш рет өз мүддесін қорғайтын мемлекетті қорғайды. Борхерт пен Белльдің кейіпкерлері күйзеліске ұшыраса қорқақтықтан ұшырап жүрген жоқ, не үшін күресіп, не үшін соғысатынын білмеген мұратсыздықтан ұшырап жүр. Оларды соғыс рухани күйретсе, біздің адамдарымызды рухани ерлікке бастады. Олар өзгеден үстем болу жолындағы жалған идеал үшін соғысса, біздің жауынгеріміз өз ел, өз Отанын, өзінің азаматтық бостандығын, шын мұрат-мүдделерді қорғап жүр. Империялық соғыстың шындығы бір бөлек те, отан соғысының шындығы бір соғыстың шындығы бір бөлек те, Отан соғысының шындығы бір бөлек. Өз империясы үшін өліп кетуге әзір фанатик «патриоттың» жөні бір бөлек те, өз Отанын қорғаған саналы патриоттың жөні бір бөлек. Шовинизм, ұлттық эгоизм — ешқашанда шынайы патриотизм бола алмақшы емес. Соқыр фанатизмнің шынайы патриотиз-

ммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Өткен соғыс тұсында соқыр фанатизмді саналы патриотизм, жалған идеалдарды шын идеалдар, басқыншылық моральді азат еңбекті, азаматтық бостандықты, адамдар теңдігін, халықтар тәуелсіздігін қорғаған гуманистік мораль жеңді.

Бұл — біздің Ұлы Отаншылдық соғысымыздың кішкене окопқа да, үлкен майданға да бірдей тән өзекті шындығы. Біз бұл шындықтың ең өміршең, ең өзекті, ең шынайы кейпін адамдарымыздың, жауынгерлеріміздің жандүниесінен көреміз.

«Қаһарлы күндер» тек соғыс қатерін, оның антигуманистік сипатын, соғыс сияқты құбылыстың күйретуші күшін ғана емес, тарихи сын сағаттағы адамдардың өз қоғамы, күллі адамзат алдындағы жауапкершілік сезімі мен азаматтық парыздың адамзат тарихындағы шешуші күшін көрсеткен.

Соғыс бізге басқа қоғам орнатып, жаңа адам, жаңа мораль, жаңа азаматтық сапа қалыптастырып жатқан бейбіт еңбек үстінде тап болды. Ұлы революция жаңа қоғам орнатқанмен, ол қоғаммен бірге келген әлеуметтік өзгерістер әлі түгел орнығып болған жоқ еді; соғыс басталғанда жаңа мораль адамдарымыздың санасына біржолата сіңісті болып кеткен кез еді десек, ол да тарихи шындыққа сай келмес еді. Фашизм идеологиясы біздің қоғамымыздағы әлгіндей өрелі әлеуметтік өзгерістерге, жаңа адам, жаңа мораль қалыптастыру процесіне тұтқиылдан килігу арқылы, оны кері шегіндіреміз деп ойлады. Бірақ, соғыс біздің елімізде жаңа қоғамның экономикалық өсуіне кедергі келтіргенмен, әлеуметтік өсуге кедергі келтіре алмады, қайта ол тарих алдында жаңа әлеуметтік өзгерістердің, жаңа моральдің жеңімпаз күшін біржолата дәлелдеп берді.

Соғыс тақырыбындағы көркем шығарма осы үлкен тарихи шындықтың тек саяси мәнін ғана емес, моральдық, психологиялық кескінін де кең қамтып, терең көрсетуге тиісті еді. Бұл — совет әдебиетінің күллі адамзат қоғамының алдындағы басты парыздарының бірі.

«Қаһарлы күндерде» осы жауапкершілікті тыңғылықты түсіну бар. Автор Отан соғысын адамдардың азаматтық парызды барынша терең түйсігуіне себепші болған үлкен әлеуметтік, моральдық, фактор ретінде қарастырады. Жаңа қоғамның арқасында азаматтық бостандыққа ие болған жаңа сипатты адамдардың сол қоғам алдындағы азаматтық борышын түсінуі, жаңа азаматтық мұрат-

тардың, жана әлеуметтік өзгерістердің тағдырына бірден-бір жауапкер өздері екенін ұғынатын тарихи жауапкершілік сезіміне ие болуы — романның өзекті тақырыбы, міне, осы.

Кітаптың алғашқы беті бейбіт еңбек жағдайынан соғыс жағдайына, майдан тірлігіне енді аяқ басқан жандардың артында қалып бара жатқан үй-іші, бала-шағасы, ел-жұртпен қоштасуынан басталады. Енді осы сәттен бастап олардың тірлігінің тек сырт кейпі ғана емес, ішкі рухани әлпеті, ең алдымен, рухани өмірлері өзгермекші. Соғыс сияқты кесепатпен бетпе-бет адамгершілік сапаны сақтап қалу орасан зор рухани күшпен қоса өз ісі, өз күресінің тарихи мәнін терең түсінетін өрелі азаматтық сананы қажет етеді. Егер біз майданға бірінші күннен бастап соғыс сияқты құбылыс тұсындағы барша әлеуметтік парызды түгел түсініп, мұншама төтен жағдайға түгел икемделіп болған адамдарды жөнелттік десек, аса зор тарихи ерліктің рухани шежіресін тым тайыз түсінген болар едік.

Т. Ахтанов та ол күрделі шындықты оңайлатпайды. Соғысқа аттанған неміс жауынгері фашизм идеологиясының шытырман жүйесінің шырғалаңдарынан өту арқылы жәй адамнан солдатқа, команда мен қарудың ғана тілін білетін жанды құралға айналса, совет жауынгері соғыстың қатал шындығының сын сағатында жай бейбіт еңбек адамынан мойынына тарих жүгі түскен өрелі күрескер азаматқа айналды. «Қаһарлы күндер» әлгіндей рухани сыннан кімнің қалай өткенінен шежіре шертеді. Жаңғалақ та аңғал Қожақтың, оң мен солын түгел танып болмаған взвод командирі Ержан, сезімінің тұнығы шайқалмаған уыз жас Раушан, тұрмыс талқысын да, әлеумет талқысын да әбден көріп ысылған азамат Мұрат, соғысқа дейінгі бейбіт дәуірде ылғи жолы болып келген Уәли сынды әрқилы характерлер тарихи сын сағаттың рухани тезінен әрқилы өтті. Роман соғыстың небір маңызды шешуші шайқасына, не бір үлкен әскери операцияға арналмаған, берісі взвод, әрісі батальон көлеміндегі бір шоғыр жандардың соғыстың қатал талқысын қалай қабылдап, әр кім өз өмірі мен өз өлімінің әлеуметтік мәнін жете түсінген моральдық жеңімпаз рухқа қалай ие болғанын ғана көрсетеді. Санаулы айлар, санаулы жандар. Романның соңында майдан шебіндегі жеңісті емес, адамдардың жан-дүниесіндегі ірі жеңісті көреміз. Олар үміт пен үрейдің, күрес пен қорқыныштың екіұдай талқысынан өтті. Азаматтық жауапкершілік өлім алдындағы үрейді де, со-

ғыс тәртібіне шалағайлықты да, әркім өз басын ойлайтын эгоизмді де жеңіп шықты. Бейбіт адам солдатқа ғана емес, күллі адамзат тағдырын арқалаған азаматқа айналды.

Т. Ахтанов адамдар жанындағы осы диалектикалық өзгерістің еш бір иірімін, қалқа-қалтарысын қағыс қалдырмай, психолог зерттеушінің көзімен суреттейді; тарихи сын-сағатта адамдар санасындағы барынша жедел ер жету, төңірегіне, адамдарға жаңаша қарап, жаңаша түсіну процесін бажайлап пайымдайды. Жаңғалақ, аңғал, соғыс ісіне шорқақ Қожақтың майдан шындығын түсінуі бір бөлек те, неміс жазушысы Диттер Нойльдің «Вернер Хольттың басынан кешкендері» романындағы табиғаты жауыз болмаса да фашизм идеологиясы айтатын мұраттарға барынша сенген, Қожақтан соғыс ісіне әлдеқайда жетік, әлдеқайда білімді Вольцовтың майдан шындығын түйсігуі бір бөлек. Қожақ саналы күресте өзінің орнын дұрыс тауып, азаматтық парызды дұрыс түсінді. Вольцов фашизм идеологиясының екі жүздік мақсат-мүддесінің көзсіз құрбаны болды. Қожақтың сана-сезіміндегі халықтық тәжірибе, табиғи адамгершілік оған соғыс сияқты алапат құбылыстың астарлы сырын тапжылтпай түсіндірсе, Вольцовты фашизмнің сұңғыла идеологиясы айдалаға адастырып кетті. Өйткені, біз адамдардың ең көкейтесті, ең шынайы, ең табиғи мақсат-мүддесін қорғадық. Біздің соғысымыздың халықтық сипаты да осында. Соғыс тұсында әрбір шынайы адам халықтық қам, халықтық мүддемен біте қайнасып кетті.

Алайда, соғысқа дейінгі қоғам адамдар арасындағы ескі әлеуметтік қарым-қатынастардың негізін түгел жойып болғанмен, ол қатынастардың адам санасындағы қалдықтарын түгел құртып біте алған жоқ еді. Соның бірі — эгоизм, индивидуализм. Өмірге икемделгіш, құбылма, жымысқы эгоизм бейбіт жағдайда өзін жасырар бет-перде таба алғанмен, соғыс жағдайында оңай көзге түседі. Жымысқы эгоизм бейбіт жағдайда мансапқорлығын белсенділікпен, өзінен өзгеге енжарлығын, салғырттығын қатаалдықпен, екіжүзділігін, тайғақтығын, сырдаңдығын өтірік кішіпейілдікпен көлегейлеп бағады. Уәли де бейбіт жағдайда осындай көп перденің көлеңкесінде көрер көзге сүйкімді, жағымды, жақсы атанып жүрген адам еді. Жап-жас Ержан осындай тәсілқой тоғышардың жан дүниесіндегі жалғандықты, екі жүзділікті, қорқақтықты, опасыздықты таныды. Қалған жұрт күллі отанға қауіп тудырған жаудың бетін

қалай қайтаруды білмей жүрсе, Уәли сол соғыстан өзіне мансап жасамақ, награда алмақ. Жұрттың бәрі адамгершілікті, адамдар тарапынан келетін барлық пәленің басы — эгоизм түптеп келгенде күллі адамзат алдындағы, тарих алдындағы опасыздық екенін ашады. Соғыс тұсында Уәлилердің де болғаны рас. Жазушы осындай өмірлік шындықтан эгоизм табиғатының арғы алыс төркінін танытады. Түптеп келгенде, соғыс өздерін өзгелерден жоғары санап, әулие тұтып бағатын әулекілер тобының күллі адамзатқа қарсы эгоистік авантюрасы болып табылады. Осындай сырдаң эгоизмнің ресми саясатқа айналып, қаруға ие болғанынан адамзат тарихына фашизм сияқты кесепат келді.

Т. Ахтанов — соғыс шындығының рухани қабаттарына барынша терең барлау жасапты. Бұл романның тек өз оқушысының ғана емес, шет ел оқушыларының назарына ілігуінің негізгі себебі де бүгін таңда күллі адамзатты толғандырып отырған рухани проблемаларға батыл бара алғандығында болса керек.

Сөйтіп, Т. Ахтанов адамның қоғамдық болмысына көбірек үңілетін жазушы. Бұл ретте соңғы жылдары бүкілодақтық оқушыға кеңінен мәлім болған «Боран» романын (жазушы бұрынғы «Дала сыры» повесін «Боран» деген атпен роман қылып қайта жазып шықты) айырықша атаған жөн.

Бұл шығарма жұртшылық назарына неге тез ілікті? Оның төнірегінде қызу әңгіме болып, әр қилы пікірлер айтылуының сыры неде? Әрине, Т. Ахтановтың тұңғыш романы «Қаһарлы күндермен»-ақ одақтық оқушының, прогрессивті шет ел оқушысының ілтипатына бөленгені, жазушының бірден-ақ өзіне дейінгі қазақ прозасының ең биік деңгейінен көрініп, өз қалам сілтесін, суреткерлік тегеурінін таныта алғаны, оны қазақ оқушыларының ерекше сүйіспеншілігіне ие қылғаны, олардың бұл жазушының әр шығармасын қадағалап оқитын болғаны рас.

«Боранның» («Дала сырының») табысы тек содан ғана ма?

Жоқ, Т. Ахтанов бұл жолы қоғамның рухани өміріндегі ең өзекті, ең маңызды соны құбылыстарды дәл көріп, дәл көрсете алатын сергек суреткерлігімен көзге түсті. Т. Ахтановтың бұл романы бір адамдарға өзін көп тебіrentкен, көп толқытқан толғақты ойларын тап басқандығымен ұнаса, екінші бір адамдарға өзі күнде көріп жүрген үйреншікті өмірдегі бұған дейін аңғармай келген көп

жәйттерді алғаш аңғартқандығымен ұнайды. Роман кейінгі жылдары қоғамымыздың көп мүшесінің көкірегінде болып жатқан түбірлі өзгерістермен үндесе шықты.

Адам және қоғам. Адамзат ойын ғасырлар бойы тебіреніп келген бұл мәселе соңғы жылдары күн тәртібіндегі бірден-бір өзекті мәселеге айналды. Өйткені біздің тұрғыластарымыз адамның қоғамдағы орны, азаматтық жауапкершілік төңірегінде қай кездегіден де болсын байыптырақ ойлантуға тиісті оқиғаларды бастан кешті; тарих адам мен қоғам арасындағы гармониялық үйлесімнің бұзылуынан болған талай-талай кесепаттың бетін ашты.

Адамзат қазір ең алдымен адам мен қоғам проблемасы шешілмей тұрып, қоғамдағы ең толғақты проблемалардың ешқайсысы жемісті шешім таба алмайтынына түсініп келеді. Сондықтан да бір кезде тек елден-ерек үлкен данышпандарды ғана толғандыратын проблемалар қазір жұмыр басты пенденің қай-қайсысын да тебірендетін болды. Жазушы Т. Ахтанов өзінің жаңа романына біздің көбіміздің көкірегіміздегі осындай рухани процесті өзек еткен.

Романның бас кейіпкері Қоспан — кейбір сыншыларымыз аспанға шырқатып алып кетіп жүргендей нағыз еңбек адамының, совет адамының теңдесі жоқ үлгісі болатындай алып бара жатқан сұңғыла да емес, екінші бір сыншыларымыздың құрдымға құлдыратып жүргеніндей, қажет десе, қойды қалай бағуды, пішенді қалай үнемдеуді де білмейтін миғұла да емес. Қоспан тағдыры — көптің басындағы тағдыр. Оның көкірегінде болған өзгеріс — біразымыздың рухани дүниемізде болып өткен өзгеріс. Т. Ахтанов өзгеріске толы, өсуге толы соңғы жылдарымыздағы соны құбылыстардың ішінен ең үлкен өзгеріс, ең мәнді өсуді жіті байқап, дәл көрсете алған. Ол әлі көбіміздің моральдық сипатымызда, рухани дүниемізде, қоғамдық еңбегімізде берік орын теуіп бола қоймаған құбылыс. Сондықтан да бұл арада автор болып жатқан құбылыстарды тіркеп отыратын шабан шежіреші ретінде емес, қоғамның ең өзекті даму тенденциясын дер кезінде аңғарған барлаушы, зеттеуші суреткер ретінде бой көрсетті. «Боранның» алғашқы нұсқасы өзі тектес Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», Залыгин, Липатов, Абрамов шығармаларының қай-қайсысынан да бұрын шықты.

Т. Ахтанов бұл проблеманы шынайы өмірдің өзге құбылыстарынан оқшау жырып алып, жеке-дара қарастырмайды. Қойшы Қоспанның өмірі — әлгі әлеуметтік проблема көрінетін жалаң фон емес, суреткердің ең негізгі объектісі.

Ол кездейсоқ боранға ұшырап, барлық абырой-атағынан айырылғалы тұрған Қоспан басындағы халден әлеуметтік үлкен мәні бар құбылысты көрді. Кейбір сыншылар осы кезге дейін бұл шығарманы «мал шаруашылығына арналған», «дала тақырыбындағы» туынды дейтін қара дүрсін анықтамалар тұрғысынан қарастырып келді. Ондай анықтамаларға романда мал шаруашылығында, қойшы еңбегінде әлі күнге дейін орын алып келе жатқан мешеуліктің көрінгені тілге тиек болса керек.

Бірақ, автор біздің өмірімізде бар осы шындықты тек экономикалық проблема ретінде ғана емес, негізінен моральдық, әлеуметтік проблема ретінде қарастырады. Қиын жағдайға ұшыраған Қоспан осынша мешеуліктің түп төркінін, өзін мұндай күйге тап қылған жағдайлардың бәрін егжей-тегжейлі ойлап, өзін осы кезге дейін толғантып келген, қинап келген сауалға жауап табады. Ол өз басындағы рухани күйзелістің түбегейлі себептерін әлгі экономикалық проблемаларға үңілу арқылы таниды. Олардың бірі бірін тудырып, бірі біріне себепші болып жатқанына көзі жетеді. Романның бүкіл желісі Қоспанның осы өз басындағы жағдайдың төркініне түсінуі, сол арқылы өзін және басқаларды тануы арнасында өрістейді. Сонда Қоспанның есіне алдымен осындай орындап шығуға мүмкін емес, қиын міндеттеме жүктеген Қасболат түседі. Жаны қарқараға келіп қиналған Қоспан жіптің бір ұштығы қолына түскен соң, бұған дейін өзіне дұдамал болып келген шындықтың нағыз кескініне бірте-бірте қаныға бастайды.

Қоспан — момын да адал, табанды, жүрегі жұмсақ, ісіне мығым, мінезі тұйық, төзімді адам. Ол соғысқа дейін кеңсе қызметкері болды. Соғыста да ерлік көрсетті. Орашолақ командирі Қасболаттың жаңсақ тапсырмасын орындаймын деп жүріп жау қолына тұтқынға түсті. Тұтқында жүріп фашизмге қарсы күрескендер санатында болды. Басынан көп қиыншылықты өткеріп туған топырағына жетті. Бұған дейін қанша қорлық көрсе де, күреске жігерленіп, азаттықты аңсап, рухани мұқамаған Қоспан ауылға келген соң мұқады.

Оны мұқатқан да — Қасболат. Өзімді ең жақсы біледі дейтін адамы бұған сенбейтін боп шықты. Бұл жұрт алдына қарабет біреудің күнін кешуге тура келді. Қойшылық жұмысты да жұрттың көзінен оңаша болу үшін қалады. Өзіне орынсыз тағылған айыпқа іштей наразы болса да, ол кезде дәуірлеп тұрған түсінік пен ұғымға Қоспан да мойынұсынды. Өзінің бұндай күнге неге ұшырағаны көкірегінде ұзақ уақыт жұмбақ боп қала берді. Жыл өтті. Заман өзгерді.

Еңбегі жанды. Ауыздан аты түспейтін болды. Қоспан, бірақ, бұны қайта татуласқан Қасболаттың қарасқаны, қамқорлығы деп ұқты. Сондықтан да ол талай-талай мәртебелі мәслихаттарда мінбе тисе де, өзі көріп жүрген қойшы өмірінің көкірек қыжылдатар талай жәйттері көмейінде тұрып, тағы бірденесіне ұшырармын деп айтпады, оның орнына Қасболат жазып берген қағазды оқып, «цифр шайнап» кетті. Шеттеп қалған психология көп уақытқа дейін заманның өзгергенін де анық байқатпады. Оны Қасболат бұрынырақ байқады. Бірақ басқаша байқап, басқаша түсінді. Ол уақыт алдындағы жауапкершілікті, әйтеуір, заман ағымына ілесу деп ұғатын-ды. Заман ағымына ілесу — тоғышарлық түсінік. Мұндай психологияның адамы таудан аққан тасқын судағы жаңқадай басын біресе тауға ұрып, біресе тасқа ұрып әбден әуре-сарсаң болады. Қасболаттың күні де солай-ды. Бұрын жоғарыдан айтылғанды мүлтіксіз орындап қалған Қасболат енді өзің біліп іс қылатын уақыт келгенде, қайранға шыққан шортандай жанталас күн кешіп жүр. Ақылы, қабілеті, көрегендігі жетпеген жерді әйтеуір көрсеткішпен көмбек. Қоспанды қайдағы бір қиынға айдап, қалайда рекорд жаса деп қыспақтап жүргені де сондықтан. Бізде біраз уақыт орын алып келген, ара-тұра әлі де кездесетін көзжұмбақ орындаушылық психология қоғам мен қоғам мүшесі арасындағы шынайы гармонияға атымен кереғар құбылыс екенін Қасболат түсінген жоқ.

Оны түсінбеген жаңғыз Қасболат емес. Талай адам түсінбеді. Соның бірі — адал еңбеккер, тыңғылықты шаруа, тіл алғаш жауынгер Қоспан оның бәрін қоймен шыққан екі күн ақ боранда түсінді. Қоспан бұған дейін де талай қиыншылық көрген. Бірақ, соның бәрінде бұл сауалға түбегейлі жауап тапқан жоқ-ты. Бұл жолы оның көзін ашқан жаңғыз боран стихиялық апат қана емес. Уақыт өзгергенін, уақыт талабы өзгергенін дәл түсінбесе де, біраздан бері о да аңғарып келе жатқан-ды. Облыс бастықтары кеше дүниені алшысынан басқан Қасболаттарға көңілі толмайтын болды. Қасында қайдағы бір қиындарды қиялдайтын Қаламұш сияқты бұған әлі түгел түстінікті болып үлгермеген соны ұрпақ өсіп келеді. Қаламұш айтып жүрген экономикалық мешеуліктің рас екеніне Қоспан осы боранда иланды. Ол бұндай экономикалық мешеулікке орын беріп жүрген рухани мешеулікті де осы жолы түптеп таныды. Оның аты — біраз уақыт саналы азаматтық жауапкершіліктің, рухани белсенділіктің орнына үстемдік құрып келген, не айтылса да бас шұлғи беретін, көзжұмбақ орындаушылық психоло-

гия; алып машинаның бір еріксіз ергежейлі бұраңдасының заңы — бұрады екен, бұрал, тоқтатты екен, тоқта, өздігінен тырп етпе.

Қоспанның өмірі де осы кезге дейін тірі организмнен гөрі өлі техникаға лайық әлгі бір механикалық қара дүрсін заңға бағыныпты. Соғыстан кейін бұның жазықсыздан-жазықсыз қарабет болуының сыры да сол екен. Соғыс тұсында жау қолына түскен машина күйреуі, құруы керек, құры-маса — жауға қызмет етеді. «Бұраңданың» заңы бойынша адам да солай. Қолға түссең — өл. Адамның машинадан гөрі «өзгешелеу» нәрсе екенін, оның ата жаумен күресуі керектігін, күресу үшін өмір керектігін, адам ата жауымен тұтқын боп жүріп те, ақырғы демі беткенше күресе алатынын ол заң білмейді. Бұранда механиканың заңын бұзды деген не сұмдық... Қоспанның әлгіндей тұста қарабет боп жұрт көзіне қарай алмайтыны да сондықтан. Қасболат та оған сондықтан сенбейді. Тіл алғыш Қоспанды заман ағымына ілескісі келетін Қасболат өзінің мансапқорлық мақсатының құрбаны етпек. Орындаушылық психологияның, адам басын бұрандаға дейін кішірейткен психологияның қағидасы солай. Бұны Қоспан Қасболаттың айтқанын тыңдап, отарына қосымша тағы да екі жүз тоқты қосып, пішенін ерте тауысып, кештеткен қыстың қыспағына түскенде барып түсінді. Қазір Қоспанда не керектің бәрі бар. Атақ, абырой, құрмет. Қасболаттың ойынша, оған енді жетпей тұрғаны — тек алтын жұлдыз ғана. Ал, Қоспанның өзіне осының бәрі жартыкеш бақыт сияқты. Бірақ өз жан-дүниесіне не жетпей тұрғанын осы боранға дейін тап басып айта алмайтынды. Сүйтсе, ол — азаматтық үлкен жауапкершілік екен. Өзінді мына өмірдің қожасымын деп түсін. Адам өзін-өзі құл етуге де, өзгеге құл еткізуге де жаралмаған. Адам мен қоғам арасында көлденең тосқауыл тұрмауға тиісті. Адам қоғамға тек білегімен ғана емес, жүрегімен, ақылымен, санасымен, өн бойында бар барша игі қасиеттің бәрімен қызмет етуге тиісті. Адам өз өміріне сонда ғана риза бола алады, адам өз еңбегінен сонда ғана ләззат ала алады. Сонда ғана ол алдындағы аға ұрпаққа да, соңындағы іні ұрпаққа да ештеңеден қысылмай, тік қарай алады. Міне, осыны қамтамасыз еткен, адамның саналы қызметі мен рухани инициативасына ұланғайыр мүмкіндік ашып берген қоғам бола алады. Адам мен қоғам арасындағы шын гармонияның түп мәні де сол. Сол үшін күресу керек, сол үшін еңбек ету керек. Ол үшін орындаушылық психологиядан, «ергежейлі бұрандаға» тән бейшаралық психологиядан арыл.

Қоспан осыны түсінді. Ол соңына ерген жас өмірген қуарған ақ таяқты мирас ете алмайды. Ендігі саналы өмірін соған арнайды. Бір отар қойдан, атақ-данқтан айырылғанмен, өмірінің мәнін, қоғамдағы азаматтық орнын анық біліп алған Қоспан енді қара жерді қалтырамай басады, қай жанарға да қаймықпай қарайды, Қасболаттардан жауап сұрауға да қақысы бар.

Кештеткен қыстың соңғы боранында қиян-кескі ойға шомған жаңғыз Қоспан ғана емес. Қарлы далада брезент машинаның ішінде Қасболат та ойда келеді. Ол тек қар басқан кедір-бұдыр жолдың жайсыздығын ғана емес, уақыттың жаңа талаптарының да бұған жайсыз тиерін, барған сайын өрісі тарылып келе жатқанын сезіп келеді. Бұған дейін ұстанып келген бейшара қағидасы бастықтың алдында тайғақ, достың алдында опасыз, келешектің алдында үрегей етіп кеткенін қазір о да мойындады.

Қасболатшылдық қайдан өрбиді? Т. Ахтанов бұл құбылыстың да әлеуметтік, психологиялық генезисін сонау түптен қозғайды. Қасболат жасында мұндай жалтақ емес еді; сонау комсомол қызметкері кезінде ауыл аралап, сауатсыз жастарды мектепке тартқан күндерін әлі сағынады; ондағы еңбегіне өзі де масаттанатын. Қазір қанша іс тындырса да қанағаттанбайды. Өйткені, о да өз жұмысындағы ең биік моральдық факторды — азаматтық жауапкершіліктің, рухани белсенділіктің орнын жоқтайды. Жас Қасболат бір кезде өзі идеал тұтатын қарт коммунистке халық жауы дейтін ғайбат тағыларда, ештеңеге жалтақтамай, ештеңеден қорықпай қорғаған еді. Сол батылдығы үшін соңына сөз ерді. Ол кездің үрдісі Қасболаттан азаматтық жауапкершілікті бұрынғысынан басқаша түсінуді талап етті. Қоғам үшін жан-тәнімен қызмет қылатын рухани белсенділікті жоғарының қас-қабағын аңдыған ынжық орындаушылық, кісіні батылдыққа бастайтын саналы азаматтық жауапкершілікті әсіре сақтық, ешкімге, ештеңеге бүкіл болмысыңмен құламайтын қырағылық алмастырды. Саяси қырағылық әбден керек. Бірақ, азаматтық жауапкершілік жаңғыз қырағылықтан тұрмайды; оның бойында ең алдымен өзге адамдарға, халыққа деген зор сенім болуы керек. Үлкен жауапкершілік өз ісіні араласып жүрген тарихи ісінің жарқын балашағына деген ықылас, зор махаббаттан ғана туады. Қасболат әлгіндей әсіре қырағылық тұсында үлкен жауапкершілікті тым ұсақтатып түсінетін ұғымға бой алдырды, ненің өмірлі, ненің өткінші екенін анық айыра алмады.

Соның салдарынан да бір кездегі азаматтық жалынынан бірте-бірте айырыла берді.

Азаматтық жауапкершілік — адамға шабыт, рухани ләззат беретін моральдық фактор болса, Қасболат жауапкершілік сезімінен шаршап жүрді. Ол жауапкершілікті бағыныштылар алдында сыр алдырып қоймау деп түсінді. Ол қашан үйіне оралып, машинасын гаражға қайтарғанға дейін жауапкершілікті сезініп, сіресіп отырады да, жұмыстан соң үйіне келгенде ғана белі босап, дені жайылады. Азаматтық жауапкершілік — адамның мойнына күшпен таңған қамыт емес, оның рухани болмысы, өмірінің әлеуметтік мәні. Орындаушылық психология тұсында азаматтық жауапкершілік әлгіндей өрелі сипатынан айырылып, иінінен жаншыған қамытқа айналады.

Қасболатшылдық та азаматтық жауапкершілікті тап осылай сезінуден басталады. Оның ұғымынша әлауапкершілік — оған өзге жұрттан бөлекше берілген артық дәреже. Жауапкершілікті дәреже деп түсіну оны өзге адамдардан, тіпті дос-жары мен үй-ішінен де жырақтата бастады. Ол өмірбақи рухани жалғыздықта өмір сүріп келді. Соғыстан оралған соң Шәрипа деген қызға көңілі құлап еді; аудан хатшысының ақылымен одан бас тартуға тура келді. Бұнысын ол өзінің шынайы сезіміне, кінәсіз Шәрипаға жасаған опасыздығым деп түсінген жоқ, қызмет бабы, жауапкершілік осыны талап етеді деп ойлады. Ол соғыста өз бұйрығы бойынша абыройсыздыққа ұшыраған, жақсы көретін жауынгері Қоспан соғыстан соң қызмет сұрап алдына келгенде, оған сенімсіздік көрсетті. Қоспанға сенімсіздік көрсетуге оның өз басының ешқандай дәлелі, күдік-күмәны жоқ еді, бірақ, жауапкершілік осылай істеуді талап етеді деп ойлады. Қасболат сүйтіп досын сатты.

Қасболат жауапкершілікті өз жан-дүниесін жарып шығаратын азаматтық ардың ісі деп емес, өзіне жүктелген талап қана деп түсінді. Уақыт осыны талап етті деу арқылы барлық кінә, барлық кемшіліктен құтылуға болады деп ойлады. Қасболаттың Қоспанды қайта табуы, оның өзі жасаған моральдік қылмысты айқын сезінгендігінен емес еді; ол уақыт енді осылай істеуді талап етеді деп ұғынды. Осы сырдаң ұғым оны Қоспанның алдында тағы да бір моральдік қылмыс істеуге итермеледі; ол Қоспанды тағы да орындалматындай қиын тапсырма беріп, абыройсыздыққа ұрындырды.

Азаматтық жауапкершілікті осылай жалаң түсіну Қасболаттың санасына ылғи өз абырой, өз беделін ғана ойла-

ған эгоизмді қалыптастырды. Қоспанды да боранға, апатқа ұрындырып жүрген Қасболаттың орнымнан айырылып қалмасам екен, қиюы кете бастаған беделімді қайта көтеріп алсам екен деген эгоистік мүддесі. Төрт күндік бораннан соңғы Қасболаттың басындағы хәл Қоспанның басындағы хәлге атымен ұқсамайды. Қоспан өзінің қоғамдағы орнын танып, рухани күреске құлшынса, Қасболат өзінің эгоистік мүддесінің күйрегенін көріп, таусылады.

Жеке адамда тайынушылықтың әшкереленуі адам мен қоғам, азаматтық жауапкершілік проблемарын қайтадан салмақтап, бұл өзекті проблема төңірегіндегі көптеген тоғышарлық құбылыстарды да ашып берді. Қоғамнан тек өз пайдасын ғана көздеу, ондағы өзгерістерді тек өз пайдасына ғана оңтайлау жаппасбайшылық сияқты қатерлі құбылысты тудырды. Жаппасбай революциялық ұрандарды жамылған ұсақ буржуазиялық моральдің өкілі. Ол тегінің кедей екенін желеулетіп, талай жазықсыз адамның адал арын аяқасты қылады. Сонау бір тұстарда «бір өзі сексен сигнал берген» сабаз соғыс тұсында азаматтарынан айырылған ауылда тағы бір жасап қалады. Жаппасбай — жұмысшы табы, таптық күрескен жырақ қалған қазақ ауылының өмірінде бір кезде қаулап шыға келген шолақ белсенділердің өкілі. Таптық санасы биік жұмысшы қауым ортасында бұндай құбылыс болған жоқ. Ал, таптық санасы әлі төмен шаруалар ортасында мұндай асыра сілтеу көбірек байқалды. Революциялық ұрандарды жамылған жаппасбайшылықтың тоғышарлық күйкі сиқы, шын кескіні еліміздегі кейінгі орасан зор өрлеу тұсында анық танылды.

Кейбір сыншы шыншыл, өмірдің өзімен өрелес жазушының шаруашылықтағы кейбір кемшіліктерімізді ашқанынан тіксінетін болса, біз оның қоғамымыздың ең басты шындығы — рухани өміріміздегі жасарып, жаңғыруды қайта түлеуді дөп басып, дәл ашқанына сүйсінеміз.

Жазушы өмір көріністерінің дәлдігіне ғана емес, қоғамның даму заңының дәйектілігіне де баса назар аударған. Қоғамдық дамуымыздағы өтпелі мен өміршенді айқын саралаған терең историзм өзі жасаған образдардың көркемдік құнымен қоса әлеуметтік мәнін де биіктете түскен. Роман біздің қоғамымызда орын алған кемшіліктің өзіне жіті үңілу арқылы, біздің қоғамымыздың гуманистік сипатын, біздің еліміздегі қоғам мен адам арасындағы жарқын жарастықты көрсетуді мақсұт тұтқан. Т. Ахтанов «Боранда» ол мақсатына жеткен.

Т. Ахтанов — қазақ прозасының азаматтық даусын биіктете, адам танығыштық, оның әсіресе әлеуметтік, қоғамдық болмысын танығыштық қасиетін, психологизмді тереңдете келген

жазушы. Оның сырт көзге соншалықты сәтті, желі оңынан тұрып, жолы оңай болған сияқты боп көрінетін көшелі творчествосы үздіксіз ізденіс үстінде өрістеп келеді. Автордың барлық шығармасы бір келкі, бір өңкей дер болсақ, ол ізденімпаз, жаңашыл жақсы прозашының ауыр меңдетті еңбегіне атүсті қарағандық болып шығар еді. Т. Ахтановтың мүлт басқан жерлері жоқ болғанмен, мүкі басқан жерлері бар. Әңгімелерінің бәр-бәрі «Күй аңызындай», «Алыстан жеткен сарындай» қапысыз мүсінделіп шыға бермейді. «Махаббат мұңында» епттеп мелодрама салқыны араласып кеткені, өзі көтеріп отырған тақырыптың өзегіне тереңірек бармай, беріден қайтқанын жоғарыда айттық. Бірақ мұндай терең психологиялық анализ «Қаһарлы күндер» мен «Боранда» қуаттырақ көрінді. Жалпы алғанда, жаңғыз жазушының өз творчествосының ғана емес, осы заманғы қазақ прозасының жалын өсіре келген бұл екі шығармада да ойсырап тұрмаса да, ойпаң түсіп тұрған жерлер бар. «Қаһарлы күндердің» композициясында аратұра арқау босап кетіп отырады. «Боранның» кейінгі қосылған тараулары шығарманың әлеуметтік мәнін, кейіпкерлер қылықтарының психологиялық дәйектемесін күшейткен орынды өзгертулер болғанмен, шығарманың күллі көркемдік бітіміне әлі де болса сінісіп кете алмай, селкем-серең шығып кетіп тұрған беттер де ұшырасты. Әсіресе, Қасболаттың ошақ басы өмірі Қоспан мен Жаңылдың үй-ішілік тұрмысындай қанық бояуға ие бола алмаған, Шәрипамен екі арасындағы қарым-қатынасынан сырғытпа схематизм байқалады. Жаңа тараулардағы қаламның мүкі тиген, бояудың көмескі жұққан жерлері өмірдің өз кескініне, адам мінезінің, ой-сезімінің табиғи ағысына айырықша қырағы жазушының талантты да өрелі шығармасында бірден көзге түсіп тұр. Демек, мұндай кемшілік — Т. Ахтанов сияқты сақа қаламгерге барынша батырып айтатын кемшілік.

Өмірдегі, адамдардың рухани дүниесіндегі соны сипаттарға, өрелі өзгерістерге барынша қырағы, барынша сергек қарайтын жазушы әлгіндей «ондай-ондай хан қызында да болады» дейтін ақауларға атымен кешірімсіз болса, оның өміршен, ойшыл, шынайы шығармалары бұдан гөрі де өркештене түсер еді.

Тахауи Ахтанов — өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, көп жазғаннан гөрі дөп жазғанды қалайтын талғампаз талант. Ол қашанда өмірдің өзімен өзектесе, өмірдің өзімен үндесе еңбектенеді. Мұндай суреткердің оқушысымен сұхбаттасар сыры, айтар ойы әлі де аз болмаса керек-ті...

1965 жыл.

САМҒАУ МЕН ҚҰЛДЫРАУ

«Дәл мұндай соншама қызғылықты, соншама терең (кітаптың эпиграфына «адам рухының қайсарлығы» деген сөз тегіннен тегін жазылмаған шығар) романдар кейінгі кезде көп көрінбей кеткен еді. Ол осы заманғы американдық, француз, неміс т. б. әдебиеттердің ені үздік туындылардың қай-қайсысымен де қатар тұра алады.

«Әдебиеттегі дәл қазіргідей сарқылу мен құлдырау тұсында, тілдің болашаға жайындағы қызыл кенірдек даудамайлар тұсында Нұрпейісов өзінің «Ымырт» романымен бақыт жайында жан тебіренерлік сыр шертіп берді». Автор тілдің ең бір қарапайым құралдары арқылы-ақ орасан шындықты ашып, өмірдегі әділетсіздік атаулыға қарсылығын шынайы жеткізеді. Осыншама ұстамды да ұтымды лаконизм Нұрпейісовты біздің заманымыздың ешкімге ұқсамайтын өзіндік сара қолтаңбасы бар ең терең жазушыларының салихалы санатына қосады».

«Біздің жиырмамыншы ғасырда, Джойс пен Фолкнер тұсында, түр атаулы түгел күйреп жатқан кесірлі кезеңде мұндай шығарма жазушы мен оның қат-қабат бейнет шеккен қатыгез өлкесін тереңнен жалғастырып тұрған күре тамырлардан нәр емген нәзік лиризмге құрылғанда ғана табысқа жете алады. Егер ол бізді өзінің қылтыңсылтыңсыз қарапайымдылығымен-ақ қайран қалдыратын болса, бұл осынау тамаша романның кемшілігі емес, қайта үлкен жетістігі. Нұрпейісовпен салыстырғанда, біздің ең бір «табиғи», «шынайы», жазады деп жүрген жазушыларымыздың өзі «жасанды», «жалған» боп көрінеді».

«Қан мен тер» трилогиясының үш кітабы Париждің «Галимар» баспасынан жеке-жеке жарық көрген тұста француз сыншыларының аузынан шыққан бұл пікірлер кейін ондаған елдердің тілінде қайталанды. АҚШ, Франц-

ция, ГДР, Египет, Чехословакия т. б. елдерде миллиондаған тиражбен басылып шыққан қазақ романы төрт құрлық оқушыларының кітапханасынан берік орын тепті.

Аталмыш шығарманың мұндай әлемдік табысы — мәдени өмірде бола беретін жәй әншейін қызылға ұрынған желөкпе даңғаза да, не сыртқа сөз таситын суық жүрісімен көзге түсе қойған көлденең табыс та емес, қалың оқырман қауымының көңілі мен ойын қапысыз баурап алу арқылы келетін шын суреткерлік жеңіс болды.

Бұған біз жоғарыда келтірген үш француз сыншысының пікірлерінің өзі-ақ айқын дәлел бола алады. Егер Луи Арагон «Қан мен тер» романының үлкен табысының кілті — оның адам рухының қайсарлығын ашып көрсеткендігінде деп білсе, Жан Монтальбетті қазір жер бетіндегі көп елдерде кеңінен орын алып отырған рухани күйзелістер мен құлдыраулар тұсында бақыт жайында тебіренерлік сыр шерте білгендігінде, әділетсіздік атаулыға қарсы күреске шақырғандығында деп ұғады, ал Воланд Карон «Қан мен тер» трилогиясының шынайылығының бірден-бір себебі жазушы мен халық өмірі шындығының арасындағы терең байланыста деп түсінеді.

Сөйтіп, осы заманғы прогресшіл шетел әбден сынының көрнекті өкілдері Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романын күрделі өмір шындығын тыңғылықты зерттеп жан-жақты аша білген әлеуметтік тереңдігі үшін, адам рухын құлдырауға емес, құлшынысқа шақырған күрескер пафосы үшін, халық өмірін қалтқысыз суреттейін тарихи байыптылығы үшін, өмір орнықтырушы идеясы үшін аса жоғары бағалайды.

Ендеше, аталмыш шығарманың әлгіндей үлкен табысы көп ұлттық әлемдік әдебиеттің өзекті мұраттарымен, өрелі ізденістерімен, көп жылдық мол тәжірибесімен тығыз байланысты.

Қазақ жазушысы көп өкілді, көп қазыналы дүниежүзілік әдебиеттегі монументальдық прозаның аса бай тәжірибесін зерделі зарттеп, жемісті үйрене білді. Қай-қай әдебиетте де алпыс жылға жуық басты тақырып болып келе жатқан екі ғасыр тоғысындағы дәуір шындығы жайындағы озақ шығармалардың сыры сен сипатына шұқшия үніліп, олардың көлеңкесінде ғана қалып қоймай, соны сөз боп қосылар кесек туынды жазып шықты.

«Қан мен тер» — қазақ қырына Октябрьдің қалай келгендігі туралы емес, қазақ қырының Октябрьге қалай қелгендігі туралы роман. Рас, ежелгі қазақ қырына Ок-

тябрь революциясының қалай келгені, қазақ қауымының алдына қандай соны әлеуметтік, проблемалар тосқаны, қазақ қауымының сондай өрелі сыннан қалай өткені — біздің әдебиетіміз үшін іргелі тақырып, өрелі өріс болып қала бермек. Бұл тақырыпта басы сонау «Тар жол, тайғақ кешу» мен «Ботакөзден» бастап ондаған шығармалар туды. Олар қазақ прозасының қалыптасуы мен есейіп ер жетуінде ғана емес, тарихи сын кезеңдегі қоғам мен азамат бастан кешіретін күрделі әлеуметтік шындықты ашуда айрықша қызмет атқарды.

Ә. Нұрпейісов Октябрь тақырыбындағы қазақ романтикасының жемісті дәстүрлерін жалғастыра отырып, оны соны сипат, соны қасиеттермен байытты. Оны осы заманғы қоғам тану мен дүниетанудың алдында тұрған өрелі ізденістермен ұтымды байланыстыра білді. Ұлғазаттық қозғалысы қазіргі дүниедегі ең басты революцияшыл сипаттың біріне айналған тұста бір кезде ұлттық езгі мен отаршылдықтан, экономикалық саяси теңсіздіктен әбден титықтаған қазақ жұртының мешеу шет аймақтан мәдениеті мен экономикасы бірдей кемел өркендеген іргелі елге айналу жолында талпынған тауқыметті тәжірибесі орасан зор халықаралық саяси маңызға ие боп отыр.

Жазушы мұндай өрелі әлеуметтік құбылысты саяси тәуелділік пен рухани теңсіздіктен, экономикалық мешеуліктен ақиық болған қыр кедейінің күрескер намысқа ие болу диалектикасын егжей-тегжейлі ашу арқылы көрсетуді мақсұт тұтты. Бұл өте жемісті жол.

Адамзат қоғамының кей бөлігінде тұтынушы психологияның, саяси енжарлықтың, моральдық азғындаудың, мұратсыздық пен үмітсіздіктің, сарыуайымның, адамға деген өшпенділік пен байлыққа деген ашкөз құштарлықтың әралуан әзәзіл уы әбден жайлап, рухани эрозия кеңінен етек алған тұста қазақ романисті өз халқының тарихындағы ең бір шешуші кезең болған тұс турасындағы кең тынысты эпикалық шығармасында қоғам тарихы мен адам тағдырын, халықтық шындық пен характер шындығын, әлеуметтік талдау мен психологизмді жігі ажырамас, жұбы жазылмас органикалық бірлікте қарастырады.

Ә. Нұрпейісов те әлем әдебиетінде халықтық эпостың өзекті дәстүрлеріне мұрагерлік ете отырып жаңа сипатты монументальдық прозаның озық өнегесін танытқан Михаил Шолохов пен Мұхтар Әуезов үрдісінше, эпостың, кесек эпикалық реалистік шығарманың өзегін оқиға емес, адам тағдыры құрайды деп түсінеді. Ол эпикалық

кейіпкердің диапазоны оның белгілі бір әлеуметтік оқиғалар тұсында қандай шешуші қызмет атқарғандығымен емес, сол күрделі әлеуметтік оқиғалардың шытырман шындығын өз бойына қаншалықты мол, қаншалықты терең сіңіре алғандығымен өлшенеді деп ұғады. Мұндай өз дәуіріндегі ең басты әлеуметтік оқиғаның барша күрделі шындығын өз басына мейлінше мол, мейлінше терең сіңіре алған кейіпкердің жеке өмірі көркем шығармада белгілі тарихи оқиғаның қат-қабат астарын мейлінше дәл, мейлінше терең, мейлінше жан-жақты қамтуға қолайлы ең бір ұрымтал призмаға айналады.

Сондықтан да Ә. Нұрпейісов өз трилогиясын оқиғаның өрбу логикасына құрмай, өз кейіпкерінің сол тарихи оқиғаны түсіну, түйсігу логикасына құрған. Роман оқиғасы үш кісінің басындағы жәй әншейін пенделік араздықтан басталады да, кереметтей әлеуметтік сілкіністер тұсы болған екі ғасыр тоғысында барша пердесінен айырылған әлеуметтік қайшылықтардың қан-қасап шайқастарына қарай бет түзейді. Бұрын бай ауылының ерке шорасының көзіне іліккен сұлу қыз әке қалауымен жарлы балықшыға күйеуге шықты, бірақ бұрынғы нақ сүйерінен күдер үзген жоқ. Кез келген жұмыр басты пенденің басында бола беретін осы бір күйкі хәл тек роман оқиғасын барынша шиыршық атқызатын өткір драматизмге ғана емес, тапқа жіктеліп, екі пышақ болып отырған алауыз қоғамның барша әлеуметтік, рухани саяси кескінін жан-жақты зерттеп, жан-жақты талдап, терең ашып беруге жағдай жасайды.

Жүздеген кейіпкерлер басында, ондаған географиялық пункттерде өтетін саналуан оқиғалардан түзілетін осы романдағы жұмылған жұдырықтай жұмыр тұтастықты қамтамасыз етіп тұрған да әдебиеттің көне канондарында жіктеп көрсетілетін оқиға бірлігі, мекен бірлігі емес, осы заманғы реализмге тән қайда көз салса да жеріне жеткізе талдамай, тынбайтын, жекелеген фактілердің арасындағы, жалқы мен жалпының арасындағы, қарама қайшылықтардың арасындағы диалектикалық бірлікті тапжылтпай танып, тәптіштеп көрсететін зерттеуші пафос.

Реалист суреткер Ә. Нұрпейісов бір ошақтың басында көзге түспей қордаланып жатқан кішкене бітеу жарадан бүкіл бір халықтың басындағы үлкен әлеуметтік келеңсіздіктерге соқпақ өрбітеді. Жәбір көргеннің де, жәбірленушінің де рухани дүниесіндегі әрбір болмашы

дірілді қалт жібермей бағып, кішкене дүрдараздықтың үлкен күреске ұласар диалектикасын асқан қырағылықпен, мол сабырмен асықпай зерттейді. Жазушы жетегіне ерген оқушы да тек бір кісінің тағдырымен жете танысып қоймай, бүкіл бір кезеңнің шындығына ақи-тақи қанығады.

новостроящийся поселок Таушик и стали работать на шахте. Но вскоре грянула война, и отец ушел на фронт. Вчерашний кочевник-скотовод, еще не успевший как следует освоить «азы» абсолютно новой для него шахтерской профессии, погиб под Сталинградом. А его сыну, только-только начавшему самостоятельно делать первые шаги по земле, пришлось пережить бесчеловеческий акт изощренной военной мысли XX века. Смертоносное дыхание войны дошло и до нашего скромного поселка, затерявшегося среди пустыни. В туманное ноябрьское утро 1942 года, как раз во время празднования очередной годовщины Октябрьской революции, прорвавшийся к восточным берегам Каспийского моря фашистский самолет подверг его бомбежке. Одна из бомб упала рядом с нашим домом. До сих пор стоит в моих ушах оглушительный грохот взрыва, звон разбитых вдребезги оконных стекол, душераздирающие крики людей, потрясенных невиданным дотоле ужасом.

Таким образом, на перекрестке не только старинных караванных дорог их разных концов света, но и различных эпох, кровопролития и мирного труда прошло мое суровое детство. Первые слова, которые мы научились говорить, хотя родились в юрте, были не названиями трав или животных, а трудно-произносимыми наименованиями машин и боевых орудий: пулемет, самолет, автомат, бомба, автомобиль.

Отживающее свой век старое и только-только вступающее в жизнь новое — все это очень тесно переплеталось во всем, что я видел вокруг себя. Поселок, где я рос, со всех сторон был окружен терриконами угледобывающих шахт и курганами, скрывающими под собой тайны минувших столетий. Сельская школа, где я учился, соседствовала со старинными кладбищем, вобравшим в себя разностильные надгробные памятники почти всех обитавших в разное время на Мангышлаке племен — каспиев, сарматов, аланов, гузов, ногайцев, калмыков, туркменов, казахов.

На всем этом лежит отпечаток сложного, своеобразного пути моего народа, смело шагнувшего от извечного патриархального бытия к современности, от эры номадства — кочевничества в эру научно-технической революции. В течение буквально двух пятилеток мой родной край из безводного захолустья превратился в регион новейших отраслей индустрии.

Ошеломляющая бурная динамика социальных и экономических преобразований в степи ничуть не приглушила память народа, а наоборот обострила его интерес к прошлому, и своему месту в мировой исторической практике и духовном космосе человечества. Активное участие в строительстве новой жизни интенсифицировало и национальное самосознание казахов. За годы текущего столетия они не только о других народах мира, но и самих себя узнали больше, чем за все предыдущие столетия их существования на свете.

Сегодняшний день максимально стимулировал потребность ранее угнетенного народа в самопознании и самовыражении. Огромная роль в этом принадлежит, естественно, национальной литературе, как самому надежному и испытанному инструменту проникновения в глубинные пласты народной жизни в прошлом и настоящем. Казахская литература, родившаяся как летописец нового бытия казахов, никогда не была равнодушной к истории своего народа, освоению его многовекового духовного опыта. Ярким свидетельством этого может служить общепланетарный успех казахских романов-эпопей «Путь Абая» лауреата Ленинской премии Мухтара Ауэзова и «Кровь и пот» лауреата Государственной премии СССР Абдижамиля Нурпейсова.

В последние десятилетия эта казахская литература приобрела новый, еще более широкий размах. Интересно, что в этом направлении активнее всего работает литераторы моего поколения. Это — поэты Олжас Сулейменов, Кадыр Мырзалиев, Фариза Унгарсынова, прозаики Ануар Алимжанов, Сатимжан Санбаев, Дукенбай Досжанов и другие.

Видимо, это связано с тем, что история как бы сама вклинилась в их судьбу, что у них на глазах происходили события, оставившие неизгладимый след не только в их душе, но и в мировой истории. Все они представляют поколение «детей войны», духовный багаж которого был сформирован суровой правдой военных и послевоенных лет.

Это поколение успело застать извечный партиархальный быт степняков, ныне безвозвратно канувший в прошлое. Это они еще младенцами дремали на боку вьючных верблюдов в походных люльках-кебеже во время многодневных кочевок от зимовки к летовке и обратно. Это они бегали босиком по горячему, как зола песку сте-

пи, радуясь первым капелькам дождей. Это их, еще не достигших шести лет, самостоятельно сажали на только что объезженных стригунков-двухлеток, заставляли сторожить со своими сверстниками отары ягнят, рассказывая у ночного костра друг другу порою ужасающе жуткие, но невероятно захватывающие сказки и легенды, услышанные от старших. Это их, когда им исполнялось семь лет в обязательном порядке приводили к месту, где они родились, и велели семь раз прикоснуться обнаженной спиной к земле, чтобы на всю жизнь запомнить ее тепло и, куда бы потом ни забросила судьба, в любое время уметь найти туда дорогу.

Это они, чуть повзрослев, бегали за тракторами, проложившими первые борозды на целине. Это они сразу со школьной скамьи отправились строить казахстанскую Магнитку или осваивать неисчерпаемые минеральные богатства Мангышлака.

Словом, их биография полнее и четче, чем биография других поколений казахов, отражает диалектическую метаморфозу в жизни и быте своего народа, все изменения, происходящие в родной степи, ставшей ныне ареной глобальной интернационализации производства, интенсификации всесторонних межнациональных контактов.

Смелее, чем их предшественники, стали они овладевать новыми профессиями, активно вторгаться во все области человеческой жизнедеятельности.

Искреннюю признательность и восхищение вызвал у них поистине подвижнический труд демократов-просветителей во главе с Чоканом Валихановым, Абаем Кунанбаевым, Ибраем Алтынсариним, а также представителей старшего поколения казахской интеллигенции, столь много сделавших в короткие сроки для активизации интереса своего народа к достижениям мировой цивилизации, постижения им своего реального места и потенциальных возможностей в историческом и духовном творчестве человечества. Вместе с тем, они ясно сознавали и то, что именно им, живущим и творящим в условиях все возрастающей культурной и духовной коммуникабельности народов, придется еще более целеустремленно и последовательно работать для приумножения успехов.

Это обусловлено не только ростом национального самосознания ранее угнетенных народов, являющимся самим по себе выдающимся достижением нашей эпохи, но и объективным фактором все нарастающей социализа-

ции личности, приобретшей широкий простор для своей самореализации и самовыражения. Динамика духовного и социального развития человека, гигантский масштаб и огромное общественное значение его деятельности укрепляют в нем уверенность в непосредственной причастности к историческому созиданию своего времени, усиливают его историческое сознание, заключающееся в твердом убеждении, что он является не только объектом, но и главным субъектом, грандиозных преобразований, происходящих на земле.

История — одна из главных черт мировоззрения и мироощущения современного человека, ежедневно и ежеминутно наглядно удостоверяющего в общественной значимости своего труда и творческих дерзаний. Он придает его бытию осмысленность, повышает заинтересованность в улучшении и усовершенствовании окружающей социальной и экологической среды, личную ответственность не только за свои поступки, но и за деяния своего общества и эпохи.

Историческая наполненность духовной жизни наших дней находит свое воплощение и в нашей литературе. Именно этим я объясняю все усиливающийся интерес казахской литературы к многострадальному пути народа к настоящему, глубокий историзм произведений, написанных не только на историческую, но и на самую актуальную тему современности.

Казахские писатели расширили диапазон свои поисков в исторической тематике, добились жанрового стилового разнообразия, осваивают новые формы и методы отображения событий далекого прошлого, раскрытия его непрерывающейся связи с современностью. В этих целях они скурпулезно изучают архивные документы, отечественные и зарубежные историографические источники, материалы этнографических и археологических исследований. На мой взгляд, к эффективным путям познания прошлого можно отнести и новое критическое осмысление фольклора, особенно героического эпоса и легенд. Оно вдвойне важно для нас, казахских писателей, имеющих под рукой совсем мизерное количество архивных документов и материальных памятников об историческом пути своего народа.

Давно всем известно, что фольклор — концентрированное выражение всего того, что народом пережито, перечувствовано и усвоено за время его существования

на земле. И нам, сегодняшним, важно очень тщательно изучить это богатое сокровище, рачительно использовать содержащиеся в нем исторические мотивы, уметь по их не броским крупицам зримо воскрешать далекое прошлое, преследовать длинный и мучительный путь народа к сегодняшнему дню. Проникновенным глазом современного социально умудренного человека обстоятельно разбираться в фольклоре, точно определять, что в нем от мира и что — от исторической правды, что — от наивного сознания древних и что — от конкретного опыта, извлеченного ими из сложной, не до конца понятной для них, действительности своего времени, верно уловить тончайшую нить, связывающую столь отдаленные друг от друга эпохи — дело не из легких, но увлекательное и сверхнужное.

Человечество делается могучим, твердо уверенным в своем завтра при максимально полном и глубоком познании окружающей материальной и духовной среды. Поэтому и в освоении духовного космоса человечества, мы должны с каждым днем больше сокращать количество «белых пятен и «неизведанных галактик». До вчерашнего дня целый ряд народов, испокон веков населяющих нашу планету, для многих продолжал оставаться «вещью в себе». Среди них был и наш казахский народ. Из-за серьезных пробелов в изучении истории и культуры отдельных народов в реакционной идеологии расплодились мифы о бездуховности их, абсолютной противоположности им самостоятельного национального развития и исторического творчества. Она свела к нулю их вклад в материальную и духовную культуру, отказала им не только в исторической перспективе, но и в прошлом. Именно на такой «научной основе» разрабатывались и разрабатываются всякого рода геополитические доктрины буржуазного и «не буржуазного» происхождения. Поэтому для нас, сегодняшнего поколения казахских литераторов, имеющих как никогда широкий доступ к различным источникам о прошлом народа, наиболее полное и основательное изучение своей истории, приобщение многовекового духовного опыта казахов к духовному богатству всего человечества является не только патриотическим, но и интернациональным долгом.

Это продиктовано не стремлением к показу исключительности или же былого могущества своего народа, а его причастностью к духовным поискам и исторической

судьбе всего человеческого рода, глубоких корней и объективной закономерности его сегодняшнего восхождения к высотам социального и культурного прогресса.

Именно такое побуждение привело меня к исторической прозе. Когда я слушаю ту или иную легенду, рожденную в моем крае, где как нигде ярко бросаются в глаза сложная и пестрая картина прошлого, следы смены времени и народов, взаимопроникновения самых противоположных культур, где целыми столетиями яростно бились разноязыкие племена, где извечно бушевала вольница, где почти во все века царила бунтарская стихия, каждый раз поражаюсь абсолютному отсутствию в этих легендах хотя бы малозаметных элементов этнической ограниченности, чаще всего выражающейся в кичливости своими былыми победами, маниакальной восторженностью по поводу опустошительных набегов на других. Наоборот, своего слушателя они всегда настраивают на серьезное размышление о непреходящих ценностях человеческого бытия — мире, дружбе, взаимопонимания между людьми и народами, нравственных критериях человеческого счастья, моральной справедливости человеческих поступков.

Легенды моего народа как продукт его исторического сознания красноречиво свидетельствуют о его жизнестойкости, очевидной несостоятельности расистских, шовинистических концепций, о том, что духовное творчество народов никогда не прекращается, несмотря на разные превратности в их политической судьбе.

Они, эти легенды, глубоко убеждают в том, что главным содержанием любой национальной истории и культуры является не его узкоэтнические устремления, а борьба за справедливое переустройство человеческого мира, за облагораживание человеческих сердец.

В том и заключается неделимость истории и культуры всего человечества.

Поэтому современные художники в круг творческих интересов наряду с осмыслением сложной действительности своего времени включают и активное освоение не менее поучительного опыта прошлого.

И я твердо уверен в том, что еще немалую пользу из уроков близкого и далекого прошлого может извлечь наше нынешнее поколение.

1979 год.

ӨМІР. ТАЛАНТ. ШЫҒАРМА

Кемелділік... Осы жалғыз ауыз сөз қазіргі дауымыздың ең басты мұратына айналып отыр. Мұндай тұста экономикалық, әлеуметтік, рухани прогрестердің қай-қайсысынан да, ең алдымен, биік сапа, тыңғылықты нәтиже талап етілері айтпаса да түсінікті. Әлгіндей өскелең өмір талабын ойдағыдай жүзеге осыруда қоғамдық өндірістің бар саласында да аянбай тер төккен қажырлы еңбек, ыждаһатты ізденіспен бірге қай құбылыстың да күрделі табиғатын қара дүрсін түсінбей, қапысыз зерттеп, түбегейлі тани білудің маңызы орасан зор. Бұл, әсіресе, халқымыздың ең қымбат дәулеті — рухани қазынасын байытуға тікелей қатысы бар әдебиет пен өнерде айрықша қажет. Өйткені, дүние ұғымнан тек дүмбілез нәтиже ғана өркендемекші.

Реалистік эстетика көркем творчестводағы сапа категориясын шығармадағы адамдардың жан-дүниесін жаңғыртып жасандыра алатын, рухани кемелділіктің шырқау биіктеріне бастай алатын өмір танытқыштық, қоғам танытқыштық, адам танытқыштық әсер-ықпалына саяды. Көркем туынды ондай құдіретке тек, жеке дара алып қарағандағы, түрлік мінсіздігімен де, тақырыптық зәрулігімен де, идеялық байыптылығымен де емес, солардың қамшының өріміндей қиыннан қиюласып табысатын терең үйлесімімен ғана ие бола алмақшы.

Ендеше, біз қай шығарманың қауым үшін қаншалықты құнды екендігін анықтағанда, алдымен оның иланымдық мәніне назар аударамыз. Шығарманың идеялық құндылығы бүгінгі көркем творчествоның күре тамыры қағидаларына айналып отырған шыншылдық пен халықтық сипаттарды өз бойына қаншалықты терең дарыта алғандығымен өлшенбекші. Ал белгілі бір шығарманың,

не белгілі бір суреткер творчествосының әлгіндей асқаралы әлеуметтік сипаттарды өз бойына қаншалықты дарыта білгендігі тек тақырыптық зәрулігін, идеялық бағытын анықтаумен ғана шектелмей, оның күллі рухани, әлеуметтік, эстетикалық құбылыс ретіндегі тұтас болмысын түгел қамтып жан-жақты қарастырғанда ғана айқын көрінбекші. Өйткені, идеялылық, халықтық пен шыншылдық осы заманғы кейбір эстетиктер айтып жүргендей, әдебиет пен өнерге саясат күштеп таңып отырған жапсырма сипаттар емес, көркем творчествосының әлеуметтік табиғатынан туындайтын объективті заңдылық. Объективті таным теориясы, қандай да болмасын, өмірлік құбылыс суреткердің әрі әлеуметтік, әрі биологиялық жеке дара құбылыс ретіндегі субъективті болмысының елегінен өтіп барып эстетикалық құбылысқа — көркем бейнеге, көркем шығармаға айналады деп үйретеді. Демек, көркем өнердің қай проблемасы да идеялылықты, халықтық пен өміршендікті әдеби процесті тудырушы сыртқы әлеуметтік күш — адамзат қоғамы мен ішкі рухани күш — суреткер таланты арасындағы тығыз байланысқа, өзара тәуелділік пен өзара ықпалдастыққа, оларды эстетикалық нәтижеге айналдыратын творчестволық процестің психологиясына жалғастыра өзектестіре қарастыруға міндеттіміз. Бұл ретте көркем творчество табиғатының әлеуметтік те, психологиялық та астарларын аттап өте алмаймыз. Олай болатын себебі, өмірлік шындық тек суреткер көзімен ғана көрініп, суреткер көңілі арқылы ғана сыр шертпекші. Өмірлік шындық тек суреткер талантының арқасында ғана көркем шындыққа айнала алады. Қандай салихалы әлеуметтік шындық болмасын салихалы суреткерлік талантқа тап болғанда ғана салауатты эстетикалық құбылысқа, толық қанды көркем шығармаға айналмақшы. Осы кез-келген жұмыр басты пенде білетін аксиоманың өзі-ақ көркем өнердің әлеуметтік табиғатының объективті сипаттарын айқындауда талант даралығы, суреткердің өзіндік ерекшелігі өлшеусіз зор қызмет атқаратын аса маңызды категория екендігін байқатқандай. Ендеше осынау заңдылықтың, өмір мен суреткер, өмір мен шығарма, дәлірек айтқанда, өмір-суреткер-шығарма арасындағы байланыс пен бірліктің күрделі механизмін ұғынбай тұрып, шын талантты шығарма тудыру да, шын талантты шығарманы тану да еш мүмкін емес... Ең бір қасиетті қағидалар, келелі әлеуметтік шындықтан көзі әбден жетпей тұрып-ақ бас изей салатын жәрәкімалла қошаметті емес, қаның мен

жаныңды тулатқан шын тебіреніс, шын толғанысты талап етеді. Онсыз небір керемет ой шын көркем образға, көркем шындыққа айнала алмай, сылдыраған ғұмырсыз құрғақ сөздің кебін киеді. Шын шығарма мен халтураның, шын актуальдылық пен конъюктураның, шын суреткер мен дүмбілез кәсіпқойдың ара жігі осы арадан бөлінеді. Егер біз осы актуальды ақиқатты әлгінде ғана өзіміз сөз еткен өмір-суреткер-шығарма кескіндемесін салар болсақ, келеді өмірлік шындық қай құбылысқа да өзіндік көзқарасы, өзіндік пікірі бар кемел ой иесі тұрлаулы талантқа тап болғанда ғана келелі әлеуметтік ақиқатқа, көркем шындыққа, көркем шығармаға айналады да, ал ондай биік сипаттардан атымен ада тоғышар ой стереотиптік көзқарастан туған дайын қағидаларды сол қалпында шикілі-пісілі долбарлай салар халтураны ғана өрбітеді. Бірінші жолғы творчестволық прогресті: өмірлік шындық — өресі биік дүниетанымнан туындайтын терең иланым шынайы шығарма деп кескіндейтін болсақ, екінші жолғы амал-әрекетті: өмірлік шындық — қасаң қағидалардың бас ауыртпай, жүрек тебірентпей оңай қабылданып, оңай ұмытылар дайын клишелері — суррогат шығарма деп кескіндегеніміз орынды шығар. Осы екі кескіндемеге зер салып қараған кісі бір бастау, бір мақсаттан бір-бірінен аспан мен жердей алшақ екі түрлі нәтиже туындап тұрғанын оп-оңай аңғарар еді. Оның сыры неде? Өмірлік шындықты бірінші жолы шынайы көркем шығармаға, екінші жолы өлермендіктен туған өлексе шығармасымаққа айналдырып тұрған ортаңғы буындай бунақта не сиқыр бар? Сол ортаңғы бунақта кескінделген әуелі белгілі бір өмірлік шындықты өзінің дүниесін тебіренткен әлеуметтік ақиқатқа терең иланымға, одан оны өзгелерді де толғандыра, тебіренте алар құдіретті көркем шындыққа айналдырып тұрған соншалықты жұмбақ, соншалықты күрделі рухани прогрестер механизмнің бүгінгі әдебиет теориясы мойындаған атақайдары қандай? Біздіңше, бұл құбылыс маңызы мен қызметі жағынан жалпы әдебиет үшін көркемдік әдіске келетін сияқты. Көркемдік әдісте өмірлік шындық, белгілі бір қоғамның белгілі бір дәуірдегі дүние танымы мен көркем творчествосының спецификалық ерекшеліктері тоғысса, дәл сол құбылыстың белгілі бір суреткерге тән көрінісіне әлгі сипаттардың үстіне сол күрделі рухани процесті эстетикалық нақты нәтижеге жеткізетін суреткердің әлеуметтік-биологиялық құбылыс ретіндегі

өзіндік ерекшеліктері, содан өрбитін өзіндік творчестволық мүмкіндіктерінің мөлшері мен сипаттары қосылмақшы. Сонда бұл құбылыстың — өмірлік шындықты көркем шындыққа айналдырудың мұншалықты күрделі механизмінің жеке суреткердің өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік мүмкіндіктері арнасындағы жеке-даралық көрінісін қалай ұққанымыз, қалай атағанымыз мақұл.

Біздіңше, әдебиет қауымында көптен бері талқыға, таласқа түсіп келе жатан стиль жөніндегі әңгіме, міне, осы арадан бас алғаны жөн сияқты.

Стиль... Бұл термин төңірегінде әдебиеттің әлеуметтік төркінін мойындамайтын субъектившіл теоретиктердің сан алуан қисындарын былай қойғанда, объективті зерттеушілердің өзі белгілі бір тыңғылықты тұжырымға келе алмай жүр. Оған кейінгі жылдары бой көрсеткен мына төмендегі айқыш-ұйқыш пікірлер жеткілікті дәлел бола алатындай.

А. ГРИГОРЬЯН: «Стиль әдіске де, дүние танымға да, суреткердің жеке басы мен жазу машығына да, өз дәуірі жөніндегі ұғымы мен өз творчествосының ұлттық сипатына да бірдей қатысты... Стиль — әлгі категориялардың кемел тұтастығы».

Я. ЭЛЬСБЕРГ: «Стиль — көркем түр доминанты, оның ұйымдастырушылық ықпалы».

В. КОВАЛЕВ: «Стиль дегеніміз — түр мен мазмұн».

В. ДНЕПРОВ: «Стиль — көркем мазмұнның тұтастығын танытатын түрлік байланыс».

П. ПАЛИЕВСКИЙ: «Стиль — көркемдік әдістің көзге көрініп тұратын сыртқы қабығы».

Р. ЭЛЬЯШЕВИЧ: «Стиль — мазмұнды түрге айналдыратын басты заңдылықтар».

А. П. СОКОЛОВ: «Стиль — көркем түрдің компоненті емес, сол компоненттердің бір-біріне қатынасы».

Б. ХРАПЧЕНКО: «Стильді көркем бейнелер арқылы игерілген өмірлік шындықты жеткізудің амалы, оқушыны әсерлендіру мен иландырудың жолы деп түсінген жөн... Әдісті мазмұнмен теңестіруге болмайтыны сияқты көркем бейне арқылы игерілген өмірлік шындықты жеткізудің, идеялық, эмоциялық ықпал етудің амалы ретінде қарастырылатын стильді де шығарманың түрімен шатастыруға болмайды».

«ҚЫСҚАША ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СӨЗДІК»:

«Стиль — бейнелеу жүйесінің, көркемдік шеберлік құралдары мен тәсілдерінің идеялық-эстетикалық және тарихи-қоғамдық мазмұнға тікелей тәуелді тарихи қалыптасқан тұрақты жиынтығы... Мұндай бірлік белгілі бір творчестволық әдіс негізінде жүзеге асады. Қоғамдағы түбірлі өзгерістерден туындайтын жаңа стиль көркемдік түр мен идеялық мазмұн арасындағы өзектестіктің сипатында елеулі жаңалықтар бой көрсеткенде ғана пайда болады».

«ҚЫСҚАША ӘДЕБИ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ»:

«Стиль — (латынның (стилиус) жазуға арған үшкірлеп ұштаған таяқша деген сөзінен шыққан) жазу машығы, баяндау тәсілі, көркем шығарманың жалпы әуені мен бояу әлемі, образдың көркемдік құрылымыны әдісі; демек, суреткер дүние танымының творчестволық процестің қорытындылау кезеңінде көркемдік түрдің барлық басты сипаттарын көзбен көріп, қолмен ұстатқандай нықтылы, жиынтық бірлігіне айналған көрініс. Осынау шартты анықтама өткен замандағы көркемдік кезеңдердің жиынтық үлгісі «үлкен стильдерге» де (канондарға да), ұлттық стильге де, жаңа заман суреткерлерінің жекедаралық стиліне де, даралық сипаттардан атымен ада әр алуан бағыттар мен ағымдар стиліне де бірдей сәйкес келеді. Көркем бейнеге айналатын сыртқы материалы көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін тек тым жалпылама, тым шартты ұғымдық сипатта болғандықтан, көркем әдебиеттегі стиль категориясы оншалықты айқын емес және оны көркем бейненің ішкі мазмұнынан ажыратып алу өте қиынға түседі».

Осы келтірілген үзінділерден көрініп тұрғандай, ғалымдарымыз тек «стиль» деген терминді қалай түсіндіруде ғана емес, бұл төңіректе айтылып жүрген әр қилы пікірлердің арасындағы айырмашылықтар мен қайшылықтарды саралап беруде әлі бір жүйеге келе алмапты.

Егер «Қысқаша әдеби энциклопедия» бұл мәселе төңірегіндегі пікірлерді біреулердің стиль деп көркем бейненің жеке дара алып қарағандағы әсерлігін (Б. Крон эстетикасы), екінші біреулердің көркем шығарманың лингвистикалық стилистика тұрғысынан зерттелуге тиісті тілдік негізін (Ш. Белли, Л. Шпитцер), үшінші біреулердің

шығармадағы сөздердің «орынды», «ұнамды», «жүйелі» қолданылуын ғана түсінетіндігіне сайып, үш топқа жіктесе, әдебиет зерттеушісі В. Кожинов «Әдеби стильдердің алмасуы» атты кітапқа жазған кіріспесінде атымен басқаша тұжырым ұсынады. Ол стиль жөнінде бүгінгі таңда, негізінен, үш концепция орын алып отыр деп ұғады:

1. Стильдің лингвистикалық мағынасы мен әдебиеттанудағы мағынасының ара жігін айқын ажырата алмау салдарынан етек алып келе жатқан стильді тек әдеби шығарманың сөздік, тілдік төңірегінен іздеу сарыны:

2. Көркемдік тілді формалистік тұрғыдан түсіну салдарынан етек алып келе жатқан стильді тек түрге ғана емес мазмұнға да тікелей байланысы бар категория, немесе мазмұн мен түрдің бірлігін білдіретін категория деп қарастыру сарыны.

3. В. Кожиновтың өз концепциясы: стильдің түр мен мазмұнының тұтастығы мен бірлігіне ешқандай қатынасы жоқ, ол тек көркем түрге ғана категория. Стиль тек тілдік құрылымды ғана емес, көркем түрдің композиция, ырғақ, сюжет, бейнелік сынды барлық компоненттердің бәрінен де өз көрінісін табады.

Стильді түсіндірудегі жаңсақтықтар жайында басқа авторлардың да талай-талай пікірлері бар, бірақ олар да, түптеп келгенде, осы В. Кожинов классификациясымен үндеседі.

Әдеби тіршілікте құлақ сіңісті болып алған бірінші қағида — стильді суреткердің бейнелеу құралдарын қолданудағы тек өзіне тән ерекшелігі, өзіндік қолтаңбасы (почерк) деп ұғыну. Кез келген салихалы суреткердің мен мұңдалап тұрар өз қолтаңбасы болатынын ешкім жоққа шығармайды. Ондай айқын қолтаңба тиек азаматтық ой ауқымы кең, мәдени өресі биік тұрлаулы таланттарда ғана ұшырасатыны және даусыз. Олардың әлгіндей сөз қолданысында, тіл үйірімінде басқа ешкімге де ұқсамайтын тек өздеріне ғана тән даралық ерекшеліктерімен бізге өмір сүріп отырған дәуірінің талғам-талабы, зәуірі мен зауқы — рухани дидары айқын сезіліп тұратынына да ешкімнің таласы жоқ. Алайда, бәрібір суреткердің өзіндік қолтаңбасын оның стилімен барабар ұғым дей алмаймыз. Қолтаңба стильдің белгілі бір элементі болғанмен, оған тән барлық сипат, барлық қасиетті түгел қамти алмайды. Өйткені, суреткердің өмірден алған өз әсерлерін жеткізіп, беретін өзіндік тіл құралдары оның өмірді танып, оны көркем бейнеге айналдыратын күрделі творчестволық қызметінің даралық сипатын түгел қамти алмайды.

Жарайды, солай-ақ болсын. Сильдік тілде, тек «өзіндік қолтаңба» да болмай-ақ қойсын. Бірақ, сонда да, бәлкім, белгілі бір шығарманың барша түрлік сипаттамасының тұтас жиынтығы шығар. Әдебиетшілердің көбінің көмейі осыны ыңғайлайды.

Шынында да, солай ма екен... Әдетте ғой, стиль дегенге көбіне-көп белгілі бір жазушының творчествосында белгілі бір элементтердің көбірек қайталанып, көбірек ұшырасып отыратындығын ұғамыз. Сильдік түрлік қана құбылыс деп санайтындар да көбіне-көп оның осы мінезін тілге тиек етеді. Мұндай құбылыс, ең алдымен, автордың сөздік қорынан байқалады. Мәселен, ағылшын лингвистері Дж. Джойстің «Улисс» романын осы тұрғыдан зерттегенде мынандай жағдайды анықтаған. Роман 260 мың сөзден тұрады екен. Ондай орасан көлем бар болғаны 30 мыңдай ғана сөздің әлденеше рет қайталануынан түзеліпті. Бар болғаны бір мың ғана сөз (жалпы лексиконның 3 проценттейі) шығарма көлемінің 80 процентін иеленіпті. Ол сөздердің әрқайсысы ең кемі екі жүз реттен қайталаныпты. Романның сөздік қорының 55 проценті (16.432 сөз) бар болғаны бір-ақ реттен қайталанатын сөздердің бәрін қосып есептегенде, олар сөздік қордың 86 процентін қамтығанмен кітап көлемінің 14 процентін зорға ұстайды екен. Әр тілдегі әр алуан автор жазған кітаптарды әлгіндей лингвистикалық тұрғыдан талдап көргенде, бәрінде де осы шамалас жағдай байқалған. Сонымен әрбір прозалық шығарманың көлемінің бестен төртін жұрттың бәрі дерлік қолданатын бір мыңнан асар-аспас сөз алады екен. Белгілі бір авторлардың шығармаларының интонациялық құрылымын зерттегенде де тап осындай жағдайға тап болады екенбіз.

Чеховқа тән өте дәл, өте мәнді оның үстіне көзіңе көрініп тұратындай бейнелі де бедерлі тілді Достоевскийдің кейіпердің портреті мен пейзаждың өзін атүсті жүгіртіп өтетін, бірақ адам жанының иіріміне үңілгенде, онда болып жатқан құбылыстардың жәй-жапсарын тәптештеген соншалықты байыпты, соншалықты дәйекті тілмен шатастыра алмайсыз. Сол сияқты ол Лев Толстойдың баяндауында пікірдің байыптылығы мен дәлелдігіне мейлінше баса көңіл бөліп ұзақ-ұзақ лирикалық шегіністерге, ең бір ұсақ детальдерге дейін қағыс қалдырмайтын егжей-тегжейлі суреттеулерге, ұғымға ауыр олпы-солпы сөйлемдерге ұрынып отыратын оны бірақ ешқандай айып, санамайтын соншалықты күрделі құдіретті тіліне де ұқсамай-

ды. Чехов өзімен қырық қайнаса сорпасы қосылмайтын Леонид Андреевтің тіліндегі қитұрқылықтан да, дүние түйсінуі жағынан етене жақын Иван Бунин тіліндегі тым кербездік пен тым сұлулықтан да бойын бірдей аулақ ұстаған.

Белгілі бір элементтердің жиі қайталанып отыруы тек сөз қолдануда ғана емес, кейіптеме жасауда да, кейіперлердің қимыл-әрекетін, оқиға болып жатқан мекенді суреттеуде де кездеседі. Егер Толстой нені суреттесін мейлі, әр қырынан үңілуді, байыптылықты ұнатса, Чехов белгілі бір өмірлік мазмұнды неғұрлым терең ашатын нақты детальге баса көңіл бөледі.

Мұндай қасиет шығарма архитектурасынан да байқалады. Жазушылар, тіпті бейнелеу технологиясының белгілі бір әдістері мен амалдарын бірдей пайдаланып отырып та бірін-бірі қайталамайды. Өзгенің стилін сол қалпында өзгертпей қайталау шынайы көркем творчествоға жат құбылыс. Осы заманғы прозада ішкі монолог, психологиялық талдаудың адам санасының белгілі бір ахуал тұсындағы қызметін сол қалпында жеткізуге тырысатын «сана ағымы» деп аталатын әдісі, композициядағы монтаждық тәсіл, баяндауды бірнеше адамның атынан қосарландыра пайдалану, кейіпкерлердің, баяндаушының, автордың сөйлеу интонациясын түрлендіре құбылту қай жазушыдан да кездеседі. Бірақ, одан қазіргі проза бәрі бір кісінің қолынан, бір қалыптан шыққандай сұрқайланып кетті дей алмайсыз. Қайта оның стильдік әр алуандық пен әсер байлығына мейлінше кең жол ашып, құлпыра түскені даусыз. Мәселен, ішкі монолог пен «сана ағымы» техникасын Л. Толстой да, М. Шолохов та, Э. Хемингуэй де, У. Фолькнер де қолданған. Бірақ, одан аталмыш суреткерлердің даралық сипатына зәредей де нұқсан келіп тұр ма?

Сонау Толстой заманынан бермен қарай монологтық сипатта домпып келе жатқан психологиялық талдау әдісі М. Шолоховтың «Тынық Донында» жартылай диалог, жартылай монолог, дәлірек айтқанда, диалог пен хорға айналған монолог кейпінде кездеседі. Психологиялық талдаудың монологтық формасында, әдетте, аналитикалық сипат басым болса, Шолохов қолданатын нұсқада жеке-леген көңіл әуендері мен сезім иірімдері кейіпкердің сол сәттегі рухани хәлін әр қырынан жан-жақты ашып көрсетуге септігі тиетін синтетикалық сипат басымырақ. Толстойдың «жан диалектикасы» әр адамның ішкі дүниесін

даралап көрсетсе, Шолохов тәсілі бір адамның бір сәткі сезім сергелдеңіне күллі әлемнің «көңіл күйін» түгел сиғызып жібереді. Психологиялық талдаудың мұндай түрі осы заманғы прозада мейлінше кең етек жайып келеді. Хемингуэй прозасында кейіпкердің көңіл күйі үшінші жақпен де, екінші жақпен де баяндалады. Демек, ол әрі кейіпкердің ойы, әрі автордың ойы ретінде әсер етеді. Автордың не баяндаушының ой-өресінің кейіпкердің «ішкі даусымен» бүйтіп ара-жігін ажыратпай жымдасып кетуі осы заманға проза шеберлерінің қай-қайсысына да тән сипатқа айналып барады. Олардың шығармаларын оқып отырып, авторлық баяндаудың кенет кейіпкердің ішкі монологына қалай ауысып кеткенін, қапелімде аңғара да алмай қаласыз.

Қысқасы, стильдің көрер көзге бесенеден белгілі болып тұратын бір нышаны белгілі бір элементтердің қайталанып отыруын көркемдік түрдің қай компонентінен де ұшырастыруға болады. Демек, стильді белгілі бір элементтердің жиі қайталануы деп түсінетін ұғым көркемдік түрдің де біраз заңдылығын қамтиды екен. Стильдің мұндай сипатын дәл байқаған әдебиетшілердің оның қызмет аясын тек көркемдік түрдің көлемімен шектеуге үйір тұратындығы да сондықтан. Стильді бұлай түсіну оны тек тілдік ерекшеліктер төңірегінен көп ұзатпайтын үйреншікті түсінікке қарағанда әлдеқайда кең қарымды екені, шындыққа бір табан жақынырақ тұрғаны даусыз. Өйткені, ол сөз қолдану техникасымен қоса оқушыға әсер етуде аз қызмет атқармайтын композицияны да, типтендіруді де, дараландыруды да, көркемдік арсеналдың өзге элементтерін де қамтиды. Сонымен, әрекет-аясы сөз қолданумен ғана тәмамдалатын «өзіндік қол таңба» деген ұғым стильге тән бір қасиетті білдіргенмен, бар қасиетін қамти алмайды. Ендеше, ол стильдің баламасы бола алмайды.

Алайда, стильдің мағынасын толық түсінуге әлгінде ғана біз әңгіме қылған көзқарас та көзапара тарлық етеді. Әдетте әдеби кітап оқығанда біз оның тіл үйіріміне, автордың өзіндік қол таңбасына, шығарманың көркемдік түріне ғана назар аударып қоймаймыз ғой. Көбіне көп автордың көркем бейнеге, эстетикалық мазмұнға айналған дүниетанымы мен дүние түсінуіне көңіліміз біткенде барып, оның тілдік, түрлік қасиеттеріне үңіле бастаймыз. Өйткені, шығарма тууы үшін суреткер белгілі бір өмірлік шындықтан белгілі бір әсерде қалуы керек, сол әсерін дәл сол

қалпында қалтқысыз жеткізетін көркемдік шындыққа айналдыра алуы керек. Өмірлік шындықты мейлінше терең тану үшін кемел дүниетаным қандай керек болса, оны сол қалпында қалтқысыз жеткізе алуы үшін кемел талант та сондай қажет. Оқушыны ең алдымен суреткердің өмір түсінуіндегі тереңдігі баурап алатындығының, өмірлі шығарманы тек өрелі дүниетаным ғана тудыра алатындығының сыры да осында. Ендеше, белгілі бір суреткердің белгілі бір өмірлік шындықты белгілі бір көркеми шындыққа айналдыра білуіндегі өзіндік ерекшелігін ұғындырытын стиль деген ұғым тек өмірден алған терең әсерін көркемдік шындыққа айналдыра алатын кемел шеберлігімен қоса сол терең әсерді тудыра алған сергек сезімі мен кемел дүние танымын да бірдей қамтитын болса керек. Ендеше, суреткердің өзіндік стилінің төркіні оның өмірге деген өзіндік көзқарасында, өзіндік дүниетанымында жатыр. Ендеше, қандай да суреткер болмасын, оның стильдік даралығын қалыптастыратын басты фактор — өмір мен уақыт болып табылады.

Өйткені, суреткер де — адам. Адам болғанда да кемел азамат. Ал адамның барлық рухани қасиетін, психологтердің айтуынша (К. Платоновтың «Қабілет пен мінез-құлық» атты зерттеуі), мынандай төрт иерархиялық жүйеге сиғызуға болады екен. Мұндағы әр жүйе адамның әлеуметтік қасиеттер мен биологиялық қасиеттерінің бейнелеуге, санаға, мүдделер мен әрекетке байланысты белгілі бір ара-қатынасын белгілейді.

Ең төменгі болып есептелетін төртінші жүйе адамның бірнеше рет қайталанудан — дағдыдан қалыптасатын темперамент, жасы, жанысына байланысты ерекшеліктері мен патологиялық ерекшеліктерінен тұратын таза биологиялық сипаттарын ғана қамтиды.

Үшінші жүйе табиғи қасиеттердің негізінде жаттығу арқылы қалыптасқан түйсінуіне байланысты техникалық процестерден тұратын әлеуметтік сипаттарды қамтиды.

Екінші жүйе оқыту арқылы қалыптасқан білім, ыңғай, қабілет және машықтап тұратын тәжірибені қамтиды.

Ең жоғарғы бірінші жүйе, негізінен тәрбие арқылы қалыптасқан мақсат-мұрат сынды кемел әлеуметтік сипатты қамтиды. Ал, суреткер талантты адамның дағды негізінде жаттығу арқылы. Жаттығу негізінде оқып-үйрену арқылы, оқып-үйрену негізінде тәрбие арқылы қалыптасатын адам қабілетінің атымен жаңа дүние, жаңа құбылыс тудыра алатындай дәрежеге жеткен ең шырқау

биігі болып табылады. Талантты тек тума қасиет қана деп ұғатын сыңаржақ көзқарастың айтулы өкілі, голланд психологы Реветиттің өзі де бұл қабілеттің белгілі бір жағдайда шарықтай дамып, екінші бір жағдайда құлдырай құрып кетуі мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Демек, таланттың бойындағы прогресс пен регресс, ең алдымен әлеуметтік ортаға тәуелді. Ал әлеуметтік ортаның өзгерісін белгілейтін бірден бір фактор — уақыт. Ендеше, суреткерді, ең алдымен, заман туғызады. Шынайы суреткерді белгілі бір стилдік даралықтың иесі деп ұғатын болсақ, стиль сол суреткерді туғызатын уақытқа тәуелді. Уақыттың суреткерге тигізер нақты ықпалынсыз стильдің болуы да еш мүмкін емес. Сонымен суреткердің стиліне оны кемел азамат, биік сана өкілі ретінде сипаттайтын интеллектуальдық, эмоциялық, эстетикалық, рухани қасиеттерінің бәрінің де тікелей қатысы бар. Ендеше, суреткердің жоғарыда атап көрсетілгеніндей адамгершілік сапалары ол жазған шығарманың тек түрлік болмысына ғана өз ықпалын тигізіп, ал мазмұндық болмысына ешқандай әсер етпеуі мүмкін бе? — деген заңды сұрақ туады. Суреткерлік өмірлік болмыспен байланысты, әдетте, екі сатыдан тұрады: әуелі ол болмысты сезініп-түйсігіп қабылдайды, сосын сол өзі қабылдаған өмірлік шындыққа баға береді. Алғашқы сатыда да оның сезім реакциялары белсенді қызмет атқарса, екінші сатысында дүниетанымдық, көзқарастық, идеялық қасиеттері белсене ат салысады. Өмір аңғартқан факт автордың көңіл күйінің елегінен, кемел азамат ретіндегі ақыл-ойының таразысынан өтіп барып, өзінің толыққанды әсерлік кейпіне түседі. Ендеше, жазушының мінез-құлқындағы, өмір жолындағы, әлеуметтік жағдайындағы, ойлауы мен түйсінуіндегі даралық сипаттары оның стилін де қалыптастыратын бастау болып есептеледі. Суреткердің кісілік болмысындағы әлгіндей даралық өзгешеліктер оның адам өмірінің қандай қырына көбірек назар салатынына әсер етіп қоймай, одан қандай әсер алып, оған қандай баға беретініне де шешуші ықпал етеді.

Өнерді өркендететін екі бастаудың бірі — өмірдің өзі болғанда, екіншісі — суреткердің қиял-қабілеті болып табылатындығы да сондықтан. Бірақ, үлкен суреткердің творчестволық өмірінің ең басты генераторы оның дүниетанымдық бітімі, дүниетанымдық болмысы деген ұғымға тек оның ғылыми дүние танымы мен саяси көзқарастары ғана кіріп қоймайды. Жазушы өмірдің шуағы мен көлеңкесіне

сүйене, сүйініші мен ренішіне бірдей енжар қарай алмайтын, екеуіне де ең алдымен назар аударып, екеуіне де бірдей терең тебіренетін сергек сезім, кемел сана иесі. Ендеше, оның дүниетанымын оның көңіл күйінен, жүрегі мен ақылының құмары мен құштарынан бөле жарып қарауға болмайды. Жүрек тебіrentіп барып туған әсері мен ойы оның көңіл күйін белгілесе, сол көңіл күйі ол жазған шығармадан айқын сезіліп тұрмақшы. Ол көңіл күйі суреткер бас ұратын адамгершілік, әлеуметтік қағидалардың дәлме-дәл баламасы болып табылады. Суреткердің көңіл күйі — оның ішкі рухани болмысының айнасы, кейде қарама қайшылыққа толы интеллектуальдық эмоциялық бітімінің күрделі жиынтығының көрінісі. Сондықтан да, жазушының идеялық бітімі — ол мақұлдайтын саяси және қоғамдық идеялардың қарапайым арифметикалық қосындысынан әлдеқайда кең, әлдеқайда күрделі ұғым. Жазушының идеялық бітімі, заман, уақыт, белгілі бір таптың әлеуметтік мүдделері белгілейтін идеялық платформаның жай көшірмесі емес, оның белгілі бір жеке кісінің тағдыры, мінез-құлқы, темперамент, қырық қатпар психологиялық әлеуметтік сипаттарының сан-сапат елегінен сүзіліп өтіп барып қалыптасқан көрінісі. Дүниетанымы, өмірлік көзқарасы жағынан бір-біріне ете-мөте жақын тұрған Вольтер, Дидро, Руссо сынды кесек суреткерлердің стиль жағынан біреуі — Вольтер — ағартушылық классицизмнің, екіншісі — Руссо — ренесанстық реализмнің — әрқайсысы әр түрлі ағым мен бағыттың өкілдері болып шыға келетіндіктері де сондықтан. Сол сияқты, Бальзак пен Толстой творчествосының олардың өздері ұстанған саяси сенімдері мен қоғамдық көзқарастарынан әлдеқайда кең, әлдеқайда демократияшыл, әлдеқайда озық болатындығының да түп себебі осында.

Сөйтіп, көркем бейне идея мен өмірдің өз шындығынан өрбігенмен, әрдайым суреткердің өзіне тән даралық бітімінің қал-қадарында ғана кескінделеді. Сондықтан да ол — әрдайым әлгі суреткердің өзіндік идеясы, өзіндік иланымы болып табылады. Белгілі бір жазушының творчествосында белгілі бір нышандардың үнемі қайталанып отыруының әлеуметтік, психологиялық төркіні де осында жатыр. Ендеше, стильді қалыптастыратын түп бастаудың да қайдан шыққаны белгілі болмақшы. Өмірдің өзі тудырған әлеуметтік, этикалық, тағы сондай қоғамдық проблемалар қаншалықты ірі, қаншалықты мәнді болғанымен көркем өнер үшін ол белгілі бір суреткердің төл проблемасына, тол-

ғақты ойына айналған күнде барып әлгіндей мән-маңызға ие болады. Үлкен суреткердің айқын даралық сипатын, стилін қалыптастыруға да оның әлгіндей әрдайым бүйрегі бұрып тұратын өз проблемалары, өзіндік әлеуметтік-моральдық идеяларының болуы шешуші әсер етеді.

Осы күнгі әдеби процеске белсене ат салысып жүрген кейбір авторларымыздың ондап-жиырма лап кітап шығарса да, өзіндік бітімін таныта алмай жүруінің, өзіндік стиль қалыптастыра алмай жүруінің сыры да сонда. Олардың көпшілігі жалпы жұрттың бәрі мойындайтын идеяны, жалпы жұрт жазып жатқан жобада қарастырып, қағазға түсіргенді ғана мақсат тұтады. Идеялық бағытынан қате таппайсыз. Көрсетіп отыран адамдарының әлеуметтік мінездемесінен қате таппайсыз. Бірақ, ол шығармадан дәл сол тақырыптағы оған дейінгі өзге шығармаларға қарағанда мен мұнда лап тұрған соны ештеңе де таба алмайсыз. Демек, түптеп келгенде, жаңа кітап оқығанмен жаңа шығарма оқи алмадыңыз. Мұндай авторлардың жазу сүрлеуі, стиль емес, машық. Екінші бір авторлар бүгін былай жазса, ертең олай жазып, арғы күні тағы басқаша жазып жатады, бірақ бәрібір ол шығармаларынан көз арбап, көңіл тербейтіндей соны ештеңе таба алмайсыз. Демек, мұнда да стиль жоқ. Бұл авторлардың әлгіндей ізденістері, түптеп келгенде, еліктеу-солықтау ғана. Бұл авторлардың екі түріне де ортақ ауру — жұрттың бәріне бірдей мәнді қоғамдық ойды өзінің өзегін күйдіретін ой толғағына, өз пікір, өз философиясына айналдыра алмау, өмірлік шындықты өзінше қорытып, өзінше бағалай алмау. Жазушыда өзіндік стиль болу үшін оның өмірге деген өзіндік көзқарасы болу керек. Сол өмірге деген өзіндік көзқарасы тереңдей түскен сайын оның стилі де жетіліп дами түседі, оның өмірлік көзқарасындағы түбірлі өзгерістер оның стилінен де айқын көрініс табады.

Суреткердің өмірге деген өз көзқарасы болуы, оқушыға ылғи да өз ойын өз сезімін айтуға тырысушылық субъективизмді күшейтіп жібереді екен деп қорқуға болмайды. Суреткердің өзіндік қиялы, өзіндік көзқарастасы, өзіндік ой тебіренісі мен субъективизмнің арасы жер мен көктей. Субъективизм, академик Б. Храпченко айтқандай, суреткердің өзіндік пікірінің көптігінен емес, өмірге деген тереңдігінен ербиді. Ой-пікірдің, даралық сипатын, субъективтілігін М. Шолохов творчествосынан да ұштастыруға болады. Мәселен, ол өзінің «Тынық Донында» бірінші империалистік соғысты орыс әдебиетінде оған

дейінгі ешкім көрсетпеген атымен соны қырынан, өз барлау, өз топшылаулары арнасынан көрсетті. Ал дәл осы «Тынық Донды» тудырған тарихи кезеңнің тақырыбында «Он төртінші август» атты шығарма жазған А. Солженицын ондай тарихи шындыққа да, ол оқиғаға халық тарапынан қалыптасқан көзқарасқа бола да бас ауыртып жатпайды, монархиялық Россияның бірінші империалистік соғыс тарихындағы орнын өзі қалай көріп, қалай дәріптегісі келсе, солай көрсетіп, солай жазады. Ол өмірден, тарихи шындықтан ой түймейді, өмірге, тарихқа өз пікірін зорлап таңғысы келді. Соның нәтижесінде ол М. Шолохов секілді тұтас бір соны әлем ашпай, халық тарихына қалаған сипаттамасын беріп шықты.

Шыншыл суреткер дұрыс идеяларға дұрыс иллюстрация жасап шығумен қанағаттана алмайды. Ол әлеуметтік ақиқатты өзінің көкірегінен жарып шыққан шындыққа, өмір жайындағы өзінің төл пікіріне, ізгілік пен зұлымдық жайындағы өз ұғым, өз бағасына айналдыра білуге тиісті. Ол өзінің жеке басының өмірлік тәжірибесі, күйініш, сүйініші арқылы өмірлік шындықтың өзгелер байқай қоймаған соны сыр, соны «құпияларын» ашып көрсетуге міндетті.

Суреткердің стиль өзгешелігі тек оның қалай қарайтынында ғана емес, Сонымен бірге оны қандай адамдық мазмұн, өмірден туындайтын қандай психологиялық құбылыстар айрықша, көбірек баурайтынына да байланысты. Толстой да, Достоевский де — психолог суреткерлер, екеуінің де адам бейнесін жасаудағы қолданатын әдістері — типтендіру мен даралау. Бірақ, әлеуметтік өмірдегі қандай құбылысқа қалай назар аударатындығы, оны қалай сөзініп, қалай ұғынатындығы жағынан екеуі бір-біріне атымен ұқсамайды. Суреткердің жалпы интеллектуальдық және рухани эмоциялық күштарлықтары оның адам психологиясының қандай типіне алдымен көңіл бөліп, айрықша зер салатынынан да сезіледі. Көркем өнер заңдылықтарының мұндай сырларына немқұрайды қарау біздің әдебиет тануымызда ұзақ уақыт орын алып келген типтендіру мен даралаудың жазушының өз басының даралық ерекшеліктеріне ешқандай байланыс жоқ деп қарайтын жадағай түсінікке жол ашты. Үлкен суреткер біздің қоғамдық ойымыздың дамуына тек әлеуметтік идеялардың дуалы ауыз насихатшысы ретінде ғана емес, ең алдымен, өмірмен адамның күрделі шындығынан тек өз талантына өте оңтайлы аса маңызды, аса соны қырлар мен сырларды

терең сезіп, жіті байқайтын творчестволық даралығымен де үлкен үлес қосады. Мәселен, Томас Манн аса үлкен әлеуметтік дағдарыстарды өз көзімен көрген суреткер. Ол Европа тіршілігінің бар саласында да фашизмнің дендей енген көзінде өмір сүрді. Сондай қилы заман тұсында ол өз шығармаларының төріне тек интеллектуальдық еңбек өкілдерін шығарып, этиалық проблемалар төңірегінде ой толғады. Өз тұсындағы рухани құлдырауға, соғысқұмарлықтың уымен уланған желбуаз буржуазия өкілдеріне әдейі көңіл бөлмеді. Ол өз шығармаларын Б. Сучков айтқандай, «буржуазиялық өмірдің ірік-шірігімен былғағысы келмеді». Ал, оның замандасы А. Хемингуэйдің кейіпкерлері атымен басқаша. Ол өз кейіпкерлерінің интеллектуальдық қабілетіне назар аударып жарымайды. Оның кейіпкерлері, адамгершілік жағынан аса ұстамды, әлеуметтік және рухани зұлымдықтарға қайыспай қарсыласа білетін табанды жандар.

Адам психологиясын ашудағы осы мінезді, қазақ прозашылары Ә. Нұрпейісов пен Т. Ахтанов творчествосынан да байқауға болады. Ә. Нұрпейісов кейіпкерлері шетінен дініне берік, бастаған ісін діттеген жерден шығаруға тырысатын қажырлы жандар боп келеді.

«Қан мен тердегі» балықшы Еламан мен «Күткен күндегі» сотқар Есей, мінез жағынан, бір әке, бір шешеден туған ағалы-інілі адамдар сияқты. Ал Т. Ахтанов кейіпкерлерінің психологиялық бітімі олардан гөрі жұмсақтау, әсершілдеу, күйрегірек. «Қаһарлы күндегі» Ержан да, тіпті «Борандағы» Қоспан да Ә. Нұрпейісовтың Еламанна қарағанда тез қуарып, тез қуанады.

Жазушының, міне, осындай қолмен ұстап, көзбен көргендей қып басқа ұрып тұстеп түйсікпен жіті аңғарып отыратын өзіндік даралық сипаты оның шығармаларының тақырыбына да әсер етеді. Әр жазушының өзіндік қолтаңбасы болатындығы сияқты, айрықша іш бұрып тұратын өзіндік тақырыбының бар екенін де оңай аңғаруға болады. Жазушының ондай ішкі тақырыбы тек тап-таза субъективтік құбылыс емес, оның қалыптасуына, ең алдымен, объективті әлеуметтік орта ықпал етеді.

Жазушының адамға деген идеялық-көркемдік қатынасынан оның творчествосының стильдік сипаттары қалыптасады. Оның адам тіршілігінің белгілі бір (не қаһармандық, не трагедиялық, не күлкілі) астарларына айрықша көңіл бөлетіндігі творчествосының жанрлық бағытына да аз әсер етпейді. Мәселен, Н. Гогольдің «Ревизоры»

мен «Өлі жандарының» сюжетін әуелде А. Пушкин айтып бергенін бәріміз білеміз. Бірақ, ұлы ақын мұндай таптырмайтын материал өзінен гөрі Н. Гогольге қол екенін жақсы ұққан. Комедиялық элементтер М. Горький творчествосында ұшырасып жарымайды, ал Л. Толстой творчествосында тіптен кезікпейді.

Стильдің қалыптасуына суреткердің дүние-түйсіну ерекшеліктерімен қоса творчествоға арқау болып отырған объективінің ерекшеліктері де, шығарма өзегіндегі тартыстың сипаты да айта қаларлықтай әсер етеді. Сөз болып отырған проблеманың өткірлігі мен маңыздылығы суреткер нысанаға алған өмірлік құбылыстың қырлары мен сырлары оны бейнелеудің амал-тәсілдерін, стильдік шешімдерін белгілеуде белсенді қызмет атқарады. Мәселен, Р. Роллан шығармаға өзек болған материалдың сипатына қарап «Жан Кристофты» эпикалық философиялық арна шешімдесе, «Кола Брюньоннан» халық аңызы тақілеттес повесть тудырды. Әдеби тәжірибеде бір жазушының бірнеше жанрда еңбек ететіндігінің сыры да осы өмірлік материалды өзің қай тұрғыдан қалай игеру мәселесіне енжар қарай алмайтындығында жатыр. Алайда, қаншалықты сегіз қырлы, бір сырлы талант болмасын, оның талантының белгілі бір негізгі сипаты, басты қыры болады. Әлем әдебиетіндегі ең таңдаулы комедиялық образдардың бірі боп табылатын Шукарь атайдың бейнесін сомдаған Шолоховта юмор мен комизм жоқ деп ешкім де айта алмайды. Алайда, оның барлық шығармалары, тіпті ертеректе жазылған «Дон хикаяларының» өзі де, негізінен, трагедиялық сарында шешімделген. Дәл осындай мінезді М. Әуезов творчествосынан да байқаймыз. Ол тек прозада «Абай жолы», «Қараш-Қараш», «Қилы заман», «Қаралы сұлу» сынды, драматургияда «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сынды трагедиялық шығармалар тудырып қоймай, «Айман-Шолпан» сынды тамаша комедия да жазған адам. Бірақ, М. Әуезов «Айман-Шолпанның» өзінде де талантының трагедияға іш бұрып тұратын басты қасиетін біржола мансұқтап кете алмаған. Мұнда да ол күлкі арқылы жаңа әлеуметтік жағдайларға дендеп бой ұра алмай, ескі моральдық және әлеуметтік инстинктердің шырмауынан шыға алмай жүрген көне қазақ ауылының кісі жылатар трагедиясын ашып береді.

Бұл әңгіменің бәрі де А. Луначарский айтқан: «Мазмұн өзінің ең оңтайлы түрлік шешімін таппай қоймайды» деген сөзінің дұрыстығын дәлелдейді.

Сонымен, стиль тек түрден ғана өз нышанын тауып қоймайды екен, ол әуелден-ақ өмірлік материалдың өзінде де, мазмұнда да өз тамырын терең тартып жатады екен. Мазмұнның өзінде бас көтеріп жататын стильдік шешім өзіне лайық суреткерлік талантқа тап болғанда ғана өзінің шынайы эстетикалық мерейіне жетеді. Сонда ғана ол өзінің қапысыз мүсінделген көркем пішінін табады. Стильдің анықталар аясы — түр. Түрден бой көрсетпеген дара сипат мазмұннан табыла қояды деу де қысыр дәме боп шығар еді.

Бірақ, бұған қарап, стильдің күллі тағдырын тек түр шешеді екен деп ойлауға тағы болмайды. Түр өзінен өзі стиль жасай алмайды. Түр — суреткердің идеялық бітімі, адам тіршілігіндегі өз материалы мен өз тақырыбын іздеп табуы, өзіне оңтай жанр табуы арқылы жасақталған стильдің нақты нәтижесін көрсететін сахна. Демек, жазушының стилін сипаттау үшін ең алдымен оның творчествосының мазмұнын белгілейтін, сол арқылы сол замандағы белгілі бір көркемдік түрлік шешімге итермелейтін дүние түйсінуі мен дүние түсінуінің қыры мен сынына тереңдеп үңіле білгеніміз жөн.

Формалистік эстетиканың айтуынша, стиль — тек өмірді барлау мен пайымдауды білдіретін рухани принцип, не сол барлап-пайымдаған әсерін баяндап қана беретін техникалық принцип. Екіншісі.

Ал маркстік эстетикаға айтқызсаңыз творчестволық процестің жоғарыда көрсетілген екі қыр, екі сатысының екеуі де стиль үшін шешуші фактор болып табылады. Бір-бірінің дәлме дәл баламасы бола қоймаса да, бір-бірімен қоян-қолтық байланысып жатқан, бірінсіз — бірі жоқ бұл екі құбылысты бөліп жармай бірге қарастырғанымыз жөн. Өмірлік шындықты көркемдік тұрғыда жинақтаудың алғы шарттары болып табылатын қағидалар жазушының көркемдік әдісінің аса маңызды қырлары болып табылады. Ал, олардың творчестволық процесте жүзеге асуы, характерлер мен оқиғаны суреттеумен мазмұндаудың амалдары мен тәсілдері көркемдік әдістен гөрі стильге көбірек қатысты. Кең мағынада қарастырғанда, көркемдік әдіс адам концепциясын, қалай көрсетудің методологиялық қырына көбірек бой ұрса, стиль сол көркемдік әдістен өрбіп, оның көмегіне сүйене отырып, сол концепцияны нақты адамның нақты тағдыры мен нақты мінез-құлқы арқылы, реалистік өнерде нақты типтік характерлер мен типтік ситуация арқылы тереңдеп ашып көрсетуге күш

салады. Силь, бір жағынан өмірлік материалдың ықпалымен қалыптасатын болса, екінші жағынан сол өмірлік материалдың өзін белгілі арнаға түсіріп, оның барша маңызы толығырақ көрінетін ұрымтал қырын тауып береді. Ол тек өмірлік шындықты эстетикалық тұрғыда тану мен игеруге ғана емес оны екінші болмысқа — көркемдік шындыққа айналдыруға да, сол арқылы оқушының ой, сезімін, эмоциялық, идеялық қабылдау реакциясын оятуға да белсене қатысады. Сөйтіп, стиль өмірлік болмысты көркемдік тұрғыда игеруде жазушы үшін де, оқушы үшін де үлкен катализаторлық қызмет атқарады. Ендеше, стильді зерттегенде, оның көп қырлы қызметінің қай са-тысында «қол таңба» деп, «түр» деп бөлшектемей суреткердің азамат ретіндегі, адам ретіндегі өзіндік даралық сипатымен тығыз берлестікте қарастырғанда ғана жемісті нәтижеге жете аламыз. Сонымен, белгілі бір нақты көркем шығарманың тууына стиль көркемдік әдістен кем белсене ат салыспайды, ал өмірлік шындықты көркем шындыққа айналдырудың күрделі процесіне ол, «Қазақша әдеби сөздікте» айтылғандай, ең соңғы кезеңде көркемдік кескіндеу кезеңінде ғана емес, ең бастапқы кезеңнен, өмірді зерттеп, одан әсер алып, белгілі бір ой жинақтау кезеңінен бастап араласады.

Сондықтан, болгар ғалымы Пантелей Заревтің «стиль дегеніміз суреткердің дүние түйсінуі арасында пайда болып, одан шығарманың түрі мен жазушының өзіндік қол аңбасына, олардың ешкімге ұқсамайтын даралы, сонылық саналарын қалыптастыратын белгілі бір тұрақты қайталанып отыратын ерекшеліктерінің үстемдігі» деген анықтамасына көбірек ден қоймаса болмайды.

Ендеше, көркемдік әдіс пен стильдің арасында қандай байланыс, қандай айырмашылық бар.

Әдебиеттің дамуына көркемдік әдіс стильден гөрі кеңірек және пәрмендірек ықпал жасайды, оның әрекет аясы бір ғана жазушының творчествосымен шектелмей, қаламгер қауымның көп бөлігін қамтиды, ол жазушының даралық сипатынан да, әдебиеттің түрленуінен де, тектерінен де, жанрларынан да, бағыттары мен ағымдарынан да бейтарап тұрған ықпалды күш. Әдіс жазушының даралық өзгешеліктеріне ешқандай тәуелді емес, ал стиль әлгіндей өзгешеліктерсіз өмір сүре алмайды. Әдебиеттің жанры тегі, түрі де жазушының әдебиеттің белгілі бір жанрына, демек, түрі мен тегіне де алабөтен құлықты болатынын жоғарыда айттық. Әдебиеттің жан-

ры, түрі, тегі үшін көркемдік әдістен келер—кетер ештеңе жоқ, бірақ олар стильге өйтіп енжер қарай алмайды. Классицизм тұсында да, романтизм тұсында да драма, трагедия, лирика, прозаның баяндағыш түрлері болған. Романтизм, реализм тұсында да белгілі бір жазушылар белгілі бір жанрға айрықша бауыр басқан. Белинский қанша жерден әр уақыттың айрықша қадірлейтін өз идеясы болатыны сияқты айрықша қадірлейтін өз жанры болады деп дәлелдегісі келгенмен әдебиеттің белгілі бір түрінің, белгілі бір жанрының біржола құрып, жоғалып кеткен тұсы болған емес. Олар қайта жасарып-жаңғырып жаңа сапаға ие боп отырған. Мәселен: феодализм тұсындағы батырлық лирика мен ғашықтық романдарының орынына қайта дәуірлеу кезеңінде реалистік драма мен «пысықайлар романы», классицизм тұсында — трагедиялар, батырлық дастандар, одалар, ғақлия-повестер, романтизм тұсында — лирико-философиялық повестер, тарихи романдар, лиро-эпикалық дастандар, лирика мен құштарлық драмасы пайда болды. Көркемдік әдістердің алмасуы — адамзат қоғамының әлеуметтік дамуына байланысты әдеби дамудың заңды көрінісі. Егер көркемдік әдіс адам санасындағы эстетикалық дамудың аса маңызды жетістігі боп есептелсе, ол сапалық өзгеріс көркем творчествода нақты суреткердің қабілеті мен даралық сипаты арқылы ғана жүзеге асады. Демек, стиль дегеніміз, түптеп келгенде көркемдік әдістің әлгіндей нақты суреткердің, нақты творчестволық мүмкіндіктері арқылы нақтылы жүзеге асуының жиынтығы да, нәтижесі де емес, үздіксіз әрекет үстіндегі тұрақты процесі болып табылады. Егер әрбір суреткер адамның өзіндік әлеуметтік, биологиялық мүмкіндік өресі болатынына дау айтпайтын болсақ, сол өресінің көркем творчестводағы көрінісінің стиль екендігіне де еш күмәніміз болмасқа тиіс.

Егер объективті ғылым адамзат қоғамының үздіксіз дамуының арасында болмысты танудың да үздіксіз дамып келе жатқанын, сол танымның бір бөлігі болып табылатын эстетикалық танымның да толассыз өзгеріс үстінде екендігін мойындайтыны баршаға аян болса, сол эстетикалық танымды нақты нәтижеге жеткізер көркемдік стильдің де үздіксіз өзгерісте болары хақ. Көркемдік творчестводағы стильдік тенденциялардың өзгерісі адамзат қоғамының өзін өзі тану диалектикасынан өрбиді. Өтпелі тіршіліктің қай құбылысынан да өлмейтін де өшпейтін тұрақтылық пен баяндылықты табу мен тануды мақсұт

еткен ежелгі гректердің мінәжаттық өнеріндегі геометризм стилінің көркем творчествода бейнеленуші субъектінің де дараланып көрінуіне тап онша құлықты бола қоймайтыны айтпасақ та түсінікті. Ол тұста өнер нормативтік эстетиканың қасан қағидаларынан аттап шыға алмай тұралап тұрып алды. Адам санасының болмыс қырлары мен сырларының шексіздігіне, оны бақылау мен пайымдаудың жолдарының да шексіздігіне әбден көзі жеткен кезде тізгін алған реалистік өнер ғана творчестволық бастамаға, суреткердің даралық сипатының жарқырап көрінуіне, стильдік әр алуандыққа даңғыл жол ашты.

Осы заманы көркем творчествода стильдік әр алуандықтың жемісті өркендер аясы — түршілдік ағымдар емес, реалистік бағыт болып отыр. Бүгінгі реалистік өнердің бойынан Т. Маннның интеллектуальдық стиліндегі астарлы философиялық талдау мен Р. Роланның айтар ойын бүкпесіз айтатын жария әлеуметшілдігінен бастап, Э. Хемингуэйдің фотографиялық дәлдік пен астарлықты шебер ұштастырған бедерлі реализмі мен қазіргі Латын Америкасы елдері әдебиетіндегі магиялық реализмге дейінгі аралықтағы сан қилы бояулармен құлпырған аса бай палитра табуға болады.

Егер көркемдік әдістердің белгілі бір тобы санаулы нормативтілікке әдейі ұмтылса, екінші бір тобы, ең алдымен реализм, стильдік көп түрлілікке, стильдік кең өріске бой ұрады.

Социалистік реализм теоретиктерінің арасында социалистік реализмнің көркемдік құралдарының молдығы мен бірлігі жайында үш түрлі концепция орын алып келеді, «жабық реализмді» жақтайтындар социалистік реализм ХІХ ғасырдағы сыншыл реализм мен революцияшыл реализмнің стильдік дәстүрлерін жалғастыратын мазмұны жағынан революцияшыл бағыт деп сипаттайды. «Ашық идеология рухына жазылған шығармалардың бәрі стильдік бағытына қарамастан социалистік реализм әдебиетіне жатады деп санайды. Ал, «Көп қырлы», «көп жүйелі», «кең қарымды» социалистік реализмді жақтайтындар социалистік реализмді мазмұнға да, түрге де бірдей ықпал ететін, көркем шығарманың белгілі бір көркемдік құрылымында түзілгенін құптайтын, бірақ стильдік ізденіс пен стильдік шешімдеуге ешқандай норма, ешқандай регламент қоймайтын жаңашыл әдіс деп түсіндіреді. Әуелде Луначарский еңбектерінде сипатталған, кейін А. Фадеев тарапынан қолдау тапқан бұл концепцияны совет зерттеушілерінің көбі мақұлдады.

Жеке адам үшін — рухани даму мен әлеуметтік

белсенділікке, әдебиет үшін — өмірлік шындықты мейлінші жан-жақты, мейлінше терең ашып көрсетуге кеңінен жол ашып беретін жаңа әлеуметтік қатынастардың эстетикалық сипаттамасы болып табылатын әлеуметшіл реализм, шынында да стильдік әралуандық пен көркемдік жаңалыққа мейлінше мол мүмкіндіктер туғызады.

Айналасы алпыс жылдан астам уақыт ішінде қазақ әдебиеті фольклорлық эстетикадан осы заманғы, реализмнің озық эстетикасына дейін, импровизиядан көп жанрлы, көп стильді профессионалды жазба әдебиет дәрежесіне дейін өсті. Мұндай қарышты дамудың көрінісін қазақ әдебиетінің барша жанрынан да айқын байқауға болады. Қазақ поэма батырлық жыры мен ғашықтық дастанынан осы заманғы кең қарымды эпикалық реалистік талдау панорамаға дейін өсті. Ал қазақ прозасының өсу жолы ұлттық мәдениетіміз тарихындағы ең бір мақтанышты құбылыс болып саналады. Мұндай кемел дамудың негізгі арнасы — стильдік ізденіс болса, негізгі сипаты — стильдік әралуандық болып саналады. Қазақ прозасындағы стильдік ізденіс динамикасын этнографиялық суреттемелерден осы заманғы монументальдық эпопеяға дейін спар кешкен М. Әуезов творчествосынан айқын байқауға болады. Осындай тынымсыз ізденіс, үздіксіз жаңғыру мен жарасу қазақ прозасының классиктері Б. Майлин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафиндерге де тән стильдік ізденістің мұндай үздіксіз сипаты мен сапалық нәтижелерін тек бүкіл ұлттық әдебиет, немесе оның белгілі бір жанры немесе оның белгілі бір өкілінің күллі творчествосы масштабынан ана емес, жеке бір шығарманың жазылу процесінен де байқауға болады. Қазір көптеген елдер оқушыларына кеңінен танымал Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясының үш кітабын салғастырап оқыған зерделі оқушы жазушының стильдік ізденісіндегі қызғылықты эволюцияны байқары даусыз. Алғашқы кітаптың палитрасында контраст бояулар, характер ашуда — типтендіру мен даралаудың басталып, шиеленістің шарықтау шегімен аяқталатын үйреншікті үрдіс, оқиғалардың хронологиялық жүйемен жалғасуы сынды стильдік элементтер басым түсіп жатса, эпопеяның соңғы кітабында осы заманғы прозаның баяндаудағы субъективтендіру, психологиялық талдаудың ішкі монологомтан да басқа көпжақты формалары, композициядағы монтаждық тәсіл, адам санасындағы шарықтау мен құлдыраудың соншалықты егжей-тегжейлі репортажда-

ры, бүкіл бір эпизодтан, бүкіл бір линиялардан тұратын кеңқарымды метафоралар мен тұспалдар мол ұшырасады. Оның сыры жазушының өз шығармасы үстінде көркемдік ізденістерді бір сәт те толастатып көрмегендігінен, ол ізденістерді тек ұлттық әдебиет тәжірибесімен шектей, осы заманғы отандық, әлемдік әдебиет жаңалықтарына батыл қол соза білгендігінде жатыр. Бірақ, автор, сөйте тұра, ешқандай стильдік эклектикаға ұрынбаған. Өйткені, оның ізденісі — кеше тапқанын бүгін мансұқтайтын, кеше ұнатқанын бүгін жек көретін біржақты жаңалық құмарлық емес, өзі таңдап алған тақырыпты мейлінше жан-жақты ашып, өз пайымдауларын мейлінше терең жеткізуге тырысқан байыпты да дәйекті ізденістер.

Қазақ әдебиетінің стильдік байлығы жөнінде сөз қылып отырып, оның мұншалықты молаюының негізгі қайнар көздері жөнінде айтпай кетуге болмайды. Жас жазба әдебиетіміздің осыншалық стильдік молығуына, ең алдымен, суреткерлеріміздің ең озық дүниетанымында — осы заманғы ғылыми дүниетанымға ие болғандығы әсер етті. Екіншіден, көркем творчество үшін таусылмас қазына болып есептелетін жаңа сипатты дәуіріміздің жедел қарқынмен дамып жатқан әлеуметтік өмірі мен рухани өмірі әдебиетімізге тақырып молдығына да, стильдік әр алуандыққа да қолайлы жағдай жасайтын аса бай мазмұн тауып берді. Үшіншіден, қоғамымызда жан-жақты мәдени қарым-қатынастардың кеңінен етек алуы жас қазақ әдебиетінің үйрену аясы мен танылар өрісін де ұлғайтты.

Қазақ әдебиетінің үйрену аясының кеңеюін сөз ете отырып, оның қоғамымыздың саяси нығаю, рухани есею жолымен тығыз байланыста екендігін аңғарамыз. Жас қазақ жазба әдебиетінің стильдік ізденісте нәр алар бұлағы сонау жиырмасыншы-отызыншы жылда тек классикалық прогресшіл әдебиеті мен орыс әдебиеті болса, Ұлы Отан соғысынан кейінгі қайта өрлеу жылдары мен тың көтеру тұсында қалыптасқан қоян-қолтық еңбек пен күрес үстінде дамыған мәдени байланыс ұлттық әдебиетімізге туысқан ұлттар әдебиетінің жемісті тәжірибесінен үлгі-өнеге алуға және бұл процесте тек қабылдаушы дәрежесінде қалып қоймай. Өз үлесін қосуға да қолайлы жағдай жасады. Мемлекетіміздің дүниежүзілік беделінің көтерілуі әдебиетінің интернационалистік байланыстарын ұлғайтып, соның нәтижесінде оның да осы заманғы әлемдік әдеби процесегі белсенділігін арттырды. Алпы-

сыншы-жетпісінші жылдардағы қазақ әдебиетінің осы заманғы прогресшіл әдебиеттің жаңашыл үрдістерін мол табамыз.

Мұндай жан-жақты стильдік ізденіс қазақ әдебиетінің, әсіресе, күні бүгінгі тіршілігінде жақсы өркендеп келеді. Қазақ поэзиясында соңғы он жылдықтар тұсында әрқайсысының өзіндік дара стилі бар. Олжас Сүлейменов, Қадыр Мырзалиев, Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Жүмекен Нәжімеденов, Меңдекеш Сатыбалдиев, Өтежан Нұрғалиев, Мұхтар Шаханов сынды кесек суреткерлер қалыптасты. Үлкен ақындарымыз Әбділда Тәжібаев творчествосындағы поэзиямыздың төл поэтикасымен қоса өзге жанрлар поэтикасына да мөлінен қол созатын қарымдылық, Жұбан Молдағалиев творчествосындағы лирика мен публицистиканың, философиялық тебіреніс пен кино-өнеріндегі «панорамалық сьемканы» еске түсіретін мол ауқымды поэтикалық картинаның арасынан өрбитін азаматтық жалын мен сыршыл ойшылдық, Қалижан Бекхожин мен Ғафу Қайырбеков творчествосындағы ұлттық поэзияның дәстүрлі интонациялық байлығын реалистік поэзияның пластикалық мүмкіндіктерін түбегейлі жасарта-жаңғырта пайдалану, Хамит Ерғалиев творчествосындағы өлеңді мейлінше өмірлендіре, суреттендіре түсу, реалистік прозаның штрих пен деталь пайдаланудағы ұтқырлығы мен көркем публицистиканың зерттеушілік зердесін поэзияда да қолдану, Сырбай Мәуленов творчествосындағы тақырыптық диапозонының молдығы мен азаматтық серпінге лайық түрдегі еркіндікке ұмтылу тенденциялары, олардың қаламдас інілері К. Салықов, Т. Бердияров, Қ. Жұмағалиев, Тұрсынзада Есімжанов, Тұрсынхан Әбдірахманова, Сабырхан Асанов, Жүсіп Қыдыров, Сәбит Баймолдин, Марфуға Айтқожина, Ақұштап Бақтыгереева, Шөмішбай Сариев, Ибрагим Исаев, Ұлықбек Есдәулетовтер — тарапынан кеңінен қолдау табуда. Бұл ретте, қазақ ақындарының соңғы генерациясының өкілдері Темірхан Медетбеков творчествосындағы индустриялық пейзаж бен урбанистік поэзия сарындарын Дүйсенбек Қанатбаевтың кім көрінген ескере бермейтін елеусіз детальдерге масштабты ой сыйғызу арқылы поэтикалық метафораға бара білетіндігін, Жарасқан Әбдірашев жырындағы ұтқыр да қиқар «жаңа трибундықты», сондай-ақ Күләш Ахметованың философиялық лирикаға бой ұруындағы қарапайым интонацияға, келеді ой жинақтай алатын шынайылығын, Жұмантай Жазыпбаев, Кеңшілік

Мырзабеков творчествосындағы тіліміздің музыкалық үйірімі мен суретшілдігін, бояу байлығы мен қылықтылығын мейлінше еркін, мейлінше сұлу жеткізетін табиғилық пен қолтумалықты ерекше сүйсініп, айрықша қолдан айтуды мақұл көреміз.

Қатары селдір, қазынасы шағын қазіргі қазақ драматургиясының өзінде қанша стильдік жаңалық бар. Сәкен Жүнісовтың «Өларасы» — документ пен суреткерлік қиялды, драматургияға тән ситуация өткірлігі мен прозаға тән кеңқарымдылықты жарасымды үйлестіре білудің жақсы үлгісі. Оралхан Бөкеев, Нұрлан Оразалин, Баққожа Мұқаев, Ролан Сейсенбаевтар қазақ сахнасының айқай-шуын азайтуға, адам жанының иірімдеріне байыпты зерттей үңілуге, пластиканың орнына лирикалық кейде тіпті элегиялық сарынның орнығуына, қазақ көрермендеріне жалында сөздер мен жалт-жұлт қимылдардың орнына сахнамен қосыла қайғырып, қосыла тебіренуге, қосыла ойлауға қолайлы жағдай жасайды.

Мұндай стильдік соны леп қазіргі қазақ прозасынан кеңірек байқалары өз-өзінен түсінікті. Орта буын проза мен жас прозада Ш. Мұртазаев, С. Жүнісов, С. Мұратбеков, Б. Тілегенов, К. Ысқақов, О. Сәрсенбаев, М. Сүндетов, Қ. Жұмаділов, К. Ахметбеков, Ә. Сараев, Р. Тоқтаров, М. Сәрсекеев, Т. Нұрмағанбетов, Ш. Құмаровалар жаңа тақырып, жаңа проблемаларға бару арқылы реалистік прозаның байырғы байыпты зерттеушілік зердесін өткірлей, азаматтық пафосын өршілдендіре түсудің соны мүмкіндіктерін іздесе, С. Санбаев, Ә. Тарази, М. Мағауин, О. Бөкеев, Т. Әбдіков, М. Сқақбаев, С. Бердіқұлов, Қ. Мұхамбетқалиев, С. Балғабаев, Б. Момышұлы, С. Еркебаев, М. Қабанбаев, С. Елубаев, С. Нарымбетов, А. Мекебаев, М. Әбдібаев т. б. қаламгерлер қазақ прозасының тақырыптық, әлеуметтік, проблемалық ізденістерін түрлік-стильдік ізденістермен толықтыруға ыңғай көрсетіп жүр. М. Мағауин, Қ. Мұханбетқалиев, Б. Момышұлы, С. Бердіқұлов, С. Нарымбетов, М. Әбдібаевтардың қазақ прозасында осы кезге дейін күнгірттеу көрініп келе жатқан қала өмірін, интеллигенция өмірін көрсетудегі жақсы ізденістері тіл мен түрде де айта қаларлықтай сонылықтар әкелуде. Қазақ тіршілігі мен ұлттық характердің соны қырларын ашуда, бүгінгі замандастарымыз енжар қарай алмайтын моральдық-эстетикалық проблемаларға драмалық уыт, философиялық тереңдік бітіруде С. Санбаев, Т. Әбдіков, М. Сқақбаев-

тардың қазақ прозасында бұрын көп кездесе бермейтін шартты түрлер мен соны ракустарды ұтымды пайдалануы, адамның күрделі әлеуметтік болмысын жан-жақты қамти көрсетудегі Ш.Әлімбаевтың философиялық фантастикаға бой ұруы, бұрын әшкерелеуші, сайқымазақтық сипатта көрінетін ирониялық интонация мен әжуаны жағымды характерлер жасау мен өмір орнықтырғыш идеяларды ашуда орынды пайдаланып жүрген М. Тарази, Е.Домбаев, М. Қабанбаев, С. Еркебаевтардың табысы, өмірдің қарапайым келеңсіздіктерінің өзінен композициялық соны тәсілдерді, авантюралық сюжетті, кең қарымды метафораларды жемісті қолдану арқылы өрелі әлеуметтік проблемалар қарастырып жүрген С. Елубаев, А. Мекебаев, С. Балғабаев талпыныстары прозамыздың бүгін таңдағы стильдік ізденістерінің әлеуметтік төркіндерін зерттей көрсетудегі Т. Әлімқұлов пен Д. Досжановтың халық тарихының рухани қабаттарына үңілудегі, І. Есенберлин, Ә. Әлімжанов, С. Сматаевтардың еткен заманның саясаи келбетін ашудағы, Ә. Нұршайықовтың бұған дейін қазақ прозасында ешкім ыждаһат ете қоймаған соны бағытқа түсіп, нақты тарихи дерек, документтік негіз, мерзімдік баспасөзге тән диалог, интервью, репортаж тәсілдерін пайдаланып бүгінгі замандастарымыздың бейнесін сомдап көрсетудегі стильдік ізденістерін қоссақ, қазіргі қазақ прозасының қай буынының да бұл мәселеге айрықша зер сала бастағанын байқау қиын емес.

Жетпісінші жылдар прозасындағы мұндай стильдік ізденістер оның идеялық көркемдік болмысына да көптеген сапалық өзгерістер енгізді. Бұл жылдары ол бұрыннан желісі үзілмей келе жатқан жаңалық пен өзгеріске толы өндіріс өміріндегі соны әлеуметтік қарым-қатынастарды зерттейтін «өндірістік роман, жас адамдардың өмірдегі өз орынын тануы мен табуын қадағалайтын тәрбиелдік роман, халқымыздың бір қоғамнан екінші қоғамға өту тұсындағы күрделі әлеуметтік эволюциясын зерттейтін тарихи революциялық роман дәстүрлерін одан әрі дамытып, нақты адамның нақты рухани тәжірибесін ізденіс үстіндегі адамның арының таразысына салып жинақтайтын сыршыл повестер мен әңгімелер, халық тарихының көп уақытқа дейін қалыс қалып келген кезеңдерін көрсететін тарихи зерттеу романдар, болмысты мейлінше мол зерттеп, терең ұққысы келетін әсершіл сананың қызметін қалтқысыз жеткізуге тырысатын лирико-философиялық эсселер, адамзат қоғамының актуальды пробле-

маларына тұрмыстық қырынан гөрі философиялық қырынан зер салатын шартты формадағы философиялық повестер, деректі повестер, сапарнама-повестер, диалог-роман, диалог-повестер роман-естеліктер, роман-ретроспекциялар, лирикалық философиялық министюралар секілді жаңа жанрларға бой ұра бастады. Мұндай сапалық өзгеріс тұсында бұрыннан бар «өндірістік роман» «тәрбиелік роман», «тарихи-революциялық романдардың» эстетикалық кескіні де жаңа сипаттармен байыды, «Өндірістік роман» бұрын негізгі назарын өндірістік тартыстарға салып, көбіне көп адамдар арасындағы қайшылыққа, қарым-қатынастағы конфликтілерге молырақ қамтыса, қазір негізінен өндірістік өмірдің әлеуметтік-моральдық астарларына баса көңіл бөліп, адам санасындағы ізденістер мен қайшылықтарды тереңдеп ашуға тырысады. «Тәрбиелік роман» формасындағы эпикалық проза бұрын тек өмірге жаңа аяқ басқан жас азаматтың тұсау кесер ізденістерін қамтыса, енді оның зерттеу аясы кеңіп, қай жастағы адамдардың да басындағы моральдық-эстетикалық коллизияларды жан-жақты қарастыратын болды. «Тарихи роман» мен «тарихи революциялық романның» сахнасында да алдыңғы қатарға ізденіс үстіндегі кейіпкер шығып, тарихи-әлеуметтік қоғамдық сілкіністер тұсындағы адам санасының қызметі барынша байыпты көрсетіле бастады.

Қазақ прозасының қай жанрында да адам психологиясына, адам санасындағы ізденістер мен өзгерістерге ықылас ерекше күшейді. 60—70 жылдардағы әдебиеттің дүниетанымдық та, тарихи пайымдаушылық та қасиетінің бұлай кемелденуінің негізгі сыры социалистік қоғамымыздың өз дамуының кемел сатысына аяқ басуымен, өмір мен ойдың одан әрі демократиялана түсуімен тығыз байланысты.

Кемелділікке ұмтылу тек өндірістік қатынастарды жетілдіре түсумен қоса әлеуметтік дамудың қарқынын жеделдетуді де айрықша мақсұт тұтады. Адамның рухани, творчестволық, профессионалдық мүмкіндіктерінің мейлінше терең, мейлінше жан-жақты ашылуы мен этикалық, саяси мәдениетінің қапысыз жіктеле түсуі қоғамдық прогрестің шешуші факторына айналған. Мұндай жағдайда әр адамның өзін тануы, әлеуметтік болмыстағы өз орны мен өз еңбегінің тарихи миссиясын түсінуі — бүгінгі көркем творчествоның басты тақырыбы, адам танытудағы жеңіске жетер бірден бір жемісті жолы болып табылады.

Сондықтан, қазіргі қазақ әдебиетіндегі стильдік ізденістер жеке адам тағдырын, оның рухани өмірінің ең бір нәзік нюанстарына жіті көз салатын психологиялық тереңдікке, жеке адамның тарихты дамытушы субъект ретінде қалыптасуы мен ашылуына, оның еңбегі мен әрекеттеріне, моральдық құны мен бағытына баса көңіл бөліп, барынша байыта жеткізуге ұмтылудан туған талаптар болып табылады. Өмірлік болмысты сан қырынан алып зерттей көрсетуге талпыну ойдың масштабтылығына, әлеуметтік, психологиялық талдаудың байыптылығына жағдай жасаумен бірге творчестводағы субъективті бастаманың белсенді көрінуіне, әр жазушының даралық сипатының танылуына, әр тақырып, әр проблеманың мейлінше терең, мейлінше нанымды ашылуына жанрлық дифференцияға мол мүмкіндік туғызады. Мұның өзі әдебиеттің жанрлық шеңберінің көңейіп, көркемдік шешімдердің мейлінше соны, мейлінше әсерлі болғанын талап етеді. Сондықтан қазіргі қазақ прозасының композициялық бітімінде, баяндау техникасында, суреттеу құралдарында соны нышандар көзге түсе бастады. Эпикалық шығармаларда оқиға барысын хроникалық тұрғыдан қамтитын дамудың орнына кейіпкерлер линиясының сырт қозғалысынан гөрі адам санасындағы ішкі эволюциясын нанымдырақ ашатын ассоциативті-логикалық байланыс, кейіпкер санасының логикасына бағынатын эпизодтық-фрагменттік баяндау, композицияның монтаждық тәсілі, психологиялық талдаудың әр алуан түрлері үстемдік ете бастады.

Әрине, бұл тек қазақ әдебиетінде ғана болып жатқан құбылыс емес.

Реализм бір кезде Э. Золя мазақ еткен, жазушының ой ауқымының таяздығы мен талантының мүшкіл екенінен басқа ештеңе де байқата алмайтын, жұрттың бәрі білетін тәртіппен шұбырта тіркеп шығатын ортаң қол жұпыны стильді қандай жат көрсе, стильдік қитұрқылықтарды бір жақты қызықтауды да сондай жат санайды.

Бұл екі құбылыстың екеуі де — суреткерлік еңбектің күрделі шындығын жете түсінбеуден туған, түптеп келгенде, әдебиеттің де, жазушының да көсегесін көгертпейтін, шығармалардың идеялық-көркемдік сапасын арттыруда қолбайлау жасап, кертартпа қызмет атқаратын құбылыстар.

Әдетте, әдебиеттік стильдік жаңалықтар мен жетістіктерді сұрыптап, қайсысының қалай пайда болға-

нын талқылап талдап жатамыз да, ал стильдік сүреңсіздіктің жай-жапсарын жіліктеп жатуды бос әурешілік көреміз. Алайда, әдеби процестегі кемшіліктерді де бес саусағындай талдап білмей, орын алып отырған ақауларымызды түзете қоюымыз қиын.

Әдебиеттегі стильдік сырқауларды негізінен, түршілдік және эстетикалық брак деп екіге бөлуге болады. Бөркін шекелей кимесе басы ауырып тұратын түршілдіктің ар жағында әлеуметтік сырқат — рухани декаданс жатыр. Бір жақсысы, мұндай сырқау — эстетикалық брақтың да төркіні бір болғанмен көрінісі әр алуан. Мұндай сырқаудың бір түрі қаламгердің эстетикалық көзқарасының мешеулігінен өрбиді. Оған жазу машығының түрлік шешімдерінің көркемдік құралдары мен тәсілдерінің осы заманғы оқушы талабынан шыға алмайтын көнетоздығы мен қарабайырлығы, фольклорлық элементтердің орынсыз көп пайдаланылуы, тілдері орынсыз жылтырақ пен орынсыз ділмарсу сынды анахронизм нышандары, өзге әдебиеттердегі жанрлық стильдік, түрлік-композициялық ізденістерге енжар қарайтын самарқаулық жататын болса керек. Бұндай кемшіліктер біздің төл әдебиетіміздің творчестволық процесінде әлі күнге етек бастылық жасап келе жатқан ескі індеттер болып есептеледі. Стильдік ақаулардың екінші бір түрі қаламгерлердің эстетикалық талғамының төмендігінен, өз еңбегіне жауапсыз қарауынан туады. Жанрлық шешімдегі эклектика, таңдап алған жазу машығының, композициялық принцип пен суреттеу тәсілдерін аяғына дейін алып бара алмайтын жағдайлық, сөз қолданудағы мағыналық және көркемдік орашолақтық, интонациялық құрылым мен композициялық комбинациялардың шығарма мазмұны мен концепциясына қабыспауы, эпитет, теңеу, метафораны ысырап пайдалану сынды кемшіліктер осы топқа жатады. Бұл тарапынан кемшіліктерді түгел санап шығудың өзі қиынға түсер еді. Эстетикалық брақтың арғы төркіні — көркем творчествоны күнкөріс қана деп ұғатын кәсіпқор көзқарас. Шығарманың сөздік қорының тапшылығы, тілдік үйірімнің қарадүрсіндігі, композициялық шешімінің жұпынылығы, көркемдік құралдары мен тәсілдерін пайдаланудағы өзгелерді қайталайтын штамп пен трафареттілік, психологиялық талдаудың жұтаңдығы, кейіпкерлердің тілі мен портретін даралауға

жеткілікті мән бермеу, ел қатарлы жазудан артықты мақсат етпеу осындай кәсіпқой көзқарастың айғағы болып табылады.

Әдебиет пен көркем өнер бүгінгі дамуға аса зор үлес қоса алады. Ондай ықпалға тек әлеуметтік мазмұн мен эстетикалық сапаның кемел жарастығын қамтамасыз ете алған күнде ғана ие болады. Мұндай өрелі міндеттің ойдағыдай жүзеге асуы әр суреткердің өз творчестволық мүмкіндіктерін мейлінше орынды пайдаланып, үздіксіз шыңдай білуіне байланысты.

Өйткені, көркем творчествода іс тағдырын, ең алдымен, суреткер талантының салауаттылығы, оның әлеуметтік, қоғамдық, эстетикалық көзқарасының кемелділігі шешпекші.

1981 жыл.

УРОКИ ПОУЧИТЕЛЬНОГО ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ОПЫТА

*Выступление на заседании круглого стола
о современном романе в городе Тбилиси*

Дорогие коллеги!

Не слишком ли очевидна неувязка между двумя самыми расхожими утверждениями оперативной критики о сегодняшнем состоянии романа?

То она с гордостью и убежденностью отмечает, что роман как доминирующий жанр литературы переживает у нас подлинный расцвет.

То с той же настойчивостью упрекает прозаиков, что наш читатель в определенной степени испытывает дефицит в ярких и масштабных образах героев нашего времени.

Спрашивается, в чем же тогда состоит расцвет отечественного романа, если в нем так мало ярких образов человека наших дней?

Ибо с появлением каждого нового талантливое произведения мы все больше убеждаемся в том, что роман, как и вся литература в целом, укрепляет свою позицию как все-активизирующееся самопознание постоянно меняющегося сверхсложного человеческого общества, что центральный нерв всех этих обновлений он находит, прежде всего, в духовных исканиях своего современника.

Таков многолетний опыт и нашей многонациональной литературы. Сколько значительных образов создано у нас лишь за последнее десятилетие! Разве Никитин и Васильев Ю. Бондарева, Буранный Едигей Ч. Айтматова, герои трилогии Ф. Абрамова, сибирские женщины из повестей В. Распутина, Лосев Д. Гранина, Заболотный О. Гончара, Рамишвили Н. Думбадзе не вызвали активную работу ума и

сердца у наших читателей? По глубине постижения своего времени, по тому, как мастерски точно и тонко выписаны, разве уступают они своим предшественникам — удачам прошлых лет?!

Безусловно, нет! А в чем тогда вопрос?

Вопрос, видимо, в том, что наши критики ждут не просто интересных и значительных образов, а исчерпывающе типичных героев нашего времени. Ведь создавалось же в прошлом немало образов, в которых нашли свое концентрированное выражение целые этапы истории общества.

Да, каждый школьник у нас знает, кто был типичным героем времен гражданской войны, первых пятилеток Великой Отечественной. А сегодня... Разве осмелимся с такой же определенностью ответить на вопрос — кто должен стать наиболее типичным героем нынешней нашей литературы, являющейся самовыражением общества, которое доказало свою зрелость сокружительной победой над фашизмом, грандиозными трудовыми свершениями, четким и мужественным осознанием не только величия достигнутого, но и серьезности ошибок и упущений, глобальных масштабов предстоящих задач, всю сложность и трудность нерешенных проблем?

И тут следует признать, что ни женщины — крестьянки из сибирской деревни, ни рядовой путеец с приаральского полустанка, ни руководитель небольшого городка в Центральной России, ни даже генеральный конструктор космических ракет, ни крупные политические и военные деятели, нередко ныне выдвигаемые на авансцену фильмов и книг, не смогли столь всеобъемлюще раскрыть суть и масштабы своего времени, сколь блестяще справились с этим Чапаев и Корчагин, Давыдов и герои-молодогвардейцы.

Дело, конечно, не в том, что литература не стала интересоваться магистральными проблемами сегодняшнего развития или же в ней перевелись художники большого дарования, чьим талантам по плечу глобальные проблемы бытия. И даже не в том, как не без резона утверждают иные литературоведы, что наше общество оставило позади период гигантских революций и военных катаклизмов, а нынешнее его развитие совпало с «прозаическим состоянием мира», и посему, мол, в литературе лирическое взяло верх над эпическим, повседневность — над героикой, локальность — над масштабностью.

Все это спорно. Спорно хотя бы потому, что сегодняшнему сложному и противоречивому состоянию мира,

наверное, меньше всего подходит это успокоительно-безобидное определение: «прозаическое», Мир — это не только отсутствие военного конфликта между наиболее могущественными державами, мир — это, прежде всего, максимальная гармония между человеческим сознанием и его созиданием. Над человечностью никогда столь устрашающе не висел дамоклов меч подобной всеуничтожающей силы, как ныне. И, разумеется, не совсем уж сладко и беззаботно живется нашему современнику, на какой бы стороне сегодняшних баррикад он ни находился. Высокий накал социальной борьбы в современном мире определяется огромным разрывом между поистине фантастическими космическими взлетами, осуществляемыми творящим разумом, и столь же ошеломляющими нравственными падениями, порожденными ненасытным инстинктом потребительства, непомерной величиной амплитуды нынешних колебаний человеческой совести между умозрительным понятием долга и вполне земной, реальной и конкретной выгодой, альтруистским чувством ответственности и заманчивым искушением обладать, приобретать и присваивать, мучительной борьбой и безмятежным сладострастием, сегодняшним все-разгорающимся аппетитом и заботой о дне завтрашнем, многими другими проявлениями нескончаемой схватки добра и зла, все еще в предостаточной мере наличествующего в обществе и человеке.

В условиях такого драматического состояния мира бурное социальное творчество нашего общества, ничуть не утратило своего бывшего размаха, не сузило своих масштабов, а вступило в новую, еще не достаточно полно осмысленную художественным творчеством полосу. Сегодняшнее наше бытие не так-то просто расчленить на героическое и повседневное, локальное и масштабное. Тут необходим другой подход, другие измерения. Наши крупные художники, наделенные более обостренным социально-философским зрением, сознательно избегают привычных измерений, стремятся по новому осмыслить непростую современную реальность.

В целом, произведения, обозначающие передние рубежи наших сегодняшних творческих поисков, выглядят, по существу, не так уж интимно-лиричными и камерно-локальными. Напротив, они отмечены острой проблематичностью, стремлением к наиболее глубоким и масштабным социально-философским обобщениям. И это естественно. Наша художественная литература, как часть нашей обществен-

ной мысли, являющейся авангардом общественного самопознания человечества, не вправе приукрашивать суровую действительность современности, сглаживать ее все более обостряющийся драматизм, она призвана мобилизовать людей на трезвое осмысление эпохи, учить их жить и действовать осознанно. И отрадно, что наш роман настойчиво идет на усложнение проблематики, драматизм содержания, достигая это не путем «выкручивания сюжета», повышенного внимания ко всяческим экстремальным ситуациям. Вместо многоплановости сюжетных линий — многомерность концептуальной основы, вместо многогеройности — множественность точек зрения на происходящее, вместо героев-носителей «идей» и «проблем», героев непосредственного активного действия — герои, ведущие активный идейно-нравственный поиск, углубленное осмысление своей судьбы и окружающего мира, вместо накала страстей противоборствующих сторон — напряжение бескомпромиссной работы совести, вместо яркости поступков и поведения героя — обостренность его мировосприятия и глубина его переживаний, вместо развернутых описаний — броская деталь, превращающаяся сперва в многозначительную метафору, а потом в своеобразную формулу основной концепции произведения, вместо единства времени, активность и гибкость памяти и фантазии, позволяющие в одинаковой степени заглянуть во все три измерения времени, вместо единства места — сосредоточенность всего происходящего в судьбе одного человека, вместо единства действия — целеустремленность и настойчивость работы сознания действующего лица... Вот какие метаморфозы происходят в современном отечественном романе. Они придают произведению не только емкость и лаконичность, но и эпичность и масштабность. Однако, лаконичность мы иной раз принимаем за локализацию, малогеройность — за камерность. При этом не замечаем бесспорное расширение смыслового пространства, благодаря которому духовная жизнь одного героя может служить ключом к раскрытию сегодняшнего состояния всего мира, а его судьба — постижению истории его народа, а то и всего человечества. Подобное спрессование сюжетных и идейных пластов, стремление к глобальным идейно-концептуальным формулам не приводят к нарочитости, а наоборот, условность помогает здесь увидеть сверхзначительное в обыденном, вечное — в повседневном, лично-масштабное — в рядовом.

И хочется особо отметить, что наши лучшие сегодняш-

болизации доводит читателя до отвращения, раскрывая всю ничтожность деспотического всемогущества, так и Айтматов потрясает душу проникновением в зловещую всеуничтожающую и всеунижающую сущность безrobotного рабства. Манкуртизм, в его интерпретации, — это исчерпывающий символ идейного крепостничества и духовной самоликвидации. Не только от тирании, но и от ее зловещего продукта — оболванивания людей, всеодобряющего головокивательства — гибель всего святого и священного, в том числе высшего достижения человеческой цивилизации — нравственности, даже самого человеческого рода — вот с каким впечатлением закрываешь последнюю страницу романа.

И подобная «духовная одиссея» Едигея в день похорон своего старого друга, как и «одиссея» шекспировского Гамлета, очищает, отрезвляет и заставляет осознать многое, особенно то, что человек и человечество не имеют права ни на минуту остановить борьбу за самосовершенствование, что они призваны не только страшиться «манкуртизма», а окончательно избавиться от него.

Такая высокая материя, о которой когда-то «болела голова» у датского принца, русского графа или же у французского философа — энциклопедиста, ныне стала содержанием активных духовных поисков не только столичного именитого художника, но и простой крестьянки из сибирской глуши, рабочего с маленького степного разъезда.

Вот в чем видят ныне романисты высокий гуманистический смысл социального творчества нашего общества.

Личностное развитие советского человека — вот что исследует и чему служит наша литература.

В этом — ныне масштабность и эпичность советского романа.

В этом — значительность создаваемых им человеческих образов.

Судьба литературного героя — не только как пример для подражания, но и как урок поучительного человеческого опыта, высокоэффективна и в глубинном освоении действительности, и в познании общественного бытия.

Вот в чем, на наш взгляд, убеждают находки отечественного романа последних лет.

Спасибо за внимание.

Ноябрь, 1980 год.

ние романы эпичны и масштабны не за счет многоплановости и многопроблемности, а за счет личностной масштабности своих героев. Масштабность героя не всегда определяется тем, чего он достиг, а чаще всего тем, что он преодолел за свою «романную жизнь». А все, что происходит с человеком, не всегда локально и интимно. Разве то, что происходит, например, с чабаном Коспаном, героем романа «Буран» Т. Ахтанова, касается лишь его одного? Этот скромный труженик из-за своей смиренности ставший безотказным орудием в руках карьериста Касболата, ценой огромных потерь поднимается до бунта против своего духовного поработителя. Не жить человеку со склоненной головой, иначе ему никогда не добиться своего, не познать подлинно человеческого счастья — вот к какому выводу приходит Коспан.

«Для веселия планета наша мало оборудована. Надо вырвать радость у грядущих дней», — сказал в свое время поэт. «Даже на более оборудованной для счастья части планеты стать счастливым нелегко, если не обрел свою твердую жизненную позицию», — говорим ныне мы. Значительность личности сегодня определяется по ее жизненной позиции, по тому, насколько значительна проблема, с которой она живет. Автоматизм существования — вот против чего восстает вышеназванный роман, написанный еще в 60-х годах. Эта тема стала преобладающей не только в современных, но и в исторических романах наших дней. Не потребностью этнического самопознания, а глубокой заинтересованностью наших современников в постижении решающей роли личностного самосознания и социальной инициативы человека в исторических процессах, рождены исторические полотна Ю. Балтушицса, П. Загребального, А. Нурпеисова, Амирэджиби, Г. Абашидзе, О. Чиладзе, А. Якубова и многих других наших мастеров. О том же самом и роман «Буранный полустанок» Ч. Айтматова. Хоронят человека. Этот сугубо «земной материал» приобретает в романе поистине космический масштаб. Мне знакома эта вставная новелла о манкуртах. В 1969 году журнал «Дружба народов» опубликовал мою повесть «Баллада забытых лет», где данная легенда составляет один из центральных эпизодов. Мотив покушения на чужую память мною использован как крайнее выражение насилия, превращающего и свою и чужую жизнь в абсурд. Айтматов пошел еще дальше. Он не ограничивается осуждением насилия, разоблачает и его порождение — рабство. Как Маркес путем гипер-

ВСЕРОДНЯЩАЯ СИЛА СЛОВА

Наши наблюдательные предки давно и верно заметили, что кони сторонятся друг друга до той поры, пока один из них не заржет, а люди — пока кто-нибудь из них не заговорит.

Цепкая память поколений донесла эту бесхитростную житейскую истину до наших дней тем самым она позаботилась, чтобы род людской никогда не забывал о взаимной зависимости друг от друга, необходимости неустанного совершенствования согласованности их действия, решающей роли общения в претворении этого в жизнь.

Нам сегодня вдвойне важно помнить это. Ибо взаимозависимость людей в современном мире приобрела всеобъемлющий и всерешающий характер, что обусловлено всеглобализирующимся масштабом нависающей над ними реальной угрозы.

В подобной гнетущей атмосфере человечество оказывается не впервые. Тем не менее им не сделан соответствующий вывод. Более того, на сей раз в такой тупик завело его не бессилие, как бывало раньше, а всемогущество, поставившее его, в буквальном смысле слова, на опасную грань окончательного исчезновения из этого необъятного мира, на изучение и освоение которого им потрачено столь колоссальное усердие.

Это, естественно, наводит на грустные размышления, что познание людьми окружающей среды значительно превосходит по глубине и обстоятельности их же представления о самих себе, об их многомиллионном сообществе, имя которому человечество. Виною здесь, видимо, то, что иной раз люди попросту путали освоение мира с мошенническим присвоением всего, что первым бросилось им в глаза на белом свете.

Именно это приучило людей видеть во всем том, что на нем самих не похоже, — жертву из всеразгорающегося аппетита, а в том, что похоже, — своих потенциальных конкурентов то, не следует допускать к тому, что им самим уже приглянулось.

Как раз этим вызвано сначала деление людей на «своих» и «чужих», а потом и их безудержное взаимоистязание.

Как раз таким последовательным доминированием подобного своекорыстного отношения к миру порожден и самый позорный порок человечества — культ оружия.

Низменный инстинкт раболепия перед оружием, выработанный очевидным бессилием наших пещерных предков перед огромной и непостижимой природой, оказался настолько живучий, что и поныне не сдал своих позиций в человеческом сознании.

Еще не перевелись люди, для которых главный измеритель прогресса цивилизации — убойная сила оружия, при помощи которого можно было бы сделать чужое своим. Для них многострадальная история человечества — это, прежде всего, бесконечная возня вокруг того, кому должен достаться жирный кусок при дележе богатств между сильными мира сего. Их, конечно же, больше всего волнует одно — если подобное было позволительно вчерашним и позавчерашним всемогущим, то с какой стати это вдруг делается предосудительным для них же сегодняшних последователей. Тем более полагают они, что в их руках оружие, о котором их корыстные предшественники не смели даже мечтать. При этом они, разумеется, не принимают в расчет такой «пустяк», как фактор времени. Им словно невдомек, что если не в очень-то далеком прошлом маньякам их же калибра в пылу одурманивания от ошеломляющей мощи новоизобретенного оружия вполне удавалось в кратчайший срок превращать целые нации в отъявленные разбойничьи шайки и ценой их попорченной чести и пролитой крови бессовестно прикарманивать чужие территории и добро, то ныне такое стало уже практически невозможным по той простой причине, что тоже не так давно, но несомненно, безвозвратно ушло время, когда война для одних оказывалась бедой, а для других — счастьем. Их также невдомек, что в такого рода необратимой метаморфозе виновата как раз хваленая убойная сила нынешнего разбойничьего «кинжала». Он, этот многомегатонный ядерный «меч», не осчастливит никого — ни, разумеется, ограбленного,

ни его грабителя. В силу этого война исчерпала себя даже как средство грабежа. В самом деле, о какой выгоде может идти речь, если даже не известно, уцелеет ли в случае ядерной катастрофы наша планета вообще, не говоря о целостности о сохранности несгораемых ящиков с ценными бумагами.

Не слишком ли мы тут драматизируем ситуацию, которая ныне угрожает и человечеству, и миру?!

Да, столь мрачная палитра в описании нынешнего миросостояния не по душе апологетам войны.

Да, подкупающе сладкозвучны их песнопения о возможных победах «ограниченной» ядерной войны.

Как любовная серенада, ласкает из слух вдохновенная пентагоновская характеристика новых нейтронных «чудобомб».

Однако, и они не всегда прибегают к подобному благозвучию в оценке сегодняшней международной ситуации.

И здесь они как заправские жонглеры манипулируют самыми взаимоисключающими категориями. Усыпление гедонистически обывателей из «общества потребления» радужными иллюзиями о выгодах так называемых «ограниченных» ядерных налетов в стан врага ничуть не мешает им еще пуще устрашать своих слабонервных сограждан мифической «чужой угрозой».

Словом, девиз их «миролюбивой» пропаганды: бойтесь не бомб и ракет, а людей, живущих под другими флагами в других странах и континентах.

Вершиной современной политической мудрости стала циничная формулировка: «Наша цель — с помощью устрашения предотвратить любую войну».

Да, трудно отказать подобного рода политикам и искусстве словесной эквилибристики!..

Чтобы максимально реализовать миротворческий потенциал страха, надо максимально пополнить грозный арсенал всеожжжения — вот логическое обоснование премудрых концепций «равновесия страха», «эскалации сил устрашения». Мир ценой страха... Страх во имя мира... Выходит, что единственно надежная гарантия сохранения мира — всеобщий и всепарализирующий страх. Стало быть, чем всеистребляюще грозное оружие, тем запуганнее люди, чем запуганнее люди, тем больше борются народы друг за друга, тем меньше опасность войны. Короче, чем острее конфронтация народов, тем прочнее позиция мира на земле. Что может быть кощунственное

этого! С каких пор взаимная ненависть народов и всеобщий страх стал считаться синонимом всеобщего мира?!

К счастью, человечество еще не дошло до такого беспросветного умопомрачения, чтобы всеобщее оцепенение в ужасе ожидания всеиспепеляющего взрыва принять за мир, а радиоактивную пыль над дотла сгоревшей планетой — за победу.

И не надо быть особо принципиальным, чтобы догадаться, что в каком бы количестве не выпускать новые бомбы и ракеты, где бы они не размещались, куда бы ни были нацелены, у них одна мишень, и она — не какое-либо определенное государство, а все человечество, вся наша планета. И это лишило агрессоров избитого, пущенного в ход еще в геббельсовские времена и, несмотря на это, до сих пор не снятого с вооружения, демагогического «оправдания»: «Если мы их не уничтожим, нас». В нынешних условиях куда ни размахнешься кулаком, обязательно разобьешь себе нос. И дело не только в этом. Самое главное, подобная «драка» для истории может обернуться уже концом всего.

Время неумолимо, оно во всей остроте и серьезности поставило перед землянами поистине гамлетовский вопрос: быть или не быть — либо научиться жить на одной планете без войн, либо по-прежнему продолжать оставаться в плену устоявшихся понятий и принципов, тем самым безропотно ожидать страшного дня коллективного самосожжения на всемирном термоядерном костре.

В этом и заключен предельно напряженный драматизм наших дней.

И тут, разумеется, пресловутое «равновесие страха» не может стимулировать его скорого и благоразумного разрешения.

История подсказывает другое. Степень важности проблем возникавших на разных трудных поворотах пройденного нами тернистого пути соответственно определила и масштаб координации усилий человечества, направленных на преодоление. Так рождались этнические, классовые и другие консолидации прошлого. Сверхглобальность современной драмы требует объединения сил не только определенной его части, а всего целого человечества.

Ибо Тарас Шевченко — это явление, которое в одно и то же время и сугубо национальное, и широко всемирное. Это как раз от того, что он во всем исходил из своего собственного опыта, до предела испытавшего всеприходящее человеческому роду страдания и лишения. А этот опыт, в свою очередь исходит из всецелого служения своему народу, старания как можно полно и глубоко постигнуть смысл им же пережитого и перевиденного. Душа не всякого, а именно такого поэта принадлежит всем, всему человечеству. Кабы в мире нет, наверное, никого, который бы не желал себя счастья, а народу своему свободу. А тому, кто ратует за это, не может быть ничего дороже, чем мир и согласие, свет радости и счастья на глазах у каждого живущего на этом еще не достигшем своего совершенства подлунном мире. И нынешнее всеинтересующее духовное единение есть самый достойный памятник Козарю. Хотя бы потому, что нет лучше памятника поэту чем исполнение его сокровенных мечтаний и желаний.

Именно такую же благородную цель преследуют и Шеченковские Дни поэзии, являющиеся подлинным праздником дружбы народов, духовного родства литератур, крепнущих связей писателей двух республик, всенарод-

ной любви и признания не только к творчеству великого поэта но и его наставнице и наследнице — украинской литературе. А эта великая литература, восходящая своими традициями к истокам возникновения художественной мысли в Киевской Руси, славянской письменности, к древнейшему летописному своду «Повесть временных лет», «Поучению» Владимира Мономаха, «Слово о полку Игореве» — и другим многим жемчужинам словесности нашего многоязычного Отечества, не раз осчастливившая прогрессивную свободолобивую и правдолюбивую мысль поистине самоотверженными борцами за всемирную справедливость и общечеловеческое счастья, внесла и вносит весомый вклад и в умножение духовного потенциала нашего многонационального общества. Она никогда не отступала от шевченковских принципов этического и эстетического максимализма, предельно правдивого отображения прошлой и нынешней действительности, бережного отношения к народным истокам, непримиримости к идейному крепостничеству и раболепию перед чужеземными образцами, диктату тайного и явного империализма. Даже в годы застоя, так пагубно воздействовавших на художественное творчество, украинские мастера не изменили глубоко гуманистическим и демократическим традициям родной культуры. Трибуну нынешней гласности нельзя представить без страстных, глубоко выстраданных остропроблемных писательских слов Юрия Мушкетика, Ивана Драча, Романа Иванчука, Юрия Сердюка и других наших дорогих гостей, представляющих все поколения ныне активно работающих украинских литераторов. Не выходя из состояния запущенного духовного застоя, а еще большего обновления и духовного возрождения испытывает ныне многожанровая украинская литература. Одной из сильных сторон ее, является подлинный интернационализм, живой интерес к жизни братских народов, братских литератур, преследующий цель не поверхностного подражания или копирования, а основательной сверки своих поисков с опытом других. Никогда вне поля ее зрения не был и наш народ, и наша литература. Все достойное в обеих литературах давно стало достоянием читателей наших республик.

Думаем, нынешний праздник литературы придаст этому новый импульс. Только правдивое слово сближает людей и народы, дезактивизирует землю, от радиации межгосударственной вражды и межэтнической неприяз-

ни, очищает мир от вредного отравления бездуховностью и вещиизмом, карьеризмом и чиновпочитанием, нравственной безликостью, социальной инфантильностью, и многими другими жизнепагубными явлениями, не заметно захлапившими его в условиях нынешнего всеместного поклонения перед силой и выгодой, освежает его кислородом неотступного стремления к справедливости и благородству во всем.

Это — наша общая задача, общая забота. Она требует совместных усилий, совместного обмозгования, совместных действий. И мы здесь находясь на родине шевченковского подвига, решительно разорвав оковы людских предвзятостей, с открытым сердцем принявшего чужую боль и страдания как свои, обретем тут новый заряд гражданственности, мужественнее возьмемся словом и делом за принципиальное обновление всего, еще большего облагораживания климата в нашем общесоветском доме. Правда и доброе слово призваны служить объединению, а не разъединению людей и народов. Не взаимные упреки и запоздалые претензии, а более чуткое, чем прежде внимание, более глубокое, чем прежде постижение друг друга укрепляет наше единство. Как новый не обременительный по весу, более прочный по качеству, сплав, вобравший в себя все лучшие качества металлов, поднял нас в космическую высь, так и объединившее в себе все лучшее у всех народов, новое сознание возвысит нас на небывалую высоту духовного возрождения и социального преобразования!

Добро пожаловать, новых творческих радостей вам, дорогие наши гости!

Всего наилучшего Вам!

Май, 1988 год.

ДОСТОЙНЫЙ ПАМЯТНИК ГЕНИЮ – МИР И СОГЛАСИЕ

Речь на митинге

*в г. Форт-Шевченко, посвященном открытию
Шевченковских Дней поэзии в Казахстане*

Дорогие наши гости!

Поистине мощным всплеском безмерной радости и любви давно соединенных душ и сердец наших народов шагнул на необъятные казахстанские просторы праздник украинской литературы. Не случайно он стартует именно отсюда. Для этих песчаных берегов и кряжистых гор, для этого, возможно, неказистого, но славного своей историей города, для этих разноплеменных и разноязычных, но одинаково глубоко и горячо влюбленных в бессмертное имя и творения Великого Кобзаря, людей, сегодняшняя наша встреча — встреча желанная и долгожданная. Ее здесь ждали целых сто тридцать восемь лет, с того самого пасмурного октябрьского дня, когда в Караганской бухте после трехдневной болтанки над каспийской бездной, особо беспокойной и утрюмой осенью, пришвартовала почтовая лодка хорунжего Ереклинцева со странным пассажиром на борту.

Да, не молочные реки и кисельные берега встречали тут рядового ленейного Оренбургского батальона № 1 Тараса Шевченко, сосланного сюда из-за непослушания высочайшему воспрещению писать и рисовать. Да настоящая неволя на настоящей чужбине, как жестокая аммуниция штрафного солдата, всю обуяла его тут. Ему пришлось сполна пережить здесь не просто «мрачную монотонную десятилетнюю драму», как не раз он подчеркивал в своих дневниках и письмах, а целую вереницу

всякого рода унижений и поручений, не исповедимое горе и лютое одиночество, истинное великомученичество, выпадавшее прежде на долю разве только библейских пророков. Поэтому нет ничего удивительного в том, что через два года пребывания здесь с горечью он пишет «В этой широкой пустыне мне тесно, я один... Смотри на эту безжизненность, такая тоска одолевает, что сам не знаешь, что с собой делать...» Но нет также ничего не понятного и в том, что через пять лет он уже отзывается по-другому: «О, какие пресные, светлые, отрадные воспоминания в это время пролетели над моей головой!» И приводит как пример свой «каратавский поход», который по его словам, у него навсегда «останется в памяти», восторгается здешней лунной, тихой, волшебной ночью, нигде четко и ясно как в этой глуши раскрываемой невыразимой гармонией этого бесконечного мироиздания и за месяц до своего освобождения от глубины души благодарит создателя, что он не допустил тут ужасному опыту коснуться своими железными когтями его убеждений, его младенческих светлых верований и подчеркивает, что некоторые вещи здесь «просветлели, округлились, приняли более естественный размер и образ».

Что это? Быстрая сменяемость самых противоположных настроений у легко ранимых сверхчувствительных людей, к которым он мог относиться и как поэт, и как художник, и как просто смертный с очевидной трудной судьбой? Или что-то сверх неожиданное произошло за этот промежуток времени? Нет, ничего подобного! Ничуть не смягчился ни свирепый каторжный режим, ни невыносимо суровый климат этого, по его словам, богом проклятого края. Тогда откуда такое просветление в его душе? Нет, не суровый климат, не лишения солдатчины, а горькие по-прежнему, думы об обездоленных, о так явствующей повсюду несправедливости к «работающим умам, работающим рукам» одолели его. И тут донесся до его слуха рев и стон. Но на сей раз не широкого Днепра, оставшегося за три девять земель, а распростиравшейся под боком безмолвной только на вид степной шири. «Около кибиток играли с козлятами нагие смуглые дети, визжали в кибитках женщины, должно быть ругались, а за аулом мужчины творили свой намаз перед закатом солнца. Вечер был тихий, светлый... Возвращаясь на огород, набрел я на тропинку, на уже засохшей грязи, которой видны были отпечатки миниатюрных детских ножек... Я любовался и следил за этим крошечным следом ребенка, пока он не исчез в степной пыли вме-

сте с тропинкой». Разве можно прочесть эти строки без волнения?! Такое не мог увидеть равнодушный созерцатель. Такое мог пережить только родной человек. Это трогательное умиление отпечатанным не давно засхошей грязи крошечным детским следом вывело его на столбовую дорогу глубокого постижения окружающей его новой духовной среды. «Они по ночам жгут бараний жир над покойниками, а днем наливают воду в ту самую плошку, где ночью жир горел, для того, чтобы птичка напилась и помолилась богу за душу любимого покойника. Не правда ли поэтическое поверье», — восхищается он. Да, с особой нежностью и глубокой любовью он проникся в не всем очевидные прелести детской природы, не всякому уму постижимые тайны, так сказать здешних «пепелищ и гробов». Свидетельство тому — многочисленные записи в дневниках, этюды, рисунки, картины, наброски. Они все проникнуты нежностью брата, искренним восхищением поэта, болью и состраданием подлинного гуманиста. Самое огорчительное то, что они могли бы быть еще большими в количественном отношении, основательными и скурпулезными в исполнении. Но, увы! Как крик души звучат строки из его письма В. Репкину в Орск: «Предыдущие мои страдания, в сравнении с настоящими, были детские слезы: горько, невыносимо горько! И при всем этом горе мне строжайше запрещено рисовать... а здесь так много нового, киргизы так живописны, так оригинальны и наивны сами просятся под карандаш, и я одуреваю, когда смотрю на них... Какой стройный народ! Какие прекрасные головы! (чистое кавказское племя) и постоянная важность, без малейшей гордости. Если бы мне можно рисовать, сколько бы я сам прислал новых и оригинальных рисунков. Но что делать! А смотреть и не рисовать — это такая мука, которую поймет один только истинный художник». Сколько шедевров погибло так и не увидев свет. Но даже то, что им создано дает нам полное право, чтобы его назвать своим родным поэтом и художником, первым цивилизованным выразителем сокровенных дум и чаяний обитателей здешних бескрайних степей!

Каким бы богом проклятым не был этот край, он давно притягивал к себе внимание всех четырех сторон света. Немало русских, английских, французских, немецких, венгерских, арабских, персидских фамилий можно встретить среди его исследователей. Немало золотопогонных воротил российской империи связали свое имя с этой пустынной глушью. Даже сам Петр I удостаивался золотой

медалью французской академии за ландкарты здешних мест. Мундир не одного сановитого спеца Генштаба и прочих высокочтимых заведений пачкала здешняя пыль. Но никому, кроме ссыльного рядового Тараса Шевченко, не удалось увековечить тут свое имя. Не властью и силой, а искренним сочувствием и состраданием, оказывается, покоряют сердца. Прочие высокочтитованные исследователи были рады открытию несметных богатства, лежащих в недрах этого края, а лишь поэт и художник Шевченко возвестил миру, что и тут обитает народ, который как все стремится к свободе, справедливости, к дружбе со всеми честными и добрыми людьми на свете. Потому и он для этих мест явился настоящим правовестником идей свободы и дружбы, навсегда нашел тут вторую родину. Именно здесь начался путь его полный скорбью и страданием, печалью и мечтой всех, кто не взирая на разницу языка, рассы и вероисповедания одинаково жаждет правды и справедливости. И вот сегодня мы, разноязычные и разноплеменные поклонники, его исполинского таланта, собрались здесь,, чтобы, как им завещано в нашей «семье великой, в семье вольной, новой» помянуть его «добрым, тихим словом».

Пока люди способны еще любить и горевать, мечтать и созидать, не дадут забвению того, кто даже в темном царстве насилия не боялся «нелживыми устами вещать лишь правду».

Значит никогда не заростет народная тропа, ведущая к памятнику Великому Кобзарю, все величественнее с каждым годом возносящегося на мировом поэтическом пантеоне. Нет лучше памятника поэту, чем исполнение его сокровенных мечтаний и желаний.

Самый достойный памятник Кобзарю — это: мир и согласие, поиск и созидание, свет радости и счастья на глазах у каждого живущего в этом прекрасном и яростном подлунном мире.

Раз так, то давайте все мы своими добрыми делами и помыслами еще выше поднимем этот давно воздвигнутый в сердцах миллионов недосягаемый монумент в честь великого гуманиста, гениального поэта, художника, отважного борца-гражданина.

Май, 1988 г.

ҚАЛТҚЫСЫЗ ШЫНДЫҚ ЖЫРШЫСЫ

Бәрі күні кешегідей әлі... Гоголь мен Сейфуллин көшелерінің қиылысқан мүйісіндегі «Автомобилистер үйінің» қабатындағы терезесі терістікке қараған түпкі кабинет лық толы түбіт иек жастар. Бәрінің көзі орнынан баяу көтерілген қапсағай ақсары бала жігітте. Ол құс тұмсығын ақ қағазға қара сиямен бадырайта жазған өлең жолдарына аудары беріп, тамағын бір кенеп алды. Тұлғатұрысының бәрі жұқалтақ көрінгенмен, дауысы жуан екен.

Жә, әңгіме басынан болсын... Университеттегі әдеби үйірмеде Мұхтар Әуезовтың жас ақындар жайларындағы ойын айтқызып, Ғабиден Мұстафин мен Зейін Шашкиннің, Әбдіжәмил Нұрпейісовтің өздерін шақырып, жаңа романдарын талқылап, Ғабит Мүсіреповтің Италия, Франция әсерлерін ортаға салғызып, әдеби пікір таласына біршама отығып қалған біздер оқу бітіріп, қызметке орналасқан соң да, бет-бетімізге бытырап кетпей, «Лениншіл жастың» жанынан жас қаламгерлердің бірлестігін құрдық. Дауласуы көп болса да, жауласуы жоқ, талқысы көп болғанмен, тартысы жоқ сол дәуренде қай-қайсымыз да жаңа бірдеңе бітірсек, былайғылардың пікірін білгіміз кеп, жиынға жүгіруші ек. Ол «мен жүре тұрайын, былайғылар тұра тұрсынның» әлі үрдіске еніп, қанға сіңе қоймаған кезі. Сол сәтті нәрсеге бәріміз қуанушы ек, сәті түспегенді табаламаушы ек. Сондықтан да жұрт талқыдан қашпайтын.

Сондай үрдіске алғаш жол салған қаламгер — ол кездегі жас ақын Оразбек Сәрсенбаев та, туынды — оның «1961» атты поэмасы еді. Атышулы алпысыншы жылдары елді ең көп дуылдатқан даулы шығарма. Бастан-аяқ ақ өлеңмен жазулы да, жаңа тарихтың трагедиялық қатпарларын ашуға талпынуы да талай құлаққа тосын естіліп,

талай көкірекке түрпідей тиді. «Бұл не қылған автор?», «Бұл не қылған дастан?» — деп үркесоқ басталған кірпияз әңгіме келе-келе дәстүр мен жаңашылдық, түр мен мазмұн, қазақ романы мен поэмасының жанрлық табиғаты, өмірлік шындық пен көркем шындықтың арақатынасы, көркем творчестводағы азаматтық серпін мен философиялық пайым проблемалары жайындағы келелі пікірталасына айналды. Кім біліпті, қазір қайта оқысаң, бүгін таңдағы поэзия деңгейінен қарағанда, бәлкім қораш та шығар; бірақ сол бір шынайы сыр төккен шыншыл балаң дастан ба-тылдығымен, тосындығымен назар аударды; көп көкіректе көптен қордаланып жатқан күдік пен күмәннің, болжам мен пайымның әбден тығындалып қалған тиегін ағытты да жіберді. Қоғамдық дамудың жаңа кезеңіне аяқ басып отырған ұлттық әдебиеттің ендігі аяқ алысы қандай болу керек деген өрелі әңгіме содан өрбіді. «1961» дастаны сонысымен көп жұрттың есінде қалды. Оразбек Сәрсенбаев әуелі сол дастанмен жұрт назарына ілікті.

Одан бері де ширек ғасырдан астам белес жатыр...

Оразбек Сәрсенбаевтың жазғандары талай-талай қора-қопсысын пәрменді уақыттың кездейсоқ қарғын-селі шай-ып әкетіп жатқан қазіргі әдебиетіміздің қара орман ауылында өз орынынан тапжылмай табыла алып тұрған санаулылар санатында.

Мұндай орнықтылықтың түп құпиясы тыңғылықты еңбекте. Оразбек бала жасынан жер еміп, су жетелеген дихан өңірде күн кешті. Дүниеде дихан еңбегіндей жанқияр еңбек, дихан ырысындай адал ырзық, дихан мерейіндей әділ мерей бар дейсің бе? Диханның еңбегін төзім жандырып, диханның бағын тынымсыз қарекет ашады. Дихан іштен бұлтарып мәреге жете алмайды, белден басып бақ асыра алмайды. Ол бабымен қимылдап, жөнімен қарекет қылады. Онсыз желкілдеп өсіп келе жатқан өскіннің тілін табу мүмкін емес. Өскіннің бой салысынан биылғы жылдың берекесін, көк торлаған бұлттан алдағы күздің ырзығын тілеп, тірек ету үшін ақылды ашуға, үмітті күдікке, сабырды шыдамсыздыққа жеңдірмей, тәуекелді таяныш ете білер тақуа пейіл, қайсар парасат керек. Шындықтың бетіне тура қарап, қиындықтан тайсалмай сөйлесе алар өрлік керек. Өрлік түбі — ерлік дер болсақ, ерлік түбі — шындық. Өнердегі табандылық — шындық алдындағы адалдық.

О. Сәрсенбаев прозасында сондай табанды темперамент, қайсар шындық, төзімді үміт барша табиғатымен

жарқырап көрінеді. Сондықтан да оның оптимизмге толы әңгіме, повестерінде даңғаза дарақылық жоқ. Шындықтың бетіне тайсалмай қарағанмен белден басар әулекілік, беттен тырнар әумесерлік жоқ. Шыншылдықты табашылдыққа, сыншылдықты сыпыра балағаттайтын нағашылдыққа айналдырмайды. Оның кешегі жылдарда жариялаған әңгіме-повестерін қайта бір сүзіп қараңызшы! Сол кездегі қай індет, қай қырсық қағыс қалыпты? Ешқайсысы да! Билігім бар деп баса-көктейтін озбырлық та, қолда барда дәурендеп қалайық дейтін тайыздық та, кітаптың өзін сән үшін жиып, бәсеке үшін оқитын дарақылық та, жалған көрсеткіш жолында неден де тайынбайтын баққұмарлық та, қатардан қалмайын деген далбасамен ғылым қуғансып, өнер қуғансып, туған әкенің ықыласы мен дос-жаранның көңілін аяққа басуға бар нәрсеге кергіп шыға келер рухани желбуаздық та, қараулық та, дүмшелік те, көрсеқызарлық та, қор көңіл көреалмастық, жолдағыны жаншымай, қапталдағыны қақшымай өте алмайтын нәпсіқұмарлық та — бәрі де аңғарымпаз суреткердің қолынан бәрімізді ойлантар, бәрімізді толғантар шынайы драмалық, тіпті шынайы трагедиялық көрініс тапты. Соның бәрінің ар жағынан айызы қанып, азуын қайшылаған таба емес, тәрк болған пәк ниет, адал көңіл, асқақ мұраттарға деген шын өкініш, шын аза мен мұңдалап тұрды. Бұл — нағыз гуманист суреткердің, демократияшыл өнердің бұлжымас қағидасы. Суреткер прокурор емес. Ол күнәкардың өзін жазғырса да, жазаға қимайды. Өйткені, творчество өш алу үшін емес, өкініш ояту үшін, есеп айырысып, есе қайтару үшін емес, ес жиғызу үшін жаралған. Өнер онысынан айрылса, адамдардың жанашыры емес жаналарына айналады. Ең ұнамсыз кейіпкеріңнің өзі — өз халқың мен өз дәуіріңнің бір кескіні. Зығырданыңды қайнатқан бір жексұрын құбылысының көрінісі. Ондайын кешпесең кешпе, бірақ, келеке етпе! Ондайына арлансаң арлан, бірақ көлегейлеме! Халқыңның бойындағы кемістікті жасырма, дәуіріңнің келбетіндегі қиянатты қымтама! Бәрін де ашық айтып, ашып көрсет. Бірақ, оған оқушың рахаттанбай, ызаланатын болсын. Сонда ғана көркем творчество санаға ықпал ете алып, заманның жаңаруы мен адамның шыңдалуына қызмет ете алады. Ал өз-өзіне күпсіп, көңілі бітіп жүруді құптайтын күпілдек шығармалар да, ауызын қу шөппен сүртіп қуырылып отыра-

тын біржақты қазымыр шығармалар да, рухани кемелденуге қызмет ете алмайды. Рухани кемелділікке парасат жол басшы өлермендік те, өз-өзінен мәз болып, сәл болмақ. Ал парасаттың шындыққа жала жабуға да, жабуды жаба тоқуға да қарсы болары өз-өзінен белгілі. О. Сәрсенбаев шыншылдығы — сезімді ұшқырлап, парасатыңды орнықтыра түсер ұстамды да уытты шыншылдық. Оның қазіргі тоғышар ауылды, тоқмейіл қауымды сынаған шығармаларының өзінен адамға деген мейірім ұшқындап тұрады. Ол аузымен құс тістегендерді дәріптеуге құштар емес, өмірдегі біреу елеп, біреу елей бермейтін қарапайым жандардың қарабайыр тірлігін, қарабайыр тірліктегі біреудің ала жібін аттамайтын қарабайыр адалдығын, қарабайыр шыншылдығын, қарабайыр ерлігін жырлайды... Олардың ерлігі де, адалдығы да, шыншылдығы да сондай табиғи... Олар бір кезде екінің бірінің қолынан келген, қазір екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиеттер... Сол арқылы О. Сәрсенбаев біздің ылғи өрге шапшып, асқаққа ұмтылып тұратын асау замандастарымызды ең әуелі инабаттылыққа, жөніне жүріп, жөнінен тұра білер жөндемділікке, тек сол арқылы ғана жүзеге асатын адамгершілік пен ізгілікке үндейді. Оның ең идеал кейіпкері — қарапайым, момын, қара қылды қақ жаратын адал дихан. Оның жырлайтын ең үлкен ерлігі — адал адамның адалдықтан көруге тиіс тауқыметтерге тапжылмай төзе білгені. Сондықтан да оның ең оптимистік шығармаларының өзінен жүрек шымырлатар мұң лебі еседі. Новеллист Сәрсенбаев орыс әдебиетіндегі Чеховқа тән сезімтал қарапайымдылық пен қазақ әдебиетіндегі Майлинге тән ұғымтал қарабайырлықты бірдей өнеге тұтады. Терең ой айту үшін төтен гәп айту, кемел шындық таныту үшін кеңгер характер жасау міндет деп білмейді. Өмірді өз қалпында жеткізе білген суреткер шындықты да шыннайы қалпында қамти біледі деп ұғады. Бәлкім оның бұндай суреткерлік позициясын бәр-бәріміздің құптауымыз міндет болмас. Бірақ оның дұрыстығын ол өз творчествосымен дәлелдеп келеді.

О. Сәрсенбаевтың қалтқысыз шындықтың суреткері екені рас. Бірақ қалтқысыз шындықтың да қат-қабат қатпары болары, сол қатпарларға батыл бойлаған сайын болмыс шындығы терең ашылып, қапысыз қамтыла түсері хақ. Бұл ретте жазушының әлі де ойланар тұстары баршылық. Ол бүгінгі оқушы өз санасы мен дүние-

танымындағы драматизм кернеуін өнер шығармасынан да іздемей тұра алмайтынына көбірек көңіл бөлгені дұрыс. Бұны жазушының жаңа жариялата бастаған кесек туындысынан да байқауға болады. Шағын жанрға машықтанған шебер суреткер көлемді туындыға кесек характермен қоса кескекті драма керек екендігін дұрыс байқаған. Оның жаңа кейіпкері — өнер адамы... Өнерді де еңбек деп ұққан ол өз мақсатына табандылықпен ұмтылып, тайсалмай күреске түседі...

О. Сәрсенбаевтың шын еңселі биігі енді бой көрсеткендей.

Өнермен де, өмірімен де бүгінгі көлікті көшіміздің шаңырақ артар сары атанындай орнықты мінез танытып келе жатқан салихалы суреткерге айтарымыз: қарқыныңнан танба, бағытыңнан тайма!

ШАБЫТТЫҢ ШАЛҚАР ӨРІСІ

Жазушының жан сыры

Әбіш аға!..

Біздің Қазақстан Жазушылар одағының көнбіс мінберіне кім көтерілмесін (ол классик пе, халтурщик пе — бәрібір), соның бәрі төл әдебиетіміздің «төзгісіз хәлін» қалай жақсарту қажеттігі хақында қабырғасын қайыстыра, бұғанасын майыстыра тұрып мәселе қозғайды. Оң қарағанда — қай-қайсының да осалы жоқтай... Алайда осынау тағдырын қаламға артқан қасиетті хас Өнердің талайын қашанда таптаурын трибуна емес, айыкүні бітіп, толғағы жеткен шабыттың тәңір анасы — жазу столы шешпей ме?..

— Солайы солай ғой, Иранбек. Бірақ мінбеде бәріміз желдей есіп тұрғанмен, өнерде олай емеспіз ғой. Содан келеді де, қысыр сөздің құдайы береді. Ондай жағдайда күллі әңгіме азын-аулақ қабілеттілердің төңірегінде өрбиді. Сырттарынан әрі итеріп, бері жыққанға олар да шыдай алмайды. Білектерін сыбанып, бейпіл ауыздар тұтатқан қикілжіңге олар да қойып кетеді. Сөйтіп «жаза алатындар» да, «жаза алмайтындар» да «жазбайтындарға» айналды. Сосын қай жазбайтынның дұрыс, қай жазбайтынның бұрыс сөйлегенінен әдебиетке келер-кетер не бар?! Осындай қосақ арасында бос жүріп-ақ пайда тауып үйренгендер кез-келген принципті әңгіменің артын кімнің кім екенін ажырата алмайтындай, «ақтүйбасқа» айналдырып жіберіп, жұрттың бәрін де жәй әншейін қара көбейтіп жүрген елтең-селтеңдер қып көрсетуге тырысады.

Қит етсе ауызды қу шөппен сүрте жөнелтетініміз де сондықтан. Бірақ, оның да жөні бар емес пе? Басқасы басқа-ақ болсын! Ал енді қазір ешкімнің таласы жоқ Ма-

қатаев, Нәжімеденов, Айбергенов, Бердияров, Әубәкіров, Сатыбалдиев, Қыдыровтардың талантты мұраларын біреу бізге парашютпен көктен түсіріп кетіп пе еді? Тап өз көз алдымызда, өз ортамызда туған жоқ пе еді?! Егер олардың салармен жарыса еңбек еткен талай ақсақал, қарасақалдың кейбір шығармаларының қолжазбасын бұған дейін оқымасақ, бүгін шаң басқан сары ала архивтен тауып алсақ, таңғалмас па едік, тамсанбас па едік?!

Оның үстіне, әдебиетіміздің профессионалдық деңгейінің жоғарылап, әлеуметтік-философиялық ізденіс ауқымының кеңеюіне шешуші ықпал еткен алпысыншы жылдар лебін тек бір жауып басылған соқыр жауындай өткінші құбылыс көру әбестік. Ол, қажет десеніз, талай қаламгерлердің творчестволық кредосын қалыптастырып үлгерді. Қай буынның да қабілетті өкілдері одан кейін тұрпайы социологияның, догматтық эстетиканың қағидаларының шылауында кетпеуге, шама-шарықтары келгенше өмірлік материал іздеуде де, көркемдік ой жинақтауда соныға талпынуға тырысты. Тоқырау үстінде де дәріптеушілік үшырасты дегенімізбен, әділіне келсек, оған тап баяғы жеке адамға табыну тұсындағыдай жаппай бой алдыра қойғанымыз жоқ.

Уақыт өзгерді екен деп, тапқан-таянғандарымызды тағы да тарих албарынан теуіп шығара бастасақ, одан кеткен тоқырау ұтыла ма, жоқ, келген жаңа бетбұрыс ұтыла ма? Біздіңше, бұрынғымызға да, қазіргімізге де, өлімізге де, тірімізге де бірдей әділ болған жөн. Асығыс қимыл мен артық әңгімеден аузымыз талай күйген. Одан, ең болмаса, өткеннің ойсыраған озбырлығының ойранының орнын қайтадан қалпына келтіруді қолға алып жатқан қазіргідей кезде аулақ болғанымыз дұрыс сияқты,

Әрине, бұдан тоқыраудың бізге еш зияны тимепті деген қорытынды шықпаса керек. Тигенде қандай! Ол жөнінде өз басым сол кездің өзінде-ақ баспасөз бетінде, кейінгі жылдардағы әдеби жиналыстардың талайында пікірімді ашықтан-ашық айтқанмын. Бұл арада айтарым: қоғамымызда тоқыраудың берік орын тебе түсуі салдарынан алпысыншы жылдардағы әлеуметтік батылдық әуелі жасқаншақтыққа, кейін рухани көлгірлікке ұштасты. Бірақ, шындықтың аузы біржола бітеліп қалған жоқ. Мәселен, тоқырау тұсындағы қай жиналыстың да тарихи тақырыпқа бір соқтықпай өтпегенін білеміз. Алайда оның дұрыстап желі тартқан тұсы да сол кезде еді. «Абай жолының» құлағы тынышталмай жатып, күні кеше өздері

теперіш көріп қайтқан Х. Есенжанов, З. Шашкин, І. Есенберлиндер қайта қолға алған бұл бастаманы кейінгі буын өкілдері Ә. Әлімжанов, О. Сүлейменов, Ш. Мұртазаев, С. Жүнісов, Қ. Жұмаділов, М. Мағауин, Д. Досжанов, С. Сматаев, М. Сәрсекеев, С. Санбаев, Қ. Салғариндер жалғастырды. Осының өзі-ақ әдебиеттің бәр-бәр уақытта «әйт-шәйттің» ығында кете бермейтініне куә болғандай. Өйткені, шын талант бағын өрге бастыратын жоғарыдағылардың шарапаты да, төмендегілердің қолпашы да емес, әлгіндей қоғамның өзегін жарып шыққан рухани зәру екенін жақсы түсінеді. Тек сондай өрелі істердің соңына түсуімізге ешкім де, ештеңеге де бөгет бола алмайтындай ахуалды неғұрлым тез орната алсақ, күш-жігер жүйке құртар алыс-жұлыстарға емес, шабыттың шалқар өрісі — жазу столына сарп болар еді.

— Дұрыс делік!... Айтумен — ақын, нұсқаумен — жазушы шықпасын-ақ! Бірақ, кешегі тоқырау кезеңінің тосыннан туғызған тексіз әкімінің тікелей жарлығын пінәжаралған әркімдер қысырдың арда емген тайындай алшаңдап арамызда әлі күнге астамшылық жасап жүр емес пе!

— Бұл арада да бар гәп, кейбіреулер айтып жүргендей, тек бірқатарымыздың айрықша баққұмар, бірқатарымыздың айрықша жанжалқұмар екендігінде емес. Бар гәп — көркем творчествоға партиялар басшылық саясатында, оның сөз жүзінде айтылатын қағидаларының із жүзінде адам танымастай бұрмалануында. Бір қарағанда, суреткер қауымды жеке адамға табынушылықта, тоқырау да көздерінен бір елі таса етпеген сияқты. Бірақ, өнер мүддесін емес, өз мүдделерін көздеп солай етті. Қоғамдық пікірге айрықша ықпалы бар ортаны өз уыстарында ұстау үшін солай етті. Жеке адамға табынушылық творчестволық ортаны да бюрократтандыруды ашық қысым жасау жолымен қамтамасыз еткені белгілі, Ал тоқырау мұнда да бармақ басты, көз қысты саясат жүргізді. Ол үшін бұл бар жағынан тиімді еді. Біріншіден, тек өз тұсындағы емес, өзіңнен кейінгі қоғамдық пікірге ықпал ете алатындай талантты күштердің аузын аласың. Екіншіден, сол арқылы өнердің үлкен жанашыры атанасың. Үшіншіден, біреулері сенің жақсы ықыласыңнан айырылып қалмас үшін, екіншілері сондай ықыласыңнан дәметіп, шырқ үйіріліп, қас-қабағыңа қарайды, Сөйтіп, аузы еркін, басы асау деген суреткерлерді де өз ырқына көндіресің. Төртіншіден, мұндайдан алауыздық туады да, бірін-бірі аңдыған қауымның өз арасынан былайғы сора-

қылықтармен ісі болмайды. Бесіншіден, былайғы жұрт та әлгілердің дау-дамайына назарлары ауып, өз төңірегіндегі келеңсіздіктерді байқай алмай қалады. Алтыншыдан, әлгіндейдің арты насырға шауып жатса, бәрін ел ұстар болады дейтін естиярлардың өзін «осынша ашкөз, іштар жаратқан» өзәзіл табиғаттың өзіне аудара саласың. Әдебиетшілерімізді моральдық, әдебиетімізді творчестволық жағынан жадатып-жүдететін принципсіз кикілжің осылай асқындайды. Қаламының желі бар дейтіндеріміз бір-бірінің сәлеміне өкпелеп, әрқайсысы әр бұрышта күңкілдеп жүргенде, ортадан ойып орын алған ортақолдылық дәурендейді. Критерийлер төмендеп, жаман мен жақсыны ажырата алмастай ахуал орнайды. Сөзден пәтуа, өнерпаздан бедел кетеді. Ол ол ма, табиғатымыздың арып, ара-жігіміздің ашылып, тіпті ырзық айырып жүрген тіл екеш тіліміздің жолы кесіліп, оқырмандардан ада бола жаздағанымызды да байқамай қалуға таяппыз. Үйдегі көжеге таласып отырып, қорадағы қойдан айырылады деген осы.

Жарайды, бұның бәрі кешегі ғой... Ал енді қайтеміз! Енді ес түгендесіп, басымызды шаша түсетін «сұр» бопсалардан тиылып, басымызды қоса түсетін ортақ мақсаттарға жұмылған жөн. Ол үшін өз ортамызда кешегі таласып жүргеніміз бар, жасымыз бар, кәріміз бар — бәріміз бірге отырып пікір алысып, бірге отырып шешімге келе алатындай демократияшыл ахуал орнықтыруымыз керек. Оған бар тараптың да, бар ұрпақтың да, бар жанрдың да ең таланттыларын, ең біліктілерін, ең объектілерін қарастырған жөн. Сонда ғана әркім хал-қадары жеткенше ышқына еңбек ететін талапшылдық, жақсының жерде қалмайтынына сенімнің бекем әділеттілік орнайды. Ал содан кейін де қиғаш тартатындар табылып жатса, халықта да көз бар, көреді ғой. Оған дейінгі «анау анау ғой, мынау мынау ғой» әңгіме басымызды шаша түспесе, қоса қоймайды.

— Әлемдік сана жеткен адами ақыл-ойымыз жетіп, әдеттегі білтелі пенделіктің шоқтана-шоқтана шолақ шығар шектеулі ұғымынан дәйімі шырқау табылып, әулиелік парасат-пайымынан бүкіл болмыстың таудай дүниетанымыға тарыдай болса түйсік тілеп, ел санатына еніп, халық қатарына қосылып жатқандарға не қайран?! Құр күпініп, бос мақтанғаннан мүйіз шығатын болса, ол мүйізіміз әлдеқашан қарағайдай болып, шамадан тыс шарқаяқ мықтылықтың шарасыздықтан туар шартты

заңдылығын жасап, қарайғанды қорқытып, зорайғанды үркітер еді... Осы райда айтпағым — кешегі аты өшкір ақтаңдақ жылдары репрессияға ұшырап, бүгінгі жариялылық, қайта құру шапағаты арқасында ақталып, өмірге екінші мәрте келіп қуантқан Шәкәрім, Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек сынды кемелдеріміздің кенен дүниелері қазақ әдебиетінің алтын қорына қыруар олжа салып отырғандығы. Әдеби-көркемдік деңгейі әрқалай болса да, қай-қайсының болмасын, қай туындысын оқымаңыз, талғам-түйсігінің соншалықты биіктігіне таң қаласыз. Ойы — озық, сөзі — нық, ісі — тындырымды. Бұл кісілер тоқырау жылдарындағы біздерше қара жолдан із кеспей, жан бағып, жалпыға еріп, саясат жасап, жасанды жырлар жазбай, керісінше, кемшін дүниенің көлеңкелі жағына көбірек үңілген сияқты. Халық болайық деп — қанжылап, қарауылға ілініп, ел санатына енейік деп — еңіреп, етегін жасқа толтырғанға ұқсайды. Олардың өмірге-өнерге бұлайша жанды көзқарасы — «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалған» социалистік қоғамның етегінен тартайық деген, жаңалық атаулыдан зәре-құты алмай шошынатын науа әрекеттерінен емес, қайта оның жарық жылдамдығындай шапшаң даму көшінен қалып қоймайық деген, бүгінін қоя тұрып, ертеңінің қамын жейтін қазақы қаракеттерінен туындайтынына қазірде кез-келген оқырманның көзі жетіп, көңілі иланып-ақ қалды... Турасын айтсақ, арада жарты ғасырдай уақыт өтсе де, олар мен біздердің дүниетаным, әдебиеттану деңгейіміз онша алшақ еместей. Көп нәрсемізді түзейміз деп жүріп, күзеп алғандаймыз. Барымызды жоғалтып, жоқтан бар жасауға әуес болып келдік. Содан да болар, кей-кейде ойымыз — орнықсыз, сөзіміз — салмақсыз, ісіміз — ыждағатсыз шығып жатады... Жасыратын не бар, ұзын-ырғасында тірлігіміз — тиянақсыз, тіліміз — шұбар, діліміз — ...

— Бар гәп сол ділде ғой... Бұл мәселе төңірегінде қанша жыл қызыл кеңірдек дау болды? Ол жүйке құртып, бір-бірімізге жеккөрінішті еткеннен басқа не бітірді? Ал: «Әуелі солардың өзі не жазды екен, оқып көрейікші!» — деп, нақты іске кірісіп едік, санаулы айларда әділетті қалпына келтірдік. Болашақта халқымыздың ғасырлар бойы жиып-тергенін тап осылай салихалы сараптар болсақ, тағы да талай олжаға кенелеміз. Совет жылдарында тапқандарымызды да диалектикалық даму тұрғысынан үңіліп, қайта зерделер болсақ,

күпілдек құр мақтанның да, ауызды қу шөппен сүрте жөнелетін байбаламның да әбестік екенін аңғарар ек.

Қайта оралған төртеу іргелі халық үшін талант қанша болса да, көптік етпейтінін, оның аспанындағы самалалар неғұрлым көп болған сайын, неғұрлым болған сайын бәріне ортақ көктің де, бір-бірінің де ажарын асырып, нұрын молайта түсетінін тағы да дәлелдеп бергендей.

Өзің айтып отырған әлеми санаға өреміз жетпей, жатқандығының бір себебі — әуелі сол қолда бар қазына-ның қасиетін өзіміз танып, сосын өзгелерге танытып қарқ қыла алмай жатқандығымызда шығар. Бұл ретте ғұмырын енді бастаған Бас редакцияға көп үміт артамыз. Ол жасақтайтын Аударма банкісі біздің әдеби өнімімізге әлемдік жолдама беретін алғашқы сүзгі, әділ таразы болмақшы.

Межелі өреден көріне алмай жатуымыздың тағы бір себебі — әдеби атмосферамызға әр тұста түбірлі өзгерістер әкелген және әкелмек болған талантты буындардың бір-бірімен өмірде түгілі көңілде тікелей тілдесе алмай, әр қайсысы бір ашылған Американы қайта ашып, бір табылған велосипедті қайта ойлап табуға қайта-қайта мәжбүр болып жүргендігінде секілді. Әйтпесе, буын-буынның ара жігі үзілмей, бірінің қолындағы эстафетаны бірі іліп әкетіп отырса, мынандай қуатты шоғырдан серпін алған әдебиетіміздің бүгіндері қандай рухани биікте жүрерін кім білген?! Бір ғана тілдік дамуды алайықшы. Олардың тұсындағы терминология мен қазіргі терминологияның, олардың тұсындағы оқулықтар мен қазіргі оқулықтардың арасында қандай өрбу, өрлеу бар? Кер кету демей-ақ қоялық, ер жету байқалмайды. Табиғаттану пәндері мен математика пәндерінің баяғы біз оқыған оқулықтары мен қазіргі оқулықтарының тілі тіптен салыстыруға да келмейді. Баламыз түгіл данамыздың миын шырдай қылар шырғалаң. Ғалымдарымыздың саны астрономиялық дәрежеде өсті. Ал тіліміздің ғылыми ойлау мен жүйелеу қабілеті баяғы дәрежесінен де айырылып қалды. Дәл ғылымдарды былай қойғанда, тарих пен философиядан, правотану мен экономикадан ана тілімізде монография жазылмады. Сосын адами санамыз әлеми санаға қайдан маңайлай алын?! Тілсіз философия ұлттық санаға қандай нәр бере алады? Тілсіз ғылым ұлттық дүниетанымды қайтып кеңейте алады? Баламыз қайткенде тезірек министр болады деген есек дәмемен өз мектебімізді өзіміз жаптырдық. Өз тілімізде шыққан кітапты менсінбей, басқаны қойып,

домбыраның өзін ескілік санай бастадық. Керемет екен десін деп, қойшыларға орысша баяндама жасадық. Онымыздың мықтылық емес, мүсәпірлік екенін мына Төртеу тағы да көзге шұқып дәлелдеп отыр. Қос тілділік жайында енді қызып жатқан мәслихатқа бұл Төртеу әбден дөп келді. Егер орыс тілін жетік меңгеріп, сол арқылы күллі цивилизация әлемінің бар асыл, бар нәрімен сусындамаса, дәл мұндай өрелі биікке олар да көтеріле алмас еді. Ал оның үстіне ана тілін жетік білмесе, ұлттық санамыз бен әлгі өзің айтып отырғандай, «әлеми сананың» арасына алтын көпір сала алмас еді. Өздері шырқап көкте жүргенмен, өзегін-өтін жарып, тілектерін тілеп отырған халқы тырбаңдап етекте жатар еді. Сондықтан да олар білім алудың өзін халыққа қызмет ету деп түсінді. Туған халқын рухани кемелдендіру арқылы ғана күллі адамзаттық цивилизацияға үлес қоса аласың деп түсінді. Шын интернационализмді, гуманизмді, шынайы интеллигенттікті осылай деп ұқты. Табиғаты жағынан нағыз «рухани аристократтар» болғанмен, халыққа қызмет етудің қандай майлық-сулығынан да тартынған жоқ. Қысқасы, олар үшін біз қай жағынан да есігін енді ашқан университет!

— Жілікке бөлгенді жікке бөлді деп қарау — көргенділікке жатпайтын ғадет. Жамбас пенен құйымшақтың орнын ауыстыруға әсте болмайды. Кәделі төрде төбедей күжірейіп сіз отырғанда, қадари төмендегі тобықтай болған маған бас тартып жатса — уақыттың озғандығы, замананың азғандығы шығар? Төр қадірін босағадан артық кім білер?! Босаға бақпаған төр не бағады?.. Нендей ғаламат құбылыс болмасын, өз кезек-кезеңінің тәж-тағын ғана иемденуі жарасымды. Осы себептен де, әдебиеттегі ағаның рәсімін жасаңыз — өзіңізден кейінгі буын жайлы не айтар едіңіз?..

— Алдынан үлгі таппаған іні қараң, артына үміт артпаған аға қараң екені рас. Алайда, төрдегілеріміздің де, төмендегілеріміздің де тап бұлай таусыла күйзелетіндей реті жоқ еді. Алда-жалда арамызда ондай ілгішек болса, оған, әрине, үлкендер кінәліміз. Ағада ілтипат жоқ жерде, ініде ізет қайдан жүрсін?! Пушкинге бата беріп-ақ, Державиндер тарихта қалып еді. Қай-қайсымыз да Пушкин атануға қарсы болмағанмен, ең болмаса, Державиндей іс тындыра алсақ, тобамызға қой айтар ек. Бір кездегі кейінгіні елеп, «сәт сапар» жазып, тұсау кесудің өзі үрдістен шығып барады. Екі Әбекен (Әбділда Тәжібаев

пен Әбу Сәрсенбаев) үлкейді. Талай-талай талантты құрбыларымызды талтаңдатып қастарына ертіп жүргендерін, оларды тұмсықтыға шоқыттырмай, тырнақтыға алдыртпай, шыбын-шіркей болып жатқандарын сан рет көргенбіз. Кейінгілеріміз олардай романтик емеспіз, шетінен сірескен прагматикпіз. Бір-біріміздің қай жерде туғанын жақсы білгенмен, қай жылы туғанын, қай жанрда жазатынын білгенмен, қандай шығарма жазғанынан атымен бейхабармыз. Содан да болар, жастар жайында лебіз білдіруіміз сирек. Өз басым да жас буын әріптестерімнің бәр-бәрін қадағалап оқып жүрмін деп айта алмаймын. Алайда мына сіздердің буындарыңызды Күләш, Ұлықбек, Мұхтар, Темірхан, Кеңшілік, Дүйсенбек, Жарасқан, Шөмішбай, Серік, Исраил, Несіпбектердің творчествосынан тап анау айтқан мақұрым да емеспін. Бұл буын күні бүгінгі поэзиямыздың омыртқаның жұлынындай жанды жері деп білемін. Ендігі талпыныс пен табыстың көбі де осыларға байланысты болуы хақ. Оған, ақылдары болса, алдағылар да, арттағылар да апшымас. Жілік майы жетісіп, сүйектері бекіген бұндай буынға үміт артпағанда кімге артамыз?! «Өйтпейді, бүйтпейді», — деп біздерге көңілдеріңіз жете бермейтін еді. Оларыңыздың реті де бар-тын. Енді, міне, өздеріңіз де аға болып қалыпсыздар. Сіздерге де тықыр таянайын деген бе қалай? Серік Ақсұңқарұлы, Есенғали Раушанов, Аманхан Әлімов, Байбота Серікбаев, Жүрсін Ерманов, Абзал Бөкенов, Гүлнар Салықбаева, Мәди Қайыңбаев, Мейірхан Ақдәулетов, Светқали Нұржанов, Ертай Ашықбаев, Шәкизада Әбдікәкімов, Тыныштықбек Әбдікәкімов... Қай-қайсысының да сөз саптауынан орашолақтық, аяқ тастасынан солқылдақтық таба алмайсыз. Әдетте, жас қаламгерлердің жүрісі жүре келе түзелетін еді. «Бұлардың жүрісі тек жүре келе бұзылып кетпесе екен», — деп тілейтіндейсіз. Қазіргі лириканың бірде плакатқа, бірде декларацияға ұрынбай, жанрлық жағынан сүзіліп тұнуына, бір өңкей көңіл күйіне, жан сырына айналуына, қазіргі поэманың ұйқастырылған очерк, әңгіме, повесть емес, шынайы рух драмасына айналуына, поэзиямыздың түрлік жанрлық құлпыруымен қоса, концепциялық салауаттылануына кейінгі екі буын айрықша үлес қосты. Бір кезде М. Әуезов университеттегі поэзия мейрамына келіп: «Пәлі, біздің ақындар қалықтай бермей, қонатын болыпты», — деп қуанғаны бар еді. Сол айшықты ойды малданып айтсақ, бүгінгі өлеңнің шындық материгін байыздап мекендегені сонша, оны терең бұрғы-

дай үңгіп қазатынды шығарыпты. Ал қазіргі прозамыздың да жүгінің дені жас күштерге түсе бастағаны белгілі. Соның арқасында осы заманғы прозаның поэтикалық арсеналы батыл игеріліп жатыр. Бұрынғы баяндау суретті ретроспективаға, бұрынғы лирикалық шегініс кейде психологиялық талдауға, кейде сана ағымына, кейде эстетикаға, бұрынғы композициялық тұйықтық жарыспалы коллизиялардың спиральды шиыршық атуына, бұрынғы идеялық түйіндеу концепциялық зерделеуге ұласуда. Поэзия адамдық болмысымыздың тұңғығына үңілсе, проза елдік болмысымыздың тұтастығын сомдайды. Бұл ретте «жаңа тарихымыздағы» «ақ таңдақтар» мен рухани трагедиялары О. Бөкеев, Т. Әбдіков, Б. Нұржекеев, С. Елубаев, Б. Мұқаев, Қ. Мұқанбетқалиев, Ж. Түменбаев, Б. Шахановтардың беллетристикалық тұрғыдан, А. Сейдімбеков, Б. Қойшыбаев, Т. Жұртбаев, С. Байжанов, Р. Отарбаевтардың деректілік, эссеистикалық тұрғыдан үлес қоспақ мақсаттары әдебиетімізге жаңа тыныс, жаңа беталыс әкеледі деп сенеміз. Кеше ғана өзіміз кешіп өткен дәуірдің ойқырына ойлана көз салған Д. Исабеков, Қ. Ахметбеков, М. Сқақбаев, Т. Нұрмағамбетов, М. Қаназов, А. Мекебаев, С. Асылбеков, Н. Дәутаев, Қ. Түменбаев, М. Құлкенов, Т. Момбекұлы, М. Байғұтов, А. Смаиловтардың жаңа дүниелері, З. Ахметованың Бауыржан батыр туралы соны жүйе, тосын түйінді туындысы қазіргі рухани зәруімізді жіті аңғаруларымен қуантады.

Қысқасы, қай жанрда да бәсеке енді қыза түспек. Оған жаңа буын суреткерлердің көптеп келуімен қоса, атымен тың проблемаларға, батыл көркемдік пайымдауларға кеңінен жол ашылуы игі әсер етпек.

Әдеби ортадағы ахуалдың сауығуына осы қызу творчестволық жарыс оң септігін тигізе ме деп үміттенеміз. Жылы сөзді бүгін естемесек, ертең естірміз. Ол үшін күнделікті творчестволық процесті байыптауда барша буын бірдей белсенділік, бірдей принциптілік, бірдей жанашырлық көрсетсе лазым. Төрдегіміз жілікке, төмендегіміз сарқытқа місе тұтпай, ұрт томпайысқаннан ұтпаймыз. Жылы сөзді бүгін естімесек, ертең естерміз. Ол үшін бәріміздің деніміз жайылар күншуақты атмосфера, әділетті қарым-қатынас керек. Ол бопсашылдықпен емес, талапшылдықпен, ыққа жығылумен емес, аққа жығылуымен орнайды.

— Әбіш аға!.. Бала кезімде естіген бір аңыз есіме түскені...

Жаратушы — Алла-тағала адамзаттың күллі нәсіліне ырыздық-үлес таратыпты. «Бұйырған — қашпас» деп ырғалып-жырғалып, сонау ит арқасы қиянынан кешігіп жеткен қазақ бұл үлестен құралақан қалыпты. Ұлы дәретіне зор келсе де, бәлесін біреуге артатын байырғы әдетіне басып, ата-қазақ, кешігіп келгенімен тұрмай, үлестіре-үлестіре қолындағы асатаяғынан басқа түгі қалмаған Алла-тағаланың өзін күстәналап, «Түк бермейтінің бар, мені қатарынан кем қылып, несіне жараттың!», — депті. Алла-тағала ойланып-толғанып: «Қой, мұныкі де дұрыс шығар, расында да бұл пендемді һәм жаратқан өзіммін ғой, өзім жараттым екен, өзегімді суырып берсем де, бір амалын табайын?!» — деп, қолындағы асатаяғын сыйлапты. Бірақ, қазекең: «Мына екі айыр басты қу таяғыңмен мен не кәсіп қылмақпын!» — деп місе тұта қоймапты. Сонда Алла-тағала тұрып қазаққа: «Мұның сап жағымен малыңды қайырып, айыр жағымен біріңді-бірің артыңа түртіп ермек етесің!» деген екен. Сол асатаяқтан күні бүгінге дейін құтылар түріміз жоқтай?!..

— Ащы, тым ащы сөз. Алайда табиғат суреткерді өз халқының көңілін көтеріп жүретін сайқымазақ, шашбауын көтеріп жүретін қошаметші болсын деп емес, өзіне өзі алданып, мешеу қалмай, өзін-өзі қайрап, алға ұмтылып отыруына ықпал ететін сергек те сезімтал рухани сардар болсын деп жаратқан ғой. Содан да ма екен, мұндай сөзді Асан Қайғы да, Махамбет те, Абай да, Сұлтанмахмұт та айтқан. Мұхтар Әуезов шығармаларында да жеткілікті. Біздердің де талай-талай тапсынғанымыз бар. Қысқасы, басқа жұртқа барсақ, бақташы не бақыршы болуға жараймыз ба, жоқ па, әйтеуір, өзімізді өзіміз тілдеуге шетімізден Мәтіби болып алдық. Бірақ, мұндайда көне гректердің біреуінің: «Жылама да, күлме де, байыбына бара біл!» — деп сөзін ұмытпаған жөн.

Байыбына барар болсақ, бүгінге дейін дәуірлеп келген марксизмнің өзі де кез-келген келеңсіздікті, әсіресе, ұлттық және ұлтаралық сферадағы келеңсіздікті белгілі бір кісінің, не ұлттың таза психологиялық спецификациясына жаба салмайтын еді ғой. Ондайларды ұлттар мен халықтардың өз бастарына аударып тастап, бұлай болуына тікелей себепші болып отырған нақты қоғамдық-саяси тәжірибені жауапкершіліктен арашалап қалуға тырысатын буржуазия идеологтарын қатты сынаушы еді ғой.

Бізде әлгі келеңсіздіктерге осы тұрғыдан үңілсек, олардың сырына халқымыздың жаратылысына емес, тарихи

тағдырына қарап түсінер едік. Жекелеген пұшпақтың болмаса, көп мекені көшпелілік тұрмысқа ыңғай жаратылып, дәулеті — малы, уәйімі — өрісі болған елдің етек-жеңі қайдан жып-жинақы келе қойсын?! Бастарын біріктіріп, тұтас отыруға ақылдары жеткенмен, жағдайлары көтермеді. Ел қамы қайта-қайта қосып отырса да, өріс пен суат қамы қайта-қайта шашып отырды. Содан ұлғайған кеңбайтақ қонысқа жан-жақты көзалартушылар да көбейе түсті. Оның үстіне іргеге кеп ат басын тіреген капитализм бізден гөрі саны мол, әрі киіздей ұйысып, тұтас отырған қытай, үнді, араб жұрттарын да бөгде ықпалға кіріптар етті. Біздің бабаларымызға не күші басым басқыншы көршілеріміздің біреуінің табанының астында тапталудан, не өз еркімен сыртқы дүниеден одақтас іздеуден басқа амал қалмады. Табылған одақтасымыз, біздің бала жастан К. Маркс пен Ф. Энгельстан оқығанымыздай, цивилизаторлық қызмет атқара алар мүмкіндігі бола тұра, біздің қабырғалы елдермен қатар дамығанымызды қаламады. Декабристер, басқа да демократияшыл күштер отаршылдық езгіге қарсы шыққанмен, патшалық самодержавие 1822, 1824, 1868 жылдардағы қазақ далаларын билеу жөніндегі реформалар нәтижесінде әуелі әлсіз де болса, мемлекеттік ұйтқымызды жойып, ұлттық тұтастықтан, сосын әр ұлысымызды әр бөлек губернияға қосып, территориялық тұтастықтан айырды, одан кейінгі уездік, болыстық жүйеге жіктеу, болыс сайлау, старшын сайлау тайпа араздығын былай қойып, рулық аталастық бәсекені қоздырды. Сөйтіп, орыс мәдениетінен ауызданбай жатып, самодержавиелік бюрократизмнің қақпақылына ұшырадық. Кітап оқудан бұрын жоғарыға арыз домалатуды үйрендік. Абайдың: «Барып келсе Ертістің суын татып, беріп келсе бір арыз бұтып-шатып», — деп ызаланатыны, білігі асқан Шоқанның байлығы асқан Есенейге есесі кететіні, Исатай мен Махамбеттің теңдік таба алмай, найза сүйретуге мәжбүр болатыны — бәрі бір тұс. Сенің әлгі айтып отырған аңызың соның бер жағында болмаса, арғы жағында туа қоймаған шығар. Әйтеуір, содан бері арыз бен арызшының басынан дәурен өтіп көрген жоқ. Өйткені, әділет аяққа басылған жерде араздық өрбиді. Араздық бар жерде арыз қайдан құрып кетсін. Ал, Лениннің өзі «халықтар түрмесі» атаған мемлекетте, «құдайға шүкір», араздыққа да, арызшылдыққа да «жағдай жасалды». Ол індеттен қапелімде социализм де сауықтыра алмады. Сөз жүзінде айтылған қағидалардың ұзамай-ақ қатан қадағаланбай, көрер көзге бұрмалануы әлеуметтік әділеттіліктің бұзылуына әкеп соқтырды. Одан кейін қайтадан арызқойлық, жалақорлық, пәлеқорлық қаулады. Оты-

зыншы жылдардағы жоғарғы эшелондағы билік үшін талас, жаппай қырып-жою бұл кеселдерді белгілі мөлшерле әлеуметтік патологияға айналдырды. Төменгі жақ әлеуметтік белсенділікті кей ретте астыртын не ашықтан-ашық пәлеқорлық деп түсінді. Оған бүкіл елде жоғарыдан бастап орнатылған әсіресенбеушілік, әсірекүдікшілдік ахуал себепші болды.

Сонымен бұл арада да ешбір халықтың, соның ішінде біздің халықтың да атымен жазығы жоқ. Бар гәп — экономикалық басқаруда әсіресе орталықтандырудың, әлеуметтік өмірде әкімшілдік-төрешілдіктің жел алып кетуінде. Ол екеуі өзгермей тұрып, жоғарының төменге, орталықтың шет аймақтарға сенбеуі де өзгермейді. Содан барып, жеке адамға табынушылық жағдайында айтқанды екі етпейтін әлеуметтік етекбастылық, тоқырау жағдайында сырт айнала беріп, алдап кететін әлеуметтік көлгірлік өрбиді. Жоғарыдан жіберілген жоспардың шикілігін төменгі жақ көре тұрып, көрмегенсиді. Төменнен барған ақпардың шикілігін жоғарғы жақ біле тұрып, білмегенсиді. Өйткені, түбі шикі жоспардың түбі шикі орындалатынын екі жақтың да іші сезіп тұрады. Сөйтіп, көзбояушылық тіпті мемлекеттік саясатқа айналады. Ондай жағдайда қолдарына билік тигендердің хәлінің де түсінбейтін ештеңесі жоқ. Өздері де біреулерді амалсыз алдайды, өздерінің көздеріне біреулер амалсыз «шөп» салады. Өздері де біреулерге құрақ ұшады, өздеріне де біреулер қоғадай жапырылады. Сөйтіп, «көлгірлік» биліктің тек сырткөз кейпіне емес, ішкі әлеуметтік мазмұнына айналады. Мұндай қайткен күнде де жоғарының көңілін табу психологиясы экономикада — қосып жазушылыққа, идеологияда — әсіресақтыққа, тіпті асыра сілтеушілікке, саясатта — принципсіздікке, тұрмыста — баққұмарлық пен пайдакүнемдікке, моральда — рухани күйкілік пен пәлеқорлыққа ұрындырмай қоймайды. Ондай жерде әділдік қалай бұзылмайды, араздық қалай тұтанбайды. Мұндай ситуацияда кез-келген жаңа бетбұрысты біреулер өз жағдайын одан әрі жақсартып алуға, біреулер есесі кеткендерден өш қайтарып қалуға пайдалануға тырысады. Содан кеп онсыз да берік емес ара-жік одан сайын ырсия түседі. Ситуацияны бұлай пайдалану — әлеуметтік эгоизмнің ісі. Ал революциялық қайта жаңғыру эгоистік емес, альтуристік моральды қажетсінеді. Ендеше, қай-қайсымыз да, ең алдымен, жаңа бетбұрыстың кешегі «ризалардың» не «кешегі риза еместердің» ұпайын түгендеп беруді емес, күллі қоғамды жаңаша дамытуды көздейтінін мықтап есте ұстау-

ымыз керек. «Есеп айырысып» қалуға тырысатын бөліне жарылушылыққа емес, ортақ жаңа мұраттар жолында жұмыла еңбектенетін ынтымаққа ұмтылуымыз қажет. Оны ескермей, кешегі гөйтөйдің соңында жүре берсек, не бәз-баяғы таз қалпымызға қайта түсеміз, не алма-кезек тапыраң асып жататын итырқылжың итжығыстардан көз аша алмаймыз. Сосын барамыз да, не «жоғарыға жолданар ала қағазға» шоқынамыз, не «әуелден құдай қарғапты-мыс жұртымызды» қайтадан күстаналаймыз.

Ал шындап келсек, осының бәріне халықтың қандай қатынасы бар? Бір кезде азулының аузындағы, қарулының алдындағы өрісі мен малына бірге араша түсу үшін аталастықты, руластықты күйттесе, күйттеген шығар. Енді кеп сол бабаларымыздың басқа қасиеттерінің бәрін, тіпті тілін де ұмыта жаздап отырып, тап сол үрдісіне қаншырдай қадалып, айырылмауымызға жол болсын?! Соншалықты баба жолына ұқыпты болсақ, оның ынтымаққа, бас біріктіруге бағышталған қағидалары мен дәстүрлеріне неге мұқият емеспіз?! «Өзін-өзі мақтаған — өлімнің қара басы», «сүйек қорлап, абырой асырмайсың, көңіл жығып, мерей таппайсың», «алыстан келгенге төрінді, жақыннан келгенге жаныңды, бауырыңнан шыққанға босағанды ұсын», «терезесі тең санасаң, сені де ешкім кем санамайды», — дегендерін неге ескермейміз?!

Қысқасы, біздің басымызды қоспай жүрген — жеріміз де, суымыз да, бабаларымыз да, ала-тағаланың әу баста ұстапты-мыс «асатаяғы» да емес, өзіміз. Қай-қайсымыздың да теңдікке емес үстемдікке, әділдікке емес өктемділікке ұмтылатын өзімшілдігіміз. Тиылсақ, содан тиылайық! Кімнің қайда туғанына, қашан туғанына қарамай, естіні іске, есерді есікке сілтейікші, әділет орнар ма екен, орнамас па екен?! Тек әділет қана бәріміздің мүддемізді бірдей жүзеге асырып, бәріміздің көсегемізді бірдей көгертеді. Бетбұрыстың да әділетті ту қылып көкке көтеретіні сондықтан. Тек солай ғана бас біріктіріп, ақыл түгендесуге болады. Ал бұл тек бір халықтың емес, көп ұлтты қоғамымыздың татулығын ойлау болып табылады. Өйткені, күллі қоғамдық ынтымақ кісіаралық та, ұлтаралық та әділеттілікті талап етеді.

— Бұл бір көнеден көкейімде жүрген, қанша ардаққа қойылғанымен жұбанарлық жауабын таппаған, соның үшін де жанымды жегідей жеген, көңілімді күпті қылған неқолайлау сұрақ еді: көбіне-көп ел билегеннің есінен адасып, халық басқарғанның «құдайын» ұмытып кететіні қалай?..

— Әскери-аристократиялық феодализмнен абсолюттік монархияға, одан демократияны күйттей алмай, таптық

күрестегі жеңісті малданып, тоталитарлық диктатураның төмпешіне қайта тап болған елде социалистік принциптердің өзі адам танымастай боп өзгеруінің сыры да сол — билікті тарих алдындағы жауапкершілік деп емес, қолда барда шалқып қалатын көшпелі бақ деп, кез-келген цивилизациялық қоғамға тән тәртіптілікті төменнің жоғарыға, шеттің орталыққа, орындаушының тапсырушыға, аздың көпке, көптің бастаушыға басыбайлы тәуелділігі деп ұғынуында емес пе?!

Жауапкершілік артуды тек төменнен жоғары қарай көкке өрмелете беру, сенім көрсетуді тек қаделі биіктерге мәңгі бақи қадап қою деп ұғатын көзқарас орныққан қоғамда әлеуметтік мерейдің биіктеуі жолындағы ыждағат пен ізденіс тек лауазым қуалаған баққұмарлыққа айналмай ма?!

Ал баққұмарлық пен данқұмарлықтың жолына біржола түсу — кез-келген пендені дарақылыққа ұрындырмай ма?! Бағы мен данқы өскен сайын дарақылығы да өспей ме? Данқтың ең асқар биігіне осындай жолмен тап болған адам ең үлкен дарақы адам болмағанда кім болады?!

Ал «құдайын» ұмытпаса, дарақы дарақы болар ма еді?!

Гәп шалқақтағандарда емес, жөргектен біржолата бауыр көтермей қалғандай, бойын тіктей алмай еңкейе беретіндерде, еңкектерде...

Дарақылар солардың еңкек бастарын саты, жарамсақтардың жалтақ бастарын тіреу қып көкке өрмелейді. Бұқараның саяси мәдениеті жетіспеген жерде, көсемдердің астамсып кетуі мүмкін екендігін ғылыми коммунизм негізін салушылар баяғыда-ақ айтқан. Көкке өрмелеген дарақылар күндердің күнінде өз обалын өзі көреді. Ал еңкектер мен жалтақтарды — мына біздер мен сіздерді — кім тікейтіп, жалғанның бетіне тура қаратады?

Ол тек шындықтың ғана қолынан келеді. Жариялылық деп жүргеніміз де сол, заңдылық пен гуманизм принциптерін берік тұтылатын праволық мемлекет орнатамыз дейтініміз де сондықтан. Жұртты тек әділетке ғана табынтып үйретуіміз керек. Әділеттің атасы — шындық. Шабыттың да тәңірі мен тәңір анасы — шындық. Одан тек жазу столының басында ғана емес, жарық дүниеде ғұмыр кешкен әр сағатымызда, жер басқан әр қадамымызда адасып қалмауға міндеттіміз.

Сонда ғана біз суреткер атымызды, азамат атымызды адал алып жүре аламыз.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан *Иранбек Оразбаев.*
1989 жыл.

ҚАЛТҚЫСЫЗ ШЫНДЫҚ ҚАПЫСЫЗ ШЕБЕРЛІК

Кемел суреткер әдебиетке өз-өзінен келе қалмайды. Оны қоғамдық болмыстың сай-сүйегін сырқыратып, жүйе-жүйесін босатар әлеуметтік толғақтар туғызады.

Қазақ прозасы мен поэзиясының дәл сондай салымды болған тұсы сонау алпысыншы жылдар еді. Адамзат басында арғы-бергіде онша көп ұшыраса қоймаған әлемдік соғыстың тұсында балалық шақтары өтіп, дүние түйсінуі қалыптасқан, тарихи зұлматтар мен зұлымдықтарды өрбітетін әсіре әлеуметтік өзімшілдіктің бетпердесі ашылып, жеке адамды тәңір тұтудың күллі күйкі болмысы әшкере болған кезеңде кәмелетке толып, дүниетанымы қалыптаса бастаған ол ұрпаққа жұртшылығымыздың артқан сенімі аса үлкен еді. Әсіресе, сол жылдары жақсы көрінген рухани түлеу, рухани арылу, рухани жаңару тақырыбы тек осы буынның қабырғасы қатып, буыны беки түскен сайын одан әрі тереңдеп, одан әрі өркен жая түседі деген үміт мол еді.

Одан бері де отыз жыл өтті. Ол жылдардағы саяси-қоғамдық өмірдегі болған дүр сілкініс көп ұзамай басылып, қайтадан бәз-баяғы самарқау қалпына түсті. Экономикалық тіршілікте бұрынғыға қарағанда едәуір ілгері басушылық байқалғанмен, әлеуметтік өмірде ержетуден гөрі кері кету басым түсе бастады. Тұрмыстың сәл жақсаруы ылғи айтқанға жүріп, айдағанға көніп қалған қысылшаң қоғамдағы тәртіптің сәл босаңсуына ұласып, көрер көзге тоғышарлық меңдеп, көлгірлік пен көзжұмбай әрекет өріс алды. Бұрын-соңды қырық жыл баршылықты да, қырық жыл жоқшылықты да түгел бастан кешіріп көрмеген жылқы мінез қауым аз кем тоқшылыққа мастанып, рухани салада тоятшылдыққа ұрына бастады. Өнер мен

әдебиетте адам мен ұлтты, азамат пен қоғамды өзін-өзі жетілдіруден гөрі өзін-өзі желпіндіруді көздеген әуендер мен тақырыптар кеңінен етек жайды.

Алпысыншы жылдарғы эстетикалық кемелдікке, әлеуметтік тереңдікке, азаматтық шыншылдыққа ұмтылысымен жақсы көзге түскен қаламгер буын жетпісінші-сексенінші жылдардағы әлгіндей рухани тоятшылдық тұсында әрқайсысы әрқилы мінез танытты. Біреулері сол кездің үстем талғамының иегінің астында кетіп, екінші біреулері қиын да болса, алпысыншы жылдары жақсы басталған жаңа дәстүрлерді жалғастырды. Ондайлардың қатары барған сайын азая түсті. Оңай абырой, оңай табыс, оңай даңқтың жолына берілмей, өз дәтіне өзі ие бола білу қай кезде де екінің бірінің қолынан келе бермеген.

Сондай өткелектен адал өте білген азғантай таланттарымыздың бірі — Марал Сқақбаев. Бәлкім, оның басқа қаламдастарына қарағанда аз көрінуінің бір сыры да — осы эстетикалық талғампаздығына азаматтық үлкен жауапкершілігі қосылып, тартына жазғандығында шығар.

Бірақ, оның есесіне аз жазса да, саз жазды. Қазіргідей қатал қайта сұрыптау кезінде жазғанының көбі тірілей өліп, тірілей көзкүйікке айналмай, оқырманның кітап сөресінен мықтап орын тебе алды.

Неге бұлай болды? Оның сырына осы кітаптың қатпар-қатпар мағына-мазмұнына ыждаһаттай зер салып, оқып шыққан мұқият оқырманның өзі де қаныға алады.

Сқақбаев әдебиет алдында, әдеби өнер алдында адал бола білді. Ол үшін шындыққа қиянат жасамауға үйренді. Әдебиетке талшық бола алатын шындықтың жалғыз сипаты — адамның өзін-өзі танып, өзін-өзі ұғына, өзін-өзі бағалап, өзін өзі жетілдіруіне рухани ықпал ете алу. Ондай сипатқа ие емес шындық қаншама өмірдің өзінен ойылып алынғанымен, әдебиет топырағына тамыр тарта алмай, тез солып, тез күйрейді. Өткінші кітап, өткінші тақырып, өткінші қаламгерлердің көп болатындығы да сондықтан. Әдебиет үшін өміршең шындықтың жалғыз өлшемі — адам. Адам шындығын терең қамтымай тұрып, заман шындығын кеңінен қарпимын деу — бос әуре. Адам жанының шырғалаң шындығынсыз ұлттық болмыс та, қоғамдық болмыс та, адамзаттық болмыс та көлкіген тұман ішіндегі көлбең көріністей алдамшы елес. Ақиқатқа жеткізбей, адастырып, алжастырып кетеді.

Ал Сқақбаевтың суреткерлік мұраты — адамды өзі күнбе-күн бастан кешіріп жүрген етене шындығының

үрдіске айнала бастаған қасаң қағидаларының тұтқынынан алып шығып, пәтуалы іске, парасатты тірлікке бастау, оның адам екенін, азамат екенін бір сәт те ұмытқызбау. Сондықтан да оның қай шығармасының өзегінде де кез-келген адамның басына талай келіп, талай кеткен адамдық, тіпті пенделік ахуал жатады. Сонысынан да ә дегенде оның жанрлық табиғатын дөп басып, дәл тану өте қиын. Мәселен, «Күмбез» хикаясын тұрмыс-салттың жанрлық суреттемесіне жатқызуға болар ма еді? Болғанда қандай. Тек қазақ ұлтының, әсіресе, оның бүгінгі өмір сүріп жатқан ұрпақтарының тек ауылдық жерлерде ғана үрдіске айналып отырған өлген кісілердің басын қарайтудың жол-жоралғылары мейлінше екжей-текжейлі дәл суреттелген. Бұл, расында да, тұрмыстық жанрлық суреттемеге тән қасиет. Сөйте тұра, оның басты кейіпкері ауыл қариясының дәл сондай екжей-текжейлі, дәл сондай мүлтіксіз кескінделуі әлемдік новеллистикада кеңінен етек жайған мінез-құлықтық суреттеме жанрын еске түсіреді. Тек осы сипатының өзімен-ақ осы бір шағын әңгіме ұлттық прозамыздың аса бір таңдаулы туындысына айнала алар еді. Бірақ, Сқақбаев оны місе тұтпайды. Тұрмыстық реализм мен психологиялық реализм шеңберінен асып түсіп, күллі адамзаттық моральдің біреу аңғарып, біреу аңғара бермейтін тылсым тұңғықтарына бойлайды. Осынау әбден көз үйреніп, көңіл үйреніп кеткен етене шындықтың аржағынан ақылға кірместей, санаға сіңбестей оғаштық табады. Кезексіз келген өлім әлеуметтік өмірдің байырғы шындығы жағынан өте дәл, психологиялық шыншылдығы жағынан өте сенімді дәлелденілген тірілей күмбез салу ситуациясы асқындай-асқындай ақылға сыймас-тай абсурдқа айнала бастаған пенделік эгоизмнің философиялық кескіндемесіне айналады. Бақсақ, баққұмар үлкен ұлды да, оның өз өміріне риза болмай, оңай қызық, оңай ләззаттың соңына түсіп жүріп маскүнем болып кеткен інісінің де, сол екеуінің күйігіне шыдай алмай, өзінің өзі тірілей басын қарайтудың соңына түскен кәрі әкенің де қасіреті — өзгеден бұрын өзін ойлауда екен. Ол, түптеп келгенде, адамды басқалардың ғана емес, тіпті өзінің алдында да сөлекет етіп көрсетеді екен. Сондықтан да, көпті көрсе де, мұндайды көрмеген қария өз ойынан өзі безінеді. Адамгершілік заңы әбден сүйегіне сіңген көнекөз қария мұны түсінгенмен, мастығынан айықпай жатып, дертке шалдығып, мезгілсіз мерт болған кенжесі түсініп үлгірді ме? Неғайбыл! Тірі қалған баққұмар тұңғышы

түсіне қояр ма екен? Неғайбыл! Бейшара қарияның көкірегін талай жыл қысып келген тылсым ыза, тылсым уайым енді ұғымшыл оқырмандардың өз ыза, өз уайымына айналады. Қарабайыр тұрмыстық көрініс, қарапайым құлықтық суреттеме тіршіліктің жинақтама мазмұнын ашатын философиялық тәпсілге, күнделікті өмірдің күйкі үрдісі ми ширықтырып, сананы сергелдеңге салар фантасмогорияға ұласады.

Сқақбаевтың бір шығармасы емес, бар шығармасы осылай. Бірақ, ол мұндай нәтижеге бар уақытта бір жол, бір әдіспен жетпейді. Мәселен, «Кезек дүниедегі» аңшы, тіпті «Күмбездегі» қарияның істегеніндей де оқшау әрекетке бармайды. Талай рет аңға шығып жүр. Талай рет олжалы оралып жүр. Сол баяғы талай келген шатқалы. Сол баяғы талай жүрген жолы. Сол баяғы тақымсінді көлігі. Бірақ, бұлай қапиядағы қате қимылының тұтқынына айналам деген үш ұйықтаса, түсіне кіріп пе? Көп асқанға, бір тосқан. Кеше өзінің өзге мақұлықтарға көрсеткен азаптарын енді өзі шегіп жатыр. Кезек дүние. Тағы да сол тиымсыз нысаптың көрсеткен тақсіреті. Егер екі әңгіме үйреншікті жәйттен үйдей мән табу жолымен жазылса, «Жойқантөбедегі», «Ұят туралы аңыздағы», «Ғажайып баладағы» екінің бірінің басында ұшыраса қоймайтын, тіпті болу-болмауы да неғайбыл, жартылай қиял-ғажайып жағдаяттар көзбен көріп, қолмен ұстағандай екжей-текжейлі тәптіштеле отырып, тағы да сол тойымсыз нысаптың, ақылға сыймас астамшылдықтың, ақылға сыймас мақтаншылдықтың күллі тіршілікті бар мәнінен айыратын күйретуші күшін, кесапат болмысын жайып салады.

Адамның пенде болмаққа да, құдай болмаққа да қақысы жоқ. Адам адам болып қалуы керек. Басына бақ қонса да, іс түссе де, адамдығынан айнымауы керек. Сқақбаев творчествосының ұқтырары — осы. Шын әдебиет, шын өнердің ұқтырары — осы.

Демек, Сқақбаев — шынайы талант, шыншыл суреткер. Қым-қиғаш тосын оқиғалар тұсында да, бір қалыпты қарабайыр тірлікте де әр қылық, әр құлықтың адамгершілік мазмұны мен адамдық тұрғыдағы мән-маңызын мүлт жібермей аңғарып, мүлтіксіз жеткізе алатын Сқақбаевтай қапысыз шеберлер бізде кем де кем. Ендеше оның қадамына гүл, қаламына сәт тілейік.

Қыркүйек, 1991 ж.

ЖЫРДАРИЯ

*Пілдің тірі бәсі де мың тілмә,
Өлсе — тері бәсі де мың тілмә.*

Қашаған.

Заманнан заман ауып, ұрпақтан ұрпақ озып, дәйім жөңкіліс үстіндегі дүниеде бұрыс пен дұрыстың, өткінші мен өмірлінің ара-жігін ажырату анау айтқандай оңай шаруа емес екен-ау.

Атаң қазақ: «Бір күн ашыққаннан қырық жыл ақыл сұрама», — дейді. Онысы ашыққан ындын, жабыққан көңіл, қорыққан жүрек, торыққан үміт парасат пен пәтуадан айырылып, ақиқаттың ауылынан адасып қалады деп сезіктенгені шығар.

Сол атаңның: «Масыққанның ақылы ашыққанның сабырындай», — дейтіні тағы бар. Ашыққаннан сабыр күту қандай күпірлік болса, масыққаннан ақыл күту сондай күпірлік дегені болар.

Не де болса, ақыл ындының емес, ынсаптың серігі екендігіне күмәндану орынсыз. Ал ынсап қырық жыл аштық көргенге де емес, екеуінің де дәмін татудай-ақ татып, қырық жыл қатарынан тоқтық та болмайтынына, аумалы-төкпелі замана шіркіннің бәрібір бір сападан екінші сапаға көшпей тұра алмайтынына әбден көзі жеткендерге бітеді.

Демек, ақыл да, парасат та, өткенді өшірмей жадында ұстайтын ғұламалық та, ертеңді көрмей біліп отыратын сұңғылалық та алпыс екі мың ғалам түгілі күл басында қарқылдаған қарғаның да жасын жасай алмай, көзді ашып-жұмғанша дүние ауып жүре беретін пенде шіркінге емес, бір жылдары дүниенің бұл шетінде, екінші бір жылдары дүниенің ол шетінде

жүргенімен, шырқ үйіріліп келгенде, дүние тұрғанша тұратын халық шіркінге лайық қасиет секілді.

Ендеше сол қара ормандай халыққа лайық көлдария қасиет кейде сопа басы сорайған сойтал пенделердің бойынан түп-түгел кездесетінін қалай түсінуге болады?

Оған түк те түсіне алмайсың... Тек таңғаласың!

Сондай таңдай қақтыра таңғалдыратындай жұмыр басты ғажайыптардың бірі — жарықтық Қашекем... Бұған дейін кей қазақ білгенмен, Ел Қазақ енді біліп жатқан Қашаған ақын. Заманында: «Қара бүркіт қаршыға қартайып жасы жеткенше, бұйрықты күні біткенше алатын аңын қоймаған; ашуы келсе аң алып, төс етін жемей төрт тартып, жемсауын қымай бір қарпып, жеген жемге тоймаған; адай түгілі байұлы, байұлы түгілі алшынды жеңемін деп жарысып, мерекелі жерлерде ешкім жоқ бізбен ойнаған», — деп шалқыған жыр сұңқары Қашаған. Дүние ауарында: «Жас сексенге келгенше, сақалға шалғырт енгенше, талайдың көрдім құрмасын... таусылғанға ұқсайды елдегі қатар құрдасым, қырмызы қызыл дүние басымда білдім тұрмасын; кешегі жалын күнімде адай түгілі алшынға, алшын түгілі алашқа сыйланып еді бұл басым», — деп күңіренген жыр дүлділі Қашаған. Жыр сұңқарға неге томаға кигізілді? Жыр тұлпарға неге кісен салынды? Айтпаса да белгілі.

Тіптен бала кезіміздегі қыз киетін білезіктей бір-біріне кимелей біткен ақар-шақар ақ шаңқан таулар Өңеже, Шытша, Қапыны өңмендей кесіп өтетін Ащы ағар сайдың бойындағы шағын ғана көміршілер поселкесінің шаршы ғана қызыл бұрышы әлі есімде.

Қызық еді... Үй сайын қызыл ту тігілетін айтулы мейрамдар мен сайлауларда әлгі қызыл бұрышқа аузы-мұрынынан шыққанша ел жиналатын. Әуелі шпиондар мен диверсанттар, партизандар мен барлаушылар жайлы кино көрсетілетін. Сосын комсомолдар ойын қойып, пионерлер концерт беретін. Ең соңынан жыршы-термешілер шығып, сол кездің үйреншікті тақырыптарына — көсемдер мен озат стахановшылар туралы жыр толғайтын. Бір қызып алса, шамалыда сауыққа тояр қазекем бе? Түн ортасы әлдеқашан ауып кеткеніне қарамастан, қызыл бұрыштан шыға сала «бригадир, десятник, есепші, қоймашы» (қазақ жұмыскерлерінің ол кезде де жетер биігі сол болатын) секілді қазаны күйлі үйлерге барып, жыршыларға жыр айтқызады. Сахнада емтихан тапсырып тұрған шәкірттей көздері жыпылықтап отыратын жыр-

шылар жайдақ дастарханды жағалай жайғасқан алқа топтың ортасына кірген соң, арқаланып кетер-ді. Әсіресе, сар жорғаның үстінде салдырып келе жатқандай, екі бүйіріне кезек теңселіп отырып жырлайтын Жанжігіт жырау төрде отырған жерінен табалдырыққа қалай жеткенін білмей де қалатын. Ал онсыз да мойыны құрықтай ысқаяқ қара Дүйсембай ақын Отпан таудың басындағы дегелек құстай әбден дауысын тарантып, бір қауым уақыт күңіреніп үн созып алып, дүркірете жыр бастайтын. Екеуі де ауық-ауық өздерінің үйреншікті меншік мақамдарын тастап, «Бүгінде тәжік асып кеткен Қалнияз ақын былай толғайтын еді ғой», — деп, шайқас тұсында оқшау төбенің басында тұрып айқасып жатқан қолға жыр толғап, дем беретін дауылпаз ақынның құдды бір «Адай» мен «Серпердей» төкпектете шығатын әуеніне салатын, не «Хорезмдегі Сүгір екемше айтамыз», — деп сынық сылап отырғандай, жұлын-жүйкеңнің бәрін босататын сырбаз сазға басатын. Қос жүйріктің таңды таңға ұрып, аузы жабылмайтын. Тыңдаушы жұрт өздері күнде көріп жүрген тау ішінде, ел шетінде ылғи оңаша үй отырып, оңаша кітап ақтаратын Түмен ақынның сөздерін тыңдап: «Айтқышы айтқыш-ау», — деп бастарын шайқаса, айғыр топ жиынның ортасында да өзімен-өзі боп күбірлеп оқшауланып отыратын Сәттіғұл ақынның: «Қайғылы қарттан көп сәлем форттағы жатқан жеделдес қатар-құрбы, ініме; басылып көңіл налып жүр әлденеше күніге; заманым менің тар болды, қарасам байқап түріне; ақырында зар қылды перзенттің жалғыз біріне, ризамын тобаға, ақырғы демім біткенде, «алла» деген сөзімді келтірсе болды тіліме», — дегенін естігенде жақында біткен соғыстан жарадар қалған көп жүрек лықсып алқымға тығылып, жұрт солқ-солқ жылай бастайтын. Әлгінде ғана қызыл бұрышта отырғандағы желдірме сөзден біткен сыра ішкендегідей арзымсыз желпініс жым-жылас жоғалып, жыр жыр қалпына, жұрт жұрт қалпына оралатын. Сөздің де шырайы кіріп, шұрайланып жүре беретін. Бұны айтып отырған қолында қаламы бар Фирдоуси, Гете, Байрон, Пушкин емес, айдаладағы ауылда «қу ағаш сабалаған» қазақ жыршысы.

«Әй, несін айтасың, олардың жөндері бөлек еді ғой».

Сонау бала кезімдегі бұқпантай жиындарда жұрттың кеуде керіп отырып, желпіне айта алмай, төмен қарап отырып, күрсіне айтқан осы бір лебізі көкірегімде талайғы шемендей шер байланып қалыпты.

Сөйтсек, іргедегі Тайсойған мен Жылойда да, қиыр-

дағы Шыңғыс, Баян, Шұбартауда да, одан бергі Қарқаралы, Қаратауда да сол жылдары тап осындай ұры жиындар Мұрат, Бала Ораз, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Нарманбет, Мәделіқожа, Шәдітөрелердің сөздерін айтса да, өздерін атамай, «Әй, несін айтасың», — деп кіжініпті.

Ел басына түгел келген осы нәубеттен әсіресе Маңғыстау аймағында туып-өскен халық өнерінің өкілдері айрықша зардап шекті. Өйткені, Қашаған жырлағандай, бұл өлке тұрғындарының «Абайсыз өскен алшаң» мінезі, «тәксіз өскен тарпаң» мінезі о замандағы да, бұ замандағы да озбыр билеушілердің көңілінен шыға қоймайды.

Бірақ болат кездік бәрібір қап түбінде жатпайды ғой. Әділет түгенделер жаңа кезеңде елінің көкірегіне де, жерінің көкірегіне де қазына тұнып тұрған қара жұрт — қасиетті өлке санаттағы орынын қайта иеленеді. Жаңа кезең көшінің шаңын жұтып, соңында қалмай, самал жұтып, алдында жүрді. Ер де, жер де өз атымен аталып, өз бағасын ала бастады. Бұрын Құранның сөзіндей жұрт көзінен жасырып, оңашада айтылып, оңашада жатталып келген Абыл, Нұрым, Ақтан, Аралбай, Қалнияз, Сүгір, Елбай, Түмен, Сәттігүл жырлары, Абыл, Есір, Өскенбай, Құлшар, Арал күйлері, Досай, Шолтаман, Қойбас, Қыздарбай, Сәулебай, Қайып, Тастемір, Құрмаш, Хамит әндері айдай жұрттың алдында саңқылдап ашық естілетін болды. Тастан түйін түйетін сәулетшілік, киіз үй, қару-жарақ, жиһаз жасайтын мияскерлік, киіз басып, кілем тоқитын ісмерлік өнері қайтадан қаулап, өсе бастады. Алдағылар ұстаздыққа, арттағылар шәкірттікке жарады. Көне мұраны жинау, зерттеу, күтіп-сақтау, насихаттау ісі қолға алынды. Әсіресе, Қырықкездегі ескілікті қорымдағы жермен-жексен бір төмпектің көкке бой сылаған ақшаңқан кесенеге айналғаны аса ғанибет болды. Жеңген әділеттің желкеніндей сол кесене елдік әдебиетіміздің заңсыз қалтарысқа тығылып қойылған бір керегесінің қайтадан тігіліп, қазақ жырының ақ ордасының бұрынғыдан да кеңейіп, бұрынғыдан да күмбірлей түскендігінің бір көрінісіндей еді. Өйткені, ол Қашағанның басына тұрғызылған кесене...

Әлі де болса, бар сыр, бар сиқырымен түгел танылып бола қоймаған Маңғыстау жыр мектебінің орман иесіндей ата бәйтерегі — Қашаған ақын Күржіманұлы. Қашаған жырын тыңдасаң, оқысаң, әр ғасырда әрқилы аталғанмен, ықылым заманнан жер үсті ғаламаттарының бәріне қатысып келе жатқан халқымыздың көп ғасырлық көне тари-

хының көк айдын мұхитына жүзгендей, сол көп ғасыр бойғы қордаланған рухани ырзығының бәрі төкпей-шашпай жиылып, қаймағы алынбай туырылып тыныш тұрған қасиетті қара қазанының қақпағын ашып, нәр татқандай, халық парасатының көп замандардан бері тұяқ кешті болмай тұнып тұрған кәусар көліне күмп бергендей боласың. Мейірің әбден қанып, мерейің әбден тасады. Өйткені, Қашағанның бойында тек халықтық табиғаттан туындайтын алыптық қасиеттердің бәрі бар.

Оның ең бастысы — Қашаған шығармашылығының тек бір адамның жеке басының рухани тәжірибесімен шектелмей, бүкіл бір халық, бір ұлттың көп ғасырлық рухани тәжірибесін қапысыз қамтитын тарихи кең ауқымдылығы.

Иә, Қашаған жыры, расында да, ең әуелі тарихи санадан бастау алады. Ол аяқасты соқтыққан Ізім, Ізбас, Сақып сынды ақындарға да, аяқ асты қырыс мінез танытқан Есқали сұпы мен ауылдас сараң ағайындарға да жауапты күнделікті күйбең тірлік пәтуасынан емес, дүние жаралып, су аққалы жеңісе алмай келе жатқан күйкі пенделік пен кемел парасаттың тайталасынан іздейді. Қашаған үшін кез-келген жұмыр басты пенденің көз алдындағы қылығы мен құлығы тек оның бір басымен шектелмей, күллі қазақ, күллі адам нәсілін қамтып жатқан құбылыстай көрініп, таусыла толғанып, күйзеле тебіренеді. Бәлкім, оған тек өз заманының ғана емес, бағзы замандардың да шындығын жеріне жеткізе жақсы білетіндігі себепші шығар.

Бұл асыра мақтау, әсіре қолпаш емес. Мұндай бағаны баяғы Сыпыра жыраудан бастап талай ақын толғаған «Қырымның қырық батыры» дастандар көшінің бір түйесін жоғалтпай, бұйдасынан жетелеп, кешегі Мұрын мен Нұрпейіске, сол арқылы бізге, біз түгілі ертеңгі ұрпақтарымызға түгел жеткізіп берген Қашағанға айтпағанда, кімге айтамыз?!

Қашаған мен Мұрын, Нұрпейістің бұл еңбегінің тарихи мәнін түсіну үшін — «Қырымның қырық батырының» тарихи маңызын дұрыстап пайымдай білуіміз керек. Баспа бетін әлі көрмеген бұл цикл (бұл тек біздің ғана қолымыздан келетін қырсыздық) көлем жағынан қазіргі белгілі әлемдік эпостардың қай-қайсысымен де тайталасқа түсе алатын, тіпті басым түсуі де мүмкін ұланғайыр жыр мұхиты. Оны айлап айтып, апталап үзіліс жасаған. Ғашықтық пен жасықтық, ізгілік пен зұлымдық, қаһармандық пен

ожарлық, данышпандық пен аярлық сахналары қым-қуыт араласқан ғаламның өзіндей шексіз-шетсіз әлемді тыңдаушының көз алдында қаз-қалпында тірілту үшін қанша ақындық талант, жыраулық дарын, актерлік шеберлік, тіпті орасан вокальдық мүмкіндік керек десеңізші. Оның үстіне жыр мазмұнына орай құбылып отыратын үздіксіз күй әуезін қосыңыз. Мұндай академиялық алып театр бір кісінің ғана басы мен көкірегіне сиып, ұланғайыр даланың о шетінен бұ шетіне көшіп жүрді. Ылғи осынау ертегідей ғажайып дүниенің, елден ерек қаһармандар мен елден ерек оқиғалардың ортасында жүрген Қашаған ақынның өз шығармашылығының да ерекше ержүректік лепке, шынайы монументалдық кесек бітімге ие болуының да бір сыры осында шығар.

«Қырымның қырық батыры» — Европа мен Азиядай екі алып құрлықтың төрт ғасырдай ортақ тарихындағы жойқын жорықтар мен қырғын шайқастарды, билік жолындағы шым-шытырық таластарды, айла-шарғыларды, сондай тайталас үстінде көрінетін сезім сергелдендері мен тағдыр-талай талқыларын қамтыған шын мәніндегі тарихи-поэтикалық эпопея. Алтын Орда заманының халық көкірегінде мызғымастай боп орнап қалған рухани мемориалы. Бұл ретте, ол халықтық болмысымыздың, территориялық тұтастығымыздың, ұлттық дербестігіміз бен саяси тұрлаулылығымыздың төңірегінде болып жатқан қазіргі қиян-кескі даулардың талайына тапжылтпастай жауап тауып бере алатын тыңғылықты тарихи айғақ. Оған енетін дастандардың деректі оқиғаға негізделмеген бір де біреуі жоқ. Қажет десеңіз, халқымыздың тарихи-ұлттық санасының өзін қалыптастырған құбылыстардың бәрі осында. Ендеше, елдігіміздің ең үлкен мұрасын ежелден бүгінге жеткізіп берген ақынды ең үлкен шайырларымыздың бірі, ең үлкен жырауларымыздың бірі деп танымасақ, ең үлкен жетесіздігіміз болар еді.

Асан Қайғы мен Сыпыра жыраудың өзі аузына түкіргендей Қашаған ақынның сөз тастасында Шалкиіз бен Доспамбет ырғағы мен екпінінің қаз-қалпында сақталуы да сондықтан. Соларға тән заман сөйлетсе ғана сөйлеп, заман айтқызса ғана айтатын халықпен тағдырлас, тарихпен тамырлас ақындық талант Қашағанды ұлттық эстетикалық, поэтикалық танымымыздың ғана емес, ұлттық танымымыздың да жұрттан оқшау айрықша құбылысына айналдырды. Оны әсіресе ақынның «Адай тегі», «Атамекен», «Топан» сынды төл дастандарынан ай-

қын аңғарамыз. «Адай тегі» дастанында ақын біреу қалжың, біреу таба ретінде айтып, ауыздан ауызға көшіп жүрген аңызды жоққа шығарамын деп босқа арамтер болмайды. Әлемдік мифологияда Исшуа, Ғайса, Буддалардың өзінің анасы мәлім, әкесі беймәлім жаратылу гәптеріне сүйене отырып, күллі бір тайпа елді бір кісіден жаратпақ боп әуреге түсетін ұғымды «Хазірет, қызыр, пайғамбар қыдырып жүрген күн екен; содан кәмила болынып, құдіретке жолығып, асылымыз содан жаралған», — деген сыпайы әзілге жеңдіреді. Ежелгі дүниеден келе жатқан космогониялық, мифологиялық сюжетті ойната отырып, тек алалаушылық, тек кемсітушілік идеологиясының негізсіздігін естен кетпестей қылып әжуалайды. Ал «Атамекен» дастанының тарихи негізі ұлтымыздың XVIII, XIX ғасырларда бастан кешкен сұрапылдарын баяндайды. Бір қызығы, ақынның топшылауларының сол тұстағы қытай-монғол, қазақ-қалмақ, қазақ-хиуа қатынастарындағы нақты деректермен, евразия топономикасында сақталып қалған деректермен сайма-сай келетіндігі қатты таңғалдырады. Уытты жазылған шағын дастан маңғыстаулық қазақтардың ежелгі жайлармен байланыстырылатын ортаазиялық төркіні мен соңғы күллі монғол ханы Адайдың қытайлардан жеңілуі нәтижесінде қол астындағы рулардың бірқатарының Лена бойлап, Обь бойлап Теріскей асып кетуі, бірқатарының Алтай бойлап, Алатау бойлап Батыс ауып кетуімен байланыстырылатын орталықазиялық төркіні жөніндегі қисындардың аржағында қандай негіздер жатқанына меңзегендей. «Кәріден естіп білген шежіренің сүрлеуі» қызғылықты археографиялық ізденістер тілеп тұрғандай. Осы арадан кеп, Қашаған шығармашылығындағы ауыз әдебиеті өкілдерінің бәрінде ұшыраса бермейтін зерттеушілік зерде, интеллектуалдық қарым туралы сөз етуге тура келеді. Жұртшылық арасында кеңінен тараған «Қашаған ақынның Есқали сұпыға айтқаны» деп аталатын толғау, шын мәнінде, интеллектуалдық айтыс. Ақын діндарлық жолын қуған сұпының мезгілсіз келген қонаққа тарылған адамгершілікке жатпас қараулығының сырын өзіне мақсат қылған құлықтың тереңіне дұрыстап бойлай алмаған рухани шалағайлығынан көреді. Соны дәлелдеу үшін тап-таза шарифатқа, діни философияға жүгінеді. Оның үстіне бұл жыр ежелгі Лукреций, кейінгі замандардағы Уолт Уйтмен, Пабло Неруда дәстүрлерін амалсыз еске салатын «заттарға мадақсөз». Ежелгі элиндердің эпикурлық поэзиясынан бермен қарай әлемдік поэзияда

мықтап орын тепкен бұл дәстүр қазақ поэзиясында сирек ұшырасатын-ды. Жан-жануар, бес түлік, табиғи құбылыстар жайында тамаша туындылар туғызған поэзиямыз Қашағанға дейін тап ағашты, малдың ішегін аузының суы құрығанша мақтап көрген жоқ еді. Надандықпен айқас тақырыбында туған бұл жырда ағаш та, малдың аш ішегі де асқақ поэтиканың объектілеріне айналады. «Пайғамбарлар туғанда бесік болған бұл ағаш; Ибраһим Қағба салғанда есік болған бұл ағаш». Немесе, «Жәбірәйіл, жәннеттен алып келген төрт қылыш: біреуінің аты — Хамхам, біреуінің аты — Сәмсам, біреуінің аты — Зұлқажжа, біреуінің аты — Зұлпықар; қынабына солардың қап та болған бұл ағаш; найзасына батырдың сап та болған бұл ағаш... Қаріп пенен қасірге қуат болған бұл ағаш; жетім менен жесірге суат болған бұл ағаш; өзінді халық сұпы дейді, боқтағаның қай ағаш?». Немесе, «Жаңа дәрет алғанда, шәждеге басың салғанда, аузыңа салған мәсуәк, ағаш емей арқан ба? Ағашты сандай боқтайсың, сұпы-еке, қалай айтасың ағузы мен алқамды?». Өзін өз қаруымен өлтіре жеңу деген осындай-ақ болар.

Өзін өз қаруымен соғу — Қашаған айтыстарының негізгі тәсілі. Аға тұрғанда той бастап, ізетті ұмытқан Сақыптың астамдығын: «Мұнартып Еділ таспаса, кемерінен аспаса, көбігін көкке шашпаса, биіктен қарғып баспаса, су жүретін бе еді Жайыққа?! Кеме жүрсе дарияда, жол тиетін бе еді қайыққа?!» — сынды астам естілгенмен, астарлы ұғылатын қырық қатпар күрделі философиялық метафорамен тойтарады. Өзінің көптігін айтып зорсынған Берекет ақынға: «Көппін деп, балам, мақтанба, көп ата елді аздырар балықтай сасып басынан; азда қайрат жоқ десең, бүкіл тоғай өртенер, бір зәредей жасыннан; мың қарғаға бір кесек, ортасына түссе қашырған; Отман таудың басында дегелек деген бір құс бар, аспанда жүріп ысқырса, мың орда жылан басылған; мен жүлделі жүйрікпін, ала жаулы тер шығып, сүйегім қызбай ашылман», — деп, мықтымсынған немені мықтымсынып жасқайды. Ақындық жекпе-жекте дес бермеген Қашаған қартайған шағында шалдығын айтып ұрынған Ізбас ақынның: «Мен — мұхит жатқан тереңмін, шамшырақ жанған түбімде, сен бір — жабы, мен — тұлпар, сен — қарға да, мен — сұңқар, тоғыңды шайқап бүлінбе; сен — өзекте жүрген бөлдірке, мен — теңіздегі кемемін, басармын да кетермін, батарсың да кетерсің... түкірігім сөндірер сенің жаққан отыңды», — деп аузын аштырмай-

ды. Бұл не? Менмендік пе, тәкаппарлық па, астамсу ма? Батыр мен ақынға ғана кешірімді асқақтық. Бұл арқылы ол мақтаншақтық пен астамдықты дәріптеп отырған жоқ, мансұқтап отыр. Ел арасында дүлдүл ақындығымен ғана емес, кемел азаматтығымен, әлсіздің сөзін сөйлеп, ағайынның да жағасынан алған әділдігімен, кісіге құныкер боп, елінен безген қашқынды паналатқан қайырымымен, жауласқандарды бітістіремін деп жауырынан дүреге тосқан ерлік пен мәрттіктің, адалдық пен сақилықтың үлгісін көрсеткен өлшеусіз адамгершілігімен талай аңыз қалдырған Қашаған адамдармен емес, ерді қор, елді сорлы қылатын кесірлі қылық, кесепат құлықтармен — рухани кеселдермен алысқан. Соның бірі — адамды парықтан, халықты парасаттан айыратын астамшылық, көрінгеннен көзақы алатын желөкпелік, өз қасиетін қастерлемей, өзгенің қасиетіне өліп-өшетін рухани шайпаулық. Қай халықтың да жерін тәрік, өзін ғарып қылатын осы індет. Бұл ретте ақынның ел аузында үзік-үзік күйде сақталған «Жем тасығанда» дастанының орны ерекше. Есіктен кіріп, төр менікі дейтін баса көктеу, өзіндікін өзіне бұйыртпау, азған адам, тозған табиғат, тоз-тоз халық, сол тозғанның үстінен атақ алып, абырой тапқан, дәулет тауып, мал жиған арсыздық — ұлттық іріп-шіру трагедиясын баяғы «зар заман» әдебиетінен де өткір, уытты, ызалы толғайды. Біздің көсемсөзіміздің бүгінгі аузы барып айтып жатқандарын ақын бұдан ғасыр бұрын айтыпты. Ол тек өзгенің оспадарсыздығына ашынып қоймайды, ең алдымен, өз парықсыздығымыз бен өз дарақылығымызға күйінеді. Қырық күн аштыққа шыдай алмай, азып-тозып, қырық күн тоқтыққа шыдай алмай асып-тасып кететін жылқы мінезділігімізге, әлсізге қарасудан гөрі күштіге жанасуға үйір тұратын өзгеге көл, өзіне шөл пейілімізге таусылады. Бұл тақырып, бұл әлеуметтік әуен ақынды терең баурап алғаны сонша, оған қайта оралып, «Топан» атты философиялық дастан шығарады. Онда Қашаған мастық пен желікті дүниедегі бар кеселдің басы қылып суреттейді. Адамның құлқын қойып, тірі-өлі табиғаттың бәрінің сұрқын кетіретін сұрапыл күшке, жарасым мен келісім атаулының ойран-ботқасын шығаратын тойымсыз тажалға айналдырады. Парықтың орнына желік үстемдік алған жерде табиғатты қара су алмай, жәмиғат әулікiлікке ұрынбай тұра алмайды. Қашағанның: «Етпеді ешкім қанағат, тап болмай қайтсын ғаламат», — дейтіні де сондықтан. Жоқты бар етем деп жүріп, барын жоқ етіп алған әлеу-

мет басындағы әсіренкі халді көріп отырып, ақын: «Бәлеге қашқан ұрынған... барын жоқ деп құрынған... Мың тасқанға — бір тосқан демеуші ме еді бұрыннан?! Кейінгі бозбалалар, налымаңыз, шырағым, күндердің күні болғанда, көк дария көл болса, бай мен жарлы тең болса, суда — балық, қырда — егін, бәле-бәтер жоқ болса, диқаншылық көп болса, талаптың күші сел болып, кетерсіз дағы ел болып», — деп жұбатады. Бұл түйін ұғымтал көкірекке бүгін де талай нәрсені ұқтырғандай.

Сексеннен асып, сергелдең дүниенің талай қырсырын көрген Қашекең арманда кетті. Бала шағында атамекеніне жерден оқ, аспаннан доп жауғанын көрсе, өмірден өтер шағында тағы да дүниенің асты-үстіне келіп, «қазақтың дархан жерінде қасиет бар демеді, ес бар деп елде білмеді, ерлерін көзге ілмеді», — дегізетіндей кезеңге тап болды. «Абайсыз өскен алшаң» елдің, «тәксіз өскен тарпаң» елдің естияр азаматтарын жайын ауыз жыртық кемелерге тиіп, үйшік апарып, қапасқа қамап жатқанын көріп, ақберен талант Мұрат Мөңкеұлы ақын емшектес елдің басына түскен тақсіретке шыдай алмай, етегі тола еңірей жыр толғаса, қабырғасы қайысқан Қашаған ақын: «Кешегі көрген бүгін жоқ, ұшып кеткен көбелек», — деп күңіренді.

Дария десе, дария екен ғой Қашекең. Нағыз жырдария, мұндария, шердария, сырдария екен ғой. Оның ағылтегіл жойқын тасқынының қаншасы тұрымтай тұсына, балапан басына заманда құмға сіңіп жоғалды. Қаншасы құнтсыз елдің қоржыны мен сандығына қолжазба боп түсуге үлгере алмай, күннен-күнге көзі азайып бара жатқан құйма құлақ кәриялармен бірге әлдеқашан дүние ауып, үйме топырақтың астына кетті.

Қалғанына тәуба! Қашағандай жырдарияның дүниеде болғанына тәуба!

Қашаған ақын қартайған шағында ат үсті, ер соқты жүрісті ауырсынып, шудасы тізесіне түскен, екі өркеші баладай түйеге мініп, ел аралайды екен.

Қашекем Қырықкездегі ақ шаңқан кесененің астында жатпаған сияқты. Желмая мініп, жерұйық іздеп кеткен Асан бабасының артынан сары атанын сар желдіріп, елге ынтымақ, ерге ынсап, жалқыға парық, жалпыға пәтуа іздеп жүрген сияқты.

ӨЗ ЕҢСЕМІЗДІ ӨЗІМІЗ ЖЫҚПАЙЫҚ

Елімізде күнбе-күнгі болып жатқан әлеуметтік дағдарыс, құлдыраған тұрмыс-тіршілігіміздің тасасында жүріп, қызыл кеңірдек талас, көпірме сөз, елірген ереуілдер жағдайында әдебиет қандай хал кешіп келеді? Қара қылды қақ жарып, әділ қазылығын айтатын жауынгер жанр — сын неге үнсіз қалғып-мүлгіп отыр? Көркем ойдың көкжиегі қайда меңзейді? Бұл көкейкесті мәселелер бір күннің, бір кезеңнің шаруасы емес, әрине. Бірақ, қашан да сөз серкесі — сын үнемі сергек, ояу, сезімтал, жанашыр қасиеттерімен ерекшеленіп келген. Ол қай дәуірде де әдебиет әлемінің құбыланамасы қызметінен айныған жоқ.

Алдағы кезде жаңа айдар «Адырна» аясында сын мақалаларға барынша орын беріліп, ұлттық әдебиетіміздің жай-күйін егжей-тегжейлі кең әңгіме етеді деген сенімдеміз. Бұл үнжарияға ақын-жазушылар, сыншылар мен қалың оқырмандар белсене атсалысатын шығар дейтін іштей тілегісіз де бар.

Бүгін белгілі жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбіш Кекілбаев кезек алады.

— Сіз сан салалы әлеуметтік, қоғамдық өмірге араласып жүрсіз. Бірақ бәрібір әдебиетке бүйрегіңіз бұрмай тұрмасы белгілі. Сонымен, қайта-қайта өту мерзімі кейінге ысырылып отырған жазушылар құрылтайынан не күтеміз?

— Әдебиетті әрқилы замана ағымында жол-жөнекей жабысқан жапсырма сипаттардан арылтып, әу бастағы өзіне тән түс қасиетіне оралтатындай шешуші бетбұрысты күтемін.

— Ондай әдебиеттің ең басты мұраты не болмақ?

— Қоғам үшін шынайы тарихи сана, халық үшін шынайы ұлттық сана, адам үшін шынайы азаматтық сана, күллі адамзат үшін ортақ рухани мұраттар қалыптастыру.

— Таратыңқырап айтуға болмас па екен?

— Неге болмасын. Тарихи сана өткенімізді әділ бағалап, бүгінімізді терең пайымдап, ертеңімізді дұрыс бағдарлауымыз үшін, ұлттық сана ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысына тап келіп, ертеңінің қайтіп кетері дүдәмал боп, дүрбелеңдеп жатқан дүниеде өз орнымызды қапысыз тауып, орынсыз бүгежектей беріп есемізді жіберіп алмау үшін, ыссылай сұғынамыз деп, арандап қалмауымыз үшін, ал азаматтық сана өз-өзінен орнай қалмайтын жаңа болмысты орнықтыра жүріп, өз тоятың мен өз мерейіңді ғана ойламай, бүгінгі әлеуметің мен ертеңгі әулетіңнің ештеңеден жалы жығылмауын, сағы сынбауын алдын-ала қамдастыра білу үшін қажет.

Қоғамға, ұлтқа, адамға ондай өрелі мінез бітіру үшін тарих соқталаңы мен тағдыр тәлкегіне бара-бар сезім сергелдені мен ой мехнатын шақыра алатындай рухани ықпал керек. Ондай құдіретке тек көркемөнер ғана ие. Олай болса, бүгін таңда көркем ойдың сондай пәрменді қызметін қамтамасыз ету үшін өзіміз бен ұйымымызды қалай өзгертіп, қайда бағыштайтынымызға пәтуа байласа алатындай кезекті емес, кезеңді құрылтай өткізе алсақ, тіптен құба-құп.

— Бұған дейінгі әдеби тіршілігіміз мұндай өреге жақындай алды ма? Бүгінге дейін ресми идеологияның ығына жығылып келдік, халқымызға бірлі-екілі шығарма болмаса, рухани қажаяу бола алатындай ештеңе тауып бере алмадық деген пікірге қосыласыз ба?

— Рухани әлем — қашан да қанағатсыз әлем. Тіпті Шекспир мен Толстойдың, Пушкин мен Бальзактың тұсында да аузын қу шөппен сүрткендер болған. Бірақ, соған иек артып, барды көрмеу, жақсыға қуанбау да құптай қоярлық құбылыс емес. Өмірдің ешқашан да оңай болмайтынына көзіміз бұрынғыдан да жете түскендей ғой. Ендеше, кешегілердің де тап онша айдарларынан жел есе қоймағанын ескеріп, олардың бітіргендері мен тындырғандарын әділ бағалауға мейлінше мұқият болғанымыз дұрыс. Егер кеше шыншылдық пен турашылдық, жаңалық пен әділдіктің жолын кес-кестеген кедергінің көп болғанын мойындасақ, онда сондай кездің өзінде де жарыққа келген әрбір талантты шумақ пен парақты айрықша қастерлейік. Егер әдебиетімізде аз да болса, талантты шығармалар мен талантты суреткерлердің бар екендігін мойындасақ, онда қоғамда, қанша дегенмен, оларға деген жылы қабақ пен ыстық ықыластың да болғанын ескерейік.

Мәселен, қазір қолда бар кітап баспаларының, әдеби, мәдени басылымдардың, кәсіби өнер коллективтерінің, ару астанамыздың атын шығарған сәнді ғимараттардың басымы көпшілігінің бүгінде жабыла лағнаттап жатқан тоқырау жылдарында қалай ашылып, қалай салынғанын, кімнің, ненің арқасында жүзеге асқандарын, өз басым ұмыта қойған жоқпын. Қазақ мәдениетінің Одақтық, әлемдік аренаға қарыштап шыққан жылдары да сол еді. Ұлтымыздың талай-талай өнерпаз ұл-қызының омырауына сол жылдары тағылған алтын күміс-медальдар, берілген құрметті атақ, ғылыми дәрежелер, бас жүлделер, шын мәнінде, бәріміз үшін заңды мақтаныш боларлық. Әрине, күріш арқасында күрмек су ішіп кеткен, еңбек орнына сақал сатылып кеткен өзіміздің іштарлығымыз бен қанағатсыздығымыздан көпке бұйыратын абырой-атақ азға бұйырып, талай-талай тарланбоздың жолын пысықтар мен жағымпаздар кес-кестеп, обалдарына қалған тұстарымыздың да болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ ондай-ондай бүкіл бір ұлттың бүкіл бір заманалық өсу-ержетуін, іштей түлеуін атымен сызып тастай алмаса керек.

Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа деген. Өткенге әділ қарай алмай отырып, қалайша әділет жолында белсене күресе алмақпыз?! Егер ол кезде қоғамда, қауымда ондай іштей рухани түлеу болмаса, қазіргі жаңару, жасару болмас еді. Ол кезде дегеніне жете қоймаған әділдік қазір де бар дегеніне түгел жетіп үлгере алмай жатыр. Ол үшін тек әлдебіреулер емес, баршамыз түгел кінәліміз. Жалпы төмендегі көп бір-біріне әділ қарай алмай отырып, төбедегі аз ешкімді де қарқ қылып тастай алмайтынына көзіміз жететіндей уақыт әлдеқашан болды. Сондықтан әділет пен шындықты, обал мен сауапты нұрдың суындай жоғарыдан күтпей, әуелі өзімізден, сосын бір-бірімізден талап ете білейік. Дүниені түзеткіміз келсе, әуелі өзіміз дұрысқа жығылуға үйренейік.

Менің пайымдауымша, адамзат шын мәніндегі демократияшыл, адамгершілігі мол қоғамда әлі өмір сүріп көрген жоқ, бірақ адамгершіл, демократияшыл әдебиетке әлдеқашан қолы жетті. Егер ондай әдебиет, ондай философия, ондай ақыл-ой болмаған күнде қазіргі жасару, жаңғыру деп жатқан жақсылықтарымыз да болмас еді. Оларды бізге құдіретті құдай да, не бұрын бұл су, бұл топырақты баспай жүріп, керек кезінде аяғы салбырап, аспаннан түсе қалған «жаңа пайғамбар», «жаңа көсем» де төбемізден нұрдың суындай төге салған жоқ. Бұның бәрі

— әлгіндей өрелі мұраттар жолында бірде өршіп, бірде әлсіреп отырғанмен, ешқашан тоқтап көрмеген мігірсіз күрестің нәтижесі. Оны ескермей, бұған дейінгілер тек қалғып келді, тек бүгінгілер ғана шетінен сұңғыла, шетінен күрескер бола қалды деп ойлау талай рет аузымызды күйдірген рухани әулекілікке, саяси солақайлыққа, тарихи қалтарыстарда тосып тұрып, астыңдағы атыңды аударып әкете баратын «әлеуметтік рэкетке» тағы да ұрындыруы ғажап емес. Бір кездегі асыра сілтеуді қарғап-сілеп отырып, ертең тағы құрық салып жүрер жаңа асыра сілтеуге, жаңа солақайлыққа жол беріп алып жүрмейік. Ұлы Абай айтқандай, тағы да «заманға күйлеп» кетіп жүрмесек, жарар еді. Ондай асыра сілтеудің әдетте барды мойындамаудан, кешегіні жаппай мансұқтап, бүгінгіні жаппай әспеттеуден басталатынын ұмытпағанымыз жөн.

Ал, дұрысына келсек, әдебиетіміздің шындығы жолында да да, жаңалық пен жақсылық жолында да ештеңеден тайынбай, айқасқа ұмтылған тұсы аз емес. Ол — жалпы, қазақ көркем сөзінің сүйек сінді мінезі. Оған бүгін үйіріне қайта оралып отырған Шортанбай, Дулат, Мұрат, Әубәкір, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Науша, Сұлтанмахмұт, Ахмет, Жүсіпбек, Омар Қарашев, Міржақыптардың өздері-ақ дәлел.

— Оның бәрі арғы тарих қой. Бергі кезеңде жеке адамға табыну мен тоқырау тұсында тап өйтіп атойлап шыға қойдық па, қалай ойлайсыз?

— Күрес дейтіннің күрделілігі де сонда. Ол ылғи атойлаудан тұрмайды. Ашық атой салуға жағдай туған кезде «ұран» салатын да, «ұранға еретін» де көп. Бірақ, неден түңіліп, неге ұмтылу керектігіне көз жеткізу, оған жетер жолды байыптау — ұзақ жылдардың ісі. «Атойлап» тұрмаған жылдарда да шындық үшін күрес жүріп жатты дейтіндігіміз де сондықтан. Қазір екінің бірі еш қиналмай төтесінен айта салатын ақиқаттарды ұтырын тауып ұғындыра білу үшін бір кезде жанын шүберекке түйген нар тәуекелмен қоса, ар жақ-бер жақты түгел ойлайтын кемел парасат, қапысыз білімдарлық, өткірлікпен қоса ой иірімділігі, тіл үйірімділігі, дәлел орнықтылығы керек болды. Сондықтан да болар, қоғамымыздың іштей түлеу, іштей жаңару жолындағы рухани күрестің басында әрқашан да әдебиет жүрді. Мәселен, бүгінгі жаңаруды көре алмай көз жұмған Мұқағали мен Жүмекеннің бар жазғандарын қайта бір ақтарып көріңізші: қазіргі құрылтайлар мен конференцияларда, митингілер мен «дөңгелек столдарда» сөз

болып жатқан әлеуметтік мәселелердің қайсысы қағыс қалды екен?! Немесе бір ғана Оспанхан өлтіре сынап кеткен талай әлеуметтік былықтарды әлі әшкерелеп үлгере алмай жатқан жоқпыз ба? Ол жүректі тілгілеп, жүйкені жүндей түтер күрес болмаса, әлгі сабаздар алшандап арамьзда жүрмес пе еді?! Күрес болғанда қандай, біреудің миына жетпейтін, біреудің жанын күйдіргенмен, біреудің жанын әлі күйдіре қоймайтын жегі құбылыстар мен жегі проблемалар жайында қаралай отырып ойлану, қаралай отырып отқа түсу, ойдағынды қандай жолмен болса да, сыртқа шығарып, басқалардың да жүрегі мен миына қондыруға тырысу қазіргідей жаппай айтылып, жаппай талқыланып жатқан мәселелерге атсалысудан әлдеқайда қиын, әлдеқайда қауіпті еді. Соның өзінде де, сонау ауылда «тыңгер бастықтар» отырған кездің өзінде тыңды, нанды сылтауратып, елді қонысынан, малды өрісінен, жерді нәрінен айыратын баса-көктеушілікке наразылық айтуға алдымен жазушылардың тәуекелі тұрды. Мәселен, С. Мұқанов «Тыңдағы толқындарын», немесе Мұқанов пен Беляевтің айтыстарын еске алыңызшы. Немесе, бүкіл ел ұлттарының бірігуі мен жеңісі жолында мәслихат қыздырып жатқан кезде «Қазақ әдебиетінің» бетінде ана тіліміздің тағдыры жайында пікірсайыс ашқан С. Мәуленов, Т. Әлімқұлов, Р. Бердібаев, І. Жарылғапов, Ә. Сатыбалдиевтардың қылығы қандай жүрек жұтқандық десеңізші! Әйтпесе, бүгін қойшы да, қоймашы да зарлап жатқан жәйт — атам заманнан атом заманында дейін қой соңында қой болып кетуге айналған қара үзік жұртымыздың қайғылы халін жұрт «екінші тыңға аттануды» айтып жатқан кезде ашына жазған М. Әуезов («Өскен өркен»), Т. Ахтанов («Боран»), А. Нұрманов («Аққу шоғыры»), О.Бөкеев («Құм мінезі») батылдықтарын қайда қоямыз?! Одақтың тарихын Октябрьден, республиканың тарихын Тыңнан бастау әдетке айналған тұстың өзінде де арғы-бергі қазынамызды жиып-терген Ә. Марғұлан, А. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Мұхаметханов, М. Ғабдуллин, Ы. Дүйсенбаев дәстүрлері болмаса, кейінгі жылдары С. Қирабаев, Р.Бердібаев, Т. Кәкішев, Р. Нұрғалиев, М. Мағауин, М.Дүйсенов, М. Жолдасбеков, А. Сейдімбеков, Т. Жұртбаевтар болмаса «ақтаңдақтарымызды» қалпына келтіру осынша қауырт қолға алынар ма еді?!

Егер біз бүгін көзі жоқ Баукеңнің (Бауыржан Момышұлының) Алтын Жұлдыз алғанына төбеміз көкке жете

қуансақ, бір кезде көзі барда оны көшедегі көп тымақтының біріндей көріп, қай жерде кімге не деп қойғанына дейін жіпке тізіп, түртпектей бастағанымызда қаһармандық тақырыбына қалам тартқан Ә. Нұршайықов екенін қалай ұмытамыз?

Басқаны былай қойғанда, бүгінде кез-келген ауыз, кез-келген жақ жарыса ғайбаттап жатқан күні кешегі «дүрбелеңді» Колбиннің асығыс істеріне алдымен ескертпе жасағандар да жазушылар емес пе еді?! Жұбан Молдағалиевтың сексен алтының желтоқсанындағы, Сафуан Шаймерденовтың сексен жетінің маусымындағы оның өзі отырған жиында айтқан сөздері әлі құлағымызда ғой. Сондай көлденең көк аттылардың бастарынан бақтары ұшпай, тақтарына отырған кездің өзінде сондайларды жұмсап, бейбіт елдің берекесін кетіріп, құтын қашырған, сүйтіп ұлтаралық шиеленістер өртін тұтатып алған «Орталық саясатын» алғаш рет бүкілодақтық сахнадан ауызша да, жазбаша да ашық айыптаған жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісов еді ғой.

Амал не, ондайда айта алатын ауыздар табылғанмен, ести қояр құлақтар табыла бермейді. Оның үстіне айта алатын ауыздарымызға ел болып дуа бітіруге тырыспайтын енжар мінезіміз тағы бар.

Тап сол жылдары: «Қалған жұрттар жабырқап жадап жатқан кезде ала бөтен керек бола қалатын Қазақстан мен қазақ халқы қалған жұрт жарқырар-жадырар кезеңде ала бөтен керексіз боп шыға келеді. Жұрт өз тізгінін өзі ұстап жатқанда, біз өз үйімізде өзіміз күстаналанып, сүмірейіп бұрышта тұрмыз. Айтудай-ақ айтсақ та, біздің сөзімізді бай сабаған қатынның бажылындай көріп, ешкім құлағына ілмейді. Жарық жалғанның көңілін түгел тапқысы келіп жүрген басшыларға біздің жағдайымызды айтып, «бұның түбі томпақ шығып жүрмес пе екен» дейтіндей «аузы дуалы ара ағайын да табылмай қойды» деген інілік бопсамызға (шүбәланатындарға сол әңгімеге куә болған азаматтарымыз айта жатар) Шықан (Шыңғыс Айтматов): «Әбіш, мұндайда «оң жамбасқа келсін» дейді ғой. Үмітсіз шайтан, сондай да сәті тумас деймісің» деп, арқамыздан қаққан-ды. Артынан, халық депутаттарының алғашқы съезінде «оң жамбасқа келгенде» Шықанның қалай қапысыз қимылдағанына халық куә. Айтматовқа ол сөзі үшін тек қазақтар ғана емес, көкірегінде жаны, бойында қаны барлардың бәрі риза шығар. Сонда ұққаным: ұтырын тауып, іс қыла білмеуден қанша жерде ұпайымыз кетіп келген...

Құдайға шүкір, ұтырын тауып, іс қылудың алғашқы нәтижелерін көре бастадық. О. Сүлейменов пен М. Шаханов басқарған қоғамдық қозғалыстар республика, халық тағдырына әлем жұртшылығының назарын аударуға шешуші ықпал еткенін ешкім жоққа шығара алмайды. Қажет десеңіз, ұлттық санамыздың, экологиялық көзқарастарымыздың, әлеуметтік пайымымыздың ояну, қалыптасу арналарына айта қаларлық үлес қосты. Қазір ұтырын тауып, іс қылуға ақылымыз жетсе, қай-қайсымыздың да қарекетсіз қалар, абыройсыз қалар түріміз жоқ. Тек сынықтан өзгені сылтау қып, бір-бірімізге қырбайлық керсетуден, өзімізден бұрынғының бәрін можантопай санап, олардың жақсысын да, жаманын да жаппай мансұқтаудан тиыла білейік. Өйткені, жұрт қамын жейтін ниеттің бәрі де асыл, бәрі де ардақты. Ондай азаматтар кеше де, бұрнағы күні де, баяғыда да аз болмаған.

Егер көп мәселе әліге дейін шешілмей келсе, ол ешкім көрмегендіктен, ешкім білмегендіктен, ешкім айтпағандықтан емес. Шындыққа құлақ аспағандықтан. Тіпті көп уақытқа дейін шындықты айтушыларды шындықты бұрмалаушылар деп ұғынып келгендіктен. Басқаны қойып, әдебиетшілеріміздің өздері тың көтеру тұсындағы әлеуметтік келеңсіздіктерді алғаш айтқан С. Мұқановтың «Тыңдағы толқындарын», советтендіру тұсындағы, коллективтендіру алдындағы ауылдағы асыра сілтеулерді айтқан Ғ. Мұстафиннің «Көз көргенін», отызыншы жылдардағы аштықты көрсеткен Х. Есенжановтың «Көп жыл өткен соңын», «Ағайынды Жүнісовтерін», Арал трагедиясына арналған Ә. Нұрпейісовтің «Сеңін», Тұрар Рысқұлов бейнесін сомдаған Ш. Мұртазаевтың романдарын жиналыс сайын шиге шаншып бақпап па еді! Ал кешегі желтоқсан дүрбелеңінің себептерін іздеген тұста «елден бұрын тауық боп шақырып», қайдағы бір өткенкеткендерді қозғаған Ғ. Мүсірепов, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, Ә. Әлімжанов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, С. Сматаев, Ә. Кекілбаевтар турасында тиісті орындарға не айтып, не жазғандарын кейбір қаламдастарымыздың іштері жақсы біледі. Бұл, бірақ, кейбіреулердің айтып жүргеніндей, «әдебиетшілер деген шетінен дәукес, оңбаған жұрт» болғандығынан емес, күні кешеге дейін созылып келген сана солақайлығынан. Талай жыл құлағымызға құйылып қалған «жаңа шариғаттан» әлі арылып болмағандығымыздан. Ол үшін бүгін кеп: «сен ана жерде өйттің, мына жерде бүйттің» деп, бір-бірімізге көсеу ала

жүгірсек, ел қылмайтын өнбес даудың соңына қайта түсіп кетер едік. Біз бүгін әуелі өзімізге, сосын бір-бірімізге «Өткен ереуіл, қалған салауат» деп, талай мәселеге жаңаша қарауға, талай жәйтті ұмытпасаң да ұмытуға, жаңаша іске, жаңаша қарым-қатынасқа белді бекем бууымыз керек. Әйтпесе, ертелі-кеш ежіреңдесіп отырып, ел бола алмаймыз. Бір кездегі кісәпірлік жалтақтыққа, ескі сүрлеуден шыққысы келмейтін енжарлыққа бой алдырып жүрміз бе деп сескенем. Қажет десеңіз, біреулер солақай сыннан қаймығып, жұрттың көзіне түсіп, жаманатты болмас үшін бас бұғалап ынжық, екінші біреулер солақай сынды малданып, көрмегенге көсеу ала жүгіретін кеудемсоқ озбыр болып кеткен сияқты. Сол індет жариялылықтың да тонын айналдырып кигізіп, бас сыйғызбас бақастықты, жолдан қалдырар дәукестікті, екі үйді қатар қонғызбас алауыздықты қайтадан өршітіп жіберіп жүрмес пе екен деп күдіктенемін. Маған салсаңыз, қай шаруада да, әсіресе, әдеби шығармашылықта күпілдек мадақ та, күңкілдек сын да емес, байыпты талдау пайдалы. Біліп айтқан әділ пікір, достық ақыл қымбат!

— Ендеше, шығармашылық одақтар болашақта да керек болды ғой...

— Неге керек болмасын. Нарықты экономика жағдайында меншік даралығы, меншік әралуандығы болғанмен, өндірушілер де, тұтынушылар да мүдделестік негізде ұйымдаспай тұра алмайды. Бәсекелестіктің тұтқынында қалғандар өз-өзінен тығырыққа тіреліп, өз бастарын өздері жұтып тынады, ол пікір алуандығына, көзқарас айырмашылығына қарамастан мүдделер жақындығына құлақ асып ынтымаққа ұмтылғандар өзіне де, өзгелерге де тиімді жағдайлар туғыза алары сөзсіз.

— Ол экономикада, іскер қауымдағы жағдай ғой. Ал әдебиетке, қаламгер қауымға бұл заңдылық жүрер ме екен?

— Неге жүрмесін?! Өз мүддесін бірінші орынға қоятын іскер қауым бір-бірімен тіл табыса алғанда, ел мүддесін, халық мүддесін бірінші орынға қоюға тиісті қаламгер қауым қалайша ынтымақтаса алмайды?.. Халықтың санасымыз, ұлттық арымыз деп жүргендер беттерін бір-біріне қазір жылытпағанда қашан жылытады?! Қауымымыздың алдында онсыз да қарлы қаратау қиыншылықтар тұрғанда бір-біріміздің жанымызды жегідей жеуді қазір тыймағанда қашан тыямыз? Өйтпесек, өзіміз өз бола аламыз ба, еліміз ел бола ма?!

— Егер өйтіп әркім өз пұшпағын өзі илейтін болса, онда одақтың қажеті қанша?

— Иә, біз көп уақытқа дейін коллектившілдік дегенді бір-біріміздің ісімізге орынсыз қол сұға беруге, бір-біріміздің жеке тіршілігімізді орынсыз баса-көктей жөнелуге, тіпті бір-бірімізді аяққа басуға, бір-біріміз турасында не айтып, не қоюымызға да алдын-ала беріліп қойған рұқсаттай көрдік. Сөйтіп, оны бір-бірімізге керек жерінде көмек көрсетудің емес, қысым көрсетудің құралына айналдырып алдық. Ондай іс бақпай, сөз баққан бірлесшілдіктен ошақтастық емес, шатақтастық өрбиді. Алауыздық та содан балалайды. Соның салдарынан да талантты өкілдеріміз өз бойларындағы творчестволық мүмкіндіктерді толығымен сарқа пайдалана алмай келді. Әдебиетіміз де өзінде бар творчестволық қуатқа лайық айқын таныла алмай қойды. Бірақ ол кез-келген көбік ауыз көпіріп жүргендей, «жазушылардың ғана осындай іштар» немесе «қазақтардың ғана осындай іштар» екендігінен емес. Бүкіл қоғамдық жалған теңгермешілдіктен. Жалпымызды ыңғайпаздыққа, басшыларымызды өктемдікке ұрындырып келген әкімдік-төрешілік үрдістердің шығармашылық коллективтерге де әдеби күшпен телінуінде. Сондықтан әдеби ортаның ойдағыдай сауығуы басшы кадрларды өзгертумен емес, ұйымдық құрылым мен басқару жүйесін түбегейлі жетілдіру арқылы ғана жүзеге асады.

— Сонда жаңа одақ қандай болуы керек деп ойлайсыз?

— Демократия мен гуманизмді ең көп айтатын кім?

Әдебиетшілер. Ендеше, олар бұл екеуін өз орталарында ең алдымен орнықтырулары керек. Ондай одақта басшылар мен бағыныштылар емес, терезесі тең пікірлестер, қажет десеңіз, өнер асыру жолындағы таза бәсекелестер бас қоса алады. Ондай одақтағы басқарушылық қызмет ешқандай артықшылық, ешқандай билік емес, жұрт көрсетер сенім, жолдастық, азаматтық парыз саналуы тиіс. Көп ақылын көпке ортақ мүдделер мен міндеттер төңірегіне тоғыстырып, олардың көпшілік көңілінен шыға алатындай ықтимал шешімін табу, оны көп болып жүзеге асыру — одақ өмірінің бұлжымас қағидасына айналса لازым. Ол идеологиялық абсолютизм мен ұйымдық унитаризмді біржолата мансұқтауға міндетті. Ендігі жерде оның мұраты — әдебиеттің әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ол үшін қаламгердің шығармашылық бостандығын қорғап, оған мемлекеттік билік орындары, саяси партиялар

мен қозғалыстар, жекелеген адамдар, тіпті суреткерлердің өздері тарапынан моральдық, саяси, материалдық қысым жасауға жол бермеу. Әдеби өнердің шыншылдық пен ізгілік негізінде дамып-өркендеуіне керекті жағдайдың бәрін де туғызу жолында күресуге тиісті. Егер біз жазушы өзінің жеке басының тәртібі мен әрекеттері үшін басқа ешкімнің де емес, тек заңның алдында ғана, шығармашылық еңбегінің сапасы үшін басқа ешкімнің де емес, тек оқушы қауым алдында тікелей жауап беретіндігін естен шығармасақ, онда оны басқаларды былай қойғанда, өзді-өзіміздің де орынсыз түртпектерімізден арылтып, өз бойындағы қабілеттерін өз қал-қадерінше толық аша білуіне мүмкіндік туғызған болар едік. Жазушы қолжазбасы тек өзінің өтініші бойынша ғана талқылануы керек. Әйтпесе оның қадір-қасиеті әрбір нақты жағдайда, нақты мәселелер бойынша ғылыми дәлелді, мейлінше байыпты, баға бере алатын заңды эксперттер арқылы ғана анықталуға тиісті. Өйтпесек, қаламгерлерді сыртқы күштердің сынынан құтқарғанымен, өзіміздің әдеби гильдиялық, ассоциациялық, одақтық ішкі қысымдардан, әріптестер зорлығынан, коллектив зорлығынан құтқара алмаймыз. Егер суреткер өзінің шығармашылдық бостандығына, адамдық, азаматтық құқықтылығына, дүниетанымдық, эстетикалық еркіндігіне, жанрдық-стильдік өзіндік сипаты мен идеялық-концепциялық тәуелсіздігіне ешкімге де қол сұқтырмайтындай жағдайға өз ұйымында жете алмаса, басқа тарапта жете қоюы екіталай. Сондықтан шығармашылдық еркіндік пен ой бостандығы ахуалын әуелі өз ортамызда орнықтыруымыз, сосын басқалардан талап ете білуіміз қажет.

— Кейбір қаламгерлер тарапынан тәуелсіз әдебиетшілер ұйымын құрамыз, бөлініп кетеміз деген пікірлер де естілмей қалып жүрген жоқ. Оған қалай қарайсыз?

— Мен жазушы намысын баса-көктеуге, оның шығармашылдық, әлеуметтік, экономикалық мүддесін қағажу қалдыруға қарсымын. Ал ондай жағдайға душар боп жүрген қаламгерлер табылып жатса, олардың өз құқысын заңды жолмен қорғай білуге тырысқан қандай әрекетін де айыптай алмаймын. Бірақ әлгіндей ахуалға тап болмай тұрып, жай әншейін үй ішінен үй тігу үшін бөліне-жарылушылықты халқымыздың рухани тұтастығы айрықша қажет болып тұрған қазіргідей кезде көпке жаны ашығандықтан істелетін іс деп есептей алмаймын. Не де бол-

са, ендігі жерде жазушылар бір-бірімізге ақыл үйрету үшін немесе бір-бірімізден уақытылы есеп алып, уақытылы есеп айыру үшін емес, бір-бірімізді әлеуметтік қысымдардан, саяси-идеялық билеп-төстеушіліктен, рухани кіріптарлық пен экономикалық мұқтаждықтардан қорғай алуымыз үшін керек.

— Ондай жағдайда Жазушылар одағының жұмысы жеңілденіп, әншейін кәсіби клубқа айналып кетпей ме?

— Жоқ, өйте қоймас. Қайта ауырлай түсер. Бір-біріміздің жаза басқан жерлерімізді жіпке тізіп, жазғырып отырудан гөрі, жоғарыда жасақталған саясаттың жұртшылық тарапынан қалай жүзеге асып жатқанын қадағалап отырудан гөрі әдебиеттің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін, әдебиетшілердің азаматтық және суреткерлік құқықтарын қорғай білу, көркем ойлаудың қоғамдық дамуға тигізер ықпалын уақытылы дәл мөлшерлеп, дұрыс бағыттау білу әлдеқайда қиын, әлдеқайда нәзік, әлдеқайда жауапты міндет болса керек. Ондай міндет әдеби процестер мен қоғамдық процестердің ара қатынасын жіті бақылап, сол екі ортадан туындайтын проблемаларды уақытылы шешіп отыратын оралымдылықпен қоса, әдеби дамуды қоғамдық дамумен, ұлттық дамумен терең қабыстыра алатын кеңқарымды проблемаларды байыпты жасақтап, табандылықпен жүзеге асыра алатындай әлеуметтік көрегендікті, соны мүмкіндіктерді туғыза алады. Көп ұзамай талқыға түсетін мәдениет туралы заң, оны жүзеге асыруға байланысты шаралар қабылдау тұсында да қапы соғып қалмауымыз керек. Бір өкінішті жәйт, шырғамашылық ұйымдар мұндай ұрымтал тұстарда ұтымды ұсыныстар берудің орнына сырт сынаушы, бейтарап бақылаушы болып келді. Ендігі жерде ондай «ақсүйектік» іс пайдасына шықпайды, қаралай арам өлтіреді.

Қысқасы, одақ жұмысына атымен соны сипатты іскерлік, экономикалық пайымдылық дарытпай болмайды.

— Одақтың қазіргі жұмысына баспасөз бетінде айтылып жатқан пікірлерге қалай қарайсыз?

— Ол қол қусырып қарап отыр деу шындыққа сыя қоймас. Бүкілодақтық ұйымдағы «саяси мешелдікпен», кейбір республикалық ұйымдардағы «бөліне жарылушылықпен» салыстырғанда, бізде әзір құдайға шүкіршілік қой.

Егер біз жоғарыда әдеби ортаның республикамызда, жұртымызда әлеуметтік белсенді ахуал орнатуға, өткенде жоғалтқандарымызды қалпына келтіріп, тіл, егемендік, экология жолындағы күресті өрістетуге елеулі қызмет

атқарғанын айтсақ, соның бәрінен шығармашылық ұйымымыз сыртқары тұрды деп қалай айта алмақшымыз? Онда Әбділда мен Мәриям, Әбу мен Хамит қарияларымыздан Абзал мен Мәди, Гүлнар мен Баян кенжелерімізге дейінгі барша буынның бүгінгі рухани түлеуге қосып жатқан үлестерін қаралай жоққа шығармаймыз ба?

Рас, өз ортамыздың ахуалын жақсартуға тап сондай ынта, тап сондай белсенділік таныта алмай келеміз. Ондай ахуал өз-өзінен орнай қалмайды. Ол үшін ең әуелі жан-жақты ойластырылған арнайы «Сауығу» бағдарламасын жасақтап, жүзеге асырған жөн. Сонда барып жаңа жағдайдағы әдеби дамуымыздың стратегиялық мақсаттары мен тактикалық міндеттерін шешетін бірнеше кең қарымды ұлттық программалар ойластыруға да жағдай туады. Бүгін таңда ондай жүйелі өзгерістердің кешеуілдеп жатуы, бір жағынан, қоғамымыздың, экономикалық, әлеуметтік реформалардың тырп етпей тұралап қалғандығынан ғой.

Адам бостандығы мен ұлттар бостандығының праволық, саяси, экономикалық кепілдіктері табылмай тұрып, ұлттық әдебиет пен ұлттық өнерімізді жаңаша өрістетудің ықтимал жолдарын дәл тауып, дәл бағдарлау қайдан оңай бола қойсын?! Ол аз десеңіз, азаматтық келісім әлі келге келе алмай жатқан қоғамда әдеби ортадағы этикалық түсінушілікке қол жеткізу де тап анау айтқандай жеңіл шаруа емес. Содан да болар, болашақ құрылтай алдындағы пікіралысуда қандай ұйым керектігі жөнінде тебіренуден гөрі кімнің бастық болатынын ойлап, уәйімдеу басымырақ сияқты.

Біздіңше, «ашық хаттасу», «жабық хаттасу» орнына, қайткенде ел боламыз деп мәслихаттасу орындырақ тәрізді. Ендеше, дәл қазір әдебиетімізге шынынан жанымыз ашитын болса, оның басшылығындағы азғантай қызметке жаппай көз алартып, жаппай тамағымызды ісіргеннен гөрі оның мойнындағы кезеңдік міндеттердің ойдағыдай жүзеге асуына, қайда жүрсек те, өз үлесімізді қосудың, қайткенде қалай пайдалы болатындығымыздың жәй-жапсарын көбірек ойлағанымыз дұрыс шығар.

Бұл жолы сол үйреншікті үрдістің ауқымынан шығып, бір-бірімізге баршамыздың обалымызға қалмауға парқы да, құлқы да жете алатындай кісі табу тұрғысынан зер салғанымыз дұрыс. Әсіресе, әдебиетіміздің кейінгі буындарына айрықша назар аударғанымыз дұрыс. Біздің үйреншікті қақ-сұқтан бір-бірімізге әбден қол байлау бол-

ғанымыз сонша, әбден елге танылып болған елудегілер де, қазіргі әдебиеттің қара нарларындай қайрат ете бастаған қырықтағылар да, орда бұзардай тегеурін көрсетіп үлгерген отыздағылар да әлі күнге дейін бір санатқа, кейінгілер санатына қосылып келеді. Бұдан былай да кейінгілерді кеудеден итере берсек, ешқашан ілгері баса алмаймыз.

Меніңше, біздің бар қырсығымыз — пікіріміз жеткен деңгейге пейіліміз жетпей, ылғи кем соғып, кенде қалып келе жатқан сияқтымыз.

Тап осы жолы пейіл кеңеймей тұрып, мерей өспейтіндігін, ірілік жоқ жерде бірлік болмайтынын, берекесіз тірлік қараң екенін мықтап ескерсек, бұған дейін кеткен талай ортамыздың орнын толтыра алар ек.

— Әңгімеңізге рахмет.

Мамыр, 1991 жыл.

БАҚИ КЕТСЕҢ, БАҚЫЛ БОЛ, ШӘМШІ!

Дүниеде ажалдан салымды, ажалдан талғампаз не бар екен?! Түздің түгей арланындай таңдап-таңдап тарландарымызды жайратып кетеді.

Өртеңге біткен алшындай қаптай көтерілген алпысыншы жылдар ұрпағы да ең бір апайтөс арыстарынан айырылып келеді.

Фәнидің көкжиегіне сыймай, бақидың мұхитына жол тартқан алып кемелердей бірінен соң бірі кетіп жатыр, кетіп жатыр...

Енді, міне, ақырғы рет азалы сырнай шалдырып, жалпақ жұртын ағыл-тегіл жылатып, Шәмші де аттанып барады.

Шәмші Қалдаяқов...

Соңғы отыз-қырық жылдың ішінде ат жалын тартып мінген ұрпақтардың туған әкесіндей, туған ағасындай жетік біліп, жете қадірлейтін арысы еді. Алыс-жақынға бірдей қымбат, сүйікті бауыр еді.

Иә, баршамыздың бауырымыз еді.

Бұл ғасырдың екінші жартысында түндік көтеріп, түтін түтеткен барша қазақ шаңырағының бар қызығы Шәмші көкірегінен төгілген саздың саясында, Шәмші көкірегінен төгілген ықыластың шуағында өтіп еді.

Ол ән шығара бастаған кез ауыр соғыстың жарасы әлі жазылып бітпеген кез еді. Жесірлер баққан жетім ұрпақ енді-енді жетіле бастаған-ды. Ана зарына, жоқтау үнге құлағы үйреніп қалған халықтың шерлі жүрегін дікектеген шеру емес, сыршыл наз әуенімен жібите білген, талай жерде тауы шағылған жұрттың шерменде көкірегіне көктем орнатып, гүл еккен әндер еді-ау, оның әндері. Жадау иін, жұтаң төр жарлы-жақыбай баспаналарды жаз нұрындай жарыққа бөлеп, жадырата шырқаушы еді-ау, шетінен.

Шәмшінің сырбаз әндері көбейе түскен сайын дүние де көркейе түскендей боп көрінуші еді біздерге, Шәмші әндерін шырқай жүріп, от жағып, отау көтердік. Бесікті де Шәмші әуезін ыңылдай жүріп тербеттік. Шәмші әуезін ыңылдай жүре оқыдық, еңбектендік, іздендік. Арманымыз қалай шалқыса да, көңіліміз қалай құйқылжыса да — бәріне де сергек серік тауып беруші еді-ау, Шәмші әндері. Жарыңды жадыратып, сәбиіңді жарқылдатып, анаңды шаттандырып, атаңды масаттандырғың келсе, Шәмшіге жүгіріп, Шәмші әуеніне жүгінетінбіз.

Ол қалдырған мұрадан жасарып-жаңғырып, өрге ұмтылып, өркениеттеніп жатқан қазақ қауымы қай керегін де тауып ала алады.

Қазақ арын арлаған жас ұрпақ тек жазғы бақтардағы оңаша жолығыстарға ғана емес, ақ қырау желтоқсанның жария майданына да Шәмші әнін шырқап барған-ды.

Пайғамбар жасына жетеқабыл аз ғұмырында Шәмші қазақ сахарасының әр өлкесі түгіл, әр ауылына бір-бір ән еншілеп үлгерді десек асыра айтқандық болмас. Жомарт жүректен туа қалған сол әндердің қай-қайсысын да тек бір аймақ қана емес, бүкіл ел, бүкіл ұлт түгел айтып, түгел шырқап келеді.

Шәмші қазақ ұлы мен қызының жүрек қылын шертетін наз жырын да, қазақ шаңырағының қай қуанышын да түгел елей алатын думан-жырын да, Қазақ Елінің айбынын асқақтатып, айдынын шалқыта дәріптейтін Мерей жырын да жазып үлгеріп кетті.

Жоқтан қайта бар боп, жұтаңнан қайта нар боп ерлеп жатқан Елінің қай керегіне де жарай алатын жайсаң мұра тастады да, бабалар тартқан сапарға кете барды аттанып...

Жер астында нұрың, жер үстінде үнің бірдей шалқысын, Шәмші — сері, Шәмші — сал!

Бақи кетсең, бақыл бол!

Қадіріңді білер жұртың, қазынаңды шашпас ұрпағың аман жүрсін артыңда...

БАПТАҒАНЫ ПЫРАҚ, ЖАҚҚАҢДАРЫ ШЫРАҚ

Әлеумет, біле білсек, бұл өзі — жан тебіренерлік оқиға. Той төрінде — бірінен бірі өткен таныс жүз, ыстық дида, ардақты есім. Қаздай тізіліп, қатар отыр. Тіл аузымыз тасқа! Көңілімізге тоба, тілімізге тәуба осындайда оралмағанда, қашан оралады?! Бұл бауырларымыздың сонау бір жылқы жылы дүниеге келулерінде де күллі ел боп елжірейтіндей ерекше сыр бар. Тап осы ұрпақтың бұл дүниеге келуі де, келмеуі де, келген күнде де, тап осы дәуренге жетуі де, жетпеуі де бірдей ықтимал еді. Келді, жетті... Бұған қалай тәуба демессің, ағайын?!

Жетесіз болмасақ, ұланғайыр атамекенімізде талай көздің сұғына қап, санатымыз жеті миллионға әзер толып, өз мерейімізге өзіміз, өз ырзығымызға өзіміз ие бола алатындай шамаға енді-енді жетеміз бе, жетпейміз бе деп отырған мына біздерге дәл мынандай кезеңде бір-біріміздің басымыз қарайып, тірі жүргенімізді көруден ғанибет ештеңе жоқ. Төбесінен нәубет арылмаған жұртымыздың қазіргі жер басып жүрген қай ұрпағы да, әсіресе, елуден арғы естияр ұрпағының ешқайсысы да, қой үстіне бозторғай ұя салған мамыра заманда тұмаған. Бәрі де — отақтан қалған тұқылдай, ойраңнан қалған тұқымдай, өртеңге еске алшындай, есіңе қай-қайдағыны салатын ескінің көзі, егеудің сынығы.

Қарға тамырлы, қаршыға сіңірлі халқымыз тағдырдың қай талқысына да шыдап, зұлмат кездердің өзінде де бесігін құр тастамапты.

Өйтпесе, қырық бірдің жыланы талғақ боп, таңсық аңсайтын, қырық екінің жылқысы толғақ боп, қалжа қаужайтын жылдар ма еді?! Сол жылдары да жарыс қазан жасап, ит көйлек кимесек, бүгін осы арада басымыз осылай қосылар ма еді?!

Қызыл қуырдақ қырғынға, сұрапылды сүргінге ерегісіп, тіршіліктің өрмегін қиғызбаймыз деп өршеленіп туған қайсар ұрпақ енді, міне, елуге келіпті. Келгенде де қандай? Арасат заманда туып, ащы інгәсінің өзі асқақ естілген ұрпақ қырық тоғыз мүшелінде азат елдің азаматына, тәуелсіз елдің ту ұстайтындай тұлғасына айналыпты. Мұндайда тәуба дегенде, қандайда тәуба дейміз?!

Біреу емес, екеу емес, жиырма бес... Басқа уақытта болса бір жөн ғой. Қанқасап тұсында да тек бір жылдың өзінде тек бір әдебиеттің өзіне ғана самсатып жиырма бес қаламгер қосқан қандай перен жұрт едік өзіміз?!

Бұл — буын санымен емес, сапасымен де, туған жылымен де емес, қосқан үлесімен де көңіл марқайтатын көрікті, төл дамуымызға белес бола аларлық бедер қоса алған тарихи буын.

Ондай болатын жөні де бар. Ылғи кең жайлаған кенде боп, мол қоршаған аз болып, желдің өтінде, жаудың бетінде өмір кешкен халқымыздың тарихи жолының көп бөлігін жаугершілік замандар иеленеді. Ондай кезеңде алма-кезек түсіп отыратын жеңіс пен жеңіліс, желпініс пен дағдарысқа сәйкес әдебиетімізде де қаһармандық дастандар мен ақылмандық толғаулар басым түседі. Ер замандар әуелі ертең не болатынын білмейтін зар замандарға, сосын келмеске кеткен өткенге өксіп, көрмеспін дегенді көрсетер кер замандарға ұласты. Заман жүдеген сайын адам да жүдеп, адамның жүдегенін заман арқылы бейнелеуден гөрі, заманның жүдегенін адам арқылы бейнелеу етек алды. Әрісі Бұқар, Дулат, Мұрат, берісі Абай, Шәкәрім, Шәңгерей ұстанған шерменде сыршылдық, Сұлтанмахмұт, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Ғұмар, Бернияздардың бастарын тауға ұрып, тасқа соққан сергелдең шын шылдығына жалғасты. Бұл дәстүр қырқыншы жылдардың ар жағында қалып, бер жағына аяқ баспады десек, шындыққа қиянат жасаған болар ек. Өмірдің аты өмір... Оқ пен оттың астында да інгәлап жаңа ұрпақ дүниеге келіп жатады. Өнердің де аты өнер — зорлық пен зомбылық тұсында да реті табылып, шындық айтылып жатады. Халық жүрген жерде әділет жүрмеуі, адам жүрген жерде ұят жүрмеуі әсте мүмкін емес. Ол екеуі жүрген жерде шындық та жүреді. Өйтпесе, талай ұрпақтың бітірмегенін ғана айтып, бітіргенін айтпасақ, ол да қиянат болар еді.

Соңғы жетпіс жыл ішінде адамзат ежелден аңсаған ең ірі игі армандар мен абзал мұраттарды желеулетіп, талай

ұрпақтың күш-жігері құр бекерге зая кеткен әлеуметтік көлгірлік тұсында да шырылдаған шындықтың үні біржола өшіп қалған жоқ. Оның әлсіз даусының қайта бекемденіп, шындалуына от пен оқтың ортасындағы қатал тағдырды бастан кешіп келген ұрпақтың қолына қалам алуы көп себепші болды. Бірақ, идеялық тоңмойындық, азаматтық жалтақтық, суреткерлік жадағайлық біржола өкше көтеріп кете қоймады. Алайда, әдебиетімізде әрбір жас буын, жаңа буын келген сайын әлеуметтік батылдық пен суреткерлік жаңашылдықтың еңсесі мысқалдап та болса биіктей түсті. Әсіресе, алпысыншы жылдардың ортасынан бастап, әдебиет атырабында бой көтерген осы бір буын бар жанрымызда да шыншылдықтың шындап марқаюына көбірек үлес қосты. Олар, мүмкін болғанынша, бірде оңға, бірде солға бұлтарып отыратын ала қолдылықтан, құрғақ дәріпшілдіктен, ұраншылдықтан аулақ тұра білді. Әуелі өз буындарының көңілге қонымды рухани бейнесін аша алды. Сосын өз заманы, өз халқы жайында сыр шертуге көшті. Атамекендерінің кешегісін қойып, бұрнағы күнгісіне де үңілуге тәуекелдері жетті. Келе-келе ұлттық болмыс-бітіміміздің түп-тамырларына бойлап, өзіндік дамуымыздың ықтималдығын пайымдауға кірісті. Күні кешеге дейін қырық қақпақтың астында жатқан қырық қатпар хикматтарды сөз ете бастады. Әуелі алыстан меңзеп басталған әңгіме кейін төтен шындыққа төтелей бет бұрды. Жан-жақты эпикалық кескіндемелер, шынайы лирикалық тебіреністер, тыңғылықты ғылыми байыптамалар, уытты поэтикалық толғаныстар, жалынды көсем сөздер бұл буынның суреткерлік қарымы мен азаматтық тегеурінін қапысыз ашып бере алғандай. Бұл — әдебиетіміздің кемел суреткерлерін ғана емес, қауымымыздың көсем көшбасшыларын да өсіріп шыға алған буын.

Талай кепті бастан кешкен, елі ауып та, жері ауып та, діні ауып та көрген, тіпті тілі ауып та кете жаздаған жұртымыз тарихта күллі адамзат, мойындаған азаттық пен тәуелсіздікке қолы алғаш рет жетіп отыр. Азаттық алған елдің ат басындай алтын тапқан адамдай жүрегі жарыла қуануы заңды. Бірақ, сонымен қоса ат басындай алтын тапқан адамдай абайшыл да мұқият бола білсе, тіптен лазым. Өйткені, бұл ғаламда оңаша отырған ешкім жоқ. Ал, жан-жағымыздан қоршаған жалпақ әлемнің аузы әлі ала, көзі әлі қызыл. Соны ескермей, қолымыз әзер жетіп отырған тәуелсіздікті көктен түскен батпан құйрықтай көріп, бірден желбуаздық пен бейқамдыққа бой алдыр-

сақ, бұдан қырық-отыз жыл бұрын дербестікке қолдары жеткенімен, әлі күнге іргесін бүтіндей алмай отырған кейбір қауымдардың келеңсіз тағдырын көре тұра, көрмегендей болар ек. Оларды мандытпай қойған жаңа отаршылдық әрекеті бізге құрық салмайды деп кім айта алады?! Сондықтан ішкі ынтымақ пен сыртқы ықпалдастыққа осы күннен бастап қам жасамасақ, ертең қапы қалуымыз ықтимал. Шын азаттық пен шын тәуелсіздік көсегесін өнбес істі құмайтын, бірін-бірі кеудеден итермейтін, көрпесіне қарап көсіліп, шамасына қарап шалқитын, масайрамай марқайып, желпілдемей жетіліп, ұрықшақтанбай-ақ ұпай түгендей алатын, ұрымтал қимылдайтын ұғымтал қауымдар ғана көгерте алады. Олар санының аздығына, көптігіне қарамастан, дербестік тізгінін бекем ұстай алады. Ал санына лайық сабыр, қауқарына лайық ақыл таба алмаған қауымдардың басындағы тәуелсіздікті өздері тәрк етіп, қайтадан жемтікке айналуын аңсайтын, сол үшін жан-жақтан ши жүгіртіп, асығыстық пен ағаттықтарға итермелейтін әзәзіл күштер де жеткілікті. Ондайға ергендердің қандай күйге ұшырап жатқандығы тағы белгілі. Кіріптар кезде кібірттік, азат кезде аусар, бодан кезде монтаны, бостан кезде бейпіл болу да — іргелі қауымға жараспайтын қылық. Бірден күрп ете қалмадық деу де күпірлік. Өйтіп, бір өңкей өкпе-бопсаның соңына түсе берсек, қой көрмеген қуалап өлтіредінің кебін киеміз. Бәрімізге бірдей бақ, бәрімізге бірдей тақ қайдан жетсін?! Бес ғасыр бойы кетіп келген қапы екі-үш айда қайдан қайта қойсын! Бірақ, азаттық пен тәуелсіздік орнаса — бәріміздің де атымыздың озғаны. Бәрімізге бәрінен де керегірегі сол. Ол екеуі жоқ жерде де талабыңа қарай бақтауып, еңбегіңе қарай ырзық айыра алмайтындықтан емес, өзіңнің жұлдызың жанғанмен, еліңнің жұлдызы жанбайтындықтан, өзің жағалы болғанмен, жұрттың жаралы болмайтындықтан керегірек. Жұрттыңның жұғымдылығы, ұлтыңның ұғымдылығы, қауымыңның қарымдылығы әр азамат, әр пенденің ықылас-пейілінен, ынта-ыждаһатынан, парасат-пайымынан түзіледі. Сондықтан да, ұлттық сананың (бірден)бір көзі болып табылатын ұлттық өнерде бүгін таңда, тәуелсіздікке қол жетіп, өз жыртысыңды өзің жырты алатындай кезеңде, іріткі емес, ұйтқы пікір, заман аужайын әріден ойлап, қауым мүддесін қапысыз қамдастыра алатындай естияр рух басым түссе лазым. Бізге бүгін ұлттық жаңа сана, жаңаша парық-пәтуа шын мәніндегі жарастық қамтамасыз ете алатын инабатты, парасатты, кемел әдебиет керек. Қазақ әдебиеті — әуелден де елжанды әдебиет. Тіпті,

әлеуметтік көлгірлікке, жалған ұраншылдық пен дәріпшілдікке бой алдырған тұстарда да, салихалы ой, салауатты сөздер сарқылып қалмаған. Бүгінгі біз ұлықтап отырған ұрпақ, негізінен, ондай рухани індеттерден аулақ тұра білген ұрпақ. Сондықтан да, ұлттық санамыз бен өнеріміз, тіршілігіміз бен әлеуметтік ойымыз түбегейлі салихаланып, түбегейлі салауаттанар тұста, біз оған айрықша үміт артамыз. Жаңаша өрістен жаңаша өркендеуіміздің бас-бұйда-сына бекем ие бола алады деп дәметеміз.

Ал бүгін ұлттық дамуымыздың тағдыры шешілетін талма тұста тұрмыз. Кешегі біз өткен кедір-бұдыр жол, келеңсіз кезеңдердің жанымызға салған жарасы, арамызға салған аласы, кенде қалдырып, кемшін соқтырған тұстары аз емес. Соларды тілге тиек етіп, сарқылмас сары уайым мен таусылмас таластың соңына түсе берсек, жолымыздан қаламыз. Тарихтың өзі сыйлап отырған сәтті мүмкіндікті тәркетеміз. Күллі дүниені қалтыратқан әлемдік империяның түбіне жетіп тынған әлеуметтік дұрдараздық енді қаз басқан тәуелсіз мемлекеттің бұғанасы бекіп, буыны қатаюына септігін тигізбесі белгілі. Ендеше, бәрін жиып қойып, тек елдікті ойлайық. Өйткені, бәріміздің де көкейімізді тесіп жүрген әділет пен теңдік болса, тек елдік бар жерден болады. Ал әуелден де елдік дегеннің мәні — өзіңді неге қимасаң, өзің тектес өзгені де соған қимау. Дәл мынандай заманда өзіңді ойламау — обал. Өзіңді ғана ойлау — күнә. Неден басталып, немен тынары белгісіз өткелектер тұсында көлденең қиқудың бәр-бәріне көз жұмып қосыла кетуден аузымыз аз күймеген. Өзге қауымдардың бір-біріне істеп жатқандарын, бізге ыңғайлы келсін-келмесін, көз жұмып қайталай бергеннен онсыз да көп емес басымыз одан сайын селдіреп, онсыз да тығыз емес қатарымыз одан сайын шашыла түскен. Соның бәрінен қорытынды шығаратын кезең енді келді. Соның пәтуасын алдымен әдеби санадан іздесек, ол да орынды.

Ендеше, айналайын бауырлар, жылқы жылы туған құлыншақтар, ұзақ ошарылған еру заманнан үдере қозғалар шеру заманға тап болған мынау кезеңде ел алдына түсіп, жөн барлап, жол бастай алатындай көшелі көсем жастарыңыз құтты болсын!

Ләйім, мінгендеріңіз пырақ, жаққандарыңыз шырақ болғай!

Алдарыңыздан ақ күн туа бергей!

1992 жыл.

АВТОГРАФ

– Әбеке! Сіз қандай ортада дүниеге келдіңіз? Ата-анаңыз кім, нендей кәсіптің иелері еді? Қайда оқыдыңыз? Өзіңізге дәріс берген ұстаздарыңыз бен ауылдастарыңыз... Олар туралы не айтасыз?

– Өзім туған Маңғыстау мен Үстіртті былай қойып, Сыр аяғы мен Жайық бойы, қазақтың Мұғаджары мен Түрікпеннің Балқан таулары арасын алып жатқан аймақтағы талай-талай ескі күмбездердің маңдайынан менің тікелей ата – бабаларымның атақ-жөндерін ұшырастыруға болады. Сондықтан шығар, олардан қалған ұрпаққа отызыншы жылдары айрықша зобалаң туыпты. Егер Ораз Исаев, Алшын Меңдалиев, Ахмет Мәметов (Мәншүк Мәметованың әкесі) сынды азаматтар ел ауып, жер ауып бара жатқан босқын ауылдарды Көпет-Дағ сілемдерінен қайырып, қайта көшіріп әкелмегенде, менің Мазендеран мен Гиляннің біреуінде тууым әбден мүмкін еді. Жалпы, ата-анамның біресе Орск-Гурьев темір жолын салысып, біресе Қарабұғаз тосабын өндірісіп, біресе Маңғыстауда ашылған көмір шахталарына орналасып «кәсіп қуып» кетуі де «таптық шайқастардың» талай қатпарынан сыр аңғартқандай. Өз әкем домбырашы, атқұмар, сауықшыл кісі болыпты. Сталинград түбінде қаза тауыпты. Көз ашқаннан көргенім – жетім-жесір қауым. Бомбалауды да мен алғаш рет кинодан емес, өмірде көрдім. Сатлинград майданы тұсында, Маңғыстаудың Таушық деген ауылында, біз тұратын баспанадан бір шақырымдай жердегі кірпіш зауытына бомба түсті. Сонда жарылған су құбыры содан қайтып жөнделген жоқ. Сонда су жиылған қазаншұңқырға елге барған сайын бір соғып тұрамын. Әлі күнге таусыла қоймаған жарығыма шүкіршілік айтып, тәубе ететін жерім де сол.

Ауылдастарымның несін айтасыз... Өңшең абзал жан-дар еді. Кейде мен бала кезімде адамзаттың ең таңдаулы өкілдері біздің ауылға жиналған ба деп қалатынмын. Жақсы адамдар болмаса, көзін ашар-ашпаста жетім қалған ұрпақтың өкілдері кісі қатарына қосыла алар ма еді. Мектепте, университетте алдынан дәріс алған мұғалімдердің бәрін де құрмет тұтамын. Алайда, бір кісіні бөліп айтқым келеді. Ол — Тауман Амандосов. Қазақ қаламгерлерінің талай буынының «өкіл әкесі». Университетіміздің екі бірдей факультетінің тізгінін ұзақ жыл ұстаған мызғымас «темір декан». Алдына барғанда қабағын ашпай, «шатынап» тұрғанымен, ондай ақкөңіл, ондай мейірбан адам аз еді. Тауымның шағылмауына, жігерімнің жығылмауына Тәукеңдей еңбек еткен адам кем де кем. Рухани ұстаздарымнан Мұхтар Әуезов пен Алшын Меңдалиевтің орындары ерекше. Егер ғазиз Мұқаннның алдын көрмесе, қазіргі қазақ зиялыларының өресі әлдеқайда аласа, парасаты әлдеқайда тайыз болған болар еді. Көбіміздің «болмасақ та, ұқсап баққан», «бір ғалымымыз» — Мұқаң. Тағдыр мен тарихқа Мұқаңды біздің тұсымызға дейін тірі жеткізгені үшін қанша мәрте алғыс айтсақ та, көптік етпейді.

Менің рухани қалыптасуыма тап сондай шешуші ықпал ете алған адам — Алшекем. Алшын Меңдалиев. Университет бітіріп, газетке жұмысқа қалдым. Жазушылар үйі. Үшінші қабаттың шағын бөлмесіндегі менің столымның басында бір бейтаныс адам отыр. Есіктен аттай беріп, «Е, Әбішжан, келдің бе?» — деп орнынан тұрды. Басы төбеге сәл жетпей қалды. Қысыңқы көз, шұнақ құлақ, келте мұрын, келте сақал, қапсағай денелі қария. Үні биязы. Сөзі майда. Жастайымнан көп естігенмін. «Адайдың Алшыны». Босқан елді қайырып, аштыққа ұшыраған жұрттың алдына басқа аймақтардан мал айдап әкеп салған атпал азамат. Анастас Микоян, Қайғысыз Атабаев, Сәду Оңғалбаев, Ораз Исаев, Төлесін Әлиев, Жалау Мыңбаев, Әліби Жанкелдин, Халел, Жанша Досмұхамедовтер, Мұстафа Шоқай, Әлімхан Ермеков, Ермұхан Бекмахановтармен тізелес отырып, қилы кезеңдердің ащы-тұщы дәмін бірге татысқан қажымас қайраткер. Сібірге екі рет айдалып, екеуінен де елге аман жеткен аздың бірі. Тірі шежіре. Егер тағдыр оны жолықтырмағанда, мен де арғы-бергіден бейхабар көп тексіздің бірі болып қалуым ғажап емес-ті.

Елге оралған соң: «Әбіш деген жазушы бала шықты», — деген лақапты естіп, әдейі іздеп кеп жолығуының да мәні бар. Әкемді, атамды, арғы бабамды өз көзімен көріп, тойларына түсіп, астарына қатынасып, аралас-құралас жүрген ағайын ғой. Қалмақтың Аюке хан заманындағы пірлерінің бірі Қара Боқан ламаның маған қалай түп нағашы болатынын, бағзы бабам Қожаназардың әлім Көтібармен, табын Асаумен, беріш Итегенмен қалай бажа болып, түрікмен Әжіниязбекпен, байбақты Шолан (Сырым Датовтың атасы), адай Есет, Қонай батырлармен құдаласқанынан бастап, өзімнің тарихи «төркінімнің» талай қатпарын да сол ашып берген-ді. Өлке мен ұлттың тарихынан ондай хабардар сұңғылаларды көп кезіктіре қоймайсыз. Бағзы заман тақырыбын бауыр тартып кетуіме түрткі болған кісі екеу болса бірі, біреу болса, өзі Алшекем еді десем, шындықтан аулақ кете қоймаспын.

— Балалық шақтағы ең алғашқы жазған әдеби дүниенің есіңізде ме? Есіңізде болса, тырнақалды сол шығармаңыздың тууына не себеп болды және онда нені бейнелеп көрсеттім деп ойлайсыз?

— Мен үш қыздың ортасында жалғыз ұл болдым. Мектепке бармай тұрып-ақ, әпкелерімнің кітаптарына әлімжеттік жасап оқып, сауат аштым. Ол кезде кітап, газет-журнал дегендер өте аз еді. Қолға түскенін құр жіберіп көрмеппін. Әдебиетке де сол кезде құмарттым.

Әуелі өлең жаздым. Алғашқы өлеңімнің қалай туғаны есімде жоқ. Шамасы, ауылдағы ағаларымның ынтық бойжеткендеріне өлеңмен хат жазып беруден бастасам керек. Талай жеңгелерім әуелде бастарын айналдырған сөздің кімнен шыққанын әлі білмейді. Менің өйтіп басқаларға айтылып кеткен сөздерім жеткілікті.

— Баспасөз бетінде тұңғыш рет қашан, қалай көріңді? Біз еміс-еміс естіген бір әңгіме мынадай. Елуінші жылдардың бас кезі. «Лениншіл жасқа» бұрын әдеби ортада көп көрінбеген автордың мақаласы түседі. Материалдың тақырыбына, көтерген мәселесінің салмақтылығына қарап, редакция қызметкерлері оны газетке жариялаған. Мақала астанада қоғамдық пікір туғызып, зиялы қауым авторының кім екенін сұрастырады. Сөйтсе ол... Гурьев облысының шалғай ауылындағы сегізінші класс оқушысы сіз екенсіз. Осы рас па? Рас болса, сол оқиға қалай болып еді өзі?

— Иә, рас. Сегізінші класта оқып жүргенде бір қазақ

жазушысы мен бір орыс жазушысының екі кітабын қатар оқып қалыппын. Сәбит Абдуллин дейтін әдебиет-құмар бала екеуміз әлгі ұрлықты айтып мақала жаздық. Ол әдеби қауымды біраз дүрліктіріпті. Бірақ, мен баспасөзде одан бұрын жарияландым. Бесінші класта жүргенде аудандық газетте «Екпінді» егін екпей ме?» деген мақалам шықты. Ол колхоз басқармасында талқыланды. Мәжіліске өзім қатыстым. Басқарма мүшелері «Кекілбаев жолдастың мақаласында көрсетілген кемшіліктерді түгел мойындап, оны жоюдың шараларын қабылдады». Содан дәндедім бе, аудандық газетті місе тұтпай, орысша, қазақша қысқа хабарлар жазып, облыстық газеттердің бетін бермейтінді шығардым.

– Ақын Ғали Орманов өзінің арман сапарына аттандардағы көңіл-күйін:

Аттанып ауыл-анадан, оқуға кеттім қалаға.

Жабыла маған қараған, жаутаңдай кеттім далаға.

Жарбиған жаман тон-тұмақ, жабысып кетті үстімде.

Жанайын деген бір шырақ, жалтылдап кетті ішімде»,

– деп суреттейді. Сіз ше? Балалықтың соңы, жігіттіктің алды болып табылатын сол кездегі көңіл-күйіңіз қандай еді? Ата-мекенді қимай аттанған, түбекті жағалап Гурьевке жеткен, одан Алматыға қарай беттеген сәттер несімен есіңізде қалды?

– Иә, ауылдан біз де бір жағынан қуана, бір жағынан күйзеле аттанғанбыз. Бір орынға он бала таласатын бәсеке сол 1957 жылы бізден басталды. Екі жыл жұмыс жасағандар «үштік» алса да оқуға түсетін тәртіп біз мектеп бітірген жылы шықты. Гурьевтен Қандыағашқа дейін бір пойызға, Қандыағаштан Арысқа дейін тағы бір пойызға ауысып мініп, өзер жеттік. Вагон іші ығыжығы. Орын тимейді. Бір орынға бірнеше жолаушы кезектесіп ұйықтаймыз. Сол кезден қалған әсер болса керек, әлі күнге дейін түсімде ұшақ күтіп, пойыздан орын жетпей, әбігерге түсіп жүремін.

– Алматы. 1957 жыл. Бұл жазықсыз жазалау-репрессияның қарақұйыны соғып өткеннен кейінгі 19 жылдан соң басталған «жылымықтың» алғашқы кезі еді. Сол уақытта Жазушылар одағында қазақ көркемсөзінің хас шебері Бейімбет Майлинге арналған жиналыс жүріп жатты. Басқосу ортадан ауа берген кезде президиумға залдан тілдей қағаз келіп түсті. Онда: «Ағай! Осы кешке Биағаңа арнап жазылған өлеңімді ала келген едім. Сол жыр шумақтарымды оқуға бола ма? Уақыты жет-

пей жатса өкпе жоқ. Айып етпеңіздер. Әбіш Кекілбаев ҚазГУ-дің 1-ші курс студенті», – деп жазылған еді. Орталық мемлекеттік архивтегі Б. Майлин қорының құжаттары арасында сақталып қалған осы дерек сіздің әдебиет әлеміне поэзия арқылы келгеніңізден хабар береді. Сөз ретіне қарай осы жөнінде айта кетсеңіз деген өтінішіміз бар. Бұған қалай қарайсыз?

– Иә, Бейімбет, Сәкен, Ілияс үшеуі енді ақталып жатқанда біз университетке түстік. Қазақ қауымы «Американы қайта ашқандай» қатты қуанды. Ол кезде рухани дүниенің жасы мен кәрісі сапырлысып бірге жүретін. Аш қалсақ та жаңа қойылым, концерт, әдеби жиындарды жібермейтінбіз. Барғасын да жайымызға қарап отырмай не өлең оқып, не пікір айтып, қыстырылмасқа қыстырылып бағатынбыз.

– Қазір өлең жазасыз ба? Бүгінгі ақындарға деген көзқарасыңыз қандай? Олардың ішінен кімдерді тұшынып оқисыз?

– Бір рет ұрлық қылғанның қолы жыбырлап тұрады деседі ғой. Бір рет өлең жазғандардың көмейі бүлкілдеп тұратын тәрізді. Біздің поэзия жақсы ақындар мен жақсы өлеңдерге ешқашан кенде болып көрген жоқ. Қазір де солай. Жігіттерімізді былай қойғанда, балауса қарындастарымыз Гүлнар Салықбаева, Ханбибі Есенқараевалардың лирикасы мені қатты тебірентеді. Жуырда Зайда Елғондиеваның карасөзбен жазылған поэтикалық новеллаларын оқығанда қатты қайран қалдым. Қазақ жанының мұншама сезімталдығын, қазақ парасатының мұншама тереңдігін бұған дейін жете аңғара алмай, жетік бағалай алмай келгендей болып, қараптан-қарап абыржып қалдым.

– Сіздің ірі эрудит екеніңіз әмбеге аян. Бойыңыздағы ел қызығатын осы рухани байлықтың бір күнде жиналмағаны және белгілі. Соның үлкен үлесі, соқталы бөлігі жас кезіңіздегі ізденісіңізде жатыр десек қателеспейтін шығармыз. Ақ пен қараны ажыратуға тырысқан сол студенттік жылдарыңызда бір-біріне қарама-қарсы тұлғалар: Демьян Бедный – Марина Цветаева, Владимир Маяковский – Осип Мандельштам, Александр Серафимович – Иван Бунин шығармаларын салыстыра оқу жүйесін бойыңызда қалай қалыптастырдыңыз? Өзіміздің бес арысты ше? Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытовтың, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің

мұраларын тұңғыш рет қай жерде, қандай жағдайда тауып оқи бастадыңыз? Шыныңызды айтыңызшы, сіз сонда бұл адамдардың ақталатынына, олардың шығармалары халқымызға қайтып оралатынына сендіңіз бе? Замана трагедиясы атанған осы мәселенің тоңын еріту төңірегіндегі пікірталастарда кезінде өз тарапыңыздан не қостыңыз?

— Біздің буынның не бітіріп, не қойғанын басқалар айта жатар. Мен білетін бір ақиқат: тым түртіншек, тым елгезек, еңбекқор, ашқарақ оқырман бола алғанымыз дау туғызбаса керек. Алпысыншы жылдардың «жылымығына» дәндеген біздер «жабық бөлімдегі», «құпия бөлімдегі», «саяси мансұқталған кітаптарды» оқуға, сол кездегі кейбір сыншы ағаларымыз айтқандай, «бесіктен беліміз шықпай жатып» сұғына кірістік. Орыс әдебиетінің де «аласталған туындыларын» артынан шырақ алып түсіп жүріп оқыдық. Шетел жазушыларын өзіміз ғана оқып қоймай, өзгелерге «солардан үйрен» дегеніміз үшін республиканың беделді газетінің бетінде «болашақ Мияновскийлер» деген қорқынышты атақ алдық. Қайта құрудан кейін ғана қолға түсе бастаған Фрейд пен Шопенгауэрді, Ницше мен Джойсты, Шпенглер мен Хейдегерді, Поппер мен Фроммды, Ортегга-и-Гассет пен Ясперсті Луначарский тұсындағы «Академия» баспасының басылымдары мен, қызмет бабындағы әдебиеттер» сериясынан оқып бақтық. Сократ пен Платонның Аристотель мен Цицеронның, Тацит пен Плутархтың, Руссо мен Гегельдің, Кант пен Гельвецийдің, Монтескье мен Алекс де Токвильдің, Макавелли мен Монтеннің, Локк пен Гобстің, Вебер мен Дюркгеймнің мемлекет тарихы мен теориясы туралы еңбектерін де біздер ең алдымен парақтаған болармыз. Косидовский мен Парандовскийді, Тоинби мен Гумилевті ат басындай алтын беріп тауып алуға пейіл едік. Осылардың бәрінде білу үшін оқыдық. Бір кезде нақты қажетімізге жарайды деп ойлаған жоқпыз. Бірақ «Білгесін айтамыз да», — дейтін Әлкей Марғұлан ағамыздың кебін киіп, аузымыздан жазып қалған жерлеріміз де аз болмады. Сол үшін біресе «Жалаңашкөл окопына» аттанып, біресе тарихи ескерткіштерге «шырақшы» болып, біресе құрылысшы, біресе театр мен киноның жоғын жоқтасып, әдебиет ауылынан аласталып кеткен тұстарымыз да бар. Ғажабы сол, күндердің күнінде оның бәрі де керекке жарады. Өз тарихымыздың көмескі беттерінің жарыққа

шығуына, ақтаңдақтарының жойылуына қал-қадарымызша атсалыстық. Тарихи әділетсіздік көрген суреткерлеріміз бен олардың шығармаларының ақталуына, бұрмаланған ақиқаттардың қалпына келтірілуіне қолма-қол араластық. Ахмет Байтұрсынов ақталғанда «Ақаң күндерін» өткізуге Торғайға бардық. Сырағаң, Ғафаң, Зекеңдер бәрі жүріп, мені топ бастығы етіп қойды. Атақты Ақкөлдін Ақаң туған Сартүбегінде де аунап тұрдық. Ол кездегі «Южный», қазіргі Ахмет Байтұрсынов кеңшарының тар клубында мінбеге шыға бергенімде бір әжеміз орнынан тұрып: «Жас та болсаң, Жәнібек пен Ахаңдай екі атамызды тірілтіп келген азамат екенсің. Жолың үлкен ғой», — деп иіліп сәлем еткенде тілімнен бұрын көзім ағытылып кеткені бар. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін қасиетті кезеңге аман жетіп, ел мүддесі жолындағы сайыскерлер сапына іліге алғанымыз үшін де «өткен-ереуіл, қалған-салауат», — деп зор қанағатпен айта аламыз.

— Жазушы Герольд Бельгердің сіздің творчествоңыз жөнінде қалам тербеген «Дала балладалары» атты мақаласында: «Мұнымен қатар ол жас кезінде Лев Толстойдың көп томдық «Соғыс және бейбітшілік» романының тарауларын аударды», — деген сөйлем бар. Бұған біреу назар аударар, біреу назар аудармас. Ал бізді қызықтыратыны, сіздің ешкімнің тісі батпаған осы шығарманы тәржімалауға студент болып жүріп араласқаныңыз. Сол оқиға қалай болып еді, аға? «Соғыс және бейбітшілікті» аудару идеясы қайдан, неден бастау алды. Мұндай жауапты жұмысқа тартылған тәржімашылар кімдер еді. Олардың қатарына ҚазГУ-дің V курс студенті сіз қалай қосылдыңыз?

— Жастық не істетпейді деген ғой. Әуелі соншалықты, ақындықтан басталғандықтан ба, прозаға бірден тәуекел ете қоймадым. Біраз уақыт аударма жасап, қалам сынап көрейін дедім. Мопасанның «Өмір», «Пьер мен Жан» романдарын аудардым. Қолжазбамды тапсырғаныммен, аузынан сүті кеппеген жас қаламгерге ондай сүбелі сыбаға беруге ешкімнің тәуекелі тұра қоймады. «Жазушы» баспасында Мұхаң-Мұхамед Нұртазин басқаратын аударма редакциясындағы кісілер, обалдары не керек, маған айрықша іш тартты. Қолжазбаның сапасын да жақсы бағалады. Болашақтағы тақырыптық жоспарға іліктіру үшін әр түрлі аударма жинақтарға қатыстырып бақты. Сөйтіп жүргенде, өндірісте тұрған

«Соғыс және бейбітшілік» аудармасы жарамсыз деп табылды. Тиражы жиналып қойған кітапты кідіртпес үшін Ғафу Қайырбековті бас қылып жаңа аудармашылар тобы құрылды. Оған мен де іліктім. Әуелі бес баспа табақтай көлем беріп еді. Артынан басқа бір аудармашы шығара алмаған тағы бір бес баспа табақ көлем қосылды. Сөйтіп, Лев Толстойдың беделімен жоғарыдағы аты аталған Мопассан романдарын аударып бастыруға мүмкіндік алдым.

– Ертеректе жазушы Оразбек Сәрсенбаев «Дружба народов» журналына мақала жазды. Сондағы «Әбіштің сөйлеген сөзіне ұлы Мұхтар Әуезовтің өзі орнынан тұрып қол соқты», – деген сөйлем менің әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Бұл оқиғадан біз аз да болса хабардармыз. Бірақ кейінгі ұрпақ мұны біле ме? Ендеше, Әбеке, сол ұмытылмас сәтті еске түсіріп, қазіргі жастарымызға ғибрат ретінде айтып бергеннің артықтығы бола қоймас деп ойлаймын.

– Рухани белсенділіктен көрген азабымның да аз емес екендігін жоғарыда айттым. Бірақ, мерейімнің тасыған тұстары да баршылық. Екінші курстан бастап университеттің әдеби бірлестігін басқардым. Уақыт өте келе азулы бірлестік атандық. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Жұлдызда» шыққан «Қан мен терін» талқыладық. Әбең біздің пікірталасымыздан соң баспадағы қолжазбасын қайтып алып, біраз өзгерістер енгізбекші болды. Бірақ, бірдеңенің соңына түссе, дегеніне жетпей тоқтамайтын қайсарлығына басып, романды бастан аяқ қайта жазып шықты. Сол-ақ екен, университетке келіп, қолжазба талқылау үрдіске айналды. Ғабиден Мұстафин «Дауылдан кейініне» пікір білдіруді сұрады. Зейін Шашкин «Тоқаш Бокинін» алып келді. Жас ақындардың да талай қолжазбасы бірлестік «сүзгісінен» өтіп үлгерді. Оның бәрін місе тұтпай, қазақтың жиырмамыншы ғасырға лайық жаңа поэзиясын қалыптастыруға бетбұрыс жасағымыз келді. Сол мақсатпен университетте «Жас поэзия күнін» өткізетін болдық. Оған жас ақындармен қоса әдебиет ақсақалдарын түгел шақырдық. Арнайы көптиражды газет шығардық. Соған арнап сауалдама алу үшін Мұхтар Әуезовпен сөйлестім. Поэзия күніне келіп, сөз сөйлеуін өтіндім. Ол кісі маған жас ақындардың кітаптарын жиып беруді тапсырды. Поэзия күніне келіп, «Жыл құсындай жаңалық сезінемін» дейтін атақты сөзін сөйледі. Бұл ардақты жазушымыздың

көпшілік алдында сөйлеген соңғы сөзі болды. Арада бірер ай өткесін Жазушылар одағында жылдың әдеби қорытындысы шығарылды. Сонда Ғафу Қайырбеков пен Зейін Шашкин орынсыз сынға ұшырады. Үлкен адамдардың арасында керексіз талас туды. Ой-пікірімді ортаға салып көруге тәуекел еттім. Әдебиетіміздің ақсақал-қарасақалдарының түгел жиналған жиыны. Мұқаңның да тыңдап отырғанын аңғарып, бір жағынан масаттанып тұрғаныммен, бір жағынан абыржып та тұрдым. Бірақ қобалжығанымды білдірмей, батыл сөйлеуге тырыстым.

Артынан бір қадірменді қаламгер көшеде көріп қап, арқамнан қақты: «Ай, сен анау күні жақсы сөйледің ғой. Мұқаң сол күні кеште бір жерде дастарқан басында отырғанда өзіңді әлденеше рет есіне алды. Әсіресе, «Қызғаныштың қара күшігі жақыннан үрсе, балтырыңды тістейді, алыстан үрсе, құлағыңды тістейді, бірақ, бәрісі бір жүрегіңді жаралайды» — деген сөзіңе қатты сүйсінді», — деді. Оразбектің айтып отырғаны сол жиналыс қой. Оған Қаскелеңде педагогикалық тәжірибеде жүрген жерімізден кеп, бәріміз қатысқанбыз.

— Алпысыншы-жетпісінші жылдардағы Әбіш Кекілбаевты біз «Лениншіл жас» пен «Қазақ әдебиетінің» қызметкері, «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы ретінде жақсы білеміз. Ол кез аталмыш творчестволық ұжымдардың басылымдарда көкейтесті проблемаларды дүркірете көтерген, экранға «Ән қанаты», «Қилы кезең», «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры» фильмдерін табыспен шығарған, сөйтіп айдарынан жел есіп, бағы жанып тұрған кезі еді ғой. Сонда осы коллективтерде кімдермен бірге жұмыс істедіңіз, ондағы есте қалар, ғибрат болар оқиғалар деп нені айтар едіңіз?

— Ол уақыт қазақ киносының жұлдызды кезеңі еді. Шәкен Айманов мен бас редакторлыққа енді кіріскен кезде марқұм боп кетті. Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев, Нұрғиса Тілендиев, Құлахмет Қожықов, Ескендір Тынышбаев, Андрей Михалков-Кончаловский, Никита Михалков, Төлеміс Өкеев, Болат Мансұров, Болат Шамшиев, Эльдар Оразбаев, Вадим Абдрашитовтармен істес болғаным өмірлік тәжірибемнің көбеюіне, ой-санамның кеңеюіне үлкен пайда болды. Бір жақсысы, кино дүниесі қыбыр-жыбыр, сыпсың-сыбыр дегенді білмейтін. Не де болса, бетке

рия хикаясы» еді. Оны өзім бірнеше жыл қызмет жасаған, жас әдебиет пен жас өнерді насихаттауда алабөтен еңбек еткен «Лениншіл жаста» жариялатқанды жөн көрдім. Кейін бұл тақырып менің шығармашылығымның өзекті тақырыбына айналды.

– Ендігі әңгіме «Күйші» повесіндегі «мәңгүрт» сөзі туралы. Мұнда сіз бұл ұғымды көркем әдебиетте бірінші боп айтып, өз шығармаңызда оны бірінші боп қолдандыңыз. Арада 12 жыл өткен соң ол жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романының тіні арқылы әлеуметтік, философиялық мәнге ие халықаралық лексиконға айналды. Осы арада оқырман менің санамда кейде: «Бұл жөнінде «Күйшінің» авторы не ойлайды? Ал, «Боранды бекет» романының иесі ше?» – деген қияңқы пікір қылаң беріп қалады. Егер айып етпесеңіз, осы мәселе төңірегінде өз ойыңызды білуге бола ма?

– Бірде «Ақ кемесін» жариялатып, Шыңғыс Айтматов Алматыға келді. Дос-жаран боп Қалтай Мұхамеджановтың үйіне жиналды. Әбдіжәмил Нұрпейісов, Тахауи Ахтанов, Асқар Сүлейменов, Бердібек Соқпақбаев, Камал Смайыловтар бас қосқан дастарқан мәжілісті маған жүргізуге тура келді. Үзілісте Шықаң «Дружба народотан» менің повесімді оқығанын, ұнатқанын, әсіресе мәңгүрт тақырыбына қатты қызыққанын айтты. Араға бірнеше жылдар салып, «Боранды бекет» шықты. Бұл әуендестікке мәскеулік сыншылар едәуір мән беріп, біраз сөз қозғапты. Сол жылдары Нодар Думбадзенің шақыруымен «Литературная газетаның» Тбилисиде өткен «алқақотанында» сөз сөйлеп, әлгі жәйтке өз көзқарасымды білдірдім. Әлемдік классикада ондай мысалдар өте көп. Бір ғана неміс әдебиетінде жалғыз Фауст тақырыбына ондаған шығармалар жазылған. Дон-Жуан, Эдип құбылыстары қанша қаламға ілікпеген? Бірақ, әркім әр қырынан келген. Мен шексіз кекшілдік, шексіз қатыгездікке, ал шексіз қатыгездік рухани мәңгүрттікке ұрындыратынын сөз етсем, Шыңғыс Айтматов рухани мәңгүрттіктің қайтадан шексіз қатыгездікті тірілтетінін егжей-тегжейледі. Бұл тақырыптың әлі де илей түсетіндей талай қыры бар екеніне қазір көзім жетіп жүр.

– Сіз тарихи-философиялық тақырыпқа өте ерте бет бұрған, соған маманданған қаламгерсіз. Оған жоғарыдағы аты аталған повестеріңізден басқа «Аңыз-

дың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» романдары мен «Ұйқыдағы арудың оянуы» деректі кітабыңыз анық дәлел бола алады. Жас жазушылардың қаперінде жүрер жәйт ретінде айтыңызшы, бұл тақырыптың қиындығы неде деп ойлайсыз? Сосын... иә, сосын сіз адамзат тарихындағы, өз еліміздің жүріп өткен жолындағы қандай ғасырды, кезең мен уақытты, дәуірді ерекше жақсы көремін деп айтар едіңіз? Неге?

— Мен бүгінгінің бас қатырар жұмбақтарының шешуін өткеннен іздеп табуға мәжбүр кезеңдерде ер жеттім. Өз тұсымның өзек күйдірер философиялық мәселерін өткен болмысқа бойлай отырып пайымдадым. Әдебиеттің міндеті — заманды ұғыну емес, адамды ұғыну. Заманалық ақиқаттар неғұрлым терең ашылған сайын адам табиғаты солғұрлым жұмбақта-на түседі. Адамның тұрмыс әшкерелей алмайтын ең бір тұңғиық құпияларын өнер мен билік қана әшкерелеп бере алады. Құштарлықтың бұл екеуінен асқан парасат майданы жоқ. Махабатта дегенге жетуге, құмардан шығуға болады. Ал өнер мен билікте дегенге жету, құмардан шығу еш мүмкін емес. Өкімет табиғатын терең зерттеу арқылы шығыстық сананың, шығыстық мінез-құлықтың шыңырауларына батып, адамзаттың артта қалған бөліктері саналып келген халықтардың рухани ізденісі бағзы замандардың өзінде қандай мәңгілік мәселелерді қамтығанын көрсету — менің екінші бір мақсатым болды. Мені әлімсақтан бүгінгіге дейінгі кезеңдердің бәрі де қызықтырады. Оқыған, зерттеген, ойлантқан, толғантқан жәйттер баршылық. Ғұмыр беріп, сәті түссе, оқушы қауыммен тағы да тарих жайында сұхбаттасар тұстар туады деп ойлаймын.

— Сөз арасында оқырмандарды өзіңіздің творчестволық лабораторияңыздан хабардар ететін төмендегідей сұрақтарға жауап бере кетсеңіз... Сіз шығарманы күн құрғатпай, уақыт таңдамай жазасыз ба, жоқ, әлде творчестволық шабытты күтіп жүріп қалам тартасыз ба? Қолға алған туындыңызды аяқтағанда қандай көңіл күйде боласыз? Кейіпкерлеріңізбен қалай қоштасасыз? Қазір не жазып жүрсіз? Болашақта нендей тақырыпқа қалам тартпақ ойыңызда бар?

— Ұзақ толғатып барып, жазуға отыруға тәуекел етемін. Шабытпен кірісіп, қашан бітіргенше, бас

көтермей еңбектенгенді ұнатамын. Жасырақ кезімде күндіз қызметте болып, түні бойы жазып, жақ сүйегім салдырағанша үстелден тұрмайтын едім. «Үркер» мен «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» мен «Құс қанаты» кітабына кірген повестердің бәрі бас-аяғы он жылдың ішінде жазылды. Жаңа шығарманы бастауға қандай ынтызар болсаң, аяқтағанда бір жағынан қуанғанмен, бір жағынан құлазып қаласыз. Кейіпкерлер ортасы өзің жүрген ортадан көрі қызығырақ, мәндірек қой. Түні бойы басқа бір заманда дәурен кешіп, таңертенн көшеге шыққанда, қапелімде қайда келе жатқаныңды білмей, абдырап қалатын да кездерің болады. Суреткердің ең үлкен бақыты да — бірнеше ғасырда қатарынан бірнеше кісі боп өмір сүре алатындығында ғой. Қазір көсемсөз болмаса, көлемді ештеңеге қол тигізе қойған жоқпын. Тарихи циклімді жалғастырар материалдар тосып тұр. Тарихи-философиялық ой-толғам кітабын жазуға да құмартам. Бәрі де уақыт пен істің сәтіне байланысты. Әйтпесе, жазатын тақырып, айтатын ой-пікір, әсер жетпей жатқан ештеңесі жоқ. Ол жағынан құдайға шүкір..

— Сіздің творчестволық өмірбаяныңызда шетелдік атақты сөз зергерлерімен, түрлі лауазымдағы ресми қызметіңізде әлемдік көшбасшы қайраткерлермен кездесулерде ерекше есте сақталып қалған жәйттер болды ма? Болса ол қандай оқиғалар деп айтар едіңіз?

— Мен, негізінде, әлеуметтік енжарлар тобына жатпасам керек, Өйткені, бала жасымда мектебімді қойып, ауыл, аудан, облыстың қоғамдық өмірінде танымал едім. Университетке келгесін ол белсеңділікті тастап, негізінен студенттердің әдеби-ғылым ізденімпаздығы қозғалысының басы-қасында болдым. Республикалық әдебиет, жастар газетінің беттерінде әдебиет пен өнердің даулы мәселеріне ерте араласып қап, жас шығармашыл күштердің намысын жыртамын деп, талай рет суық қабаққа іліктім. Тіпті университетті бітірерде кітабымның баспаға қабылданғанына, өзімнің Жазушылар одағына қызметке шақырылғанымға қарамастан, ауылдық мектепке жұмысқа бөліндім. Марқұм Ілияс Омаров араласып, әзер алып қалды. Әдебиет пен өнер сынында көркемөнердегі қасаңдықты тездетіп жойып, жаңашылдықты тездетіп дамытамыз деген «қиқарлығымыз» үшін марқұм Асқар Сүлейменов екеуміз партиялық баспасөз бетінде «дайын тұрған диссиденттер» деп

айыпталып, сол кездегі әдеби жиналыстардың бірінде Олжас ақын айтқандай, біреуіміз «әдеби қара жұмысқа», біреуіміз нағыз «солдатшинаға» айдалып кеттік.

Соған қарап, мені кейбіреулер көпке үйірімді жандар санатынан санауы да мүмкін. Шын мәнінде, тап олай емес. Топ іздеп, алқа аңсап, атақ шығару жағынан орашолақтығым бір басыма жетерлік. Оған бәлкім мінезім де сай емес шығар. Әйтпесе бүкілодақтық, халықаралық әдеби-мәдени өмірге сонау жетпісінші жылдардан бастап араластым. Беделді шығармашылық ұйымдардың басшылығына мүше болдым, одақ түгiлi дүние жүзіне мәшһүр тұлғалармен де талай дастарқандас, мәжілістес, сапарлас болдым. Талайының айтқан әңгімеме, жазған шығармаларыма ықыластары ауды. Кітаптарымды өзімнен ала алмағасын, таныстарымнан сұратып алып оқығандары да бар. Қысқасы, айтулылармен айқұшақ қауышып, жақсы-жайсаңдармен майлы қасықтай араласып, жанаса кетуге епсектігім жетпеді. Тіпті өз шығармаларымды өзге тілдерге аударып бастырған аудармашыларымның да көпшілігін тек хат арқылы ғана танымын. Мені көп аударып, көп бастырып, көп насихаттаған баспагерлерім мен сыншыларым да алыстан өздері іздеп келіп, жүздесті. Әйтеуір өз қара басымның жеке мүддесіне келгенде, неге екенін қайдам, бет моншағым үзіледі де тұрады. Ал, көпке ортақ мәселелерге келгенде ондай емес сияқтымын.

Алпысыншы жылдардан берменгі өнер мен әдебиетке жақсылығы тиді дейтін жаңа істердің қай-қайсысының тұсында да бастамашылар санатында болдым. Мәдениет министрлігіне қызметке жіберілгенде Орталық музей, Орталық концерт залы, Шоқан Уәлиханов комплексі құрылыстарына бола Орталық комитет хатшыларынан бастап, жанжалдаспаған адамым қалмады. Әбден көңілі қалған бір ағамның: «Музей мен ескерткіш дегенде Өзбекәлі (Жәнібеков) өлімін сататын еді. Сен одан кем емес дәуекес екенсің», — дегені есімде. Кейін ескерткіш қорғау қоғамына барғанымда да «Жібек жолы» қозғалысын ұйымдастырамын деп, Эрмитаждағы тайқазанды алдыруға атсалысамын деп, бүкілодақтық дәрежедегі дәуекестер есебіне іліккенім бар. Алматыда өтетін халықаралық симпозиумға келген Эрмитаж директорының орынбасары телевизиялық тікелей хабар үстіне туып қалған таласта: «Мынандай ұрымталдан ұрыс салатын әдетіңізге баса берсеңіз, ақыры алмай тынбайтын шығарсыздар», — деп дүңк етіп еді.

Ол кезде көбіне көп бастай жөнелушілік емес, қос-тай жөнелушілік азаматтық белсенділік саналатын. Өз пікір, өз ұсыныстарын айту әлеуметтік қиқарлық деп бағаланатын. Ол, әрине, кім-кімнің де жігерін мұқатып, жүрегін шайлықтырады. Тек кейінгі онжылдықта ғана ол көзқарас өзгеріп келеді ғой. Бұл кезеңдегі әлеуметтік өмірге араласыма өзіме іштей қанағат қыламын. Ол, негізінен, жүйелі мақсатқа — халқымыз бен қоғамымызға тарихтың өзі беріп отырған мүмкіндіктерді зая етіп алмау жолына жұмсалып келе жатқан сияқты. Бұл ретте бірер оқиға айрықша ойға түседі.

Сексен алтының ызғырығы өте сала, болған шаруаға бейшара зиялы қауымды күйдіру әрекеті басталды. Әсіресе, тарихқа үйірсек жазушылардың соңына шала байлауға құмарлар көбейді. Менің үстімнен де сөз шығыпты. Жаңа келген бірінші басшының сейфінде әдейі бір бума қағаз жатқанын, соған байланысты қабылдауда болған адамдардан: «Ол өзі кім? Тарихты, этнографияны көп зерттепті. Осында да ұзақ істепті. Білмейтіні жоқ дейді ғой, — деп сұрапты. Артынан оның тапсырмасымен қалаға, орталық аппаратқа келген қонақ басшылардың басқалары да: «Соның орысшаға аударылған соңғы романындағы ана деген сөзді, мына деген сөзді неге айтып отыр?» — деп тіміскіленуді көбейтіпті. «Өзі қандай адам? Келіп кетпес пе екен? — деп бопсалапты. Көппен бірге жиналыстарға барып жүрсем де оңаша сұхбатқа қалмауға тырыстым. Қалып қайтемін, қай бір бауыры езіліп барады дейсің... Барған кісілерден індетіп не сұрайтындарын естігенмін. Біздің халықтың ішек-қарнын әбден өздерімізге ақтартып алмақ. Елдігіміздің өткен-кеткенінен, тұрмыс-салтынан, мінез-құлқынан, қазіргісінен біраз нәрсені білсек білетін шығармыз. Бірақ, оны кімге айтып, кімге айтпауды да білетіндей болдық қой. Қашқалақтап жүргенімді сезіп: «Соған анадай қызмет, мынандай қызмет қалай болар екен», — деп те емексітіп көріпті. Ондай қаңқу өзгелердің құлағына қалай тиетінін біледі. «Пәленің дудай қара басының бірі осы. Осыған абай болыңыздар» — дейтіндер де табылмай қалмапты. Кейбір облыс басшыларынан да «сол қалай» деп сыр тартып көрсе керек. Туғалы көрісіп-біліспеген, сырттарынан аттарына қанық сыйлы ағаларымыз: «Өзіңіз кіріп шықпайсыз

ба? Жағдайыңызды өзіңізден артық кім түсіндіреді? Бұл әншейін құмарлық емес. Сырттан күйдіру, біреулерге қаралай қосақтап қойып, аяқтан шалудың арты неге ұрындыратынын білесіз ғой. Асқынып кетпей тұрып, алдынан өтіңізші», — деп телефон шалды. Барсам, елбектеп, маңайына үйірілсем жоғарылап кетпегенмен, орынсыз сезіктен аулақ болатынымды білдім. Бірақ, біреулердің бір-біріне дүрдараздығына бола, қосақ арасында босқа күйіп, әбден маңдайыма тигендіктен, бәрібір тырп етпедім. Ақыры, демалысқа шыққан ағаларымыздың қалған өміріне талшық болатын бір шетқақпай мекемеден барып бір-ақ шықтым. Онда да тыныштық бермеді. Амандасып кетуге кіріп шығайын деген кейбір ағайындарды аялдамада көлік күтіп тұрғансыған кейбір қара көзілдірікті бейтаныс адамдар: «Мына мекемеге жаңа келген басшы жұртты жиі жинайды дейді ғой. Не айтады екен өзі?» — деп жолдан тоқтатып ап, қайдағы бір «аңқау» сұрақтардың астына алыпты. Әншейін ескерткіш аралауға барған сапарларда бірге болғандардан да: «Қайда тоқтады, кімдермен сөйлесті, не деді?» — деп індеткендері де еміс-еміс естіліп жатты.

Егер ондай дәурен одан әрі созыла бергенінде жағдайымыздың не болатыны айтпай-ақ белгілі еді. Тіпті іштегі құсаңды айтатын адам табылмас түрі бар. Біреуіне сенбейсің, біреуіне зияным тиіп кетіп, обалына қалам ба деп қорқасың. Қотыр аттай оқшаулана бергеннен басқа амалың жоқ.

Дұшпанның табасы ештеңе емес қой. Кешеге дейін бір қосаққа бірге көгенделіп, бір қамшыдан бірге таяқ жеген, ата сақалы аузына шыққан, жаны ашиды деген ағаларымыздың талай жерде, «Е, оның аттан ауып, ақ шаңдаққа көміліп осы қалғаны қалған ғой», — деп қауқылдасқандарын естігенде, әрине, төбең көкке жетпейді ғой.

Алайда, жетім өссек те, не құқайды көрсек те, өркөкірек болмағанмен, әуелден жеркөкірек те, керкөкірек те болмауға тырысып, талпынып баққан намысымыз бар, жүрегімізде қыжылымыз бар, жерде қалмауға тырысып бақтық. Ол кезде де әлеуметке айтар пікірімізді реті табылған жерде айтып жаттық.

Дүниеге, қаран суды қаптатуға дайындар қашан да табылғанмен, құдайда да көз бар ғой...

Сексен тоғыздың көктемі. Бішкекте «Наурыз» деп аталатын театр фестивалі өтті. Жюриінің құрамына

жігіттер мені де ұсыныпты. Мейманханаға келе сала серіктерім Жазушылар одағымен хабарласты. Артынша-ақ телефон шылдырлады. Шыңғыс Айтматов ағамыз сәлемдесіп, жөн сұрасты. Түс қайта көлігін жіберіп, тығылып жазу жазып жатқан жеріне шақырды. Көңіліміздің қаяулы жүргенін біледі ғой, жан-жақтан ағылып келіп жатқан атақтылардың ешқайсысын қабылдамай тұрып, Алматыдан барған үшеуімізді қол қусырып қонақ етті. «Хал қалай?» — деген сұрағына: «Біздің халдың несін сұрайсыз? Айтқанмен кім естіп жатыр? Жан-жағымыздан жанышырлық естиміз бе деп құлағымызды тоса-тоса, түк естімеген соң, керек боп қалдық па деп жүрміз», — деп інілік базына айттым. Аға бордан деген ғой. Арқамнан қапсыра құшақтап ап: «Өздерің келмейсіңдер. Сырттан сұқақтағанның да реті қиын. Қане, айтшы өзің», — деп ақсия күлді. Ол бір көңілде құлта қалдырмай, көкірек босатысқан күн болды. Жағдайды түгел жайып салдық. Ең басты уайым да айтылды. «Жұртқа жаппай мәулет келіп жатса, бізге айрықша нәубет келіп тұр. Заман бұл бағытымен жүре берсе, демократия айтылғанда айтылмай қалмайтын тәуелсіздік мәселесі де сөз болады. Сонда төрінде өз азаматы отырған халықтардың қай-қайсысы да өз мүддесін емін-еркін айта алады. Ал бірді бірге итерген көлденең көк аттыға көш бастатқан біздің сөзімізді кім сөйлейді? Өзіміз айтсақ, байы сабаған қатынның бажылындай көреді. Адамзаттың көңілін түгел таппақ болып жүрген көңілшек көсемдерге біз жайында айтатын ауызы дуалы ара ағайындықты кімнен күтеміз? Әлде жалғыз өзін бұрышқа тұрғызып қойған жексұрын бала қалпымызда қала береміз бе?», — дегенімде, Шықан: «Шыда. Оң жамбасқа келетін түс та болар. Соны күтелік», — деп күле жұбатты. Арада көп уақыт өтпей, халық депутаттарының бүкілодақтық құрылтайы да іске кірісті. Бір күні кешқұрым телефон шылдырлады. Анада Бішкекке барған серіктерімнің бірі. «Әбеке, телевизорды қараңызшы», — деді. Қарасам — мінбеде Шыңғыс Айтматов. Қазақстан, қазақ халқы жайындағы сайсүйекті сырқыратқан атақты сөзін айтып тұр екен. Ет жүрегім езіліп қоя берді.

Үзілген үміт енді жалғанады деп жүргенде, бір күні құлқынсәріден үлкен үйге шақырылдым. Жаңа Өзеннен «тосын» хабар келіпті. «Үкімет комиссиясы жүріп кетті. Еліңіз ғой. Сіздің барғаныңыз дұрыс болар еді.

Қасыңызға сөзіңіз өтетін басқа әріптестеріңізді де ер-туге болады». Хабар тиісімен, Әбе-Нұрпейісов, Зеке-Қабдолов, Әнеке-Әлімжановтар да жетіп келді. Сол бойда Ақтауға ұштық. Барсақ — әуежай толы бауырымен жер сызған көксұр әскери ұшақтар. Шегірткедей қаптап тұр. Жаңа Өзенде әуе десанты жауынгерлері өріп жүр. «Е, енді бізді уысынан шығармаймын дегені ғой»... Көкірек тұсым мұздап қоя берді. Ашулы топқа басу айттық. Алматыға келіп, шындықты айттық. Оқиғаға беріліп жатқан сұрқия бағаны түзетуге күш салдық. Бір күні телевизордан қонақ бастығымыздың Мәскеуде қолып қоюға бел байлағанын білдік. Дүрліктіріп келіп еді. Дүрліктіріп кетті. Түбі қайыр... Біздің далаға со жылы көктем дәл сол күндері шыққандай болды.

Содан бастап, ағарған көңіл ағара берді. Күллі халықты жаппай қаралаған қаулының күшін жойғызу жолындағы күрес басталды. Орталықтан келген бірі дәуекес, бірі жымысқы талай комиссиямен қызу таластың қақ ортасында жүрдік. Дегенге жеттік. Ақырында, тәуелсіздік жариялайтын күн де туды. Оны заңды түрде айғақтайтын бірден-бір құжат тоқсан екінші көктеміндегі Ресеймен терезесі тең мемлекеттер ретінде екеуара жасасқан келісім шарт еді. Ресейдің Сыртқы істер министрінің орынбасары бастаған жұмыс тобымен бірлесе отырып, екі президент қол қоятын құжаттың жобасын талқылауға кірістік... Іс мандымай қойды. Әр бапты талқылауға ең кемі жарты күн уақыт кетеді. Зорға мәмлеге келген бап ертең таңертең барып, қайта оқысақ, атымен өзгеріп кетеді. Ши шығаратын — жұмыс тобының басшысының өзі. Күн сайын сүрінетініміз үш тіркес: «одақтастық қарым-қатынас», «қос азаматтық», «адам құқын бақылайтын аралас комиссия». Өзі тарихшы ол — айтқан деректеріңнің ешқайсысын құлаққа ілмейді. Құдды бір қазақ жері халықаралық заңдық нормаларға сәйкес отарланғандай, қит етсең халықаралық нормаларды көлденең тартады. «Бұл темір бетондай берік қағидалар» — деп тепсініп отырып алады. Сыпайылықтан ештеңе шықпасқа айналды. Ақырында : «Халықаралық стандартқа жүгінсек, біздің екі жақтың жұмыс тобы да сәйкестілік қағидасы бойынша түзілу керек еді. Біздің жұмыс тобымызды парламент басшысының орынбасары басқарады. Құрамында екі парламенттік комитет төрағасы, үш министр бар. Ал сіздің топқа қараңыз... Ендеше, біз бұл деңгейде

келіссөзді тоқтатуға мәжбүр боламыз», — деп айтуға тура келді. Хабар жоғарғы жаққа жетсе керек, ертеңіне мемлекеттік хатшының өзі қабылдады. Екі жақты тыңдап алып: «Қазақстан тарапының ұсыныстарын мұқият ескеру керек», — деп қадай тапсырып, құжатты әзірлеуді тездетуді өтінді.

Ертеңіне тағы да талас. Кешегі мәміле тағы да жайына қалған. Бұл жолы: «Бұл мекемеде, бұл құрамда, бұл залда емес, атымен басқа құраммен ғана әңгімені жалғастыра аламыз», — деп үзілді-кесілді талап қоюға тура келді. Мейманханамызға барып, Елбасымыздың Нью-Йорктен оралуын тостық. Елшіліктен хабар жетісімен, Елбасына барып, жағдайды баяндадық. Ол Ресейдің мемлекеттік хатшысына телефон соқты: «Біздің кісілер тек сіздің өзіңізбен ғана сөйлесе алады», — деді.

Мемлекеттік хатшыдағы мәжілісте министрдің орынбасары қайтадан қасарысты. Қайтадан «Халықаралық норманың темір бетондарын» көлденең тартты. Қыршаңқы мінезге қыршаңқы сөзбен тойтарыс беруге тура келді. «Қайдағы бір темір бетон конструкцияларды сөз қылудың қажеті қанша? Біз сиыр қора салуға емес, мемлекетаралық жаңа қарым-қатынастарымызды белгілеуге жиналдықы қой», — деп едік, зығырданы қайнаған министрдің орынбасары: «Ендеше мен қызметімді тастаймын», — деп бұрқ етті. Оған ашуланған мемлекеттік хатшы орнынан тұрып кетті.

«Несі бар, ол өтінішіңізді қабыл алуға болады», — деді. Сосын өз адамдарына: «Қазақстанның жағдайы ерекше екенін ескеріңіздер. Ұсыныстарымен есептесіңіздер. Бүгін кешқұрым құжат дайындауға дайын болсын» — деп қатты тапсырды. Тәуелсіздіктің ешқашан оңайлықпен келмейтінін осыдан-ақ көре беруге болады. Сонда бой көрсеткен әлгіндей қырсық мінездер әлі тоқталды ма! Көрші екі елдің, тату-тәтті екі халықтың арасына сына қаққысы келетіндер әлемдік, қоғамдық пікірді де адастырып баққысы келеді. Қайсы бір жылы Алматыға АҚШ-тың бұрынғы президенттерінің біреуі келді. Біз елшіліктегі әңгімеде қос тілділік пен қос азаматтық туралы: «Бұған дейін мұнда тек бір тараптың ғана мүддесі көзделіп, екінші тараптың да сондай мүддесі атымен ескерілмеді. Егер дәл сол жағдай дәл сол қалпында қала берсін дейтінге құлақ асар болсақ, адам құқын аяққа басудың нағыз сорақы үлгісін қорғаған боп шығар едік», — деп сөз бастап, жағдайды

жан-жақты түсіндірмесек, қадірлі мейман алғашқыда айтып қалған жаңсақ пікірімен еліне оралар еді. Сөйтіп өзгелердің де сондай көзқарас қалыптастыруына себепші болар еді. Қазіргідей жағдайда әлеуметтік өмірге белсене араласу оңай еместігін былай қойғанда, бұл күндіз күлкіңді, түнде ұйқыңды бұзатындай үрейлі іс. Одан олжа таппайсың. Атақ асырмайсың. Керексіз шатақтарға да ұрынатын тұстарың аз емес. Жауларың түгіл достарыңның өзінен «Осыған осыншама сабылатындай не бар еді», — деп күлетіндері аз емес. Одан жасқанып, жалтара берсек, есемізді кім түгендейді? Бүгін түгенделмеген есе ертең түгенделе ме, құдайға шүкір, оны түсінетін азаматтарымыз баршылық... Тек енжарлыққа да әулекілікке де ұрынбай ұрымталын тауып іс қылсаң, бәрінің де халқымыздың пайдасына шығары сөзсіз. Түбінің қайырын берсе, қай-қайсымыздың да қазіргі қиналғанымыздың зейнеті өзіміздің алдымыздан шықпағанмен, ұрпағымыздың алдынан шығары сөзсіз. Ендеше, ештеңеден тауымыз шағылмасын. Ел келешегі жолында уақытша бейнеттің, уақытша жоқшылықпен қысылтаңдықтың бәріне де шыдаған жөн.

— **Өмірдің мәні неде? Әрине, бұл сауалға талай ойшыл сол кездегі заман, уақыт ағымын бағамдай отырып, өздерінің қадіри-халінше тұжырым жасағаны белгілі. Сіз ше Әбеке? Бүгін осы сұраққа қалай деп жауап берер едіңіз?**

— Алыстағыны армандап, қолдағыдан айырылып қалмау. Қолдағыға мәз болып, өз тілеуіңді өзің кеспей, келешекті кеңнен қамдастырып күн кешу. Елдігіміздің тағдыры сынға түсіп тұрған талайлы кезеңде өмір сүріп жатқан замандастарымыз тіршілігінің ең басты мәні осы болса керек. Артымыздағы ұрпаққа аз күндік ырзық емес, баянды болашақ тастап кете алсақ қана, бұл дүниеге босқа келіп, босқа кетпегендігіміз.

— **Өткеннің бәрі сағыныш... Өткеннің бәрі қызық... Сол өткеннің бәрі енді қайта оралмас арман... Сіз, міне, елуден астыңыз. Алпыс деген асқарға беттеп барасыз. Осыған дейін өзіңізді өзіңіз танып болдыңыз ба? Сіздің көзқарасыңызша адамның өзін-өзі тануы дегеніміз не өзі?**

— Адам өзін де, өзгелерді де, күллі болмысты да ешқашан түгел танып үлгере алмайды. Білгісі келген сай-

ын білмейтіні көбейе түседі. Өйткені, өмір мәңгі де, ғұмыр қысқа. Соған қарамастан білуге ынтықтығын жоғалтпаған адам — нағыз парасатты адам.

— **Атақ... адалдық туралы ойыңыз.**

— Атақты шатақпен де табуға болады ғой. Қалқадірің жеткенше ешкімді жарылқап тастамасаң да, ешкімге қиянатың тимей өмір сүре алсаң, міне, сол ғанибет. Атақты алтынмен аптап, күміспен күптеп қойсаң да тот басуы ықтимал. Ал адалдық пен абзалдықты тот көме алмайды, өлім жеңе алмайды. Сондықтан атағың бар болғаннан гөрі ұятың бар болғаны дұрысырақ. Бірақ, пенде шіркін дақпыртты да данқ деп түсініп қаламыз.

— **Ой еңбегімен шұғылданатын және әкім боп қызмет атқаратын адам үшін ең қауіпті нәрсе не деп айтар едіңіз?**

— Кім болсаң да біреуге қиянатың тиіп кетуден артық қатер жоқ. Әкімнің де сондай қауіпке ұрынып қалуы мүмкін. Ал ойшылдық ондай қатерден сақтандыра алады. Сондықтан бұл екеуінің қатар болғаны олардың біреуінің болып, біреуінің болмағанынан да, тіпті екеуінің бірдей болмағанынан тиімдірек. Құдай, бірақ, бізге ондай-ондай көңілшектігін көп істей бермейді ғой.

— **Бүгінгі қоғам... Қазіргі заман... Өтпелі кезең өткелдері... Еліміздің даму жолы... Ойнамалы мінез танытып қоятын саясат туралы ойыңыз.**

— Бұл үлкен әңгіме. Өз алдына талқылайтын ұзақ тақырып. Өтпелі кезең десек те, ойнамалы кезең десек те қателеспейміз. Меніңше, соңғысы дұрысырақ сияқты. Сынықшылар бүгін салып кеткен сынығы ертең бұзылып қалса, «сынығың ойнамалы екен» дейді. Қазіргі көп құбылыс соны еске салады. Өйткені, болып жатқан оқиғаны жұрт әртүрлі қабылдап, әртүрлі түсініп отыр. Біреулерге кешегі дәуренмен қоштасуға тура келеді. Олар үшін бұл «күйреу кезеңі». Екінші біреулерге қалыптаса бастаған жаңа жағдайға икемделуге тура келеді. Олар үшін бұл «өтпелі кезең», ал үшінші біреулердің өлгені тіріліп, өшкені жанбақшы, басынан ауып кеткен бақ қайта оралмақшы. Олар үшін бұл «қайта өрлеу», «қайта түлеу» кезеңі, ал төртінші біреулер үшін, атымен жаңа ұрпақтар үшін бұл, шын мәніндегі, дәурендеу кезеңі.

Мүдде алуандығы әрекет алуандығын туғызады. Күрес содан өрбиді, қоғамды жаңа салаға көшіретін тұста

бірауыздылыққа да, алауыздыққа да шақыруға болмайды. Тек бәрімізге де болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілікті ұмытпауымыз шарт. Өйткені, дәл қазір қай-қайсымыз да тарих сынының алдында жалаңаш тұрмыз. Одан ойымызды да, бойымызды да ештеңе көлегейлей алмайды. Саяси ойындар шын пиғылымызды аша түспесе, жасыра түспейді. Мұндай тұста ертең опық жемес үшін ең басты нысананы дұрыс белгілеп алуымыз керек.

Кешегі кеңестік кеңістікте қазір тек сырт қарағанда ғана бір текті, бір мақсатты өзгерістер, ал шын мәнінде, әр текті, әр мақсатты өзгерістер өтіп жатыр. Біреулердің мемлекеттілігіне ешқандай қауіп туып тұрған жоқ. Ұқсаста білсе, байлығы да жетеді. Ондай елге өз бойындағы табиғи мүмкіндікті толық аша алатындай жаңа рухани мүмкіндік беретін демократиялық қатынастарды нығайту — басты мұрат. Мәселен, Ресей демократия мәселесін дұрыстап шеше алса, адамзат қауымдастығында абыройлы орын иемдене алар еді. Екінші біреулерге, өз мемлекеттілігін нығайтуға керекті демографиялық, моральдық, саяси мүмкіндіктердің бәрі бар, тек соны баянды етіп қалуға талшық болатын экономикалық жаңа қатынастар керек. Олар тек өз ішінде ғана емес, өзімен шектес кеңістіктерде де сондай ахуалдың тез орныққанына тілектес. Оның үстіне, мұндай елдер геосаяси жағынан әлгіндей кеңістікпен жалғасып жатыр. Сондықтан, олар өздеріне ең жетіңкіремей тұрған экономикалық оптимумды қамтамасыз етуге күш салады. Мәселен, Балтық бойы мемлекеттері дәл осындай жағдайда. Украина да дәл сондай жағдайда бола алатын мүмкіндікке ие. Бұл санаттағылар үшін, негізінде, экономикалық реформа басты мұрат болса керек. Ал үшінші біреулердің демографиялық, экономгеографиялық мүмкіндік жағынан мемлекеттілігіне көзге көрініп тұрған қауіп жоқ. Сондықтан саяси реформа мен экономикалық реформаны үйлестіре жүргізе алса, тәуелсіздіктерін одан әрі баянды ете түседі. Мәселен, Орта Азия мемлекеттері объективті түрде сондай алғышарттарға ие. Төртінші біреулер тәуелсіздікке керекті демографиялық оптимумға да, экономикалық оптимумға да ие. Бұл елдер тек осы жағдайды алдымен байқап қалып, сырттан апарып таңылған аймақтық жанжалдардың шырмауынан шыға алмай отыр. Олар бұл ахуалдан енді екі жақтың бастарындағы ұқсас тағдырды бірдей

ұғына алуынан туындайтын өзара мәмілеге қол жеткізе алса ғана арыла алады. Мұндай мемлекеттердің жағдайына тек бүкілдүниежүзілік беделге ие халықаралық ұйымдар болмаса, қалған тараптан болатын сыртқы ықпал әсер ете алмайды. Қайта ол оқиғаны одан әрмен шиеленістіруі мүмкін. Кавказ елдеріндегі қалыптасқан жай-жапсар осындай. Олар қандай реформаны да тек жоғарыдағыдай жанжалдардан аман шыға алған соң ғана ойдағыдай өрістетеді алады.

Ал, біздің Қазақстан ше... Мұндағы өзгерістердің өрмегі ең нәзік жіптерден тоқылып жатыр. Мұнда тәуелсіз мемлекет орнатуға әбден лайық экономикалық, географиялық және экологиялық орта бар. Ол, бірақ, түбірімен өзгеріп жатқан дүниедегі түпкілікті тепе-теңдік түбегейлі қамтамасыз етіліп болмаған жағдайда, сыпайылап айтқанда, тым шетін геосаяси кеңістікке орналасқан. Мұнда жетілген көп салалы экономиканы дамытуға табиғи ресурстар толығымен жетеді. Бірақ соған лайық технологиялық, моральдық, финанстық ресурстар атымен жетімсіз. Бұл жағынан, ол баяғы ақ, қызыл имериялар тұсынан бермен қарай таланып, талапайға, талан-таражға түсіп үлгергенмен, игеріліп үлгермеген қазына аралы. Демек, мұнда тәуелсіздігімізге тірек бола алатындай экономикалық оптимум жасау мәселесін енді қолға алуға тура келеді.

Тәуелсіздіктің экономикалық, географиялық оптимумдарынан артық болмаса, кем маңызға ие емес алғышарты — демографиялық оптимум. Ол да тек табиғатқа тәуелді боп қалмай, саясаттың ұқыпты араласуын қажет ететін сала. Бізге ұқсайтын көп құрамды қоғамда, бір кезде Дж. Миль айтқандай, демократиялық институттарды қалыптастыру, тіпті мүмкін емес дейтіндей, қиын шаруа. Бірақ қалыптастыру керек. Өйткені, қазіргі дүние түгілі бұрынғы дүние жағдайына өзімізді-өзіміз қамтамасыз ете алатындай алғышарттардың ешбіріне әлі күнге ие емеспіз. Ол үшін қалған дүниемен ықпалдасуымыз керек. Қалған дүние енді экономикалық төлеммен қоса саяси төлемді де қажет етеді. Қысқасы, бұл құрылым халықаралық еңбек, игілік бөлісу мен экономикалық қатынастардың бірізділікпен дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік-саяси құрылыстардың да бірізділікке түскенін қалайды. Демек, демократияны талап етеді.

Онымен есептеспейтіндей, біз жүздеген миллиондап саналатын шектен тыс көп халық емеспіз. Қаласақта, қаламасақта есептесуге мәжбүрміз. Оның үстіне, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, адамдардың экономикалық бостандығын қамтамасыз ету үшін демократия керек. Демократиялық қарым-қатынастың экономикадағы арнасы — нарық. Ал, нарықта өзінен қарық қыла салмайды. Олай болса, бұл үрдіске бізден әлдеқайда бұрын көшкен Африка табиғи байлықтың тапшылығынан осы күнге дейін аштықтан арыла алмай отырған жоқ. Оған ол көбіне көп, экономикалық қатынастарына саяси қатынастары сәйкес келмегендіктен, жаңашылдық пен дәстүршілдіктің тайталасында басымдылықты дұрыс таңдай алмаудан, халықаралық тенденциялардан гөрі аймақтық тенденцияларға көбірек бой алдырудан ұрынып отыр. Біз соның бәрінен қорытынды шығаруымыз керек. Ол үшін ала-құла демографиялық ахуалымызды, шала-шарпы экономикалық құрылымымызды, ешқайсысы әлі түпкілікті арнасын тауып болмай, тасыған судай аламан-асыр болып жатқан айнала қоршаған саяси кеңістігімізді бір сәт те естен шығаруға қақымыз жоқ. Мұндай жағдайда ойнамалы саясат ұстануға мәжбүрміз. Қажет десеңіз, көп айтылатын орнықты ахуалымыздың өзі сол ойнамалы саясаттың арқасында қамтамасыз етіліп отыр. Ол, бірақ, алаңғасарлықтан емес, абайшылдықтан өрбіп жатқан ойнамалылық. Аңыстың артын баға білгендіктен жұрт қатарлы тәуелсіздікке ие болдық. Аңыстың артын баға білсек қана, сол тәуелсіздікті баянды ете аламыз. Тәуелсіздік — біз үшін ең басты мұрат, ерекше құндылық. Тәуелсіздіктен айрылсақ, бәрінен айрыламыз. Өйткені біздегідей алабажақ, шым-шытырық қоғамда ешқандай реформаны да алдын-ала жүйелеусіз жүзеге асыра алмайсыз. Ондай бейқамдық неге жеткізетінін көрсетті. Бұдан әрі де сол қалпымызда жүре берсек, бардан айырыламыз. Ал жоқты бар етпек түгілі, бардың қолымызда қалғанын сақтап қалу үшін де жүйелі басқару керек. Ол үшін мемлекеттілікті нығайту қажет. Мемлекеттіліктің құқықтық негізі — тәуелсіздік. Сондықтан да, біз қай істе де тәуелсіздікке баса маңыз беруге тиіспіз. Өйткені, демократияны тездетіп орнатуға асығатындар Қазақстанның саяси кеңістік ретіндегі дербестігін

қадірлей білуі керек. Ондай орнықты кеңістік жоқ жерде саяси реформа дегеніне жете алмайды. Ол кеңістік шайылып кетсе, демократия да шайылып кетеді. Өйткені, біздің төңірегімізде демократиялық үрдіске түбегейлі көшіп болған бір де бір ел жоқ. Бәрінде де неғайбыл ахуал. Нарыққа көшіп, экономикалық мұраттарына тезірек жеткілері келетіндер де Қазақстанның экономикалық кеңістік ретіндегі дербестігін бағалай білуі керек. Олардың бастапқы капитал жинап, оны айналымға түсіріп, одан өнім шығарып, оны әлемдік нарықтың додасына қосып, ұтысқа шығатындай дәрежеге дейін шыңдалуы үшін де әзірге дербес экономикалық кеңістік қажет. Өйткені, ұлттық капитал, ұлттық бизнес тек ұлттық өндіріс бар жерде ғана қалыптаса алады. Жалғыз алыпсатарлық қазақстандық экономика жасай алмайды. Қарабайыр алыпсатарлық түгілі өркениетті сауда, өркениетті бизнес тек аралдық немесе өткелдік кеңістіктегі мөлтек мемлекеттерде ғана ең басты экономикалық сипатқа айналған. Құдайға шүкір, Қазақстан аралда емес, екі материктің тоғысында, шығыс жарты шардың төрінде, алып континентте, табиғи ықазба байлықтардың үстіне орналасқан. Сол жағдайды пайдаланып, табиғи ресурстарды өндіріп, бұйымға айналдырып, әлемдік айналымға түсіруге жетілмей тұрып, отандық экономика жасақталды, отандық іскер қауым қалыптасты деп санау доғайлық. Қазіргі іскер қауым деп жүргендеріміз — әлемдік бәсекелестер түгілі паракор ұлықтардың тегеуріндеріне шындап төтеп бере алмай келе жатқан әлжуаз құбылыс. Оларды жоймауымыз керек. Қолдап, жетілдіруіміз қажет. Сондықтан, мемлекеттік институттарға немқұрайлы қарап, біржолата азаматтық қоғам институттарының әуенімен кетуге, мемлекетіміздің тарихи төркіндерін атымен ұмытып, оның ұлттық сипатына бейтарап қарауға, әлі бір көйлек тігіп, оны өткізіп, тиынға айналдыруға үйренбей жатып, экономикалық дамуымыздың, саяси дамуымыздың бірден-бір кепілі, бар байлығымыздың әрі қоймасы, әрі құлпы болып отырған жерімізді сауда-саттыққа салуға әлі ерте. Ол деңгейге жету үшін де көп нәрсені жүйелі жүргізе білу қажет. Оған өз тізгінің өз қолында болса ғана, егемендігің, тәуелсіздігің, мемлекеттілігің болса ғана жете аласың. Олардың бәрін билік жолындағы саяси

күрестің додасына салу біздің басымыздағы бүгінгі таңдағы ең үлкен қауіп. Шын қауіп. Бәрі-бәрімізге де сол қауіпке төтеп бере алатындай азаматтық тұрлаулылық, саяси қырағылық керек. Ол үшін елге, жерге деген перзенттік махаббат қажет.

Иә, оңып тұрған ештеңе жоқ. Бәрі қиын. Қайтеміз, шыдау керек. Шыдай жүріп, шыңдалу керек. Жылай бермей, жұбану керек. Жұбана жүріп, әуелі жан сақтауға, сосын ел сақтауға, жер сақтауға жетілу керек. Өйтпесек, бұл қиындықтардан шамалы уақытта құтыла алмаймыз. Алайда, қиын екен деп өмір сүрмеуге болмайды ғой...

Қысқасы, мына заманда, ағайын, ешкімнің сөзіне сенбе, өзіңе сен. Қарақан басыңның, қатын-баланның, халқыңның қамы үшін жасап жүрген нақты әрекетің мен ісіңе сен!

1995 жыл.

Сұхбаттасқан журналист
Жанболат АУПБАЕВ.

ЕҢ ЕЖЕЛГІ, ЕҢ ӨМІРШЕҢ ӨНЕР

Кеш жарық, ағайын!

Орта толсын, әлеумет!

Тәуелсіз Қазақстанның жас та болса, бас қаласы, әлемнің ең жас ордасы — Астанаға ұлтымыздың арғы бабаларымызбен бірге туған ең ежелгі, ең кенже ұлдарымыз бен қыздарымыз соңына түсіп, жолын қуған ең өміршен, ең аруақты өнері Айтыс атбасын әдейілеп бұрып, мейман боп түсіп отыр.

Бабаларымыз ырыстың көзі — дәулетте, бақыттың көзі - әулетте депті. Бастың өскені — отау тіккенің, ырыстың өскені — қонақ күткенің депті. Қалпыңа келгенің — бауырың жылып, тума жиғаның, шаршыңа келгенің — жырау жинап, думан құрғаның депті.

Тұсау кесілгеніне бір жыл енді толмақ Астана баба өнерге балдырған жүрегімен құшағын жайып, қуана қарсы алып отыр.

Арғыда Жамбылдай, Сүйінбайдай, Сарадай, Нұриладай, Құлмамбеттей, Сарбастай, Кенендей, Қалқадай, Нартайдай, Нұртуғандай, Шернияздай, Нұрпейістей, Абылдай, Қалнияздай, Жаскілеңдей, Бала Ораздай, Қашағандай, Қашқынбайдай талай сайыста жеңіс бермей, талай додада жүлде өңгерген Біржанның, Шөженің, Кемпірбайдың, Орынбайдың, Доскейдің, Нұржанның, Сапарғалидың, Шашубайдың, Тайжанның, Нұрқанның томағасын сыпырып, шабытын сапырған Сары Арқа төріне бергіде асылды тоздырмай, ақықты жоғалтпай аман сақтап қалған, қазақ даласының қиыр-қиырында түлеп ұшқан, нағыз өртеңге шыққан алшындай, тұңғиықтан сүзген лағылдай, тереңнен тұнған алтындай өренжүйрік ақындарымыз келіп отыр.

Бір кезде көнесініп көңге итеріліп тасталған айтыс

өнерін киелі санап, маңдайымызға тигізіп, аспандата қайта көтеріп әкетуімізге қалтқысыз қызмет еткен Манап, Көкен, Қалихан ағаларымызды, Әсия, Әселхан, Жадыра, Қатимолла, Қонысбай, Жорабек, Есенқұл, Серік Құсанбаев, Абаш, Ханша, Айтақын, Баянғали, Қуаныш, Аманжол Әлтаев сынды замандастырымыз бен іні-қарындастырмыздың өнеріне бүгін мақтанғанымыз парыз. Оларға ілесе шығып, сері өнердің семсерін одан әрмен жарқылдатқан Мұқамеджан, Аманжол, Мэлс, Айнұр, Меруерт, Бекарыс, Серік Қалиев, Жібек, Қалқаман, Қойлыбай, Балғынбек, Дәулеткерей, Айнагүл, Лена, Айбек жеткіншектеріміздің желпіністері мен жеңістеріне масаттанғанымыз парыз. Жыр додасын одан әрмен қоюлатып, қиын сайысқа қиналмай дәт қылып отырған қаршығадай қайсар қанатты буынды көріп отырғанымызға қуанбағымыз парыз. Ақбас ағаларға жауқазындай інілер ілесіп бірге келгеніне ризамыз. Биылғы жылды Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының жылы деп жариялады. Соның айшықты үлгісін бүгін ақын қауым айқын көрсетіп бергеніне сүйінеміз. Бұл салтты баршамыз боп түгел қолдап, әке мен бала, ата мен немере, аға мен іні, ұстаз бен шәкірт қайда да қолтықтасып қатар жүргеніне, ірге ажыратпай бірге жүргеніне тілектеспіз.

Бүгінгі «Жыр арқауы — Астана» айтысы қайта еңсе көтерген Елдігімізге байғазы. Жаңа дүниеге жарқылдатып көтерген жаңа Астанамызға шашылар шашу. Қара орынына қайтып оралып жатқан халықтығымызға сүйінішіміз бен шүкірлігіміз.

Бұл айтыс жиырманшы ғасырдың соңына, жиырма бірінші ғасырдың басына таман, екі мың жылдық тоғысында өткелі отырғаны да ерекше мәнді. Аман болсақ, жаңа мыңжылдықта да ежелгі өнеріміздің ескірмегенін дәлелдеп, айтыс ұйымдастырып, ақын-жырауларымызды жиып, думан жасармыз. Сол арқылы жаңа мыңжылдықта да қолда жоққа қол жеткізуден қашпайтынымызды, бірақ қолда барымызды шашпайтынымызды айғақтармыз. Ол үшін осы күннен бастап өнердің қамын үкіметіміз бар, жұртшылығымыз бар, Астанамыз бар, аймақтарымыз бар, күллі әлеумет боп қақ-сұқсыз түгел қамдасқанымыз жөн. Жоқтық жомарттың да қолын байлайтыны рас. Алайда, ауыздағынды алдымен әлжуаз сәбиге, әлсіз кәріге жырып беріп, тапқанымызды алдымен өнер мен білімнің жолына жұмса-

мақ - ежелгі елдік үрдісіміз. Мемлекеттік деңгейдегі өнер ұжымдарына мемлекеттік бюджет, аймақтық деңгейдегі өнер ұжымдарына аймақтық бюджет қорынан қараса алатындай амалдар қарастырмақ, олардың осал жерін толтыра алатындай үкіметтік, үкіметтік емес қорлар құрмақ, сондай-ақ өнер мекемелерінің өз жағдайларын түзеу жолында өз бетінше коммерциялық қарекет қылуына, кәсіпкерлердің өнер мекемелеріне жәрдемдесуіне ынтасын арттыратын жеңілдіктер жасамақ шарт. Өнерден үнемдеп қабырға майланып, иін жаңармайды. Қайта басқа жоғы мен кемісін елең етпей, өнер десе өзегін үзіп беруге бар халықтың көңілін бірлеп отырған бірден бір жұбаныш - әдебиет пен мәдениетке алдымен қамдасқан сауап. Елбасымыздың асқанға, тасқанға, шашқанға тойтарыс бермек күресін ел-жұртымыз түгел қолдап отыр. Тарта жегеннен қалған тайды да, қоя жегеннен қалған қойды да тек өнердің, біліктің, бірліктің жолына шалмағымыз лазым. Бұл ретте айтыс өнерінің дағдармауына аянбай атсалысқан кәсіпкер қауымға, әсіресе, «Атамұра» корпорациясына, «Хабар» компаниясына, басқа да ұйымдарға аса разымыз. Бүгінгі айтысты ұйымдастыруға демеуші болып отырған «Сұңқар», «Бекзат», «Цесна», «Акцент», «Саят», «Ақбұлақ», «Әділ», «Қымбат», «Сәулет», «Турист», «Елу алтыншы мехколонна», «Ломбард», «Ақпол», «Астана- жарнама», «Жүргізушілер одағы», «Фудмастер НС» фирмаларына, жаршы болып отырған «Астана ақшамына», мұрындық болып отырған қалалық әкімшілікке осы жиналған әлеуметтің атынан алдын ала алғыс айтқанның артықтығы болмас. Көп болып жұмылса, көңілден шықпайтын шаруа жоқ. Бұған отандық іскер қауымның көзі жете бастағанынан көп үміт етеміз. Болат Әбілевінің «Алаш» сыйлығын, Еркін Қалиевтың жаңа мыңжылдықтың «алғашқы інгәсін» атаусыз қалдырмауды қамдастырып жатқандарына жан сүйінеді. Солар секілді жаңа талаптың соңында жүрген азаматтарымыздың жанашырлығын дәметіп отырған мәдениет ұялары жетерлік. Ұлттық продюссерлерімізді, антрепренерлерімізді, импресариоларымызды, меценаттарымызды өз Третьяков, Морозов, Лапин, Эфрон, Брокгауздарымызды тезірек көруге құштармыз. Руханиятты дамытып, дәулет асыратын ұлттық мәдени бизнестің тезірек қалыптасуына тиімді жағдай туғызуды мықтап ойластырмай болмайды. Қолы ұзындар қалтасына, тілі ұзындар жағасына

жармасып, өз экономикасын аяғынан тезірек тік тұрғыза алмай қиналып жатқан жас тәуелсіздігімізге жаппай жанашырлық жасамайынша қай салада да жағдайдың жедел түзеле қоюы оңай емес. Бұл жанашырлық ең алдымен, ынтымақшыл пиғыл мен ыждаһатты еңбектен көрінуге тиісті. Құдай да тек бір-біріне тілеулес жүретін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алатын тату, бауырмал, мейірбан, намысшыл қауымдарға ғана қарсатын сыңайлы. Ауызы шашылғанның, арасы ашылғанның абыройы асып, бағы тасып жатқаны шамалы. Жақсылықтың тұсында жағаласпаған, жамандықтың тұсында табаласпаған ұйытқылы жұрттардың түгенделмей жатқан кемісі, бүтінделмей жатқан жыртығы жоқ. Пәлесі де тез кетіп, бақыты да тез жетіп жатыр.

Өнеріміз де сондай өрелі өнегенің үлгісі болғай.

Өлеңіміз де елдіктің, бірліктің, ынтымақтың, ыждаһат пен еңбектің жолында өзегін үзгей.

Төрімізден той кетпегей! Ауызымыздан жыр кетпегей!

Айтыстарыңыз шырайлы, қайсыларыңыздың да қанжығаларыңыз майлы

болғанына тілектеспіз!

Іске сәт, ақын бауырлар!

Рахмет!

Мамыр, 1999 жыл.

ФЕНОМЕН ЧИНГИСА АЙТМАТОВА

Вот уже полвека год от года все ярче сияет звезда айтматовской славы. Скорее возмутитель спокойствия, нежели всеобщий любимчик, этот мудрый и неиссякаемый Талант из далекого кыргызского аула. Судьба не часто баловала нас присутствием в своей среде столь бесспорного феномена, так неумолимо заставляющего весь читающий и мыслящий мир невольно взирать в нашу сторону.

Да, и до этого кочевой Туран не раз удивлял других вовсе неожиданными для него деяниями. В том числе и интеллектуальными. Предания старины глубокой донесли до нас имя Анахарсиса, приятно изумившего не только царя Анасиса, но и всех светил древней Эллады во главе с Федесом и Солоном. Запад и Восток восхитил своим учением и Абунасыр аль-Фараби, представлявший собой уникальный синтез позднеантичной мысли и духа пробуждавшегося восточного ренессанса. Еще свежи в памяти всех и недавние дерзновения Каныша Сатпаева и Мухтара Ауэзова, смело одолевших зияющую пропасть между уровнем развития своего, еще не вполне раскрепощенного, народа и общемировым прогрессом.

Все это, конечно, свидетельствует о том, что никогда и никому не удавалось напрочь изолировать наш огромный регион от магистрального русла непрерывных духовных поисков человечества. Однако об очевидной авангардной роли нашего соплеменника в столь судьбоносном процессе приходится всерьез вести речь впервые в наше время и на конкретном примере творческой отваги сегодняшнего юбиляра — Чингиса Турекуловича Айтматова.

Да, в этом смысле его творческий поиск сравним разве что с духовной отвагой великого Данте. Если Данте дерзнул заглянуть в таинственные для нас круги потустороннего ада и увидел там лабиринты и перипетии, схожие с нашей обыденной земной жизнью, то Айтматов ранее других узрел величайшую опасность пагубного проникновения всякого рода земной скверны в космические просторы, грозящей обернуться неслыханным апокалипсисом для всего Универсиума.

